По мнению автора «основной(базовый) блок казахской этнопедагогической составляют, так называемые народные знания». «Народные» в данном случае понимается нами не в социальном аспекте, а в смысле общечеловеческом, являющемся достоянием всего казахского народа», - пишет К.Ж.Кожухметова [8, 179-б.].

С этнодидактической точки зрения народные знания (в этнографии – традиционные народные знания) – это и есть «содержание обучения» в народной педагогике. Правильно замечает автор, что основу содержания обучения в народной педагогике составляют народные знания.

Народные знания, т.е. как называют их этнографы - традиционные народные знания – это «комплекс накопленных эмпирическим путем, наблюдений за природными и социальными процессами и явлениями и сделанных на этой основе выводов, используемый в повседневной практической деятельности и закреплённый в традиции» [9, с.45]. Народные знания не только знания, полученные практическим путем и используемые в повседневной практике, но и умения, навыки из разных областей народной действительности.

К.Ж.Кожухметова определяет компоненты содержания обучения в народной педагогике. По этому поводу она пишет: «характеризуются народные знания единством трех компонентов: представлений о свойствах окружающего мира, навыков и непосредственно практических действий» [8, с.179].

Ученый-педагог определяет ряд особенностей содержания обучения в народной педагогике. Так, касаясь источников познания в народной педагогике, автор отмечает: «основу народных знаний составляют в различной степени системные наблюдения за явлениями окружающего мира, включая биологические особенности человека, а также за процессами и результатами человеческой предметно-орудийной деятельности» [2, с.179].

Автор отмечает бессистемный характер народных знаний, механический характер их трансформации новым поколениям: «Эмпирический характер народных знаний и иррациональная нагрузка представлений отразились и в противоречивости отдельных их элементов и областей», - отмечает К.Ж.Кожухметова. «Не связанные системой, при отсутствии научных представлений о причинно-следственной связи между явлениями, народные знания в активной своей части превратились в механически передаваемые из поколения в поколение ритуализированные действия», - пишет далее автор [8, с.179].

Интересны мнения автора о факторах этнодидактики. Справедливо замечает автор по поводу того, что «на развитие народных знаний оказывают большое влияние географические и климатические условия. Исходя из местных условий проживания,

человек приспосабливается к природным условиям, используя и совершенствуя народные знания, создавая, таким образом, оригинальную систему жизнеобеспечения» [8, с.179].

Народные знания ученый определяет как механизм формирования и функционирования народной материальной и духовной жизни, выделяя такие ее предметные области и отмечая их целостность: «медицина народная, календарь народный, метрология народная, педагогика, психология и др. и другие явления народной жизни, комплекс которых составляет единое целое» [8, с.179-180]. Отсюда следует, что в результате трудовой деятельности, бытовой жизни, межличностных и межгрупповых отношений в этносоциальной среде, проведения обрядов и ритуалов сформировались народные знания как первооснова содержания обучения в народной педагогике.

К.Ж.Кожаметова также рассматривает вопрос об отборе содержания обучения в народной педагогике. «Мы подошли к отбору народных знаний сквозь призму их этнопедагогической значимости (т.е. познавательной и воспитательной) и с точки зрения выполняемых этими знаниями функций» [8, с.181].

Выводы автора относительно функций народных знаний отчетливо отражают функции обучения в этнодидактике. Она выделяет три функций народных знаний:

«Первая функция состоит в том, что они служат основой представлений о действительности и общей этнической картины мира». Это и есть «общее образование» в народной педагогике. Автор предлагает использовать эти знания в формировании этнического мировоззрения современных школьников [8, с.181].

«Вторая функция знаний состоит в их роли ориентира при определении человеком направления своей деятельности – практической или духовной, служить базой формирования отношения к объектам действительности» [8, с.182]. В соответствии с этой функцией автор выделяет систему средств этнодидактики: воспитательные традиции, обычаи, обряды, правила, которые составляют основу этносоциальных ролей» [8, с.182].

Таким образом, вклад профессора К.Ж.Кожаметовой в развитие этнодидактики заключается в том, что:

- выделяя казахскую этнопедагогическую науку как самостоятельную отрасль этнопедагогической науки, особо обращает внимание на вопросы этнодидактики, рассматривая их в контексте проблем воспитания;
- раскрывает методологические вопросы общей этнодидактики, которые нашли выражение в конкретных примерах казахской этнодидактики;
- систематизирует научные воззрения относительно народных знаний, как основу народного воспитания и обучения;
- раскрывает особенности народных знаний, их функции, вопросы отбора содержания обучения в народной педагогике, их факторы и условия, средства учебного познания и обучения в многовековом опыте народных масс;
- выдвигает идею о целесообразности и эффективности включения народных знаний в содержание образования современных школьников, об их этнокультурной значимости.

Перспективные направления развития этнодидактических идей Клары Кожаметовой связаны с изучением таких вопросов: организация учебной деятельности школьников с учетом этнопсихологических особенностей познавательных процессов; модернизация содержания учебных предметов в школе с включением элементов этнодидактики; усиление воспитывающего обучения в школе на основе интеграции современных подходов и технологий с элементами народной дидактики.

Список литературы:

1. Тлашев Х.Х. Общепедагогические и дидактические взгляды ученых-энциклопедистов Востока эпохи раннего средневековья. -Ташкент: Фан, 1988.
2. Я.А.Коменский, И.Г.Песталоцци, Дж.Локк, А.Дистервег. Педагогическое наследие.- М.: Педагогика, 1988.

3. Стальмахович М.И. Традиции и тенденции в развитии семейной этнопедагогике украинского народа // Автореф. дисс...докт.пед. наук.- Киев, 1989.-43 с.
4. Ширбаев М.Ш. Источники узбекской народной педагогики // Материалы XXII научной конф. проф.-преп. Составы СамГУ. Сер.: филологич. наук.- Самарканд, 1966. - С.56-58.
5. Алметов Н.Ш. Дидактический потенциал народной педагогики и его реализация в учебно-воспитательном процессе.- Ташкент: Изд-во «Фан» АН РУз, 1999.-338 с.
6. Ялалов Ф.Г. Этнодидактика: монография. – М.: ГИЦ ВЛАДОС, 2002.-151 с.
7. Сулейменова А.А. Педагогические условия использования дидактических возможностей народной педагогики казахов в процессе обучения младших школьников // Автореф. дисс...канд.пед.наук.- Шымкент, 2007.-140 с.
8. Кожаметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика.- Алматы: Ғылым, 1998.-317 с.
9. Народные знания. Фольклор. Народное искусство. Вып. 4.- М.:Наука, 1991.-168 с.

ӘОЖ 373.24

ЭТНОПЕДАГОГИКА - ҰЛТТЫЛЫҒЫМЫЗДЫ САҚТАУШЫ ҒЫЛЫМ

Джанзакова Ш.И.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
«Педагогика» кафедре-лабораториясының меңгерушісі
Қазақстан, Атырау қ.

Кілттік сөздер: жаһандану, ұлттық тәрбие, ұлттық білім беру, этнопедагогика, казак этнопедагогикасы

Ключевые слова: глобализация, национальное воспитание, национальное образование, этнопедагогика, казахская этнопедагогика

Key words: globalization, national education, ethnopedagogics, kazakh ethnopedagogics

Аңдатпа: мақалада жаһандану дәуіріндегі ұлттық бірегейлік идеяларын сақтай отырып, еліміздің білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялау мәселесі қарастырылған. Автор ЖОО оқу үдерісіне этнопедагогикалық циклдегі курстарды енгізу перспективалары, заманауи қазақстандық мектептің ұлттық моделін құру сынды өзекті мәселелерді қозғайды.

Резюме: в статье рассматривается проблема интеграции системы образования нашей страны в мировое образовательное пространство с сохранением идей национальной идентичности в эпоху глобализации. Автор затрагивает такие актуальные вопросы как перспективы внедрения курсов этнопедагогического цикла в учебный процесс ВУЗов, создание национальной модели современной казахстанской школы.

Summary: the article deals with the problem of integration of the education system of our country into the world educational space with the preservation of the ideas of national identity in the era of globalization. The author touches on such topical issues as the prospects for the introduction of ethno-pedagogical cycle courses in the educational process of universities, the creation of a national model of a modern Kazakh school.

Ұлттық егемендікті сақтай отырып, болашаққа қарай ұмтылу – әзірге барлық адамзаттың өркендеуіндегі шынайы болашақтың детерминациясы болып табылады. Жаһандану үрдісінде ұлттық-мәдени құрылымдар толықтай біріге алмайды, әр ұлттың озық мәдени үлгісін таныту үрдісі қалыптаса алады, дүниетанымның дамуын туындататын және қалыптастыратын әлем сипаттарын, ұлттық әлем бейнелері жан-жақты қалыптаса алады. Мұнда әртүрлі мәдениет негізінде пайда болған ортақ мәселелер жаңа қатынастарға ұмтылу арқылы шешім табады.

Әлем елдері өздерінің ұлттық мемлекеттілік келбетін, тарихи шекараларын сақтап қалуға ұмтылады. Мұндай жағдайда жаһандану жер бетіндегі мәдениеттер мен этностардың төл тумалығын сақтап қалуға толық мүмкіншілік туғызады. Дамудың мәдениетаралық, әмбебап – жалпы және жалпы адамзаттық байланыстарына шектеу қойылмайды. Жалпы дәстүрлі, толық ұлттық нышаны бар мемлекеттердің жаһандануды қабылдауы бүгінгі жағдайда қажетті ахуалдардың бірі. Бірақ, бұл құбылыс ұлттық мәдениеті дағдарысқа ұшыраған халықтар мен мемлекеттер үшін қауіпті. Қазақ қоғамы өткен ғасырда кіші жаһандануды басынан өткеріп, оның танымы мен санасы, салты мен дәстүрі айтарлықтай зардап шекті. Біздің ойымызша, одан шығар жолдардың бірі – елдің алдыңғы қатарлы ғылымы, әсіресе, білім мен тәрбиесі. Жер шарындағы мәдени-тарихи үрдіс алуан түрлі этномәдени құрылымдардың уақыт өрісіндегі тарихымен қалыптасуынан басталады. Мұндай құрылымдардың арасындағы қатынас әрқайсысының өзгелерге деген қарама-қарсылығы қағидалары жүзеге асады. Мұның барысында этномәдени тұтастықтың өзі өзіндік санасында барынша жағымды атрибуттарға ие болса, ал қалғандары бірінғай жағымсыз атрибуттарды иеленеді.

Қазіргі жаһандық даму бүкіл әлемде адамның қалыптасуы ғана емес, сонымен қатар адамның өмір сүруінің барлық салаларына бірте-бірте енуінде. Ұлттық-мәдени сәйкестікті жақтаушылар өздерінің тіл, ғұрып, діни сенімдері, тарихы сияқты сәйкестіктерін барынша сақтауға және дамытуға ұмтылысы – жаһандану үрдісінің мазмұндық көрінісін білдіреді.

«Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін-білім», - деп елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өз жолдауында нақтылап берді.

Осы тұрғыдан алғанда егемен Қазақстанның ғылымы мен білімінің стратегиясы білім беру жүйесінің ұлттық білім мен тәлім-тәрбие идеяларын сақтай отырып, әлемдік білім кеңістігіне кірігумен анықталады. Үшінші мыңжылдық жылнамасын ашып отырған бүгінгі Қазақстанның білім беру саясатындағы өзекті ой – еліміздің экономикасы мен әлеуметтік саласының тұрақты дамуының басты факторларының бірі – білім екендігінде.

Жаһандық білім беру кеңістігіне сай өзінше ғылыми тұжырым жасауға, қажетіне қарай ғылым жетістігін сұрыптауға, студенттің өзінің іс-әрекетінің субъектісі болуына мүмкіндік туғызудың мәні өте зор, себебі тек жоғары білімді маман қоғамның экономикалық, әлеуметтік, мәдени өркендеуінің көшбасшысы бола алады. Кәсіби тұрғыдағы білікті мамандардың көбеюі, олардың техника мен технологияны игеруі қазіргі экономикалық бәсекелестік заманында өте маңызды екені белгілі. Түп мәнінде интеллектуалды ұлтты, зияткерлік қауымдастықты қалыптастыру еліміздің рухани әлеміндегі басты қадамдар қатарына жатады.

Жаһандану аясында ұлт ретінде жойылып кетуге апарып соқтыруы мүмкін рухани мәңгүрттіктен сақтанудың, қазақ тілінің шын мәнінде мемлекеттік тіл деңгейіне көтерілуінің басты алғышарттарының бірі – қазақ мектебінің нағыз ұлттық мектеп болып қалыптасуы. Онсыз білім жүйесінің ұлттық моделін жасау да мүмкін емес.

Сондай-ақ, туыс, бауыр ел Түріктің көсемі Кемал Ататүрік: «Әлем бізді құрметтесін десе, өз ұлтымызды және ұлттық бейнемізді алдымен біздің өзіміз бар сезімімізбен, ақыл-ойымызбен, бүкіл қимыл-әрекетімізбен құрметтеуіміз керек. Өзінің ұлттық бейнесін таба алмаған ұлттардың басқа ұлттарға жем болатынын білгеніміз дұрыс», - деген екен. Біз де өз ұлтымызды, оның асыл белгілерін қастерлеп, құрметтей

алмасақ, қай жерлерден барып білім алсақ да, қанша жұрттың тілін білсек те, түптің түбінде жаһандану атты алыптың жұтқыншағына бірінші барып жұтылатын ұлт болатынымыз кімге де болса аян. Өйткені, қандай да болмасын халықтың қоғамдық күдіретті күші оның ұлттық моралында, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінде екендігін, ол халықтың педагогикалық дәстүрлі үрдістер арқылы берілетінін жадында ұстау, одан айнымау басты шарт.

Қай дәуірді алып қарасақта жастар – аға буынның жалғасы, қоғамның бүгіні мен ертеңі дейміз. Аға буынның жасаған мәдени және рухани байлықтарын игеріп, оны жаңа жағдайға сәйкес іргелі дамытып, заманмен сабақтастырып отыратындар да осы жастар. Сондықтан оларды өмірге баулу, тәрбиелеу, үйрету мәселесі қай қоғамда болмасын басты міндет болып саналып келген. Осыған орай, жұмыр жер бетін мекен еткен қай халық болмасын, ел ертеңі саналатын жас ұрпақ тәрбиесіне тал бесіктен бастап, баса назар аударып, баласының саналы да салиқалы азамат болып, бойтүзеулеріне ерекше көңіл бөлген.

Біздің халқымыздың да күнделікті тұрмыс салтында қалыптасқан бала тәрбиесіне байланысты туындаған озық тәжірибелері аз емес. Ұрпақ тәрбиесіне арнаған бұл талаптардың қай-қайсысын алып қарасақ та, жас өскіннің еңбек сүйгіш, төзімді, талапшыл, намысшыл болып өсуіне әсерін тигізген. Мәселен қазақта «Жеті атасын білген ұл, жеті жұртқа жөн айтар» деген даналы сөзді түсіне білген адамға талай дүниеден хабардар етіп тұр емес пе? Жеті атасының басып өткен өмір жолын жақсы білген адам, өз халқының екі ғасырлық тарихынан хабардар болады екен. Міне осындай ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан қазақы салт-дәстүріміз – бүгінгі қазақ қоғамының бірлігінің, ынтымағының, ауызбіршілігінің, адамгершілігінің белгісі. Ғасырлар бойы қалыптасқан осындай інжу-маржан дәстүрлеріміздің біразын кешегі кеңестік уақытта жоғалтып алғанымызда рас. Дегенмен, еліміз егемендігін алғаннан бері, ұлттық құндылықтарымызды қайта жаңғыртып жатқандығымыз бізді қуантады.

Қазақтың ежелгі тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті бен ауыз әдебиеті туралы ер адамдар мен әйелдердің моральдық-этикалық ерекшеліктері туралы, олардың тұрмыстағы, кәсіптегі, отбасындағы, ауылдағы, әулеттегі, рудағы әлеуметтік орны туралы, ұл мен қыз тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктер туралы, ұлттық таным, наным, сенім, ұғым, әдеті мен ғұрпы, ұстамды да қайырымды мінезі мен құлқы туралы, жүзден астам рулардың бірігіп, қалыптасқандығына, салты мен дәстүрінің біртұтастығы туралы, осынау кең, ұлы далада көшпенді өмір сүргеніне қарамастан бір тілде сөйлеуі, қолөнері мен бейнелеу өнерінің, ауыз әдебиеті мен музыка өнерінің, жалпы дала мәдениетінің таңқаларлық үлгілері туралы ұлы жиһангез саяхатшылар мен зерттеушілер таңдай қаға айтып, баяндайды. Әрбір халық ұрпағымен көктеп, өркен жаяды. Әрбір мемлекет рухы таза, санасы биік, білімді де білікті ұрпағынан қуат алады, ол әрбір жаңа буын жас ұрпақтың ұлттық құндылықтарымыз бен салт-дәстүрлерімізді бойына сіңіруден басталады.

Мұның барлығы қазақ халқының қазіргі моральдық-психологиялық, мәдени-әлеуметтік ахуалының түп-тамыры екендігін зиялы ғалымдар өз еңбектерінде дәлелдеп олардың тәрбиелік мүмкіндіктерінің жоғары екендігін бағалады. Бұған демократ ағартушылардың (Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, т.б.) педагогикалық-психологиялық тұжырымдары, қазақ мектебін құру жөніндегі пікірлері, қазіргі қазақ этнопедагогиканың ғылыми-теориялық негіздерін жасаушы ғалымдардың Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, С.Ұзақбаева, К.Қожахметова, Ж.Наурызбай, Ш.Джанзакова т.б. тұжырымдары негіз бола алады.

Дәстүрлі еңбектің қай саласында болмасын жастарды терең білімді, ізденімпаз, еңбек іс-әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өзінің ұлттық болмысын таныта алатын маман етіп тәрбиелеу қажеттілігі туындайды. Осыған орай, бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының білім беру мен тәрбиелеу саласының түбегейлі жаңаруы қоғамдағы ірі өзгерістермен бірге, ұлттық сананы, әдет-ғұрып, салт-

дәстүрлерімізді, халықтық қадір-қасиетімізді, психологиялық табиғи белгілерімізді жандандыру мен жанартуымызға елеулі септігін тигізуде. Әсіресе, қазіргі дүниежүзілік жаһандану, ғылыми-техникалық прогрестің өркендеуі мен ғарышты игеру заманында, әлем халықтарының тұрмыс- тіршілігіндегідей, қазақ халқының дәстүрлі еңбек түрлері өнеркәсіп салаларындағы еңбек түрлерімен қатар, ең басты күнкөріс көзі болып келеді және бола бермек. Сондықтан бүгінгі таңда жастарды ұлттық тәрбиедегі дәстүрлі еңбекке ерекше назар аударту қажет. Бүгінгі қоғамда тұлғаның рухани құндылықтарын қалыптастыруда ұлттық тәрбиенің маңызына тоқталатын болсақ, ұлттық және әлемдік мәдениетті меңгерген жан-жақты мәдениетті тұлғаны қалыптастыру, яғни өз мәдениетін де, өзге мәдениетті де меңгерген адам деп танымыз.

Қазіргі қоғамға қажетті ұлттық тәрбие жүйесін жасауда қазақ этнопедагогикасына сүйенуіміз қажет, бұл еліміздің өркениетті елдер қатарына қосылуының руханияттық кепілдігін жасаудың алғышарты болып табылады. Ал, ұлттық тәрбие мазмұнының стратегиясы мен тактикасының, ұлттық қоғамдық-әлеуметтік мүддеге сәйкестігінің, мақсаты мен мұратының басымдығы тәрбие бағыттары мен тәрбие қағидаларының мемлекеттік дәрежеде орындалуға тиісті тәрбие міндеттерінің пайдалану парадигмаларының құзыреттілігімен анықталады.

Ұлттық идея Қазақстанның өркениеттік дамуының себепшісі екеніне күн сайын көзіміз жетуде. Қазақстанның болашағы осында тұратын ұлттар мен ұлыстардың көркеюіне тікелей байланысты болмақ. Осы аталмыш міндеттерді іске асыруға күш-жігер жұмсайтын кәсіптік педагогикалық білімнің нәтижесі іспетті. Болашақ мұғалімді этнопедагогикалық тұрғыдан даярлау үшін педагогикалық циклдегі бүкіл пәндердің, оның ішінде этнопедагогика пәнінің маңызы аса зор.

Этнопедагогика ғылымының негізін салушы Ресей ғалымы Г.Н.Волков этнопедагогиканы (Этнопедагогика – наука национального спасения) «Ұлттың құтқарушы педагогикасы» деп айтуы орынды-ақ. Оның бұл анықтамасына негіздеме жеткілікті деуімізге болады. Г.Н.Волковтың алғаш рет 1971 жылы «Ұлттық қорғаудың этнопедагогикалық бағдарламасы» атты баяндамасынан осы уақытқа дейін монографиялар, оқу құралдарын жазып даярлаған еді. Оның пікірінше, этнопедагогиканың пәні – тәрбиенің (ұлттық, этникалық дәстүрлер) халықтық құралдары. Этнопедагогиканың мәні оның мәндік сипаттамасымен анықталады. Бұл – педагогиканың тірі жаны іспеттес, педагогика дәнінің ұрығы сияқты. Бала туып үлгермей-ақ, этнопедагогикада өмір сүреді. «Этнопедагогикада баланың әкесі де, шешесі де, атасы, арғы атасы бар», - Г.Н.Волков. Бұл – ғалымның бірінші тезисі. Ал екінші тезис – тәрбиенің мәңгілігі. Мәңгілік – өткен тарихта, мәңгілік болашақта. Бұл адам мен адамзаттың мәңгілігін белгілеп тұр. Тәрбие этнопедагогика кеңістігінде үлгі мен махаббатта. Осы анықтаманы ғалым - әрі мән, әрі мазмұн, әрі әдістеме, әрі технология және жауапкершілік. Адамның этнопедагогикалық анықтамасын ұсынған: «Адам дегеніміз тәрбие мақсаттарын қоя алатын қабілеті дарыған және ол мақсаттарды этникалық өзін-өзін тәрбиелеу және өзара тәрбиелеу деңгейінде жүзеге асырады, яғни ұлттық сананың тікелей қатысы бар тіршілік иесі». 3-тезис – тәрбиенің үздіксіздігі, этнопедагогикалық кеңістікті кеңейту қажеттігі. 4-тезис: этнопедагогика – махаббат педагогикасы. 5-тезис: этнопедагогикалық инварианттар, олар: тұлғалар символдар, оқиғалар символдар және идеялар символдар. 6-тезис – өмірбаяндық деректер. 7-тезис – жекетұлғалар (персоналийлер). Міне, осындай тезистер аясында ғалымдар этнопедагогиканың мәртебесін нақтылағанда, ғылымға тиісті белгілерді пайдалануда. Ғылым болғандықтан да, ол шын мәнінде этнопедагогикадағы, барлық аймақтардың тәрбиенің халықтың дәстүрлеріндегі жалпы тұжырымдарды қорытуы керек. Жеке тұлғалық идеал (мұрат) сол халықтың педагогикасының негізі болып табылады.

Ресейлік көрнекті ғалым Г.Н.Волков этнопедагогиканың пәні мен мәнін, мазмұнын өзара тығыз байланысты қарастырады. Этнопедагогиканың пәні – халықтық педагогика, халықтық тәрбие, ал мәні – үш қасиеттен: ұлттың сақталу педагогикасы, тәрбиенің

даналығы және жалпыға бірдей сүйіспеншілік педагогикасы – деп санайды және этнопедагогика – халықтың тарихи өмірін қорғаушы; әр халықтың қорғаныс қуаты оның жүйелі тәлім-тәрбиесінде; әр халықтың өзіне тән шығатын мәдени шыңы бар; мәдениеті жоқ халық жоқ; халықтың тарихи жадысыз дәстүр жоқ, дәстүрсіз мәдениет болмайды, мәдениетсіз тәрбие жоқ, тәрбиесіз руханият жоқ, руханиятсыз жеке тұлға жасалмайды, жеке тұлғасыз халық қалыптаспайды деп халық педагогикасының дәстүрлі қағидаларын жүйелейді.

Ғалым К.Ж.Қожахметова: «Қазақ этнопедагогикасы – дербес педагогикалық оқу пәні, біртұтас жүйелі білім болып саналады. Ол педагогика ғылымы аясында қазақ философиясының, этнопсихологиясының, этнос теориясының, этнография мен мәдениеттанудың тоғысуы нәтижесінде қалыптасқан» деп анықтама берді.

Этнопедагогиканың қайнар көзі – адам өмірінің өн бойында жанұяда білім жүйесі мекемелерінде үздіксіз жүретін этникалық тәрбие жүйесі. Этнопедагогика педагогикалық ғылымның заңдылықтарын ұстанымдарын, әдістерін, тәсілдерін пайдаланады. Педагогикалық ғылымның заңы мен оның заңдылықтары педагогикалыққұбылыстар арасындағы байланыстарды объективті түрде көрсете алады, бұл этнопедагогикаға да тән үдеріс.

Ұлттық тәрбие барысында ұлттық сананы қалыптастыру ең маңызды шарттардың бірі десек қателеспейміз. Қазіргі жаһандану кезіндегі Батыс өркениетінен біздің алатынымыз да бар, ысырып тастайтын тұстарымыз да бар. Алатын тұстарымыз қатарына батыстың технологиялық жетістіктерін, экономикалық өндірісті ұйымдастыру тәжірибелері мен ғылыми-техникалық мәдениетін қабылдау сияқтыларды атауымызға болады. Батыстың білімі, ғылымы, техникасы, технологиясы, біздер үшін өте қажет десек те, Батыс өркениетіне шамадан тыс еліктеушілік – жақсылықтың нышаны емес. «Батыстың технологиялық жаңалығына ұмтылу, экономикалық өндірісті ұйымдастырудағы жетістіктерін игеру – қажеттілік, ал одан керісінше бүгінгі күнде рухани тапшылыққа айналып отырған ізгілік, кісілік, адамгершілік, бауырмалдық, әдептілік, тәрбиелік мазмұн іздеу – бос әурешілік. Өкінішке орай, Батыс өркениеті бұл тұрғыда ешқандай жетістікке жеткен жоқ, қайта тоқырауға ұшырады. Мысалы, дәстүрлі қазақ қоғамы мәдени құндылықтарды ешуақытта тауар деп қабылдамайды, негізгі ұстанымы бойынша қоғамның шаңырағын шайқалтпай ұстап тұруға тиіс тетік, өмірлік ұстаным ретінде қарастырады. Ал, Батыс өркениетінде бұл тұрғыдағы ұстаным мүлдем басқа, олар мәдени құндылықтарды тауар ретінде қабылдайды, мақсат – сату (сатылу) және пайда табу. Қазақ қоғамы қазір қарқынды түрде жүріп жатқан жаһандану үрдісінің ықпалынан өзі қаламаса да, оқшау бола алмайды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Бірақ, ұлттық кодымды сақтаймын деп бойындағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, жекегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы. Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын», - деп атап көрсеткендей тұлғаның рухани құндылықтарын қалыптастырудың

тарихи алғы шарттары, ғұлама ғалымдардың артына қалдырған тәлімдік мұралары бүгінгі жастардың бойындағы рухани-адамгершілік құндылықтарды, білімді, білікті, тұлғаның бойындағы құнды қасиеттерді қалыптастыруға мүмкіндігінің мол екенін көруге болады.

Кезінде қазақтың біртуар азаматы, қаһарман батыры, Бауыржан Момышұлы өзінің үш қорқынышын ортаға салып, болашаққа байланысты үрейлерін ақтарып, былай деген екен:

«Біріншіден, сәбиіне «Бесік жырын» айтып бере алмайтын аналардың көбейіп бара жатқанынан қорқамын; екіншіден, немерелеріне ана тілінде ертегі айтып бере алмайтын әжелердің көбейіп бара жатқанынан қорқамын; үшіншіден, салт-дәстүрді қадірлемейтін жас ұрпақтың өсіп келе жатқанынан қорқамын, олардың көкірек көзі соқыр көр бола ма деп қорқамын.

Мен жаратылысынан болған көр соқырларды айтып отырғаным жоқ, өсе келе пайда болған көр соқырлықты айтамын. Көр соқырдың қолына пақыр берсең – ала салады, найза берсең – сұға салады, намыстанбай бұға салады» - деп өз ұлтының рухани-адамгершілік құндылықтарынан жұрдай болып қалған адамдардың күй-жайын сипаттай келе, бүгінгі күнгі жағдайды дәл болжағандай екен.

Сондықтан, әр адамның бойына қуат беретін, жігерін жасытпай рухтандыртын ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтардың орны ерекше. Ол құндылықтар: Жалпы адамзаттық (Отан, Отбасы, Тәрбие, Білім, Махаббат, Достық, Бейбітшілік, Теңдік, Бостандық, Ана, Дін, Өнер, Жауапкершілік, Адалдық, Отансүйгіштік, Сенім, Ерлік, Азаматтық, Сыйластық, Түсініспеншілік, Мейірбандық); Ұлттық (Ар, Намыс, Ана тілі, Діл, Рух, Тәубашылдық, Ризашылдық, Отанның тарихы, Туған жер, Ізеттілік, Парасаттылық, Рахымшылдық, Қанағатшылдық, Салт-дәстүр, Жеті атасы, Шежіресі) құндылықтарымызды бойымыздан жоғалтпай, жас ұрпаққа өз деңгейінде жеткізуіміз керек.

Осыдан 15 жыл бұрын 2005 жылы Х.Досмұхамедов Атырау мемлекеттік университетінде өткен “Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика: тәжірибесі, мәселелері” атты конференцияға ұстазым этнопедагогика ғылымының негізін салушы ғалым, академик Г.Н.Волков қатысып, сөйлеген сөзінде: «...бұндай конференция Евразия көлемінде алғаш өткізіліп отыр. Этнопедагогиканы білім беру жүйесіне ендіру ұлы, даңқты қазақ халқының және басқа да туысқан халықтардың ұлттық өрлеуі мен өркендеуіне арналған. Ресей Федерациясы этнопедагогикаға әр кезде әр түрлі қарады. Ал Қазақстан этнопедагогиканы Жоғары Аттестациялық комитеттің ғылыми мамандықтарының номенклатурасына енгізіп, көптеген елдермен халыққа жандандыру үлгісін көрсетті. Сол кезде Қазақстан өзінің дербестігі мен тәуелсіздігі, ұлттық мақтанышы және егемендігі туралы әлемдік қоғамдық және ғылыми көзқарас туғызды. Қазіргі кезеңде Ресей Федерациясында этнопедагогика міндетті пән ретінде мемлекеттік білім беру стандартына еніп салтанатты шеру алды. Қазақ елі, қазақ халқы маған өте жақын, туыстас. 1938 жылы қазақтың тоғыз ертегісін Чуваш тілінде оқыдым. Олар менің рухани әлемімнің сарайының кірпіштері болып қаланды. Осыдан жарты ғасыр бұрын сырқатыма байланысты жас қазақтың жігіті СоветханҚасымжановпен бірге Бурденко атындағы нейрохирургия институтында медициналық тексерістен өттік. Бір қызу қанды пікірталастың нәтижесін Советхан қорытындылады: Қазақ болды және әрқашанда қазақ болып мәңгі қалады! Бұл сөздер менің миымда және жүрегімде алтын шегемен қаққандай болып, менің ұрпақтарымда ұлттық рухтың сақталуына өз рөлін атқарды»- деп қазақ елінің, қазақ халқының мәдени құндылықтарымен адами құндылықтарын жоғары бағалап, тәуелсіздігіміздің туын биік көтеріп жатқанымыз туралы айтып кеткен болатын. Шынымен де, Қазақстан тәуелсіздік жылдарынан бастап этнопедагогиканы Жоғары аттестациялықкомитеттің ғылыми мамандықтарының номенклатурасына 13.00.01 мамандығына жалпы педагогиканы және этнопедагогиканы, білім тарихын енгізіп, осы бағытта кең көлемде зерттеулер жүргізіп, ұлттық білім мазмұны, ұлттық тәрбие әдістері

педагогика ғылымында саралануда. Тәуелсіздік жылдардан бері осы салада 35 докторлық, 250 кандидаттық диссертация қорғалды. Бұл салада белгілі этнопедагог ғалымдар Қ.Б.Жарықбаев, С.Қ.Қалиев, С.А.Ұзақбаева, К.Ж.Қожахметова, Ж.Ж.Наурызбай т.т зерттеулерін жүргізіліп, мектептер қалыптасты. Бұл мектептерде ұлттық тәрбие, ұлттық дидактика, оқу-тәрбие үдерісін этнопедагогикаландыру, этнопедагогика тарихы, салыстырмалы этнопедагогика және этнопедагогиканың әдіснамалық бағытында жан-жақты зерттеулер жүргізіліп, жұмыстар жалғастырылуда. Алдымыздағы міндет этнопедагогикалық зерттеулердің нәтижелерін жалпы білім беру мазмұнына ендіру логикасын жасау қажеттілігі туындайды.

Этнопедагогика студенттерге педагогикалық білім берудің бір бөлігі ретінде этнопедагогикалық білім беру жүйесінде басты орын алады. Осыған байланысты профессор К.Ж.Қожахметованың профессор С.А.Ұзақбаевамен авторлық бірлестікте дайындаған «Жоғарғы мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасында» болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру мақсатында жоғарғы оқу орнында оқытудың өн бойына этнопедагогикалық пәндерді енгізу қажеттілігіне, маман біліктілігін жетілдіру жүйесінде этнопедагогикалық мәдениетті қалыптастыру мәселелеріне назар аударуды талап етеді.

2015 жылғы Тәрбие тұжырымдамасында тәрбиенің 8 бағытының бірі болып ұлттық тәрбие қарастырылады. Жалпы ҚР-ның Білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасына этнопедагогика зерттеу нәтижелерін ендіріп жасалса деген ойдамыз. Мемлекеттік бағдарламалардың «Мәңгілік ел», «Рухани жаңғыру», «Мәдени мұра», «Ұлы даланың жеті қыры», «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» жолдауларын орындау бағытында этнопедагогикалық зерттеулер жүргізілуі қажет. Қалыптасқан ғылыми мектептер этнопедагогика оқу пәнінің құрамдас бөліктері бойынша зерттеулер жүргізіп пәннің мазмұнын байытып отырса және барлық кәсіби жоғары оқу орындарында міндетті пән қатарында «Қазақтану», «Қазақ әлемі», «Этнопедагогика», «Ұлттық тәрбие» пәндері арнайы курстармен қатар жүргізіліп отыру тиіс деп ойлаймыз. БАҚ-та, әлеуметтік желілерде ұлттық тәрбиені насихаттайтын бағдарламалар кеңінен насихатталуы тиіс.

Елімізде «Мәдени мұра», «Мәңгілік ел», «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламаларының жүзеге асырылуына байланысты ұлттық кодты сақтау мәселесі ерекше мәртебеге иеленді, ұлттық мазмұндағы білім мен тәрбиеге бет бұрып, олар білім беру үдерісінен орын алуда. Бұл жағымды тенденциялардың қажеттігін 2020 жылдағы мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты жолдауы да меңзейді, онда «Жаңарған ұлт қана жаңғырған елдің жетістігін жаһан жұртына таныта алады» делінген. Жаһандану үдерісінде ұлттық болмысты, ұлттық-мәдени құндылықтарды сақтап қалу жолында Г.Н.Волков айтқандай «ұлтты құтқарушы ғылым» этнопедагогиканың әлеуеті орасан зор. Сондықтан Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, С.А.Ұзақбаева, Ә.Табылдиев, К.Ж.Қожахметова, Ж.Наурызбай, Ә.Садуақасов сынды ағаларымыз бен апаларымыздың еңбектерімен қазіргі жастарымыздың таныс болуы қажет. Өйткені болашақ ұстаздарымыз қазақ этнопедагогикасын зерделемей және тағылымдық құралдарын пайдаланбай жан-жақты жетілген тұлғаны тәрбиелей алмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егеменді Қазақстан. 12 сәуір 2017.
2. Волков Г.Н. Этнопедагогика. – Чебоксары: Чувашское кн.изд., 1974. – 376с.
3. Қожахметова К.Ж. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі. – Алматы, 1997.
4. Садуақасов Ә. Этнопедагогикалық этнологиялық астарлары // «Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика» журналы. – 2005, №1; 2008, №2.

5. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан білім қоғамы жолында» // Егеменді Қазақстан. 6 қыркүйек 2012.
6. Джанзакова Ш.И. Этнопедагогиканы жеке оқу пәні ретінде құрудың ғылыми негіздері. Монография. – Атырау, 2007. – 271 б.
7. Төребаева К.Ж. Жаһандану жағдайында ұлттық тәрбие берудің ғылыми-педагогикалық негіздері. Пед. ғыл. докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. – Атырау, 2010. – 280 б.

Мектептің тәрбие жұмыстарын ұлттық мазмұнда ұйымдастыруға негізделген «ӨРКЕНДЕУ» жобасының маңызы мен перспективасы

С.С. Қоңырбаева

Педагогика және білім беру менеджменті

кафедрасының қауымд. проф., п.ғ.к.

ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ.

Резюме

Изучены и представлены этнопедагогические идеи, лежащие в основе организации воспитательной работы школы в Национальном содержании. Проект «Өркендеу», направленный на формирование и развитие семейных ценностей у подрастающего поколения, представлен для школ с казахским языком обучения в качестве научно – прикладного пилотного проекта. Данный проект предполагает активизацию воспитательных школ народа в рамках таких социальных институтов, как «Ата мектебі», «Әже мектебі», «Ана мектебі», «Аға мектебі», «Жеңге мектебі».

Взяв за основу опыт профессора Кожакметовой К. Ж. по организации воспитательной работы в школе, предоставляется педагогико-методическая помощь создания условий эффективности интеграции традиционных воспитательных школ в педагогическом процессе.

Ключевые слова: воспитательная работа школы, традиционные национальные воспитательные школы, организация воспитательной работы, пилотные школы

Resume

The ethnopedagogical ideas underlying the organization of the educational work of the school in the National content are studied and presented. The project "Orkendeu", aimed at the formation and development of family values among the younger generation, is presented to Kazakh schools as a scientific and applied pilot project. This educational project involves the activation of educational schools of the people, which are social institutions: "Ata mektebi", "Azhe mektebi", "Ana mektebi", "Aga mektebi", "Zhenge mektebi".

Based on the experience of Professor Kozhakhmetova K. Zh. on the organization of educational work in the school, pedagogical and methodological assistance is provided in order to see the effectiveness of the integration of traditional educational schools in the pedagogical process.

Keywords: educational work of the school, traditional national educational schools, organization of educational work, pilot schools

Бүгінгі ХХІ ғасырдағы қазақ қоғамы дамыған елдердің қатарына ілеспекке бағдар алғалы білім беру жүйесі де түрлі жаңа парадигмалардың пайда болу кезеңінде тұр. Жаһандану жағдайында ұлттың жойылып кетпей сақталып қалуы басты мәселе саналуда. Еліміздің негізін құрайтын қазақ халқының келешегі кемел болуы үшін жасалатын әрекет тоқталып қалмасы анық.

Өз егемендігін алған уақыттан бері түрлі сынақтан өтсе де мемлекетіміз ұрпақ тәрбиесін назардан тыс қалдырған емес және оны өз ұлтының құндылықтары арқылы жолға қоюды қарастырып келеді. Еліміздегі «Білім туралы» заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» деп атап көрсетілген.

Елімізге тың серпін әкелген елбасымыз Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» деген мақаласы осы ұсынылып отырған жобамен үндес әрі идеялас деп айтуымызға негіз бар. «Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр» [1] деген пайымдау арқылы біз жас ұрпақтың тәрбиесіне жанашырлардың ұсынып отырған «ӨРКЕНДЕУ» жобасының жасақталуы мен тәжірибеге ұсынылуы – толғағы жеткен мәселе.

Жас ұрпақтың бойына отбасылық құндылықтарды қалыптастыру мен дамытуға бағытталған «Өркендеу» жобасы – ғылыми-қолданбалы жоба ретінде бүгінгі Педагогика ғылымына және оның кеңістігі – білім беру саласына, оның ішінде жалпы білім беретін мектептерде жүзеге асыруға арналған құнды бастама. Ұлт ұрпағын тәрбиелеудің этнопедагогикалық-этнопсихологиялық қағидаларын ұстаным ете отырып, жасақталған аталмыш еңбек үздіксіз білім берудің қайнар көзі саналатын отбасы тәрбиесін күшейту – мемлекеттің іргетасын мықты етудің басты тетігі екендігін дөп басып көрсетеді.

Отбасылық құндылықтарды кеңінен насихаттау, оларды жас ұрпақтың бойында қалыптастыру мен дамытуға барынша үлес қосу және осы бағытта қолжетімді ресурстарды мобилизациялауды көздейтін тәрбиелік жоба «Ата мектебі», «Әже мектебі», «Ана мектебі», «Аға мектебі», «Жеңге мектебі» сияқты әлеуметтік институт саналатын халықтың тағылымдық мектептерін жандандыруды жоспарлайды.

Этнопедагогиканың атасы саналған Г.Н. Волковтың «Әже педагогикасы» ғылыми-теориялық идеясы көп халықтың осындай тағылымдық мектептерінің тәрбиедегі маңызын көрсетіп, осы ұлт тәрбиесінде: этнопедагогикада басшылыққа алуға бастамашы болды. Қалмақ халқынан алғаш педагогика ғылымдарының докторы атанған ғалым-профессор О.Д. Мукаеваның еңбегі өз еліндегі білім беру мекемелеріне ұлттық тәрбие, отбасылық құндылықтарды насихаттауға көп жұмыстар жасап, балабақшаларға «әжи» (әже) деген штат ашып бергендігімен этнопедагогикада есімі ерекше аталады [2]. Қалмақ халқы – этнопедагогика ғылымын зерттеу мен дамытуда білім беру ұйымдарымен отбасын байланыстыру арқылы жүзеге асыруды сабақтастырып келе жатқан ел. Бұған дәлел Д.В. Мучкаеваның отбасы мен қосымша білім беру ұйымдарының ынтымағы аясында этномәдени тәрбие беру моделін сынақтан өткізіп, тиімділігін дәлелдейді [3].

Елімізде қазақ этнопедагогикасы әдіснамасының негізін салушы профессор К.Ж. Қожахметованың қазақ отбасы өз ұрпағын болашақ этноәлеуметтік рөлдерге даярласа, ұлттық тәрбие мен этномәдениеттің болашағы баянды деген педагогикалық идеясы [4] өз ғылыми мектебінің аясында зерттеп-зерделеніп келеді.

Елімізде қазақ этнопедагогикасын оқу-тәрбие үдерісіне ендіру бағытында жүздеген ғылыми еңбектер қорғалып, мыңдаған мақалалар жазылды. Қорғалған диссертациялық еңбектерде де ұлт тәрбиесіне негізделген тақырыптық тәрбие бағдарламалары көптеген мектептерде эксперименттен өтіп, оң нәтижелерімен пайымдалды. Алайда, бұл бағдарламалардың көбі тек диссертанттардың эксперименттік мектептері аясынан аса алмады. Оның көптеген себептері болуы мүмкін.

Ұлттық тәрбиенің іргетасы – қазақ этнопедагогикасының теориялық және әдіснамалық негіздерін қалаушылар: С.Қалиев, Ж.Наурызбай, С.Ұзақбаева, К.Қожахметова, Қ.Бөлеев,

т.б. Отбасы тәрбиесінің кейбір мәселелеріне зерттеу жүргізіп, ғылыми-педагогикалық диссертациялардың тақырыбына арқау еткен Ж.Сәкенов және Қ.Әтемова сабақтасты түрде кандидаттық және докторлық диссертацияларында Қ.Сейсембаев, А.Жұмадуллаева, С.Қоңырбаева, Л.Ибраимова, И.Корнилко, т.б. өз ғылыми еңбектерінде отбасы тәрбиесінің этнопедагогикалық проблемаларын қарастырды. Отбасы тәрбиесінің кейбір қырларын халық тағылымдары арқылы мектеп оқушыларын тәрбиелеу мәселелерінде А.Капенова, Ш.Шүйіншина, Л.Сырымбетова, Б.Өтешова, Ә.Сәдуақасов, Р.Айтжанова және т.б. қарастырды. Ғалымдардың еңбектерін жобамен жұмыс жасау барысында басшылыққа алуға болады.

Ұлттық тәрбиеге бағытталған тәрбие бағдарламасының бастауында тұрған З.Ахметованың «Кәусар бұлақ», М.Қ. Құрсабаевтың «Атамекен», Ж.Өтеевтің «Алтын көмбе», Ә.Сәдуақасұлының «Дәстүр» бағдарламалары еліміз егемендік алған тұста қазақ мектептерінің бағыт-бағдарын айқындауға негіз болды. Осы бағдарламалардың ішінде республикаға кеңінен таралған – «Атамекен» бағдарламасы. Біздің айтарымыз: ұлттық тәрбиеге негізделген, отбасылық құндылықтарды насихаттайтын, жастарды отбасылық өмірге даярлайтын, қоғамның белсенді мүшесі, болашақ қайраткер-тұлғалар тәрбиелейтін тәрбие бағдарламалары көп болғаны дұрыс.

Қазақ отбасыларының педагогикалық тұрғыдан және этномәдени құндылықтар негізінен бірден бір рухани демеуші – қазақ мектептері. Мектеп пен отбасының байланысы, ата-аналарды мектептің қоғамдық өміріне тарту мәселесі күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі болып қала бермек. Алайда, қазақ халқының болашақ мұрагері – қазақ балаларын өз келешегінің келелі мәселелерінің бастысы – қазақ балаларын отбасылық құндылықтарға тәрбиелеу мәселесіне арнайы тәрбие бағдарламасының жасалып тәжірибеге бірнеше ұйымның келісімен ұсынылуы – қуанарлық хәм құптарлық іс.

Халқымыздағы ата мен әже, ана мен әке, аға мен жеңгенің тәрбиедегі тұлғалық сипатынан бастап, тәлімдік іс-шаралардың мазмұнына дейін қамтып, қыз балалар мен ер балаларға арналған тәрбие жұмыстарын түрлендіре ұсынады. Әрине, жұмыс жасайтын мектептер мен тәрбие жұмысын жүргізетін сынып жетекшілері өз мүмкіндіктері мен шығармашылық еркіндіктері арқылы мазмұнын барынша байытуға болады.

Жобаның мәні мен мақсаты:

– Отбасылық ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мен дамытуға бағытталған «Өркендеу» жобасы бағдарламасындағы «Ата мектебі», «Әже мектебі», «Әке мектебі», «Ана мектебі», «Аға мектебі», «Жеңге мектебі» арқылы болашақ ата-аналарды қоғам мүшесі ретінде рухани жаңғыру мен «Қазақстан-2050» Стратегиясы талаптарын жүзеге асыруға жұмылдыру.

– жас ұрпаққа отбасы құндылықтарын ұлттық тәрбие мен озық білімді үйлестіре меңгерту;

– жас ұрпақтың бойына ұлттық тәрбиені сіңіре отырып, біліммен қаруландыру;

– жас ұрпақты тазалыққа, ұлт рухына дақ түсірмеуге, ата-бабалар аманаты – жер мен тілді сақтауға, озық салт-дәстүрлерді дамытуға баулу;

– жас ұрпақтың иманды, білімді болып өсуіне, ұлттық отбасылық құндылықтарды терең түсініп-талдап зерделеуге, жүзеге асыруға шабыттандыру.

«Өркендеу» ұлттық тәрбие мектептерінің сынып деңгейіндегі жұмысы



1-сурет. Ұлттық тәрбие мектептерінің сынып деңгейіндегі жұмысы

Жобаның міндеттері:

— Жобаға қатысушы оқу орындарында «Өркендеу» ұлттық тәрбие мектептерін ашу. Барлық ортада мемлекеттік тілде сөйлеуге барынша үлес қосу;

— Оқушылардың мектепте білім мен ұлттық тәрбиені қаншалықты сіңіргенін қадағалау мақсатында «Өркендеу» жобасының жетекші мұғалімі (сынып жетекшісі) оқушыларды бейімділігіне қарай бөледі. «Үштік одақ» негізінде бірлесіп жұмыс жүргізеді;

— Мектепұланбасы көшбасшыларымен бірлесіп сыныптық білім сайыстарын және кітап оқыту клубын ұйымдастырады. Өзін-өзі басқаруға дағдыландырады [5].

«Нұр Отан» партиясы жанындағы «Жас Отан» Жастар қанаты, «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» РҚБ, Қоғамдық қор – «Алдаспан» батырлар қорының әзірлеп ұсынған «ӨРКЕНДЕУ» жобасының ғылыми кеңесшісі, авторларынан бастап, көптеген қоғам қайраткерлері осы мәселеге жанашырлық танытып әрі қолдап келеді.

Осы Жобаны ендірген үш жылдың ішінде алғаш пилоттық жұмысты Нұр-Сұлтан қаласының №51 мектеп-гимназиясында, Алматы қаласында Қ.А. Яссауи атындағы №123 мектеп-гимназиясында, М.О. Әуезов атындағы №128 жалпы білім беретін мектепте және Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы Қ.Орымбетов атындағы орта мектепте «ҰСТАЗ – ОҚУШЫ – АТА-АНА» үштік одағы құрылып, жүзеге асырылуда. Соңғы жылдары Нұр-Сұлтан қаласының тағы да 8 білім ошағында (№56, №79, №40, №67, №68, №52, №54, №64) «Өркендеу» жобасы бойынша тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруды қолға алды.



2-сурет. Сынып жетекшісінің «Өркендеу» жобасы бойынша атқаратын жұмыс жүйесі

Бұл тәрбиеге бағдарламасының жобасы сынып жетекшілеріне де жаңаша көзқарастар мен ұстанымдарды қажет етеді. Әсіресе, ата-аналармен жұмыс барысында осы жоба аясында олардың тәрбиеге беретін әлеуетін анықтау, зерттеп-зерделеу арқылы сыныптың тәрбие жұмысына пайдалану оңай емес. Сынып жетекшілер «Өркендеу» жобасына ата-аналарды тарту үшін:

- оқушылардың отбасын зерттеу;
- ата-аналарды іріктеу;
- ана-аналармен шектелмей ата мен әже, аға мен жеңге жөнінде мәліметтер жинақтау;
- оларға педагогикалық-психологиялық бағыт беру;
- бірлесе тәрбие шараларын ұйымдастыруда әдістемелік көмек беру, т.б.

Жоба авторларының бірі әрі ғылыми жетекшісі ретінде өзіме ғылыми жетекші болған профессор К.Ж. Қожахметованың мектептегі тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру бойынша тәжірибелерін басшылыққа ала отырып, жан-жақты ізденісте дәстүрлі тәрбие мектептерін педагогикалық процеске интеграциялаудың тиімділігін көру үшін педагогикалық-әдістемелік көмектер беріліп келеді.

Уақтылы өтіп тұратын семинарлар мен пандемия жағдайындағы онлайн өтіп жүрген вебинарлар арқылы өз тәжірибелерін бөлісіп жүрген әріптестердің жұмыстарымен де біршама таныспын. Жоба талқылау және ендіру барысында педагогикалық ұжыммен, ата-аналармен да кездесу мүмкіндігі болды. Ата-аналар тарапынан қолдау табуға.

тәрбие жұмыстарын ұйымдастырушы педагог қауым қызығушылықпен кірісуде. Демек, бұл жобаны мектептің оқу-тәрбие процесіне ендіруде айтарлықтай кедергілер кездеспейді.

1-4 сыныптар мен 5-10 сыныптар бойынша «Өркендеу» жобасы негізіндегі тәрбие жұмыстарының құрылымы мен жоспары даярланып ұсынылды.

Сонымен қатар, жобаны жүзеге толықтай жүзеге асырудың перспективалары кеңінен қамтылып қарастырылған. Сондықтан да оны тек тәрбие сағаттары аясында өткізу мүмкін емес. Оған арнайы үйірме есебінен сағаттар бөлініп, жетекші мамандардан тұратын әдістемелік орталықтар құрылса, әдістемелік база жинақталып, оқу-әдістемелік құралдар шығарылуы, тәрбиелік шараларға демеушілер мен қолдаушылар тартылуы тиіс. Жобаның республика көлемінде тарап, мектептерге толықтай енуі үшін, барынша насихатталғаны жөн. Бұл тек бастамашылардың және санаулы мектептердің ғана аясында қалмауы керек. Қуанатынымыз: пилоттық жобаға осы оқу жылында бірнеше балабақшалар кірісті. Алдағы оқу жылынан Нұр-Сұлтан қаласының барлық мектептері осы «Өркендеу» жобасымен жұмыс жүргізе бастайды.

Қоғамның әр мүшесінің қайырлы іске үлес қосуға қақы бар. Олардың жан-жақты көмегі жұмылдырылса, тәрбие жұмысын мейлінше мазмұнды жоспарлауға болады. Алдағы уақытта мемлекет тарапынан Жобаны республика мектептеріне ендіруге қолдау жасалып, мектептегі тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға тағы да қосымша мүмкіндіктер қарастырса деген ұсыныс бар.

«Нұр Отан» партиясы жанындағы «Жас Отан» Жастар қанаты, «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» РҚБ, Қоғамдық қор – «Алдаспан» батырлар қорының әзірлеп ұсынған «ӨРКЕНДЕУ» тәрбиелік жобасының болашағы баянды болатынына сенемін және ғылыми жетекшілік жасап, әдістемелік көмек беру арқылы бұл жұмыстардың ұлт тәрбиесіне қосылған үлесі зор болады деген сенім бар. Сонымен қатар, болашақ педагог-психолог мамандар арқылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы аясында магистранттар арқылы тиімділігі зерттеп-зерделенуде.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. 12 сәуір 2017 ж.
https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
2. Волков Г.Н. Этнопедагогика : Учебник / Г. Н. Волков. - М. : Академия, 1999. - 167
3. Мукаева, О.Д. Этнопедагогика калмыков: история, современность. [Текст]: В 3-х частях. Части вторая и третья / О.Д. Мукаева. – Элиста: АПП «Джангар», 2003. – 391 с.
4. **Мучкаева Д.В.** Этнопедагогические средства обеспечения преемственности воспитания в семье и учреждении дополнительного образования. Педагогические науки, Выпуск № 11(65), Часть 2, Ноябрь 2017, Стр. 126-130
5. Кожаметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. - Алматы: НИЦ «Ғылым», 1998, - 317с.,
6. «Өркендеу» жобасы. – Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, - 2018. – 56 б.

**I «ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН» МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҰЛТТЫҚ
ТҰҒЫРНАМАСЫ**

**I НАЦИОНАЛЬНАЯ ПЛАТФОРМА ЭТНОПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ
В УСЛОВИЯХ РЕАЛИЗАЦИИ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПРОГРАММЫ "ЦИФРОВОЙ
КАЗАХСТАН"**

**I NATIONAL PLATFORM OF ETHNOPEDAGOGICAL EDUCATION IN THE
CONTEXT OF THE IMPLEMENTATION OF THE STATE PROGRAM "DIGITAL
KAZAKHSTAN".**

УДК 373.55

**ВОСПИТАНИЕ ТОЛЕРАНТНОСТИ В КОНТЕКСТЕ ПРОЦЕССА ЭТНИЧЕСКОЙ
СОЦИАЛИЗАЦИИ ПОДРОСТКОВ**

Т.Н. Черняева, к.п.н., доцент

ФГБОУ ВО «Саратовский национальный исследовательский университет
имени Н.Г. Чернышевского», г. Саратов, РФ

Ю.В. Лукашин, к.п.н., старший преподаватель

ФГБОУ ВО «Саратовский ГМУ им. В.И. Разумовского Минздрава России»,
г. Саратов, РФ

Кілттік сөздер: толеранттылық, білім беру, әлеуметтену, этникалық әлеуметтену, этникалық модификация..

Түйіндеме: Мақалада этностық әлеуметтену процесінің құрамдас бөлігі ретінде жасөспірімдердегі толеранттылыққа тәрбиелеу проблемасын теориялық талдау нәтижелері келтірілген. Қолданбалы аспектіде толеранттылыққа тәрбиелеу тәжірибесі, әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық дамыту және жүзеге асыру бағдарламаларында, әр түрлі білім беру мекемелерінің оқушыларының этникалық әлеуметтену процесін қолдау бағдарламаларында жүзеге асырылуы мүмкін.

Resume. The article presents the results of a theoretical analysis of the problem of tolerance education in adolescents as a component of the process of ethnic socialization. The applied aspect can be implemented in the practice of tolerance education, programs for the development and implementation of socio-pedagogical and psychological support, support for the process of ethnic socialization of students of different age categories and types of educational institutions.

Key words: tolerance, education, socialization, ethnic socialization, ethnic modification

Проблема толерантности была актуальна всегда, но в последние годы она приобретает особенно большую значимость. В российском обществе, (в силу различных причин) наблюдается рост агрессивности, насилия и экстремизма. Сильное воздействие на человеческое сознание оказывают различные формы конфронтации на этнической и религиозной почвах. Не обошли эти тенденции и школу. Миграция, эмиграция населения привела к тому, что многие общеобразовательные учреждения становятся своего рода микроскопом культурного многообразия, нередко превращаясь не только в пространство этнического диалога, монолога, но и, к сожалению, конфликтных ситуаций.

Still being in a native home, daughters penetrated into essence of the future role "daughter-in-law", mastering duties, necessary for a role of the senior daughter-in-law or the youngest daughter-in-law, or the wife of the along son. She psychologically prepared that she will deceit with the husband of an obligation for care for parents.

Learning an ethnosocial role, the child gradually with transition from one age step to another, respectively transform from one ethnosocial role to another. Though not always they strictly correspond each other: age - the ethnosocial role as depending on specific features of the

personality someone reaches a social maturity earlier and starts a family, turning with that into the new ethnosocial status, someone later. From the pedagogical point of view, ethnosocial-role approach the pupil plays an important role in implementation ethnic [5].

The concept of social and role is approach of K.M. Talanchuk, however, indisputable in implementation of an integrated approach to a training. Because, using the idea of social and role approach in studying of features and essence of ethnic education at kazakh, we were visually convinced that Kazakhs have this idea of ethnosocial-role approach long ago in operation and has the positive results. The task of ethnoteachers - is deeper to investigate educational opportunities of ethnosocial roles, their communication with concrete traditions and customs. This problem waits for the researchers.

Ethnosocial-role approach in education at modern Kazakh school is especially necessary. If proceed from requirements of an integrated approach to education, then development of one ethnosocial role - solves in a complex within its development and a realization:

- problems of moral education - especially humane approach, peacefulness, restraint, goodwill, respect for seniors;
- for intellectual education and formation of a worldview of laws, not only the nature, but also laws of public life, laws of the universe;
- for physical training - each role assumes aspiration to a standard of physical perfection at a certain age stage. It and ability to ride, throw a spear - for young men, for girls - ability smoothly and to go beautifully.
- for labor education - each role since infantile age provides development of certain abilities and skills;
- for esthetic education - development of a role prediction finally formation of sense of beauty which has to be shown not only in appearance, but also in all the relations: in a manner to behave, in communication, in performance of any business, in health not only physical, but also moral.
- in respect of patriotic education, care of an ecological condition of the home ground and development of a role assumes his protection not only from enemies, but also from the heartless relation to it.

At modern school it is necessary to consider ethnosocial roles and to combine them in dialectic unity with socialization, preparation for development and performance of social roles: defender of the fatherland, family man, toiler, citizen. From educational tools we stopped on characteristic of customs, traditions, ceremonies and rituals in more detail and also on characteristic of ethnosocial-role approach as complex means of ethnic education (in this case the ethnosocial role - is the contents and means in a complex).

References

1. Kozhakhmetova K. Zh. Kazakh ethnopedagogy: methodology, theory, practice. - Almaty. Gylym, 1998— - p. 368
2. Gumilev L. N. Ethnogenesis and the Earth's biosphere. - Moscow: Iris-Press, 2003. - p. 267
3. N. M. New system-synergetic philosophy of life and the concept of development of Russia: a project for discussion / N. M. Talanchuk. - Kazan: ISSO RAO, 1996. p. 47.
4. Dictionary-reference book on sociology and political science. E. V. Tadevosyan.- M: "Knowledge", 1996. p. 272.
5. Lurie S. V. Historical ethnology: A textbook for universities. - M.: Aspect Press, 1997. - p. 448.

ТҮЛҒАНЫҢ НӘТИЖЕЛІ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

А.С. Иргалиев, п.ғ.к., доцент

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация. В статье рассматривается роль и значение процесса социализации в воспитании подрастающего поколения и становлении отдельной личности, основные научно-методологические подходы к трактовке понятия «социализация», даются авторские определения понятий «социализация» и «успешная социализация», «социализированность», раскрываются компоненты и критерии успешной социализации, формулируются авторские понятия «социальное приспособление» и «личностное обособление» в процессе социализации.

Ключевые слова: процесс социализации, успешная социализация, социализированность, критерии успешной социализации, социальное приспособление, личностное обособление.

Annotation. The article discusses the role and importance of the socialization process in the education of the younger generation and the development of the individual, the basic scientific and methodological approaches to the interpretation of the concept of «socialization», given the author's definition of «socialization» and «successful socialization», «sozialisierung», reveals the components and criteria of successful socialization, the author formulates the concept of «social adaptation» and «personal isolation» in the process of socialization.

Keywords: socialization process, successful socialization, socialization, criteria for successful socialization, social adaptation, personal isolation.

Адамзат қоғамы қандай әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылымда болмасын, жас буынның қоғамдық қарым-қатынастарға үйлесіммен кірігуіне, оның әлеуметтік тұрғыдан қалыптасуына мүдделі. Өз мүшелерінің әлеуметтік толығуына тиісті жағдайлар жасап, әлеуметтендіру факторларын ұйымдастыра және бақылай отырып, қоғам өзіндік даму тұрақтылығын, мәдениеттің ұрпақтан ұрпаққа берілуін, әлеуметтік қатынастар аясындағы қоғам мүшелерінің іс-әрекеттерінің реттелуін қамтамасыз етеді.

Соңғы он жылда қазақстандық саяси, экономикалық және әлеуметтік өмірінің барлық салаларында орын алған құбылыстар көптеген қиындықтарды туындатты. Солардың ішінде өзектілері - әлеуметтік және рухани өмірдегі өзгерістерді сыни тұрғыдан зерделеу, әрі қарай даму тенденцияларын анықтау, балаларды әлеуметтендірудің бақылаудағы институты ретінде әлеуметтік тәрбиенің мазмұны мен құрылымын таңдау. Тәрбиенің нақты мақсаттары мен міндеттерін айқындау, тұлғаның өзін-өзі анықтауы, балалар мен жастардың рухани-адамгершілік қалыптасуын қамтамасыз ету мақсатында тәрбие кеңістігін белгілеу, оларды дербес өмірге дайындау - қазіргі мемлекеттік саясаттың негізін құрайтын мәселелер.

Өскелең ұрпақты әлеуметтендіру, бір жағынан, әр тұлғаны қалыптастыру мен дамытудың әмбебап факторы ретінде әлеуметтік-мәдени өмірдің сөзсіз бір бөлігі, кез-келген қоғамның тыныс-тіршілігінің ажырамас функциясы болып табылады.

Қазіргі қоғам адамнан техникалық білімнің көпқырлылығын, жоғары мәдениеттілікті, ғылым мен техниканың жекелеген салаларындағы арнайы мамандандудың шебер дағдыларын, қоғаммен бірге өмір сүріп, бірге әрекет етуді талап етеді. Бүгінгі күнде баланың тұлғалық дамуының негізгі параметрлеріне жалпы адамзаттық құндылықтарға бет алу, ізгілік, зиялылық, шығармашылық белсенділік, ар-намыс сезімі,

ой-сана тәуелсіздігі жатады. Адамның және жалпы қоғамның әлеуметтік өмірдің кереғар қиындықтарын шешу осы қасиеттер мен біліктердің болуына байланысты.

Әлеуметтендіру институты ретіндегі білім беру мекемесі қызметінде әлеуметтік рөлдерді игеруге және мектеп жасындағы тұлғаны әлеуметтендіруге септігін тигізуші барлық жағдайлар жасалуы тиіс. Сонымен бірге дұрыс дүниетаным қалыптастыру, әлеуметтік байланыстарды кеңейту, қоршаған ортамен жаңа қатынастар орнату кеңейту және аясын дамыту, тұлғаны өзін-өзі тануға әзірлеу (құндылықтар жүйесінің деңгейінің жеткіліктілігі, дербестік, жауаптылық, келешек кәсібін саналы түрде таңдай білу) қатар жүреді. Білім беру мекемесінің жағдайларында маңызды құзыреттіліктерді игеру оқушылардың нәтижелі әлеуметтенуіне жағдайлар туғызады: әлеуметтік рөлдерді, нормалар мен құндылықтарды игеру.

Осының барлығы қоғамдық тәрбие үрдісін құрудағы жаңа құбылыстарды есепке алу үшін ғылыми пайымдауды қажет етеді. Осыған байланысты ата-ана қамқорлығынан айрылған балалар мен жетім балалар мәселесі қазіргі отандық психологиялық-педагогикалық зерттеулерде ең көп қозғалатын мәселе болып табылады.

«Әлеуметтендіру» терминінің антропологиялық ғылымдар жүйесіндегі мағынасы біреу ғана емес. Жалпы алғанда, әлеуметтендіру екі жақты үрдіс болып табылады, бір жағынан, индивид әлеуметтік ортаға, әлеуметтік қатынастар жүйесіне ене отырып, әлеуметтік тәжірибе жинақтайтын болса, екінші жағынан - қоғамдық жүйеге белсенді кірігу арқылы өзіндік қоғамдық қатынастар жүйесін орнатады. Адам тәжірибе алып қана қоймай, өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі таныту арқылы, қоршаған адамдарға, өмір жағдайларына ықпал ете отырып, өзін тұлға ретінде танытады.

Баланың қазіргі қоғамдық қатынастардың толыққанды қатысушысына айналу үрдісі педагогика, әлеуметтік педагогика және әлеуметтік психология жөніндегі зерттеулерде көптен қозғалып жүрген мәселе болып табылады. Бұл мәселені өз еңбектерінде әртүрлі уақытта әр қырына қарастырғандар: К.А.Абульханова-Славская, Б.Г.Ананьев, Г.М.Андреева, А.Г.Асмолов, Л.П.Буева, Л.С. Выготский, И.С.Кон, А.И.Леонтьев, А.В.Мудрик және басқа да ғалымдар.

Әлеуметтендіруді зерттеуге батыс мектептері (Ф.Х.Гиддингс, Э.Дюркгейм, Г.Зиммель, Г.Тард және басқалары) тарихи мол үлес қосты, өткен ғасырдың 60-70-жылдарынан бастап бұл мәселені нақты қарауға кеңес ғалымдары да (П.С. Лебедев, Ю.А. Левада, В.С. Мерлин, Б.Д. Прагин және басқалары) кірісті.

Әлеуметтендірудің түрлі педагогикалық қырларын зерттеуден қазақстандық ғалымдар да қалыс қалмай, оқушыны біртұтас педагогикалық үрдістің субъектісі ретінде қалыптастыру (Н.Д.Хмель, Н.Н.Хан және басқалары); жастарды кәсіби әлеуметтендіру (Б.А.Әбдікәрімов, А.П.Сейтішев, Г.Т.Хайруллин және басқалары); тұлғаны қалыптастырудағы жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтардың рөлі (А.А.Бейсенбаева, С.А.Ұзақбаева және басқалары), мектеп оқушысын саяси әлеуметтендіру (К.К.Жампейісова, И.М.Кузьменко және басқалары), этникалық әлеуметтендіру (К.Б.Жарықбаев, С.К.Калиев, К.Ж.Қожахметова және басқалары), адамгершілік-құқықтық әлеуметтендіру (Л.А.Байсерке, Л.К.Керімов, А.В.Ким, А.А.Калюжный және басқалары); экономикалық және эстетикалық әлеуметтендіру (А.К.Ахметов, М.Х.Балтабаев, Н.Н.Тригубова және басқалары); тұлғаны құндылықтарға бағдарлау (Г.К.Нұрғалиева, А.К.Каплиева, Р.К.Төлеубекова, С.С.Тілеуова және басқалары); жас буынның әлеуметтік өзара әрекеттесу және тәрбиелеу үрдісіндегі балалар және жасөспірімдер ұйымдарының рөлі (А.С.Ирғалиев, К.К.Қунантаева, А.Н.Тесленко және басқалары), әлеуметтендіру мен қоғамға кіріктірудің жетекші институттары (Б.И.Мұқанова, Ә.М.Мұханбетжанова, Г.А.Уманов және басқалары) мәселелерін зерттеуге өз үлестерін қосты.

Зерттелетін мәселе бойынша педагогикалық тәжірибені теориялық талдау мен зерделеу көрсеткендей, жанұяны алмастырушы мекемелерде жетім балаларды тәрбие

құралдарымен әлеуметтендіру мәселесі ғылыми еңбектерде жан-жақты қарастырылмаған. Отбасылық үлгідегі балалар ауылының тыныс-тіршілігі мен тәрбиеленушілерді нәтижелі әлеуметтендіру жөніндегі әдістемелердің әдіснамалық, теориялық және практикалық жасақталуының жеткіліксіздігі арасындағы; тәрбиеленушілердің өмірдің мәні мен құндылықтары жайлы бұрмаланған түсініктері мен оларды өз бетімен өмір сүруге даярлаудың, тұлғалық бағдар мен жанұялық тұрмыс салтымен анықталатын сана мен мінез-құлықты мақсатты түрде түзету қажеттілігі арасындағы қарама-қайшылықтар көрер көзге айқын, түйінін шешуді қажет етеді.

Әлеуметтену - бұл құрылымы мен мазмұны тарихи өзгеріп тұратын үрдіс. Айталық, құбылмалы әлеуметтік-мәдени жағдайларда тәрбие барлық уақыттар, барлық этникалық топтар үшін бірдей бола алмайды. Сондай-ақ тек мектеппен немесе балалық кезеңмен шектеліп қалмайды. Адам өмірінің әртүрлі жас кезеңдеріндегі мега-, макро- және мезофакторлар, микроортаның түрлі салалары, тұлғаның барлық онто- және социогенезінің барлық сатыларын қамти отырып, оған тиісінше ықпал етеді. Осылайша әлеуметтену үрдісі адам дамуының үнемі қозғалыстағы, күрделі біртұтас жүйесі болып саналады. Сондықтан әлеуметтену мәнін терең ашу үшін, «адам», «тұлға», «қалыптасу», «дамудың әлеуметтік жағдаяты», «әлеуметтік іс-әрекет» және «әлеуметтік белсенділік» сияқты маңызды ұғымдарды дұрыс түсіне білу керек.

Қазіргі ғылыми әдебиетте «әлеуметтендіру» ұғымы біржақты түсіндірілмейді. Әлеуметтендіру үрдісін жан-жақты зерделеу үшін философиялық, әлеуметтанушылық, психологиялық сөздіктерде берілген, осы мәселемен айналысушы ғалым-зерттеушілер қолданатын анықтамаларды қарастырып көрейік.

Философия тұрғысынан әлеуметтендіру - бұл белгілі бір бейімділіктерге ие индивидтің қоғамның толыққанды мүшесіне айналуға қажетті қасиеттерді, белгілі бір білім, нормалар мен құндылықтарды игеру үрдісі.

Әлеуметтануда әлеуметтендіру үрдісі индивидтің өз өмірінің барысында өмір сүріп жатқан қоғамының немесе әлеуметтік топтың әлеуметтік нормалары, мәдени құндылықтары мен өмір салтын игеру, сондай-ақ өзіндік құндылықтар бағдарының, өзіндік мінез-құлық стилінің пайда болуы деп түсіндіріледі.

Психологияда әлеуметтендіру индивидтің «әлеуметтік мінезінің» қалыптасуына септігін тигізетін қарым-қатынас пен іс-әрекет арқылы әлеуметтік тәжірибені, әлеуметтік байланыстарды, қатынастарды, қарым-қатынас формаларын игеріп, белсенді түрде қайта өндіруінің үрдісі мен нәтижесі, өзін-өзі таныту, «Мен» тұжырымдамасын жүзеге асыру, өзінің мүмкіншіліктері мен шығармашылық қабілеттерін көрсету, өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі орнықтыруға кедергі жасайтын ортаның жағымсыз ықпалдарын жеңу үрдісі болып табылады.

Педагогика ғылымында да «әлеуметтендіру» термині де көп мағынаға ие.

Қазіргі педагогикалық сөздіктерде әлеуметтендіру былай деп қарастырылады:

- «индивидтің әлеуметтік ортаға ену, оның практикалық және теориялық іс-әрекеттің біліктері мен дағдыларын меңгеруі, нақты қатынастардың тұлға қасиеттеріне айналу үрдісі»;
- «қоғамдық тәжірибе мен қоғамдық қатынастарды меңгерудің барлық көпқырлы үрдісі»;
- «адамдарға бірігіп өмір сүруге және бірлесіп тиімді әрекет етуге мүмкіндік беретін үрдістер»;
- «адамның өзінің адами қатынастар мәдениетін меңгеруге, нәтижелі әлеуметтенуге қажетті белгілі бір әлеуметтік нормаларды, рөлдерді және функцияларды, біліктер мен дағдыларды үйрену»;
- «индивид әлеуметтік тәжірибе жинақтаған сайын, оның қарым-қатынас және іс-әрекет аясының өзін-өзі реттеу, сана мен белсенді өмір ұстанымының қалыптасу үрдісі сияқты біртіндеп кеңеюі».

Педагогика тұрғысынан әлеуметтендіру құбылыс ретінде индивидтің әлеуметтік бейімделуі мен кірігуін немесе интериоризациясын қамтамасыз етеді, бұл оның әлеуметтік-экономикалық жағдайларға, рөлдік қызметтеріне, қоғамның өмірінің әртүрлі деңгейлеріндегі әлеуметтік нормаларға, тіршілік ету ортасы ретіндегі әлеуметтік институттарға бейімделуін, әлеуметтік нормалар мен құндылықтардың адамның ішкі дүниесіне енуін, әр нақты тұлғаның құрылымына қарай ішкі «Меніне» кірігуін көрсетеді.

Әлеуметтік педагогикада әлеуметтендіруге әртүрлі анықтамалар беріледі:

- «индивидтің өмірі барысында өзі тіршілік ететін қоғамның әлеуметтік нормалары мен мәдени құндылықтарын меңгеру және әлеуметтік-мәдени тәжірибені әрі қарай дамыту үрдісі»;

- «индивидтің өзі тіршілік ететін қоғамға, қауымдастық пен топқа тән құндылықтарды, нормаларды, ұстанымдарды, мінез-құлық үлгілерін сіңіре отырып, тұлғаның қалыптасу, оқу-үйрену үрдісі»;

- «адамның практикалық іс-әрекетте белгілі бір рөлді атқару арқылы практикаға ену, әлеуметтік қасиеттерге ие болу, қоғамдық тәжірибені игеру мен өзіндік болмысын жүзеге асыруының күрделі, көпқырлы үрдісі».

Сонымен, педагогикада әлеуметтендіру туралы келесі көзқарас қалыптасқан - бұл адамның қоғамға тән құндылықтарды, нормалар мен ұстанымдарды, мінез-құлық үлгілерін оқып-үйрену мен игерудің, тұлға ретінде қалыптасуы, индивидтің әлеуметтік-мәдени тәжірибені әрі қарай жетілдіріп, қарым-қатынас пен іс-әрекет саласындағы арнайы әлеуметтік тәжірибені меңгеруі, нақты қатынастарды тұлғаның қасиеттеріне айналдыру, өзін-өзі реттеу мен өзіндік сана мен белсенді өмірлік қағидатының дамуының үрдісі.

Педагогика тұрғысынан қолда бар мәліметтерді жинақтай отырып, адам тәрбиесінің әртүрлі жас кезеңдерінде ескерілуге және қолданылуға тиісті бірнеше әмбебап механизмдерді атап көрсетуге болады.

Әлеуметтендірудің психологиялық механизмдері келесідей:

- импринтинг (жадыға жазып алу) - адамның рецепторлық және түйсіксіз деңгейлерде өзіне ықпал етуші маңызды нысандарды, бейнелерді, әсерлерді есінде сақтап қалуы;

- экзистенциалды қысым - маңызды тұлғалармен өзара әрекеттесу үрдісінде солардың тілі мен әлеуметтік мінез-құлық нормаларын санадан тыс міндетті түрде меңгеріп алу;

- еліктеу - үлгі алу, үлгі бойынша әрекет ету, адамның әлеуметтік тәжірибені еркімен және еркінен тыс меңгеруі;

- сәйкестендіру (ұқсату) - адамның санасынан тыс өзін басқа адаммен, топпен, үлгімен салыстырып, ұқсату үрдісі;

- рефлексия - ішкі диалог (толғаныс), адамның қоғамның әртүрлі институттарына, отбасына, құрбылар тобына, маңызды тұлғаларға, т.б. тән түрлі құндылықтарды қарастырып, бағалап, қабылдауы немесе бас тартуы. Рефлексия кезіндегі ішкі диалог әртүрлі болуы мүмкін: адамның бірнеше «менінің» арасындағы, нақты немесе ойдан шығарылған тұлғалармен арадағы, т.б.

Әлеуметтендірудің педагогикалық механизмдеріне келесілерін жатқызамыз:

- әлеуметтендірудің дәстүрлі механизмі (бей-берекет);

- әлеуметтендірудің құрал-саймандық механизмі;

- әлеуметтендірудің стильге негізделген механизмі;

- әлеуметтендірудің тұлғааралық механизмі.

Әлеуметтендіру үрдісінде әлеуметтік дамудың негізгі сапалық көріністеріне әлеуметтік құндылықтар мен әлеуметтік тәжірибенің қалыптасуы жатады.

Құндылықтар - бұл әлеуметтік ұғым, оның нысаны әлеуметтік мәнге ие болып, іс-әрекет нысаны болуы немесе болмауы мүмкін. Құндылықтар дегеніміз - адам мен қоғам қол созатын идеялар, мұраттар, мақсаттар. Әлеуметтік құндылықтардың мағынасының аясы

тар немесе кең болуы мүмкін. Кең мағына аясында қоғам, әлеуметтік топтың немесе тұлғаның қажеттіліктеріне сәйкестігі немесе сәйкессіздігі тұрғысынан ең маңызды қоғамдық құбылыстар мен шынайы қоршаған орта фактілерін бөліп көрсетеді. Тар мағына аясында қоғамдық сананың өнімі болып табылатын, адам мәдениеті жаратқан рухани және эстетикалық императивтер (талаптар) дегенді білдіреді.

Адам әлеуметтік тәжірибені өмір бойы бей-берекет және әлеуметтік-бақылаудағы үрдіс барысында жинақтайды.

Әлеуметтік тәжірибе - бұл әртүрлі білім, біліктері мен дағдыларының, ойлау тәсілдерінің, мінез-құлық нормалары мен стереотиптерінің, интериорияланған құндылық ұстанымдарының, есте қалған сезінулер мен толғанулардың, басқа адамдармен қарым-қатынас жасау тәжірибесінің, бейімделу мен оқшаулану тәжірибесінің, өзін-өзі тану, өзін-өзі білу, өзін-өзі таныту және өзін-өзі орнықтыру тәжірибесінің біртұтас жиыны.

Жеке әлеуметтік тәжірибе білім, біліктері мен дағдыларының, ойлау және әрекет ету тәсілдерінің, мінез-құлық нормалары мен стереотиптерінің, интериорияланған құндылық ұстанымдары мен құндылық бағдарларының, есте қалған сезінулер мен толғанулардың өзіндік синтезі болып табылады.

Біздің ойымызша, әлеуметтендіру - тұлғаның белгілі бір әлеуметтік жағдайлардағы қалыптасу үрдісі, оның барысында адам қолданыстағы әлеуметтік тәжірибені меңгеріп, оны өзінің құндылық бағдарларына айналдырып, белсенді түрде қайта өндіреді, қоғамда немесе референтті топта қалыптасқан нормалар мен шаблондарды өзінің қатынастары мен мінез-құлық жүйесіне іріктемелі түрде енгізеді.

«Нәтижелі әлеуметтендіру» ұғымын түсіндірген кезде біз педагогика ғылымында нәтижеге жету, көздеген мақсатқа қол жеткізу дегенді өскелең ұрпақты қазіргі қоғам мен мемлекеттің білім беру саясатының талаптарына сәйкес тәрбиелеу және оқыту деп түсінеміз.

Осылайша, нәтижелі әлеуметтендіруді - бұл тұлғаның белгілі бір әлеуметтік жағдайларда қалыптасу, оның барысында адам қолданыстағы маңызды әлеуметтік тәжірибені меңгеру, оны өзінің құндылық бағдарларына айналдырып, белсенді түрде қайта өндіру, қоғамда немесе референтті топта қалыптасқан нормалар мен шаблондарды өзін-өзі толығымен танытып, қоғамдағы орнын алу үшін өзінің қатынастары мен мінез-құлық жүйесіне іріктемелі түрде енгізу үрдісі деп түсінеміз.

Балаларды нәтижелі әлеуметтендірудің (әлеуметтенгендіктің) негізгі сапалық көрсеткіші олардың әлеуметтік қатынастарға, іс-әрекетке және байланыстарға толығымен енуі, бұл өз кезегінде алдымен үйрету мен әдеттендіру арқылы әлеуметтік тәжірибенің қалыптасуынан, соңынан саналы жеке әлеуметтік тәжірибенің түзілуі үрдісінен көрінеді.

Нәтижелі әлеуметтендірудің түпкі мұраты тұлғаның сапалық көрсеткіші ретіндегі әлеуметтенгендігі болып саналады. Әлеуметтендірудің субъект-субъектілі тәсілдемесін ұстана отырып, біз әлеуметтенгендікті тұлғаның әр жас кезеңінде, соның ішінде жасөспірімдік кезеңде бейімделу (адаптациялануы) мен даралану (автономизациялануы) қабілеттеріне тең дәрежеде қол жеткізуі деп қарастырамыз.

Баланың әлеуметтенгендігін біз тұлғаның қолданыстағы қоғамдық әлеуметтік тәжірибені меңгеруі (әлеуметтік бейімделу) және өзіндік жеке әлеуметтік тәжірибесін (тұлғалық даралану) қалыптастыруы деп түсінеміз. Тиісінше бейімделу мен даралану деңгейі неғұрлым жоғарылаған сайын, жасөспірімнің әлеуметтенгендігінің деңгейі соғұрлым арта түседі. Жасөспірімнің нәтижелі әлеуметтену үрдісінің (әлеуметтенгендігінің) негізгі құрамды бөліктері ретінде әлеуметтік бейімделуі мен тұлғалық-психологиялық даралануын бөліп қарастырамыз.

Баланың нәтижелі әлеуметтенуінің келесідей тұлғалық жетістіктерінен көруге болады:

- рухани және әлеуметтік есеюдің, жаңа әлеуметтік рөлдерді меңгерудің негізі ретінде құрбыларымен және педагогикалық үрдістердің басқа қатысушыларымен тіл табысу мәдениетін бойына сіңіру;

- дүниетану мәселелерін (құрбылар ұжымындағы өзінің әлеуметтік мәртебесі, т.б.) сезініп-тану, солардың негізінде позитивті ұстанымдарын қалыптастыру;
- рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, өміршең-жасампаз өмір салтын ұстануды қажетсіну және оны өз әрекеттері арқылы жүзеге асыру;
- мектепте және одан тыс жерлерде (қосымша білім беру мекемелері, спорттық-сауықтыру, мәдени-ағарту ұйымдары, т.б.) әлеуметтік қатынастардың біліктері мен дағдыларын меңгеру;
- ұжымда және басқа әлеуметтік топтарда тиісті мінез-құлық әрекеттерін қалыптастыру үшін өзі, басқа адамның тұлғасы туралы көзқарастар жүйесін пайдалана білу;
- өзін-өзі таныту және өзін-өзі тану мақсатында әртүрлі іс-әрекеттерге араласа білу;
- келешек оқу бағытын және кәсіби іс-әрекет саласын таңдаудың маңыздылығын түсіну;
- әлемдік мәдениет жетістіктері мен құндылықтарын игеруге қызығушылықтың және қажеттіліктің болуы;
- қоршаған ортаның күйі үшін моральдық жауапкершілікті сезіну және оны іс-әрекеті барысында қорғау, қамқорлауға ұмтылу;
- қазіргі социумда өмірлік жоспарларды жүзеге асырудың маңызды шарты ретінде денсаулықтың құндылығын түсіну;
- дұрыс гендерлік мінез-құлық білімдерін, біліктері мен дағдыларын меңгеру.

Тәрбиеленушінің әлеуметтік бейімделуі дегеніміз:

- құрбыларымен тілдесу мәдениетін игеруі; жаңа әлеуметтік рөлдерді меңгеруге бейімділігі; дүниетану мәселелеріне, құрбылар ұжымындағы өзінің әлеуметтік мәртебесіне деген саналы қызығушылығын білдіруі; мектептен тыс әлеуметтендірудің әртүрлі агенттерімен және факторларымен өзара әрекеттесу арқылы әлеуметтік қатынастарды орнатуы және әлеуметтік өмір нормаларына бағынуы; жыныстық-рөлдік мінез-құлық стереотиптерінің кешені туралы білімді қабылдап алуы, келешек оқу бағытын және кәсіби іс-әрекет саласын таңдаудың маңыздылығын түсінуі (мінез-құлықтық-коммуникативті бейімделуі);
- рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, өміршең-жасампаз өмір салтын ұстануды қажетсінуі, өзі және басқа адамның тұлғасының құндылығы туралы көзқарастар жүйесін меңгеруі; ұлттық және әлемдік мәдениет құндылықтарын игеруге ұмтылуы; қоршаған ортаның күйі үшін моральдық жауапкершілікті сезіну және оны іс-әрекеті барысында қорғау, қамқорлауға ұмтылу (құндылықтарға бейімделуі).

Тәрбиеленушінің тұлғалық даралануы дегеніміз:

- өзіндік көзқарастарының, құндылық бағдарларының болуы, оларды өзгертуге және жаңа құндылықтарды қабылдауға қабілетті болуы (құндылықтармен даралану);
- «Мен» - тұжырымдамасының қалыптасу тұтастығы, өзін-өзі құрметтеу мен қабылдау, өзіндік ар-намысының деңгейі, рефлексия мен өзін-өзі бағалауға, өз іс-әрекетін және оның нәтижелерін бағалауға қабілеттілік (тұлғалық өзіндік бағасымен даралану);
- өз сезімдері мен эмоцияларын түсіну және бақылап отыру, эмоциялық үйірсектікті таңдай, сақтай және толықтыра білу (эмоция-ерік күшімен даралану);
- өз қиындықтарын өз күшімен шешуге дайындық және қабілеттілік, өзін-өзі тану және өзін-өзі таныту мақсатында әртүрлі іс-әрекеттерге қатысу қажеттігін түйсіну; сыни сүзгіден өткізілген ақпарат негізінде саналы шешім қабылдау - креативтілік (мінез-құлықпен даралану).

Осы бөліп алынған компоненттер негізінде біз нәтижелі әлеуметтендірудің (әлеуметтенгендіктің) 4 критерийіне сүйенетін боламыз:

1) Құндылықтық-нормативтік компонент: рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық өмір салтын ұстануды санасымен қажетсінуі, өзі және басқа адамның тұлғасының құндылығы туралы көзқарастар жүйесін меңгеруі; ұлттық және әлемдік мәдениет құндылықтарын игеруге ұмтылуы; қоршаған ортаның күйі үшін моральдық

жауапкершілікті сезіну; өзіндік көзқарастарының, құндылық бағдарларының болуы, оларды өзгертуге және жаңа құндылықтарды қабылдауға қабілетті болуы;

2) Мінез-құлықтық-коммуникативтік компонент: құрбыларымен тілдесу мәдениетін игеруі; жаңа әлеуметтік рөлдерді меңгеруге бейімділігі; дүниетану мәселелеріне, құрбылар ұжымындағы өзінің әлеуметтік мәртебесіне деген саналы қызығушылығын білдіруі; мектептен тыс әлеуметтендірудің әртүрлі агенттерімен және факторларымен өзара әрекеттесу арқылы әлеуметтік қатынастарды орнатуы және әлеуметтік өмір нормаларына бағынуы; жыныстық-рөлдік мінез-құлық стереотиптерінің кешені туралы білімді қабылдап алуы, келешек оқу бағытын және кәсіби іс-әрекет саласын таңдаудың маңыздылығын түсінуі; өзін-өзі тану және өзін-өзі таныту мақсатында әртүрлі іс-әрекеттерге қатысу қажеттігін түйсінуі;

3) Эмоциялық - еріктілік: өз сезімдері мен эмоцияларын түсіну және бақылап отыру, эмоциялық үйірсектікті таңдай, сақтай және толықтыра білу; өз қиындықтарын өз күшімен шешуге дайындық және қабілеттілік; табысқа жетуді көздеу;

4) Тұлғалық-өзін-өзі бағалаушылық компонент: «Мен»-тұжырымдамасының қалыптасу тұтастығы, өзін-өзі құрметтеу мен қабылдау, өзіндік ар-намысының деңгейі, рефлексия мен өзін-өзі бағалауға, өз іс-әрекетін және оның нәтижелерін бағалауға қабілеттілік, сыни сүзгіден өткізілген ақпарат негізінде саналы шешім қабылдау - креативтілік.

Сонымен, келесідей қорытындыға келеміз:

1) Қазіргі педагогикалық ғылымда әлеуметтендіру үрдісі тұлғаның дамуының, индивидтің оқуы мен қоғамға тән құндылықтарды, нормаларды, көзқарастарды, мінез-құлық үлгілерін меңгеруінің, әрі қарай дамытуы мен қатынас жасау мен іс-әрекет саласындағы әлеуметтік тәжірибені үйренуінің, нақты қолданыстағы қатынастарды тұлғаның сапасына айналдыру, өзін-өзі реттеу, өзіндік сананы, белсенді өмір салтын қалыптастырудың күрделі, көпқырлы үрдісі болып табылады

2) Әртүрлі гуманитарлық ғылымдардағы «әлеуметтендіру» ұғымына теориялық талдау жасай келе, әлеуметтендіру - тұлғаны белгілі бір әлеуметтік жағдайларда қалыптастыру, қолданыстағы әлеуметтік тәжірибені меңгеруі мен белсенді түрде қайта өндіру үрдісі, оның барысында адам оны өз құндылықтары мен бағдарларына айналдыра отырып, өз қатынастары мен мінез-құлқының жүйесіне қоғамда немесе референтті топта қалыптасқан нормалар мен шаблондарды іріктеп енгізеді.

3) Нәтижелі әлеуметтендіруді тұлғаның белгілі бір әлеуметтік жағдайларда қалыптасуы, қолданыстағы әлеуметтік маңызы бар тәжірибені меңгеруі мен белсенді түрде қайта өндіру үрдісі, оның барысында адам оны өз құндылықтары мен бағдарларына айналдыра отырып, өз қатынастары мен мінез-құлқының жүйесіне қоғамда немесе референтті топта қалыптасқан нормалар мен шаблондарды іріктеп енгізу үрдісі деп түсінеміз.

4) Әлеуметтендіру үрдісінің түрлі тұжырымдамаларының мәнін талдай отырып, біз адамды өзіндік әлеуметтік дамудың субъектісі ретінде қарастыратын субъект-субъектілі тәсілдемесін ұстанамыз.

5) Әлеуметтендіру үрдісінде адам шешетін міндеттердің мазмұнын қарастыра келе, жасөспірімдер педагогикасындағы ең өзектілері әлеуметтік-мәдени, соның ішінде әлеуметтік-психологиялық сипаттағы мәселелер деген қорытындыға келдік.

6) Білім беру үрдісі әлеуметтендіру микрофакторларының деңгейінде толық және сапалы жүзеге асырылады.

7) Тәрбиелеу аясындағы әлеуметтендірудің маңызды құралдарына тәрбиелеу ортасы мен педагогикалық үрдістің қатысушыларының арасындағы қатынастар жүйесі жатады.

8) Педагогикалық үрдісте әлеуметтендіру субъектілеріне педагогтар мен тәрбиешілер, отбасы мүшелері мен құрбылары жатады.

9) Педагогикада берілген әлеуметтендіру механизмдерін талдай келе, жасөспірімдермен педагогикалық жұмыс кезіндегі ең тиімділері ретінде құрал-саймандық,

басқарылатын стильденген және тұлғааралық деп бөліп алдық. Ал психологияда - бастапқы кезеңде - еліктеу, содан кейін сәйкестену және рефлексия.

10) Басқарылатын әлеуметтендіру аясында әлеуметтік-маңызды және құпталатын әлеуметтік тәжірибені қалыптастыру әртүрлі білім мекемелеріндегі әлеуметтік тәрбие үрдістерінде жүреді. Әлеуметтік (қоғамдық) тәрбие ғылыми әдебиетте әлеуметтік өмірге ену кезеңінде балаларға, жасөспірімдерге және жастарға қажетті қоғамдық көмектің педагогикалық бағдарланған және мақсатқа лайықты жүйесі ретінде қарастырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұханбетжанова Ә.М., Иргалиев А.С., Муханбетчина А.Г. Әлеуметтік педагогика. Оқу құрал. - Орал, 2013. - 115 б.
2. Иргалиев А.С. Тұлғаны әлеуметтендіру: монография. - Орал, 2019. - 117 б.
3. Иргалиев А.С. Социальная педагогика. Учебное пособие. 2-е изд. - Уральск, 2020. - 150 с.
4. Иргалиев А.С. Социализация личности: монография. - Уральск, 2018. - 129 с.
5. Иргалиев А.С. Социально-педагогический словарь. - Уральск, 2018. - 161

ӘОЖ. 378.2:373.3

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІНІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЛЫҚ АРҚЫЛЫ ДАМУ

Құрманалина Ш.Х.п.ғ.д., профессор , Вербицкая Б.К магистрант

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан

Кілт сөздер: функционалдық сауаттылық, цифрлық құзырлық, математикалық сауаттылық, функционалдық сауаттылықты дамыту үдерісін мазмұндық, оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық қамтамасыз ету.

Түйіндеме. Бұл мақалада білім мазмұнының жаңартылған шеңберінде болашақ бастауыш сынып мұғалімінің функционалдық сауаттылығын дамыту технологиясын жоспарлауда оқыту мен оқу үдерісінде тиімді жүзеге асуы жан-жақты талданады. Педагогикалық, гуманитарлық колледждерде, жоғары оқу орындарында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың функционалдық сауаттылығын цифрлық құзырлық арқылы дамытуға даярлау жолдары қарастырылған.

Resume. This article provides a comprehensive analysis of the effective implementation of technology in the teaching and learning process in the planning of the development of functional literacy of future primary school teachers in the updated context of educational content. There are ways to prepare future primary school teachers in pedagogical, humanitarian colleges and universities to develop students' functional literacy through digital competence.

Keywords: functional literacy, digital competence, mathematical literacy, content, educational, methodological, logistical support of the process of developing functional literacy.

Ғылым мен техниканың қарыштап дамыған заманында мемлекеттің адами құндылығы қоғамның білімділігіне тәуелді екенін және құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жететінін жаһандық сын-тегеуріндер дәлелдеп келеді.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен «100 нақты қадам» Ұлттық жоспарындағы білім беру саласына қатысты 5 қадам адам капиталының сапасын көтеруге бағытталғаны баршаға мәлім. Соның ішінде 76-қадамда «12 жылдық білім беруді кезең-кезеңімен енгізу, функционалдық сауаттылықты дамыту үшін мектептегі оқыту стандарттарын жаңарту» басымдықтары білім беру жүйесіне тың серпіліс әкелді [1]. Еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай функционалдық сауаттылықты қалыптастыру құзыреттіліктерін қамтитын білім беру мазмұнының жаңартылған моделіне көшу кезең-кезеңмен іске асырылуда.

Жалпы білім беретін негізгі мектептерде болашақ бастауыш сынып мұғалімінің функционалдық сауаттылығын дамыту технологиясы бойынша ұстаздың – ана тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін ұстаз қалыптастыру, сондай-ақ нормаларды сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға оқушыларды мұғалім дағдыландыруға үйрету қажет [2]. Қазіргі заман мұғалімі - ол үнемі табысқа ұмтылатын және өз оқушыларының табысқа жетуіне қабілетті кәсіби маман.

Мұғалімінің функционалдық сауаттылығын дамыту технологиясын мен Стронгтің "Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға - мұғалім" деген сөзімен түсіндірем едім. Себебі менің алдымда оқушыларымды оқу мақсаты арқылы күтілетін нәтижеге жетелеу, болашақ өмірге және еңбек етуге тиісті деңгейде даярлап, олардың бойында тілдік және өмірлік маңызы бар адамзаттық дағдыларды қалыптастыру міндеті тұрды. Алғашқы айларда жоспарланған оқу әрекеттері толық жүзеге аспады және пән бойынша академиялық білімді меңгертумен ғана шектелдім де, оқушыларым оқу жетістіктерін анықтайтын жиынтық бағалау тапсырмаларын орындауда біраз ізденісті талап етті. Бұл мәселе мені терең толғанды және ізденіске, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің функционалдық сауаттылығын дамыту технологиясын іздеуге және, тығырықтан шығуға жетеледі.

Педагогикалық қызметімде орыс педагогі К.Д.Ушинскийдің «Мұғалім - өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанда оның мұғалімдігі де жойылады» деген пікірі өмірлік ұстанымыма айналды. Жан-жақты ізденіспен білімім мен білігімді ұштастырып, кәсіби шеберлігімді шыңдап, табысқа ұмтылу, оқушыларымды жетістікке жетелеу басты мақсатым болып табылады. Ал ол үшін мұғалімнің функционалдық сауаттылығын дамытуда заманауи білім берудегі оң өзгерістерге бейімделудегі икемділік, инновациялық технологиялар мен оқыту құралын, жаңартылған білім мазмұны негізінде сабақты тиімді, нәтижелі жоспарлауды меңгеру қажеттілігі туындауы - заңдылық.

Біз түрлі ғалымдардың берген анықтамаларын зерттей отырып функционалды сауаттылыққа: ғылыми-жаратылыстану, ақпараттық, цифрлық, математикалық, оқу сауаттылығын қарастыруды таңдадық.

Ғылыми-жаратылыстану сауаттылық – шынайы әлем, әдіснамалық білімді, ғылыми зерттеулер ретінде көрсетеді. **Ақпараттық сауаттылық**, түрлі тапсырмаларды шешуде компьютерлік технологияларды пайдалану, ақпаратпен жұмыс істей білу, ғаламтор, кітаптардан қажетті ақпаратты табу, іріктеу, тиімді іздеу, талдау және пайдалану болып есептеледі. **Цифрлық сауаттылық** - өмірдің барлық салаларында цифрлық технологияларды сенімді, тиімді қолдана білу қабілеттерінің жиынтығы және ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздіктің негізі. **Математикалық сауаттылық** - терминдерді, жағдаяттарды қасиеттері бойынша суреттеу, есептеу; график пен кестеден мәліметтер алу; құралдарды қолдану; модельдеу, есептер шығару болса, **оқу сауаттылығы** – оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін бағалауға бағытталған.

Функционалдық сауаттылық бұрын жұмыс істейтін мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің мазмұнына енгізілмеген, себебі функционалдық сауаттылық

тұжырымдамасының өзі толық анықталмаған, білім берудің қазіргі даму кезеңіндегі тұжырымдаманың түсінігі мен мазмұнындағы өзгерістер ескерілмеген; функционалдық сауаттылық мектеп практикасында интегралды жүйе ретінде қалыптаспайды, оқушылардың функционалдық сауаттылығының коммуникативтік, компьютерлік, экологиялық, экономикалық, құқықтық және т.б. компоненттерін қалыптастыруға тиісті көңіл бөлінбейді; мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің деңгейі жеткіліксіз. Біздің зерттеуіміз оқушының функционалдық сауаттылығын дамытудағы мұғалімнің цифрлық сауаттылығы негізінде кәсіби құзыреттілігін көтеру қажеттілігі мен педагогикалық теория мен практикада жеткіліксіз дамуы арасында қайшылықтарды шешу, оқушылардың функционалдық сауаттылығын олардың қоғамдағы сәтті әлеуметтенуі мен бейімделуінің шарты ретінде дамыту қажеттілігі мен мұғалімдердің бұл мәселені шешуге дайын еместігі арасындағы қажеттілігінен туындайды, сондықтан да зерттеу тақырыбын «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың функционалдық сауаттылығын цифрлық құзырлық арқылы дамытуға даярлау» деп таңдауды негіздеуге мүмкіндік береді.

И.А.Колесникованың айтуынша, функционалдық сауаттылық: компьютерлік, функционалдық, әлеуметтік және т.б. сауаттылыққа үйрету; кәсіби оқыту – кәсіби дайындық, қайта даярлау, біліктілігін көтеру; жалпы мәдениеттілік – қызметіне байланысты емес қосымша білім алу [3].

В.Г.Онушкиннің, Е.И.Огаревтің көзқарастарын ескерсек, онда іс-әрекеттің нәтижелілігін қамтамасыз ететін функционалдық сауаттылық төрт компоненттен тұрады, олар: жалпы теориялық, арнайы және қолданбалы сипаттағы білім; істің маңызын және іс-әрекет үдерісіндегі шынайылықтың пәндік түсінігі; қойылған мақсатқа қажетті құралдарды таңдай алу іскерлігі және оның мазмұнына сәйкес қимылдау; тез икемді іс-әрекет ету дағдысы [4].

Функционалдық сауаттылық оқушының белгілі ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын құзыреттіліктер: теориялық білімдерін практикамен ұштастыра білу; сапалы білімдерін өмірде қолдана білуге үйрету; проблемалық ситуациялардың шешімін таба білуге үйрету; ізденіске баулып, өз бетінше жұмыс істеуге үйрету; халықаралық зерттеулерге (TIMS, PISA және PIRLS) қатыстыру т.б. жиынтығынан тұрады.

Зерттеу проблемасы бойынша әдебиеттерді талдау қазіргі заманғы мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамытудың жалпы принциптерін ашатындығын Н.В.Кузьмина, Т.Г.Браже, С.Г.Воровщиков, И.В.Колесникова, А.П.Тряпицына, Т.В.Шадрина және т.б., оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың жалпы тәсілдері (В.А.Ермоленко, О.Е.Лебедев, Л.М.Перминова, Р.Л.Перченоч) қарастырылған, дегенмен, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің функционалдық сауаттылығын цифрлық құзырлық арқылы қалыптастыру мәселесі іс жүзінде ұсынылмаған және оны әрі қарай зерттеуді қажет етеді.

Білім беру мен ғылымды басқару үрдісін автоматтандыру барлық білім беру ұйымдарын (балабақшалар, мектептер, техникалық және кәсіптік білім беру, ЖОО) қамтиды және білім беруді басқарудың бірыңғай жүйесін (Big Data) құру, атап айтқанда, NEDB, Kundelik, TsORs ақпараттық жүйелері, мобильді қосымшалар, бұлтты есепке алу, IT мамандарын даярлау жүзеге асырылуда. IT мамандарын даярлау, жаңа мамандықтар бойынша колледждер базасында IT құзыреттілік орталықтарын құру, болашақ бастауыш сынып мұғалімін жоғары оқу орындарында «ақпараттық технологиялар және жүйелер», «киберқауіпсіздік» жаңа бағыты бойынша дайындалады.

Қазіргі заманғы мектеп оқушылары бүкіл әлемде робототехникаға, дизайнға, бағдарламалауға, модельдеуге, 3D,5D дизайнына т.б. қызығушылық танытады. Өз қызығушылықтарын жүзеге асыру үшін өмірлік дағдылар мен құзыреттіліктер қажет.

Біздің ойымызша, жетістікке жету үшін тұлғаға қажетті АКТ құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік, проблеманы шешу құзыреттілігі.

Біздің зерттеу жұмысының барысында, болашақ бастауыш сынып мұғалімін дайындау жүйесін жаңғырту мақсатында: ақпараттық оқыту ортасы құрастырылды, білім сапасының стратегиясын өзгерту арқылы ақпараттық ресурстармен жұмыс дұрыс жолға қойылды, кең жолақты интернетке қосылған, оқу үрдісін басқаруда автоматтандырылған жұмыс орындары ашылды; сайттар арқылы ата-аналармен тұрақты байланыс жасалуда; арнайы пәндер бойынша электронды контент, цифрлық білім беру ресурстары дайындалуда; электрондық оқулықтар және жаңа ЭӘК білім беру үрдісіне енгізілуде; ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – орталығы, ақпараттық білім беру ортасы (АБО), электронды оқу залы, компьютерлік техникалық құралдар паркі, теледидар арқылы оқыту белсенді қолданыс табуда. Интернет жүйесіне 99%-ы қосылуы, интерактивті тақталармен жабдықталған; интернетпен еркін жұмыстанатын, колледж кабинеттерін (жүйелейтін АӘО, директор орынбасары, бөлім меңгерушісі, мультимедиялық кабинет т.б.) АБО қалыптастыру негізінде локальды бірлестік құрылуда.

Бастауыш сыныптарға арналған «Бағдарламалау» және «Робот техникасы» пәндері бойынша жаңа әдіс-тәсілдер енгізілді, бағдарламалар тілі жаңартылды. Барлық деңгейдегі білім алушылар цифрлық оқу платформаларына тәуелді болып қалды, педагогтар қауымының цифрлық сауаттылығы, қашықтан оқыту үрдісін жүргізуге АКТ кәсіпкерлік деңгейі анық байқалды. [5].

1-4-сыныптарға арналған «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінде компьютер туралы, қазіргі заманғы цифрлық құрылғылар және олардың қоғамдағы рөлі туралы бастапқы ақпараттар беру, интернет желісінде жұмыс істеуге, күнделікті өмірде есептей білу дағдыларын дамыту, робототехника, заманауи ақпараттық технологиялармен жұмыс жасаудағы білік және дағдыларды тиімді қамтамасыз етіледі. Zoom платформасының функциялары қашықтықтан оқыту форматында оқу үдерісін жүзеге асыру шарттарына толық сәйкес келеді.

Жалпы интернет желілерінің көмегімен белгілі бір арақашықтықта өтілетін оқытуды ұйымдастырудың онлайн (синхрондық) және оффлайн (асинхрондық), және кең таралған үшінші түрі вебинарды пайдаланамыз [6]. Колледжде осы үш технологияны желілік және кейстік технологияға топтастыра отырып жұмыстар жүргізіледі.

Функционалдық сауаттылық бастауыш мектептің әр пәнінің негізінде қалыптасады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бағытында математика пәнінің теориясы мен әдістемесін меңгерту үрдісінде //автор п.ғ.д., профессор Ш.Х.Құрманалина// «Бастауыш класта математиканы оқыту әдістемесі» пәнінен электрондық-әдістемелік жүйесі, 1-4 сыныптарға арналған математика пәнінен электрондық оқулықтар пайданылады [7]. ЭӘЖ құрастырудағы педагогикалық технологияның негізі – модульдік технология. Бұл ашық, дамыту жүйесі педагогика, психология, математиканың теориялық негіздері мен бастауыш класта математиканы оқыту әдістемесі пәндерінің интеграциялық байланысында құрылған. Біздің зерттеуіміздің нәтижесінде: ақпараттық-оқыту орталығында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың функционалдық сауаттылығын цифрлық құзырлық арқылы дамытуға даярлаудың педагогикалық шарттары анықталған.

Қорыта келгенде, «функционалдық сауаттылық» табысты оқытуың мәні – мұғалімдердің бойында ХХІ ғасырда өмірдің барлық саласында табысты болуы үшін қажетті кең ауқымды дағдыларды дарыту болып табылады. Жалпы мақаламды қортындылай келе, бастауыш сынып мұғалімінің функционалдық сауаттылығын арттыру технологиясы бұл мұғалімнің жан-жақты дамуы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. 100 нақты қадам. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы // Егемен Қазақстан, 20 мамыр, 2015 жыл № 92 (28570)
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2019 ж.
3. Колесникова И.А. Педагогические цивилизации и их парадигмы // Педагогика, 1995. 84-89 с.
4. Онушкин В.Г. Традиции, нововведения и преемственность в образовании. // Традиции и современность в образовании. // Материалы научно-практической конференции, ч.1 / ред. В.Г.Онушкин. СПб., 1996 г. - 9-13 с.
5. Ш.А.Курманбаева, К.А.Тулентаева «Цифровой казахстан: проблемы образовательной отрасли» // Егеменді Қазақстан. - 2018. - 3 қазан. – 20 б.
6. С.А. Крупник, В.В. Мацкевич. Функциональная грамотность. - М.: Педагогика, 2010.
7. Құрманалина Ш.Х. Электрондық әдістемелік жүйе қызметінің педагогикалық алғышарттары. Оқу құралы. – Алматы: Әлем, 2001. – 132 б.

ӘОК 37.022

ПЕДАГОГТАРДЫҢ ЦИФРЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ БІЛІМ БЕРУ ӘЛЕУЕТІНЕ ШОЛУ

З.Ғ.Мұхтар, магистрант

(Жетекшісі: С.М.Бахишева, педагогика ғылымдарының докторы)

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Ключевые слова: цифровое пространство, образование, цифровая грамотность, преподавание и обучение, компетенция, педагогическая практика, открытая образовательная платформа

Резюме: В условиях стремительного развития технологий возрастает значение организации образовательного процесса в цифровом пространстве. Актуальным становится научное изучение потенциала педагогов, принятие решений. В статье проанализированы труды зарубежных и отечественных ученых и принимаемые решения.

Resume: In the context of the rapid development of technology, the importance of organizing the educational process in the digital space is increasing. Scientific study of the potential of teachers and decision-making is becoming relevant. The article analyzes the works of foreign and domestic scientists and the decisions taken.

Key words: digital space, education, digital literacy, teaching and learning, competence, pedagogical practice, open educational platform

Кіріспе

Қазіргі уақыттағы технологияның қарқынды дамуы адамзат өміріндегі барлық саланың цифрлық кеңістігін қалыптастыруда. Автоматтандырылған жүйелердің, интернет ресурстар мен сервистердің, платформалардың қызметін пайдалану және олармен жұмыс істеу қажеттілігі туындады. Әлем елдері бұл мәселені шешу үшін арнайы ұлттық цифрландыру бағдарламаларын қабылдап жұмыстануда.

Қытай, Сингапур, Жаңа Зеландия, Оңтүстік Корея және Дания ұлттық экономикаларды цифрландыру бойынша алдыңғы қатардағы елдер болып табылады. Қытай өзінің "интернет плюс" бағдарламасында цифрлық индустрияны дәстүрлімен

біріктіреді, Канада Торонтода АКТ-хабын жасады, Сингапур драйвері АКТ болып табылатын "ақылды экономиканы" қалыптастырады, Оңтүстік Корея "Креативті экономика" бағдарламасында адами капиталды, кәсіпкерлікті дамытуға және АКТ саласындағы жетістіктерді таратуға бағдарланады, ал Дания мемлекеттік секторды цифрландыруға баса назар аударуда. ("Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы).

Қазақстан Республикасында Үкіметтің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №827 қаулысымен бекітілген «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бес негізгі бағыт бойынша жұмыс жасауда. Оның төртіншісі «Адами капиталды дамыту» – жаңа жағдайға - білім экономикасына көшуді қамтамасыз ету үшін креативті қоғам деп аталатынды құруды қамтитын түрлендіру бағыты болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын» іске асырудың жүйелі жеті реформасы мен жеті басым саясатының бірінші реформасы «Жаңа адами капитал» болып табылады. Аталмыш реформаның мәні «XXI ғасырдың жоғары сапалы және қажетті дағдыларға ие адами капиталды дамыту Қазақстан экономикасының одан әрі өсуі тәуелді болатын басым міндет болып табылады. Жаңа уақыттың құзыреттері қажетті дағдыларды үздіксіз үйрену мен игеруге дайын болуды қамтиды. Технологиялық жаңару мен цифрландыру өз жұмыс уақытын тиімді пайдаланатын, технология мен білімді қолдануға, процестерді жетілдіруге және инновацияларды жүзеге асыруға қабілетті персоналсыз мүмкін емес» деп айқындалған. Бұл өз кезегінде «еңбек нарығы қажеттілігін технологиялық әрі цифрлық құзыреттерге ие білікті кадрлармен қамтамасыз ету» міндетін орындауды көздейд. (Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары).

Сонымен қатар «COVID-19» пандемиясына байланысты 2020 жылдың наурыз айынан бастап еліміздің білім беру ұйымдары қашықтан оқытуға көшті. Оқу үрдістері білім беру платформаларында, сервистерде әртүрлі ресурстарды пайдалана отырып жүргізілді. Алайда бұл тәжірибе педагогтардың ІТ құзыреттіліктері, цифрлық сауаттылықтары мен дағдыларының деңгейіне зерттеу қажеттілігін көрсетті. Себебі, педагогтардың цифрлық кеңістіктегі білім беру әлеуеті ғылыми-теориялық тұрғыдан толық айқындалмаған, жан-жақты терең зерттелмеген.

Сондықтан бұл мақалада аталмыш саладағы зерттеулер мен қабылданып жатырған шешімдерге жасалынған шолуды ұсынып отырмын.

Зерттеу мақсаты: педагогтардың цифрлық кеңістіктегі білім беру әлеуетін жүргізілген зерттеулер мен қабылданған шешімдерге шолу арқылы айқындау, отандық тәжірибеде қолдануға негіздеу болып табылады.

Зерттеу болжамы: қашықтан оқыту жағдайында, оқу үрдісінде цифрлық технологияларды пайдаланушы педагогтерге қажетті білім, білік, дағдылар мен Құзыреттіліктерді сипаттап және оларды дамытуға, жетілдіруге ықпал ету болып табылады.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы: педагогтардың цифрлық кеңістіктегі білім беру әлеуетін сипаттай отырып, нақты

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу барысында елімізде қабылданған "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы, «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары» мен отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері, ЮНЕСКО көлемінде қабылданған ұсыныстар мен шешімдер сараланып талданды.

Теориялық негіздеме. Тақырып бойынша шолу барысында қарастырылған мәселе төртінші индустриялық революция тұсындағы ғылым мен білім беру ісінде аса маңызды екенін көруге болады. Женевадағы Бүкіләлемдік экономикалық форумның негізін қалаушы және президенті Клаус Шваб өзінің «Төртінші индустриялық революция» атты

еңбегінде «барлық жаңа жетістіктерге тән ортақ ерекшелік мынадай: олар қандай салаға болмасын тереңдей еніп жатқан цифрлық және ақпараттық технологияларды тиімді пайдаланады» деген тұжырымды мегатрендтік қозғаушы күш ретінде сипаттайды. (Клаус Шваб, Төртінші индустриалық революция, 2018)

Ал Элен Битэм мен Рона Шарптың «Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. ХХІ ғасырдағы оқыту дизайны» атты еңбегінде:

«Цифрлық технологиялар оқытушы мен білім алушы арасындағы қарым-қатынастардың мүлде басқа түрін қалыптастыра бастады. Иә, бізге педагогиканың стилі мен мазмұнын қайта қарастыру қажет, себебі цифрлық дәуір бізге жаңа технологиялық сын-тегеуріндерін қарсы қойып келеді.

Соңғы жылдары модуль немесе сессияны құрастырушы жеке оқытушыға қарағанда бүтіндей бір курстарды құрастыратын командаларға көбірек назар аударылуда. Білім алушылардың интернет қорларына қолжетімділігі артып, олардың цифрлық дағдылары дамыған сайын, біз оқу барысын әрбір білім алушы жеке білімін жетілдіруді өз бетінше бақылай алатындай етіп, қайта құрастыруымыз қажет екенін терең ұғынып отырмыз» деген тұжырым жасайды (Элен Битэм, Рона Шарп, Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. ХХІ ғасырдағы оқыту дизайны, 2013).

Расыменде, әлемдегі білім беру үрдісінде тез қарқынды өзгерістерді бастан кешіп жатыр. Технологияландыру мен цифрландырудың нәтижесінде онлайн-білім беру, қашықтан оқыту, ашық университеттер платформалары белсенді қызмет етуде. «EdCrunch» жаңа білім беру технологияларына арналған глобальдық конференциясының тарихынан мына өзгерістерді көруге болады. 2015 жылы Ұлттық білім берудің ашық платформасын іске қосты. Ресейдің 8 жоғарғы оқу орны негізін қалған платформа арқылы студенттер пәндердің онлайн өте алады. Сонымен қатар студент политехникалық мамандықтан педагогикалық мамандыққа ауысқан жағдай, оқылмаған пәнді өз бетімен оқып, жаңа ауысқан мамандығына тапсыруға жағдай жасалған (<https://conf.edcrunch.ru/history/>). Ал еліміздегі «Қазақстанның ашық университеті» – жетекші жоғары оқу орындары мен мамандары бірлесе әзірлеген онлайн-курстарға тегін қол жеткізу мүмкіндігін ұсынатын білім беру платформасы жұмыс істейді. Мақсаты сапалы тегін онлайн-курстар ұсыну арқылы Қазақстан халқының интеллектуалдық деңгейін арттыру. Цифрлық технологиялар көмегімен онлайн білімді баршаға қолжетімді ету. Аталмыш ресурс арқылы Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарды дамыту бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы арқылы аударылған әлем ғалымдарының еңбектерін оқуға болады (<https://openu.kz/kz>).

Педагогтардың цифрлық кеңістіктегі білім беру әлеуетіне зерделеу үшін НАФИ талдау орталығы 2018 жылы Ресей Федерациясының мектеп мұғалімдері мен жоғарғы оқу орындарының оқытушылары арасында сауалнама жүргізіп, педагогтың цифрлық сауаттылығын, олардың оқу үрдісінде цифрлық технологияларды қолдануға дайындығын бағамдайды.

Цифрлық сауаттылықты ЮНЕСКО сарапшылары ұсынған 5 деңгейлі 3 аспектімен қарастырады.

| | Білу | Дағды | Ұстаным |
|---|--|--|--|
| Ақпараттық сауаттылық | ақпараттың адам өміріне әсері мен орнын түсіну | әр түрлі ресурстардан ақпараттарды іздеу және табу | ақпараттың пайдасы мен зиянын түсіну |
| Компьютерлік сауаттылық | компьютердің техникалық құрамдары мен олардың өзара әрекеттесуін түсіну | платформа мен интерфейс түріне қарамастан цифрлық құрылғыларды жеңіл қолдану | компьютердің «арналуын (предназначения)» және оның қолдану мақсатын түсіну |
| Медиалық сауаттылық | ақпараттар көзі, олардың формалары мен таралу жолдарының әралуандығын түсіну | жаңалықтарды әр түрлі көздерден іздеу және оның тұтастығы мен нақтылығын тексеру | ақпараттық хабарламаларға, жаңалықтарға сыни қатынаста болу |
| Коммуникациялық сауаттылық | цифрлық байланыс арқылы қатынас пен тірі әңгімелесудің айырмасын түсіну | заманауи байланыс құралдарын (әлеуметтік желілер, месенджерлер) қолдану | цифрлық ортадағы байланыс нормалары мен этиканың ерекшелігін ұғыну |
| Инновациялық және технологиялық өзгерістерді ендіру сауаттылық | технологиялық трендтерді түсіну | жаңа және заманауи технологиялармен жұмыс істеуге дайындығы | технологиялық инновациялардың қоғам мен өзі үшін ұтымды екенін түсіну |

1 сурет – Цифрлық сауаттылықтың деңгейлері мен өлшемдер

Сонымен қатар ақпараттық-коммуникациялық Құзыреттілікті Еуропалық технологиялық құзыреттілік шеңбері (European Digital Competence Framework 2.0.) арқылы, мұғалімдер үшін DigCompEdu қарастырылады.

DigCompEdu шеңберінде педагогтар үшін 22 Құзыреттілік 6 блокқа топтастырылады.

Кәсіби міндеттер. Цифрлық технологияларды қолдану саласындағы педагогтардың құзыреттілігі олардың оқу процесінде технологияны қолдану қабілетінде ғана емес, сонымен бірге олардың әріптестерімен, студенттермен, олардың ата-аналарымен, ғылыми қоғамдастықпен және басқа да мүдделі тараптармен қалай жұмыс істейтіндігінде және қарым-қатынас жасауында. Бұл жалпы алғанда кәсіби тұрғыдан дамуға ұмтылуда, жаңашылдық пен инновацияны ендіру болып саналады.

Цифрлық ресурстар. Кез – келген мұғалім дамытуы керек негізгі құзыреттіліктің бірі – білім беру ресурстарын бағалау және оқу мақсаттарына, студенттер тобының ерекшеліктеріне және оқыту стиліне сәйкес келетін сандық ресурстар мен материалдарды құру және алмасу мүмкіндігі. Сонымен қатар, авторлық құқықты бұзбай және жеке деректерді қорғамай сандық мазмұнды пайдалану және басқару мүмкіндігі болуы керек.

Оқыту және оқу. Негізгі құзыреттілік — оқытудың әртүрлі кезеңдерінде цифрлық технологияларды құру, жоспарлау және енгізу. Бұл ретте сабақта/жұпта басты назарда процесті басқарушы мұғалім/оқытушы емес, оқушының өзі болуына ұмтылу маңызды. Бұған сандық технологияларды қолдану арқылы қол жеткізуге болады.

Білім алушылардың бағасы. Цифрлық технологиялар оқушыларды бағалаудың қазіргі әдістерін дамытуға және жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерді жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушылар туралы және олардың сандық ортадағы белсенділігі туралы үлкен ақпаратты талдай отырып, мектеп мұғалімі/университет оқытушысы оған анағұрлым тиісті көмек көрсете алады.

Оқу үрдісінде білім алушылардың өзбеттігін және мүмкіндіктері, құқықтарын кеңейту. Оқытуда цифрлық технологияларды қолданудың артықшылықтарының бірі олардың оқушыларды оқу процесіне және оны басқаруға белсенді тарту әлеуетіне байланысты. Цифрлық технологияларды оқу қызметін әрбір жеке алынған оқушы/студенттің құзыреттілігі деңгейіне, оның мүдделері мен қажеттіліктеріне бейімдеу

үшін пайдалануға болады. Сонымен қатар, қазіргі тең емес жағдайларды ушықтырмауға (мысалы, барлық оқушылардың цифрлық технологияларға және олармен жұмыс істеу дағдыларына бірдей қол жеткізе алмауы) және барлық оқушылар үшін технологиялардың қолжетімділігін қамтамасыз етуге көз жеткізу қажет.

Білім алушылардың цифрлық құзыреттіліктерін дамыту.

Мұғалімнің/оқытушының оқушылардың цифрлық сауаттылығын дамыту қабілеті-оның Цифрлық құзыреттілігінің құрамдас бөлігі (Т.А. Аймалетдинов, Л.Р. Баймуратова, О.А. Зайцева, Г.Р. Имаева, Л.В. Спиридонова. Аналитический центр НАФИ. – М.: Издательство НАФИ, 2019. – 84 баспасы.)

| Блок атауы | Құзыреттіліктер |
|---|---|
| Кәсіби міндеттер | 1. Әріптестермен және оқушылармен қарым-қатынас 2. Кәсіби ынтымақтастық 3. Рефлексивті тәжірибе (өзіндік тәжірибе) 4. Сандық технологияларды пайдалана отырып біліктілік үздіксіз арттыру |
| Цифрлық ресурстар | 5. Сандық ресурстарды таңдау 6. Сандық ресурстарды жасау және өзгерту (бейімдеу) 7. Сандық ресурстарды басқару, қорғау және бөлісу |
| Оқыту және оқу | 8. Оқыту 9. Оқу үрдісін басқару 10. Бірлескен (ұжымдық) оқыту 11. Өздігінен реттелетін оқыту |
| Білім алушылардың бағасы | 12. Бағалау стратегиясы 13. Құжаттарды талдау 14. Кері байланыс және жоспарлау |
| Оқу үрдісінде білім алушылардың өзбеттігін және мүмкіндіктері, құқықтарын кеңейту | 15. Барлық оқушыларды сандық құрылғыларға қол жеткізуді қамтамасыз ету (дербес компьютер, планшеттер және т.с.с) 16. Саралау және дербестендіру 17. Оқушыларды белсенді қызметке тарту |
| Білім алушылардың цифрлық құзыреттіліктерін дамыту | 18. Ақпараттық сауаттылық 19. Сандық ортадағы қарым-қатынас және бірлескен жұмыс 20. Сандық контент құру 21. Сандық технологиялар жауапты пайдалану 22. Мәселені сандық технологиялар арқылы шешу |

1-кесте. DigCompEdu шеңбері

Сонымен қатар оқу үрдісінде АКТ құзыреттіліктерді қолдану бойынша педагогтардың кәсіби дайындығы мен біліктілігін арттыру нұсқаулығы саналатын «АКТ-құзыреттілік құрылымы. ЮНЕСКО ұсыныстары" (UNESCO ICT Competency Framework for Teachers или ICT CFT) құжатының үшінші нұсқасында төмендегідей сипаттамалар қарастырылады.

Бұл құжатта АКТ құзыреттіліктер 6 аспект, 3 деңгейде орналастырылған.

1 аспект. Білім беру саясатындағы АКТ рөлі

Мұғалімдер АКТ-ның мемлекеттік білім беру саясатында бекітілген дамудың басым бағыттары аясында қалай қолданылатынын білуі керек дегенді білдіреді. Мұғалімдер болашақ ұрпақты қоғамдағы табысты өмірге дайындаудағы олардың рөлінің маңыздылығын нақты түсінуі керек.

2 аспект. Оқу бағдарламасы және бағалау

Оқу бағдарламасындағы нақты мәселелерді шешу үшін, сондай-ақ білімді бағалау үшін АКТ қолдануды қамтиды. Бірінші кезекте бұл аспект оқыту бағдарламасын іске асыру және бағалау жүргізу тұрғысынан АКТ артықшылықтарын көрсетуге арналған.

3 аспект. Педагогикалық тәжірибе

Мұғалімдердің АКТ-мен жұмыс істеу дағдыларын игеруін қамтиды, бұл оларға оқыту мен оқытудың тиімді әдістерін қолдануға мүмкіндік береді.

4 аспект. Сандық дағдылар

Бұл аспект "білім алу" деңгейінде маңызды рөл атқарады, өйткені АКТ-мен жұмыс істеудің негізгі дағдылары технологияларды оқыту процесіне интеграциялаудың міндетті шарты болып табылады. Бұл деңгей үшін кең таралған сандық құралдар анықталған – мәтіндік редакторлар, презентация бағдарламалары, электрондық пошта клиенттері және әлеуметтік медиа қосымшалары.

5 аспект. Білім беру үрдісін ұйымдастыру және оны басқару

Осы аспект аясында мектептің сандық ресурстарын басқару және оларды пайдаланатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолдары ұсынылады.

6 аспект. Педагогтардың кәсіби дамуы

Осы аспект шеңберінде мұғалімдердің өмір бойы кәсіби дамуы үшін АКТ-ны пайдалану тәсілдері ұсынылады. Бастапқыда бұл аспект мұғалімдердің сандық сауаттылығын қалай арттыра алатындығын және кәсіби даму үшін АКТ-ны қалай қолдана алатындығын анықтайды. (UNESCO ICT Competency Framework for Teachers, 2018)

| Аспект \ Деңгей | Білім алу | Білімді игеру | Білімді құру |
|---|------------------------------------|--------------------------|---------------------------------|
| Білім беру саясатындағы АКТ рөлі | Саясатты түсіну | Саясатты қолдану | Саясат саласындағы инновациялар |
| Оқу бағдарламасы және бағалау | Базалық білім | Білімді қолдану | Қоғамда қажетті дағдылар |
| Педагогикалық тәжірибе | Оқытуда АКТ қолдану | Күрделі мәселелерді шешу | Өзін-өзі ұйымдастыру |
| Сандық дағдылар | Қолдану | Интеграция | Трансформация |
| Білім беру үрдісін ұйымдастыру және оны басқару | Оқыту жұмысының дәстүрлі формалары | Ынтымақтастық топтары | Ұйымдардың білім алушылары |
| Педагогтардың кәсіби дамуы | Цифрлық сауаттылық | Желілік өзара әрекеттесу | Мұғалім жаңашыл ретінде |

2-кесте. ЮНЕСКО ұсынысы негізіндегі АКТ құзыреттіліктері

Жалпы алғанда педагогтардың цифрлық кеңістіктегі білім беру әлеуетіне шолу барысында қарастырылғандарды зерделей отырып зертеу нәтижелері мен талдауларды төмендегіше қарастыруға болады.

Зерттеу нәтижелері мен қорытындылар

Шолу барысында зерделенген ақпараттарды қарастыра отырып педагогтардың цифрлық кеңістіктегі білім беру әлеуетін төмендегіше қарастыруға болады:

Ашық білім беру ресурстары

Бұл кез келген білім беру ресурстары (оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, курс материалдарын, оқу құралдарын, бейнематериалдарды, мультимедиялық қосымшаларды, подкасттарды және оқыту мен оқытуға арнайы әзірленген басқа да материалдарды қоса алғанда), олар ашық қолжетімділікте ұсынылған және мұғалімдер мен оқушылар қандай да бір лицензиялық алымдар мен комиссияларды төлемей пайдалана алады.

Педагогтарды аталмыш әлеуеттің қарастырудың маңыздылығы елімізде барлық білім беру ұйымдарына енгізілген қашықтан оқыту кезінде көрініс тапты. Әрбір ұйым өзінің білім беру үрдісін толықтай платформаларға контенттер жүктеу арқылы ұйымдастырды.

Әлеуметтік желілер

Бұл ортақ іспен немесе қызығушылықпен біріктірілген адамдарға бір-бірімен интерактивті қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін веб-сайттар немесе қосымшалар. Әлеуметтік желі профильдерінде адамдар әдетте өздері туралы ақпарат жариялайды. Facebook, Instagram, Twitter және LinkedIn сияқты әлеуметтік желілер оқушылар мен мұғалімдерге сынып немесе мектеп ішінде де, басқа елдердің пайдаланушыларымен де ақпарат алмасуға мүмкіндік беретін қосымшалардың көрнекі мысалдары болып табылады.

Бірақ қазіргі таңдағы елімізде аталмыш саланың педагогтар арасында мақсатты ұйымдастыруын дамыту қажеттілігі туындап отыр. Себебі, білім беру ұйымдарының әлеуметтік желілер арқылы қарым-қатынасты ұйымдастырулары әлсіз, мүлдем жоқ деуге саяды.

Мобильді технологиялар

Бүкіл әлемде мобильді құрылғылардың иелері тұрақты өсуде. Мобильді құрылғыларға оқушылар оқу процесінде ақпаратқа қол жеткізу үшін жиі пайдаланатын смартфондар мен планшеттер жатады. Мұндай құрылғыларды шығармашылық тұрғыдан пайдалану барлығына бірдей білім алуға, сыныптағы жұмыс тиімділігі мен өнімділігін арттыруға және жеке оқуға мүмкіндік береді. Мобильді технологиялар мұғалімдер мен студенттерге оқу материалдарына кез-келген уақытта және кез-келген жерден қол жеткізуге мүмкіндік беріп, білім беру процесіне ресми және бейресми көзқарасты біріктіруге мүмкіндік береді. Бұл үшін мұғалімдер мен оқушылар пайдаланатын құралдар жиынтығына мобильді технологияларды біріктіруге мүмкіндік беретін стратегиялар мен тетіктер қажет.

Елімізде педагогтар мен білім алушылар арасындағы бұл технологияны ұтымды пайдаланудың жарқын тәжірибесі жоқ. Сәйкесінше бұл құзыреттіліктерді дамыту жолға қойылуы керек.

Ал төменде келтірілетін әлеует құраушылар жақын болашақта өзінің ықпалын арттыра беретін болады. Себебі қазірдің ғылыми тұрғыдан зерделеніп, эксперименттер, тәжірибелер жасалынып жатыр.

Интернет бұйымдар

Күнделікті тұрмыстық заттарға (компьютерлер мен смартфондар емес) енгізілген есептеу құрылғыларының желісі, бұл оларға мәліметтер алмасуға мүмкіндік береді. Интернет бұйымдары күнделікті өмірдің көптеген аспектілеріне үлкен әсер етеді. Білім беру саласында оқу мен оқыту процестерін өзгертеді.

Жасанды интеллект

Жасанды интеллекттің жалпы қабылданған анықтамасы әлі жоқ. Жалпы алғанда, "жасанды интеллект" термині машиналар, атап айтқанда компьютерлер, әдетте адамның ақыл – ойымен байланысты ойлау немесе мінез-құлыққа еліктеген кезде қолданылады-мысалы, оқыту, сөйлеу және проблемаларды шешу.

Виртуальды және кеңейтілген шындық

Виртуалды шындық – бұл адам өзара әрекеттесе алатын компьютердің көмегімен жасалған модельдеу ортасы. Адам жасанды түрде құрылған ортаға түседі, онда ол ондағы заттарды қолдана алады және әртүрлі әрекеттерді орындай алады. Кеңейтілген шындық – бұл нақты физикалық әлемді компьютерде нақты уақыт режимінде жасалған виртуалды нысандармен толықтыратын орта.

Ауқымды ақпараттар

Адамдар мен құрылғылар арасындағы онлайн-өзара іс – қимыл күшейген сайын, қоғам цифрлық деректерді көбірек шығарады-олардың көлемі қазір адамзат тарихында

бұрын-соңды болмаған мәндерге жетті. Әлеуметтік инженерия, желілік құрылғылар, коммерциялық интернет-транзакциялар, мобильді есептеу, киілетін сенсорлар және қоршаған ортаны тексерушілер – мұның бәрі секундына миллиардтаған өзара әрекеттесуді тудырады және бұл деректердің көпшілігі кейіннен талдау үшін сақталады немесе нақты уақыттағы ақпарат ағынында талданады.

Бағдарламалау

Бұл бағдарламалық жасақтаманы, қосымшаларды және веб-сайттарды құруға мүмкіндік беретін бағдарламалау. Код-бұл компьютер түсінетін нұсқаулар жиынтығы. Адамдар компьютерлерге код жазады, ал компьютерлер өз кезегінде кодтың арқасында күнделікті өмір нысандарын басқарады. Сандық код электр қуатымен жұмыс істейтін барлық құрылғылардың жұмысына негізделген.

Құпиялықты қорғау және этикасы

Технологиялық даму қарқыны тұрақты түрде өсіп келе жатқанына қарамастан, технология саласындағы жаңа революциялық жетістіктердің этикаға, сәйкестікке әсерін түсіну қажет. Адам құқықтары және адам қабілеттері. Егер инновациялық АКТ-ны дамыту және оларды білім беру және гуманитарлық салада пайдалану жоспарланса, білім беру процесіне АКТ енгізу кезінде жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған тәсілді таңдау қажет.

Қорытынды

Қазір өмірдің барлық салалары автоматтандырылған, технологияландырылған жүйелерге бейімделуде. Педагогтардың цифрлық кеңістіктегі білім беру әлеуетіне пайдалануға зор мүмкіндіктер бар. Аталмыш сала ғылыми теориялық, тәжірибелік тұрғыдан қарқынды зерттеулерді қажет етеді. Себебі, қазіргі білім алушылардың қабылдауларын блог, подкаст, интернет-іздеусіз мүмкін емес. Студенттердің оқуы барысында мобильді телефондарын белсенді түрде қолдануына мүмкіндік беруді ұтымды шешім ретінде қарастыру керек.

Сонымен қатар ЮНЕСКО ұсынымда көрсетілген ресурстарды сәтті пайдалану педагогтардың әлеуетін дамытуда оң ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы;
2. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары;
3. Клаус Шваб, Төртінші индустриялық революция, 2018
4. Элен Битэм, Рона Шарп, Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. XXI ғасырдағы оқыту дизайны, 2013
5. UNESCO ICT Competency Framework for Teachers, 2018
6. <https://conf.edcrunch.ru/history/>
7. <https://openu.kz/kz>

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ САБАҒЫНДА СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУДЫ ДАМЫТАТЫН ӘДІСТЕР

И.У.Хасанова, п.ғ.к., доцент; Л.К.Абдрахманова, магистрант, №37 ЖББОМ
бастауыш мұғалімі

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

Резюме. В статье рассматриваются методы, развивающие критическое мышление в уроках литературного чтения, также анализируются научные концепции обучающие критическое мышление.

Ключевые слова: развитие критического мышления, конструктивное обучение, отношение, урок литературного чтения, активное действие, методы, концепция, основание.

Resume. The article discusses the methods, that develop critical thinking at the lessons of literary reading, also analyzes the scientific concepts, which teach critical thinking.

Key words: development of critical thinking, constructive learning, attitude, literary reading lesson, active action, methods, concept, foundation.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жағдайында жаңартылған білім беру бағдарламасында оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамытуда конструктивтік оқуға мән беріліп, оқу үдерісінде белсенді әрекеттер ұйымдастыру арқылы жүзеге асыру көзделеді. Белсенді әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оқушылардың білімді өздігінен меңгеруіне жұмыстар жүргізіледі. Мұндай тәсіл пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге, өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді [1,1].

Ғалымдардың сын тұрғысынан ойлауға берген бірнеше анықтамаға тоқталатын болсақ:

- сын тұрғысынан ойлау – ақпаратты қабылдаудан басталып, шешім қабылдаумен аяқталатын ойлаудың күрделі процесі. ...Сын тұрғысынан ойлау – оқушылардың мәтінмен жұмыс дағдыларын дамытуға ауызша және жазбаша тілдің барлық түрімен, қарым-қатынас дағдыларын меңгертуге бағытталған педагогикалық технология [2, 222];

- сын тұрғысынан ойлау жазылғанның немесе айтылғанның барлығына сене бермеу дегенді білдіреді;

- сын тұрғысынан ойлау адамдардың өздері айтқан тұжырымдарын дәлелдеуін өтінуді білдіреді;

- сын тұрғысынан ойлау бір нәрсеге қатысты дәлелдер ұсынуды білдіреді;

- сын тұрғысынан ойлау өзіңіздің әлем туралы біліміңізді қалай құрастыратыңызды білдіреді; т.б. [3, 4].

Шетелдік ғалым, профессор Дэвид Кластердің айтуы бойынша:

- сыни тұрғыдан ойлау – өзіндік, жеке ойлау. Ойлау өзіндік сипатқа ие болғанда ғана сыни тұрғыдан ойлағандық болып табылады. Өз бетінше жұмыс істеп, ең қиын деген мәселені өзі шеше алулары үшін оқушыларға жеткілікті түрде мүмкіндік берілуі керек;

- ақпарат сыни тұрғыдан ойлаудың соңғы емес, жіберілетін пункті болып табылады. Терең ойлау үшін фактілер мен идеялар, мәтіндер мен теориялар, мәліметтер мен тұжырымдамалар секілді ақпараттарды өңдеу қажет болады;

- сыни тұрғыдан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады. Нағыз таным процесі өзінің кез-келген кезеңінде мәселелерді шешу мен өзінің жеке қызығушылығы мен қажеттіліктерінен пайда болатын сұрақтарға жауап беруге деген талпынысымен сипатталады;

- сыни тұрғыдан ойлау көңілге қонымды дәлелге ұмтылады. Сыни тұрғыдан ойлайтын адам мәселені шешудің жолын өзі іздеп табады да, сол шешімдерді негізі бар, саналы дәлелдермен нақтылай түседі;

- сыни тұрғыдан ойлау әлеуметтік ойлау болып табылады. Барлық ойлар ортаға салынғанда ғана өткірлене түседі [4].

Бұдан ұғынатынымыз, оқушылардың сыни ойлауына берілетін мәтіндердегі мәселелер мен жағдаяттарды анықтап, оқушылардың мәселелік жағдаяттарды өздері тауып, шеше алатындай тапсырмалар ұйымдастырылуы керек. Сын тұрғысынан ойлауға бағытталған тапсырмаларды ұсынғанда мұғалімнің оқушылардан дәлелдеуді қажет ететіндей жақсы сұрақтар қоя білуі маңызды болып табылады. Себебі әрбір айтылған жауап белгілі бір дәлелдерге сүйенілуі қажет.

«Дәлелдеме» сын тұрғысынан ойлаудағы маңызды түсінік болып табылады. Егер біз біреуден бір нәрсені дәлелдеуді өтінетін болсақ, бұл одан өзінің тұжырымын дәлелді түрде қорғап шығуын сұрайтынымызды білдіреді. Әдетте, бұл сын тұрғысынан ойлаудағы жақсы ереже болып саналады, себебі сіз кез келген нәрсеге дәлелсіз сене бермейсіз [3, 13].

Мұндай жағдайда оқушылар нақты фактілерге сүйеніп, мәтіндегі айтылған ойларға пікірін білдіруге және оны дәлелдеуге үйренеді. Сондай-ақ, ойын еркін жеткізуі, сөйлеу, танымдық, шығармашылық дағдылары қалыптасады да, білім деңгейі, сыни ойлауы дамиды. Ғалымдар сын тұрғысынан ойлауды дамыту деген ұғымды кез келген жаңа идеяны сол күйінде қабылдау немесе оған түбегейлі сенім арту емес, ол идеялардың негізгі себептерін, жүзеге асыру жолдарын және нәтижесін білу, оларды өз ортаңа, өз мүмкіндігіңе, өз керегіңе, өз іс-әрекетіңе лайықты кіріктіру, талдау, ой елегінен өткізу, яғни мәселелік жағдаятқа сыни тұрғыдан қарап, өз мақсатына пайдалана білу дегенді айтады.

Бастауыш сынып оқушыларын сыни тұрғыдан оқу мен жазуға үйретуде әдебиеттік оқу пәнінің маңызы зор. «Әдебиеттік оқу» пәні – бастауыш сынып оқушыларының оқырмандық және тілдік дағдыларын қалыптастыруға, олардың адамгершілік және әдеби-эстетикалық құндылықтар жөнінде түсініктерін кеңейтуге, сөйлеу мәдениетін қалыптастырып, сөз өнерін сезінуге, көркем шығарманы оқуға деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік беретін негізгі пәндердің бірі [1, 3]. Әдебиеттік оқу пәнін оқу барысында бастауыш сынып оқушылары әлем туралы, жалпы адамзат туралы білім алады. Оқулықта берілген шығармалар оқиғасына, кейіпкерлердің іс-әрекетіне, мінез-құлқына талдау жасай отырып, адамдардың жан-дүниесін түсінуді және оған өз көзқарасын білдіруді үйренеді. Әдебиеттік оқу пәнінің мақсаты – бастауыш сынып оқушыларының көркем шығарманы сезіммен қабылдауы, түсінуі, санасында қайта жаңғырта алуы және шығармадан қабылдағанын өзінің шығармашылық әрекетінде жүзеге асыруға ұмтылуы арқылы функционалдық сауаттылығын қалыптастыру [5, 4].

Оқу бағдарламасында айтылған мақсатқа сай, оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау үдерісі бірнеше сатыдан тұратынын байқауға болады: сабақта шығарманы сезіммен қабылдау, саналы түсіну, ойлау нәтижесінде жаңғырту, шығармашылықпен ұластыру. Бағдарламада айтылған оқу мақсаты төмендегі міндеттер арқылы жүзеге асырылады:

- әдеби көркем шығармаларды оқыту арқылы қазақтың рухани қазынасын меңгерту;

- коммуникативтік (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) дағдыларын қалыптастыру;

- ауыз әдебиетінің, отандық және әлемдік балалар әдебиетінің озық үлгілерімен таныстыру арқылы оқушыларға адамдардың өзара түсінісуі, сыйластық, құрмет сезімдері,

адамгершілік қасиеттері, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарай білуі сияқты ізгілікті қасиеттерді қалыптастыру;

- оқу сапасын (дұрыс, түсініп, шапшаң, мәнерлеп оқу) жетілдіру;
- оқушылардың оқырмандық мәдениетін қалыптастыра отырып, сөз әдеби нормаларын орынды қолдану дағдыларын меңгерту;
- сыни ойлауын жетілдіру;
- көркемдік-танымдық сипаттағы мәтіндерді өз мақсатына сай іріктеп, саралап, талдап, ой қорытындысын жасауға үйрету;
- алған білімін өмір жағдаяттарына байланысты қолданып, дұрыс шешім жасай білуге үйрету;

- оқылған шығарма сюжетінің ізімен немесе еркін тақырыпта ауызша, жазбаша шығармашылық жұмыс түрлерін (өлең, әңгіме құрастыру, мәтінді сахналау, мәтін бойынша сурет салу, мақала жазу, шағын үзіндіге киносценарий жазу, өзіндік ой қорытындысын жазу, т.б.) орындауға дағдыландыру [4]. Аталған мақсат-міндеттерге сай, әдебиеттік оқу сабағында оқушыларға берілетін оқу-тәрбие жұмыстары ұлттық тұрғыдан шешімін табуға тиіс деп санаймыз.

Әдебиеттік оқу сабағының негізгі материалы – көркем шығарма. Ғалым Қажым Жұмалиев өз еңбегінде көркем шығарманың құндылық маңызын: «Көркем шығарма – әдебиеттің құндылығы. Көркем шығарманы оқыту – оқушының сөз қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, адамгершілік қасиетін қалыптастыру», - деп көрсетеді [5].

Ғылыми еңбектерде көркем шығарманы оқушылардың жас ерекшелігі, даму мүмкіндігіне қарай талдау жұмыстарында сыни ойлауды жетілдіруге бағытталған бірнеше оқыту стратегиялары көрсетіледі. Бүгінде әдебиеттік оқу сабағында оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамытуға негізделген «Білемін. Білгім келеді. Білдім», «дәлелдеу сұрақтары», «синквейн», «кластер», «концептуалдық шеңбер», **«ассоциативті қатар»**, «зигзаг», «рефлексивті сұрақтар», «кроссворд», «инсерт», «мәтінді аяқта», «семантикалық карта», т.б. әдіс-тәсілдер кеңінен қолданылып келеді.

Мәселен, «Білемін. Білгім келеді. Білдім» стратегиясы. Авторы – Чикаголық профессор Донна Огл. Стратегияның мақсаты – таным үдерісінде рефлексивтілікті дамыту. Оқушылар мұнда белгілі және жаңаны байланыстыруды және өздерінің танымдық қажеттіліктерін анықтауға үйренеді, оларды белгілі ақпаратпен негіздейді.

«Синквейн» әдісі – рефлексия сатысында қолданылатын әдіс, ол оқушылардың шығармашылығын шыңдауға және зерттелетін құбылысқа, объектіге деген көзқарасын білдіруге мүмкіндік береді. Синквейн – бұл ақпарат пен материалды қысқа түрде топтастыруды қажет ететін өлең. Мұны бес жолдан тұратын өлең деп те атайды. Бұл әрбір ой толғау кезеңінде қолданылады. Синквейн жазу ережесі:

1. Бірінші қатарға бір сөзбен тақырып жазылады (зат есім түрінде).
2. Екінші қатарға тақырыпты екі сөзбен келтіруі (екі сын есім түрінде).
3. Үшінші қатарға үш сөзбен осы тақырып бойынша іс-әрекет жазылады (етістік).
4. Төртінші қатарға төрт сөзден тұратын осы тақырыпқа қатысты сөйлем немесе сөз тіркесі.
5. Соңғы қатарға тақырып мәнін сипаттайтын бір сөзден тұратын синоним (метафора) жазылады.

«Рефлексивті сұрақтар» әдісі – бұл сабақтың соңында рефлексия сатысында қоюға болатын сұрақтар жиынтығы.

«Сөйлемді аяқта» әдісі рефлексия сатысында қолданылады. Бұл әдіс оқушыларға зерттелетін объектіні бағалауға, өзіндік пікірлері мен көзқарастарын білдіруге мүмкіндік береді.

«Блум түймедағы» әдісі. Блум түймедағының алты күлтесі – сұрақтар типінің алты түрі:

1. Қарапайым сұрақтар. Оларға жауап бере отырып, болған жайттар туралы әңгімелеп беруге болады. Дәстүрлі бақылау жұмыстарында, терминологиялық диктанттарда, т.б. қолданылады.

2. Анықтаушы сұрақ. Әдетте, «Сонда сіз солай демекшісіз ғой ..?», «Менің түсінуімше, сіз ...», «Менің ...» деген сұрақтар болады. Бұл сұрақтар анықтау мақсатында жайдары көңілмен берілуі керек.

3. Интерпретациялық (түсіндіруші) сұрақ. «Неліктен жапырақтар күз мезгілінде сарғаяды?» деген сұрақтың жауабын оқушылар білетін болса, ол сұрақ жай сұраққа «айналады».

4. Шығармашылық сұрақтар: «егер», «болса», «қалай болар еді» деген сияқты сөздермен келеді.

5. Бағалау сұрақтары. «Неліктен бұл жақсы, басқасы жаман деген баға алды?», «Бір нәрсе екінші нәрседен несімен ерекшеленеді?» деген сұрақтар бағалау критерийлерін түсіндіруге бағытталған.

6. Тәжірибелік сұрақтар. «Күнделікті өмірде қай жерде байқайсыз?», «Кейіпкердің орында болсаңыз, не істер едіңіз?» деген сипаттағы сұрақтар теориялық білім мен практиканы ұштастырады. Мәселен,

| Сұрақтар түрі | Сұрақтар ерекшелігі, мысалдар | Олар не үшін қажет? |
|---------------|---|---|
| Қарапайым | «Не?..», «Қашан?..», «Қайда?..», «Қалай?..» сұраулы сөйлемдерден басталады | Белгілі бір ақпаратты, мәліметті еске түсіру, анықтау үшін |
| Нақтылайтын | «Яғни сен...деп айтып тұрсың ғой?», «Егер мен дұрыс түсінсем,...?», «Мен қателесуім мүмкін, бірақ, меніңше, сендер.....деп айттыңдар?» | Хабарламада айтылмаған, бірақ соған меңзеліп тұрған мәліметті алу үшін |
| Түсіндірмелі | «Неліктен?...» сұрауынан басталады | Себеп-салдарлық байланыс орнату үшін |
| Шығармашылық | «Егер де...» шартты рай шылауының қатысуымен жасалады: «Егер де...не болады?», «Қалай ойлайсыңдар, егер де...қалай дамыр еді?» | Болжам жасау үшін, мәселені жан-жақты қатыстыру үшін |
| Бағалаушы | «Неліктен бір нәрсе жақсы, енді бір нәрсе жаман?», «Бір сабақтың екінші бір сабақтан айырмашылығы қандай?», «Бас кейіпкердің іс-әрекетіне қалай қарайсыңдар?» | Оқиғалар, фактілер мен құбылыстарды бағалау, критерийлерін анықтау үшін |
| Қолданбалы | «...қалай қолдануға болады?» «...не жасауға болады?», «Өмірде қай жерде кездестіретін едіңдер?» | Теория мен практика арасында байланыс орнату үшін |

«Әдебиет лотосы» әдісінде оқыған әдеби шығармалардағы кейіпкерлері туралы кестені толтырады.

| Шығарма атауы | Авторы | Кейіпкері | Қандай? | Қандай жағымды қасиеттері мен іс-әрекеттері ұнайды? | Кейіпкерге ұқсағың келе ме, жоқ па? Себебін түсіндір. |
|---------------|--------|-----------|---------|---|---|
|---------------|--------|-----------|---------|---|---|

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|
| | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|

«Болжам» стратегиясы. Оқиға мазмұны арқылы баланы қиялдату, ойын, сыни көзқарасын дамыту, проблемалық мәселе туғызу. Бұл бағытта әр топқа тапсырмалар бере отырып қиялдауына еркіндік беріледі. Оқушылар арасынан қиялы жүйрік бала дараланып шығатыны сөзсіз.

«Пікір алысу» стратегиясы. Оқушылар бір қорытындыға келетін мәселеге байланысты пікір таластырады, пайдалы, пайдасыз жақтарын шешеді. Белгілі тақырыпты алып, әлеуметтік өмірмен байланыстыру, өз көзқарасын дамыту, өзгені құрметтеуге үйретеді.

«Кластер» – бұл материалды графикалық жүйелеу әдісі. Бұл әдістің авторы – американдық Гудлат. Стратегияның мәні оқу материалын график түрінде жүйелеу, яғни мәтіннің маңызды бөлігін бөліп, график түрінде белгілі бір тәртіппен шоқ тәрізді орналастыру. Кез келген тақырып жайлы еркін ойлануға көмектеседі.

Әдіскерлер сыни ойлаудың стратегияларын тиімді қолдану барысында бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттері дамитындығын айтады:

- тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау, арнаулы бір тақырыпқа пікірталас тудыру (ой қозғау, «инсерт»кестесі);

- берілген тапсырманы түрлендіру бағыттағы жұмыс (эссе, шығарма, сауаттылықты ашатын хаттар, т.б. стратегиялар);

- әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу, мәтіндегі ұқсастық пен айырмашылықты табуға (Венн диаграммасы, аялдамамен оқу стратегиясы);

- қиялдау арқылы сурет салғызу (сурет салу стратегиясы);

- кейіпкерге мінездеме беру, өз ойын жазғызу (авторға, кейіпкерге хат жазу стратегиясы);

- шығармада екі кейіпкердің қарама-қарсы элементтерін сипаттау (қарама-қайшы элементтер стратегиясы);

- өлең шумақтарын құрастыру (5 жолды өлең, Рафт стратегиясы).

Қорыта келе, әдебиеттік оқу сабақтарында сыни тұрғыдан ойлау стратегияларын оқу мақсаттарына сай шығармашылықпен қолданатын болсақ, оқушылар мәтін бойынша сұрақ қоюды үйреніп қана қоймай, сұраққа жауап беруде мәтіннен дәлелдер келтіріп, әр түрлі мәселелік жағдаяттарды шеше білуге, автордың негізгі ойды түсініп, қорытынды тұжырымдар жасай білуге үйренеді. Түптеп келгенде, бастауыш сынып оқушыларын сын тұрғысынан ойлауға үйрету оқу жетістігіне, нәтижелі, сапалы білім алудың нақты қадамдардың бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптар үшін «Әдебиеттік оқу» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы. – Астана, 2016.
2. Бастауыш мектепте қазақ тілін оқытудың теориялық негіздері мен тәжірибесі. Профессор С.Р. Рахметованың 80 жылдығына арналған республикалық ғылыми-практикалық конф.материалдары. – Алматы, 2011.
3. Қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы.Үлестірме материалдар. – Астана, 2015.
4. Әдебиеттік оқу. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке (1-4 сыныптар) арналған оқу бағдарламасы. – Астана, 2017.
5. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы, 2005.

КИБЕРПЕДАГОГИКА - ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ БАСТЫ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

*А.А.Найманбай, т.ғ.м., оқытушы
аль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан*

Ключевые слова: киберпедагогика, киберсоциализация, дистанционное обучение, онлайн обучение, синхронное обучение, асинхронное обучение, информационное общество, цифровое технология, ИКТ - информационно-коммуникативные технологии.

Резюме: В данной статье речь пойдет об анализе трансформации отечественного образования в условиях вынужденного перехода на выбранный формат дистанционного управления в связи с общемировой эпидемиологической ситуацией. Автор поделился основными особенностями киберпедагогика - дистанционного обучения и неудобствами, с которыми он столкнулся во время практики. В условиях дистанционного обучения целесообразно всесторонне рассмотреть пути эффективной организации образовательного процесса, не только преследуя образовательные цели, но и учитывая личностные приоритеты студентов в развитии их личностного интереса к обучению.

Annotation: This article will focus on the analysis of the transformation of domestic education in the conditions of forced transition to the chosen format of remote control in connection with the global epidemiological situation. The author shared the main features of cyberpedagogy-distance learning and the inconveniences that he encountered during the practice. In the context of distance learning, it is advisable to comprehensively consider the ways of effective organization of the educational process, not only pursuing educational goals, but also taking into account the personal priorities of students in the development of their personal interest in learning.

Keywords: cyber pedagogy, distance learning, online learning, webinar, tutor, Synchronous learning, asynchronous learning, information society, ICT-information and communication technologies.

2020 жылы Әлем Адам өмірінің барлық салаларына әсер еткен covid-19 коронавирус індетіне тап болды. Білім беру ережелерден тыс қалмады және өзіне тән емес жағдайларға – интернет кеңістігіне орналастырылды. Өзара әрекеттесудің күндізгі форматынсыз білім беру қажеттілігі (вирустың таралуын болдырмайтын алдын-алу шектеулеріне байланысты) көптеген мемлекеттердің білім беру жүйелерін қашықтықтан білім беруге көшуге мәжбүр етті.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», - деп атап көрсеткендей [1. <https://bil.edu.kz/wp-content/uploads/2018/11/Bilim-turaly-zang.pdf>] заман ағымына қарай бәсекеге қабілетті маман даярлау жоо-ның басты міндеті. Сондықтан өзгермелі қоғамдағы білім беру ақпараттық және коммуникациялық, электрондық, цифрлық және компьютерлік технологиялардың алдына әлеуметтік-экономикалық дамудан туындаған кең ауқымды білім беру қажеттіліктерін қанағаттандырудың кейбір жалпы міндеттерін қояды. Шын мәнінде, қоғамның даму тарихында алғаш рет ақпарат пен ғылыми білім оны жетілдірудің құралы ғана емес, сонымен бірге оның экономикалық қызметінің негізгі өнімі болып табылады. Сонымен қатар, ақпарат пен білім-бұл ақпараттық қоғамның негізгі активтері мен өнімі, оның одан әрі әл-ауқаты мен әлеуметтік дамуы тікелей байланысты.

Ақпараттық және коммуникациялық, электрондық, цифрлық және компьютерлік технологиялар осы дамудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылатындығын атап өткен

жөн. Жоғарыда аталған технологиялар да, жалпы ақпараттық қоғам да ақпарат пен білімді құрумен, сатып алумен, таратумен, таратумен және таратумен тікелей айналысады. Бұл технологиялар оқуға қол жетімділікті қамтамасыз ету құралы және оның процесінің үздіксіздігін қамтамасыз ету тәсілі ретінде қызмет етеді, бұл халықтың барлық топтарын ақпараттық қоғамға сәтті тарту үшін қажет.

Ақпараттық қоғамның пайда болуы мен дамуы процесінде білім беру процесін ұйымдастырумен байланысты проблемалар шешуші мәнге ие болатындығын атап өткен жөн. Қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық, электрондық, цифрлық және компьютерлік технологиялардың дамуы тез және үздіксіз өзгерістермен сипатталатын ортаны тудырады. Бүгінгі өзгеріс жылдамдығы мен ауқымы дамудың тарихи кезеңдері туралы дәстүрлі түсінік шеңберін бұзады. Біздің өркениет тарихында алғаш рет адам іс-әрекетінің идеялары мен өнімдерінің ұрпақтары адамдар ұрпақтарына қарағанда бір-бірін тезірек алмастырады. Жеке өмір саласында да өзгерістер сабақтастық пен тұрақтылықты алмастырады. Сонымен қатар, өзгергіштік өзін бұрын-соңды болмаған және біздің дәуірімізді бір ғылыми, технологиялық жаңалық немесе әлеуметтік құбылыс арқылы анықтай алмайтын әртүрлілік арқылы ашады. Мұндай орта білім беру процесіне түбегейлі жаңа көзқарасты талап етеді. Бүгінгі таңда адамға жаңа практикалық дағдылар мен теориялық білім ғана емес, сонымен қатар осы білім мен дағдыларды үнемі жетілдіру мүмкіндігі қажет. Басқаша айтқанда, адамзат өмір бойы үздіксіз білім алу мәдениетін игеріп, оны жан-жақты дамытуы керек. Жаңа технологиялар дәстүрлі білім беру процесінің шеңберін бұзады. Киберкеңістік ресурстарын білім беру мақсаттарымен пайдалану кемшіліктерді толығымен өтей алмайды және дәстүрлі білім беру жүйесінің артықшылықтарын алмастыра алмайды. Әр түрлі объективті себептер бойынша ақпараттық ресурстарға барлығы бірдей қол жеткізе бермейді (мысалы, төмен кірістер, елді мекенде Интернеттің болмауы, киберсоциализация мәдениетінің төмендігі және т.б.).

Бұл жағдайлар, алдыңғы қатарлы ақпараттық және коммуникациялық, электрондық, цифрлық және компьютерлік технологиялар мен киберкеңістіктегі өмір сүру модельдерін пайдалану нәтижесінде қалыптасатын әлемдік қоғамдастықтың қазіргі заманғы талаптарымен қатар, ақпараттық қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес сауаттылықтың жоғары деңгейін қажет етеді. Сауаттылықтың жаңа деңгейі ғылыми білім алудың түбегейлі жаңа технологиясын, оқыту мен білімді меңгерудің жаңа педагогикалық тәсілдерін жасауды, оқыту курстары мен оқыту әдістемелерін жаңғыртуды талап етеді. Олар оқушылардың интеллектісін жандандыруға, шығармашылық және ақыл-ой қабілеттерін қалыптастыруға, ақпараттық қоғамда берік орын алуға мүмкіндік беретін жеке тұлғаның тұтас дүниетанымын дамытуға ықпал етуі керек. Осылайша, жаңа технологияларды қолдану өздігінен білім сапасын автоматты түрде арттырады деп ойлау қате болар еді. Олардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалану үшін білім беру саласындағы мамандар киберпсихология және киберпедагогика білімдерін дамыту, зерттеу және белсенді қолдану қажет. Қашықтықтан білім беру 2020 жылы педагогика мен киберпедагогиканың ең маңызды мәселелерінің біріне айналды.

Киберпедагогика, оның авторы В. А. Плешаковтың түсіндірмесінде," заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы киберсоциализация процесінде заманауи адамның кибертәрбиесі, кибероқуы және кибербақылауының арнайы ұйымдастырылған, мақсатты және жүйелі қызметін ғылыми негіздейтін психологиялық-педагогикалық ойдың инновациялық саласы " [2, -186].

Киберпедагогика – бұл қашықтықтан оқыту технологиясы негізінде оқу процесін ұйымдастыру болып табылады.

В.А.Плешаковтың мақаласында берілген анықтама бойынша қашықтықтан білім беру – бұл "білім алушылардың білім алу, біліктері мен дағдыларын игеру, сондай-ақ оқу процесін сүйемелдеудің және басқарудың ұйымдастырылған жүйесінің көмегімен қашықтықта оқу ақпаратымен алмасуды қамтамасыз ететін ақпараттық-коммуникациялық

технологияларды пайдалануға негізделген білім беру ортасы жағдайында олардың жеке басын қалыптастыру және дамыту процесі" [3. -128 б]. Қазіргі оқыту жүйесіндегі жаңа термин – киберпедагогикалық маңызы зор.

. Қашықтықтан оқыту - оқытушы мен білім алушы ақпараттық технологиялар көмегімен қашықтықтан өзара әрекет ететін, білім алу формасы. Мұнда білім алушы - әзірленген бағдарлама бойынша өздігінен дайындалады, вебинар жазбаларын қарай алады, тапсырмалар орындайды, оқытушымен онлайн-чатта кеңеседі және тапсырмаларын тексеруге жібереді.

Онлайн оқыту - компьютер/гаджеттер көмегімен «дәл қазіргі уақыт» режимінде білім және іскерлікті меңгеру формасы. Мұнда білім алушы - тікелей трансляция немесе бейнежазбаларды қарау арқылы сабақ оқу, топпен және оқытушымен нақты ойластырылған уақытта АКТ көмегімен қарым-қатынас жасайды. Осы технология бойынша оқытуды ұйымдастырып, бүкіләлемдік желі көмегімен барлық компьютерлерді бір желіге біріктіріп сабақ өтуші тұлғаны *тьютор* деп атаймыз[4, 2 б].

Қашықтықтан оқыту – бір-бірінен қашықта орналасқан білім алушы мен оқытушының әртүрлі байланыс технологияларының көмегімен жанама түрде өзара әрекеттестікте оқу нысаны. Қашықтан оқытуда білім беру процесінің барлық компоненттері – мақсаты, мазмұны, оқыту әдістері және оқу нәтижесін бағалау толық сақталады. Қашықтан оқытудың білім саласындағы міндеттеріне: бір-бірімен тығыз байланысты бола отырып. мемлекеттік (республикалық, облыстық) деңгейіндегі қашықтықтан оқытудың құрамына енуі; құру кезінде мемлекеттің стандарт талаптарын сақтау жатады.

Қашықтықтан оқытудың ерекшеліктері:

- ақпаратты жеткізу ортасы (пошта, теледидар, радио, ақпараттық-коммуникациялық жүйелер);

- ақпарат алмасудың техникалық ортасына байланысты әдістер.

Қашықтықтан оқыту тәсілімен оқытатын оқытушыларға және осы істе мүдделі басқа да адамдарға бірнеше талаптар қойылады:

1. Оқытушы компьютермен жоғары дәрежеде сауатты жұмыс істей білуі қажет.
2. Қашықтықтан оқытудағы мақсаттары мен міндеттері, оның алдағы уақытта ақпараттық технология және коммуникация құралдарының негізінде дамуы туралы білуі қажет.
3. Қашықтықтан оқыту технологиясын жетік білетін, білім саласындағы қызметкерлерді, оқушыларды таныстыра білуі қажет.
4. Оқытушының ақпараттық құралдармен жұмыс істеуге іс жүзінде дағдылануы қажет.
5. Оқытудың телекоммуникациялық құралдарын қолдану ісіне дағдылануын қалыптастыру, атап айтқанда: тұтынушылар арасында ақпараттар алмастыру және ақпараттық жүйелердегі ресурстарды пайдалануға дағдылануын қалыптастыруы қажет.
6. Жинақталған түрде оқу бағдарламасын құрайтын белгілі бір тәртіптегі модульдік курстардың әдістемелерін баяндай және курстарды өткізуді ұйымдастыра білуі қажет.
7. Оқу үрдісін қашықтықтан оқыту шеңберінде жүргізу ісіне жан-жақты даярлау, қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша сабақ өткізу үрдісінде үйлестіруші болуы қажет.

Білім алушы автоматтандырылған жүйеде өзінің жеке портфолиосын, күнтізбесін, күнделігін жүргізеді. Ал оқытушы күнтізбелік-тақырыптық жоспары бар электрондық дәптерді, сынып журналын, хабарландыру қызметін (алда болатын жоспарлы және жоспардан тыс жиналыстар мен кездесулер туралы олардың ата-аналарына e-mail немесе sms-хабарламалар, есептелік және т.б. жіберу) толтыратын болады. Ата-аналар қауымы тәрбие мәселелері бойынша кеңестер алу, сондай-ақ қашықтықтан баласының сапалы білім алуы мен жетістіктері туралы ақпараттық хабарлама алу мүмкіндігіне ие болады.

Синхронды оқытуың мүмкіндіктері:

- жедел кері байланыс беру;
- топтық оқуды ұйымдастыру;
- өзара бірлесе оқу дағдыларын дамыту;
- өзара қарым-қатынас орнату;

кемшіліктері:

- оқу қарқынын қадағалау қажеттігі;
- оқытушымен тікелей қарым-қатынаста үйренуді қажет ететін дағдыларды дамытудағы кедергілер;
- білім алушылардың өз бетінше оқу дағдыларына жоғары талаптар қойылады;
- нақты бір уақытта техникалық байланыстың сапасына жоғары талаптар қойылады

Асинхронды оқытудың мүмкіндіктері

- оқу кестесі мен тәртібінің икемділігі;
- оқу бағдарламасын өзіне ыңғайлы қарқынмен меңгеру мүмкіндігі;
- оқу материалдарының кез-келген уақытта қолжетімді болуы;
- өзін-өзі ұйымдастыру және өз бетінше оқу дағдыларын дамыту;

Кемшіліктері:

- оқытушынен жедел кері байланыс алудың мүмкін болмауы;
- оқытушымен тікелей қарым-қатынаста үйренуді қажет ететін дағдыларды дамытудағы кедергілер;
- оқытудың тиімді болуы оқытушының жеке тұлғалық қасиеттеріне байланысты;
- нақты бір уақытта техникалық байланыстың сапасына жоғары талаптар қойылмайды[5, 42 бб]..

Синхронды оқытуда *ZOOM* сессияларын немесе *Teams* командаларын, *WhatsApp* және *Telegram* мессенджерлері арқылы топтық қоңырау шалуды қолдана отырып, топтық және жұптық жұмысты ұйымдастыру. Ал асинхронды оқытуда оқушыларға жұптарға немесе топтарға бірігіп жоба жұмыстарын орындап, оның ақпараттары мен нәтижелерімен мессенджер чаттарында, бірлесіп қолданылатын құжаттарда, интерактивті тақталарда өзара бөлісу.

Тәжірибеден байқағанымыздай қашықтықтан оқыту жағдайына біздің білім беру жүйесі толық дайын емес екендігіміз көптеген қиындықтарға әкеп соқты. Атап айтатын болсақ, жаңа форматқа көшу кезіндегі қиындықтар, ауызша емес жағдайларда сұхбаттасушыны түсінудегі көптеген қолайсыздықтар тудырды.

Қашықтықтан оқытудың басты ерекшелігі ол білім алушыдан күшті мотивацияны қажет етеді. Мысалы, сырттай оқитын студент барлық оқу материалдарын өз бетінше оқиды. Бұл ерік-жігерді, жауапкершілікті және ұстамдылықты қажет етеді. Дегенмен, сыртқы бақылаусыз оқу қарқынының төмендейтіндігін дәлелдейді. Сондықтан білім алушылардың тұлғалық сапаларының дамуына басты назар аударған жөн. Олар: ізденушілік, жауапкершілік, ақпараттық білімге құштарлық, когнитивтік құзыреттіліктерінің үнемі дамып отыруы болып табылады.

Ақпаратты білімге айналдыруға арналған ақпарат көздері мен білім беру технологияларының алуан түрлілігіне қарамастан, білімді білімге айналдырудың бір ғана жолы бар екенін әрқашан есте ұстаған жөн: бұл өзгеріс адамның санасында жүзеге асырылады. Бұл жағдайда адамның киберкеңістікпен өте қызықты өзара әрекеті бар. Ақпараттық қоғамдағы біздің өміріміздің шындығы дәл осы өзара әрекеттесудің нәтижесінде ХХІ ғасырдағы адамның жеке басы пайда болып, дамиды. Бұл бізге екі форма бірдей емес, мұндай өзара әрекеттесуден туындайтын әрбір білім жеке тұлға сияқты ерекшеленеді деп айтуға мүмкіндік береді, өйткені әр адам ерекше.

Қорыта келе, оқу өміріміздің барлық кезеңдерінде паралель түрде жүріп отыратын маңызды әрекет болып табылады. Сондықтан, қашықтықтан оқыту жағдайында білім алушылардың білім алуға деген қызығушылығын оятуда білім беру мақсатын көздеумен

қатар, олардың негізгі басымдықтары - тұлға ретіндегі қажеттіліктерін де ескеруіміз қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Білім беру Заңы Астана, ҚР 2018 жылғы 4 сәуірдегі № 171-VI. <https://bil.edu.kz/wp-content/uploads/2018/11/Bilim-turaly-zang.pdf>
2. Плешаков В.А. КИБЕРПЕДАГОГИКА - ПЕДАГОГИКА XXI ВЕКА!?. // Научный электронный архив.URL: <http://econf.rae.ru/article/7006> (дата обращения: 16.03.2021).
3. Плешаков Теория киберсоциализации человека. / Под общ. ред. чл.-корр. РАО, д.п.н., проф. А.В. Мудрика. – М.: МПГУ; «Номо Cyberus», 2011. – 400 с. <https://www.art-talant.org/publikacii/33129-ashytytan-oytu-zaman-talaby-bayandama>
4. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы (18-19 бет.38-39 бет. 118-119 бет. 460-461 бб)

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ – КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Сержанқызы Жансая, п.ғ.м., оқытушы

Абай атындағы Қаз ҰПУ, Алматы қ

Ключевые слова: конкурентоспособная, технологически-педагогическая диагностика, коммуникативные, информационные технологии, мультимедиа, информатизация образовательного процесса

Резюме:Одной из главных целей современных школ является всесторонняя адаптация подрастающего поколения к ценностям глобализации, формирование у детей и подростков умения взаимодействовать в мировом пространстве с представителями культуры соседних стран. Главная цель, стоящая перед преподавателями и учащимися – развитие личности, владеющей знаниями на трех языках на уровне требований государственных общеобязательных стандартов среднего образования Республики Казахстан, знающей историю и традиции своей страны, обладающей полиязычными коммуникативными компетенциями, стремящейся к саморазвитию и самосовершенствованию.

Resume :One of the main goals of modern schools is the comprehensive adaptation of the younger generation to the values of globalization, the formation of the ability of children and adolescents to interact in the world space with representatives of the culture of neighboring countries. The main goal facing teachers and students is the development of a person who has knowledge in three languages at the level of the requirements of the state mandatory standards of secondary education of the Republic of Kazakhstan, who knows the history and traditions of his country, has multilingual communication skills, strives for self-development and self-improvement.

Key words: competitive, technological and pedagogical diagnostics, communication, information technologies, multimedia, informatization of the educational process.

Тіл қай ұлтта, қай елде болмасын кастерлі де құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен дарып қалыптасқандықтан, «ана» деген ардақты атпен «ана тілі» деп атаймыз. Біздің ана тіліміз - қазақ тілі. Қазақ тілі - ғажап тіл, сан ғасырлық тарихы бар тіл. Ата-бабаларымыздан мирас болып келе жатқан баға жетпес асыл мұра.

«Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа саналы, мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру бүгінгі күннің талабы. Тілдің адам

өміріндегі ең шешуші рөл атқаратыны әркімге де түсінікті. Ол танудың, түсінудің, дамудың құралы.

Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауындағы білім беру жүйесінде үш тілдің – мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілін және әлемдік экономикаға үйлесімді кірігу тілі ретінде ағылшын тілін меңгерген, бәсекеге қабілетті маман даярлау деп атап көрсеткенін білеміз [1]. Бұл дегеніміз оқу орындарына жаңа міндеттер, жаңа талап, жаңа мақсаттар қойып отыр дегенді түсіндіреді. Негізгі мақсаты – өмірден өз орнын таңдай алатын өзара қарым – қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете алатын, көптілді және көпмәдениетті құзіреттіліктерді игерген полимәдениетті жеке тұлға қалыптастыру. Тек қана жоғары оқу орындарында ғана емес, сонымен бірге, мектептерде де көптілді білім беру үшін тілді терең меңгерген мұғалімдер дайындау жұмысы да дұрыс шешілуі тиіс.

Халқымыздың біртуар перзенті Мағжан Жұмабаев: «...Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілінің кеми бастауы – ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат еш нәрсе болмасқа тиіс. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақтың тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сары даласы кең, тілі де бай. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орамды, терең тіл жоқ», – деп тіл мәселесіне ерекше назар аударған [2].

Бүгінгі технология және жаһандану заманында көптілді меңгеру жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік.

Көптілді меңгеру деген ұғым - қазақ дүниетанымында бұрыннан бар түсінік. Кезінде халқымыздың «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деген аталы сөзі дәл бүгінгі дамыған дәуірімізге сәйкес айтылғандай. Тарихи деректерге жүгінсек, әлемде Аристотельден кейін екінші аға ұстаз аталған ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз өз өмірінде 70-ке жуық ұлттың тілін жетік білгендіктен, артына мәңгі өшпес мол рухани құнды мұра қалдырып кеткендігі анық. Көптілді меңгерген адам әуелі өз тілінде ой қорытып, туған халқына өнеге болып, өзге жұртпен бәсекеде ырықты орынды иеленіп, сан мәдениетті санасына салып сараптай алса, онда ол өз өмірін қалайда мағыналы өткізетін айтулы тұлға болып жетіледі.

Қазіргі заманғы мектептердің басты мақсаттарының бірі өсіп келе жатқан ұрпақты жан-жақты, жаһандану құндылықтарына бейімдеу, балалар мен жеткіншектердің көрші елдер мәдениетінің өкілдерімен дүниежүзілік кеңістікте өзара әрекет жасасуына деген шеберліктерін қалыптастыру. Оқытушылар мен оқушылардың алдында тұрған басты мақсаты – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім стандарттары талаптары деңгейінде үш тілде білім меңгерген, өз елінің тарихы мен салт-дәстүрін білетін, көптілді коммуникативтік құзырлықтары қалыптасқан, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге талпынатын тұлғаны дамыту.

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде үш тілді білім беру моделін енгізудің өзектілігі мынада:

- бүгінгі қазақстандық қоғамда көптілді, көп мәдениетті тұлғаға деген сұраныстың артуы;

- ұлттық мектеп бітірушілерді жалпы қазақстандық және әлемдік білім және ақпарат кеңістігіне кіріктірудегі мәселелерді шешу қажеттілігі;

- болашақ ұрпақты қазақстандық патриотизмге, ұлтаралық қатынас мәдениетіне тәрбиелеудің өзекті мәселеге айналуы;

- аз ұлт өкілдерінің этникалық ерекшеліктерін сақтаумен бірге олардың жалпы қазақстандық экономикалық, әлеуметтік-мәдени үрдістерге толыққанды қосылуына жағдай жасау;

- мектеп бітірушілерінің коммуникативтік және ақпараттық құзырлықтарының жеткілікті деңгейіне қол жеткізу [3].

Қазіргі кезеңде білім берудің ұлттық модеміне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдері мен инновациялық педагогикалық технологияларды игерген, технологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан, бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашылық педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім, зерделі оқытушы болуын қажет етеді. Өйткені еліміздегі дүбірлі өзгерістер, қайта жаңғырулар білім беру жүйесіне де айтулы реформалар мен мақсаттар әкелді. Білім стандартының жасалынуы, төл оқулықтарымыздың жазылуы, жаппай компьютерлендіру, инновациялық технологиядағы іздену, білім мазмұнын байыту, әлемдік білім кеңістігіне ену мақсатындағы жұмыстар сол өзгерістердің куәсі.

Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталады. Қоғамды ақпараттандыру – экономиканың, ғылымның, мәдениеттің дамуының негізгі шарттарының бірі. Сондықтан тіл үйретуде ақпараттық технологияларды қолданудың тиімді жақтары мен жаңа ақпараттық технология құралдары (жаңа типті компьютерлер, телекоммуникациялар, виртуальды орта және мультимедия, интерактивті құрылғылар) оқу үрдісіне көптеп енгізілуде.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияны пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді.

Яғни, еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық моделіне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Осы бағытта оқытушылар алдында оқытудың және тәрбиелеудің жаңа ақпараттық технологияларын қолдана отырып, жеке тұлғаның дамуына қолайлы жағдай туғызу қажеттілігі тұрғанын жақсы түсінеміз. Өйткені кез-келген адамның үздіксіз білім алуын қамтамасыз ету жүйесі ақпараттандырумен тығыз байланысты. Қазіргі жаңа ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктері адамның интеллектуалдық, шығармашылық потенциалының даму мүмкіндіктерін арттыруға септігін тигізетіні сөзсіз.

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеттері атап көрсетілген. Соның бірі: «Білім беру жүйесін ақпараттандыру, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу» делінген. Бұл міндеттерді шешу үшін, нәтижеге бағытталған білім берудің жаңа жүйесіне көшу үшін әр оқытушы, жеке тұлға күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа ақпараттық технологияларға, әлеуметтік, тұлғалық және жеке құзыреттілікке ие болуы тиіс. Бұл талаптар күнделікті әдістемелік жұмыстың жүйелі түрде ұйымдастырылуы негізінде жүзеге асырылады.

Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, қашықтықтан оқыту, дара тұлғаға бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапалық деңгейін арттырады. Білім беру жүйесінде қазір технологиялардың сан алуан түрлері бар. Осыған байланысты деңгейлік тапсырмалар беруде оқытушы ең алдымен тапсырмалардың мазмұндық жүйелілігіне аса назар аударуы қажет. Жаңа инновациялық технологияны жүзеге асыруда оқытушы белсенділігі, шығармашылық ізденісі артып, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, студенттерін жеке тұлға ретінде бағалауы орын алады. Сонымен қатар, ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың оқу-тәрбие үрдісінде қолданылуы

студенттердің білім алу мүмкіндіктерін кеңейтеді. Ақпараттық компьютерлік технологияны пайдалануда студенттер мектепте алған білімдерін ұштап, мамандыққа сай берілетін білімдерін молайтып сабаққа белсене қатысады. Өйткені компьютер арқылы оқу материалын беруге, оны әзірлеуге, бақылауға, қорытындылауға, көмек беруге мүмкіндік зор. Түсті графиканы, бейнетехниканың мүмкіндіктерін пайдалану оларға ерекше әсер етеді. Студенттің кез-келген тапсырманы аяғына дейін орындап, өзінің ой-өрісін пайдаланып, кез-келген сұрақты қойып, оның шешімін тауып, білімін дамытуға мүмкіндік туғызады. Ақпараттық технологияны жеке тұлғаны дамыту мақсатында қолдану жолдары [4].:

- электронды почтаны қолдана білу;
- материалды компьютер арқылы презентациялау;
- мәтінді графиктік сызбаларға түсіру;
- мәліметтер қорымен, әдебиеттермен жұмыс;
- электрондық оқулық, диск, қосымша материалмен жұмыс;
- интернеттен ақпарат алу.

Осы аталғандар арқылы ұйымдастырылған сабақ студенттердің шығармашылығын дамытып, өз бетімен ізденуге, алған білімін ұштауға, сенімін арттыруға, жеке тұлғасын, қабілетін, ынтасын, рухани әлемін дамытуға басты құрал болып табылады. Осындай жан-жақты ойластырып, мазмұнды түрде жоспарланған сабақ төмендегідей мақсаттарға қол жеткізеді:

- танымдық ой-өрісін кеңейтуге;
- жоспарлы жұмыс жасауға;
- нәтижені болжай білуге;
- танымдық қызығушылығын арттыруға;
- ойлау қабілетін арттыруға;
- өздігінен жұмыс жасауға;
- тез есте сақтауға;
- шығармашылық қабілеттерін дамытуға.

Бұдан байқайтынымыз, оқытушы мен оқушы арасында ақпараттық мәдениет қалыптасып, оны шапшандыққа, ізгілікке, тапқырлыққа, жауапкершілікке үйретеді, оқушының ойлауына, қабілетіне әсерін тигізіп, жеке тұлғасын дамытады.

Дәстүрлі оқытуда оқытушы дайын, толық ақпаратты берген болса, оқушы тек соны тыңдап, ақпаратты оқытушы арқылы қабылдап отыратын. Сабақта көбіне репродуктивті әдістер, лекция, баяндау, әңгімелеу, мазмұндау және т.б. қолданылды. Егер дәстүрлі оқытуда оқу тәрбие үрдісінде басты рольді оқытушы атқарса, технологияның көптеген түрлері қамтылған қазіргі жағдайда белсенді қызметті оқушы атқарады, яғни өзі ізденеді, өзі оқып, өзі үйренеді. Ал оқытушы сабақты ұйымдастырушы, кеңес, бағыт-бағдар беруші. Әрбір студенттің жеке мүмкіндіктеріне байланысты қызығушылықтарын арттырып, берілген тапсырмалар олардың қабілеттерін ашуға бағытталады. Олардың жұмысы көптеген тұлғалық қасиеттеріне қарай бағаланады (интеллектуалды дамуы, тіл мәдениеті, дербестігі, инициативасы, жауапкершілігі).

Студенттерді қажетті білім дағдыларымен қамтамасыз ету үшін оқытушы әр сабақта жүйелі жұмыс жүргізуі қажет. Ол үшін тіл үйретушінің әдіскерлік шеберлігі, теориялық білімі, ұйымдастырушылық қасиетінің жоғары деңгейде болуымен қатар, құнды жасалған көрнекілік, электрондық оқулық, аудио, бейнетаспалардың болуы да қажет. Осыған байланысты бір ғана электрондық оқулықтардың тиімділігін айта кетсек [5]:

- әртүрлі жұмысты тез және қысқа мерзімде орындауды қамтамасыз ету;
- тілді үйрену уақытын үнемдеу;
- көрнекілік және түсініктілік принципін пайдалану мүмкіндігі;

- бейнелелеу мүмкіндігінің жан-жақтылығы;
- дидактикалық мүмкіндігінің жоғары деңгейлігі;
- тіл үйренушінің өз бетімен жұмыс істей алуы;
- тілді білу деңгейін бақылау және бағалау.

Сонымен қатар, электронды оқулықтағы оқыту, модельдеу, тестілеу т.б. бағдарламалар жиынтығы тіл үйретуде жай оқулықтарға қарағанда өте тиімді қосымша мүмкіндіктер береді. Олар жинақы, ыңғайлы түрде алынады, өйткені электрондық оқулық – бұл дидактикалық әдіс-тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға негізделген түбегейлі жүйе. Оны пайдалану барысында төмендегі мақсаттар жүзеге асырылады:

- тыңдалым арқылы екпін, қазақ тілінің төл дыбыстарына назар аударту; тыңдау арқылы қабылдауға, есте сақтауға, дұрыс оқуға дағдыландыру;
- оқылым арқылы мазмұндап, өз ойын айтуға үйрету; оқу жылдамдығын арттыру; оқу арқылы мазмұнын меңгерту;
- жазылым арқылы берілген түрлі жаттығулар мен тапсырмалар арқылы тіл үйренушінің сауаттылығын арттыру; қойылған сұрақтарға жауапты жазбаша жазуға үйрету;
- көру арқылы берілген тақырып бойынша материалды пысықтау;
- әртүрлі тапсырмалар, тест арқылы тіл үйренушінің білімдерін тексеру.

Толассыз ақпараттар ағымын бүкіләлемдік Интернет жүйесі, спутниктік каналдар, теледидар, ұялы байланыс арқылы көріп, естіп қабылдауға машықтанған ХХІ ғасырдың өкіліне нағыз керегі – сандық бейне, анимация, компьютерлік оқыту ойындары, дыбысты жаңғырту т.б. компьютерлік технологиялар. Осылардың бәрін қолдануға мүмкіндік беретін қазіргі мультимедиялық бағдарламалар тіл үйретуді жеделдетуге, оқу уәждемесін көтеруге, сөйлесім әрекетін дамытуға зор әсерін тигізеді. Сөйлесім әрекетінің кез келген түрінің негізінде көру-есту моторының арасындағы байланыс жататыны белгілі.

Қорыта келе, ақпараттық технологияның кез-келген түрінің бүгінгі күні қарқындап өсуі, оның тиімділігі сапалы білім берудің бірден-бір қайнар көзі екендігі және оны әсіресе тіл үйретуде пайдалану – тіл үйренушінің ең басты құралы болып отырғандығы шындық. Ендеше келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде оқытушының инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі сапалы білімнің жемісі болмақ. Сондықтан қазақ тілін оқытуда дайын өнімдердің жетістіктерін есепке ала отырып, мультимедиялық технологияларды қолданып, ақпараттық оқыту бағдарламаларды әзірлеудің теориялық, әдістемелік мәселелерін терең саралау арқылы оны жетілдіре түсу болашақ мамандардың еншісінде болмақ.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030». Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. - Алматы. «Білім баспасы», 1998.
2. Жұмабаев М. Педагогика. –Алматы, 2018
3. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. - Алматы, 2012.
4. Ержанова А. Білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану. –Алматы. 2019.
5. Қазақ тілін оқыту: жетістіктер мен жаңа даму бағыттары. Республикалық ғылыми-әдістемелік конференция. – Алматы, 2020.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛЬДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ЖАЗЫЛЫМ ӘРЕКЕТІ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

И.У.Хасанова, п.ғ.к., доцент; Ү.Дымберген, магистрант

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

Резюме. В статье рассматривается формирование функциональной грамотности учащихся начальных классов. Также статья посвящена формированию функциональной грамотности и развитие видов речевой деятельности (письмо) в начальной школе.

Ключевые слова: начальный класс, функциональная грамотность, казахский язык, языковые навыки, отношение, речевая деятельность, подписка, активность, творчество.

Resume. The article discusses the formation of functional literacy of primary school students. The article is also devoted to the formation of functional literacy in primary school by the subscription method.

Key words: primary school, functional literacy, Kazakh language, language skills, attitude, speech activity, subscription, activity, creativity.

Еліміздің болашағы, ертеңі – бүгінгі білім алушыларды заман талабына сай тәрбиелеу мен оқытудың қажеттілігі бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көрсетілген. Стандарттың «Білім беру мазмұнына қойылатын талаптар» бөлімінде: «Бастауыш білім берудің мақсаты кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады» [1].

Жоғарыда аталған кең ауқымды дағдылардың бірі, маңыздысы – оқушылардың коммуникацияның түрлі тәсілдерін, оның ішінде, тілдік дағдыларды меңгеруіне қол жеткізе алу. Бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдысы өзара әрекет пен қарым-қатынас тәсілдері туралы білімі мен тәжірибесінің жиынтығын құрайды. Оқушының тілдік дағдысын жетілдіру арқылы оқу әрекетіне белсенді қатысатын, өздігінен жасампаздықпен ойлай алатын және өз ойын шығармашылықпен жеткізіп, шебер қарым-қатынас жасай білетін, тілдік қатысымды тиімді қолдана алуға мүмкіндік беріледі.

Қазақ тілі оқу бағдарламасында қазақ тілі пәнінің маңыздылығын: «Қазақ тілі» пәнін оқытуда негізгі басымдылық коммуникативтік дағдыларды, сөйлеу әрекетінің төрт түрін – тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды меңгертуге, ауызекі және жазба тілде қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіруге, оқудағы және жазудағы функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталады» деп көрсетеді [2, 4].

Демек, бастауыш білім беру сатысында қазақ тілі сабағында оқушылардың оқу мен жазуға үйрету арқылы функционалдық сауаттылығын дамыту көзделеді. Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, яғни функционалдық сауаттылыққа жету, қалыптастыру, меңгерту. Функционалдық сауаттылықты дамытудың басты мақсаты Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:

- белсенділік;
- шығармашылық тұрғыда ойлау;

- шешім қабылдай алу;
- өз кәсібін дұрыс таңдай алу;
- өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады [3].

Бастауыш мектепте оқушылардың оқу, түсіну, жазу және қарапайым арифметикалық әрекеттерді орындау сауаттылығын қалыптастыруда пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету болып табылады.

Әдіскерлер бастауыш мектепте қазақ тілі пәнінен оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесіне мынандай тұжырымдаманы ұсынады:

- оқушыларға бірінші сабақтан бастап сөйлесім әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым, тілдесім) меңгерте білу;
- оқушылардың алған білімдерін өмірде, кез-келген жағдайда, әлеуметтік ортада қолдана алуға үйрету;
- мемлекеттік тілде ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасау;
- әлеуметтік талаптарына сай келу үшін оқушының ақпараттық технологияларды қолдану және проблемалардың шешімін таба алуға үйрету;
- оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуіне үйрету;
- оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамыту;
- оқушылардың әлеуметтік-мәдени дағдыларын дамыту;
- қазақ халқының салт-дәстүрі, мәдениеті, тарихын түсіну және құрметтеуге баулу

[12].

Функционалдық сауаттылық – тілдік тұлғаның әлеуметтік-қоғамдық ортада сөйлесім әрекетінің түрлерін өзінің мақсатына қарай еркін қолдана алу мүмкіндіктерінің қалыптасқан жүйесі [4].

Сөйлесім әрекетінің ішінде жазылымға тоқталатын болсақ, оқушы сөйлемнің мәніне, мағынасына көңіл аудара отырып, ойлау әрекеті мен пайымдауы арқылы санасынан өткізеді де, өз ойын байланыстырып жүйелі жазудың нәтижесінде жазбаша тілдік қатынасты жүзеге асырады. Баланың мектепке келгенге дейінгі өзі игеретін айтылым әрекетімен салыстырғанда жазылым әрекетіне үйрету белгілі бір жасанды дағды негізінде қалыптасады. Сондықтан бұл әрекет мұғалім мен оқушы тарапынан көп көңіл бөлуді қажет етеді. А.Байтұрсыновтың жазуға үйрету әдісі жайлы «...сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай қажет болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек... Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге: қай сөз қандай орында өзгеріп, қалайша бір-бірімен қиындасып, жалғасатын дағдысын білу керек» – дей отырып, сөйлеудің жазба түрінің күрделі екеніне көңіл бөліп, жазуға үйретуге ерекше мән берілуі тиіс екендігін айтады [2].

Бастауыш сыныптан бастап баланы сөзді саралап, талғап қолдануға үйретуден оның сөйлеу мәдениеті қалыптасады. Р. Сыздық: «Сөздерді бір-бірімен дұрыс байланыстыра білу, дұрыс орналастыра білу де, дұрыс құрастыра білу де тіл, сөйлеу мәдениетіне қатысты жайттар» деген екен [3].

Бастауыш сыныпта оқушыларды жазылым дағдысына үйрету арқылы тек сөз бен сөзді немесе сөйлемдерді байланыстырып әңгіме құрауға дағдыландыру ғана емес, өз ойын өзгелермен қарым-қатыныс барысында түрлі жағдайға сәйкес жеткізу мүмкіндігі ашылады. Танбалардың белгілі бір мағыналық қасиетіне ие болуымен сипатталатын жазбаша сөйлеу әрекеті мәтін арқылы іске асып, жазбаша қарым-қатынасты қамтамасыз етеді. «Жазылым – тіл үйренуге қатысты қиын да күрделі жұмыс. *Жазылым* термині – «жазу» деген мағынаны емес, «жаза білу, ойыңды басқа біреуге түсінікті болу үшін, қағаз бетінде сауатты жеткізе білу» дегенді білдіреді. *Жазылым* – тілдік тұлғалардың графикалық, фонемалық жүйесіне негізделген: лингвистикалық, психологиялық, физиологиялық, әдістемелік ерекшеліктерге қатысты тілдік материалдың мазмұны мен

формасын бірдей қамтитын адамдардың ұзақ мерзімдегі қарым-қатынасына мүмкіндік жасайтын күрделі тарихи әрекет.

Жазылым, *біріншіден*, әріптің, сөздің графикалық таңбасы арқылы іске асады; *екіншіден*, бұл графикалық таңбалар белгілі бір фонемалық, мағыналық қасиетке ие болады; *үшіншіден*, жазылым құбылысында сөйлесім әрекетінің барлық түрі қатысады; *төртіншіден*, жазу үстінде тіл үйренуші адам сөйлемнің мазмұн-мағынасына ғана емес, формасына да көңіл аударуға мәжбүр болады; *бесіншіден*, жазылым қағаз бетіне түскен материалдың түсінікті, жүйелі болуына тікелей байланысты жүзеге асырады. Ғалымдардың қалыптасқан пікір бойынша, жазылым үш бөліктен құралады:

а) себеп-салдарлық; ә) аналитикалық-синтетикалық; б) орындалымдық. Ф.Ш. Оразбаеваның пікірінше, жазылым бірнеше құрылымдық кезеңнен тұрады да, көпсалалы болады:

- 1) қажеттіліктен пайда болатын себеп;
- 2) себептің ойда, санада бейнеленуі;
- 3) ойдың сөз арқылы тізбектелуі;
- 4) сөздің графикалық әріптермен таңбалануы;
- 5) жазудың екінші адамға түсінікті болып, берілген хабарды білдіруі.

Жазылымның лингвистикалық ерекшелігі – ол әріптік таңбадан бастап алфавитке дейінгі тілдің дыбыстық жүйесін, олардың жазылу ережесін, жазбаша сөйлеу үлгілерін қамтиды. Жазылымның лингвистикалық мазмұнын белгілейтін мәселелер мыналар:

- 1) графика;
- 2) орфография;
- 3) жазып алу;
- 4) жазбаша сөйлеу [5].

Жазбаша сөйлесім – лингвистикалық ерекшеліктерді толық меңгерудің көрінісі және ең күрделі тілдік құбылыс. Жазбаша сөйлесім дегеніміз – оқушының айтар ойын тілдік-қатысымдық бірліктерді қолданып, басынан аяғына дейін толық жаза білуі, көзқарасын, пікірін қағазға түсіріп, жеткізуі.

Жазылымның психологиялық ерекшелігі – жазбаша тапсырмаларды дұрыс пайымдап, логикалық жағынан меңгеру және графикалық, орфографиялық дағдылар мен шеберлікті ұштау. Жазба түрдегі сөйлеудің байланысын психолінгвистикалық тұрғыда зерттеген А.С. Звоницкая байланыстырып сөйлеуді «ой мен тілдің байланысы» тұрғысынан қарастырады. Оның ойынша, сөйлеудің жазба түрі «санада бейнеленген ой байланысының тілде көрінуі», ой байланысының өрбуі арқылы автордың (айтушы не жазушы) ойын оқырманға (тыңдаушыға) анық, түсінікті етіп берілуімен ерекшеленеді деп түсіндіреді [6].

А.С. Звоницкая байланыстырып сөйлеуді қалыптастыруға мүмкіндік беретін тиімді жағдай ретінде ойды дамытуды көздейді. «Ойдың байланысы байланыстырып сөйлеудің алғы шарты» деген көзқарасты ұстанған ол оқушыға мағыналық байланысты қамтамасыз ететін тілдік құралдарды қолдану тәсілін, мәтінді құрастыру тәсілін меңгеру қажеттігін айтады. Бұдан ұғынатынымыз, бастауыш сынып оқушыларының жазылым әрекетін қалыптастыруда оқушының ойлау әрекетін белсендіруге жағдай жасалуы керек.

Сөйлеу мен ойлаудың арақатынасын зерделеуде американдық психолог Дж.Брунер мен швецариялық Ж. Пиаже екі түрлі бағытты ұсынады. Дж.Брунер түсінігі бойынша балада айналасындағылардың сөзін тыңдау арқылы түсінігі қалыптасады деп санайды. Дж.Брунер адамның әлемді тануы ең алдымен, сезім мен әрекеттің нәтижесінде іске асады деген көзқарасты дәлелдейді. Ол бала танымының табиғи жолмен дамуына сүйеніп қана қоймай, оның даму мүмкіндіктерін ашу керек деген көзқараста болған. Адамның ішкі сезімі мен әрекет белсенділігі арқылы қабылданбайынша біздің миымызға ешнәрсе «кірмейтінін» айтады. Бала сөз арқылы бәрін үнемі тыңдап, қабылдап, түсінуге тырысады, сосын біртіндеп танымы қалыптасады деп санайды. Сөйлеу әрекетін таным үрдістерін

дамытудың маңызды құралына жатқызады. Ж.Пиаженің пікірі бойынша, «ойлауды дамыту адамның ағзасы мен қоршаған ортаның қарым-қатынасына негізделеді» деп санайды. Ж.Пиаже жеке тұлғаның сыртқы орта әсеріне үнемі бейімделуінің нәтижесінде таным үрдістері дамиды деген көзқарасты ұстанады. Оның пікірі бойынша, сөйлеу баланың танымдық қабілетін қалыптастырудағы символикалық белсенділіктің бір түрі ретінде ғана қарастырылады. Сыртқы әсердің нәтижесінде ғана сөйлеу дамиды дегенді айтады [7].

Бүгінде ғалымдар ойлауға қатысты таным үрдісін дамыту жағдайын когнитивтік тұрғыдан қарастырады. Когнитивтік бағыт бойынша ойлауды дамыту таным әрекетімен байланысты. Таным адамның ішкі сезімімен, психологиялық құбылыстарымен астасып жатады. Мысалы, миға, ішкі дүниеге қоршаған ортадағы құбылыстар мен заттар туралы хабар немесе түсінік бармаса, ешқандай таным да, ойлау да болмас еді. Тілдік бірліктердің когнитивтік тұрғыда қарастырылуы адамның қоршаған ортаны, әлемді тануымен байланысты. Оқушының әлемді тануы оның бақылауы, түйсінуді, қабылдауы (есту, көру, ұстау, иіс сезу) арқылы жүзеге асырылады. Танымдық үрдістерді дамыту арқылы, яғни оқушының ой-өрісі арқылы сөздік қоры, сөйлеу қабілеті дамиды. Сондықтан қазақ тілі сабағында оқушылардың өзі құрастырып, өзі жазатын тапсырмалар көбірек берілгені дұрыс болады. Сабақта интербелсенді әдістер қолданылып, оқушылардың белсенділігін қимылдық, әлеуметтік, танымдық, қатысымдық тұрғыдан арттыру көзделеді. Мәселен, мәтінді құрастыруға үйрету шығармашылық тәсіл арқылы, яғни нәрсенің ерекшелігі мен ұқсастығын салыстыру барысында сөздер мен сөз тіркестерін іздестіру жұмыстары арқылы жүргізіледі. Оған мыналар жатады:

1. Тенеу құрастыруды үйрету;
2. Жұмбақ құрастыруды үйрету;
3. Өлең құрастыруды үйрету;
4. Сурет бойынша мәтін құрастыруды үйрету.

Бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорында көбінесе зат есім, етістік болады да, сын есім, үстеу, есімдік сияқты сөз таптары сирек кездеседі. Сондықтан да байланыстырып сөйлеуге үйрету жұмысында заттың түр-түсін, пішінін, әр түрлі белгілерін бейнелейтін сөздерді, яғни сын есім сөздерді қолдануға үйрету көзделуі тиіс.

Жұмбақ құрастыруды үйрету. Оқулықта жұмбақ берілгенмен, жұмбақты шешуге көмектесетін нақты әдістемелік нұсқау көрсетілмейді. Оқушының ойлау қабілетін дамытуда жұмбақты шешуге қарағанда оны құрастыруды үйреткен тиімдірек. Жұмбақ құрастыру жұмысы заттар мен құбылыстардың ұқсас белгілерін, айырмашылықтарын ажыратуға ұласуы тиіс. Бұл әдіс логиканың аналогиялық ойлау заңдылықтарына негізделеді. Логика ғылымында: «Аналогия – умозаключение о принадлежности предмету определенного признака (т.е. свойства или отношения) на основе сходства в признаках с другим предметом» деген анықтама берілген [8].

Сурет бойынша сипаттау мәтінін құрастыру үшін мынадай жұмыс түрлері жүргізіледі:

- тақырыбын ашу мақсатында сурет құрылымын анықтау;
- суреттегі бейнеленген нәрселердің бір-бірімен мағыналық байланысын ашу;
- жеке нысананы алып, оны жан-жақты суреттеу, оның суреттегі орнын анықтау;
- жеке нысананың сезім мүшелері арқылы қабылданатын белгілерін сипаттау;
- теңеу, салыстыру, кейіптеу, т.б. көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып, суреттеу.

Сурет бойынша мәтін құру арқылы оқушының шығармашылық қызметі мен логикалық ойлау қабілеті жетіледі. Суретте бейнеленген нәрсені (затты, құбылысты) сипаттау арқылы автордың негізгі ойын (идеясын) ашуға үйренеді.

| | | | |
|---------|-------------|----------------------|----------------|
| Қандай? | Не істейді? | Осындай тағы не бар? | Көмекші сөздер |
|---------|-------------|----------------------|----------------|

Өлең құрастыруды үйрету. Мәтін жанрының бір түрі өлең құрастыруға үйретуде «ұйқас табу» әдісі жиі қолданылады. Бірақ бұл жұмыстың нақты тәсілі толық қалыптасқан деп айту қиын. Балалар жазушысы К.Чуковский бала жаны поэзияға құмар болып келетінін айтады. Бала кішкентайынан шығармашылыққа ұмтылады. Өзі шығарған бір жол өлеңге, салған кішкентай суретіне мән болады. Өлең құрастырған кезде оқушының ойлау қабілетімен бірге шығармашылық қабілеті, сөз бен ой байланысын табу қабілеті дамиды. Өлең мәтінін құрастыру тілдің көркемдік ерекшелігін сезінуге, үйлесімділік пен ырғақты түсінуге негізделеді. Өлең құрастыруда баланың ойлау қабілеті, шығармашылығы, шабыты шыңдалады. Баланың шығармашылық қабілетін дамыту үшін лимерикті пайдалану тиімді әдістің бірі болып саналады. Лимерик деген сөз қала атымен байланысты болса керек. Мұндай өлең ұйқасын Ирландияның Лимерик қаласының тұрғыны осы жанрдың шебері, суретші, әрі ақын Эдвард Лира (1812-1888) өз шығармасында қолданыпты.

«Бес жол ұйқас», яғни Лимерикті құрастыруды үйрету былай жүргізіледі:

Бастапқы 1-2-ші жол бір-бірімен, 3-4-ші жол бір-бірімен өзара ұйқасады да, соңғы жолда ұйқас болмайды, ой қорытындысы жасалады. Бұл – «Бес жол ұйқас» өлең құрастырудың қарапайым бағдаржолы.

| | |
|----------|---------------------------|
| 1-ші жол | Баяғыда (.....) болыпты |
| 2-ші жол | Заттың ерекше белгісі |
| 3-ші жол | Әрекет етуі, қызметі |
| 4-ші жол | Қасиеті немесе жаман жағы |
| 5-ші жол | Ой қорытындысы |

Оқушыларға берілетін көмекші нұсқаулар, үлгі мәтіндер, жұмбақ, өлең құруға үйрететін бағдаржол, мәтін түрін, ертегі құрастыруға көмектесетін тірек-белгілер оқушылардың белсенді іс-әрекетін, өз бетінше жұмыс істеуін, шығармашылық ойлауын жетілдіреді.

Сонымен, жазылым әрекеті арқылы оқушылардың функциональдық сауаттылығын қалыптастыру мәтін ерекшелігін танытатын шығармашылық тапсырмаларды, көркем әдебиет туындыларынан алынған қызықты жаттығуларды, белсенді әдіс-тәсілдерді, жаңа технологиялық оқыту құралдарын қолданғанда нәтижелі болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
2. Әдебиеттік оқу. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке (1-4 сыныптар) арналған оқу бағдарламасы. – Астана, 2017.
3. Тойбазарова Н. Морфологияны оқыту әдістемесі. – Алматы, 2008.
4. Сламбекова Н. Бастауыш мектеп оқушыларының текст арқылы тілін дамыту әдістемесі. – Алматы, 1993.
5. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. – Алматы, 2007.
6. Звоницкая А.С. Психологический анализ связности речи и ее развития у школьников. – Л., 1941.
7. Ж.Пиаже. Избранные психологические труды: Психология интеллекта. Генезис числа у ребенка. – М: Просвещение, 1969.
8. Оқушылардың функциональдық сауаттылығын қалыптастыру. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, – Астана, 2013.

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ЦИФРОВИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ

Кирилина Н.П., магистр социальных наук., старший преподаватель
Присташ В.В., магистр педагогических наук., старший преподаватель

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Түйіндеме. Мақалада білім беруді цифрландырудың негізгі психологиялық аспектілері, цифрлық білім беру процесінде өзара әрекеттесудің әртүрлі деңгейлерін қамтамасыз ететін рөлдік ұстанымдар, цифрландыру жағдайындағы мұғалімнің функциялары қарастырылады және білім беруді цифрландырудың психологиялық қауіптері қарастырылады.

Кілттік сөздер: білім беруді цифрландыру, цифрлық білім беру кеңістігі, психологиялық тәуекелдер

Resume. The article deals with the main psychological aspects of digitalization of education, role positions that provide different levels of interaction in the digital educational process, the functions of the teacher in the conditions of digitalization, and the psychological risks of digitalization of education.

Key words: digitalization of education, digital educational space, psychological risks

Современная система образования стремительно меняется в соответствии с запросом времени. Сегодня для получения знания у обучаемого уже нет необходимости посещать привычные формы обучения в виде аудиторных занятий.

Развитие современного образовательного пространства осуществляется в направлении цифровой среды – развиваются новые образовательные платформы, открываются онлайн-курсы, создаются электронные учебники. Цифровые технологии применяются в рамках высшего, школьного и дополнительного образования.

На рубеже XX–XXI веков в нашей стране был осуществлен переход к рыночной модели общественного развития, в связи с чем все элементы общественной жизни так или иначе оказались под воздействием реформ. Этот модернизационный процесс, несомненно, отразился и на сфере образования.

В условиях новой цифровой образовательной среды современный вуз, на наш взгляд, должен активно использовать постоянно совершенствующиеся информационные и коммуникационные технологии. Указанные технологии, применяемые в организациях высшего образования, «дают возможность более эффективно достигать специфические предметные цели ввиду того, что они обеспечивают доступ к огромному массиву информационных источников, информация из которых может быть оптимально организована с учетом и объемом стоящих задач обучения конкретного обучающегося» [1].

Наибольшая отдача от применения новых образовательных технологий в учебном процессе достигается от использования информационных, демонстрационных и различного типа и вида программ-модулей, выступающих основой интерактивного режима работы студента; применение экспертной системы для проверки текущих, остаточных и итоговых знаний, умений и навыков обучаемых. Исследователи отмечают, что широкое внедрение информационных и коммуникационных технологий в учебный процесс позволит стимулировать творческое мышление студентов и повысить уровень их самостоятельного обучения изучаемого материала. Также внедрение указанных

технологий, несомненно, повышает интерес студентов к научно-исследовательской деятельности, упрощает восприятие учебного материала, контроль и самоконтроль их самостоятельной работы, благодаря чему улучшается и качество обучения в вузе.

Психологическим парадоксом в цифровом мире возможностей является появление в этой классификации нового измерения образования: так называемое информальное образование, находящееся вне какой-либо формы и направленное вглубь человека и его познания о самом себе. Следуя современному вектору развития мировой экономики, диктующей необходимость получения формального и неформального образования, необходимо обратить внимание на образование человека вглубь себя самого, не утратившего интерес к познанию собственного внутреннего мира при этом способного к критическому мышлению, глубокой рефлексии и постоянному поиску смысла собственных событий жизни. Именно этот фактор психологического измерения времени цифровой эпохи является отличительной чертой. Итак, один психологический вектор – это вертикаль скорости процесса цифровизации, и второй психологический вектор, горизонтальный – это поиск человеком самого себя и необходимых компетенций для жизни в цифровом пространстве. В этом случае, психологически обоснованными являются такие ключевые пункты государственных программ развития, которые есть почти в каждой цивилизованно развитой стране как: создание экосистемы цифровой экономики, в которой обеспечено эффективное взаимодействие, включая трансграничное, создание необходимых и достаточных условий институционального и инфраструктурного характера, преобразование традиционных отраслей экономики, создание креативного общества для обеспечения перехода к экономике знаний [2].

Переход к цифровому образовательному процессу существенно трансформирует профессиональную деятельность педагогического и обслуживающего персонала профессионального образования и обучения. При этом актуализируются три группы ролевых позиций, обеспечивающих различные уровни взаимодействия в цифровом образовательном процессе [3]:

1) педагог (специалист) ↔ обучающийся (группа обучающихся): организатор и мотиватор учения, тренер, игротехник, специалист по проектной деятельности, разработчик образовательных траекторий, менеджер индивидуальных образовательных маршрутов (междисциплинарный тьютор) и др.;

2) педагог (специалист) ↔ цифровые технологии и средства ↔ обучающийся (группа обучающихся): методист-разработчик сценария онлайн-курсов, метаметодист онлайн курсов, специалист по методической поддержке онлайн-курсов, сетевой педагог-куратор (куратор или администратор онлайн-платформы), разработчик сред для командной проектной работы, модератор социально-образовательных сетей, инструктор по Интернет-навигации, аналитик-корректор цифрового следа, веб-психолог и др.;

3) специалист ↔ цифровые технологии и средства: оператор-монтажёр обучающих видеороликов, куратор контента, методист-архитектор цифровых средств обучения, разработчик образовательных платформ и цифровых сред, специалист по экспертизе электронных образовательных ресурсов и т.д.

Различные ролевые позиции могут тем или иным образом комбинироваться или, напротив, автономизироваться, в одних случаях расширяя и трансформируя содержание профессиональной деятельности традиционных педагогических профессий (преподаватель, мастер производственного обучения, педагог-психолог), в других – образуя новые профессии, востребованные цифровым образовательным процессом.

Ведущими функциями педагога в условиях цифровизации становятся:

– проектирование форм, методов обучения, рабочих материалов, а также средств диагностико-формирующего оценивания, и на этой основе создание локальной образовательной среды конкретного учебного курса, насыщенной развивающими возможностями;

- проектирование сценариев учебных занятий на основе многообразных, динамических форм организации учебной деятельности и оптимальной последовательности использования цифровых и нецифровых технологий;
- организация индивидуальной и командной (в т. ч. самостоятельной, проектной, распределенно-сетевой) деятельности обучающихся в цифровой образовательной среде;
- проектирование и организация ситуаций образовательно-значимой коммуникации, в т. ч. сетевой;
- организация рефлексивных обсуждений личностно значимого опыта; – формирование и развитие критического мышления в процессе поиска и отбора информации в цифровой среде;
- управление учебной мотивацией обучающихся, в том числе, при работе с группой, с использованием инструментов фасилитации, а также в качестве носителя ролевых образов «успешного взрослого» и «успешного профессионала»;
- интеграция различных жизненных пространств цифрового поколения – виртуального и реального, сопровождение развития обучающегося в реальном социальном и профессиональном мире;
- постоянное конструктивное взаимодействие с другими педагогами, работающими с тем же обучающимся (учебной группой, проектной командой и т. п.).

В целом, в цифровом образовании, как и в других отраслях цифровой экономики, всё более востребованными станут мультипрофильные, «конвергентные» профессионалы. Специалисты-практики, имеющие опыт участия в различных социальных, производственных, бизнес-проектах, будут востребованы в цифровом образовательном процессе профессионального образования и обучения больше, чем традиционные «монопрофессиональные» педагоги.

Образование становится крупнейшим нематериальным активом любого государства. Значит, его формирование и капитализация должны быть максимально управляемыми. Психологические риски определяются механизмами управления [4]:

1. Риск деформации мышления, мировоззрения, системы ценностных ориентаций.

Всеобщая компьютеризация неизбежно влияет на общественное сознание, при этом возникают серьёзные риски, связанные с:

- феноменом прямой конкуренции человека и компьютера в человеко-машинных системах, вынуждающая человека либо устраниваться из этих систем, либо приобретать черты «компьютероподобия»;
- делегированием специалистами своих профессиональных функций сложным техническим системам, приводящему к ослаблению профессиональных навыков и деградации профессионализма; приоритету доверия специалиста технике, а не собственной компетентности;
- развитием технократического мышления, характеризующегося доминированием средства над целью и техники над человеком;
- распространением иррационализма, утратой способности мыслить критически и адекватно воспринимать действительность на фоне информационного шума, флейма и массовых вбросов дезинформации.

Преобладание визуального типа подачи информации в цифровой среде (пиктограммы, схемы, диаграммы, графики, инфограммы и пр.) также несёт определенный риск. В процессе дешифровки такой информации визуально представленные компоненты доминируют над содержательной составляющей. Это приводит к так называемой «контентной слепоте» пользователя – к затруднениям, а подчас и невозможности осознания человеком целевых, структурно-содержательных, морально-ценностных аспектов информации при ее восприятии и использовании.

2. Риск избыточного «цифрового оптимизма» – преувеличенная оценка возможностей цифровой образовательной среды, цифровых ресурсов и средств обучения, в сочетании с недооценкой значимости человеческого фактора в образовательном процессе. Обратной стороной «технократического оптимизма» всегда является «гуманитарный пессимизм», когда человек рассматривается в качестве наименее эффективного компонента человеко-машинных систем. В результате уже на этапе проектирования таких систем наблюдается тенденция вытеснения из них человека (в случае образовательных систем – педагога, а также возможностей для живого общения между обучающимися).

3. Риск подмены цифровизации образования оцифровкой.

Для педагогически неэффективной «оцифрованной» дидактической практики характерны, в том или ином сочетании, следующие особенности: – во-первых, использование в оцифрованном виде традиционных дидактических элементов образовательного процесса без какой-либо принципиальной их трансформации; – во-вторых, использование универсальных информационно-коммуникационных технологий, не сфокусированных на решение конкретных педагогических задач; – в-третьих, отсутствие научного осмысления первых двух моментов.

Таким образом, в основе «оцифрованной» дидактической практики лежит эмпирический взаимный подбор имеющегося «под рукой» дидактического обеспечения (содержания, форм и методов) и наиболее доступных информационно-коммуникационных технологий.

4. Риск диктата разработчиков цифровых средств вызван недостаточной активностью образовательной сферы в роли заказчика цифровых образовательных продуктов. При этом разработчики цифровых продуктов, не будучи знакомы с научными основами организации образовательного процесса и слабо ориентируясь в педагогических целях и дидактических принципах, рассматривают образование в поверхностном контексте «услуги». В результате многие продвигаемые цифровые продукты, позиционируемые как образовательные, не нацелены на достижение значимых педагогических целей, вместо этого обеспечивая решение второстепенных задач, иногда не имеющих прямого отношения к целям обучения.

5. Этические риски цифровизации образовательного процесса обусловлены, прежде всего, накоплением больших массивов персональной информации об обучающихся (в т.ч. связанной с их состоянием здоровья, индивидуально-психологическими особенностями, ценностными предпочтениями, социальными контактами, степенью успешности в различных видах деятельности). По существу, в цифровом образовательном процессе отслеживаются все значимые аспекты жизни обучающегося. Неизбежно возникают риски, связанные с прозрачностью этой информации для различных субъектов, вовлечённых в образовательный процесс (педагоги, родители, администрация, аналитики цифрового следа, другой вспомогательный персонал), а также с её возможными утечками. Таким образом, при разработке цифровых образовательных платформ и систем особое внимание требуется уделить вопросам информационной безопасности, как в техническом плане, так и в организационно-педагогическом (определение круга лиц / организаций, которым доступна та или иная информация, формирование соответствующих договорных механизмов и т.д.).

6. Управленческие риски, связанные с процессом цифровизации образования:

– подмена цифровизации для воспитания, обучения и развития человека, формирования у него социально и профессионально значимых компетенций, востребованных цифровым обществом, – цифровизацией для решения утилитарных задач, связанных с удешевлением образовательного процесса, его опрощением и повышением его управляемости;

– бессистемность и торопливость в нововведениях (как следствие – риск психологической неготовности и содержательно-деятельностной неподготовленности педагогов к работе в условиях цифрового образовательного процесса), волюнтаризм, отсутствие научной обоснованности в предлагаемых подходах и решениях;

– ориентация исключительно на формальные показатели «административного качества» образования (наличие скоростного Интернета, обеспеченность цифровой техникой и умения ею пользоваться у педагогов, количество разработанных онлайн-курсов, место страны и её образовательных организаций в международных рейтингах и т.д.), игнорирование или недооценка содержательно-смысловых показателей социального и дидактического качества цифрового образовательного процесса.

Для минимизации управленческих рисков необходимы:

– организация научных исследований процесса цифровизации и цифрового образовательного процесса профессионального образования и обучения, в том числе путём организации сети экспериментальных площадок на базе образовательных организаций, образовательных сетей, профессионально-образовательных кластеров;

– организация комплексного содержательного мониторинга процесса цифровизации профессионального образования и обучения;

– организация системного повышения квалификации педагогических и управленческих кадров профессионального образования с целью формирования у них новых компетенций, обеспечивающих готовность к работе в условиях цифрового образовательного процесса;

– разработка комплекса методических рекомендаций для руководителей профессиональных образовательных организаций, преподавателей, мастеров производственного обучения, педагогов дополнительного образования, кураторов групп (классных руководителей), педагогов-психологов по работе в условиях цифрового образовательного процесса.

Таким образом, цифровая среда требует и нового подхода к саморазвитию. Человеку цифровой эпохи психологически очень важно, учитывая его задачи, график, ресурсные возможности и ограничения, предлагать свободный график развития. Можно учиться новому в системе онлайн, можно использовать ресурсы города, в котором находится образовательная платформа, возможности университетов, научные цифровые библиотеки и другие источники.

Определенно, при использовании информационных и коммуникационных технологий качественно изменяется соотношение ролей преподавателей и обучаемых. В первую очередь преподаватель уже не выступает в качестве источника первичной информации. Студент современного вуза становится ориентированным на выработку навыков рациональной организации учебного процесса; усугубляется его интерес к изучаемым дисциплинам; вырабатывается умение эффективно использовать на практике полученные знания и углубить эти возможности и умения путем самостоятельного изучения первоисточников.

Таким образом, современная университетская цифровая образовательная среда позволяет сделать учебный процесс интересным, эффективным и интенсивным, что, несомненно, актуально в современных условиях глобализационных мировых процессов.

Список использованной литературы:

1. Майорова О.Н. Компетентностная парадигма в условиях реализации ФГОС // Современные тенденции в управлении промышленными инновационными организациями. 2017. С. 49–53.

2. Рябов О. Интеллектуальный потенциал и парадигмы цифрового мышления // Цифровая инфраструктура – драйвер экономики Казахстана,- Костанай,- 29 июня 2018

3. Дидактическая концепция цифрового профессионального образования и обучения / П. Н. Биленко, В. И. Блинов, М. В. Дулинов, Е. Ю. Есенина, А. М. Кондаков, И. С. Сергеев; под науч. ред. В. И. Блинова – 2020. – 98 с.

4. Образование для сложного общества : Доклад Global Education Futures / Под ред. П. Лукши, П. Рабиновича, А. Асмолова. – М., 2018. – С. 77

ӘОК: 37.018

АКСИОЛОГИЯЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ЕЛЖАНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ

И.У.Хасанова, п.ғ.к., доцент; А.Н. Аязова, магистрант

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

Резюме. Статья посвящена научным основам патриотического воспитания учеников начальных классов методом аксиологического линейного обучения. В статье рассматривается важность национальных ценностей.

Ключевые слова. Аксиология, линейное обучение, ученики начальных классов, патриотическое воспитание, ценность, национальный, родной край, культурное наследие, национальное воспитание.

Resume. The article is devoted to the scientific foundations of patriotic education of primary school pupils by the method of axiological linear teaching. The article discusses the importance of national values.

Keywords. Axiology, linear education, primary school pupils, patriotic education, values, nationality, homeland, cultural heritage, national education.

Ғаламдану үрдісінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрін сақтау жолындағы күрес ұлттың сананы сақтау күресі екенін түсіну, яғни, ұлттық сана-сезімі мен мінез құлқының ана тілінде, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрді меңгеруі негізінде қалыптасқан жеке тұлғаны тәрбиелеу міндетін айтамыз. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» деп атап көрсетілген. Әр халықтың өзіне тән, тарихи-әлеуметтік даму ерекшеліктері мен өмір-тіршілігіне, тұрмыс-салтына, дәстүрлеріне байланысты дүниетанымдық, рухани-материалдық, мәдени құндылықтары қалыптасады [1].

Бастауыш сынып оқушысы үшін оқу әрекеті жетекші рөл атқаратындықтан, сабақ мазмұнындағы оқушыларға берілетін құндылық бағдардың әсері мол. Әлеуметтік мәні зор ұлттық құндылықтардың мән-мағынасын ұғындыру, оны баланың санасына, сезіміне, мінез-құлқына әсер ететіндей дәрежеде жеткізу мұғалімнен шеберлікті талап етеді. Оқушылар бастауыш сыныптан бастап халқымыздың әлеуметтік, тұрмыстық дәстүрлерін

танып білу арқылы туған елінің, ұлтымыздың өзіндік ерекшеліктерін, халқымыздың мәдени мұраларын қастерлеп сақтай білуге оқып үйренеді. Ғылыми еңбектерде мәдени құндылықтарға құлықтылық және эстетикалық идеалдар, өзін ұстаудың нормалары мен үлгілері, тілдер, жергілікті тіл ерекшеліктері мен сөйленістер, ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, тарихи жер аттары, ауыз әдебиеті, көркемдік кәсіп пен қолөнер, мәдениет пен өнер шығармалары, тарихи-мәдени маңызы зор мәдениет қызметінің ғылыми зерттеу тәсілдері мен нәтижелері, аумақтың тарихи-мәдени қатынасында ғажайып болып табылатын ғимараттар, құрылыстар кіретінін айтады.

Елжандылық құндылықтарының нысаны мен қайнар көзіне «Отанды» алсақ, оның мазмұнына туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі тамаша киелі орындар жатады. Олардың адам көкірегіне жылылық, жақындық, туыскандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы – елжандылыққа тәрбиелеудің арқауы. Елін, туған жерін қастерлеп, қадірлеуге үйрететін қасиетті қалыптастыруға әсер ететін негізгі факторлар – ұлттық сезім, ұлттық мақтаныш, ұлттық сана, ұлттық игі дәстүрлер, ұлттық парыз, бірлік және міндет. Бұл адамзаттық құндылықтарды бастауыш сынып оқушыларының бойына оқылатын пәндерді аксиологиялық бағдарлы оқыту арқылы дарытуға болады. Әдебиеттік оқу, қазақ тілі, математика, дүниетану, саз, бейнелеу өнері т.б. пәндерді аксиологиялық бағдарлы оқытудың басты мақсаты – оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырып қана қоймай, олардың рухани дүниесін байыту, ізгілікті-елжанды дара тұлға тәрбиелеу. Аксиология ұғымына түсінік беретін болсақ, шетел сөздерінің сөздігі аксиологияны *axios* – құнды + логия – құндылықтар туралы философиялық ілім (гр. *axia* – құндылық және *logos* – ілім, сөз) деп түсіндіреді [2].

Құндылықтар проблемасын зерттейтін ілім аксиология деп аталады. Онда құндылықтар теориясы қарастырылады. Ғылыми еңбектерде былайша түсіндіріледі: Аксиология құндылықтар табиғаты, олардың реалдықтағы орны және құндылық – әлемінің құрылысы, немесе түрліше құндылықтардың өзара әлеуметтік және мәдени факторлармен, жеке тұлғаның құрылысымен байланысы туралы философиялық ілім. Әрбір мәдени дәуірдің өзіне тән құндылықтары, яғни белгілі бір аса құрметтелетін қасиеттер, құбылыстар жүйесі болды. Осы рухани абсолюттер ауысқан уақытта басқа дәуір басталады. «Құндылық» ұғымы мәдениеттің ерекшелігін түсінуге көмектеседі. Адам өзі үшін не нәрсе маңызды екенін өзі анықтайды. Көптеген рухани абсолюттер көп адамдарға ортақ. Мысалы, тіршілік ету, өмірді сүю, ата-ананы қадірлеу, құрметтеу. Бұл – барлық адамдарға қымбат, ортақ рухани абсолюттер. Бұлжымайтын, асыл өмірлік бейімделуді философия құндылық деп атады. «Құндылық» дегеніміз – адамның өмірін мәнді, сәнді ететін түсініктер жүйесі. Адам баласының тарихында қандай қиындықтар болса да адамды адам етіп қалдыратын рухани тіректер қалыптасты. Осы рухани тіректер бірте-бірте құндылықтарға айналды. Құндылықтар шындықты реттейді, оған мән, мағына, маңыз береді. Адам өмірінің мәні – құндылықтар жүйесінің тұлғалық интеграциясы.

А.Т. Москаленко мен В.Ф. Сержантов құндылықтар жүйесін былай түсіндіреді: «Құндылық дегеніміз – адам қажеттілігінің бейнесі. Ол зат немесе идея болуы мүмкін. Сондықтан құндылықтар материалдық немесе идеалдық деп екіге бөлінеді. Материалдық құндылықтар – еңбек құралдары мен тікелей тұтынатын заттар. Рухани құндылықтар – философиялық, діни, эстетикалық, моральдық, құқықтық, саяси, идеялар». Құндылық бағдар – (француз тілінен *orientation*) субъектінің қоршаған шындық дүниені идеологиялық және онда бағдар алуы, бейімделуі мен индивидтің объектілерді олардың жіктеу тәсілі. Құндылық бағдар әлеуметтік тәжірибені меңгеруде және мақсаттарда, мұрат-армандарда, сенімдерде, қызығушылықтарда, жеке адамдардың басқа да көріністерінде байқалады. Адамның іс-әрекет құрылысында құндылық бағдар оның танымдық және еріктік жақтарымен тығыз байланысты [3].

Құндылық бағдар жүйесі оның шындық дүниеге қатынасының мазмұндық жағын қалыптастырады. Адамдардың топтағы қарым-қатынасын анықтайтын біріккен іс-әрекет процесінде топтың құндылық бағдары қалыптасады. Құндылықтар өзіне тән ерекшеліктерге ие. Олардың кейбірі тарихтың қай кезеңінде де өз маңызын жоймайды. Мысалы, ежелгі дүниенің тарих сахнасында өшкенімен, онда мұрат етілген эстетикалық құндылықтар әлі күнге дейін өз маңызын жоғалтқан жоқ. Ортағасырлық ағару (просвещение) дәуіріндегі гуманистік, демократиялық идеялар бүгінгі заман қызметіне жарауда. Қоғамдағы құндылықты қатынастардың аса маңызды элементтерінің бірі – құндылықты бағыт-бағдар. Құндылықты бағыт-бағдар – бұл стратегиялық өмір мұраттары және жалпы дүниетанымдық алғы шарт ретінде танылған құндылықтардың адам санасында бейнеленуі. Қалыптасқан, тұрақты құндылықтар бағыттарының жиынтығы тұлға тұрақтылығын, қажеттер мен қызығулар бағдарында көрінген әрекет-қылқ және іс-әрекет типтерінің өзара байланыса, ұштасуын қамтамасыз етеді. Осыдан, құндылықты бағыт тұлға сеп-түрткілеріне (мотивтеріне) себепші, реттеуші маңызды жағдаят (фактор) ретінде іске қосылады. Құндылықты бағыт-бағдарлардың негізгі мазмұны – адамның саяси, философиялық (дүниетанымдық), адамгершілік наным-сенімдері, терең әрі тұрақты бейімділіктері, қылқ-әрекет, мінез принциптері. Осыдан, қай қоғамда да тұлғаның құндылықты бағыт-бағдары тәрбие және мақсатты ықпал жасау нысаны ретінде қарастырылады. Олар арқылы еріктік күш салу, зейін, ой-өріс бағдарлары анықталады. Құндылықты бағдардың дамуы – тұлға кемелінің белгісі, оның әлеуметтенуінің көрсеткіші, құндылықты бағыттардың тұрақты бірлігі тұлғаның келесідей сапаларының дамып, орнығуына себепші болады: тұлғаның тұтастығы мен сенімділігі, белгілі мұраттар мен принциптерге адалдық, осы мұраттар мен принциптерді іске асыру жолында ерік күшін аямауға қабілеттілік, өмірлік ұстанымдарға орай белсенділік, мақсатқа жетуде табандылық пен өжеттік. Құндылықты бағыттар арасындағы қайшылықтар әрекет-қылқ пен мінездегі тұрақсыздықты туындатады. Құндылықты бағыт-бағдардың мешеуленуі адамның селкостығы мен енжарлығына себепші болады [4].

Бүгінгі күнде әлем елдерінде әрқилы құндылықтар жүйесі қабылданған. Осы заманғы гуманистік педагогика олардың арасында жалпы адамзаттық келесідей құндылықтарды аса маңыздылар қатарында алға тартады: адам құқы, адамды ең жоғары құндылық ретінде тану, бала тұлғасы мен оның қадіріне құрмет; бала еркіндігі мен даму құқы қорғау; білім және тәрбиедегі демократиялық принциптерді берік ұстану. Адам құқы және еркі – жалпы адамзаттық құндылық, себебі олар адамзаттың жалпы мүдделерін танытады, әрқилы халықтардың, діндер мен дәуірлердің рухани мұраттарын жақындатады әрі туыстырады. Барша халықтар туындыларын сыйлауға, бағалау мен қорғауға үйрену – бұл ұлттық және ұлтаралық ынтымақтың белгісі ретінде қабылданған жалпы адамзаттық құндылықтарды сезіну және қабылдау нышаны. Бүгінгі Қазақстандық қоғамда құндылықты бағыттар қатарында ұлтжандылық, отаншылдық сезімдері, яғни өз халқымызды, оның салт-дәстүрін, тілін, мәдениетін, әдеттерін, туған ел табиғатын құрметтеп білу жоғары маңызға ие болып отыр. Сонымен бірге, әрбір адам үшін жоғары құндылық – бұл өмір, тіршілікке болған қамқорлық, гуманистік қатынастар негізі – әр адамның өз басын сыйлауы, өз адамгершілік сапаларына болған құндылықты қатынас; ата-ананы, туған-туысқанды, отбасы, бала-шағаны ардақ тұту, табиғатты аялау және ең жоғары инабатты құндылық ретінде еңбекті қадір ету. Жалпы адамзаттық құндылықтар арасында ұлттық құндылықтар шегерілмейді. Керісінше, осы ұлттық құндылықтар арқылы көрінеді. Алғашқыда осы ұлттық формада көзге түскен қайталанбас соны жетістіктер уақыт өте жалпы адамзаттық құндылыққа өтеді.

Құндылықтар – тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған мұраттар, ол шынайы болады, ол адамға тәуелді емес, дегенмен ол адам санасында орын алады. Құндылықтар сезім арқылы қабылданады, ал сана арқылы оны түсініуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет етеді. Нақтырақ айтатын болсақ,

ана тілі мен ұлттық дәстүрді құрметтейтін, дүниетанымы, ақыл-ой парасаттылығы қалыптасқан, мақсат қоя алатын, сол мақсатқа жету жолында жауапкершілігі мол, мінез құлқы, айналадағы адамдарға қарым – қатынас мәдениеті жоғары, Отанын сүйетін, күрделі жағдайда нақты шешім қабылдай алатын, салауатты тұлға. Ал «Елін сүйе», «елжандылық» деген ұғымдар мектепке, отбасына, жақынына, туған қаласына (ауылына) деген сүйіспеншіліктен басталады.

«Елдің елдігін оның тарихы, әдебиеті, салт – дәстүрі сақтайды» деген ұғымды бастау етіп алатын болсақ, елжандылыққа тәрбиелеу үрдісін шартты түрде мынандай іс-шараларға бөлуге болады:

- тілді құрметтеу;
- ұлттық салт-дәстүрді зерделеу;
- елдің тарихы мен мәдениетін оқып зерттеу;
- ата-бабалар өсиетін орындау;
- жер байлығы мен табиғатты қастерлеу.

Бастауыш мектепте әдебиеттік оқу сабағында оқушылардың өз еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігін оятып, оны қорғауға, қастерлеуге баулу бағытында сонау Абылай бабамыздан бастап кешегі желтоқсанға дейін азаттық үшін күрескен ұлы тұлғалардың ел тәуелсіздігі жолындағы ерлік істерін ұғындыру мақсатында елтану материалдарын, белгілі қоғам қайраткерлерінің өмір деректерін көптеп қолдану елжандық сезімдерін тереңдетені сөзсіз. Оқушылардың бойында елжандылық, азаматтық, жоғары ізгілік пен адамгершілік сезімдері оқу-тәрбие үрдісінде жан-жақты жетілгенде ғана асқақтай түседі.

Отан от басынан басталады, Отан туралы ұғым туған өлке, туған жер тарихымен тығыз байланысты болады. Туған жеріне деген сүйіспеншілік әрбір азаматты сол туған жерін қорғауға, оны дамытуға жетелейді. Ондай адамдарды «патриот», «отаншыл», «елжанды» деп атауға болады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «патриот» өз Отанын, халқын, жері мен суын шынайы сүйетін, халық мүддесі үшін бар күш-жігерін, қабілетін аямайтын адам. Ал «патриотизм» өз Отанын, халқын шексіз сүйіспеншілік, барша күш-қуатын Отан мүддесіне арналған адамға тән терең сезім [5]. Қазіргі философиялық, педагогикалық әдебиеттерде «патриотизм» сөзі (грек тілінде *patris* – Отан) Отан, өз халқына деген сүйіспеншілік деп түсіндірілсе, үлкен энциклопедияда, «патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік, оған берілгендік, өзінің іс-әрекеттерімен оның мүддесі үшін қызмет етуге ұмтылу» деп анықтама берілген [5]. Бұл ұғымдардың барлығы да еліне, халқына, ұлтына сүйіспеншілікпен, құрметпен қарау деген сөз.

Ал «Қазақстандық патриотизм» дегеніміз осы елде тұрып, тіршілік етуші барлық халықтарға деген достық қатынасқа тәрбиелеу болып табылады. Оқушыларға «елжандылық» дегеннің адамның бойына туа біткен биологиялық қасиет емес, ол – әлеуметтік, тарихи тұрғыда отбасы, ауыл-аймақ, білім және тәрбие беретін мектебі арқылы жастардың бойына біртіндеп қалыптастырылатын сүйіспеншілік сезім екендігіне көздерін жеткізуге болады. Балаларда патриоттық сезімді, елжандылықты қалыптастыру мынадай бірізділікпен жүзеге асады: алдымен ата-анасын, жанұясын, бауырларын, сыныптастарын, көршілерін және бүкіл адамзатты сүйуге, сосын отбасын, балалар бақшасын, мектебін, ауылын, қаласын, бүкіл елді сүйуге тәрбиелеу.

Өз қаласы, не ауылына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеуде – кішіден үлкенге өту принципін сақтап қолдану қажет. Оқушылар қаласының, ауылының орманының, көлінің, даласының – Отанның бір бөлшегі екенін түсінулері керек. Оқушылардың, қалада қандай заводтар, фабрикалар бар екенін, қаланың немесе еліміздің атағын ерең еңбектерімен шығарған құрметті қандай азаматтар бар екенін білгендері жөн. Оқушыларды туған қаласымен, ауылымен таныстыру кезінде олардың назарын қаланың қонақжай жерлеріне, ескерткіштерге, музейге аудару керек, осы кезде бұл музейлерде болуға, тарихи ескерткіштерді көруге, құрбан болған ерлерге тағзым етуге адамдардың басқа қалалар мен ауылдардан келетіндерін айта кету керек. Туған қаласының, ауылының

бәріне қызықты және қымбатты екенін сезіну, өз өлкесі үшін мақтаныш сезімін тудырады. Бастауыш сынып оқушыларына ұлттық мәдени құндылықтарды дарытуда пәндік сабақтардағы өлкетану шығармалары мен сабақтан тыс саяхат сабақтар, тағылымдық шаралар және «Мен елімді қалай таныстырамын» жобалық сайыстар өткізіліп, қорытындысында «Менің Оралым», «Менің өлкем», «Туған жерімнің көрікті жерлері», «Елімнің атақты адамдары» т.б. тақырыбында шығарма, сурет жаздыруға болады. Орал қаласын таныстыру бағытында жоба, сайыстар ұйымдастыруға болады. Ақындардың шығармаларынан «Мәнерлеп оқу» сайысын, жарыстар жүргізуге болады. Мәселен, өлкеміздегі танымал адамдар Сырымның шешендік сөздерін, Махамбеттің өршіл жырларын, Қадыр Мырзалиевтің балаларға арналған өлеңдерін, Ж.Молдағалиевтің отансүйгіштік жырларын, Құрманғазы, Дина күйлерін, Ғарифолла әндерін оқушыларға тыңдатып, насихаттап, сайыстар өткізсек, қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық рухани және материалдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын халық игілігіне, келешек ұрпақты, ел-жұртқа ие болар азаматтарды тәрбиелеуге қолданудың тәрбиелік маңызы зор. Бұл жұмыстардан күтілетін нәтиже оқушыларды туған жерін, елін, Отанын, отбасын сүйуге, құрметтеуге, мақтан тұтуға шақырамыз.

Бұл ұлттық тәрбиенің қажеттілігі – ұлтжанды азамат тәрбиелеу және қазақ қоғамында орын алып отырған қайғылы қасіреттер мен құбылыстар: ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрлерін және дінін білмейтін жастарды, тәрбиесіз қыз бен ұлды, тастанды жетім балаларды, қарттар үйлерінде жылап отырған әжелер мен аталарды, отбасын құрмаған және ажырасқан жастарды, қаулаған қылмысты, темекі шегетін, наша тартатын, ішкілік ішегін жастарды, жезөкшелікті, жұмыссызды дағдарысты т.б. алдын алып болдырмаудың, олардан құтылудың бірден-бірі кепілі деп есептейміз. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімдері оқу-тәрбие үдерісінде ата-бабалар салған жолмен, ата-бабалар мұрасын кеңінен сабақта пайдаланғаны жөн. Бұл тұжырымдар ғалымдардың ғылыми еңбектерінде жан-жақты талданады. Қазақ оқымыстылары Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатовтың т.б. ұлағатты сөздері, педагогикалық мұралары халық педагогикасында үлкен орын алады. Оларды қазіргі қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен салт-дәстүрінің қайта жаңарту кезеңінде кең мағынада насихаттау арқылы әрбір мұғалім, әрбір сынып жетекшісі бала бойына тәрбиенің ұрығын егеді деп білемін [6].

Қазақ мектебінің ұлттық дәрежеге жетуіне шетелдік тәжірибелерден гөрі өз ұлтымыздың қанға сіңген салт-дәстүрлерін пайдаланып, осы бағытта жұмыс жүргізіп жүрген педагог-ғалымдарымыздың іс-тәжірибелерін іске асыра алсақ ұтылмас едік. Мәселен, ұлттық мектеп үлгісін жасуға талпынып, алғаш рет экспериментальды мектеп ашқан қайраткер әдіскер-ұстаз Алма Қыраубаеваның осы жолда атқарған еңбектерін үлгі етуге болады.

Сонымен, аксиологиялық бағдарлы оқыту арқылы бастауыш сынып оқушыларына жалпы адамзаттық құндылықтарды, сондай-ақ, ұлттық мәдени құндылықтарды дарытуда олардың бойында елжандылық ерекшеліктері айқындалса, өз өлкесі туралы құнды мәліметтер бойынша тағылымдық-саяхат сабақтары жүйелі ұйымдастырылса, онда оқушылардың ұлттық сана-сезімін, отансүйгіштік, ұлтжандылық, ұлтаралық қатынастар мәдениетін, ұлттық мәдени құндылықтарды қалыптастыруға болады, өйткені мұндай жағдайда қарастырылып отырған үдерістің тиімділігі камтамасыз етіліп, оқушылар ұлттық менталдыққа тәрбиеленеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беру тұжырымдамасы. Қазақстан жоғары мектебі. – Алматы, 2004. №1.

2. Есіркепова Г.К., Философия. – Шымкент, 2008.
3. Москаленко А.Т., Сержантов В.Ф. Личность как предмет философского познания. – Н., 1984.
4. Мустаева Ф. А. Социальная педагогика. – М., 2003.
5. Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы, 1999.
6. Джонисова. Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылық бағдарын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері. – Орал, 2011.

ӘОК 323.1(075)

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ- ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

В.Е.Нурмуқанбетова, әлеуметтік ғылымдар магистрі
Батыс Қазақстан инновациялық- технологиялық университеті, Орал қ.

Резюме: формирование общественного сознание, духовное обновления-актуальная проблема сегодня. Основная задача современной молодежи -привить в ее сознание чувство уважения к культуре, любви, гордости за свой народ, развитие национального духа, воспитание уважение к культуре, искусству, традициями, историческому наследию, образование и обучение, знания и навыки.

Ключевые слова: национальная ценность, общественное сознание, духовное возрождение.

Resume: the formation of public consciousness, spiritual renewal is an urgent problem today. The main task of modern youth is to instill in their consciousness a sense of respect for culture, love, pride for their people, the development of the national spirit, fostering respect for culture, art, traditions, historical heritage, education and training, knowledge and skills.

Key words: national value, public consciousness, spiritual revival.

Рухани жаңғыру негізінде қоғамдық сананы қалыптастыру бүгінгі күннің көкейкесті мәселесі болып отыр. Бүгінгі жастардың санасына туған халқына құрмет, сүйіспеншілік, мақтанш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, тарихи мұраларды қастерлеуге тәрбиелеу, тәлім мен тағылым, білім мен біліктерін шыңдау басты міндет. Осы міндетті дұрыс түсініп, адамзатқа жеткізуде болашақ педагогтің алар орны ерекше.

Қоғамдық сананы қалыптастыру мәселелері: біріншіден, студенттердің жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алатыны нақты көрсетілген. Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, ия болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстарының болуын талап етеді. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалатындықтан, әрбір болашақ мамандардың компьютерлік сауаттылығын, шет тілдерін білуі мен мәдени ашықтық сияқты факторлардың сөзсіз қажеттілігі ашып айтылды.

Екіншіден, қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қатаң қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес. Төл тарихымызға, бабаларымыздың өмір салтына бір сәт үңіліп көрсек, шынайы прагматизмнің талай жарқын үлгілерін табуды тапсырды. Прагматизм – өзінің ұлттық

және жеке байлығынды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағынды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді. Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалануға бейімделуі керек.

Үшіншіден, ұлттық бірегейлікті сақтау – ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар: ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту және ұлттық болмыстын өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту қажет. Қазір салтанат құрып тұрған жаңғыру үлгілерінің қандай қатері болуы мүмкін?. Қатер жаңғыруды әркімнің ұлттық даму үлгісін бәріне ортақ, әмбебап үлгіге алмастыру ретінде қарастыруда болып отыр. Алайда, өмірдің өзі бұл пайымның түбірімен қате екенін көрсетіп берді. Іс жүзінде әрбір өңір мен әрбір мемлекет өзінің дербес даму үлгісін қалыптастыруда. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана. Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді.

Қарапайым тілмен айтқанда ұлттық құндылықтар – белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Ертеректе ең алдымен ғылым негіздерін меңгеру мен сауаттылыққа көңіл бөлінсе, қазіргі базалық білім – мейірімділік, әділдік, махаббат, зорлық көрсетпеу, бақыт, дұрыс мінез-құлық сияқты адами құндылықтарды білуге оқытудың нәтижесін бағдарлайды.

Ұлттық құндылықтарды іріктеп, оқыту процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, отбасында да, мектепте де ұлтжандалылық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеп шығару басты ұстаным болмақ. Өз ұлтын қадірлеп-қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі Ж.Аймауытов: «терең рухани қазынамыз: қазақ болмысы, ұлтаралық қатынастар, руханилық пен адамгершілік нормалары, мәдениет, оқу-білім, тәрбие мәселелері туралы айтқан тұжырымдары осы күнге шейін маңызын жойған жоқ.

Қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық рухани және материалдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын халық игілігіне, келешек ұрпақты, ел-жұртқа ие болар азаматтарды тәрбиелеуге неге қолданбасқа?. Әр ұлттың өзінің ұлттық құндылықтары болады. Бір ұлтты екіншілерінен ерекшелендіріп тұратыны оның: тілі, ертегілері, мақал-мәтелдері, лиро-эпостық және батырлар жырлары, әдет – ғұрпы, салт- санасы, менталитеті, өнері, тағамдары, ұлттық қолөнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Осылардың бәрі – ұлттық құндылықтарға жатады.

Рухани жаңғыру кезінде ең алдымен біз елін, жерін, халқын шын сүйетін ұрпақ, қалың қауым тәрбиелейміз десек, әуелі тарихи санамыз жаңғыруы керек. Қазақтың ертеңгі ұрпағы ең әуелі осы елдің, осы кең байтақ жерді қалай иеленгенін, бұған қанша қан төгіліп, қанша тер сінгенін, мұндай ұланғайыр даланы біздің ата-бабаларымыз қалай сақтап қалғанын, бұл даланы бізге өсіп-өну үшін аманаттап кеткенін, осы дархан даланың әр қарыс жері үшін батырларымыздың, хандарымыз бен билеріміздің қасық қаны қалғанша қалай күрескенін бүгінгі ұрпақ білуі керек. Сонда ғана тарихын тану арқылы біздің ұрпақтың бойында қазақ екенін мақтан тұтаты, «мен мынадай ата-бабадан, намысын тапталпаған ержүрек, батыр ұлттан тараған ұрпақ екенмін ғой» деген түсінік

қалыптасқан, елі мен жерін сүйетін шын мәніндегі отаншыл, ұлтшыл, патриот ұрпақ өсіп-өнеді деп ойлаймын – деп Ш.Құрманбайұлы ой түйіндейді.

Төртіншіден, білімнің салтанат құруын, студенттерді білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылуын талап етеді. Жоғарыда айтылғандарды топшылай отырып, біз рухани-адамгершілік құндылықты белгілі бір бағытты, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе деп түсіндіреміз. Яғни, рухани-адамгершілік құндылық - адамның ішкі жан-дүние қасиетінің өлшемі адамның жақсылыққа ұмтылуы, басқаларға жанашырлық білдіруі, айналадағы адамдарға қайырымдылығы, өмір сүруге талпынысы, өмірді дұрыс сүру мәселелері жайында ізденуі, өзін-өзі танып, өзін-өзі бағалап, сол арқылы дүниені, әлемді тануға жол ашуда жалпы адамзаттық құндылықтар арқылы тәрбие беру – рухани азғындықтан шығудың ең басты жолы.

Бесіншіден, сананың ашықтығы – рухани және экономикалық жағынан өрлеймін деген қоғам үшін ауадай қажет қабілеттер мен қасиеттер болып табылады. Ол қоғамның аумалы-төкпелі заманында әрбір адамның кез-келген өзгерістерге дайын болуы. Сананы жаңғырту біздің мақсаттарымыздың бірлігін, құндылықтарымыздың ортақтығын және қоғамдық келісімнің қуатын айшықтайды. Қазақстанның дамуының негізі болатын тұрақтылықты нығайту жастардың қоғамдық санасын қалыптастыруда жеке тұлғаның халықтық түсініктері мен сенімдерін, білімін нақты іс-әрекетте, қарым-қатынаста пайдалану арқылы көрінеді.

Ойымызды қорытындылай келе, рухани жаңғыру негізінде жастардың қоғамдық санасын қалыптастыруға ықпал ететін бірқатар мәселелерді атап өтеміз: қоғамдық сананы жаңғыртып, заман сынағына лайықты нақты іс шараларды жүзеге асыру қажет. Қазақ тілінің әліпбиін өзгерту, тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасау. Жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасау, білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген мамандарды даярлау, жаңа мамандарды ашықтық, прагматизм мен бәсекелік қабілет сияқты сананы жаңғыртудың негізі қағидаларын қоғамда орнықтыратын басты күшке айналдыру басты міндетіміз. Бұл міндетті ұлтын сүйетін, ұлт тағдырын өз тағдырымен байланыстыратын жүрегі ізгілікке толы әрбір азамат қуана қабылдап, оны жүзеге асыруға жұмыла кірісуіміз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы.
2. Назарбаев Н.Ә. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі қоғамдық кеңестің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі // Қазақстан музейлері. – 2007. №2 – Б.2.
3. Аймауытов Ж. Таңдамалы шығармалары. Алматы. 1990. – 253 б.
4. Құрманбайұлы Ш: Рухани жаңғыру дегеніміз – ұлт рухының асқақтауы. Астана. 2017.
5. Жұмабекова Ф.Н. Заманауи білім кеңістігін ізгілендіруге жаңа тәсілдемелерді пайдалану жолдары. «Бәсекеге қабілетті маманның ұлттық және әлемдік кәсіби келбетін қалыптастыру» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Түркістан. 22-23 сәуір. 2016 ж. 75-79

АТА-АНАЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

А.А. Гинаятова п.ғ. магистрі, аға оқытушы

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қаласы

Резюме: в статье рассматривается важность использования мультимедийных технологий (средств) в повышении функциональной грамотности родителей.

Ключевые слова: грамотность, функциональность, мультимедиа, технологии, общение.

Resume:: the article discusses the importance of using multimedia technologies (tools) in improving the functional literacy of parents.

Key words: literacy, functionality, multimedia, technology, communication.

Білім берудегі сауаттылық мәселесі, нақты бір елдегі халықтың әлеуметтік жағдайына, мемлекеттің экономикалық дамуына, елдегі мәдени ахуалға тәуелді болатындығы айқын. Бүгінгі өркениеттің даму деңгейі білімділік пен сауаттылық ұғымдарының мазмұны мен оны түсіну жолдарын іздестіруді қажет етіп отыр.

Ғылыми еңбектерде сауаттылық ұғымының белгілі бір деңгейде ана тілінің грамматикалық нормаларына сай оқу, дұрыс жаза алу дағдыларын игеру екені байқалады. Әйтсе де адамның өмір сүруіне қажетті деп танылып, меңгеруге ұсынылған сауаттылық қазіргі кездегі әлеуметтік сұраным талаптарымен сәйкес келе бермейді. Сауаттылық тұлғаның тұрақты қасиеті болып табылатындықтан, функционалдық сауаттылық сол тұлға меңгерген белгілі бір білім-біліктерден көрініс табады. Өйткені функционалдық сауаттылыққа адам нақты білім алу кезеңдерінен өткеннен кейін қол жеткізеді. Бұл орайда білім белгілі бір сауаттылық деңгейін қамтамасыз ететін құрал және нақты іс-әрекеттердің нәтижесі ретінде қарастырылады. Ендеше, білімнің түпкі нәтижесі деп саналатын құзыреттіліктердің біртұтас бірлігі ретіндегі функционалдық сауаттылықтың мәнін, рөлін айқындаудың, оны тәжірибеге ендірудің уақыт талабымен толық сай келуі де зерттеу тақырыптың өзектілігін дәлелдей түседі.

Сауаттылық ұғымы – дәстүрлі түрде жеке тұлғаның грамматикалық нормаларға сай оқу, мен жазу дағдыларын игеру дәрежесі. Ұлттың мінез - құлқына сай – бірден - бір базалық көрсеткіштер мен әлеуметтік – мәдени дамуының бет - бейнесі болып табылады. Сауаттылық ұғымының мазмұны тарихи тұрғыда қоғамдық талаптар мен индивидке қойылатын талаптардың ең төменгі шектік деңгейінің өзгеруіне байланысты өзгеріске ұшырады. Өйткені, бүгінгі күні тек сауатты болу жеткіліксіз, өйткені қазір екінші бірі, үлкен-кіші түгел сауатты.

«Функционалдық сауаттылық» белгілі бір кезеңге сай субъектінің алған білімі мен білігі негізінде сауатты іс-әрекет ете алуы деген мағынаны білдіреді. Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні тарихи тұрғыдан өзгергенін, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, яғни функционалдық сауаттылыққа жету деген сипатта ұғынылады. Қазіргі әлемдегі, еліміздегі өріс алып отырған түрлі бағыттағы дамулардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалдық сауаттылық ұғымы кең тарала бастады. Сауаттылық ұғымы оны білім берудің әрекеттік аспектісімен бірлікте алғанда ғана кеңейе түседі. Функционалдық сауаттылық – тұлғаның пәндік білім, білік, дағдыларын әлеуметтік-қоғамдық ортада кез келген жағдаятқа сәйкес еркін қолдана алу мүмкіндіктерінің қалыптасқан жүйесі.

Қазіргі қоғам дамуы жеделдеген өзгермелі заманда әлемдегі өзгерістерге тез бейімделетін адамдар қажет. Осы жағдайда мектепке дейінгі білім беру мен тәрбие үрдісі «өмір бойы оқыту» тұжырымдамасын жүзеге асыруға ықпал ететін құзыреттерді дамытуға бағдарлануы тиіс. Құзыреттілікті дамытудың алғышарты ретінде функционалдық сауаттылық деңгейдің болуын атауға болады.

Функционалдық сауаттылық, яғни «адамның өмірдің және іс-әрекеттің түрлі саласында қолданбалы білім негізінде қалыпты тіршілік міндеттерін шешу қабілеті» – осы процестің өзегі болып саналады [1].

Осыған орай, білім беру ұйымдарындағы оқыту, тәрбиелеу процесі функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталуы тиіс.

Білім беру процесі нәтижесінің сапасы, қоғамның жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайлары, білім берудегі бұрынғы құндылықтар мен басымдықтардың дағдарысы, білім беру жүйесін бағалаудың озық үлгілері мен технологияларына көшуі функционалдық сауаттылықты бағалаудың заманауи теориялары мен әдістерін құру қажеттілігін көрсетті. Функционалдық сауаттылықтың ерекше сипаттары:

- 1) тұрмыстық проблемаларды шешуге бағыттылығы;
- 2) нақты әлеуметтік жағдаяттарда көрінетіндіктен, тұлғаның ахуалдық сипаттамасы болып табылады;
- 3) стандартты, стереотиптік міндеттерді шешумен байланысты;
- 4) бұл үнемі дерлік оқу және жазу білігінің кейбір қарапайым (базалық) деңгейі;
- 5) көп жағдайда халықтың ересек тобының сапасын бағалауда қолданылады;
- 6) ең бастысы сауатсыздықты жоюдың жеделдетілген тәсілдерін іздеу проблемасымен мағыналы.

С.А. Крупник, В.В. Мацкевичтің пікірінше, жеке жағдайда, мемлекет өткеннің орнын толтыру, басқа елдерді басып озу қажет болған кезде ғана сауаттылық проблемасы (функционалдық сауаттылық) өзекті болады [2]. Сонымен, функционалдық сауаттылық – оқу және жазу білігін күнделікті өмірде қолдану («мәтінмен жұмыстың әлеуметтік практикасы»). Басқаша айтқанда, бұл – адамның іс-әрекетін оның басылым сөзін тұрмыста қолдануымен анықтайтын сауаттылық деңгейі [3].

А.А.Леонтьев өзінің бір еңбегінде функционалдық сауаттылыққа өте орынды және терең түсінік берді: «Егер формалды сауаттылық – оқу техникасының дағдылары мен біліктерін меңгеру болса, функционалдық сауаттылық – адамның осы дағдыларды нақты мәтіннен түсіну, қысқарту, тасымалдауға қажет ақпаратты алуда еркін қолдану қабілеті» [4].

А.К. Рауандина «функционалдық сауаттылық» ұғымына қатысты жүргізілген зерттеулер бүгінгі күні отандық және әлемдік ғалымдардың еңбектерінде «функционалдық сауаттылық» ұғымын қолдануда бірізділік жоқ екенін көрсетті деп санайды.

Отбасы тәрбиесі, кең мағынада – балаларды әлеуметтендіру мен тәрбиелеудің бастапқы түрі, бұл процестің барысында тұлға дамиды және қалыптасады.

Отбасылық өмірдің барлық тәртібі ықпалымен өсетін адам тұлғасының адамгершілік және қоғамдық бағыттылығы, оның құндылықты бағдары мен психологиялық тұғыры қалыптасады. Ата-аналар және педагогтар одақтас болған жағдайда ғана бала мүддесін көздеген іс-әрекеттері табысты болады, ол баланы жақсы білуге, оны түрлі жағдайда көруге, үлкендерге балалардың жеке ерекшеліктерін түсінуіне, олардың қабілеттерін дамытуға, өмірлік құндылық бағдарын қалыптастыруға, мінез-құлқындағы теріс әрекеттер мен көріністерді жеңуге мүмкіндік береді. Сондықтан, педагогтар әрбір тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қатынас орнатуы, өзара көмек және ортақ мүдделілік ахуалын құруы тиіс.

Мектепке дейінгі оқу үрдісінде мультимедиялық технологияны (құралдарды) пайдалану:

- Ата-аналармен жұмыс істеуге айтарлықтай мүмкіндіктер туғызады;

- тәрбиешіге оқытудың жаңашыл әдістемелерін, жаңа құралдар мен ресурстарды пайдалануына мүмкіндік береді.

Сонымен, мультимедиялық технологияларды қолдану оқу ақпаратын көрнекті етеді, оны оңай және тез қабылдап меңгерілуіне жол береді.

Жалпы алғанда мультимедиялық технологияны қолдану:

- әр түрлі кезеңдерде оқыту мен басқару жүйесін жетілдіреді;
- оқу және тәрбие сапасын арттырады (ақпараттық мәдениеттілікті арттырады);
- ата-аналардың жаңа заманғы ақпараттық технологиялар жайлы түсінік деңгейін көтереді;
- мультимедияның тек ойын, байланыс, кино т.б. үшін ғана емес, басқа да мүмкіндіктерін көрсетеді.

Қоғам кез келген педагогтан өз пәнінің терең білгірі ғана болу емес, теориялық, нормативтік – құқықтық, психологиялық – педагогикалық, дидактикалық әдістемелік тұрғыдан сауатты және ақпараттық компьютерлік технология құралдарының мүмкіндіктерін жан – жақты игерген ақпараттық құзырлығы қалыптасқан маман болуын талап етіп отыр.

Ақпараттық технологияларды білім беру жүйесіне енгізу оқу процесін ұйымдастырудың тиімді технологияларын таңдау мүмкіндігін береді. Сонымен бірге баланың жан-жақты дамуына жол ашады. Жан-жақты даму дегенде баланы мектепке дейінгі кезеңнен дамыту, үйрету үлкен нәтиже беретінін зерттеулер дәлелдеп отыр. Мультимедиялық технологиялармен жұмыс істеу кезінде балалар басынан бастап, қызықты танымдық әрекеттерге араласа алады. Осындай процесс барысында білім алып, оны іс-жүзінде қолданып ғана қоймай, сол ортадағы қосымша мәлімет көздерімен қажетті деген құралдарын өздері таңдап ала алады. Қоғамымызда компьютер маңызды әрі көрнекті орын алып отырған осындай сәтте компьютерлік технологияларды оқыту жүйесінде пайдалану еліміздің болашағын барлық ғылым салаларында жаңа идеяларды ұсынып, оларды жүзеге асыра алатын сауатты ұрпақпен қамтамасыз ете алады. Қазіргі заманғы ақпарат алмасудың жоғары жылдамдығы, жан-жақтан түсіп жатқан түрлі форматтағы мәліметтер ағыны білім беру саласындағы мамандарды да мультимедиялық құралдарға мұқият зер салуға шақырады.

Мультимедиялық құралдар білім беруді қазіргі заман талаптарына сай қажеттіліктер мен оқып-үйрену ерекшеліктерін ескере отырып икемдеп түрлендіруге зор мүмкіндік береді. Сапалы жасалып, дұрыс қолданылған мультимедиялық оқу құралдары пән мазмұнын игеруді әлдеқайда жеңілдететіні сөзсіз[5].

Қазіргі заманғы ақпарат алмасудың жоғары жылдамдығы, жан-жақтан түсіп жатқан түрлі форматтағы мәліметтер ағыны білім беру саласындағы мамандарды да мультимедиялық құралдарға мұқият зер салуға шақырады. “Мультимедия дегеніміз не?” – деген сұраққа сан түрлі жауап алуға болады. Ұсынылып отырған зерттеу аясына лайықтап айтар болсақ, мультимедия – білім беру саласындағы видео және аудио үлгідегі мәліметтерді баланың оңай қабылдап, жадында мықтап сақтауына жағдай жасайтын құрал. Бүгінгі балалардың алдыңғы буын түлектеріне ұқсамайтыны сөзсіз. Оның бір себебі олар –“сандық дәуірдің перзенттері”. Аталған ұғымды ең бірінші болып футурист Марк Пренски сандық технологияларға есейе келе бейімделген буын мен өмірге сол технологиялармен бірге келген жас буын арасындағы айырмашылықты түсіндіру үшін қолданған болатын.

Мультимедиа жүйелерінің пайда болуы адам қызметінің көптеген облыстарында: компьютерлік тренингте, бизнесте және кәсіби қызметтің басқа салаларында революциялар тудырды. Мультимедиа технологияларын кеңінен пайдаланатын салалардың бірі білім беру саласы болып табылады. Жаңашыл қоғамды ақпараттандыру үрдістері және олармен тығыз байланыстағы білім беру жүйесінің барлық формаларын ақпараттандыру үрдістері жаңа ақпараттық және

коммуникациялық технологияларын (АКТ) меңгеру және жапай тарату үрдістерімен сипатталады. Мұндай технологиялар қашықтан оқыту және ашық білім берудің жаңа жүйелерінде педагог мен оқып үйренушінің арасында қарым-қатынас орнату және мағлұмат алмасу үшін белсенді қолданылады. Жаңашыл педагог АКТ төңірегіндегі білімдерді игеріп қана қоймай, сондай-ақ оларды өзінің кәсіби іс-әрекетінде пайдалана алатын маман болуы тиіс. Білім берудің жаңашыл жүйелерінде әмбебап кеңселік қолданбалы бағдарламалар және АКТ құралдары: мәтіндік процессорлар, электронды кестелер, презентация дайындау бағдарламалары, орғанайзерлер, графикалық пакеттер және т.с.с. кең тараған. Компьютерлік желілердің және басқа оның АКТ құралдарының арасындағы баламалары пайда болуынан білім беру жаңа сапаға ие болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұхаметжанова С.Т., Жартынова Ж.Ә. Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. - Алматы, 2008.
2. Бент Б. Андерсон, Катя Ван ден Бринк. Мультимедиа в образовании: специализированный учебный курс. – М.: Обучение-Сервис, 2005.
3. Григорьев С.Г., Гриншкун В. В. Мультимедиа в образовании. – <http://www.ido.edu.ru/open1/multimedia>.
4. Калижанова А.У., Кашаганова Г.Б., Алибиева Ж.М. Мультимедиа жоғары оқу орындарының білім беру құралы ретінде// Ғаламтор материалы.
5. Меңжанова А. Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы: Рауан, 1992

УДК 377.8

ЦИФРОВИЗАЦИЯ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ

Сагатов Б.Д., Даулеткалиева А.Т.
Преподаватели Иностранного языка

Высший Педагогический колледж имени Ж.Досмухамедова, г.Уральск

Кілттік сөздер: цифрландыру, цифрлық технологиялар, білім беру мекемелерін цифрландыру, цифрлық білім беру, жаңа құзыреттіліктер, білім беру үдерісін қайта құру, онлайн-курстар, мұғалімнің рөлін өзгерту, білім беру үдерісін жүзеге асыру платформасы, ақпараттық-білім беру ортасы.

Түйіндеме «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының міндеттері - Қазақстан Республикасының экономикасының дамуын жеделдету және ортада цифрлық технологияларды қолдану арқылы халықтың өмір сүру сапасын жақсарту ұзақ мерзімді перспективада болашақтың цифрлық білім беру жүйесін цифрландыру құруды қамтамасыз ете отырып, Қазақстан білім деңгейін дамуының жаңа траекториясына өтуі үшін жағдайлар жасауда.

Resume The objectives of the state program "Digital Kazakhstan" are to accelerate the development of the economy of the Republic of Kazakhstan and improve the quality of life through the use of digital technologies in the long term, to create conditions for Kazakhstan's transition to a new trajectory of development education.

Key words digitalization, digital technologies, digitalization of educational institutions, digital education, new competencies, reorganization of the educational process, online courses,

changing the role of the teacher, platform for the implementation of the educational process, information and educational environment.

Статья посвящена актуальным проблемам внедрения цифровых технологий в систему образования. Развитие цифровых технологий в сфере образования диктуется актуальностью и поддерживается на государственном уровне и широкой общественностью. Цифровизация – это новая социальная ситуация «цифрового разрыва», «цифрового гражданства», «цифровой социализации». Основные изменения в образовании связаны с цифровизацией образования. В процессе цифровизации фундаментально меняются сама структура обучения и организация образовательного процесса. Использование новых информационно-коммуникационных технологий является начальным условием для дальнейшего развития цифровой педагогики. Методически цифровизация системы образования опирается на новые образовательные стандарты, используя новый компетентностный подход. Необходим инструмент создания учебных материалов, инструмент эффективной доставки контента и знаний студентов для эффективного преподавания. Казахстанские вузы используют двухкомпонентную информационно-образовательную среду, в которой совмещаются ресурсы международных образовательных платформ с контентом собственных разработок, что способствует развитию собственного IT-потенциала. Необходимо внедрение современной цифровой базы образовательного процесса — информационно-образовательной среды (ИОС). Реализация эффективной ИОС является основой развития любого коллджа. Цифровизация педагогического образования внесет изменения в квалификационные требования -преподавательскому составу. Преподаватели начинают применять цифровые технологии, облегчающие им работу. Колледжы стали осваивать новые форматы передачи знаний, в первую очередь, онлайн-курсы. Изменения в образовании, связанные с цифровизацией образования, приведут к глубоким изменениям на рынке труда. Это является поводом для дальнейшей реорганизации образовательного процесса. Электронные библиотечные ресурсы всех колледжов мира, а также учебные материалы лучших преподавателей будут доступны для всех обучающихся. В ближайшие годы будут разработаны и внедрены такие системы автоматического перевода текстов и речи с любого языка. Подобные действия приведут к серьёзной перестройке образовательного процесса, изменению роли педагога, который в дальнейшем не будет объяснять тот или иной материал, а будет помогать найти расположение этого материала и понять его.

Цифровое обучение — это, прежде всего, **учебная практика**, которая в конечном счете помогает ученикам, студентам и может дать ощутимые результаты. Цифровое обучение использует широкий спектр информационных технологий, что способствует многообразию образовательных стратегий.

Оно включает в себя смешанное обучение, перевернутое обучение, персонализированное обучение и другие стратегии, которые в малой или большой степени полагаются на цифровые инструменты.

И в то же время, когда в основном цифровое обучение представляется лишь как использование цифровых инструментов в классе, я бы сказал, что это слишком упрощает и не отражает цель данной образовательной концепции.

На самом деле, данные показывают, что простое предоставление ученикам доступа к цифровым устройствам не приводит к лучшим результатам. Только вдумчивая интеграция образовательных и информационных технологий позволит сделать качественный прорыв в качестве образовательного процесса.

Это очень сложная стратегическая задача, которая должна учитывать постоянно меняющиеся материальные и абстрактные переменные:

- устройства,
- программное обеспечение,

- педагогическая практика,
- профессиональное развитие,
- взаимодействие всех заинтересованных сторон.

Digital Kazakhstan – это программа, призванная ускорить темпы развития казахстанской экономики и повысить качество жизни наших граждан.

Государственная программа «Цифровой Казахстан» – это важная комплексная программа, которая нацелена на повышение уровня жизни каждого жителя страны за счет использования цифровых технологий. Основными целями Программы стали ускорение темпов развития экономики Республики Казахстан и улучшение качества жизни населения, а также создание условий для перехода экономики на принципиально новую траекторию – цифровую экономику будущего.

Цифровые технологии в образовании - это способ организации современной образовательной среды, основанный на цифровых технологиях.

Цифровые технологии развиваются с огромной скоростью. Многие сферы деятельности переходят на цифровые системы: больницы, заведения общественного питания, обучающие учреждения. Эксперты все чаще говорят о переходе школьной программы на электронный формат. Когда эта задумка воплотится в жизнь, изменится не только система образования, но и ее смысл и предназначение.

Современная формулировка школьного обучения в корне отличается от старой. Цифровизация образования — именно так называется процесс перехода на электронную систему.

Цифровизация образования: особенности и свойства

Учебные материалы, планы, занятия, журналы и дневники — все это перешли на **онлайн-версии**. Студент сможет проводить уроки, не выходя из дома, по Интернету. Создались электронные ресурсы, на которых обучающийся найдет подробную информацию для занятий.

Учителям пришлось обучаться новой системе образования. Эта профессия полностью изменилась. Цифровизация подразумевает самостоятельное изучение материала. Педагог выступает в роли помощника, куратора, к которому придется обращаться лишь при необходимости.

Цифровизация стремительно стала глобальным трендом. В мире функционируют 35 миллиардов устройств, что позволяет постоянно генерировать данные и обмениваться ими. Эта цифра в 5 раз больше, чем население мира. Все это демонстрирует глобальную вовлеченность в процессы цифровизации и прежде всего, это касается молодежи.

Для нас стали уже привычными такие слова как «поколение Z», «сетевое поколение», «клиповое мышление», «цифровые аборигены» и др. Этими терминами чаще всего характеризуют современное поколение детей и молодежи, которые родились и проходят социализацию в условиях цифровизации повседневной жизни. Основоположниками современной теории поколений принято считать авторов книги «Поколения: история американского будущего, 1584-2069» Нэйла Хоува и Уильяма Штрауса. Согласно их теории, поведение человека зависит от того, в каких условиях он жил и воспитывался в подростковом периоде, т.е. до 12-14 лет. Именно в этот период закладываются поколенческие ценности, которые конструируют личность и поведение людей.

Современная казахстанская молодежь – технологически продвинутая, активная. Исходя из теории Нэйла Хоува и Уильяма Штрауса, люди, рожденные в конкретный исторический период, являются носителями схожих ценностей, сформированных под влиянием социально-экономических, культурно-политических условий и процессов. В этой связи очень важно, чтобы система образования создавала комфортные и эффективные условия для обучения молодежи.

В Казахстане цифровизация технического образования является одним из ведущих трендов в процессе его реформирования. Видение колледжов будущего чаще всего связывается с постепенным переходом всех предметов на облачную систему обучения. Речь идет об онлайн-учебниках и виртуальных лабораториях, открытом образовательном контенте, гибкий и индивидуальный подход к каждому учащемуся. Домашние задания студенты смогут выполнять совместно в онлайн-режиме. Библиотеки в колледже трансформируются в информационно-компьютерные центры. Планируется, что весь учебный процесс будет привязан к ID каждого ученика, что позволит выставлять оценки.

Для реализации познавательной и творческой активности студента в учебном процессе используются современные образовательные технологии, дающие возможность повышать качество образования, более эффективно использовать учебное время и снижать долю репродуктивной деятельности учащихся за счет снижения времени, отведенного на выполнение домашнего задания. Современные образовательные методики ориентированы на индивидуализацию, дистанционность и вариативность образовательного процесса, академическую мобильность обучаемых, независимо от возраста и уровня образования. В школе представлен широкий спектр образовательных педагогических технологий, которые применяются в учебном процессе. Внедрение в образовательный процесс современных образовательных и информационных технологий в образовательный процесс позволит учителю:

- отработать глубину и прочность знаний, закрепить умения и навыки в различных областях деятельности;
- развивать технологическое мышление, умения самостоятельно планировать свою учебную, самообразовательную деятельность;
- воспитывать привычки чёткого следования требованиям технологической дисциплины в организации учебных занятий.

Дает возможность учащимся самостоятельно пополнять свои знания, глубоко вникать в изучаемую проблему и предполагать пути ее решения, что важно при формировании мировоззрения. Это важно для определения индивидуальной траектории развития каждого школьника. Технология использования в обучении активных методов: ролевых, деловых и других видов обучающих игр. Расширение кругозора, развитие познавательной деятельности, формирование определенных умений и навыков, необходимых в практической деятельности, развитие общеучебных умений и навыков. Коллаборативное обучение (командная, групповая работа). Сотрудничество трактуется как идея совместной развивающей деятельности взрослых и детей, Суть индивидуального подхода в том, чтобы идти не от учебного предмета, а от ребенка к предмету, идти от тех возможностей, которыми располагает ребенок, применять психолого-педагогические диагностики личности.

Вывод

С одной стороны, целенаправленная государственная политика цифровизации всех сфер жизнедеятельности общества, в частности, системы образования стал наиболее эффективным ответом на вызовы и риски в условиях вынужденной самоизоляции. Поэтому цифровизация в дальнейшем еще глубже будет проникать в нашу повседневную жизнь и неизбежно трансформировать нашу ментальность.

С другой стороны, все виды дистанционного или онлайн-образования могут лишь частично решать задачи образования, но не смогут полностью заменить многовековое педагогическое наследие человечества и взять на себя миссию образования – формирование всесторонне развитой личности.

Список использованных источников:

1. Андюхов, Б. Кейс – технология – инструмент формирования компетентностей /Б. Андюхова //Директор школы.- 2010.-№4.-С.61-65
 2. Головашкина, Л. Сдвоенный урок как обмен житейским опытом / Л. Головашкина// Педагогическая техника.- 2010.- №1.-С.29-30
 3. Ягодко, Л.И. Использование технологии проблемного обучения в начальной школе /Л.И. Ягодко// Начальная школа плюс до и после.- 2010.-№1.-С.36-38
 4. Новикова, И. Этапы познания: Организация проблемного обучения / И. Новикова // Спорт в школе. Газета Изд. дома «Первое сентября».- 2010.-№4.-С.8
5. Сеть творческих учителей /ИКТ в начальной школе - <http://www.it-n.ru>
6. Даутова О. Б., Крылова О. Н. Современные педагогические технологии в профильном обучении: учебно-методическое пособие для учителей / под ред. А. П. Тряпициной. – С-Пб.: КАРО, 2006.
7. 10. Белый, В.И. О современных тенденциях в распространении методов проектного обучения /В.И. Белый // Школьные технологии.- 2010.-№2.-С.155
8. 23. Селевко Г. К. Современные образовательные технологии и методики учебное пособие.– М.: Народное образование, 1998.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАЗАҚ МУЗЫКАСЫН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Р.О. Тәжі

Қожа Ахмет Яссауи атындағы №123 мектеп-гимназияның мұғалімі, Алматы қ.

Ключевые слова :национальные ценности, казахская музыка, национальное мировоззрение, музыкальная педагогика, программа «Мурагер», игра на домбре

*Резюме:*В статье автор рассматривает важность сохранения национальных ценностей казахского народа в условиях глобализации и национальной музыки.

Методика преподавания домбры в общеобразовательной школе по казахскому музыкальному инструменту является главным условием формирования национального мировоззрения учащихся.

Summary

In the article, the author talks about the importance of preserving the national values of the Kazakh people in the context of globalization and National Music.

The main condition for the formation of the National worldview of students is the methodology of teaching dombra instruments in Kazakh music in general education schools.

Key words

national values, Kazakh music, National worldview, music pedagogy, «Murager» program, playing on a dombra

Біз ғаламдастыру үдерісі жағдайындағы өркениет көшінің сапында тұрған тәуелсіз елдердің біріміз. Егемен ел болғандықтан өз жерімізді, өз елімізді, Отанымызды, тарихымызды, тілімізді, дінімізді, ділімізді және өнерімізді ұлттық үлгіде дәріптеп, насихаттауымыз қажет. Сондай-ақ, жас ұрпақтың мақтанына айналатындай деңгейге көтеріп, Қазақстанның әрбір азаматы өз мамандығы тұрғысынан үлес қосқаны жөн.

Біздің мемлекеттік ұстанған бағытымыз дамыған 30 елдің қатарынан табылу болса, онда бізге қоғамдық дамудың алдыңғы қатарындағы Америка елдері, білім мен ғылымның, мәдениет пен өнердің орталығына айналған Еуропа елдері, шығыстың дамыған Жапония, Қытай, Малайзия, Сингапур, т.б. елдерімен үзеңгі теңестіруге дайын болу керек деген сөз.

Себебі, жаһандану ешкімнің қалауына көне қоймайды, онда тек мықтылар ғана сыналады. Мұхиттардағы алып балықтардың жемтігі майда балықтар болатындығы сияқты, алпауыт мемлекеттердің арасында ұлттардың жұтылып кету қаупі туатындығы туралы саясаткерлер мен ғалымдар жиі айтып жүр. Ғаламдасу үдерісіне қазақ халқы қандай жетістіктерімен барады, не алып барады?

Жарысқа түсер сәтте жан-жақты дайындалу қаншалықты қажет болса, жаһандастыру да мемлекеттегі ұлттардың мықтылығына төреші болады. Жаһандануды ешкім жоққа шығара алмайды: оның жетістігіне әркім-ақ мұқтаж. Ғылым мен техниканың жетістігі экономиканы өрістетеді, халықтың тұрмыстық жағдайын жақсартады, әл-ауқатын көтереді. Адам үшін қолайлы жағдай туғызады. Жыл сайын жаңарған техникалар, сапалы өнімдер, байланыс жүйесі, ғаламторлық мүмкіндіктер, т.б. адам мүмкіндігін кеңейтуде. Бұл әрине, жақсы. Бірақ, жаһандану адамдарды табиғи байланысынан, денсаулықтан, адами қарым-қатынастан айырады. Міне, біз осыдан-ақ, жаһанданудың технократтық бағыт ұстанатындығын білеміз. Адамның бірі-біріне деген мейірімі мен әдебі, туған тілі мен өнерін құрметтеуі, рухани байлығы, ұлттық ерекшелігі деген мәселелер ескерілмейді.

«Әлем бізді құрметтесін десек, өз ұлтымызды және ұлттық бейнемізді алдымен, біздің өзіміз бар сезімімізбен, ақыл-ойымызбен, бүкіл қимыл-әрекетімізбен құрметтеуіміз керек. Өзінің ұлттық бейнесін таба алмаған ұлттардың басқа ұлттарға жем болатынын білгеніміз дұрыс» - түрік халқының патриоты Кемал Ататүрік

Біздің қазақ халқының отаршыл экспансияның ассимиляциялау саясатының, сыртқы күштеудің құрбанына айналған сананы оятудың басты жолы – ұлттық құндылықтарды қайтадан игеру.

Өмір дегеніміз – даму, өзгеріс, қозғалыс, жаңа сатыда жетілу мен жаңа сатыға көтерілу деп түсінетін болсақ, **құндылық** адамның өмірдегі қажеттілігін қанағаттандырушы себеп ретінде пайда болады да белгілі бір мақсатқа негізделіп, түрлі іс-әрекет арқылы, нақтырақ айтқанда орындау тәсілдері арқылы нәтиже береді:

Себеп → мақсат → орындаудың әдіс-тәсілдері → нәтиже

Адам қажеттілігінің басты деңгейі құндылықтарды тану және оларды қабылдау болып саналады. Құндылықтарды тану арқылы адамның әлеуметтік мәдениетін көрсететін іс-әрекеті қалыптасады. Адам іс-әрекетіне яғни, мәдениетіне түрткі болатын - қажеттілік пен мүдделілік. Құндылықтар өмір сүру қажеттігіне орай: жалпыадамзаттық, әлеуметтік, рухани, этникалық болып бөлінеді.

Ресейлік ғалым Н.Д.Никандров «**Құндылықтар тәрбие мақсатының негізі**» деген мақаласында «**құндылықтар өмірде халықтың менталитетінде қалыптасқан ережелерді есепке алады. Құндылықтардың өзгеруі тәрбие мақсатының өзгеруіне әсер етеді**» [1] деген. Шындығында, тәрбие мен құндылықтар тағдыры бір-бірімен тығыз байланысты. Сондықтан да халықтың ділі осы негізде қалыптасады. Ұлттық тәрбиені айтқанда ұлттық құндылықтарды тілге тиек етеміз. Ал, ұлттық құндылықтар жөнінде айтар болсақ, тәрбиемен қорытындылаймыз. Бұл егіз ұғым тәрізді. Себебі, құндылықтың құнын ұғындыруда тәрбие құралын айналып өте алмаймыз. Демек, бұл қазақ халқының ұрпағын тәрбиелеуге негіз болатын ұлттық мәдениеттің тірегі. Бұл жөнінде ұғымның ғылыми тұрғыда ашылған анықтамаларына да сүйенеміз.

Ұлттық құндылықтар – ұлттың өзіндік ерекшелігі, ұлттық мәдениеттің өзгешелігі, ұлттық тілдің байлығы, ұлттық нақыш, ұлттық салт-дәстүрлер, т.с.с деген мағыналы түсінік беріліп, біздің жоғарыдағы ойымызды нақтылай түседі [2].

Ұлттық құндылықтар – қауіпсіздігі сақталған және үдерісті дамыған қоғам мен мемлекеттің, тұлғаның сұраныстарын қанағаттандырушы нәрсе немесе құбылыс және оның қасиеттері, олай болса, жаһандану заманында қазақ елінің дербес қалпын көрсететін тұлғалар тәрбиелеуіміздің қажеттігі айқындала түспек [3].

Олай болса, қазақ халқының ұлттық құндылықтары нені құрайды, қалай жіктеледі деген сұраққа төмендегіше кестемен жауап береміз.

1-кесте. Ұлттық құндылықтар жіктелімі (Р.Т.)

| ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР | | | | | |
|--|--|---|---|--|--|
| Тіл | Діл | Дін | Өнер | Тарих | Отан |
| Байланыс, Қарым-қатынас, Ана тілі. | Салт-дәстүр, Әдет-ғұрып, Ырым-тыйым, Мораль | Аллаһ, Пайғамбар, Құран, Хадис, Парыз, Сүннет, Обал, Сауап, Жұмақ | Музыка, Шешендік, Кескіндеу, Сәулет, Бейнелеу, Қолданбалы қол өнері: Ұсталық, Шеберлік, Ісмерлік | Тарихи кезендер, Тарихи тұлғалар, Тарихи орындар, Тарихи оқиғалар, Зандар. | Туған жер, Өскен ел, Атамекен, Атажұрт, Ауыл, Жер-су. |

Жалпы ұлттық құндылықтардың жалпы адамзаттық құндылықтардан шығатынын ескерсек, әр ұлттың тілі мен діні, ділі, өнері мен тарихы, орналасқан жері – Отаны деген ұғымдар арқылы мазмұны ашыла түспек.

Демек, ұлттық құндылық белгілі бір ұлтқа ғана тән, сол ұлттың дүниетанымы мен тәрбиесіне, жаратылысы мен мінезіне негіз болатын қасиеттерді құраушы дүниелер деп тұжырымдай келе, **ұлттық құндылық – ерекшелік, абырой, мақтаныш туғызатын, ұлттық мәдениет пен ұлттық мінездің – ұлттық дүниетанымның іргетасы** деген түбірлі ойға табан тірейміз.

Дүниетаным – адамның табиғат, қоршаған орта, қоғамдық өмір туралы білімдерінің жүйесі болса, **ұлттық дүниетаным** – ұлтының мәдениетіне негізделген ойлау жүйесіндегі құрылым.

Қазақ мектебіндегі музыка пәні және оның әдістемесі мен мүмкіндіктері туралы ғылыми тұжырым жасап жүрген көрнекті ғалым-профессор С.Ұзақбаева бір сұхбатында осы мәселеде төмендегіше пікір айтады. Сұрақ пен жауап нұсқасын нақты келтірсек:

- **Сізді музыка педагогикасына ғалымдар дайындап жүрген бірден-бір қайраткер-ғалым санайды. Жалпы, бүгінгі күнгі музыка пәні заман талабына жауап бере ала ма? Ұлттық музыканың мектеп бағдарламасы арқылы ұрпаққа берілуі хақында пікіріңіз қандай?**

- Бүгінгі музыка пәні заман талабына 100 пайыз жауап бере алады деп айта алмаймын. Рас, қазір музыка пәні бағдарламалары бірнешеу. Бірақ, осылардың бәрі талпыныс үстінде.

Жақында теледидарда **«Мектептегі музыка пәні ұлттық сана қалыптастыра ала ма?»** деген тақырыпта бір хабар өтті. Осы хабарды көріп отырып түйгенім: бізде ауызбіршілік жоқ. Ортақ ойға табан тіреп, бір шешімге келу жоқ. Әркім өзін көрсетуге берілген мүмкіндік деп өз идеясынан аса алмай, өз пікірлерінде қалуы музыка пәні мұғалімдерінің патриоттығы емес. Шындығында, бір пәннің аясында бірнеше бағдарламаның болуы да жақсы. Бұл ғылыми зерттеу мен сараптау үшін жақсы болуы мүмкін. Бұрынғы Б.Ғизатов ағамыз жасаған оқулықтардың да одан кейінгі Р.Жәрдемәлиевалардың мектептегі музыка пәні үшін жасаған еңбектері ұшан-теңіз.

Ш.Құлманова бастаған авторлар тобының жаңа бастамасы құптарлық болды. Соңғы кезде қайта жасалып жатқан оқулықтардың да (авторлары Ш.Құлманова және М.Оразалиева) өзіндік идеялары бар. Оларды жоққа шығаруға болмайды.

Мен А.Райымбергеновтің де жаңалығы мен еңбегін жоғары бағалаймын. Домбыра аспабын жаппай ойнауға үйретудің әдістемесін ұсыну барысында бірнеше өнерді интеграциялаудың күрделілігі ғылыми сараптауды қажет ететіні сөзсіз. Және бұл бағдарламаның білім беру жүйесіне толық енбеуі, оқу орындарында мамандар даярланбай отырғандығымен де байланысты екендігі.

Қазақ халқының саз өнерін ұрпаққа үйретуді бүгінгі күннің сұранысы тарапынан қолға алу үшін біздің мықты мұғалімдеріміз бен авторлар жинала отырып, неге мінсіз бағдарлама шығармасқа?!

Музыка пәні мұғалімдеріне авторлардың көңіліне қарап мақтай салуы маңызды емес, оқушылардың қабылдауы мен меңгеруіне қарап шешім шығарып, бүгінгі заман талабы және ұлттық музыка төңірегінде «не берген дұрыс, не үйрете аламыз», - деген сұраққа жауап табуға тырысуы қажет.

Аптасына 1,5 сағат немесе 2 сағат болатын музыка пәні арқылы барлық музыкалық жанрды, оған қоса ауыз әдебиетінің кейбір түрлерін бағдарламаны түрлендіру үшін қосып, тіпті нота сауаты мен классикалық музыканы меңгертуге тырысудан қандай нәтиже бар? Тіпті, жалпы білім беретін мектептегі музыка пәні арқылы нота сауатын үйрету қажет пе? Жасыратыны жоқ, жоғары музыкалық білімі болып отырып, нотаны оқудан кібірткітеп жататын аспиранттарды білемін. Ал, мектептегі музыка пәні арқылы нота сауаттылығын үйретем деген нәтижесіз еңбек, бос әурешілік.

Бұрын осы музыка сабағын «ән-күй» деп атайтынбыз. Кейде соның өзі дұрыс па деген ойға келесің. Қазақ мектептеріндегі музыка пәнінде ән мен күйге басымдылық берілуі қажет. Бұл жөнінде А.Райымбергеновтің ойы құптауға тұрарлық. Бірақ, мамандар даярлауда осы проблемалар ескеріліп, музыка пәні мұғалімдері өздерін үздіксіз жетілдіріп отыруы тиіс деген ойдамын [4].

Ұлттық дүниетаным қалыптасуы негіздерінің бірі болып саналатын қазақ өнерінің дәстүрлі түрлеріне арнайы тоқталдық, өйткені қазіргі уақыттағы дүниеге көзқарастың алдыңғы шарттарының бірі ұлттық педагогиканың принциптеріне негізделген оқу бағдарламаларын жасау болып табылады. Сонымен бірге, бұл оқу бағдарламалары қазақ тілі, әдебиет, тарих, поэзия, музыка, қолөнер, би т.б. оқу пәндерін байланыстыра меңгеру қажеттілігін айқындауы керек. Халық өнерінің тілі арқылы оқушының бойында ізгілік қалыптастыру – қазіргі бірінші керегіміз.

«Мұрагер» ұлттық бағдарламасы қазақтың салт-дәстүрі мен домбыра ойнап үйренудің сан ғасырлық тәжірибесіне негізделген бағдарламалардың бірі болып табылады. Бағдарламаның ерекшелігі оның тұтас бір кешенді курс болып саналатынында, яғни балалар тек домбыра ойнап үйренумен шектелмейді, сонымен бірге ою-өрнектің ұлттық технологиясын меңгереді, халық поэзиясының негіздерін, халықтық салт-дәстүрлерді үйренеді. Аталмыш бағдарлама халықтық педагогиканың әдістеріне негізделген тұңғыш бағдарламалардың бірі болып есептеледі.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – өзінің тілін, дінін, дәстүрін, өнерін, әдет-ғұрпын біліп, халқының асыл қазынасының мұрагері сезінетін, өз елін, туған жерін, атамекенін сүйетін Қазақстан Республикасының азаматын тәрбиелеу.

Бағдарлама мынандай педагогикалық міндеттерді көздейді:

- Домбыра сүйемелдеуімен ән айтып, күй тартуды үйрету, қазақтың басқа да халық аспаптарын меңгеріп, айтыс өнерінің дәстүрімен таныстыру.
- Қазақтың кейбір қолөнер түрлерін үйретіп, оқушылардың көркемдік ой-жүйесін қалыптастыру.
- Балалардың шығармашылық ынтасын ой-өрісін, қиялын дамыту.

- Дәстүрлі өнеріміз арқылы қайырымдылыққа, адамгершілікке, ізгілікке тәрбиелеп, мәдениетті, жан-жақты адам етіп шығару.

Бағдарламадағы басты мүдде – домбыра үйрету арқылы олардың жалпы қазақ өнеріне деген ынтасын арттыру.

Домбыра тарту барысында біз халықтың музыка педагогикасына арқа сүйедік. 25 жылдай уақыт осы проблеманың аясында жұмыс атқарып жүргендіктен, бағдарламамен жұмыс істеу барысында кездесетін қиындықтар және оған қатысты әдістемелік қажеттіліктер туындауы.

Домбырамен ән салуға оқушыларды үйретудің әдістемесін бөлек қарастыру керек деген ой келеді. Дауыс қою – бұл 18 жастан кейін қойылады. Бұл кезеңде адам баласы физиологиялық жағынан толық дамып жетіледі. (Мысалы: бұрын музыкалық колледждер вокал мамандығына 8-сыныптан кейін қабылдамайтын. Міндетті түрде 11-сынып бітіру керек).

Домбырамен ән салу мамандығы консерваторияда бар. Енді осында дауыс қою мәселесімен классикалық үлгідегі вокалист-оқытушылар айналысады. (Мысалы, Жүсіпбек Елебековтің, Жәнібек Кәрменовтің, Қайрат Байбосыновтың дауысын қайталаушылар көп)

Ән үйретудің қалыптасқан қоғамдық дәстүрі және ұлттық дәстүрі деген ұғымдарға үніліп қарау, оны зерттеп-зерделеу музыка пәні мұғалімдерінің еншісінде болуы керек. Жай мектептердегі музыка сабағындағы ән айту мен «Мұрагер» бағдарламасындағы домбырамен ән айтудың айырмашылығы жер мен көктей. Яғни, өзіндік ерекшеліктері мен талаптары болатындығы заңдылық. **Біздегі ерекшелік:** әнді орындау үшін мәжбүрлеу емес, ішкі құштарлықты ояту қажет. Сондай-ақ, **домбырамен ән айтуға үйретудің басты талаптары:**

1. Аспапта еркін ойнау;
2. Дауыстың мүмкіндігін білу;
3. Әуеннің бала мүмкіндігіне сай келуі;
4. Ән мазмұнының, мәтіннің бала табиғатына сай келуі, т.б.

Аспапта ойнап отырып белгілі әуенді орындау – бала түгілі үлкендерге қиын. Ал, шындығында баян аспабына, пианиноға қосылып ән айтуға қарағанда, домбырамен ән салу оңай да болуы мүмкін. Себебі, домбыраны дауысқа лайықтауға болады және қолдың қойылымы өзгермейді.

Домбырада сүйемелдей отырып ән айтудың бірнеше әдістерін қарастырамыз. Сол үздіксіз жетілдіріле отырылса (Қағыстарды өзгерте тарту, аккорд күйінде алу). Ән үйреткенде терең иірім, әуендерді аспапта дәл қайталап ойнау мүмкін емес, тіпті қажет те емес шығар. Мысалы, айтыста ақын айтатын түйінді сөзін анық жеткізу үшін аспапта ойнауды тоқтата тұрып немесе белгілі дыбыста тұра тұрады, т.б.

Домбырамен ән айтудың әдістемесін жасауды дәстүрлі музыкалық білім алғандар тезірек меңгеріп кетуі мүмкін. Себебі, Сіздер бала дауысы, мүмкіндіктері, онымен жұмыс істеудің қыр-сырын «домбырашы-орындаушы» педагогтарға қарағанда жақсырақ білесіздер. Сондықтан, осы мәселеге кәсіби тұрғыдан педагогикалық проблема ретінде қарау, біздің бұл бағдарламадан алатын нәтижемізді жақсартып қана қоймайды, балалардың қызығушылығын туғызады. Бәлкім, домбырамен ән салуға үйретудің әдістемесін жасау – ұлттық дүниетанымның кілті болуы да мүмкін. Бұл осы бағдарламамен жұмыс жасайтын педагогтарға қатысты. Домбырамен ән салуға лайықталған жаттығулар (распевка) ойлап табу – мұғалімнің педагогикалық шеберлігін арттырады және оқушылардың машықтануына жол ашады. Әдіс-тәсілдер, жаңаша ізденіске сай жаттығулар домбырамен ән салудың технологиясы болып есептеледі. Мысалы сыныптағы топ болып домбырамен ән салу барысындағы талаптарды төмендегіше бөліп қарастыруға болады.

Домбырамен қосылып ән салудағы аспап орындау талаптары:

1. Домбырамен ән салуға **кіріспе** орындалғанда жаппай орындалады;

2. Бастауға екі қағыс қалғанда жайлату;
3. Ән орындалу барысында аспаптың ырғағын сол қалыпта ұстап, бірақ, дыбысын бәсеңдету.
4. Әннің әр шумағына көшер алдындағы аспапта орындалар әуен кезінде қайтадан дыбысты күшейту.
5. Әуен аяқталғандағы домбыраның қағысының бірдей болуы, аяқтау талаптарының ескерілуі.

Аспаппен қосылып ән орындаудағы тынысты дұрыс алу талаптары:

1. Әнді бастар алдында тыныс алу: дыбысты білдірмей мұрынмен алу;
2. Әуеннің созылу мүмкіндігіне қарай тыныс алу (ауызбен де, мұрынмен де);
3. Тыныс алу мен әуеннің созылуында бірдей болу;
4. Топпен бірге тыныс алып, көппен бірге дыбысты бастау, созу, аяқтауды меңгеру.

Әннің дұрыс орындалуына қойылатын талаптар:

1. Әннің сөзін жатқа білу;
2. Бойды тік ұстап, дыбыстың еркін шығуына мән беру;
3. Ерекше айтуға емес, бірге, бірдей айтуға тырысу;
4. Дыбыс үндестігіне (үндестік заңы) мән беру; (Жүрегіне от жақсын деп)
5. Топпен айтқанда ерекше мән беретін дыбыстар (әріптер: а-о; ы-а, і-ө; е-э;) т.б. (Ахау – ахоу, Табанымнан барад-(ы)о ұзғар өт(і)өп... Белэс, белэс, белэс пэ...)

Ақын Қадыр Мырза Әлі: «Қазақ – нағыз қазақ емес, нағыз қазақ - домбыра» дегеніндей, әлемдік білім мен мәдениет кеңістігінде қазақ баласы өз орнын тауып, өз қолтаңбасын қалдыруы үшін ұлттық өнерді меңгеруі абзал. Ұлттық өнердің кілті де, философиялық негізі де домбыра аспабында жатыр. Өнер пәндері арқылы берілген қандай білім де тез қабылданады, оқушының психикалық, физиологиялық, интеллектуалдық мүмкіндіктеріне салмақ түсірмейді. Сана-сезімі жоғары, шығармашылық деңгейі дамыған, білімді тұлға тәрбиелеу үшін баланы жасынан өнер пәндерін үйретуге күш салуымыз керек.

«Домбыра – қазақтың қасиетті дүниесі. Өзің тарта алмасаң да, қадірлей біл. Себебі, баланың бойына халықтың рухани байлығын сіңіру домбырадан басталады. Домбыраның сырлы сазына ауызданбаған бала уызына жарымаған көтерем қозыдай болады. Домбыраны қастерлей білмеген қазақтың баласы туған халқының жанын білмейді, ал халықтың жанын түсінбеу деген тамыры шабылған ағашпен тең. Ондай ағаш жапырақ жайып сая да болмайды, жеміс те бермейді» - деген Бауыржан Момышұлы. Халықтың біртуар ұлы айтқан бұл пікірдің осал деп көрсетер жері жоқ. Өзектілігін жоймайтын мәселені көтеріп отырғаны айқын. Сондықтан, ұлттың ұрпағының дүниетанымын қалыптастыруда домбыра аспабының мүмкіндігін пайдалана білейік, пайдалана берейік дегім келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. В.Н. Никандров. Педагогика. №3. 1998.
2. Толковый словарь обществоведческих терминов. Н.Е.Яценко. 1999.
3. Прохожев А.А. Национальная безопасность: проблемы теории. М.: РАГС, 1977. С.17
4. Қоңырбаева С. Өнер мен ғылымды тоғыстырған тұлға (п.ғ.д., профессор С. Ұзақбаевамен сұхбат). Білім беру жүйесіндегі Этнопедагогика. №4. 2009 ж.

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕРІНЕ ҚҰРЫЛҒАН МУЛЬТФИЛЬМДЕР АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН ДАМУЫ.

Қайырбайқызы Айкүміс

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты
Орал қ.

Ключевые слова: Мультфильм, анимация, словарный запас.

Резюме: Мультфильм-вспомогательное средство воспитания детей. Очевидно, что у ребенка, который вырос, посмотрев мультфильм, достаточно развито мышление. В статье рассказывается о роли и значении мультфильма в жизни дошкольников. Рассмотрены история казахской мультипликации и значение национальных анимационных фильмов в воспитании и развитии словарного запаса.

Resume: A cartoon is an auxiliary means of raising children. Obviously, a child who grew up watching a cartoon has a fairly developed mindset. The article describes the role and significance of the cartoon in the life of preschoolers. The history of Kazakh animation and the importance of national animated films in the education and development of vocabulary are considered.

Key words: cartoon, animation, vocabulary

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан халқының әл-әуқатын арттыру мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Жолдауында: «Кішкентай бүлдіршіндердің дамуына ықпал ететін үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы мектепке дейінгі білім беруге баса назар аударуға жөн және бұл сатыны олардың шығармашылық және интеллектуальдық қабілеттерін дамыту», –деп баса назар аударған еді.[8]

Ал, мектепке дейінгі білім берудегі тәрбиелеу-оқыту жұмысында басты мақсаты балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі- тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептелінеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісінде тәрбиешінің:

- балалардың сөздік қорларын дамыту;
- жаңа сөздерді меңгерту;
- үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет саналады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ауызекі сөйлеуін қалыптастыруда жеті түрлі міндет қойылған.

1. Сөздік қорын дамыту.

Мектепке дейінгі кезеңде балалар негізгі сөздерді айналасындағы адамдармен қарым-қатынаста қоршаған ортаға байланысты. Әсіресе қоршаған орта.

2. Грамматикалық дағдыларын қалыптастыру.

Сөздік қор – тілдің құрылымдық материалы болып табылады. Грамматика – сөйлемдегі сөздердің өзгеруін қалыптастырады. Сонымен бірге, тілдің сындарлы үлгісін анықтайды.

Бала айналадағы адамдардан грамматикалық дұрыс құрылған сөйлемдерді естіді, осы арқылы ол тілдегі сөздердің үлгісін менгереді. Тәрбиеші баланың өмірден алған сөйлеу қабілетін, оқыту арқылы адам әрі жаттықтырады. Сонымен бірге, балаларға жаңа сөздер үйретеді, грамматикалық дұрыс байланысқан сөйлемдер құрып сөйлеуге тәрбиелейді.

3. Тілдің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеу.

Бала дыбыстарды дұрыс дыбыстауды керек. Сөйлем сөздегі дыбыстардың дұрыстығымен жұмыс жасауда, тәрбиеші фонетика мен орфоэпияның заңдылықтарына сүйенеді.

Бала өзінің ана тілінде сөйлеп, сөйлемдердегі екпінді айыра білуге тиіс. Баланы бір-бірімен сөйлескенде, әдепті, тәртіпті бояуға үйретудің маңызы зор. Оған: амандасу, сөйлесіп тұрған адамына жылы қабақпен қарау назар аудару көпшілік жерде өзін-өзі ұстау білу жатады. Баланы мәнерлер сөйлеуге үйрету керек.

4. Диалог түрінде, әңгімелесу дағдысын қалыптастыру.

Бұған баланың тыңдау қабілеті мен түсінуі, әңгімеге араласуы, сұраққа жауап беруі мен сұрақ қоя білуі жатады. Бұдан, баланың қаншалықты грамматикалық сөздерді дұрыс сөйлегені, сөздік қорының молайғанын білуге болады. Әңгімелесу кезінде, бала өзін-өзі мәдениетті түрде ұстай білу керек.

5. Әңгімелеп сөйлеуге үйрету – монолог түрінде.

Баланың өзінің көрген-білгенін әңгімелеп беруі – мектепке барғанында өте қажет. Мектепте осы қабілеті одан әрі қалай бекиді. Баланың әңгімесінен біз сөйлем немесе сөз құрап сөйлей алуын, сөзінің мазмұнын сөздік қорын қаншалықты меңгергенінен анықтаймыз. Балаларды ауызша әңгімелерді таңдай білуге, оны сосын қайталап айтып беруге үйретеміз.

Сонымен қатар, әңгіме құрап айтуға, шығармашылық белсенділігін қалыптастырамыз. Баланың бұл белсенділігі – бала бақшадағы мейрамдарда, үлкендердің алдына шығып тақпақ айтуға немесе басқа топтың алдына шығып сөйлеуіне деген қабілетін арттырады.

6. Көркем әдебиетпен таныстыру.

Мектеп жасына дейінгі ұйымдарда балалар әдебиетіндегі ең үздік шығармалар оқылып, топтастырылады.

Тәрбиеші балаларды көркем шығарманы тыңдауға түсінуге, шығармадағы кейіпкерлерді суреттеп айтуға үйретеді. Балалар жатталатын тақпақтың мазмұнын ұғып, оны мәнерлеп айта білу керек. Олардың оқуға деген қызығушылықтарын, кітаптың ішіндегі түрлі – түсті суреттерді қарап шығуын, кітаппен жұмысты ұқыпты да дұрыс қолдануларын қадағалау маңызды болып табылады.

7. Балаларды сауат ашуға дайындау. Балабақшадағы тіл дамыту жұмысы – баланы мектепке әзірлейді, бала ауызекі жақсы сөйлеуі тиіс, басқа адамды тыңдай білуі қажет.

Аталған жеті міндеттен басқа баланың сөйлеуімен сөздік қорын дамытуда инновациялық технологияларды қолданған жөн. Соның ішінде мультфильм арқылы мектеп жасына дейінгі баланың сөздік қорын дамытуды қарастырмақпыз.

Әр түрлі жасқа қарамастан балалардың барлығы мультфильмдерді көргенді ұнатады. Ертегі, ойын және адам арасындағы қарым-қатынасты бейнелейтін-мультфильмдер, олар түрлі кейіпкерлермен, жарқын көріністермен әшекейленіп, балалар көңілін баурап алады. Мультфильмдердің кейіпкерлері қоршаған ортамен қарым-қатынас жасаудың әр-түрлі әдістерін бейнелейді. Олар бүлдіршіннің жақсы және жаманды білуге, дұрыс пен бұрыс, ақ пен қараны ажыратуға үйретеді. Бала кез-келген кейіпкермен өзін салыстыра алады, оларға ұқсағысы келеді, өзінің қорқыныштарымен, қиындықтарымен күресуге және қоршаған ортаға мейіріммен

қарауға үйренеді. Мультфильмде жүріп жатқан көріністер баланың ойына әсер етеді.[1]

Мультфильмдер қазіргі заманның мәдени феномені ретінде. Мультфильмдерді көргеннен кейін мақсатты оқытудың әсерінен балалардың кейіпкерлерге деген қызығушылығы артып, шығармашылыққа жағымды эмоционалды көңіл-күй қалыптасады. Осыған сүйене отырып, анимациялық фильмдер балалардың ақыл – ой қабілеттерін дамытуға ықпал ететін, сонымен қатар оларды шығармашылық белсенділікке ынталандыратын заманауи көрнекі құрал деп болжауға болады. Қазіргі уақытта ғалымдар мен практиктердің назары баланы мектепке дейінгі балалық шақтан бастап тәрбиелеу мен дамытудың Инновациялық педагогикалық жүйелерін іздеуге аударылады, қиялды, қиялды дамытудың жаңа әдістерін жасауға, тұлғаның шығармашылық әлеуетін ашуға көп көңіл бөлінеді, анимация мектеп жасына дейінгі балалар мен бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу мен оқытудың осындай құралына айналуда. Мультфильм арқылы балалар қоғамның әлеуметтік-мәдени нормаларына қосыла алады, мораль, жақсы істер, жанашырлық сияқты маңызды ұғымдарды біледі. Бірқатар еңбектерде мультфильмдердің балалардың моральдық мінез-құлқына әсері зерттелді(О. в. Куниченко) ; анимациялық фильмдерді көру процесінде визуалды мәдениеттің қалыптасуына (Е. А. Тупичкина, Н. В. Олейник), бірқатар мақалаларда тілдің лексикограммалық құралдарының дамуына және үйлесімді сөйлеуге назар аударылады (А. А. Гуськова).[2]

Мультфильмдер мектеп жасына дейінгі балаға түсінікті, өйткені олар балаға көптеген процестерді түсіндіреді, әлеммен таныстырады, танымдық және эмоционалды қажеттіліктерді қанағаттандырады. Мультфильм-бұл өнер мен медиа ортаның ең тиімді тәрбиешісі, өйткені ол сөз бен суретті біріктіреді, яғни қабылдаудың екі мүшесін қамтиды: бір уақытта көру және есту. Сондықтан мультфильм қуатты білім беру әлеуетіне ие және беделді және тиімді көрнекі материалдардың бірі болып табылады.[10]

О. в. Куниченко мультфильмдердің үлкен мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік тәрбиесіне әсер ету ерекшеліктерін зерттей отырып, балаға мультфильмдегі адамгершілік құндылықтарды түсінуге және қабылдауға оңтайлы көмектесетін алты жағдайды анықтады.

-Мультфильмді саналы қабылдау және түсіну жағдайы, оның ішінде сұрақтар қою, балалардың пікірлерін ынталандыру және экранда не болып жатқанын түсіну және түсіну тетіктерін өзектендіру, ауызша қабылдауды тәрбиелеу мақсатында болып жатқан оқиғаларды түсіндіру.

-Мультфильмнің моральдық мазмұнын немесе оның жеке эпизодтарын оқшаулау жағдайы, моральдық бағалауды дамытуға, кейіпкерлердің мінез-құлқының себептерін түсінуге ықпал етеді.

-Тәжірибені оятуға, эмоционалды тәжірибені кеңейтуге және балалардың көрген кейіпкерлерге эмоционалды қатынасын жанартуға бағытталған моральдық сезімдердің көрінісі.

-Баланы ересек адаммен моральдық проблемалар туралы диалог қажеттілігін өзектендіруге бағытталған сұрақтар қоюға итермелейтін жағдай

-Баланың назарын мультфильм кейіпкерлерінің моральдық қақтығыстарына аудару жағдайы, олар өз тәжірибесіндегі оқиғаларға ұқсас

-Фильмнің моральдық көзқарастарын кейіпкердің жанашырлығымен, оның орнында өзін көруімен, қиын жағдайдан шығудың жолын іздеумен байланысты өз мінез-құлқына ауыстыру жағдайы.[3]

Мультфильм бұл баланы тәрбиелеудің тиімді әдісі деп айтуға болады.

Мультфильмнің бала өміріне тікелей әсерін қарастырайық:

1. Мультфильм баланы өзіндік мінезі бар тұлға ретінде қалыптасуына көмектеседі.

2. Мультфильмдер арқылы біз кез-келген ұлт өкілдерімен танысып, олардың мәдениетімен, тарихымен, тілі және дінімен таныса аламыз.
3. Мультфильм баланы қиыншылықтан жол таба білуге, проблемаларды шешуге үйретеді.
4. Мультфильмді көріп, керек нәрсені алуды қалыптастырады.
5. Мультфильм адамның өзін қоршаған басқа адамдармен қарым-қатынасын дұрыстауға және оқуда туындаған әр түрлі қиындықтарды жеңу үшін пайдаланылады.
6. Дұрыс мультфильмдердің тәртібі нашар, көмекті қажет ететін балалар үшін көмегі зор.
7. Мультфильмдер көңіл көтереді.
8. Мультфильмдерден жаңа сөздер үйренуге болады. Сол арқылы біз өз ойымызды айта аламыз.[4]

Жақсы мультфильм бала үшін таптырмайтын, оңай қол жетімді білім көзі болып табылады, ол ата-аналарға бала тәрбиесінде баға жетпес көмек көрсете алады. Балаға мультфильммен ұсынылған сабақтарды есте сақтау оңай. Мультфильмнің тәрбие процесіндегі рөлі көмекші болып табылады, өйткені баланы тәрбиелеумен экран емес, баламен көп уақыт өткізетін ересек адам айналысады. Осыған қарамастан, мультфильм-бұл тәрбиенің күшті құралы, өйткені экранда болып жатқан әрекеттер баланың қиялына, оның сезімдеріне, іс-әрекет режиміне, ойлау мен сөйлеу стиліне әсер етеді. Мультфильмдердің басты кейіпкерлері-еліктеуге үлгі, олардан мимика, ым-ишара, мінез-құлық және қарым-қатынас тәсілдерін көшіреді. "Мультфильмдер кейіпкерлердің мінез-құлқын береді. Фильм кейіпкерлерінің іс-әрекеттерінің, сөздері мен әрекеттерінің "жұқпалы" екендігі айқын. Кейіпкерлер жағымды да, жағымсыз да моральдық стандарттардың тасымалдаушысы бола алады. Өз іс-әрекеттерін кейіпкерлердің іс-әрекеттерімен байланыстыра отырып, балалар өздерін және іс-әрекеттерін түсіне бастайды, сүйікті кейіпкерге ұқсауға тырысады"[6].

Анимациялардың көмегімен еңбек тәрбиесін де дамытуға болады. Кейіпкерлер балаларды бір-біріне, ата-аналарына, достарына және жай бейтаныс адамдарға көмектесуге үйретеді, ал жалқау адам мультфильмде басқа кейіпкерлерді мазақ етеді және ақыр соңында кез-келген адамның өмірінде жұмыс қажет екенін түсінеді.

Сондай-ақ сөйлеудің дамуына ықпал етеді. Мультфильм кейіпкерлерінің сауатты және әдемі сөйлеуін тыңдай отырып, балалар сөздік қорын толықтырады, сауатты сөйлеуге және өз ойларын дұрыс тұжырымдауға үйренеді.

Қиялды, ойлауды және есте сақтауды дамытуға көмектеседі. Бала мультфильмнің мәнін зерттеуді, салыстыруды, жалпылауды, себеп-салдар байланысын орнатуды үйренеді. Анимациялық фильм баланың қиялын толықтырады, жарқын әсер қалдырады және балалардың көркем және ауызша шығармашылығының қайнар көзі бола алады.

Анимацияны қолдана отырып, сөйлеуді дамыту мәселелерін шешуге болады:

- үйлесімді грамматикалық дұрыс сөйлеуді дамыту және жетілдіру;
- баланың жалпы мәдениетінің деңгейін арттыру;
- баланың эмоционалдық саласын дамыту;
- танымдық процестерді жетілдіру;
- шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- өнердің әртүрлі жанларына деген сүйіспеншілікті ояту;
- ұжымда жұмыс істей білуге тәрбиелеу[7]

Өзге елдердің балалары сияқты қазақстандық өскелең ұрпақ та Шректің, Олаф пен Спанч Бобтың, Маша мен аюдың, Анна мен Эльзаның кімдер екендігін жақсы біледі, алайда отандық анимация кейіпкерлерін ұмыт қалдыруда. Бірақ бүгінде қазақстандық мультипликацияда кішкентай көрермендерге ғана емес, ересек

адамдарға да қазақ халқының тарихы мен мәдениетінің рухын жеткізе отырып, жақсылық пен мейірімділікке баулитын көптеген мультфильмдер жарық көрді.[10]

Елімізде ең алғаш қазақ мультипликациясының шығуы мен дамуына үлес қосқан «Қарлығаштың құйрығы неге айыр» сюжеті. Мультфильм авторы ҚР Еңбегі сіңген өнер қайраткері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының иегері, Ұлы Отан соғысының ардагері, Ұлттық өнер академиясының профессоры, режиссер-аниматор, қазақ мультипликациясының негізін қалаушы Әмен Қайдар.

Алғашқы мультипликациялық туындысын шығармас бұрын, ол қазақ аңыз-ертегілері мен қиса-дастандарды оқып, қазақ ауыз әдебиетіне үлкен зерттеу жүргізген. «Қарлығаш ұясын бұзуға болмайды!» деген тыйым сөзді естіп өскен ол алғашқы туындысына халық ертегісін арқау етті. Мультфильм жасауға бес адамнан тұратын шығармашылық топ кірісті. Аз уақыттан кейін кейіпкерлер бейнелері салынды. Мультфильм музыкасы белгілі сазгер Нұрғиса Тілендиевке тапсырылды. Қазақтың тұңғыш мультфильмі ұлттық музыкалық аспап домбыра әуенімен әрленді. Ұзақтығы 10 минутқа жететін мультфильм жасауға бір жарым жыл уақыт кетті. «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» тұңғыш қазақ мультфильмі жарыққа шыққан бойда, көрермендердің ыстық ықыласына бөлене бастады. Бүкілодақтық тұсауы кесілген сәттен бастап-ақ, мультфильм шетелдерге ұсынылып, 48 елдің экранынан көрсетілді. Мультфильм 1968 жылы Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) қаласында өткен III Бүкілодақтық кинофестивальде III жүлдені иеленсе, 1975 жылы Халықаралық Нью-Йорк мультфильмдер фестивалінде «Кола Праксиноскоп» жүлдесін жеңіп алды.[9]

1967 жылдан 1991 жылға дейін түсірілген 147 қазақ мультфильмінің 21-і көрсетілді. Олардың ішінде «Ақсаққұлан», «Көзілдірікті қоян», «Қаңбақ шал мен дәу», «Дастархан» сияқты классикалық туындылар бар. Толық метрлі мультипликациялық «Ертөстік» фильмін де шығарылды, және көптеген қара қазақ баласының көңілінен шықты. [5]

Қазіргі уақытта қазақ мультипликациясы жылдан-жылға дамып келе жатыр. Оның дәлелі ретінде соңғы жылдары көрермендерге жол тартқан «Қошқар мен теке», «Қазақ елі», «Маймақ қаз», «Толағай», «Қазақстан барысы» сияқты анимациялық фильмдерді атауға болады. Бірақ та қазақ халық ертегілеріне құрылған мультфильмдер

саусақпен санарлықтай. Қазақстанда «САҚ», «Жебе» секілді бірнеше ірі анимациялық студиялар жұмыс істейді. Солардың ішінде Алматы қаласында орналасқан «Azia animation» студиясы ғана қазақ ертегілеріне құрылған мультфильмдерді жарыққа шығарып отыр.

Солардың бірі-«Үш аю» мен «Аю мен қояндар» ертегісі.

- Мультфильм баланың тіліне түсінікті, күнделікті қарапайым сөздерді қолданған.
 - Бала психикасына кері әсер ететін сюжеттер жоқ.
 - Ормандағы жабайы аңдар тіршілігін түсінікті жеткізе алған.
 - Мультфильмдегі аңдардың бейнесі анық, нақты көрініс тапқан және бала аңдарды атап, айтып бере алады.
 - Кішіге күш көрстепу керектігін, «Бірлік барда-тірлік бар» ұғымдарын осы мультфильмдер арқылы түсіндіруге болады.
 - Мультфильмнің соңы ересек топтың балаларына орыс тілінде сөздерді қайталап айтуға мүмкіндік береді.
- Сонымен қатар «Хан-қалпақ шебері», «Алдар көсенің көңілді оқиғалары» сынды қазақ халық ертегілерінен құрылған мультфильмдерін атап өтуге болады.

Қазақфильм ұсынған «Құйыршық» мультфильмі.

- Жайлаудағы шал мен кемпірдің тұрмыс-тіршілігі бейнеленген.
- Баланы қазақтың бай мұрасымен таныстыратын бірден-бір анимациялық фильм.

-Мектеп жасына дейінгі ерте және кіші топ балалары мультфильм кейіпкерлері айтқан «Ата», «апа», «бала», «көйлек», «шалбар» деген жаңа сөздерді қайталап , игере алады.

-«Қуырмаш», «Әлди-әлди» өлеңдерімен танысып, бірге қайталап орындауға мүмкіндік береді.

- Тәрбиенің эстетикалық, адамгершілік, әлеуметтік, шығармашылық түрлері көрініс тапқан.

-Баланың бойына табиғатты аялау, жануарларға қамқорлық көрсету, үлкендерді құрметтеу ұғымдарын түсіндіре алады.

Мультфильмдер- кітаптар мен теледидар сияқты тәрбие үшін үлкен маңызға ие.Баланың дамуына, оның дүниетанымын қалыптастыруға ықпалын тигізеді. Мультфильмдерді қарау бала үшін көрнекі және қол жетімді. Бала мультфильмнен көп нәрсені үйренеді, таным көкжиегі кеңейеді, қиялы дамиды. Қазіргі заман ақпараттық технологиялардың, әлеуметтік желілер мен ғаламтордың, әр түрлі техникалардың қарыштап дамып тұрған заманы. Еңбектеген сәбидің өзі бүгінгі күнде смартфонның қыр-сырымен етене таныс болып алған. Әлі ақылы толыспаған баланы ғаламтордың жетегінде қалдыру үлкен қасірет пен қорқыныш сияқты. Неге? Өйткені бала сағаттап қарайтын смартфоннан өзіне пайдасыз дүниелерді сіңіріп, уақытын құр өткізеді. Сөйтіп жүріп денсаулығын құртады. Менің ойымша, біздің мемлекетіміз осы бір мәселемен жіті айналысса, тұрақты қолға алса, кереметтей тың дүниелерді ойлап табуға болатын сияқты.Тың дүние дегеніміз жаңағы смартфонға сағаттап танып қою емес, керісінше баланы виртуалды өмірден алшақтату. Бізде кей арналарда мультфильмдер көрсетіліп жатады. Тағы да шетел. Әрине, ол да бала үшін қызық қой. Десе де, отандық туындыға ештеңе де жетпейді. Біздің ата-бабаларымыздан қалған аңыз-әңгіме, ертеке, батырлар жыры, міне, соның бәрін бір арнада тоғыстырып, қайта жаңартып, бүлдіршін қауымға ұсынар болса, нұр үстіне нұр!Оны бала әлбетте қызығушылықпен қарайды. Себебі онда өткен күннің өшпес ізі жатыр. Соның барлығын жастайынан көріп өскен, тыңдап өскен бала өсиет пен өнегеге де бай, ұлтжанды, нағыз рухты азамат пен азаматша болып өседі деп сенемін!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аромаштам М. Дети смотрят мультфильмы: психолого-педагогические заметки. Практика «производства мультфильмов в детском саду. / М. Аромаштам. -М.: Чистые пруды. - 2006. Развитие ребенка. М.: Питер, 2004. - 768с.
2. Гуськова, А. А. Мультфильмы в детском саду. Работа по лексическим темам с детьми 5-7 лет [Текст] / А. А. Гуськова. – М. : ТЦ Сфера, 2017. – 176 с.
- 3.Куниченко О.В. Мультипликационный фильм как средство нравственного воспитания детей старшего дошкольного возраста/ О.В. Куниченко // Известия Волгоградского государственного педагогического университета. - 2013. - №. 7. - 201с.
4. Құлжанов Б.Ж. Семейлік қарым-қатынастардың мәдениеті.- Алматы: Білім, 1986.– 38б.
5. Қазақ ертегілері (Қиял-ғажайып және тұрмыс-салт ертегілері).- Алматы: «Балауса», 2001.- 262 б.
6. . Ившина, Е. Влияние телевидения на эмоциональное развитие ребенка дошкольного возраста/ Е. Ившина, Н.В. Куш// Вестник педагогического опыта . - 2013.-№23. - С.22-24
7. Бурухина А.Ф. Мультфильмы в воспитательно-образовательной работе с детьми: [Текст] / Бурухина А.Ф. // Воспитатель ДООУ. – 2012. – №10.

8. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» // Егемен Қазақстан газеті, 7 ақпан 2008 ж., №136
9. <https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/kino/779/>
10. Maam.ru

ӘОК 37.012.1

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰЖЫМДА ИННОВАЦИЯНЫ ЕНГІЗУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Елеуова А.К.

Педагогика және психология білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Резюме: В статье рассматриваются теоретические основы внедрения инновации в учебный процесс школы. Целью инновационного подхода к образовательному процессу является развитие творческого и критического мышления, возможностей освоения учащимися нового опыта на основе целенаправленного формирования опыта и инструмента исследователя

Ключевые слова: инновация, интернет, интерактивные технологии, электронное обучение

Resume: The article deals with the theoretical foundations of the introduction of innovation in the educational process of the school. The goal of the innovative approach to the educational process is to develop creative and critical thinking, opportunities for students to learn new experiences based on the purposeful formation of the experience and the researcher's tool

Keywords: innovation, Internet, interactive technologies, e-learning

Қоғам дамуының қазіргі кезеңі саяси, әлеуметтік-экономикалық, идеологиялық және басқа факторларға байланысты білім беру жүйесінің алдында бірқатар принципті жаңа проблемаларды қойып отыр, олардың арасында білім берудің сапасы мен қол жетімділігін арттыру қажеттілігін атап өту керек. Академиялық ұтқырлықты арттыру, әлемдік ғылыми және білім беру кеңістігіне интеграциялану, экономикалық тұрғыдан оңтайлы білім беру жүйелерін құру, университеттің корпоративтілік деңгейін арттыру және әр түрлі білім деңгейлері арасындағы байланысты нығайту.

Осы мәселелерді шешудің тиімді әдістерінің бірі - білім беруді ақпараттандыру. Байланыстың техникалық құралдарын жетілдіру ақпарат алмасуда айтарлықтай жетістіктерге әкелді. Компьютерлік құралдар мен телекоммуникация желілерін дамытумен байланысты жаңа ақпараттық технологиялардың пайда болуы білім беру жүйесін дамыту мен жетілдірудің негізі ретінде сапалы жаңа ақпараттық-білім беру ортасын құруға мүмкіндік берді.

Инновацияның мақсаты - дәстүрлі жүйемен салыстырғанда оқушы тұлғасының сапалы өзгеруі. Бұл педагогикалық дағдарысты жоюды көздейтін кәсіби қызметке тәжірибеге белгісіз дидактикалық және білім беру бағдарламаларын енгізудің арқасында мүмкін болады. Іс-әрекеттерді ынталандыру, алынған ақпараттарды өз бетінше навигациялау қабілеттерін дамыту, шығармашылық стандартты емес ойлауды қалыптастыру, ғылым мен практиканың соңғы жетістіктерін пайдалана отырып, балалардың табиғи қабілеттерін барынша ашу арқылы дамыту, инновацияның басты

мақсаты болып табылады. Білім берудегі инновациялық іс-әрекет адамның адамгершілік тұрғыдан өзін-өзі жетілдіруге бағытталған әлеуметтік маңызы бар практика ретінде маңызды, өйткені ол қоғамдағы барлық қолданыстағы тәжірибе түрлерінің өзгеруін қамтамасыз ете алады[1].

Білім кез келген өркениетті қоғамды қалыптастырудың негізі болып табылады. Оның пайда болу негізін оның қалыптасу бастауларынан ала отырып, тәрбиелеу, оқыту әлеуметтік жүйенің дамуына байланысты дамыды және жетілдірілді. Сондықтан білім беру мазмұны әрдайым жаңарып отыруы керек, ғылым мен практикамен қатар жүруі керек, білім беру процесінің әдістері мен технологиялары үнемі жетілдіріліп, адамның практикалық іс-әрекетінде қолдау тауып, мемлекет пен әлеуметтік сұранысты қанағаттандырады

Қазіргі мектепте пәндерді оқытуда түбегейлі өзгерістер енген. Мұғалім мақсаттарының классикалық үштігінде, біріншідаму және әлеуметтендіру мақсатында орын шығады. Және тақырыптың өзімазмұн, мақсатты функцияны іс-әрекет әдістеріне бере отырып, жаңа рөл алады - өзін-өзі дамыту процестерін бастау мен қолдау құралы жәнеоқушының өзін-өзі тануы. Бұл мәселені шешу оқытудың инновациялық технологияларын қолдану арқылы мүмкін болады. «Инновация» (инновация) термині «Дәстүрлі» сын есімінің антонимі ретінде түсіндіріледі, ол әдеттегі, кең таралған әдістер, әдістер мен оқыту техникаларының жиынтығынан шығуды білдіреді.

Білім беру үдерісіне инновациялық көзқарастың мақсаты - шығармашылық және сыни ойлауды, тәжірибе мен зерттеушінің құралын мақсатты түрде қалыптастыру негізінде оқушылардың жаңа тәжірибені игеру мүмкіндіктерін дамыту.Инновациялық білім беру технологияларының басты мақсаты - адамды үнемі өзгеріп отыратын әлемдегі өмірге дайындау. Мұндай тренингтің мәні білім беру процесінің адамның әлеуетіне бағытталуында және оларды жүзеге асыруда жатыр. Білім инновация тетіктерін дамытып, өмірлік маңызды мәселелерді шешудің креативті жолдарын тауып, шығармашылықты адам болмысының нормасы мен формасына айналдыруға ықпал етуі керек.

Технологияның ғылым ретіндегі міндеті аз уақытты қажет ететін ең тиімді, дәйекті білім беру іс-әрекеттерін анықтау және практикада қолдану мақсатында заңдылықтардың жиынтығын анықтау болып табылады.

Сондықтан мұғалімдер келесі инновациялық технологияларды тәжірибеге енгізуде:

- саралау және дараландыру технологиялары;
- одан әрі құрылымдалған және белгілі бір формада модельденген оқу материалын дербес жобалау түрінде сабақ ұйымдастыруды көздейтін жобалау технологиялары: графикалық, таңбалық немесе символдық;
- проблемалық оқыту технологиясы;
- интерактивті технологиялар;
- ақпараттық технологиялар:
 - мультимедия - компьютерлік оқыту бағдарламалары негізінде өткізілетін сабақтар;
 - электрондық оқулықтарға негізделген сабақтар;
 - презентациялар.

Биология сабағын қызықты әрі уақытымды үнемді пайдалану үшін бір сабақтың өзінде түрлі әдістерді өткіземін, мысалы; уақыт шеңбері,кемпіркосақ топтары,қар кесегі, жұптық әңгіме ,ыстық орындық,үш қадамдық сұхбат,стикердегі диалог,стоп-кадр т.б Білім берудегі интерактивті технология (интерактив сөзі-inter (бірлесу) act (әрекет)) сабақ барысында оқушылардың сабаққа қатысуын ұйымдастыратын оқыту барысы. Интерактивті тақта мүмкіндігін пайдалана отырып, өткізген сабақтар мұғалімнің оқу процесінде уақытын үнемдей отырып, оқушыларға көптеген ақпараттарды беруге көмектеседі. Интерактивті тақтаның керемет мүмкіндіктері оқушыларды таңғалдырады, шабыттандырады, қызықтырады. Оқушылар ойнап отырмыз деп ойлайды, шындығында олар қызығып, таңғалып, шабыттанып отырып білім алады деп ойлаймыз.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басым бағыттарының бірі - білім беру ұйымдарына электрондық оқыту (e-learning) енгізу. Мемлекеттік бағдарламада: «Оқушы автоматтандырылған жүйеде жеке портфолиосын, күнтізбесін, күнделігін жүргізеді. Мұғалім күнтізбелік-тақырыптық жоспары бар электрондық дәптерді, сынып журналын, хабарландыру қызметі (алда болатын жоспарлы және жоспардан тыс жиналыстар мен кездесулер туралы оқушылардың ата-аналарына e-mail немесе sms-хабарламалар, есептілік және т.б. жіберу) толтыратын болады. Оқытушылық жүктемені, сабақ кестесін, үлгерім мониторингі мен оқушылардың сабаққа келуін, педагогтің қызметін, есептілікті директордың орынбасары жүзеге асырады. Жүйе әкімшісі оқшау және ғаламдық есептеу желісін, телефон жүйесін немесе дауыс поштасы жүйесін қоса алғанда, көп қолданыстағы компьютерлік жүйенің жұмыс істеп тұруына жауапты болады» – деп көрсетілген[2].

Сонымен қатар барлық білім беру ұйымның қызметкерлері үшін білімдердің біртұтас стандартын қамтамасыз етеді және мынадай мүмкіндік береді:

- педагог ұжымына – тақырыптық жоспарлауды, электрондық сынып журналдарын және күнделіктер жүргізу, білім беру үрдісінде сандық білім беру контентін қолдануға мүмкіндік береді;
- оқушыларға әр түрлі пәндер бойынша өз үлгерім рейтингісінің өзгерістерін қадағалайды, сабақ кестесіндегі өзгерістерді, үйге берген тапсырманы уақытында біледі;
- ата-аналарға өз баласының бағаларын, сабақ кестесін, үйге берген тапсырмаларын, сабаққа қатысу және дайындық сапасын бақылайды, баласының мектептегі оқу үлгерімін және оның қоғамдық қызметіндегі табыстары жайлы біліп отырады;

Сонымен бірге баласының бағалары туралы мәліметті ата-аналардың тілегімен sms-тің түрінде де жолдана алады немесе e-mail бойынша хабарлама алады.

Мектепке біртұтас деректер қорын жасау, электрондық журнал жүргізу, мәліметтердің ашықтығы, ата-аналармен кері байланысты қалыптастыру, оқушылардың бос уақыттын ұйымдастыру мүмкіндігі болады.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында интерактивті технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар әрбір оқушының білім беру үрдісіне шығармашылық қабілетін дамытуға айқын мүмкіндіктер береді. Сондай-ақ оқушының танымдық іс-әрекеттері күшейіп, өзіндік жұмыстарды тез орындау мүмкіндіктері артады[3].

Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз - білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі. Бұл процесті іске асырудың негізгі құралы компьютер болып табылады. Енді, осы ақпараттық технологияларды жүзеге асырудағы жұмыс түрлеріне тоқталып өтуді жөн көрдім.

Ақпараттық технологиялардың бірі - интерактивтік тақта, мультимедиялық және онлайн сабақтары. Өзіміз қызмет жасайтын мектепте жаңа ақпараттық технологияларды қолдану кеңінен қарастырылған. Мектеп кабинеттерінде интерактивті тақта орнатылған. Сондықтан бұл тақтамен әр сабақты қызықты өткізуді ойластырып, жоспарлаймыз.

Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік береді. Ол үшін мұғалім өткізетін сабағының түрін дұрыс таңдай білуі қажет.

Ақпараттық-технологиялық құзіреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);

Ақпараттық технологиямен оқыту барысында оқушылардың дайындық деңгейін анықтау, келесі деңгейге өткізу сияқты жұмыстарды мұғалім орнына компьютердің

басқару мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, оқушылардың дайындық деңгейлерін компьютер анықтап, егер оқушы білімі қанағаттандырса келесі тапсырмаға өтуге рұқсат береді, яғни мұнда оқытуды тікелей компьютер басқарады.

Ақпараттық технология негізінде оқушы ақпараттық кеңістіктен өз бетімен білім алып, өзін-өзі дамыта алады.

Компьютер жұмысының тиімділігін құрайтын бір бөлік ол - Ғаламтор желісінің қызметін пайдалану. Ғаламтор желісінде көп мұғалімге де, оқушыға да қажет көптеген сайттар бар. Қашықтықтан ұйымдастырылған әр түрлі байқаулар мен олимпиадаларға қатысу балалардың дүниетанымын кеңейтіп, оқуға деген қызығушылығын арттыра түседі. Бүгінге дейін біз 100% ғаламтор желісіне қосылуға қол жеткіздік. Компьютер техникасын тиімді пайдаланудың өлшемі болып, оны басқа да пәндерді оқыту кезінде қолданады.

Ғаламторда қажетті материалдарды іздеп табуға, сондай-ақ түрлі пәндерді оқыту бойынша сабақтардың толық кешендері[4].

Компьютер уақытты үнемдеуге және көрнекілік материалдарды тиімді пайдалануға да болады. Оқу-тәрбиелеу үрдісіне ғылым негіздерін тереңірек оқытуға, оқушылардың танымдарын кеңейтуге, түрлі бағдарламаларды меңгеруге бағытталған үйірмелер, факультатив пен курстар енгізу компьютерлік техниканы тиімді қолдану жағдайының бірі болып табылады.

Ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, дидактикалық тұрғыдан негізделген оқыту және оқушының оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыру жұмыстарында ақпараттық технологияны қолдану моделі жасалды. Болашақта білім беру компьютер технологияларының дамуымен тығыз байланыста болатыны анық. Сондықтан да электрондық оқыту технологиясын мектептерде оқу үрдісіне қолдану қазіргі білім берудің көкейкесті мәселесі болып саналады.

Қазіргі заманғы жаңа ақпараттық технологияны қолдану арқылы оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейін қарқындалту, яғни, оқу үрдісінің сапасы мен тиімділігін, танымдық іс-әрекет белсенділігін көрсету, пәнаралық байланыстарды тереңдету, қажет ақпаратты іздеу тиімділігі мен көлемін кеңейту.

Мектепті ақпараттандыруға мемлекет тарапынан қашанда үлкен экономикалық қолдау көрсетіліп, оны оқыту, үйрету мәселесі бүкіл халықтық деңгейге көтерілсе ғана біздің еліміз өндірістің жоғарғы психологиясын меңгерген дүниежүзілік бәсекеге төтеп беретін, өндіріс өнімдерін өндіре алатын алдыңғы қатарлы мемлекетке айналары даусыз. Өйткені, “Қазіргі стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет” деп, Елбасы атап көрсеткендей, жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы өте зор.

Жаңа педагогикалық технологиялардың барлық бағыттары психологиядағы гуманистік көзқарасқа қатысты басты ерекшелігі - адамның даралығына, оның жеке басына ерекше назар аудару, өз бетінше сыни ойлауды саналы түрде дамытуға бағытталған бағыт. Бұл тәсіл әлемдік педагогикалық тәжірибеде негізінен дайын білімдерді игеру және оларды қайта жаңғыртуға негізделген дәстүрлі тәсілге балама ретінде қарастырылады[5,6].

Бұл арада айтылғандар авторлардың педагогикадағы революциялық қайта құруларға деген ұмтылысын білдірмейді. Біз тек қана эволюциялық үдеріс туралы, бүгінгі күннің қажеттіліктерін ескеретін, сыныптағы сабақ барысында дайын білімді игеруден бастап әр оқушының өзіндік ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, оның дербес белсенді танымдық іс-әрекетіне дейінгі басымдықтардың өзгеруі, сабақ жүйесіне әрдайым сәйкес келе бермейтін іс-әрекет туралы айтуға болады. Егер осы педагогикалық технологиялардың әрқайсысы осы немесе басқа дәрежеде, сондай-ақ өз араларында интеграцияланып, оқу-тәрбие процесінде өз орнын тапса, онда дәстүрлі жұмыс әдістері мен формаларын ығыстыра отырып, біртіндеп, табиғи түрде, ұйымдастырудың ең

оңтайлы тәсілін дамытуға болады. орыс мектебінің және біздің мәдени ортамыздың ерекшеліктерін ескере отырып, біздің жағдайымыздағы оқу процесі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. С.Т.Мұхамбетжанова, Ж.Ә.Жартынова. Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. Алматы, 2008ж.
2. А.Иманбаева, Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлігі. Қазақстан мектебі, №2, 2000 ж.
3. Орта мектеп жаршысы. Республикалық оқу-әдістеме журналы, № 2, 3, 2011 ж.
4. Оқыту –тәрбиелеу технологиясы Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, №3, 2010ж.
5. С.Т. Мұхамбетжанова. Ғ.Н. Толықбаева, Ж.Ә.Жартынова. Электрондық оқыту бойынша мониторингінің жүргізу әдістемелік құралы. Алматы 2011
6. А.А.Мұхамбетжанова, С.Т.Толықбаева, Ғ.Н.Жартынова Ж.А.Коровина. Объектіге бағдарланған «MOODLE»ортасы арқылы білім контенттерін жасау.

УДК 002.6:89

ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУДЕ СМАРТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Наурызалиева Ж.С.,

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің
1-курс магистранты, Орал қаласы

Ключевые слова: *Цифровое обучение, учебные платформы, онлайн уроки, электронные книги, образовательные ресурсы.*

Резюме: *Концепция Smart-образования – гибкость, предполагающая наличие большого количества источников, максимальное разнообразие мультимедиа, способность быстро и просто настраиваться под уровень и потребности слушателя.*

Resume: *The concept of Smart education is flexibility, which implies the presence of a large number of sources, the maximum variety of multimedia, the ability to quickly and easily adjust to the level and needs of the listener.*

Key words: *Digital learning, learning platforms, online lessons, e-books, educational resources.*

Біз өзгерістер қарсаңында тұрмыз және әлемдегі жаңа білім беру жүйесі - цифрлық білім берудің қалыптасу процестеріне қатысамыз. Смарт - "ақылды" дегенді білдіреді, ал смарт білім беру - бұл автоматтандырылған, басқарылатын және кез келген жерден қолжетімді білім беру процесі-мектепке кіруге арналған ең күрделі жүйе. Smart education- бұл барлық білім беру процестерін, сондай-ақ осы процестерде қолданылатын әдістер мен технологияларды жан-жақты модернизациялауды қамтитын тұжырымдама. Smart тұжырымдамасы білім беру бөлімінде ақылды тақта, ақылды экрандар, Интернетке кез-келген жерден кіру сияқты технологиялардың пайда болуына әкелді. Осы технологиялардың әрқайсысы мазмұнды дамыту процесін (сайтты толтыру, толықтыру), оны жеткізу және жаңарту процесін жаңа жолмен құруға мүмкіндік береді. АКТ (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар) дамуының қазіргі кезеңінде классикалық білім беру технологияларын ғана емес, сонымен қатар технологияларды да қанағаттандыра алмайтын қажеттіліктер жиі туындайды.

Қазіргі уақытта e-learning (электрондық) жүйесінен Smart (ағылш. – Ақылды, тез ойлы, жігерлі) жүйесіне ауысу жүріп жатыр e-learning және Smart Education (ақылды білім).

Білім беруді дамыту үшін адами капиталдың әсері жеткіліксіз. Білім беру ортасын өзгерту қажет, еңбек ресурстарының білім беру көлемін ұлғайту ғана емес, білім беру мазмұнын, оның әдістерін, құралдары мен ортасын сапалы өзгерту керек, SMART-білімге көшу қажет. Талдамалық, кешенді проблемаларды шешу дағдылары, инновациялылық – жаңа идеяларды дамыту және оларды енгізу қабілеті, мәдениетаралық коммуникация дағдылары сияқты құзыреттерді дамыту қажет.

Смарт білім беру цифрлық педагогиканың жаңа ұғымдарын біріктіреді :

- * ашық білім беру ресурстары
- * жаппай ашық онлайн курстар
- * оқу платформалары
- * электрондық оқулықтар
- * электронды кітапханалар
- * ашық лицензиялар
- * мобильді оқыту
- * сандық бейне байланыс
- * жаһандық медиа
- * білім беру ұйымдарын басқарудың автоматтандырылған жүйелері
- * электрондық портфолио және жеке электронды кабинеттер...

Білім берудегі SMART тұжырымдамасы кәсіби қызмет пен жеке өмір процесін жеңілдететін әртүрлі ақылды құрылғылардың (смартфон, ақылды үй, smartcar – ақылды автомобиль, Smartboard – интерактивті зияткерлік электрондық тақта, компьютердің қатты дискісінің өзін-өзі диагностикалау жүйесі) өмірімізге енуінен кейін пайда болды. SMART қандай да бір қызмет түрі үшін қоршаған ортаны қалыптастыратын құрылғылардың зияткерлік деңгейін арттыруды білдіреді. Бұл тұжырымдаманы білімге беру бастапқы кезеңде, терминдер мен негізгі ұғымдар қалыптасу процесінде өтеді.

Соңғы онжылдықта жаңа технологиялардың пайда болу жылдамдығы едәуір өсті, жыл сайын өндірушілер кәсіби қызмет пен коммуникацияға арналған жаңа құрылғыларды ұсынады. Жаңа ақылды SMART технологиялары білім беру және SMART құрылғыларын кеңінен пайдалану үшін қолданылатын платформаларды өзгертуді талап етеді. Жалпы және кәсіптік білім беру мазмұны жағынан да, оқыту технологиялары мен әдістері тұрғысынан да тез жаңартылатын салалардың бірі болуға тиіс. Білім мен технологиялардың жаңару жылдамдығы білім беру жүйесі сапасының өлшемі ретінде қаралуға тиіс.

Microsoft Power Point немесе Macromedia Flash сияқты бағдарламалық пакеттерде жасалған мультимедиялық презентацияларды қолдана отырып, оқу сабақтарын өткізу нормадан қалуда. Себебі, таныс презентациялық технологиялармен (Microsoft Power Point, Macromedia Flash) қатар, білім беру саласына слайд-шоу түрінде презентация дайындауға мүмкіндік беретін платформалар еніп жатыр.

Интерактивті жабдықты қолдана отырып, материалды ұсынудың жаңа формасы (SMART Boards интерактивті тақталары, Sympodium интерактивті дисплейлері) - баяндамашы сөйлеген кезде жасаған презентация-осы жерде және қазір жасалған презентация. SMART Boards интерактивті тақталарында арнайы маркермен жазуға, оқу материалын көрсетуге, экрандағы суреттің үстіне жазбаша түсініктеме жасауға болады. Бұл ретте SMART Board интерактивті тақтасына жазылғандардың барлығы оқушыларға беріледі, магниттік тасымалдағышта сақталады, басып шығарылады, сабақта жоқ оқушыларға электрондық пошта арқылы жіберіледі. SMART Board интерактивті тақтасындағы дәріс кезінде жасалған оқу материалы кіріктірілген бейне карта арқылы жазылады және оны бірнеше рет ойнатуға болады.

Synhroneyes бағдарламалық пакетін қолдана отырып, мұғалім оқушылардың не істеп жатқанын бақылай алады, оқушылардың барлық жұмыс мониторларын тақтаға шығарады, оқушылардың мониторларын блоктайды, интерактивті тақтадан оқу материалын жібере алады.

Интерактивті тақтада жұмыс істеу кезінде оқушылардың зейіні жақсарады, Оқу материалы тезірек игеріледі. Білім беру саласына жаңа технологияларды енгізу білімді репродуктивтік берудің ескі схемасынан оқытудың жаңа, креативті нысанына көшуге алып келеді. Қазіргі білім берудің басты міндеттерінің бірі - оқушылардың білім алуға тұрақты ынтасын қалыптастыру, екіншісі-шығармашылық шешімдердің көмегімен осы білімді игерудің жаңа нысандары мен құралдарын іздеу.

Әрбір оқушы осы әлеуетті толық көлемде іске асыруы және жаңа білім беру нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз етуі үшін ақылды, зияткерлік білім беру ортасы құрылған мектеп жұмысының жаңа моделіне көшу талап етіледі.

"Ақылды" немесе Smart-ортаны жобалау бұқаралық мектептің негізгі міндетін шешудің құралы, тетігі ретінде қарастырылады – Білім беру процесіне қатысушылардың әртүрлі топтарының білім беру қызметтерінің кең спектріне тең қол жетімділігі, басқару механизмін жетілдіру және нәтижесінде білім сапасын жақсарту үшін жағдай жасау.

Мектептегі интерактивті Smart-орта моделінің элементтері бәсекеге қабілетті түлектерді алуға қоғамның талаптары, білім беру процесіне қатысушылардан ақпарат алу қажеттілігінің болуы, мақсатты қалыптастыруға, қажетті педагогикалық, материалдық-техникалық және ақпараттық-әдістемелік талаптары болып табылады.

Материалдық-техникалық және ақпараттық-әдістемелік жағдайлар барлық пәндік салалар мен сабақтан тыс іс-шаралар жабдықтарының толық жиынтығын қамтамасыз етеді. Сыныптарда компьютерлер, принтерлер, сканерлер, web-камералар, проекторлар, интерактивті тақталар орнатылуы тиіс. Мектептің ақпараттық желісі мен интернетке сымсыз қолжетімділік қамтамасыз етілген болуы керек.

Қашықтықтан оқыту жүйесін құру білім беру мекемесінен тыс түрлі дәлелді себептер бойынша оқитын білім алушыларға оқуын жалғастыруға мүмкіндік береді. Қашықтықтан оқыту жүйесі қосымша білім беру қызметтерін енгізуге мүмкіндік береді, мысалы, курстардан өту нәтижелерін мұғалімге бере отырып, "мемлекеттік қорытынды аттестаттауға дайындық", ол оқу жоспарларына уақтылы түзетулер енгізе алады. Сонымен қатар, мұны үйде де, мектептегі Интернетке кіру нүктелерінде де жасауға болады. Бұл түлектердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, білім алушылардың білім сапасын арттыруға жағдай жасайды.

Қашықтықтан оқытуды жүзеге асыру кезінде техникалық сипаттағы проблемалар бірінші қатарға шығады. Мұндай жоспардың кейбір мәселелері оқушыға тәуелсіз туындауы мүмкін. Оларға байланыс желілерінің өткізу қабілетінің нашарлығы, телекоммуникация желілерінің өсіп келе жатқан жүктемеге жауап бере алмауы және тіпті Интернетке кіру мүмкіндігінің болмауы жатады. Сондай-ақ, оқушының сабаққа дайындығына, оның қажетті жабдықтармен жабдықталу дәрежесіне тікелей байланысты техникалық қиындықтар бар. Толыққанды қашықтықтан жұмыс істеу үшін білім алушыға компьютер, ноутбук немесе планшет, сондай-ақ бейнекамера мен құлаққап қажет. Өкінішке орай, оқушылардың барлығы бірдей жұмыс орнын техникалық қамтамасыз ету мәселесіне саналы түрде жүгінбейді. Нәтижесінде, мысалы, бейнекамералар болмаған кезде, оқушылар оларды көру мүмкіндігінсіз онлайн-сабақта болады. Бұл мұндай оқушылардың оқу процесіне қатысу дәрежесін бақылай алмайтын мұғалім үшін де, Қашықтықтан оқытудың барлық басқа қатысушылары үшін де қиындық тудырады.

Сонымен қатар, қашықтықтан оқытудың психологиялық аспектілерін атап өткен жөн. Әр оқушының өзіндік "өзіндік бейнесі" бар. Кәдімгі аудиториялық сабақтың шеңберінен бірінші рет шығып, онлайн-сабақтың ортасына, мысалы, бейнеконференцияға кіре отырып, оқушы өзінің әдеттегі "мен" бейнесін ноутбуктің экранында көретін

нәрсемен сәйкес келмеу проблемасына тап болуы мүмкін. Ол өзінің дауыстық хабарламаларын тыңдау кезінде де осындай проблемаларға тап болуы мүмкін. Білім алушы өзінің бейнесіне және "жағынан" дауысына үйренуі үшін уақыт қажет болады. Білім алушыға, айтуға тура келеді танысуға тағы да өз-өзімен, білу басқа қалпын. Психологиялық қиындықтар мұнымен шектелмейді. Сонымен, қашықтықтан оқыту кезінде оқытушымен және басқа оқушылармен визуалды байланыс болмаған кезде, эмпатия сияқты маңызды психологиялық ресурс оқу процесінен ішінара алынып тасталады, бұл оқытудың интерактивті әдістерін енгізуге және оқу мақсаттарына қол жеткізуге теріс әсер етуі мүмкін. Сондай-ақ, сабақтардағы сезімтал сезімдердің маңыздылығы туралы ұмытуға болмайды. Оны жақсы түсіну үшін тақырыпқа қол тигізу, қол тигізу мүмкіндігі әсіресе жас студенттер үшін өте маңызды. Қашықтықтан оқыту кезінде тактильдік қабылдау сияқты аспект алынып тасталады және ең жақсы жағдайда білім алушы пәннің аудиовизуалды бейнесін ғана ала алады.

Біріншіден, МДҰ интернет ресурстары мен қызметтерін кеңінен пайдалануға негізделеді, сондықтан білім алушы ақпараттық технологиялар саласында құзыретті болуы тиіс. Екіншіден, тәжірибе көрсеткендей, қандай да бір пән бойынша бастапқы дайындық деңгейі бар білім алушылармен қашықтықтан жұмыс істеу формаларын қолдану күндізгі оқыту нысандарын пайдалану сияқты тиімді емес. Қашықтан оқытуға кіріспес бұрын, дәстүрлі аудиториямен жұмыс істеу арқылы негізгі білімді алған жөн.

Қашықтықтан оқытуда интерактивті әдістер мен технологияларды қолдану мынадай шарттарды сақтау кезінде айтарлықтай тиімді болуы мүмкін:

- Қашықтықтан оқытуды тек пәндік саласына ғана емес, сонымен қатар ақпараттық технологиялар мен интернеттегі қарым-қатынастың психологиялық ерекшеліктерін білетін жоғары білікті маман ұйымдастырады.
- Оқытушы Қашықтықтан оқытудың әртүрлі интерактивті әдістері мен технологияларын қолдануға цифрлі құзыретті.
- Виртуалды Білім беру платформасы педагогикалық тұрғыдан сауатты таңдалады.
- Оқу процесінің барлық қатысушылары қарым-қатынас мәдениетіне ие болады.
- Бақылау мен тестілеудің ыңғайлы және объективті жүйесі қарастырылады.
- Оқу процесіне қатысушылардың өзара іс-қимылының тиімді жүйесі ойластырылады.

Қорытындылай келе, бүгінгі таңда Интернет білім беру мазмұнын білім алушыға жеткізу құралы болып табылатындығын атап өткен жөн. Бұл ретте Дүниежүзілік ақпараттық желі Қашықтықтан оқытудың техникалық құралы ғана емес, қашықтықтан оқытуда интерактивті өзара іс-қимыл қағидаттарын іске асыратын білім беру-ақпараттық органы білдіреді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Абдурахманова А.Т. «Оқушылардың танымдық және психоэмоционалдық саласына онлайн-оқытудың әсері // ғылым мәселелері», 2019. № 8 (141).
2. Полат В.Т. «Қашықтықтан оқыту: идеялар, технологиялар, проблемалар мен перспективалар». М., 2005.
3. Уваров А.С. «Мектептегі Информатика: кеше, бүгін, ертең // Информатика және білім, 1990. № 4.
4. Конышева А. В. «Қашықтықтан оқыту бойынша оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру». СПб.: КАРО, Мн.: "Төрт тоқсан" баспасы, 2005. 208 б.

**II ҰЛЫ ДАЛА ОЙШЫЛДАРЫ МҰРАСЫНДАҒЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК
ТӘРБИЕ**
**II ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ В НАСЛЕДИИ МЫСЛИТЕЛЕЙ
ВЕЛИКОЙ СТЕПИ**
**II SPIRITUAL AND MORAL QUALITIES OF YOUTH IN THE HERITAGE OF THE
GREAT STEPPE THINKERS**

ӘОК 130.2

Әл-Фараби трактаттарындағы адамгершілік мәселелері

Рысбеков Тұяқбай Зейітұлы,
М.Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қ.
Шынтемірова Баян Ғаббасқызы,
Батыс Қазақстан инновациялық-
технологиялық университеті, Орал қ.

Ключевые слова: философские трактаты, нравственное воспитание, прекрасное и гармония.

Резюме: Нравственное воспитание это целенаправленное воздействие на сознание, чувства и поведение человека. Оно формируется и развивается в течение всей жизни. Эта проблема занимает центральное место в социально-этических трактатах великого ученого средневековья – Әбу Насыр әл-Фараби.

Summary: Moral education is a purposeful influence on the consciousness, feelings and behavior of a person. It is formed and developed in the process of all life. This problem is central to the social and ethical treatises of the great scholar of the Middle Ages-Abu Nasir al-Farabi.

Key words: philosophical treatises, moral education, gorgeous and harmony

Біріктіруші ұлттық идеология өмір үшін маңызды және оның болуы елдің және оның азаматтарының қалыптасуы мен одан әрі гүлдену мүддесіне қажет. Бұл құнды кеңістіктің тірек көздері – ортақ Отан, әлеуметтік әділеттілік, адамның қадыр-қасиеті, елдің халықаралық мойындалуы.

Студенттік қауымдастықта идеология бірнеше конструктивті (сындарлы) функцияларды атқаруға тиісті. Атап айтатын болсақ: жастарға тиімді және демократиялық ділді (менталитет) жасақтауға көмектесу; демократиялық саяси мәдениеттің құндылықтары мен ережелерін ұғып алу. Жастардың демократиялық санасының дамуы оларда азаматтық борыш сезімін, қоғам мен мемлекет алдындағы жауапкершілікті, теориялық және күнделікті жұмыста, лаңкестік пен радикализмге шектеуді нығайтуға ықпал етеді.

Тұлғаны оның барлық творчестволық әлеуетін анықтау мақсатында дамыту және тәрбиелеу – бүгінгі таңда философия, мәдениеттану, білім, педагогиканың өзекті идеясы. Дамып келе жатқан тұлға, білім мен мәдениеттің жағдайы және даму бағыттары жөніндегі барлық ғылыми білім жиынтығын интеграциялау арқылы ғана қазіргі кездегі жастармен жұмыстың маңызы мен рөлін анықтауға болады. Басты бағыт – интеллектуальды және шығармашыл тұлғаны дамыту.

Қазіргі заманда қоғам өмірінде адамгершілік бастаманың рөлі өсіп, рухани факторлардың әрекет ету саласы кеңеюде.

Адамгершілік тәрбиенің мақсаты – адамның құндылық саласын, оның басқа адамдар мен өзіне деген қатынасын қалыптастыру. Тұлғаның мағынасын, индивидтік құндылық жүйесін білімді (ақпаратты) беру арқылы, болмаса педагогтың тікелей әрекетімен қалыптастыру мүмкін емес. Өйткені олар жекелік, дайын түрде қабылдануға тиісті емес, олар өз бетінше жасалуға тиісті. Міне, сондықтан да адамгершілік тәрбиесі білім беруге қарағанда қиындау процесс.

Бұл күрделі процеске ежелгі заманнан-ақ көрнекті ғұламалар ерекше көңіл бөліп, арнайы трактаттар арнаған. Сондай ғұламалардың бірі, бірі емес бірегейі – Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлағ әл Фараби ат Турки (870-950).

Ғұламаның ғылыми-философиялық еңбектерін байыптап қайта қарау барысында оның педагогика тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі болғандығын көреміз. Ол – шығыс елдерінде тұңғыш сындарлы педагогикалық жүйе жасаған ағартушы-оқымысты. Оның пікірінше, жас ұрпақтың сана-сезімін қалыптастыру үшін үш нәрсенің ерекшелігін жүйелеп, дәйектеп алу шарт:

- 1) Баланың ішкі ынта-ықыласын, құмарлығы;
- 2) Ұстаздың шеберлігі, ар тазалығы;
- 3) Сабақ процесінің алатын орны [1, 20 б.]

Әл-Фараби адам бойындағы ізгіліктер екі түрлі бастапқы жолмен болады, яғни үйрету және тәрбиелеу дейді. Ол ұлттық тәлім-тәрбие мен білімді қатар беру арқылы халықты кемелдендірудің мақсатын анықтап, орындау жолдарын да көрсетті. Ғұлама ғалым ұлттық білім беру ісі мен ұлттық тәрбие ісін біріктіре қарауды жалпы адамзаттың ісі деп қарады. Сондықтан да әлемнің екінші Ұстазы тәрбиесіз білім адамзаттың қас жауы болатынын қатты ескертті.

Әл-Фараби тәлім мен тәрбиенің орнын ашып көрсетеді. Ол тәлім дегеніміз – халықтар мен қалаларға теориялық ізгіліктерді дарыту деген сөз. Тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту деген сөз. Тәлім тек сөзбен іске асырылады, ал тәрбиелеу кезінде халықтар мен қалалықтарға білімге негізделген қасиеттерден тұратын іс-әрекеттер жасау дағдысы сіңіріледі, осы әрекетті жасау тілегі қоздырылады. Сөйтіп, осы қасиеттер мен бұлармен байланысты әрекеттер адамдардың жан дүниесін баурап алатындай және адамдарды осыған жан-тәнімен құштар ететіндей болуы көзделеді [2, 450 б.].

Ақыл-ой, адамгершілік этикалық адамгершіліктен айырғысыз нәрсе. Ғұламаның ойынша ақылды, демек, ол адамгершілігі мол, қайырымды адам. Жетілу үшін өзіңе өзің барынша адал болуың қажет, мұның әсіресе өз бойыңда бар абзал қасиетті тани білуге, соларға ие болуға және соны дамытуға қатысы бар.

Ғұлама ғалым әл-Фараби – әрі ұстаз, ағартушы. Оның бүкіл философиялық ізденістері мен пайымдары адамды барынша кемелдендіру, дамыту мақсатына бағытталған. Ол шартты түрде адамды нағыз бақытқа, мұратқа бастайтын негізгі құрал ретінде мінез-құлық, адамгершілік және ақыл-ой, интеллектуалды тәрбие мәселелеріне зор мән береді. Ол адам баласын жаратылыстың, бүкіл жан иесі атаулының биік шоқтығы ретінде құрметтеу қажеттігін көрсетеді. Өзінің ғылыми тұжырымдарында ақыл-ой мен білімнің биік мәнін дәріптейді. Әл-Фараби былай дейді: «Өмірдегі заттар табиғи түрде

болатын заттар және адамның еркімен жасалатын заттар болып бөлінеді, соңғылары теориялық ғылымдар арқылы емес, кәдімгі ұғымдар арқылы танылады. Сондықтан бұлар басқа қабылет пен болмыс мәнін қажет етпейді... Болмыстың мәні мен қабылеті дегеніміз – ойлау қабылеті; ойлау қабылетінің объектісі болып табылатын заттар олардың тек түпкі мақсатқа жету жолында келтірер пайдасына ғана қарай анықталады. Анықтаушының міндеті – өз алдына түпкі мақсат қойып, мұны бірінші кезекте ұсыну, онан соң осы түпкі мақсатқа жетуге және осы міндетті орындауға септігін тигізетін заттарды зерттеуде... ізгі мақсатқа қажет және ізгі мақсаттағы ең пайдалы нәрсе – сол мақсаттағы ең әдемі нәрсе. Мұндай ойшылдық ізгілік ойшылдық азаматтық ізгілік болып табылады... Егер көзделетін мақсат жалған ізгілік болса, онда бұл мақсатқа жету үшін керекті заттардың да жалған болғаны... Ойшылдық ізгілік дегеніміз – әлденедей бір ізгі мақсатта барынша көп пайда келтіретін нәрсені анықтауға жұмсалатын ізгілік. Жамандықты көздейтін мақсатқа жетуде барынша көп пайда келтіретін нәрсені анықтау үшін жұмсалатын ойлау қабілеті ойшылдық ізгілік бола алмайды, сондықтан оны басқаша атаған жөн. Егер де ойлау қабілеті жалған игілік жолына барынша көп пайда келтіретін нәрсені анықтау үшін жұмсалатын болса, онда бұл қабілет ойдағы жалған ізгілік болғаны [2, 445 б.].

Жастарды тәрбиелеу жүйесінде әл-Фараби алдыңғы орынға адамгершілік, моральдық тәрбиені қояды. Кең мағынада алып қарағанда, олар бұл тәрбиенің ауқымына имандылық, еңбек, эстетика, дене т.б. тәрбие түрлерін енгізіп, тұтас қараған сияқты. Оның ілімі бойынша, мінез-құлықтың жақсысы да, жаманы да туа бітпейді, жүре бітеді. Оларға әсер етуші шешуші факторлар, себепші әрекеттер ортаның әсеріне, сіңген әдетке, дағдыға тіреледі. Ол былай дейді: «Біз мінез-құлық сапаларының абзалы да, онбағаны да жүре келе пайда болады дейміз. Алайда, қалыптасқан мінез-құлық болмаса, қарама-қарсы мінез-құлық көшіп кетуі мүмкін. Адамның белгілі бір мінез-құлыққа ие болуына немесе жақын жұғысудың арқасында бір мінез-құлықтан басқа бір мінез-құлыққа ауысуына себепші болатын нәрсе – әдет, ал әдет деп мен белгілі бір әрекеттің жиі-жиі және ұзақ уақыт қамтылуын айтамын. Мінез-құлықтың қалыптасу жолдары өнер үйрену жолдары сияқты...» [3, 12 б.]

Әл-Фараби адамның рухани және дене көркемдігіне байланысты пікірлері оның «Риторика», «Бақытқа жету туралы» (Китаб тахсил асса ада), «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері» (Фусул ал-мадани) және тағы басқа еңбектерінде орын алған. Ғұлама ғалым адамның сұлулығын адамгершілік және эстетикалық сапаларымен байланыстырады. Бұл арада ғалым көбіне дене сұлулығын эстетикалық мәнімен бейнелесе, адамның ішкі сұлулығын адамгершілігімен сипаттайды. Әбу Насыр әл-Фарабидің эстетикасының басты мақсаты – салауатты өмір салтына қол жеткізу, сұлулық пен жоғарғы бақытқа ие бола отырып, адамның жарық дүниедегі өмірінде жанын жетілдіру.

Соңғы мақсат – әдемілікке қол жеткізу. Ғалымның сенімі бойынша жетілудің жоғары сатысы, бұл – Алла. Бұл мәселе бойынша ғалым былай дейді:

«Бірінші [Тұлға] жөнінде – бұл Құдіретті Алла деп сену керек. Бұл өзі Екінші (себептердің) жеке әрекетшіл ақыл-парасаттың өмір сүруіне ең таяу себептері болып табылады.

Екінші [себептер] аспан денелерінің болмысына себеп, осылардан барып сол денелердің субстанциялары пайда болады. Екінші [себептердің] әрбіреуінен аспан

денелерінің біреуінің болмысы туады. Жоғарғы Екінші [себептерден] Бірінші аспанның болмысы қажетті түрде туады, төменгісінен – Ай сферасының болмысы туады, ал осылардың аралығында орналасқан аралық себептердің әрбіреуінен аспан денелерінің әрбіреуінің болмысы пайда болады. Екінші [себептердің] саны аспан денелерінің санына [тура келеді]. Екінші [себептерді] «рухтар», «періштелер» және тағы сондай сөздермен белгілеу керек» [4, 50 б.].

Адамгершілікке тән категориялар жақсылық пен мейірбандық. Жақсылық материяның өзінде бітіп қайнап жатса, жамандық болмыс жоқ жерден пайда болады дейді. Ол адам баласын жан иесінің биік шоқтығы ретінде құрметтеу, қастерлеу керектігін атай отырып, терең ойларындағы гуманизмін көрсетеді. Ғалым, жамандықты жақсылық жеңгенде ғана адам өзінің мұрат-мақсатына жетеді дейді [4, 132 б.]. Әл-Фарабидің бұл салада жасаған қортындысының басты түйіні – білім, мейірбандық, сұлулық үшеуінің бірлігінде.

Әл-Фараби философиясында көркемдік өмір шындығының өзіне тән қасиет. Жақсылықты, рахатты о дүниеден ғана күту керек деп реалды өмірден аулақтауды насихаттайтын діни мистиктерге қарама-қарсы түрде ол адам бақытты, молшылықты, тыныштықты іздесе, шын мәніндегі көркемдікті сезіне, түсіне білгісі келсе соның барлығын ол жасампаз еңбектен табады, қайырымды, мейірбан жандардың жәрдеміне сүйені арқылы соған жетеді деп санайды. Сондықтан да ол адамды іске, қимылға, белсенділікке, қиыншылықты, өмір жолындағы әлеуметтік кедергілерді жеңуге шақырады [3, 14 б.].

Қорыта келе айтқанда, әл-Фараби ортағасырда адамзат баласының білімінің молайып, ақыл-парасатының жетілуіне, ғылымның алуан салаларының дамуына орасан зор үлес қосқан ғұлама ғалым. Оның философиялық жүйесі сол кезеңдегі философияның барлық мәселелерін қамтиды. Ол ақыл, парасат, адамгершілік, қайырымдылық, бақыт, білім мәселелерін жоғары бағалайды. Рухани мұра қалдыру абзал да қадірлі ғылымға кесірін тигізбейтін харекет дейді. Өйткені ол осы мұралары арқылы өлгеннен кейін де өзгелерге игілікті іс болып жалғасады.

Әл-Фараби педагогикасындағы өзін-өзі тәрбиелеу, ақыл-парасат ерік күші арқылы өзін жөнге салу әдістері туралы және философиялық трактаттарының қағидалары бүгінгі таңда да өзінің маңыздылығын жойған жоқ.

Бүгінгі таңда құндылықтар жүйесінің өзгеруі, идеалдардың жойылуы, күрделі әлеуметтік-экономикалық және саяси процестер экзистенциальдық берекесіздік жағдайын туғызып, жастардың құндылықтар жөніндегі бағдарын өзгертті. Жастар руханилық мәселесінде өте прагматикалық, ұстамды болып барады. Адамгершілік құндылықтар тәрбиесі мәселесі әсересе педагогикалық, мәдениет және өнер жоғары оқу орындары үшін өте актуальды болып табылады. Өйткені бұл ЖОО жастардың құндылық бағдарларын зерттеп және талдап қана қоймайды, сонымен бірге болашақ мамандардың адамгершілік құндылықтарын тәрбиелеудің әдістері мен технологияларын тікелей жасақтайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сулейменов П.М. Әл-Фараби және қазақ халқының рухани мұрасы / Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті. – 2011. – б.194.

2. Әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары / Құрастырғандар Ә.Нысанбаев, Ғ.Құрманғалиев, Ж.Сандыбаев. – Алматы: Арыс баспасы. – 2009, б.656.
3. Көбесов А. Әл-Фараби мен Абайды қатар оқығанда. Зерттеу еңбек. Алматы: Қазақ университеті, - 2006, - б.58.
4. Әл-Фараби әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым баспасы. – 1975. – б.420.

ӘОК 37.035

ФОЛЬКЛОР – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ӨЗЕГІ

А.Т.Ақыжанова, ф.ғ.к. ассоциациялық профессор
Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті,

Қ.Қ.Құнапина, т.ғ.к., ассоциациялық профессор
әл - Фараби ат.Қазақ Ұлттық университеті

Ключевые слова: национальная идеология, национальные ценности, запретные слова-табу, пословицы-поговорки.

Резюме. В статье описывается роль устного народного творчества-фольклора казахского народа как эффективного инструмента духовного воспитания. Расскрывается роль запретных слов-табу и пословиц в этом процессе.

Keywords: national ideology, national values, taboo words, Proverbs.

Abstract. The article describes the role of oral folk art-folklore of the Kazakh people as an effective tool of spiritual education. The role of taboo words and proverbs in this process is revealed.

Ұлы даланың тамыры тереңге жайылған, өмірден оқығанынан гөрі көңілге тоқығаны, түйгені мол ұлтымыздың сан алуан сынақтан осы күнге сүрінбей өтіп келе жатқаны – ұрпақ тәрбиелеудегі мүлтіксіз даналығының арқасы. Бұл даналыққа халқымыздың абыз ақыны Мұзафар Әлімбаев «Халық – ғажап тәлімгер» деп баға берген. [1] Алайда, қазіргі қоғам дамуының үдерісіне қарай халықтың дәстүрі мен санасында айтулы өзгерістің болып жатқаны мәлім. Өскелең өмірдің өсуімен салт пен сананың дамуы заңдылық, дей тұрғанмен, өркениеттер тоғысында ұлт тағдыры сынға түскен кезеңдегі күнделікті тіршілікте көзге түсіп жүрген кей жағдайлар алаңдаушылық туғызып, күнгейлі өмірдің көлеңкелі дағындай көрінетіні – шындық. Қазіргі адамдардың, әсіресе, жастардың бойындағы қаталдық, өзге тұрмақ өзін аямайтын қаттыбас оқшау жағдай, уыткерлікке берілушілік, ұятты мүшесіне қарамай жалаңаштану, бет-аузынан басқаның бәрін тұмшалап, сөлеңдеген киім кию, т.б. осындай халықтың дәстүр- салтында жоқ келеңсіз көріністің көлбеңдеп қалмауы еріксіз ой салады. Сол ойдың ұшығы бодандық кезеңнің зардабынан көмескі тартқан ұлттық тәрбиеге барып тіреледі. Ежелгі халықтық тәрбиеге үрке қарап, кертартпа ескішіл үлгі деп бағалаудың салдарынан халықтық тәрбие қағидалары ұмыт бола бастады. Бүгінгі барлық ата-ана халықтық тәрбиені біле бермеуі де мүмкін. Екіншіден, ашық қоғам болғандықтан да, жат жұрттық салт-сана иектеп, ел өміріне ентелей басып

кіруде. Бұл – барлық өркениетті елдерге ортақ жағдай. Бұған қарсы тұратын ұлы күш бар, ол – ұлттық тәрбиені күшейту.

Соңғы жылдары ұлттық идеологияға көңіл бөлініп, қабылданған мемлекеттік бағдарламалардың арқасында ғана ұлттық тәрбиенің тамырына қан жүгіріп, енді бел алып келеді. Бірақ осы мәселені қолға алу ата-аналар тарапынан толық жүзеге асты деп айту қиын.

Әр елдің өзінің ғасырлар бойы жасаған ұлттық құндылықтары – тарихтың қатал тезінен өтіп, ғасырлар өткелінде шындалып бүгінге жеткен асыл мұрасы, ұлттық коды. Асылы, халықтық тәрбие сол елдің тұрмыс-тіршілігіне, тарихи танымына, ой-санасына, дәстүріне сай қалыптасады. Бұл – атадан балаға қанымен беріліп, ес кірген шақта тәрбиемен шоқтанып, жас ұрпақтың жанына жалын беретін рухани ұлы күш. Мұны әр ата-ананың жүзеге асыруы қасиетті парызы екенін түсінгені жөн. Ұрпақтың жақсы-жаман болуы, алдымен, олардың бойына ата-ананың сіңірген үлгі-өнегесімен өлшенеді.

Халқымыз ғасырлардың небір талқысынан ұрпақтың бойына дарытқан рухани күшінің құдіреті арқасында аман өтті. Осы тәрбиенің нәрімен қазақтың болмысынан өлмес рухтың өрлігі өсті. Ата-бабамыз ұрпағын ұлттық тәрбиенің тұнығынан сусындата отырып, талай тар кезеңде қазақтық бейнесін жоғалтпай, елдігі мен өрлігін көрсете білген өмірлік жолы бұған куә. Қазіргі кезеңде біз үшін тәрбиенің кілті ұлттық сана мен ата дәстүрін адал сақтай отырып, халқының ұлттық мүддесі тұрғысынан әрекет ете білуге ұрпақты үйретуде және адамзат қоғамы жасаған әлемдік адами құндылықтармен байыта отырып тәрбие мазмұнын жетілдіре түсуде.

Ұрпақ санасында ұлттық қасиеттерді қалыптастыру тіл мен дін, салт пен сана, ұлттық дәстүр арқылы жүзеге асады. Халқымыз ғасырлар бойы сайын даланың қатал табиғатымен бетпе-бет келгенде, шапқыншы жаумен шайқасқанда, бейбіт өмірдің мамыражай тірлігінде жинақталған бай тәжірибесінен көрген-түйген қорытындысы ретіндегі ырым-тыйым сөздердің ұрпақ тәрбиесіндегі мәні қазір де жойылған жоқ. Ізгілікті аңсаудан туған ырымдар, бәле-жала кесапаттан сақтандыратын тыйымдардың тәрбиелік мәні әлі де өте зор. Ырымдар мен тыйымдар бұрындары халқымыздың әлеуметтік өмірінде, тұрмыс-тіршілігінде жас буын тарапынан бұлжымай орындалып отырған. Тыйым сөздерді заң ретінде қабылдаған. Егер осы мәселеге тереңірек көз салсақ, ырымдар мен тыйымдар құқықтық норма деңгейінде қолданылғанын аңғарамыз. Әлеуметтік өмірдегі түрліше қарым-қатынаста адамдардың әрекеті үстінде көрсететін мінез-құлқын анықтайтын, жалпыға міндетті ережелердің жиынтығы ретінде танылады. Ырым-тыйым сөздерді халқымыз міне, осындай деңгейде пайдаланып, баршаға бірдей, міндетті түрде орындатқан. Мұның өзі қоғамдағы үлгі-өнеге, әдептіліктің негізгі қағидасы болып қалыптасқан. Сондықтан қазіргі біздің ортамызда олқы соғып отырған имандылықтың, сұйылып бара жатқан адамгершіліктің негізі болып саналатын тыйым сөздер кесел мен кесапат атаулыдан, жүгенсіздік, тәртіпсіздік атаулыдан сақтандырушы қалқан, инабаттылық пен ізгіліктің қайнары еді.

Атқарар қызметіне сай, тыйым сөздердің айтылу мәнінде, қолданылу бағытында айырма бар: тыйымдарда ой қысқа қайырылып, нақты талап, бұйрық мәнінде жеткізіледі. Мысалы, күлді баспа, ақты төкпе, көкті жұлма, ұяны бұзба. Тыйым сөздер балалардың есі кірген кезден-ақ қолданылғандықтан, ойы айқын, жас ерекшелігіне сай түсінікті, нақты тұжырымдарды білдіреді. Балаларды ертеден-ақ жаман әдет, жат қылықтан сақтандырады. Есі жаңа кірген кезден бастап ержеткенге дейін құлағында жүріп, жүрегінен орын алатыны сөзсіз. Мұндай өнегелі, мейірімді сезімге, адами құндылыққа үйрететін бұл сөздердің естілуі қатқылдау болғанымен, жас баланың жанына төгер шуағы мол, нұрлы. Қысқа да нұсқа, айтылу екіні де ерекше тіркестер шоғыры жас адамды сол айтылғанды орындауға еріксіз мойын ұсындырғандай. Өйткені ойлы, мағынасы терең бұл сөздер баланың өмірлік есте сақтауына да жеңіл, сөзсіз орындалуға тиісті өмірлік

міндеттей мәнді тұжырымдар. Оны үлкендердің ұрпағына сөзсіз орындатуы халықтың бала тәрбиесіндегі ұстанымы болған.

Халықтық тәрбиенің тағы бір қайнар көзі – мақал-мәтелдер. «Әке тұрып ұл сөйлегеннен без, ана тұрып қыз сөйлегеннен без» деп, атаның тілін бала қайтару, айтқанын орындамау адамшылық жолдан таюмен тең саналған. Мұны көргенсіздік, шектен шыққандық деп білген. Сондықтан әр жас ата салтынан аспай, айтқанын қалтқысыз орындаған. Міне, қазақы тәрбиенің күдіретті ерекшелігі осы жерден көрінеді. Қазақ халқының ата дәстүріне беріктігін кезінде олармен қоян-қолтық араласқан өзге ұлт өкілдері де байқап, еңбектерінде атап көрсеткен. Солардың бірі – Э.С.Вульфсон. «Қазақ баласын үлкенді сыйлауға кішкентайынан үйретеді. Қарттардың үлкен құрметке ие болатыны сонша – үй-ішінде бір мәселе төңірегінде кеңес өтсе, бәрі де қарттың сөзіне тоқтауға мәжбүр. Қазақ балаға «егер қарттарды сыйласаң, құдай сені сыйлайды» деген нақылды титтейінен миына құйып өсіреді. Егер үйге қарт ақсақал кіріп келсе, барлық жас түрегеліп бас иеді және әзіл-қалжың да кілт тыйылады» [2]. Ата салтын тәрбие үдерісінде басшылыққа алудың мәні де осыдан көрінеді. Осы дәстүр қайта қолға алынса, ата-ананы тыңдамайтын бала, тыңдата алмайтын ата-ана болмас еді. Қапысыз педагог -халық құнды бір қағиданы іркілмей ұсынады. «Өзін-өзі міней алмаған, басқаны түзей алмайды». Тәлім-тәрбие ісіне араласушыларға тікелей қатысты сөз. Әуелі өзің түзік бол. Өйткені «Тездің қасында қисық ағаш жатпайды».Өнегелі ұстаздың, үлгілі ата-ананың тәрбиесін көріп, тәлімін алғандар ішінен қиыр жайлап, шет қонар шектен шыққан қыңыр мінезділер шығуы мүмкін емес.

Адамды қалыптастыру қоғамдық қатынастар жүйесінде, мақсатты тәрбие жолымен жүргізіледі. Мұны дәлелдейтін қағида оқыту мен тәрбие берудің ғылыми теориясының бірден-бір негізі болып табылады. Педагогика ғылымы тұқым қуалаушылық факторлардың белгілі бір рөлі барлығын жоққа шығармайды, жеке бастың қабілеттері мен қасиеттері адамның өмірі мен қызмет процесінде қалыптасып, дамиды деп дәлелдейді. Табиғат адамға ішкі мүмкіншіліктер негізін салып береді, олар белгілі бір әлеуметтік жағдайларды болмаса, көзге көрінбей қалуы да мүмкін.Бұл оптимистік педагогиканың концепциясы, тәрбие мен оқыту ісінің барлық теориясы осыған негізделеді.

Халқымыздың ғасырлардан қалыптасқан дана ойы ғылыми педагогиканың теориясына еш қайшы емес, тіпті соған орайлас,өзектес, сабақтас десе болады. Халық өз педагогикасындағы уақыт сынына жарамаған, жас буын тәрбиесіне себі тмеген, не жаңсақтыққа ұрындырған қағидалардан ұдайы құтылып, үздіксіз арылып, озық ойлы, ілгерішіл,сыналған ережелерді, түйіндерді ұстанған, басшылыққа алған. «Көре-көре көсем боларсың». Бұл дегені, алдыңғылардан, ағалардан,өмір тәжірибесі бай, көрген-түйгені мол жандардан үлгі алуға , үйренуге шақырғаны.

Халық өнегемен тәрбиелеу тенденциясына еңбекпен тәрбиелеу тенденциясын ұштастырады. Өйткені сол үйренуге де еңбек, қажыр-қайрат қажет. Оны да ескертеді. «Оқу– инемен құдық қазғандай», «Ерінбеген етікші болады, ұялмаған әнші болады», «Білем десең – көре бер, көрем десең – жүре бер». Ілім-білімді меңгеріп, биік мақсаттарға жету маңдайың тершімей, қолма-қол тындыра салатын шаруа емес, оған қажымас қайрат,қаһарман табандылық, таудай талап қажет. Бүгін бейнетін шексең, тер төксең, ертең игілігін өзің көресің, елің көреді. Халық тілімен айтқанда, «Бейнет түбі – зейнет», түптің түбінде «Есесі қайтқан еңбек – игі». Алайда, кемеңгер ата-бабамыз не істесең де,ақылға салып істеуді, алаңғасар, алып ұшпа болмауды да ескерте кеткен. «Ақылсыз қайрат бас жарар».

Ата-бабаларымыздан қалған осы асыл сөздерді пайдалану үшін арнайы сабақ өткізу немесе белгілі бір аудиторияның болуы шарт емес. Іскер оқытушылар мен тәрбиешілер ғибратты сөздерді орайы келгенде, жүйесін тауып жастардың зердесіне құя алады.

Бүгінгі заман – керемет динамиканың, ұшқыр жылдамдықтың, қауырт қимылдың заманы. Соған ілесе білу қажет. Тоқмейілсу жер соқтырады, биікке шығармайды, алысқа

апармайды. Ол – өсудің жолы емес. Көреген тәрбиеші халқымыз бұл турасында да «еңбектеп жүрсең де, ертеңіне ұмтыл», «Талаптыға нұр жауар», «Армансыз ұлан – қанатсыз қыран» деп түйіндеген. Елбасы Н.Назарбаев та «Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді» деп осыны меңзеп отыр. [3]

Мақал-мәтелдер де, тыйым сөздер де моральдық-этикалық, құқықтық нормалар сияқты қоғам мүшелерін игі мақсаттарға бағыттап, адамдар арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Адамдардың өзара қарым-қатынасына байланысты туған тыйым сөздерде үлкен-кішінің арасындағы, әке мен балаға қатысты, ағайын арасындағы, адамның жеке басына байланысты тыйым сөздердің үлгілері бар, атап айтсақ, адамгершілік, әдептілік, имандылық, экологиялық, гигиеналық және тағы басқа. Олар: нанды баспау, дастарханды аттамау, табалдырықты баспау, үлкенге дауыс көтермеу, ата-ананың назасына қалмау, ағайынға пышақ, қайрақ, балта, ит сыйламау, әйелдің мінетін атының құйрық-жалын күземеу, некелілердің төсегіне отырмау, кіндігін көрсетпеу, неке қиылғанша тазалық сақтау,

Әдептілік – адамдармен қарым-қатынаста көрінетін сыпайыгершілік, ізеттілік таныту арқылы өз ортасында сүйкімді, жұғымды көрсететін ерекше қасиет. Ол адамгершілікпен, имандылықпен қанаттас жүретін ұғым. Біздің мұны ерекше бөліп көрсетуіміз бүгінгі қоғам үшін орны мен маңызы ерекше болғандығынан. Мұндай сөздерге: үлкеннің алдын кесіп өтпе, үлкенге әрқашан орын бер, үлкеннен бұрын сөйлеме, үлкеннен бұрын тамаққа қол созба, топта даурығып сөйлеме, адамды қорлама, орынсыз күлме, қолыңды білеп сөйлеме, кісінің көзінше қасынба, мұрныңды шұқыма, кісінің үстінен аттама, тосып сөйле, кісіге қарап түкірме, т.б. жатады.

Кемеңгер халқымыздың педагогикасы тұрмыс-тірліктің ешбір қырын көзден таса қалдырмаған.«Тәңірім бойына осыншама қабілет дарытқан халық өркениетке жат болып қалуы мүмкін емес. Оның рухы қазақ даласына аспандай көтеріліп, жарқырап сәуле шашатын болады. Өзіне жоғарыдан қарайтын халықтар арасында бұл көшпенділердің де құрметті орын алатын кезі болады» [4] деп көрегендікпен топшылапты қазақ жанын жақсы түсінген ғалым А.Янушкевич.

«Қазақ халқының әдет-ғұрыптарында, аңыздарында, эпостарында, мінез-құлық белгілерінде бірегейліктің көптігі соншалықты, мол материал бере алатын осы тарихи мұрадан қазақ өмірі кейінде неғұрлым салауатты бағытта даму үшін элементтерді таба алады. Мейлі дала құнарының аңқасы кеуіп қалса да, мейлі табиғат шөлейтке төнген қатерге қарсы күресте дәрменсіз болса да, қазақ өмірі үшін халықтың рухани жан-тамырында күш-жігер мен құралдардың көл-көсір қайнар көзі бар, тек қазақтардың өздері осы қайнардан теріс айналмаса болғаны» депті қазақтардың адал сыншысы Г.Н. Потанин. [5]

Жаңа дәуір ұрпағы тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. «Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын». [3]

Өркениетті елдердің өрге тартқан көшінде, алға тартқан легінде халқымыздың замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерін, ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, тиімді жарастыра білуіміз қажет. Кемеңгерлеріміздің кемел ойларының мән-мағынасын, тағылымын жете таразылап, пайдамызға жарата білсек игі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әлімбаев М. Халық – ғажап тәлімгер. Алматы «Рауан». 1994

2. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір-антологиясы. //Вульфсон. Э.С. Қазақтар. 226 б.
3. Назарбаев Н.«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»
4. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір-антологиясы. //А.Янушкевич. Г.З-ге хат. Аягөз, 12 маусым. 232б. 5.Г.Н. Потанин. Қазақтың соңғы ханзадасының киіз үйінде. 245б. Сонда.

ӘОК 373.167.1(075)

БАҚЫТ ТУРАЛЫ ТҮЛҒАЛАР ТАҒЫЛЫМЫ

Н.М. Қақпанбаева, PhD докторы,
Ғ.Т.Сұлтанова,аға оқытушы, психолог
Атырау инженерлік- гуманитарлық институты

Резюме: Что такое счастье? В чем суть счастья? Как можно быть счастливым? В чем суть и красота человеческой жизни, счастье, высшая вершина? Кто самый лучший, самый счастливый человек, достигший совершенства? В статье речь идет о счастье как одной из основных человеческих ценностей, анализируется концепции счастья нескольких авторов с философией аль-Фараби.

Resume: What is happiness? what is the point of happiness? how can you be happy? Who is the best and happiest man which has reached perfection? What is the essence and beauty of human life, happiness, which is the highest peak? It is about a happiness as the main human value in article, also analysis of happiness concept of few authors with Al-Farabi philosophy.

Әр адамның ең басты мақсаты - бақытты болу. Ұстап алуға соншалықты құмартатын, иеленгіміз келіп жүрген көзге көрінбейтін елес секілді... БАҚЫТ деген не? Бақыттың бар мәні неде жатыр? Қалай бақытты болуға болады? Ең таңдаулы, кемелдікке жеткен бақытты адам қандай адам? Бұл сауал - адамзат қоғамын Адам-ата жаралғалы бері ойландырып келе жатқан мәңгілік мәселе. Көпшіліктің ұйғарымында, шынайы бақыт деген - өз арман-тілектерінің ақиқат өмірде жүзеге асуы. Бүгінгі таңда "Бақыт" сөзі қалай түсіндіріледі? Психология пәнінің көптеген оқулықтарында "бақыт" термині өз өмірінен толық қанағаттанушылық сезімін сезінген адамның психологиялық көңіл-күйі деп түсіндірілген. Ал бұл солай ма? Осы сұраққа небір данышпан мен ғалым біткен көптеген ғасырлар бойына бас қатырып келеді.

Ежелгі грек данышпаны Аристотельдің түсінігімен, бақыт деген - адамгершілігі мол, ізгілікпен өмір сүретін жан. Рақымшылығы мол жан Аристотель заманында шынайы бақыт қуанышының иелері саналғанға ұқсайды. Дүние жүзілік мәдениет пен білімнің Аристотельден кейінгі екінші ұстазы атанған данышпан философ, энциклопедист – ғалым, әдебиетші – ақын, математик Әл-Фарабидің «Бақытты болу кез келген адамның қолынан келе берер оңай шаруа емес. Оған өмірді сүре білуге қажетті жан-жақты білімі бар, жаны бай, адамгершілігі, рухы жоғары, мақсатына жету үшін қиындықтарға шыдап, күресе білетін адамдар ғана қол жеткізе алады.

Бақытты өмір сүру – қуанышты болу, дәулетке кенелу, рахатқа бөлену. Адамға қуаныш әкелетін оқиғалар – табысқа қол жеткізу, іс-әрекеттің марапатталуы, алға қойған мақсаттың орындалуы, бала-шағаның қызығы. Қуаныш сезімі адамға күш беріп, кісінің жігеріне жігер қосады. Алайда қуаныш пен бақыттың арасында айырмашылық та бар. Қуаныштар жасанды бақыт сияқты, олар әр-түрлі себептерден туындайды. Қуаныш өткінші, жеке бір сәтке байланысты болса, бақыт – адамның бүкіл өмірінің арқауы. Өмірде адамгершілікке жат, әдептілікке сыймайтын жалған қуаныштардың да кездесуі мүмкін.

«Егер адамның өмір сүруінің мақсаты - ең жоғары кәметке жету болса, онда адамның осы бақытқа жетуін көрсету үшін оны меңгеруге қабілетті нәрселердің бәрін алу керек». «Адамның өмір сүру мақсаты ең жоғары бақытқа жету болатын болса, ол адам бақыт дегеннің не екенін білуі қажет және оны өзінің мақсаты етіп қойып, соған ұмтылуы қажет. Сонан кейін ол бақытқа жету үшін не істеуге тиіс екенін біліп, соған әрекет жасауы керек» деген пікірі осы сұраққа жауап береді. [1, 409б]

Ұлы ғалым «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат», «Бақытқа жету жайында», «Бақыт жолын сілтеу», «Азаматтық саясат», «Соғыс пен бейбіт өмір туралы кітап», «Қоғамды зерттеу кітабы» еңбектерінде адам қайтсе, бақытты болады, адамдар бақытты өмір сүре алатын қоғамдық құрылыс қандай болуы керек деген сауалдар төңірегінде мәселенің мәнін терең зерттеген.

Әл-Фараби қоғам дұрыс болу үшін онда өмір сүретін адамдар дұрыс болу керек деп біледі. Ал адамдардың алдына белгілі бір мақсат қойып, соған жету үшін барынша ұмтылатыны белгілі. Сонда адам тіршілігінің бар мәні бақытты болуға саяды. Екінші ұстаз адам өмірінің ең жоғары сатысы саналатын «бақыт» категориясына тоқталып, оған философиялық тұрғыдан сипаттама, терең талдаулар жасайды. Ол *«Адамзат кемелдігінің ең биік дәрежесіне жеткен» адамды бақытты адам санайды. Адам бақытты болу үшін ол өмір сүріп отырған елдің басшысы да кемел адам болуы керек», «Адамдар ішіндегі ең таңдаулы жан бірінші басшы болуға тиіс»* деп біледі. Осындай оймен басшыға қойылатын алты талапты атайды:

«Бірінші шарт - дана болу. Екінші шарт - қалаға арнап бірінші имамдар (басшы.) белгілеген заңдарды, ережелер мен әдет-ғұрыптарды жадында сақтап, жетік білу, өзінің барлық іс-әрекетін осыларға сәйкес жүргізу. Үшінші - бұрынғылардан тиісті заң сақталмаған жағдайда, бірінші адамдардың үлгісімен әрекет жасай отырып, бұл жөнінде тапқырлық көрсету. Төртінші - бірінші имамдар аңдай алмаған нәрселерді бұрыннан қалыптасып қалған жағдайды да, болашақ оқиғаларды да қалаған кезінде танып-біліп отырарлықтай тапқыр да білгір болу; өзінің осындай іс-әректінде ол халықтың әл-ауқатын жақсартуды мақсат етуге тиіс. Бесінші - бірінші имамдардың заңдарын және солардан кейін, олардың үлгісі бойынша өзі белгілеген заңдарды орындауға жұртты өз сөзімен жігерлендіре білу. Алтыншы - әскери істерді жүргізу үшін қажетті дәрежеде қайратты болу, оның бер жағында әскери өнерді қызмет бабындағы өнер ретінде және билеуші өнер ретінде біліп алу».

«Жақсы бастық – жарты бақыт», «Есімі ел жүрегінде сақталған ер ғана бақытты,»-депті Бауыржан Момышұлы.

Осы жерде Жүсіп Баласағұнның да «Егер ізгі болса, елдің басшысы, ізгі болар атшысы мен қосшысы» деген ойының екінші ұстаздың идеясымен үндестігін көруге болады.

Әл-Фараби өмірге келген әрбір адам бақытты болу үшін өмір сүреді дейді: «Бақыт – өз басың үшін көксейтін игілік...Бақытқа жеткізетін еркін әрекет тамаша әрекет», «Бақыт - әрбір адам ұмтылатын мақсат...»[2, 3б]. «Жан біткеннің бәрі ең биік кәметтікке жету үшін жаралған, ол бұған өзіне тән болмыс сатысына сәйкес жете алады». [3, 347б].

Леонардо да Винчи «Қолынан келетін, істеуге тиісті ісін істей алатын адамды бақытты, әрі тамаша адам деуге болады,» десе, «Еңбек – бақыттың атасы,»-дейді Бенджамин Франклин. «Басқа келген қиыншылықты ризашылықпен қабылдай білу керек. Бірақ бөтеннің бақытсыздығына жанашырлық танытпау адамшылыққа жатпайды,»-депті Сомерсет Моэм, ал Антон Павлович Чехов «Тірлікте адамды бақытты ететін бір ғана нәрсе бар. Ол – махаббат,»-дейді. «Адам баласы шындықтан өлердей қорқып, өтірігінің ашылып қалуынан сақтанып жүрсе, бұдан артық бақытсыздық жоқ,»-деген екен Блез Паскаль. «Еркін адам міндетті түрде бақытты болады. Бірақ еркіндікке жету оңай емес қой» -депті Николай Михайлович Карамзин. «Адамның табиғаты сол - бақытқа ұмтылып

тұрады. Жас кезінде барлық адам болашағын ойлап, бақытқа талпынады. Жетістікке жеткісі келеді. Сол талпыныстың өзі, сол ерік-жігердің өзі бақыт емей, немене?»-деген екен Лев Николаевич Толстой. Ал бүгінгі күні жастарға үлгі боларлық тұлға Ник Вуйчич: «Біздер бақыт өзі келеді деп күтпей, керісінше оған өзіміз қол жеткізуіміз керек,»-дейді. [4.]

Жоғарыда келтірілген тұлғалардың пікірлерінің Әл-Фарабидың гуманистік идеяларға негізделген ғылыми ой-пікірлерімен ұқсастығының өзі ұстаздың философиясының өміршеңдігін көрсетіп тұр.

Әл-Фарабидің пікірінше, адам өмірінің мәні мен сәні, ең жоғарғы шыңы болып саналатын бақыт жанның байлығына, адамгершілікке негізделеді. «Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде - бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады», «Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты,»дейді Әл-Фараби. Жаны жайсаң, адамгершілігі мол адамдардың мінез-құлқы да жақсы келеді. Жақсы мінез-құлық білім алу, үйрену барысында көбіне тәрбиемен қалыптасады.

«Адамның бойына дарыған, халықтар мен қала тұрғындарына тән және бұл дүниеде тиесілі бақытқа жетуіне, о дүниеде асқан рахатқа кенелуіне септігін тигізетін төрт түрлі нәрсе бар, бұлар: теориялық ізгіліктер, ойшылдық ізгіліктер, этикалық ізгіліктер және практикалық өнерлер».

«Адамның игі қылықтары мен жақсы әрекеттерін жасауға көмектесетін жан қасиеттері - ізгілікті қасиеттер, ал адамның пасық істер мен оңбаған әрекеттер жасауына себепші болатындары - сұрқиялық, кемшілік немесе опасыздық болып табылады»

Адамның саналы өмірін қамтамасыз ететін - денінің саулығы мен жан саулығы. Осы екеуі бір-біріне сай, үйлесім тапқанда ғана адам бақытты бола алады. Денсаулықты дәрігер қадағаласа, жан саулығы - аса күрделі; ол адамның өзінің дүниеге көқарасынан бастап, алған біліміне, тәрбиесіне, өмірлік мақсатына, мамандығына, қоршаған әлеуметтік ортасына сияқты көптеген факторларға байланысты. «Жаман мінез-құлық - рухани кесел». Жан сұлулығы, жақсы мінез адамды қайырымды етеді. «Қайырымдылық адамдар жанынан берік орын алғанда, не адамдар ұстамды болғанда, қалаларда теріс қылықтар жойылады». [1,2016.]

Әл-Фараби адамдарға өмірдің небір қиын-қыстау сәттерінде біржақтылықтан, ұшқарылықтан сақтандырып, тең орта шамасын ұстауды ұсынады. Ортадан ауытқушылық жақсылыққа апара бермейді деп, ескертеді. «Біз қандай әрекет, қандай іс істесек те содан рахат табу, соның рахатын көру біздің мақсатымыз болады» дей келіп, «Сезімдік рахат бізді жақсы әрекеттер жасауға итеретінін көрсек, біз соны істеуге бейім тұрамыз. Адам осы рахаттардан бас тартуға немесе белгілі бір мөлшерде соларды азайтуға қабілеті болса, мұның өзі оны мадақтайтын мінез-құлықтарға бір табан жақындатады» [1,276.]

Өмірде ненің жақсы, ненің жаман екенін айырудың өзі қиын. Байқамаса, жақсы деп, істеген ісіңнің жаманға, жақсылық жасадым дегеніңнің жаманшылыққа айналып кетуі әбден мүмкін. «Артынша жан азабына соқтыратын абзал істер белгілі бір уақыттан кейін рахатқа жеткізбей қоймайды. Және артынша рахатқа бөлейтін жаман істер белгілі бір уақыттан кейін қайткенде де азапқа апарып соқтыруға тиісті» [1,286.]

Әл-Фарабидің адам концепциясында жүрек аса маңызды орынға ие. Өйткені, адамның бақытты болу жолындағы өмірінің барлығы осы жүрек арқылы басқарылады. Жүрегі таза, жылы адамдар ғана бақытты өмір сүре алады. Оған себеп, жүрек - адамның денесіндегі ең басты орган; адам ананың құрсағында жаратыла бастағанда, ең алдымен жүрек жаратылады; адамның басқа дене мүшелерінің барлығы ми арқылы жүрекке қызмет етеді:

«Жүрек - басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да - басты мүше; бірақ мұның үстемдігі бірінші емес, екінші, өйткені ол

барлық басқа мүшелерді билейтін болса, оның өзін жүрек билейді. Бірақ бұл тек жүрекке қызмет етеді және жүректің табиғи ниетіне қарай, бұған басқа мүшелер қызмет етеді.

Ми жүректен кейінгі мүше ретінде әрекет етеді, басты мүше бейімделе алмаған жерде оның орнын басады, оның өкілі болады, әр іске бейімделіп отырады; жүректің ізгі ниеттерін жүзеге асыру ісіне қызмет ету тек қана миға тән қабілет.

Мәселен, жүрек - ішкі табиғи жылылықтың көзі...

Ми жүрекке қызмет етеді, сезімдік жүйке тамырларға өз күшін бойында сақтайтын қуат бітіреді, бұл қуат коректендіруші күштердің сезімтал болуына мүмкіндік береді...

Мүшелердің ішінде тұңғыш рет жүрек пайда болады, бұдан кейін ми, одан соң бауыр, одан кейін көбауыр, сонсоң басқалары пайда болады. Бәрінен соң барып, қимылға келетіні - жыныс мүшелері... Үстем күштің мекені - жүректе» [2; 289-295 б.]

Ұлы Абай да адамның өміріндегі жүректің атқарар қызметіне ерекше мән берген. Мида қорытылған ой жүректің сарабынан өтіп барып, сөзге айналып, сыртқа шығады. Ақынның айтуынша, сөз «жүректен шықпаса, жүрекке жетпейді»; «бойда қуат, ойда көз болмаса, ондайларға айтпа сөз»; жүрексіз айтылған сөз - жалған сөз; ондайларға сенбе. Өмірдің әділетсіздіктерін қайнаған ішінде жүріп көп көрген, барынша сезінген халқының көзі, сезімі, жыршысы атанған ақынның жүрегі - «қырық жамау».

Бұл жерде қазақ топырағынан шыққан екі ұлы адамның айтқан ой-пікірлерінің арада мыңнан астам жыл уақыт өтсе де бір арнадан шығып жатқаны көрінеді. Ұлы философ Әл-Фараби адам бақытты болуы үшін ол ақыл-парасаттың иесі, жүрегі таза, жылы болуы керек десе, ақын Абай ең алдына оның ойының дұрыс болуын, яғни мидың қызметін қояды. Екі ұлы да адам өміріндегі сандаған ойларды қорытып, ой ойлап, даналыққа, парасаттылыққа жетелейтін, дұрыс жолды табатын мидың, сол мидың қорытып ұсынған «ақылдарының» ішінен дұрысын қабыл алып, «жылылыққа орап», сөз арқылы сыртқа шығаратын жүректің қызметтерін аса жоғары бағалағандықтары, бірін бірі толықтыра түскендіктері көрініп тұр. Ұлылардың ұлылығы, ұлылардың үндестіктері осылай болса керек.

Әл-Фараби: «Әбден жетілген адамдардың ғана жандары мәңгі өлмейді» десе, «Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған»-дейді Абай. Ұлыларымыздың өздері жоқ болса да, сөзі қалды. Асыл сөз өлмейді. Асыл сөз айта алған адам да, асылы өлмек емес. [5]

Жаһанданудың салдарынан әлем дағдарысқа, тоқырауға ұшырап отырған мына заманда ақыл-парасаттың шыңына шығып, оны ой елегінен өткізіп, артта келе жатқан ұрпақтардың бақытты өмір сүруіне көмектесетін «өлмейтұғын сөз» қалдырған ұлылардың рухтары мәңгі жасай береді.

«Баршаңызға бақыт тілеймін. Мына жүйке жұқартқандай қиын - қыстау күндерде иінді төмен салмай, еңсе көтертер күш - қайрат, мұқалмас жігер, жақсы табыстар тілеймін. Бәрі бір күнгідей болмайды. Сондықтан, арайлап атар әр таңға сеніммен қарайық. Ақжарқын күндер алдымызда!» деген екен, Дінмұхамед Қонаев. [4] Күні бүгін әлемдегі жағдай, пандемия кезінде дана басшының бұл сөзі өзекті. Қазіргі жағдайда Бақытты өмір сүру мәселесі өркениеттілік құндылықтарымен (нарық, демократия, адам құқықтарын қастерлеу, т.б.) тікелей байланысты. Т. Джефферсон “Тәуелсіздік декларациясында” мемлекет өз тарапынан Бақытқа ұмтылуды қорғап, тұлғалардың іскерлігі мен дербестілігін ынталандыруы қажет екенін, бұл Бақыт үшін мәнді болып табылатынын атап көрсетеді.

2020 жылғы дүниежүзілік, әлем елдеріндегі бақыттың рейтингі туралы, 153 елдің азаматтарының қаншалықты бақытты екендіктерін анықтайтын маңызды зерттеудің сегізінші есебі бойынша, адамзат үшін бақыт – ол қоршаған ортаның үйлесімділігі (әлеуметтік, қала және табиғат) делінген. Авторлар жасыл жерлерде, әсіресе дос-жаранымен серуендеу адамдарды бақытты етеді деген тұжырым жасайды. Аталған есепте елдер үшін бақыт деген не екенін түсіндіру үшін пайдаланылған алты фактордың төртеуі -

элеуметтік органның әр түрлі аспектілері екендігі анықталған. Оларды атап кетсек: сенуге болатын АДАМ, өмірлік маңызды шешімдер қабылдаудағы ЕРКІНДІК сезімі, ЖОМАРТТЫҚ және СЕНІМ кіреді. Адамдарға және мемлекеттік институттарға деген үлкен сенім - бұл Скандинавия елдерінде өмірлік рейтингтің неге соншалықты жоғары екендігін түсіндіретін негізгі факторлар. Былтырғыдай, бақытты елдердің рейтингінде Финляндия көш бастады, екінші орында Дания тұр. Швейцария биыл үшінші орынға шықты (үш сатыға жоғарылады). ТОП-5-те Исландия мен Норвегия да бар (өткен жылдың рейтингінде 3-орын). Қазақстан – 2019ж. -60 орын), 2020 -50 орын).

Қазақ халқы үшін ынтымақ, бірлік, келісім – ең асыл бақыт екендігі белгілі. Ал өткен көктем мен жазда еліміздегі әр адам «Бақыт деген жаныңа, жүрегіңе жақын адамдарыңның амандығы, балалардың сау-саламат болып, шаттануы» деген ойға келген болар деп ойлаймын. Өйткені, карантиннің, пандемияның стресстік жағдайына төтеп беру үшін отбасында ресурстар төмендеп, материалдық қиындықтар орын алып, жұптардың ажырасуы, зорлық-зомбылық көрініс алып жатты. Осыдан билікке сенімнің азаюы, түрлі кикілжіңдер болғаны рас.

Профессор К.Ж.Қожахметованың зерттеулеріне сүйенсек, отбасындағы тәрбиеде этноэлеуметтік рөлдік бағытты жоғары қояды. Ол ерте балалық шақтан бастап этноэлеуметтік рөлдерге бейімділігін және оның адам өмірінің барлық кезеңінде жалғасын табатынын көрсетеді. Тәрбиеге этноэлеуметтік рөлдік тұрғыдан келу қазақ этникалық тәрбиесінің, оның ішінде отбасы тәрбиесінің негізгі қағидасы болып саналады. Қысқаша айтқанда, «бақытты ата-ана- бақытты бала тәрбиелейді... Отбасы – қоғам – билік болып осы ахуалды реттеуге атсалысқаны жөн.» Отбасылық жылу мен қарым-қатынас үйлесімі кез келген стрессті женудің қуатты құралы болып табылады. Дегенмен, отбасын қолдайтын элеуметтік органның әр түрлі аспектілері, мемлекеттік қолдамалар болуы маңызды. Сондықтан, мемлекеттің басшысынан бастап, әр отбасы мүшесі болашағымыздың иелері бүгінгі балалар екенін, оларды жақсы етіп тәрбиелеудің ең жақсы тәсілі - оларды бақытты ету екендігін түсінсе - әрбір отбасының ауызбіршілігінің артуына, яғни бақытты болуына көмектесетініне сөзсіз сенеміз. Елімізде бақытты балалар толы бақытты отбасылар көбейе берсін!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Әл-Фараби. Бақыт туралы кітап. Алматы, 2015ж. (27-28б; 36-б; 201-б.; 409б.)
2. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. Алматы, 1973ж. (289-295 б.)
- 3.Әл-Фараби. Элеуметтік-этикалық трактаттар. Алматы, 1994ж. (347)].
4. Қожахметова К.Ж. Этнопедагогика. Әдіснама, теория, тәжірибе : оқу құралы.Алматы-2013.254 с.
5. https://bilimsite.kz/ulagatty_sozder/[4]
6. <https://ruh.kz/> [5]

АБАЙДЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІНІҢ ЭТНИКАЛЫҚ СИПАТЫ.

Кинжекова Рысканым Салимовна

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Сапашева Клара Хамидуллаевна

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Ключевые слова: нравственное воспитание, воспитание молодого поколения, просветительская мысль, социализации личности ребенка, милосердие, трудолюбие, стремление к светлой жизни.

Резюме: В статье рассматриваются педагогические взгляды великого мыслителя, просветителя Абая Кунанбаева относительно формирования нравственного воспитания молодежи. Особое внимание обращается на проблему формирования в процессе нравственного воспитания таких качеств личности как: способность любить, честность, доброта и дружелюбие. Главную роль в процессе формирования нравственных качеств ребенка играет семья и личный пример родителей. Для успешной социализации ребенка необходимо, по мнению ученого, наличие хороших учителей, наставников, любящих родителей и соответствующей воспитательной среды, так как данные факторы непосредственно влияют на формирования личностных качеств ребенка.

Summary. The article considers the pedagogical views of the great thinker, enlightener Abay Kunanbayev regarding the formation of moral education for young people. Special attention is paid to the problem of the formation in the process of moral education of such personality qualities as: the ability to love, honesty, kindness and friendliness. The family and the personal example of parents play a major role in the process of shaping the moral qualities of the child. To successfully socialize the child, according to the scientist, it is necessary to have good teachers, mentors, loving parents and an appropriate educational environment, since these factors directly affect the formation of the child's personal qualities.

Key words: moral education, education of the younger generation, educational thought, socialization of the child's personality, mercy, hard work, desire for a bright life.

Қазақтың ескіден келе жатқан ауыз әдебиетінің бір саласы -ақыл, нақыл сөздер. Халық қолданысындағы аз сөзбен көп мағына беретін қысқа-қысқа терең мағыналы сөздерді -нақыл сөз, не мақал-мәтелдерді тәрбие құралы ретінде пайдаланған.

Күні бүгінге дейін халқымыз нақыл сөздерді кейінгілерге қалдырған өсиет-ақылы, өмір-тіршіліктерінің бағдаршамы іспетті қадыр тұтып келеді. Нақыл сөздердің мағынасы ашық, ұғуға жеңіл, көпшіліктің бәріне түсінікті, аз сөзге көп мағына сыйғызып, көркемдеп айтылған үлгі-насихат.

Ұлы педагог ғұлама қазақи тәлім-тәрбиелік үрдіс, жөн-жосық, дәстүрлер мен мақал-мәтелдерді сынап, сырлап, сұрыптап, дамыта келе, өзінің жан-жақты ғылыми-педагогикалық жүйесінде ұтымды пайдалана білді. Абай қазақтардың адам болғандағы ұят, ұяттылық туралы түйгендерін талдап, толықтырып, діни адамгершілік тәрбие құралы деңгейіне дейін көтерді. [2.39]

Абай ұрығын сепкен оқу, өнер-білім, адамгершілік әдеп, мораль мәселелері қазақ халқының рухани азығына айналды.

Абайдың нақыл сөздері - үлкен ой, терең пікірге құрылған өмір туралы айтылған тұжырым, ащы мен тұщы, алыс пен жақын, жақсы мен жаман -осылар сияқты өмірдің әртүрлі жақтарын ой елегінен өткізіп, олар жөніндегі шығарған үзілді-кесілді өкімі. Өмірдегі әр алуан құбылыс, іс-әрекеттерді өзінше, әбден бақылап, сынай келе көздері жетіп, дәлелденген шындықты келешек ұрпаққа ұсынған. Абайдың ақыл мен нақыл

сөздері -ақын шығармаларының елеулі саласы, өлеңдерімен мазмұндас, идеялас, бірін-бірі толықтыра түсетін маңызды шығармалары. Ол нақыл сөздерінде де, кара сөздерінде де өмір шындығын, халықтың арманын, болашағын, қамын көздеген. Абайдың өлең жолдарының өзі афоризмге айналып кеткен тұстары да көп кездеседі:

Арттағыға сөзің мен ісің қалса,
Өлсең де өлмегенге боласың тең.

.....
Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де - бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар қалан!

.....
Ынсап, ұят, терең ой -
Асыл зейнет біліп қой.

.....
Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық білім кітапта,
Ерінбей оқып көруге. . [1.150]

Өлеңді жан серігіне айналдырған Абай халқына айтарын өлең жолдарына өрнектеп «Өлең -сөздің патшасы, сөз сарасы», «Өзгеге көңілім тоярсың, өлеңді қайтіп қоярсың»-деп өлеңнің өзіне сөз арнайды.

Ақынның өнер-білімге қатысты нақыл сөздерінде де үлкен философиялық түйіндеулер бар. Олардың оқушылар дүниетанымын, өміртануын қалыптастыруда мәні зор. Мысалы: ... Ғылым бағу жоқ, ғылым сөзін сөйлерге де адам жоқ.; білгенінді кімге үйретесің, білмегенінді кімнен сұрарсың. Елсіз-күнсіз де кезмені жайып салып, қолыңа кез алып отырғаныңның не пайдасы бар?»-дейді Абай. Қазақтың даласының соншалықты артта қалғандығы -надандығы, «надандық -ғылым-білімнің жоқтығы»-деп осы надандықпен күреске шықты. Мұны өзінің алдына үлкен бағдарлама, зор мақсат етіп қойды. « Мақсатым-тілге ұстартып, өнер шашпақ, наданның көзін ойып, көңілін ашпақ», - деген нақыл сөзі осы жолда туған. « Құдайдан -қорық, пендеден ұял: балаң бала болсын десең оқыт, мал аяма!», «Ғылым таппай мақтанба, Орын таппай баптанба.», «Артық ғылым-кітапта, ерінбе оқып көруге»,» Атымды адам қойған соң қайтып надан болайын.» - нақыл сөздері талай жүректі қозғап, ой салмағанына кім кепіл?

Жастарға ең алдымен, айтатын ақылы -талапты болу. Ол: пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге. -дейді де, «талап қыл» деген сөзін насихат сөздерінде кеңейтіп былай дейді:» Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар, оларды білмей, іздегенмен табылмас. Әуелі білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесіне керек болар еді деп іздемекке керек. Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға «мейірленіп, тезірек қолға түседі». Абайдың: Дүние де өзі, мал да өзі, Ғылымға көңіл берсеңіз-деген нақыл сөзі білім-өнердің кілті, өнер білім - мағыналы өмір сүрудің кепілі дегенге саяды. Ғұлама «Ғылымсыз дүние жоқ»-деген байлам жасайды. Жастарға халық қамын ойлаған ғалымдарды үлгі-өнеге етіп, «білімдіден шыққан сөз талаптыға болсын кез»,-деуі білім қуған жастардың ұстанымы болуы шарт. Тіршіліктің тұтқасы еңбек пен білім деп ұққан Абай: Би болған, болыс болған мақсат емес, Өмірдің бұдан өзге бәрі жалған-деген қорытынды жасап, ұсынады. [3.67]

Ақынның нақыл сөздері өнер-білімді күрделі мақсат үшін үйрену керектігін, жеке болымсыз себептер үшін үйрену ұзаққа бармайтынын аңғартып отырады: «Білім - ғылымды бір нәрсеге себеп қана үшін үйренсең, білімге деген көңіліңнің мейірімі, асырап алған шешенің мейірімі сияқты болады.»

Еңбекке үндеу - ақынның ең сүйікті тақырыбы. Оның нақыл сөздері өз халқын болашақ жарқын тіршілікке бастайтын еңбек туралы насихатқа толы. Абай: «Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, Қардың суы секілді тез суалар», « Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін отпаған хайуанның бірі боласың: адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң - Алланың сүйген ұлының бірі боласың»-дейді. Абайдан «Еңбек етсең емерсің»-деген даналық сөз қалды. Жұмысы жоқтық, Тамағы тоқтық, Аздырар адам баласын-деп қорытынды жасайды. Еңбек - қуаныш, жалқаулық - айырылмас азап. Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар: олар - надандық, еріншектік, залымдық. Еріншектік - күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік - бәрі осыдан шығады. [4.46]

Абайдың адамгершілік тақырыбына айтылған нақыл сөздерінің жастардың рухани дүниесін тәрбиелеуде ерекше маңызы бар. «Адамшылықтың алды - махаббат, әділет, сезім.» Абайда бұл үшеуі бірлікте, олар жеке-жеке күйінде жарамсыз. «Әділет-ізгіліктің анасы», «Кімде әділет жоқ болса, оның ұяты да жоқ.» Ал ұят жоқ жерде туыстық, бауырмалдыққа, махаббатқа орын жоқ. Себебі ұят жоқтық барша адамгершілік, қарыздарлық нормаларына сенімді жоғалтады. «Кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы жоқ.»

Адамды ұят келтіретін барша жөнсіз істерден сырт ұстайтын, оған жібермейтін күш - адамның өз бойындағы ұстамдылық. Бұл болмаса, ақын қанша сезініп тұрғанмен, адам баласы ұят келтіретін қылықтан құр қалмайды. Әрине, ұятты сезінуге ақыл керек, егер ақылдың көзін қайратсыздық, әділетсіздік, жігерсіздік, байлаусыздық бүркесе, ақылды кісінің де адамшылығы бұзылады. Сол үшін де Абай «Адам баласының көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдының сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулықтың жоқтығынана азады»-дейді.

«Ақыл-ардың сақтаушысы»-деп қарап, адамгершілікті жоғары бағалап, ар тазалығы үшін күресуді дәріптейді.» Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңінің бірінші жолының өзі афоризмге сұранып тұр. Ұлы ағартушы өз айналасын қоршаған әділетсіздік қазақ халқын аздырып бара жатқанын, жас ұрпақты тәрбиелеуге теріс ықпалын тигізетінін байқап, халықты, әсіресе жастарды адамгершілікке тәрбиелеуге ерекше көңіл аударады. Жастар бойында дарытуға тиісті жоғары адамгершілік қасиеттер ретінде туған елге деген сүйіспеншілік пен ерлік, табандылық пен адалдық, парасаттылық пен сыпайылық, адамдарға қайырымдылықпен қарау, еңбек сүйгіштік, жарқын өмірге ұмтылушылық т.б. атап өтті. Сондай-ақ Абай бос даурығуға, бекер мал шашуға, өтірік, өсек айтуға, жалқаулыққа қарсы шықты. «Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол, адам болам десеңіз,»-дей келіп, Абай «Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ, Бес дұшпаның білсеңіз. Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым, ойлап қой. Бес асыл іс көнсеңіз.» -деген өсиет айтады. Бұл тұжырымдар қазақ жастарының бойына бала кезінен дарытылуы тиіс. Бұл өлеңінде ақын адам бойындағы қазынаның үлкені және әрбір жігерлі жастың талпынатын арманы-ғылым дейді. [9.]

Ғұлама жастарға өмір сүрудің ережелеріне айналған нақыл сөздер қалдырған: «Пайда ойлама ар ойла,»»Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға»,»Малыңды жауға, басыңды дауға қор қылма», «Есебі жоқ ант ішпе», «Қулық, сұмдық, ұрлықпен мал жинама», «Қаруыңның барында қайрат қылмай, Қаңғып өткен өмірдің бәрі де жел», »Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боларсың елден бөлек», «Ненің қызығын көп іздесең, Соның азабын бір тартарсың», «Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме, Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме,»»Жүрегіңнің түбіне терең бойла», «Көкірегі-сезімді, көңілі ойлыға бәрі анық»

Адамгершіліктің бір сипаты - достық. «Кімде достығың болса, достық достыққа шақырады,»»Тіршілікте өсіп-өну жолында адамның талап қылып ізденер қарызды ісінің алды-дос көбейтпек.» Ал бұл үшін адам баласының жүрегінде адамға деген ізгі тілек жатуы керек,» «Жүрегі жұмсақ білген құл шын дос таппай тыншымас.» Өмірде бірінші

керек нәрсе осы болмақ деген қорытынды жасайды. «Бірінді қазақ, бірін дос, Көрмесен істің бәрі бос!» афризмі әр қазақтың ұранына айналуы тиіс сөздер. Бірлік, түсіністік жоқ жерде ел болудың ауылы алыс екенін Абай сол кезде-ақ түсінген. Достың да түрлі болатынын жаман дос-көлеңке: басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың, басыңды бұлт шалса, іздеп таба алмайтыны болатынын да, ал досыңа достық -қарыз іс екенін парыз санауды ескер [10.]

Үлкен ойға орамды сөз тауып, ақыл, нақыл сөздерді мәдениетті биік сатыға көтерген қазақ тарихында бірінші ақын Абай болды. Абай шығармашылығындағы нақыл сөздер (афоризмдер) -таза ақыл, өсиет тілі, тәрбие құралы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құнанбаев А. «Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ» (өлеңдер, аудармалар, қара сөздер)- Алматы: «Жазушы»,2013. -150б.
2. Әуезов М.Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер.-Алматы: Ғылым, 1967.-39 б.
3. Абай шығармаларының жинағы (2 том) -Алматы, 2002.-67б.
4. Құнанбаев. Абай «Ата-анаға көз қуаныш» - Алматы,«Қаламгер», 2018. - 46 б.
5. «Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы» (Қазақстанның Ресейге бағыну кезіндегі тәлімдік ойлар және оқу ағарту ісінің жайы. 5 том) –Алматы: «Рауан», 2008ж. - 97б.
6. «Әлемдік педагогикалық ой-сана»// (XV-XX ғғ қазақ ойшыл оқымыстыларының тәлім-тәрбие туралы ой-пікірлері) –Алматы: «Жазушы», 2010ж-258б.
7. Мұхамедханов Қайым. Абай шығармаларына түсініктемелер.// (Мақалалар, зерттеулер) - Алматы, 2011ж-116 б.
9. Әбиев Ж. «Педагогика тарихы»// Оқулық -Алматы: 2006ж.
10. Сейталиев Қ.«Педагогика тарихы» // Оқулық- Алматы, «Білім» 2008ж
- 11.Мырзахметұлы.М.«Абайтану» (1,2-том)-Астана,2014.

УДК 37.013.(075)

НАСЛЕДИЕ МЫСЛИТЕЛЕЙ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ КАК ОСНОВА ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ ДЕТЕЙ И МОЛОДЕЖИ

Г.Ж.Джуманова, д.ф.н., доцент

ОФ «Казахстанский институт развития человеческих ресурсов», г. Алматы

Б.К.Кудышева, к.п.н.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Түйіндемe: Мақалада халқымыздың идеялық мұрасының қоғамдық сананы жаңғырту және өскелең ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие берудегі маңыздылығы негізделген. Ұлы даланың көрнекті ойшылдарының көзқарастары қарастырылды.

Кілт сөздер: мұра, тәрбие, руханилық, адамгершілік, қоғамдық сананы жаңғырту, ұлттық бірегейлік, мәдениет, құндылықтар, дәстүрлер, тәрбие жүйесі.

Resume: The article deals with the importance of the ideological heritage of the people for the modernization of public consciousness and spiritually-moral education of the younger generation. The views of the outstanding thinkers of the Great Steppe are considered.

Key words: heritage, education, spirituality, morality, modernization of public consciousness, national identity, culture, values, traditions, educational system.

Важное направление реформ, призванных обеспечить динамичное развитие Казахстана на современном этапе, связано с модернизацией общественного сознания, поставленной на повестку дня Посланием Первого Президента РК Н.Назарбаева в 2017 году «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» [1].

В масштабных преобразованиях страны модернизация общественного сознания призвана носить опережающий характер и быть сердцевиной политического и экономического обновления. Главное назначение модернизации общественного сознания - формирование единой Нации сильных и ответственных людей [2].

В условиях глобализирующегося, более открытого, кардинально изменяющегося, взаимозависимого мира, когда размывается национальная специфика, становится важным собирать, хранить культурное достояние, укреплять национальную культуру и традиции, ценности, язык, духовность во всем их многообразии и величии [3].

Сохранение *национальной идентичности* – важный аспект модернизации общественного сознания. Это показатель того, насколько граждане страны чувствуют себя единым народом, укоренены в своей истории, в ценностях и традициях, объединены общими целями и ответственностью. Основу идентичности составляет постижение народом собственной этнической уникальности и самобытности. Основу духовно-нравственного воспитания детей и молодежи составляет культурный код нации, заключенный в устном народном творчестве и наследии мыслителей Великой степи.

Многовековая народная мудрость казахов, воплощенная в устном народном творчестве – фольклоре, является энциклопедией жизни, сокровищницей знания и опыта, важным средством выражения настроений народа и его мечты.

В казахских пословицах большое место занимают темы добра и зла. Все то, что положительно оценивается народом, все те нравственные действия, принципы и нормы поведения, которые им одобряются, являются добром. Добро связывается с умом и знанием, им придается большое значение в нравственной жизни человека. Все то, что вредит общественной и личной жизни человека, все те нравственные деяния и поступки, которые осуждаются и порицаются народом, являются злом. Важным орудием в борьбе против зла являются ум и знания человека.

Ярко характеризует кочевую ментальность традиционный институт *гостеприимства*. Согласно народным представлениям, это его главная этическая добродетель. В научной литературе существуют различные точки зрения, объясняющие традицию гостеприимства кочевников. Например, одна из них видит в основе существования ритуала гостеприимства социально-экономические причины. Согласно другой, подлинные корни гостеприимства связаны с феноменом *общения*. Как пишет Т.Сулейменов: «Потребность в общении выступает экзистенциальной потребностью, удовлетворение которой является непременным условием психического здоровья человека» [4, С. 15].

Потребность в общении с себе подобными была особенно актуальна именно в связи с кочевым образом жизни. Казахи кочевали небольшими группами. И чем засушливее становился климат, тем более распыленной, разрозненной была кочевая община. В этих условиях многократно возрастала потребность в общении, и кочевник-казак всегда был рад встрече с людьми. Кочевник давал своего рода наказ своим потомкам: «Если встретишь человека, обрадуй его: может быть, ты видишь его в последний раз». Таково философское понимание подлинного гостеприимства в степи.

Для кочевников исключительно важно человеческое общение, желание понять друг друга. Как отмечает К.Нурланова, *всеобъемлющая национальная казахская идея* – понять состояние человека. Этого можно достичь через *общение* – высшую форму взаимоотношений. Светом этой великой универсальной идеи одухотворена и окрашена жизнь, все мировоззренческое пространство каждого человека [5].

В казахском менталитете самопознание человека неотделимо от самоидентификации его как представителя общины, рода, племени. *Родственно-родовое начало* выступает основополагающим принципом самоидентификации индивида с общиной и с естественной средой обитания, прежде всего с территорией как продолжением своего природного бытия. В системе ценностей казахов понятия «*Ата мекен*», «*Ата қоныс*» (родовая территория) занимают центральное место. Человек не мыслил себя вне родового коллектива, традиционной общины. Неслучайно самой страшной карой для кочевника являлось отлучение от рода, которое в его сознании было тождественно смерти.

Степные мыслители – «жырау» и акыны, размышляя о вечных философских проблемах, в своем творчестве опирались на неиссякаемые родники народной мудрости, черпали в них духовные силы. Асан-Кайгы, Казтуган-жырау, Доспамбет, Шалкииз, Ахтамберды, Бухар-жырау, Шал-акын воспевали идеи независимости, мира, справедливости, равенства между людьми [6-8].

Шал-акын Кулеке улы стремился формировать правильное представление у людей о красоте, которую должен иметь каждый, чтобы не прозябать в невежестве и неряшливости. По мнению исследователей, Шал-акын впервые в истории казахской общественной мысли выдвинул идею распространения знаний, просвещения как необходимой предпосылки интеллектуально-культурного становления каждого человека, а также условия формирования и развития общества как единого и целостного социального образования, степень зрелости которого находится в прямой зависимости от степени умственной и нравственной зрелости самого человеческого индивида.

Все творчество Шал-акына пронизано борьбой против зла в любой форме его проявления. Истина и Красота рассматривались им не как самоцель, а как средство утверждения среди людей Добра. Шал-акын выстроил по степени значимости для человека основополагающие ценности: Любовь, Добро и Красота. Джигиту нужна одежда и честный меч, а воину – отвага в битве для утверждения Добра в борьбе со злом.

Шал-акын делится своими оригинальными размышлениями о труде, о счастье, о семье, о психологии людей различных сословий и групп. Заслуживают внимания его мысли о трех типах юношей. Он находит удачное название каждому из них. Первый тип – мягкотелый шалопай, недоросль, туineaдец, лентяй. Это «құржан» – буквально, существо, только носящее имя человека, он шатается без цели, жизнь его неопределенна. Второй тип («тіріжан») – это щеголь, обжора, хвостун, гордец, лицемер, корыстолюбец. Завистливость, легкомыслие – главные отличительные черты такого человека. Третий тип – это «жігітжан» – разносторонний молодой человек. Он наделен широтой и разносторонностью интересов, искусно владеет собой. Самые ценные его качества – трудолюбие, служение народу, душевность.

Этому акыну принадлежат трогательные мысли о женщинах, их роли в воспитании детей, в поддержании домашнего уюта, комфорта в семье. Если все казахские мыслители до него ограничивались лишь несколькими словами общего содержания о женщине (она – мать, хозяйка кухни, роженица детей и др.), то он в первую очередь воспевал внутреннюю красоту, психологию женщины, улавливая тонкие нюансы ее обаяния. Так, в произведениях «О девушках», «О женщинах» он подчеркивал, что женщина физически слабее, она мягче нравом, душа ее тоньше, она участливее, эмоциональнее, ее легче обидеть равнодушием, невниманием, но по уму она не уступает мужчинам. Женщины являются носителями высших личностных качеств, образцом людского совершенства, человеческого обаяния.

Великий казахский поэт, мыслитель второй половины XIX века Абай Кунанбаев пришел к выводу, что начала человечности – это любовь и справедливость. Абай подчеркивал, что каждый человек обязан найти свое место в обществе, в жизни, а для этого должен стремиться к знаниям, ремеслу и искусству («Сенде бір кірпіш дүниеге, кетігін тапта бар қалан»). Он был убежден, что только в результате упорного плодотворного труда можно создать нормальный быт, сделать благородное дело для родственников и удостоиться почета. По Абаю, человек является уникальным созданием, обладающим неповторимой душой, высшей ценностью в мире, хозяином и творцом своей судьбы. Великий просветитель постоянно повторял мысль о том, что высший показатель человеческого гуманизма – творить добро, стремиться к красоте. Основное этическое кредо Абая: «**Будь человеком!**» («**Адам бол!**»). Человек в процессе самопознания и самосовершенствования может и должен реализовать свои возможности, творческий потенциал. Абаем создан своего рода *нравственный кодекс поведения*, который содержит четкие ориентиры относительно положительных и отрицательных нравственных качеств человека.

Будучи истинным патриотом, Абай видел будущее своего народа в образовании, просвещении, развитии науки и искусства, ремесел и промыслов, упорном и созидательном труде. Абай верит в сотворенного Богом человека – в его высокое предназначение и способность постичь законы этого мира. Разум человека, утверждает он, может стать мерилем истины, а сам человек – обрести счастье в сочетании разума и труда. В Слове четвертом классической «Книги Слов» великий мыслитель пишет, что «человек, склонный к размышлениям, всегда вдумчив, собран, будь то в делах мирских или перед судом смерти. Собранность в делах и мыслях – основа благополучия». Размышлять, по Абаю, – это не значит предаваться унынию и печали, а, прежде всего, «задуматься о своей беспечности, опечалиться этим и постараться избавиться от беспечности, заняв себя полезным делом. Не пустое веселье, а полезный и разумный труд исцелит душу».

Абай дает совет-наставление: «Желаешь быть в числе умных людей, спрашивай себя раз в день, раз в неделю, или хотя бы раз в месяц: как ты живешь? Сделал ли ты что-нибудь полезное для своего образования, для земной или потусторонней жизни, не придется ли тебе испить горечь сожаления?» [9] (Слово 15, С.29).

Абай говорит: «Ребенка, имеющего стремление к знаниям, можно считать человеком, можно питать надежду на то, что он будет стремиться познать Бога, понять себя и окружающий мир, что он научится приобретать добро, не поступаясь честью, и будет избегать зла. Иначе ему суждено пребывать в невежестве, в лучшем случае он получит весьма поверхностные знания». «Самое сложное – воспитать в людях человечность. Потому что Аллах – это путь истины, а искренность и правдивость – враги зла... Человеческие знания добываются любовью к истине, жадной открытию для себя природы и сути вещей. Это не божие всезнание, любознательность и стремление к наукам дают человеку знания лишь соразмерные его рассудку» (Слово 38, С.60-61).

Абай предостерегает: «Существуют три вещи, способные унижить весь человеческий род, которых следует избегать, это: *невежество, леность, злодеяние*.

Невежество – отсутствие знаний, без которых ничего нельзя добиться; отсутствие знаний равняет человека со скотом.

Леность – злейший враг искусства; бесталанность, безволие, бесстыдство, бедность – порождение лени.

Злодеяние – враг человечества; причиняя зло другим, человек отдаляется от людей, уподобляясь дикому зверю.

Противоядие от этих пороков – человеколюбие, желание всеобщего благоденствия, твердость духа, справедливость, глубокие всесторонние знания» (Слово 38, С.75).

Абай подчеркивает: «Сила человека заключается в его разуме и знаниях» (Слово 38, С. 64).

По мнению Абая, «самое драгоценное у человека – это его *сердце*. Милосердие, доброта, умение принять чужого за родного брата, желая ему благ, которые бы пожелал себе – все это веление сердца. И любовь – желание сердца» (Слово 14, С. 27).

«Начала человечности – любовь и справедливость. Они присутствуют во всем и решают все» [9] (Слово 45, С.90).

Как видим, творческое наследие великого казахского мыслителя помогает нам многое осмыслить из того, что происходит сегодня. Нас тревожат глобальные проблемы сохранения мира, природы, человечности, распада нравственности и духовных устоев, но это всего лишь следствие. О причинах же этих проблем задолго до нашего времени писал Абай в своей «Книге Слов». Он с тревогой и болью предупреждал, что человеческие пороки – трусость и безволие, праздность и леность, лживость и невежество – способствуют вызреванию неведомых миру трагедий и катастроф.

Именно из любви к своему народу Абай призывал своих соотечественников отказаться от племенной заносчивости и кичливости, учиться у других народов всему доброму и полезному. «Книга Слов» – плод многолетних раздумий Абая, призывает наших современников к размышлению, разумному отношению к себе и к миру.

Основная тема творчества выдающегося мыслителя Шакарима Кудайберды-улы – философия морали и учение о культуре. В духовных исканиях Шакарима особое место занимает сложившееся в древнюю сакко-тюркскую эпоху космическое мировоззрение, сакральными понятиями которого являются Тенгри, Свет, Солнце, Природа. Главный вопрос морали, по Шакариму, это учение о чести, совести, вере. Именно эти понятия выступают опорой души человека. По убеждению Шакарима, душа бессмертна и обладает способностью к совершенствованию и возвышению. Основой восходящего, прогрессивного развития души является совесть, понимаемая как непритязательность, справедливость, доброта.

Нравственные постулаты Шакарима изложены в его произведении «Три истины» («Үш анық»). Согласно взглядам Шакарима, первую истину составляет истина веры, признающая Создателя и бессмертие души. Но поскольку истина бралась на веру и не получила сколько-нибудь достаточного научного обоснования, то основная масса людей осталась к ней глухой. Вторая истина – истина науки, основанная на чувственном восприятии и рациональном мышлении. Но доводы науки оказались неоднозначными и подвергались опровержению по мере дальнейшего развития жизни и знания. Поэтому они не смогли стать основанием для формирования добрых начал человеческой души.

Наконец, третья истина – истина души, субстанциональную основу которой составляет совесть. Именно совесть, как изначальная потребность души, и есть та истина, которая может очистить от нравственной скверны и поставить на путь праведной жизни. Вот почему Шакарим считал, что обоснование бессмертия души и способности ее перевоплощения является необходимым условием достижения человеческого счастья. Шакарим предпринимал усилия для обоснования собственной концепции возрождения человека. Он писал: «Люди, имеющие разум, совесть, питающие милосердие к братьям своим, не могут жить, истребляя, губя друг друга. По моему разумению, – продолжает он, – основой для хорошей жизни человека должны стать *честный труд, совестливый разум, искреннее сердце*. Вот три качества, которые должны властвовать над всем. Без них не обрести в жизни мира и согласия».

Как видим, Шакарим искал пути избавления человечества от его пороков. Он считал необходимым соблюдать, как минимум, два важных условия. Первое: «Правителями государств следует избирать честных, умных, бескорыстных людей. Следует назначать должностных лиц, способных создавать справедливые, гуманные законы, следить за их соблюдением» [10, С. 77].

И второе: «Необходимо учить людей трудиться, необходимо дать им образование, но всего этого недостаточно для изживания в человеке нравственного уродства. В процессе

воспитания человека необходимо ввести *науку совести*. Об этом должны позаботиться ученые головы. Они должны разработать данную теорию как дисциплину, обязательную для всех». «Человеческую скромность, справедливость... доброту в их единстве я называю мусульманским словом «ұждан», русским словом – совесть». Шакарим был глубоко убежден, что «совесть есть желание, потребность души. Это потому, что душа является такой сущностью, которая никогда не исчезает, не поддается порче, а с каждым разом все совершенствуется, идет к возвышению... потому, что она делает для себя обязательными такие причины, которые ускорили бы её возвышение» [11]. Как видим, Шакарим трактовал совесть отнюдь не как нравственную категорию, а нечто трансцендентное, извечную потребность бессмертной человеческой души и ее своеобразную субстанциональную основу. В философии Шакарима Совесть как изначальная потребность души, и есть та истина, которая может очистить человека от нравственной скверны и поставить его на путь праведной жизни.

Как видим, традиционная культура казахского народа содержит мощный гуманистический потенциал для духовно-нравственного воспитания детей и молодежи. Заслуга видного представителя казахстанской педагогической науки Кожаметовой К.Ж. заключается в том, что она исследовала конкретные пути использования этого наследия в образовательном процессе, стремилась рассматривать воспитательную систему школы сквозь призму культурного наследия и национальных особенностей. [12].

На наш взгляд, Кожаметова К.Ж. внесла весомый вклад в методологию проектирования воспитательных систем. Мы активно опирались на её разработки при исследовании роли воспитательной системы школы на основе Программы НДО «Самопознание» как фактора модернизации общественного сознания. [13].

Олжас Омарханович Сулейменов сформулировал гениальную по своей сути формулу преемственности поколений: «Без глубины прошлого нет широты настоящего и высоты будущего». В ходе анализа наследия мыслителей великой степи как основы духовно-нравственного воспитания детей и молодежи приходит понимание того, что эта истина во многом и предопределила жизненное и научное кредо замечательной дочери казахского народа Кожаметовой Клары Жантуреевны. Представители её научной школы продолжают развивать эти плодотворные идеи и подходы.

Список использованной литературы:

1. Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана. 31 января 2017 г. «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность»
[//http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nnazarbaeva-narodu-kazahstana-31-yanvary-2017-g](http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nnazarbaeva-narodu-kazahstana-31-yanvary-2017-g)
2. Выступление Президента РК Н. Назарбаева на XXV сессии Ассамблеи народа Казахстана «Стабильность, единство, согласие – основа модернизации»// Казахстанская правда, 27 апреля 2017 г.
<http://www.kazpravda.kz/articles/view/stabilnost-edinstvo-soglasie--osnova-modernizatsii1/>
3. Казахстан в глобальном мире: вызовы и сохранение идентичности. Институт философии и политологии КН МОН РК. Алматы, 2011.
4. Телебаев Г. Историко–философская культура и традиция существования. – Алматы, Институт философии МН-АН РК, 1997.
5. Нурланова К. Символика мира в традиционном искусстве казахов//Кочевники.Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством.-Алматы: Гылым,1993.

6. Сулейменов Т. Человек как параметр цивилизационного подхода к кочевому социуму // Евразийское сообщество. – 1999. – №2.
7. Акатаев Сабетказы. Древние культы и традиционная культура казахского народа. – Алматы, КазНИИКИ, 2001.
8. Казак даласынын ойшылдары (XI-XII.) – Алматы: Ғылым, 1995.
9. Абай. Книга слов. Алматы: Ел, 1993.
10. Кудайбердиев Ш. Три истины. – Алматы, 1991.
11. Кудайбердиев Ш. Записки забытого. – Алматы; 1991.
12. Кожаметова К.Ж. Теоретико-методологические основы проектирования модели воспитательной системы организаций образования Республики Казахстан. - Алматы, 2006.
13. Кусаинов А.К., Рысбаева А.К., Кудышева Б.К., Джуманова Г.Ж., Калиева Г.И., Дуанабаева Б.Ч. Воспитательная система школы на основе Программы НДО «Самопознание» как фактор модернизации общественного сознания: /Под ред. Кудышевой Б.К. - Алматы: ОО «Академия педагогических наук», 2020.

Рухани сана қалыптастырудағы ұлттық құндылықтар сапаларының маңызы

А.Қ.Қаптиева, кафедра меңгерушісі, п.ғ.к., доцент.
«Өрлеу» ҰБАО АҚ Ф Ақтөбе облысы

бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты

Адам бір жылын ойласа - дән себеді, бар ғұмырын ойласа - ағаш отырғызады, ал ғасырлық болашағын ойласа - ұрпақ тәрбиелейді. Иә, расымен ақылдың кені болған бабалар сөзі тегін айтылмаған болса керек. Бірақ не дегенмен, қиыны мен жеңілі, қызығы мен қуанышы қатар жүретін білім саласының қазіргі ұстанымы – үнемі жаңалыққа ұмтылып, алдыңғы қатардан көріну және әр мұғалімнің бойынан жақсылық тауып, бұлақтың көзін ашу арқылы биік мақсаттарға жетелеу. Өйткені, заман да, қоғам да бір орында тұрмайды. Бір сәт жан - жағымызға көз жүгіртіп қарасақ, сәт сайын өзгерген, тың идеялар мен жаңа инновациялық технологиялардың қарыштап, ақпараттың әр секунд сайын өзгергенінің куәсі боламыз. Әлемнің көз ілестіргес даму қарқынына орай, көш бастап келе жатқан дамыған елдер қатарынан көріну үшін білім беру жүйесі мен экономикалық, әлеуметтік мәдениетімізге мейлінше өзгерістер енгізу талабы туындайды. Өйткені әлем қазіргі күні "білім қоғамынан" "білім экономикасы" қоғамын құру бағытына қарай көш түзеуде. Олай болса, өзгеру, алдымен, өзім үшін қажет. Нарыққа төтеп беріп, қоғам сұранысына ие болу үшін қажет. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіреді. *Біріншіден*, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз еліңнің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді. *Екіншіден*, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. *Үшіншіден*, бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі. Бәсекеге қабілеттілік саясатта, экономикада, руханиятта, яғни барлық салада болуы мүмкін, бірақ осыны игерудегі басты қажеттілік адам санасы арқылы жүзеге асады. Өйткені, бәрі санадан басталады. Ғалымдар (А.В.Петровский) Сана – психика дамуының жоғары сатысы ретінде, ең алдымен, жалпы және болмыстағы елеуліні тану қабілеті сияқты қасиетімен ерекшеленеді. Жеке адам санасы мен қоғамдық сана диалектикалық бірлікте болады. Қоғамдық сана жеке адамдар мен бұқара көпшіліктің шығармашылық іс-әрекетінің

нәтижесінде қалыптасады –дейді. Олай болса мұндай қажеттілікте алдымен сана түзелуі керек. Сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиіспіз.

Сана дамуындағы қажеттілік, қабілет, мүмкіндіктен туындайтын нәтиже даму мен ұмтылыс арқылы жүзеге асады. Олай болса, білім беруді дамыту процесінің әлемдік үрдіс дағдарысының кірігуі, дамыған елдердің стандартына деген ұмтылыс қоғам дамуындағы қажеттіліктер туындатуда.

Бүгінгі өмір талабы сапалы, әрі терең білім беру жолдарын әлемдік дәрежеде ұйымдастыруды қажет ететіні баршаға белгілі. Қазіргі таңда экономикалық өсу және азаматтардың әл-ауқаты үшін білімнің айтарлықтай маңызды екенін бүкіл әлем мойындауда. «Әлем қарқынды түрде өзгеріп келеді. Бұл – жаңа жаһандық болмыс, оны біз қабылдауға тиіспіз. Білім берудің сапасы – қоғамдағы білім беру үдерісінің күйі мен нәтижелігін, оның жеке адамның адамзаттық, тұрмыстық және кәсіби біліктілігін дамытудағы және қалыптастырудағы қоғам қажеттілігі мен үмітіне сәйкестігін анықтайтын әлеуметтік категория болып табылады.

Олай болса, білім беруді дамыту процесінің әлемдік үрдіс дағдарысының кірігуі, дамыған елдердің стандартына деген ұмтылыс қоғам дамуындағы қажеттіліктер туындатуда. Оған білім, ғылым арқылы ғана жетеміз. Адам - өз бойында адамзаттық, даналық болмысын жинақтаған тіршілік иесі. Ал тіршілік иесі - әлемдегі сан алуан халықтың, мемлекеттің, этникалық немесе әлеуметтік топтардың, адамдардың ортақ белгілері мен ұқсастықтарын біріктіретін жалпы адамзаттық құндылық түзетін пенде.

Адам құндылығының өзегін құрайтын және зерттейтін саланы – аксиология деп атайды. Аксиология («ахiа» - грекше «құндылық», логос – ілім, ғылым) ғылымының ең басты ерекшелігі оның философиялық сипаты басым келеді, өйткені философия тиістілікті іздейді. Сондықтан аксиологияның ғылым ретінде қалыптасуына үлес қосқан философтар (Гегель, Кант, Ницше, Кассирер және т.б.) мәдениеттің ішкі құрылымынан, жалпы адамзаттық құндылық арқылы адам алдына қойған мақсатына жету жолындағы өмір сүру негізі “мәнділік”, “еркіндік”, “игілік”, “жақсылық” сияқты ұғымдарға ұмтылу екенін атап көрсетті. Мәселен, Э.Кассирер «құндылық – бұл адамның ішкі дүниесінен тыс, мәңгі идеалды әлем» – деп түсіндіреді. Құндылықтар тақырыбы бүгінгі күннің мәселесі деуге болмайды бұл адамзат тарихында сонау ұлы ойшылдардың әл-Фараби, Қожа Ахмет Яссауи, Ө.Тілеуқабылұлы және т.б. еңбектерінде – ақ түбегейлі орын алған, ақыл - өнегесі, өсиетімен ұштасып, мәңгі сақталып, ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып келеді. Мәселен, Әл-Фараби өз заманында “Адам көп нәрсеге мұқтаж болғандықтан, өзіне керегін қоғамдасқан ортадан ғана таба алады. Жеке жан иесі адамдар бірлестігінің арқасында жетіліп, өз қабілетін шыңдай түседі. Осыдан келіп олардың өмір сүру мәні қалыптасады”. Ғұлама адам өмірі сан астарлы құндылықтармен тығыз байланысты екенін көрсеткен. Өйткені құндылық – адам өмірінің бағыт – бағдарын айқындайтын рухани күш. Енді осы “құндылық” ұғымының қалыптасуына тоқталатын болсақ, қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде: құндылық – нарқы жоғарылық, қымбаттылық, бағалылық деген ұғымды білдіреді. Құндылық арқылы сол заттың маңызын, мәнділігін, пайдалылығын, қажеттілігін, керектігін білуге болады. Мәселен, есептегіш машинаның құндылығы адамның оны дұрыс пайдалана білуіне байланысты (Қ.Жарықбаев). Орысша - қазақша аударма сөздікте: “құндылық” – құнды зат, мәнділік, ғылымда құндылық қазына, байлық деген ұғымдарды көрсетеді. Қазақ совет энциклопедиясында: “құндылық” – объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық – социологиялық ұғым. Құндылық объектінің адам үшін қаншалықты маңыздылығын анықтайды – деп көрсетілген. Әрі қарай құндылық ұғымын тұңғыш анықтаманы философтар (Лотце, Коген) берді. Құндылық екі компоненттен тұрады: пәндік және саналық. Пәндік құндылық – оған заттардың табиғи қажеттілігі, еңбектен шыққан өнімнің өзіндік құны, әлеуметтік игілік, ғасырлар бойы қалыптасқан мұра, ғылыми ақиқаттың теориялық маңызы және практикалық пайдасы, адамдардың іс-әрекетіндегі жамандық пен

жақсылықтың іске асуы, табиғи және қоғамдық объектілердің эстетикалық қасиеттері жатады. Санадағы құндылыққа қоғамдық ой, баға беру, мақсат, оған жетудің жолдары, түрлі нормалар жатады. Пәндік және субъективтік құндылықты философтар адамның дүниеге қатынасының екі жағы объектісі, әрі субъектісі ретінде қарастырады. Пәндік құндылық – баға берудің объектісі. Субъективтік құндылық – олардың өлшемі мен әдісі:

Философиялық сөздікте: “Ценности” – специфическое социальное определение объектов окружающего мира, выявляющие их положительное или отрицательное значение для «человека и общества благо, добро и зло прекрасное и безобразное». Внешние ценности выступают как свойства предмета или явления однако они присущи ему не от природы, не просто силу внутренней структуры, объекта самого себя, а потому что он вовлечен в сферу общественного бытия человека и стал носителем определенных социальных отношений” делінсе, психологиялық сөздікте: “құндылық” түсінігі қоғам үшін әлеуметтік – тарихи маңызы бар, “жеке адам” өмірінің болмысын анықтайтын құбылыс. Басқа жағынан психологияда құндылық - қоғамдағы моральдық қарым – қатынас. Осы айтылғандарға сүйене отырып біз, құндылық біріншіден – жеке адамның адамгершілік қасиеті, оның абыройы, әділділігі, бақыты болса, екіншіден - моральдық сана, норма, мүдде, принцип, мұрат пен мақсат – деп білеміз. Өйткені, қай кезде де адам өмір сүретін ортада қызмет етіп, іс- әрекет жасаса, өз қажеттілігін өтеу үшін алдына мүдде мен мақсат қойып мұратына жетуге ұмтылыс жасайды. Ал, мұратқа жету де білім, ақыл – ой, шеберлік, ұстамдылық пен шыдамдылық, яғни рухани құндылық негіздері ерекше орын алады. Адам мақсат-мұратсыз өмір сүре алмайды. Ал, мақсат пен мұрат өмір сүрудегі ең алдымен керекті құндылық. Мұрат дегеніміз- күш пен еңбек. Адам үшін өмірдегі ең басты мақсат – қажеттілік. Ол адам өмірінің өзегі, ал басқа мақсаттар оған жеткізетін баспалдақтар ғана. Ал, адамшылыққа жеткізетін қасиеттер ар-ұят, ізгілік, мейірімділік, қанағат, әділдік, қарапайымдылық. Сондықтан, педагогикалық сөздікте: “құндылық” – адамның ішкі құқы, ізгілігі, адамдармен қарым – қатынасы, іс- әрекет кезіндегі көрсетілетін қайырымдылығы, тұрақтылығы, мейірімділік тәрбиесі” – делінген. Себебі, педагогикада “құндылық” тәрбие құндылығы арқылы жүзеге асады.

Адамды кішкентай кезінен түзу жолға, адал іске, таза ар-ожданды етіп тәрбиелеу адамзат алғаш пайда болған заманнан бастап осы уақытқа дейін ұрпақтан - ұрпаққа жалғасып келе жатқан жауапты міндет. Аталы сөз аңыз, әңгіме қалдырған әлемдегі барша адам баласы тәрбиенің ұлағаттылығын бірдей қабылданғанымен, мазмұн - мағынасынан әр халық , ұлт өзі белгілейді, өзіндік қасиеттер мен көзқарастар арқылы тәрбиелейді. Ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелер сол халықтың ой- тілегімен, ақыл- өнегесі, өсиетімен ұштасып, үнемі жетілдіріліп, ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып отырған.

Сонда рухани құндылық адамның ортамен қарым – қатынасы, айналысатын ісі білімі мен өмір сүру салты, санасы мен сезімі, сенімі мен сапасынан тұратын жиынтық. Олай болса, құндылықтың адам өміріндегі маңызы біліктілік, білімділік, имандылық, адамгершілік (моральдық) эстетикалық, психологиялық, өнерлілік, шығармашылық сияқты рухани сапалардан тұрады:

Біліктілік сапа - адамның өмір жолында көргені мен естігеніннің тиімдісін, құндысын, пайдалысын көңіліне тоқу, ал білімділік - тікелей ғылым негіздерімен қаруланды, яғни оқудан құралады, - дейді профессор Ж.Наурызбай. Сонда біліктілік сапасы - рухани құндылық (өнер, тіл, мәдениеті салт-дәстүр, әдет-ғұрып т.б.), ал білімділік сапасы – дүниетанымнан: білімдер жүйесі сезім, қабілет, мұрат, мақсат, қызығушылық және т.б. тұрады.

Білімділік сапа - зердені байытып, ойлауды белгілі бір дәрежеге көтеру үшін керек, Сократ «Менің білетінім еш нәрсені де білмейтіндігім» – дегені адамның әлі де ғалам құпиясынан бейхабар екенін көрсетеді. Қазіргі ақпарат ағыны заманында адам баласы күнде естіген, көрген білгендерін қорытуға, соған білімдері арқылы үлес қосуға мәжбүр болып отыр. Сондықтан алған білімді жинақтаудағы сандық нәтижеден гөрі, оның

сапалық жағына көп мән берілсе, адам өмірде өз пайдасын тигізери сөзсіз. Сонда ғана білімділік негізі руханилықтың баспалдағы бола алады.

Имандылық сапа - болашаққа деген үміт, адамды, табиғатпен бүкіл әлемді жан – тәнімен сүйе білуді қолдайтын сенім. Сонау орта ғасырда өмір сүрген әйгілі ғұлама Қожа Ахмет Яссауидің заманында қайта - қайта «нәпсінді тізгінде, жаның мен діліңді тазарт» – деген өсиеттерінің түпкі тамырында, имандылық жатыр. Ол «өмірді қызық көру үшін сүрмеу керек, нағыз жетілген адамша өмір сүру керек, яғни өмірде жіберген қателерді жөндеп, күнәға батпай өмір сүруге тырысу қажет» , - дейді. Қателесу бұл адам білместігінің кесірі. Бірақ сол қатені өзінің іс-қимылында барынша «жоюға» тырысып қатесін түзету, әр адамның өз қолында екенін көбі біле бермейді, күнделікті тіршілікте «заман өзгеріп, өмір өз дегенін істеп, басқаларда мен сияқты жүр ғой» деген дәлелдер басымырақ болып жатқан кездер әлі де көп. Осыдан келіп, «өзің білме – білгеннің тілін алма» деген кереғар ұғым пайда болып отыр.

Эстетикалық сапа – бұл адамның жан сұлулығы ой тазалығы, іс- қимыл мен ниетінің үйлесімділігі. Мәселен, өте қас шебердің туындысы өз жүрек әмірімен жасалған өнер қашанда адам жанына әсер етеді. Руханилық әсемдіктің өзара байланысы да адам үшін құндылық болып есептеледі.

Психологиялық сапа – бұл адам бойындағы сезім мен эмоция, «жан дүниесі» арқылы мейірімділікке, жылылыққа, сұлулыққа әкелетін қажеттілік. Бұл физиологиялық қажеттілік емес, бұл психологиялық ерекшеліктерден туындайтын адами қасиет. Бірақ бұл қасиеттердің теріс доминатты роль атқаратын кезеңі де болады. Олар қызғаныш, қорқу, ызалану, жек көру, және көре алмау т.б. Міне, осылардан алыс болу үшін, адам өз зердесі мен білгірлігі, тапқырлығы өзін - өзі тәрбиелеу арқылы жетілдіріп отырса ғана салауаттылыққа жетеді.

Өнерлілік сапа - руханилықтың әлеуметтік саладағы ең өрелісі. Өнер арқылы адам баласы әлемге танылады. Бұл барлық ұлттық мәдениетке тән құбылыс. Қазір өнер деген атты желеу етіп, коммерциялық мүдделерді ғана көздеген іс- әрекеттер адам санасын лайлайтында өнерді жиіркенішті тудыруы. Жас ұрпақ тәрбиесіндегі өнер - бұл адам бойындағы дарындылықтың табалдырығы деп түсіндірген абзал. Өйткені адам өз қолымен жаңа дүние жасап үйренбей өзін жетілдіре алмайды.

Шығармашылық сапа - бұл адамның бүкіл әлемді тануға ұмтылысы , оны тек бейнелеп қана қоймай, әрі қарай жетілдіріп, дамытуға тырысуы. Жалпы қандай да болмасын адам кішкентай кезінен өмірдің заңдылықтарына үлес қоссам, өзгертсем десе, барлық өмірін соған сарп етер сөзсіз. Себебі, адам белсенділігі, еркіндігі, қажеттілігі, қызығушылығы арқылы шығармашылыққа енгенде ғана өмір сүру мәнін аша алады. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен саналы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзі тануына көмектеседі. Бұл - әр адамның өзін-өзі жасампаздықпен қайта құра алуы, қоғамдық талаптар тұрғысынан өзіне сыни баға бере алуы, айналаны өзгертуге қатыса алуы деп ой түйіндейміз. Қорыта айтқанда, рухани жаңғыру – қоғамдағы сананың жаңғыруы бұл, әр адамның ішкі руханияты арқылы, сыртқы өзгерістерді жақсы жағынан қабылдаудағы сананы тәрбиелеуге бағыт бағдар беретін қажеттілік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы. 12.04.2017. /Егеменді Қазақстан газеті/.
2. Қожахметова К.Ж. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика. Алматы, 1998, 48-50 б.
3. Ғ.Есім. Сана болмысы. 8кітап, Алматы.2004

ҰЛТТЫҚ РУХАНИЯТ ЖӘНЕ ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ТАҒЫЛЫМДАРЫ

Г.Р.Бахтиярова педагогика ғылымдарының кандидаты,
Қ.Жұбанов атындағы АӨУ-нің профессоры, Ақтөбе.

Ключевые слова: народная педагогика, этнопедагогика, духовность, национальная духовность, идеи мыслителей, педагогические идеи Аль-Фараби.

Key words: national pedagogy, ethnopedagogics, spirituality, national spirituality, ideas of thinkers, pedagogical ideas of Al-Farabi.

Резюме: В статье изучается роль и важность использования идей выдающего мыслителя тюркского народа аль-Фараби в формировании национальной духовности народа, проанализированы сущность и особенности гуманистических суждений великого мыслителя, уделяется внимание роли воспитания на основе национальных ценностей в нравственно-духовном становлении и развитии личности.

Summary: The article studies the role and importance of using the ideas of the outstanding thinker of the turkic people al-Farabi in the formation of the national spirituality of the people, analyzes the essence and features of the humanistic judgments of the great thinker, pays attention to the role of education based on national values in the moral and spiritual formation and development of the individual.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы мен үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасының басты міндеттері: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы және оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау; баланың тәрбиеленуі, білім алу және жан-жақты қалыптасуы, ана тілін, ұлттық салт дәстүрлерді сақтау, ақпараттану, денсаулығын нығайту сияқты құқықтарын іске асыру болып табылады. Осы сияқты қасиеттерді білім алушылардың бойында қалыптастыру мен дамыту Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің маңызды міндеті ретінде қарастырылады», - деп атап көрсетілген [1].

Біз соңғы кездері адамзат баласын моральдық азғындықтан, сезімдік жадаулықтан құтқаратын басты, күдіретті күш бар, оның аты – **руханият** деп айтып жүрміз. Керек десеңіз, руханият қоғамды әлеуметтік-экономикалық құлдыраудан да алып шығады деген тұжырымды жиі естиміз.

Руханилықпен қатар алғанда «руханият» анағұрлым кең мағыналы қатынастар жүйесін айқындайтын категория. Ол қоғамның рухани өмірінің көптеген қырларын қамтиды. Оның мазмұнында адамның тек жандүниесі, жеке әлемі ғана емес, дүниетанымы, ақыл-ой саласы т.т. астарласып жатыр.

Ең алдымен біз, бүгінгі ұрпақ Ұлы даланың өкілдері адам капиталын жасау жолындағы ұстанымдарымызды, басты қағидаларымызды анықтап алу үшін осы «**руханият**» және «**тәрбие**» ұғымдарының арасындағы байланыстың мәнін, анықтап, түсініп алғанымыз жөн. Көпшілік ғылыми пайымдауларға сүйенсек, және адам проблемасымен айналысатын педагогика ғылымының басты ұғымы ретінде «тәрбие» категориясының мәніне үңіліп қарасақ біз сөз етіп отырған осы екі құбылыс, екі ұғымды бір біріне жақындастырып, сабақтастыққа әкелетін ортақ басты белгі, «**руханият**» пен «**тәрбиенің**» тікелей қоғам өмірімен, оның дамуымен байланысты жүзеге асуы. Бұл адамзат мәдениетіне тән тұлға дамуы мен қалыптасуына тән барлық құбылыстар мен процестер үшін басты заңдылық.

Руханият – адамның дүниетанымының тереңдігі мен кеңдігінен, жанының тазалығы мен нәзіктігінен, санасының жоғарлығынан, әділеттілік үшін белсенділігінен, өзгелерге қайырымдылығы мен ізгі ниеттілігінен көрініс беретін оның ішкі әлемі. Адамның руханилығы жалпы адамзаттық құндылықтарды құрметтеуінен, игілікті құндылықтарды көздеуінен де көрінеді. Адамгершілік қасиеттерді қастерлейтін адам белгілі бір рухани мұраттар мен құндылықтарды басшылыққа алып, ұстанады. Ондай адамның іс-әрекеттерінен мейірімділік, қарапайымдылық пен қайырымдылық, ар-ожданды сақтау мен ұятқа қалмауға тырысу сезіліп тұрады. Ал осы айтылған нағыз берік, адам капиталын құраушы көрсеткіштер тек арнайы ұйымдастырылған, мақсатты тәрбиенің ғана жемісі, нәтижесі екені сөзсіз. Бұл орайда біз білім беру жүйелерінен өзге тұлға қалыптасуына ықпал етуші әлеуметтік институттардың тәрбиелік ықпалын жоққа шығара алмаймыз, дегенмен біздің бүгінгі ой талқымыздың (мақаламыздың) арқауы арнайы мақсатты, педагогикалық процестегі тәрбие мен руханият арасындағы сабақтастық туралы екенін ескергеніміз жөн.

Демек, біздің пайымдауымызша руханилық адам баласына тәрбиенің жемісті нәтижесінде берілетін сый, адамдықтың көрінісі мен көрсеткіштері. Олай болса ұлттық руханияттың қоғамда өз орнын алып, көрініс табуы үшін ұлттық құндылықтарға негізделген қоғам талабының мақсатына сай ұйымдастырылып, жүргізілген тәрбие мен этномәдени құндылықтардың бүгінгі отандық білім беру жүйелерінің оқу-тәрбие беру мазмұнында көрініс тауып, ұрпақ санасына сіңірілуі маңызды. Соңғы кездері кейбір зиялы қауым ортасында «ұлттық» ұғымын қолдануға үрке қарайтындар да бар. Олардың пайымынша заманауи тәрбие немесе мектеп ұлттық қағидасына тәуелді болмауы тиіс. Біз бұл көзқарасты мүлдем қолдамаймыз, біздің ҚР-ның Білім туралы Заңы «жеке тұлғаны ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде» тәрбиелеудің міндеттілігін көрсетіп тұрса, біз «ұлтжанды», «ұлттық рухы жоғары» тұлға қалыптастырудан неліктен қол үзуге тиіспіз деген сұрақ туады? Сондықтан біздің пайымдауымызша қазіргі отандық білім беру жүйесі әлем елдерінің озық құндылықтарымен қатар жас ұрпаққа тәрбие беруде ең алдымен ұлтжанды, өз елін, сол елдің мәдениетін, тарихын, бабалар аманат еткен игі дәстүрлерін, ана тілін, тарихын, дүниетанымын құрметтейтін азаматтарды тәрбиелеуге талпынуы қажет. Сонда ғана біз өзінің кіндік қаны тамған туған жері мен елінің жанашыры, нағыз патриоты, елім деп тұратын ұлттық рухы биік, елжанды азаматтар тұлғасын қалыптастырып, тәрбиелей аламыз.

Осы руханият пен тәрбиенің табиғи сабақтастығы туралы сан ғасырлар бұрын әлемнің екінші ұстазы атанған ұлы ойшыл Әбу Насыр Әл-Фараби: «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ондай білім адамзат өміріне апат әкеледі», - деп бүгінде барлық әлем елдеріне ортақ керемет тұжырым айтып кеткен болатын.

Сөзсіз, руханият адамға әдебиет, өнер, халық даналығы, салт-сана, ұлттық мәдени дәстүрлер, ғылым, білім және *мақсатты, жүйелі, жоспарлы ұйымдасқан тәрбиенің жемісті нәтижесі арқылы ғана келеді*. Оның құдірет күші де осында, сондықтан бүгінгі ұрпақ тәрбиесіндегі түрлі келеңсіздіктерді алдын алуда енді не істейміз, бүгінгі тәрбиенің шарасыздығына қандай күштер ықпал етуде деген сан алуан сұрақтарға жауап іздеуде, ең алдымен ұлттық тәрбиенің қуат-күшін, оның қайталанбас табиғатын терең танып, дұрыс бағалай білуіміз қажет.

Бұл орайда бізге дейін де «халықтық тәрбие», «халықтық педагогика» мен «этнопедагогика» мәселелерін зерделеп, зерттеуде, оның танымдық-тәрбиелік мәнін анықтауда әлем елдерінің педагогтары мен отандық зерттеуші ғалымдар бірқатар еңбек етті. Осындай зерттеулердің нәтижесі бүгінде адамтану ғылым салаларының теориясы мен тәжірибесінде кеңінен қолданыс табуда. Олардың қатарында педагогика тарихының түрлі кезеңдердегі танымал өкілдері: Я.А. Коменский, орыс педагогикасының атасы К.Д. Ушинский, Л.Н. Толстой, Г.Н. Волков және т.б., қазақ топырғынан шыққан ұлы ағартушылар (Шоқан, Ыбырай, Абай) мен педагогтар А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев,

Х.Досмұхамбетов және т.б. ғылым тарихында қалдырған еңбектерін айрықша атауға болады. Сонымен қатар еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақыт аралығында қазақ халқының дәстүрлі тәрбие қуатын түрлі қырынан танытуға талпынған Қ.Б.Жарықбаев, С.Қ.Қалиев, С.А. Ұзақбаева және бүгінгі ғылыми басқосуға есімі арқау болып отырған педагог-ғалым К.Ж. Қожахметова есімдері мен еңбектерін қазақ этнопедагогикасының көшбасшылары ретінде ерекше атай аламыз [2].

Осы есімдері аталған ғалымдардың қайсыбірі боламсын өз еңбектерінде ұлттық тәрбиенің, халықтық педагогика қағидаларына негізделген тәрбиенің қоғамдағы рөлін, рухани күш-қуатын түрлі қырынан ашып, көрсетті. Ұлы дала ойшылдарының қайсыбірінің болмасын еңбектерін мазмұндап талдап, танытуға талпынды.

Тек тәрбие мен руханиятты қадірлейтін қоғамның ғана болашағы жарқын болмақ. Біз күнделікті өмірде аңсап жүрген адамның рухани-адамгершілік қасиеттері мен қуатының жоғары болуы – руханилықтың ғана негізі. Ал өнер, әдебиет, ғылым мен білім адамға мақсатты, арнайы ұйымдастырылып, жүргізілген тәрбие мен еңбектің нәтижесінде келеді.

Осындай адамның парасаттылық, имандылық, ақылдылық, іскерлік, адамгершілік тәрбиесінің маңыздылығын біз сонау көне түркі «Орхон-Енисей» жазуларынан бастап, түркі тілдес халықтардың бәріне ортақ өшпес мұра қалдырған, ғұламалар қатарында ең алдымен Әл-Фараби шығармалары мен тағылымдарының бүгінгі ұрпақ тәрбиесінде алатын орын ерекше айта аламыз.

Бүгінде біз адамның рухани дамуы мәдениетте үлкен рөл атқаратындығын жақсы білеміз. Өйткені, руханилығы жоғары адамдары бар қоғам ғана жоғары дамыған мәдениет жасай алады. Оған мәдениет тарихы куә. Рухани байлығы мол адам ғана шын мәдениеттің дамуына үлес қоса алады. Мәселен, біздің қазақ қоғамының өмір сүру салтында құндылықтарды жоғары бағалау, жас ұрпақты соған баулу дәстүрге айналған. Тұлғаның рухани өлшемі адамгершілік қасиеттері мен анықталады және ол адам тұлғасының дамып, қалыптасу деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Бұл да тәрбиенің жемісі. Осы руханилыққа жеткізетін тәрбиенің күшін тануда біз ойшыл, әмбебап ғалым Әл-Фараби тағылымдарына жүгініп, олардың мазмұнына терең үңілуіміз қажет.

Шығыстың аса көрнекті ойшылы *Әбу-Насыр әл-Фараби* (870-950ж ж.) Фараб (Отырар) өлкесіне қараған Весидж қаласында туып, Бұхара мен Бағдатта оқып білім алған философ, әрі энциклопедист ғалым. Әл-Фарабидің мәдениет пен ғылымға қосқан үлесі мейлінше жан-жақты болды.

Әбу-Насыр Әл-Фараби – қыпшақ даласынан шыққан ұлы ғалым «әлемнің екінші ұстазы» атанған ғұлама. Әскербасының отбасында дүниеге келген. Отырар медресесінде, Шам, Самарқан, Бұхара, кейін Харран, Мысыр, Халеб (Алеппо), Бағдад шаһарларында білім алған. Тарихи деректер бойынша 70-ке жуық тіл білген [3, 69 б.].

Ол әртүрлі ғылым салаларынан 164-ке тарта трактаттар жазып, онда құнды пікірлер айтты. Халықтық дәстүрлі педагогикалық мәдениет туралы сөз еткенде есімі бірінші болып аталатын, қазақ даласының мақтанышы Әл-Фарабидің әлемдік мәдениет қазынасы саналатын мұраларында ұрпақ тәрбиесі жөніндегі озық идеялары философия, ұлттық педагогика, психология, этика саласында көтерген құнды ой-пікірлері кеңінен орын алған. Оның оқу-ағарту, білім, тәрбие, еңбек туралы трактаттарында тағылымды нақыл сөздер, ой-топшылаулар, ғылыми тұжырымдар мол. Бұл тұрғыда оның «Ғылымдардың шығуы», «Тәрбие тағылымы – өмір тағылымы», «Ақыл мен түсінік», «Ғылым меруерті», «Қайырлы қала адамдарының көзқарастары», «Оқу, білім, өнер өткелдері» және т.б. еңбектерін атап айтуға болады.

Ғалым мұраларында тәрбиенің мақсат-міндеттері, философиялық негізі баяндалып, тұжырымдалады. Бүгінгі педагогикалық мәдениет ұғымы аясында қарастырылып жүрген ұстаз бен шәкірт арасындағы қарым-қатынас мәдениеті мен әдебі жөнінде де ұлы ойшыл еңбегінен ұлағатты ой иірімдерін көптеп кездестіруге болады. Әл-Фараби өз

трактаттарында бала тәрбиешісі – ұстаздардың бітім-болмысы, табиғаты туралы терең ой қозғай отырып, олардың мінез-құлық нормасын былайша сипаттап көрсетеді: «ол тым қатал да болмауға тиіс, тым ырыққа да жығыла бермеу керек, өйткені тым қаталдық шәкіртті өзінің ұстазына қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру ұстаздың қадірін кетіреді, оның берген сабағы мен ғылымына шәкірті селқос қарайтын болады. Ұстаз тарапынан барынша ынталылық пен табандылық қажет, өйткені бұлар, – жұрт айтқандай, – тамшысымен тас тесетін бейне бір су тәрізді. Сондай-ақ, ол өзін бір ғана ғылымның шеңберінен асырмағаны дұрыс, өйткені түрлі пәндермен сабақты ауырлата беру тәртіпсіздікке және белгілі бір жүйеден айрылып қалуға соқтырады. Осының бәрі шәкірт өмірін ұзартады, өйткені тәнді емдеу, Гиппократтың сөзімен айтқанда, – өмірді ұзартатын болса, жанды емдеу онан да жақсы нәтижеге жеткізуге тиіс...» [4, 12-14 б.].

Ұлы ойшыл еңбектерінде ұстаз бен шәкірт бойындағы жоғары адами қасиеттердің қандай болуы керек екендігі жөнінде де мазмұнды пікірлер айтылады. Мәселен, ұстаз өз шәкіртінен адалдық, сыпайылық, ізгілік, әділдік сияқты жақсы қасиеттерді көргісі келсе, онда оның өзінде де аталған қасиеттер болуы шарт деп көрсетеді. Осылайша ғалым ұстаздар қауымын жас ұрпақ бойында руханилықты қалыптастыру жолындағы өз істеріне жауапкершілікпен қарауға, ынталы, табанды болуға шақырады.

Әл-Фараби пайымдауынша, педагогикалық қарым-қатынаста ұстаз ескерер тағы бір жайт – бұл шәкірттің мінез-құлқындағы жағымсыз мінезді, ұнамсыз қылықтың бой көтеруін алдын алу, болдыртпау, оның бойында жақсы сипаттардың қалыптасуына барынша мүмкіндік беру. Ғалым сөзімен айтқанда: «*Мінезділік* – бақытты болудың басты шарттарының бірі. Кейбір адамдар қолдағы бақытынан оп-оңай айырылып қалады, тіпті кейде бақытсыздыққа да ұшырайды. Оны мұндай күйге түсіретін – сол адамның нашар мінезі». Сол сияқты ұстаз адамның жоғары мәдениеттілігі оның мінез-құлық әдебінен көрінетіндігін: «Адамның адал, шыншыл болуы өзіне-өзі ізгі қасиетті болуынан, жүріс-тұрысы ізетті болуынан ғана туады», - деп айқындап көрсетеді [4, 14 б.].

Ұлы ғұлама маңызды педагогикалық көзқарастарды арқау еткен еңбектерінде адамды қалыптастырудың жетекші құралы тәрбие мен білім болып саналады, тек осы рухани құралдың ғана негізінде адамдардың ақыл-ой өрістері мен адамгершілік қасиеттері жетіледі деген қағиданы алға тартады.

Әл-Фараби, әсіресе, Аристотельдің мұраларын жан-жақты зерттеп, өзінің ғылыми еңбектерінде адам ақыл-ойының дүние танудағы мүмкіндігін, күдіреттілігін дәріптейді. «Қайырлы қала тұрғындарының көзқарасы», «Бақытқа жету» т.б. шығармаларында ғылымды меңгеруді бұл дүниедегі үлкен бақыт деп санайды. Оның пікірінше, бақытқа жетудің бірден-бір жолы – таза еңбек, ой толғанысы болып табылады. Фарабидің осыдан сан ғасыр бұрын ғылым, білім, тәрбие туралы айтқан құнды пікірлері бүгінгі педагогика ғылымы үшін терең мән-маңызға ие, баға жетпес мұра.

Әл-Фараби адамның қалыптасуының тиімді құралы өзара табиғи байланыста жүретін оқу-тәрбие процесі арқылы ғана жас ұрпақ бойында адамгершілік, интеллектуальды сапалар қалыптасады деп, ұлтты мәдениеттендіріп, оны кемелдендіру үшін ең алдымен халыққа білім беру қажет деген тұжырым айтты. Оның пікірінше, «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», яки, тәрбиесіз жалаң білім мәдениеттіліктің негізі бола алмайды деген пікір айтады [5, 110 б.]. Бұл пікірден ойшылдың тәрбиені халықты мәдениеттендірудің, руханилыққа жеткізудің қуатты құралы ретінде жоғары бағалайтындығын айқын көреміз.

Ұлы ойшылдың осы және өзге де пайымдауларынан біз адамның рух күшінің қалыптасып, қоғамның рухани қуатының артуы ең алдымен тәрбиеге тәуелді екенін айқын аңғарамыз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына 2020 жылдың 1-қыркүйегінде жасаған «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында елімізді жан-жақты дамытудағы басты ұстанымның бірі – «Ұлттың жаңа болмысы»

туралы арнайы атап көрсеткен болатын. Мемлекет басшысы түрлі саладағы бірқатар реформаларды жүйелі түрде жүзеге асыру қажеттілігі туралы нақты айта келіп, «Ұлттың жаңа болмысы» туралы мәселені саралап ашып көрсетті.

Ол: «Қазіргі міндет – халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру, тұтас ұлт сапасын арттыру. Адамды және қоғамды уақыт талабына сай жетілдіру қажеттігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Жаңарған ұлт қана жаңғырған елдің жетістігін жаһан жұртына таныта алады. Мен халқымыздың әлем үлгі тұтарлық жақсы қасиеттерінің көбірек болғанын қалаймын.

Ұлтымыз жаңа сапаға көшуі үшін біздің күнделікті өмірлік ұстанымдарымыз да өзгеруі керек. Қазақ қоғамында жаңа қағидаттар және жаңа бағдарлар салтанат құруға тиіс.

...Қазақ зиялыларының жаңа кезеңдегі міндеті – ұлт болмысының жаңа қағидаттарын орнықтыру. Сондай-ақ, ұлт сапасын арттыруға атсалысу», -деп басты міндеттердің бағытын айқындап берді [6]. Бұдан біз қазақ руханиятының кеңістігін кеңейтіп, құруда және өз ұлтымыздың жаңаша болмысын қалыптастырып, адам капиталын жасау жолында барша қоғамның ең алдымен тәрбие қуатына, оның ұлттық құндылықтарға негізделген күшіне жүгінудің қажеттілігін көреміз. Тұжырымдай келе айтқанда руханиятты қалыптастыратын негізгі факторлар рухани мұра, мәдени байлықтар, көне тарихи ескерткіштер. Соның ішінде ұлылардан қалған тарихи, әдеби, мәдени мұралар мен дін әдебі, ғылымның өркендеуі және оның адам руханиятын қалыптастырудағы орны бағалы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Қазақстан Республикасының Заңы (2021.08.01. берілген өзгерістер мен толықтырулармен. https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30119920
2. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы: I том. /Құраст. Қ.Б.Жарықбаев, С.Қ.Қалиев. – Алматы: Рауан, 1994. – 320 б.
3. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна Ltd.ЖШС, 2005. – 576 б.
4. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1973. – 215 б.
5. Қазақстан тарихы. Төрт томдық. I том. – Алматы: Атамұра, 1996. – 544 б.
6. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1-қыркүйек. https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТАРИХИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Г.Қ. Джонисова п.ғ.к., доцент

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қаласы

Ключевые слова: «ценность», «национальная ценность», ценностная ориентация, элементы этнопедагогики, глобализация.

Резюме: в статье рассматривается о значении наследия мыслителей Великой степи и просветителей казахского народа в национальной ценностной ориентации школьников. Раскрывается сущность понятий «ценность», «национальная ценность», демонстрируются пути эффективного использования богатого наследия казахского народа в ориентировании на национальные ценности.

Resume: the article discusses the significance of the heritage of the thinkers of the Great Steppe and the enlighteners of the Kazakh people in the national value orientation of schoolchildren. The essence of the concepts of "value", "national value" is revealed, the ways of effective use of the rich heritage of the Kazakh people in orientation to national values are demonstrated.

Keywords: "value", "national value", value orientation, elements of ethnopedagogy, globalization.

Құндылықтар мәселесі қай кезеңде де өзінің өзектілігін жоймай, философия, әлеуметтану, педагогика, психология ғылымдарының зерттеу нысаны болып келеді. Философтар мен мәдениеттанушылар Т.Парсонс, Р.Б.Перри, А.Г.Здравомыслов, В.П.Тугаринов, Б.И.Додоновтың, Т.Ғабитов, Б.Ерасов, Ғ.Есім, Д.Кішібеков, Қ.Әбішев, С.Нұрмұратов т.б. құндылықтардың әлеуметтік-философиялық мәнін айқындаған[1].

Ұлттық құндылықтарды танып білу, меңгеру және ұлттық мәдениеттің қалыптасу негіздері ғұлама ағартушылар Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев еңбектерінен, сондай-ақ, ХХ ғасырдың 1-жартысындағы педагог-ағартушылар М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, А.Байтұрсыновтың рухани мұраларынан бастау алады. Рухани-адамгершілік құндылықтар этнопедагогикалық, этнопсихологиялық тұрғыдан Қ.Б.Жарықбаев, С.К.Қалиев, С.А.Ұзақбаева, К.Ж.Қожахметова, Р.К.Төлеубекова, Р.Қ.Дүйсембінова, Қ.Бөлеев, Ш.И.Джанзакова т.б. ғалымдардың еңбектерінде қамтылған. Сондай-ақ ұлттық құндылықтарға негіздеп тәрбиелеуді ғылыми-әдістемелік тұрғыдан С.Қ.Мұхамбетова, Ш.А.Қирабаева, А.Қ.Қаптиева, Н.А.Мұхамединова, Г.А.Аңламасова, Ж.Н.Қалиев, Б.Қ.Игенбаева, З.Ж.Айджанова саралап талдаған.

Педагог ғалым К.Ж.Қожахметова мектеп қабырғасынан бастап оқушылардың ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиені ұлттық салт пен дәстүрге негіздеп ұйымдастыру және ұлттық құндылықтарға сәйкес мінез-құлық қалыптастыруды көздейтін этноәлеуметтік рольдерге баулуды ұсынады. Болашақ ұрпақты жас кезінен сан ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік тарихы бар құндылықтар негізінде тәрбиелейтін мазмұнды ақпараттар өте мол. Олар ғұлама ойшылдардың, педагогтар мен психологтардың еңбектерінде түрлі көзқарастарда баяндалып, атадан балаға ұласатын құндылық сезім ниеттер, ұмтылыстар, тұлғаның бағыттылығын анықтайтын ізгі қасиеттерді қамтиды. Бұл өз кезегінде ғылым әлеміндегі құндылықтар ұғымына байланысты алуан түрлі тұжырымдармен айқындалып, нақтыланып отырады [2].

Қазіргі кезде құндылық термині философия, әлеуметтану, мәдениеттану, этика, эстетика, психология, педагогика ғылымдарында кеңінен қарастырылуда. Қазақ энциклопедиясында «құндылық» объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық-әлеуметтік ұғым деген анықтама берілген. Ежелгі философиялық көзқарастарда құндылықтың әр түрлі көріністеріне жататын табиғи, қоғамдық құбылыстар, адамның іс-әрекетін бағалауда пайдаланылатын сұлулық, қайырымдылық, мейірімділік секілді этикалық және эстетикалық ұғымдар қолданылады. Құндылық объектінің адам үшін қаншалықты маңызды екендігін айқындайды. Құндылықтар өмірге, еңбекке, шығармашылыққа, адам өмірінің мәніне т.б. баға беру қатынасынан тұрады. Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды деген әдет-ғұрыптар, нормалар мен мән-мағыналар қызметін өзіне бағындырады, реттейді [3].

К.Ж.Қожахметова әр адамның бойына қуат беретін, жігерін жасытпай рухтандыратын ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтарды ерекше бағалай келе төмендегідей түрде жіктейді:

Жалпы адамзаттық:

- Отан, отбасы, тәрбие, білім, махаббат, достық, бейбітшілік, теңдік, бостандық, ана, дін, өнер, жауапкершілік, адалдық, отансүйгіштік, сенім, ерлік, азаматтық, сыйластық, түсініспеншілік, мейірбандық.

Ұлттық:

- ар, намыс, ана тілі, діл, рух, тәубашылдық, ризашылдық, Отанының тарихы, туған жер, ізеттілік, парасаттылық, рахымшылдық, қанағатшылдық, ата салты, дәстүр, жеті атасы, шежіресі [3].

Бүгінгі таңда маңызды әлеуметтік құндылықтар болып табылатын ұлттық құндылықтардың мәні ерекше артып отыр. Әрине, ұлттық құндылық тақырыбы тек бүгінгі күннің мәселесі деуге болмайды. Бұл адамзат тарихында сонау IX-XV ғасырлардағы Қорқыт, Әл-Фараби, Ж. Баласағұни, М.Қашқари, Қожа Ахмет Йасауи, Асан Қайғы сияқты қазақ даласының ойшылдарының еңбектеріндегі «Кемел адам» тұлғасын жасау идеяларында айқындалған. Қазақ даласының ғұлама ойшылдарының еңбектеріндегі ұлттық құндылықтар Адам, Өмір, Теңдік, Жер, Парасаттылық, Татулық, Ізгілік, тәубешілдік идеяларын біртіндеп жетілдіреді[4].

IX ғасырда өмір сүрген қобыз атасы, ақын Қорқыт атаның ұсынатын ең басты құндылығы - Өмір және өмірсүйгіштік. Қонақжайлық қасиетті де құндылық ретінде ерекше қастерлейтіндігі: «Қонақ келмес үйдің қирағаны жақсы», - деген ақын тұжырымдарынан аңғарылады. «Қорқыт ата кітабы» әдеби ескерткішіндегі ақылгөй ата ұсынған тағы бір құндылық – Адамилық. Оның пайымдауынша адамдар адамилық қасиеттерін сақтап қалулары керек. Адам үшін ең қауіптісі – адамилықты жоғалту. Адам өзінің құндылығын адамилық белгісі арқылы көрсетпекші. Сондықтан құндылықтар туралы айтқанда Адам мәселесі алғашқы кезекте болғаны жөн. Бұл тұжырым қазіргі отандық философтардың да назарынан тыс қалмай, ерекше көңіл бөлінуде. Мәселен, философ Қ.Әбішев «Адам жоғарғы құндылық, ол өздігінен-ақ дербес өзіндік құндылық бола алады», - дейді [5, 23-б].

Әл-Фарабидің ерекше қарастырған құндылықтары: Даналық, ақылгөйлік, ізгілік, пайымдағыштық, парасаттылық. Әл-Фараби өзінің «Әлеуметтік-этикалық трактатында» адамзат үшін интеллект өте қажет нәрсе деп есептейді. Шынайы бақытқа жету іздену мен оқудың нәтижесінде мүмкін болады деген тұжырым жасайды. Ғұлама Адамды құндылық деп қарап, адамның жақсы қылықты да жаман қылықты да өзі жасайтынын, ақыл мен жақсы мінез үйлесім тапқанда адамшылық болатынын баса айтады. Сөйтіп, Қорқыт баба идеяларынан бастау алып, Әл-Фараби еңбектерінде жалғасын тапқан ұлттық құндылықтар бүгінгі күнгі заман талаптарымен үндесе отырып, одан әрі ғылыми негіздермен жетілдірілуде.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанында ұлттық құндылықтар жан-жақты деңгейде ашылады. Дастанда тұтас ұлттың мінез-құлықтық ерекшеліктері айқын көрініп, халықтың әдет-ғұрпында ежелден бері қалыптасқан үлкенге құрмет, кішіге ізет, обалсауап, қонақжайлық дәстүрлері үлгі етіледі. Ғұлама ойшыл парасаттылық, қанағат, әділдік, ақыл мен білім, тектілік сияқты тағылымдық құндылықтарды, қарым-қатынас құндылығын айрықша дәріптейді. Дәріптелетін құндылықтар әр кейіпкер бейнесі арқылы ашылған: Күнтуды -әділдік,әділ заң, Айтолды – дәулет, ырыс, бақ, Өғдүлмүш – ақыл мен білім, парасаттылық, Одғұрмүш – қанағат, ынсап, ұстамдылық символдары ретінде көрініс табады.

Сонымен қоса, ғұламаның ерекше қарастырған құндылығы – ақыл мен білім. Адам үшін құт пен бақыттың кепілі – ақыл және білім деген тұжырым жасай отырып, ақыл мен білім жеке адамға және жалпы қоғамға пайда әкелуі тиіс екендігін ескертеді. Оны біз мына жолдардан анық байқаймыз:

«Пайдасы көп аз ақылды аз деме,
Қадыры көп аз білімді аз деме».

М.Қашқаридің басты еңбегі - «Диуани лұғат-ат-түркте» сол кездегі түркі халықтарының дүниені қабылдауы, этикалық нормалары мен құндылықтары жөнінде бай мағұлмат қамтылған. Ол тілді ерекше құндылық деп бағалап, ақылды сөз, есті сөз ғылымға бастайтын жол деген тұжырым жасайды. Ұлт болашағы ұрпақтарымызды заман талабына сай тәрбиелеудегі басты құндылықтар тіл, білім, ғылым десек, оның мәнін ұлы ойшылдар тұжырымына сүйене отырып айшықтай түсеріміз анық.

Қожа Ахмет Йасауи өз еңбегінде тәубешілдік, ғибадатшылдық қасиеттерді мұсылманның құнды сипаты деп бағалайды. Ол ар мен ұятты имандылықтың маңызды белгілері ретінде қарастырып, ар мен ұятты оятуды, тәлім-тәрбиемен тұлғаны жетілдіруді көздейді. Ғұламаның «Диуани хикмет» еңбегіндегі имандылық идеяларын құндылық ретінде меңгерту арқылы балалардың ұлт өкілі ретіндегі рухани келбетін қалыптастыру мүмкіндігіне ие боламыз.

XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың басында өмір сүрген қазақ халқының ойшылы Асан Қайғының ұсынған басты құндылығы Жер. Оның дүниетанымында жер жәй ғана жер емес, Жер-ұйық. Ұрпақтар өсіп-өнетін жер, әншейін жер емес, жақсы жер-ол Жер-ұйық болуы керек деп санаған. Жалпы қазақ дүниетанымында жер қасиетті ұғым екені белгілі. Ал Жер-ұйық ұғымын ұсыну арқылы Асан Қайғы оның ерекше құндылығы мен мәнін жаңаша бір үлгіде көрсетеді. Жер-ұйық ұғымымен қатар Қазақ халқының сол кездегі тарихи жаңа құрылымының жаршысы, ұраншысы болған Асан Қайғы Жер-ұйық іздеп ел кезеді. Ондағы мақсаты қазақ халқы бақытты өмір сүретін жақсы жерді табу болатын. Сөйтіп ол әр жерге, әр аймаққа мінездеме береді. Атап айтқанда, Сыр бойында мал шаруашылығына қолайлы жағдайлардың молдығын, Шідерті бойының топырағы асыл, суы шыны екендігін жырлап, дәріптесе, Алатауға келгенде:

Түні суық, күні ыстық жер даласы,

Ананың емшегіндей сай саласы.

Төрт елі топырақ асты алтын екен,

Ішпей, жемей тоятын айналасы,- деп жырлайды. Еділ менен Жайықты былайша сипаттайды:

Еділ менен Жайықтың

Бірін жазға жайласаң,

Бірін қысқа қыстасаң,

Ал қолыңды маларсың

Алтын менен күміске[6].

Асан Қайғы осылайша жер-жерге мінездеме беру арқылы әр жердің өзіндік құндылығын көрсетеді. Қазақ халқының туған жерге деген ыстық ықыласы мен аялы алақанын, жүрек жылуын үлгі еткенде көз алдымызда данышпан абыз Асан Қайғы

тұрады. Әр адамның Жер-ұйығы- өз туған жері. Оқушыларға туған жер құндылығын, кіші отан ұғымын меңгертудегі негізгі мысал мен дерек осы болмақшы. Қарастырылған құндылықтарды жүйелей отырып, кесте түрінде көрсетеміз (Кесте 1).

Кесте 1 - IX – XV ғасырларда өмір сүрген ойшылдардың еңбектеріндегі ұлттық құндылықтар

| Ғұламалар | Еңбектері | Еңбектеріндегі басты құндылықтар |
|------------------------|---------------------------------|---|
| Қорқыт VIII-IX ғ.ғ. | Қорқыт ата кітабы | Өмір, теңдік, қайырымдылық, имандылық, өмірсүйгіштік |
| Әл-Фараби IX-X ғ.ғ. | Философиялық трактаттар | Даналық, ізгілік, пайымдағыштық, парасаттылық |
| Баласағұн XI ғ.ғ. | «Құтты білік» | Өмір, Отбасы, Тектілік, имандылық, парасаттылық, қанағат, әділдік, ақыл мен білім, өнер т.б |
| М.Қашқари XI ғ. | «Диуани лұғати-ат-түрк» | Ізгілік, достық, жолдастық |
| А.Йассауи XII ғ. | «Диуани хикмет» | Адамилық, имандылық, тәубешілдік, ар, ұят |
| Асан Қайғы XV ғ. | Толғау, терме, шешендік сөздері | Жер- ұйық, әділдік, туыскандық |

Кестеде көрсетілген ғұламаларымыздың еңбектеріндегі ұлттық құндылықтарды зерделей келе, былайша топтастыруға болады:

- заттар мен құбылыстардың адам үшін маңыздылығын түсінуге көмектесетін құндылықтар: Өмір, Теңдік, Жер, Отан, Отбасы т.б.
- кемел тұлғаға тән дара қасиеттер түрінде көрінетін құндылықтар: өмір сүйгіштік, имандылық, ізгілік, тектілік, парасаттылық, тәубешілдік т.б.
- адамдардың өзара қарым-қатынасының ережелерін белгілейтін құндылық - өлшемдер: туыскандық, достық, жолдастық, т.б.

Жас ұрпақты уақыт тезінен өткен осындай құндылықтарға бағдарлап отырудың қажеттілігі күн санап арта отырып, өз мәнділігін еш қашан жоймақ емес. Олай болса, бүгінгі күні даналарымыз ұсынған Адам, Өмір, Теңдік, Жер, Парасаттылық, Татулық, Ізгілік, Тәубешілдік сияқты құндылықтарға мектеп оқушыларын бағыттап отырудың тиімді жолдарын іздестіру ешкімнің таласын тудырмайтын күн тәртібіндегі мәселе. Оның бастауыш сыныптарда жүзеге асырылуы бастауыш білім мазмұнымен анықталып, пән сабақтарында жүйеленеді.

Ұлттық құндылықтарды танып білу және меңгеру мәселелері ұлы ойшылдар еңбектерінен бастау ала отырып, ағартушыларымыз Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, сонымен қатар, XX ғасырдың 1-жартысындағы педагогтар мен қоғам қайраткерлері М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, А.Байтұрсыновтардың рухани мұраларымен үндестік табады. Осынау мол мұраны жас бүлдіршіндеріміздің игілігіне айналдыра отырып, олардың ұлт азаматтары ретінде қалыптасуына көмектесудің маңызы күннен күнге артып отыр.

Шоқан Уәлиханов қазақ халқының поэзиялық рухын, шешендік тіл байлығын, сөз өнерін ерекше құндылық ретінде бағалап, адам мен табиғат құндылығының үйлесімділігіне үңілген. Рухани құндылықтарға ерекше көңіл бөліп, ғылым мен білім, парасаттылықты ең биік құндылықтар ретінде дәріптейді. Бүгінгі күні білім мен

ғылымның құндылығы еселеп артпаса кеміген емес. Сондықтан, мектепте жалпыадамзаттық және ұлттық құндылық ретінде білімнің маңызын, қажеттілігін ұғындыру бастауыш сыныпта жүзеге асырылады.

Абайдың қара сөздерінде басты құндылық ретінде Адам танылады. Адам бойындағы әділдік, жанашырлық сияқты жоғары адамгершілік құндылықтарды бірінші орынға қояды. Ақын өмірдің құндылығын айта отырып, уақытты бос өткізбей, мәнді, пайдалы іспен шұғылдануды ұсынады. Қазақ халқының XIX ғасырда өмір сүрген ағартушылары ұлттық үлгі мәселесіне ерекше көңіл бөледі. Олардың тұжырымынша ұлттық үлгі деген халықтың болашаққа бағыт-бағдарын анықтау деген сөз. Осы негіздегі Ыбырай Алтынсариннің ұсынған ұлттық үлгісі – халықты ағартушылық үлгі. Оның осы бағыттағы айқындаған басты құндылығы – Білім.

«Оқысаңдар балалар, шамнан шырақ жағылар,
Тілегенің алдыңнан, іздемей-ақ табылар»,
немесе «Ата – енең қартайса, тіреу болар бұл оқу,

Қартайғанда мал тайса сүйеу болар бұл оқу» - деген өлең жолдары арқылы балалардың таным –түсінігіне сай деңгейде білімнің құндылығын ұғындырады. «Қырғыз хрестоматиясы», «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» оқулықтарына енгізген шығармаларында да білімнің құндылық сипатын, қадірін жағымды түсінікпен баяндап берген («Кел, балалар, оқылық», «Өнер, білім бар жұрттар», «Қыпшақ пен Сейітқұл» әңгімелері). Сонымен бірге ананы қалай қастерлеп, қалай сүюдің айқын үлгісін «Аурудан аяған күштірек» деген әңгімесінде ашып көрсетеді.

Ыбырай Алтынсарин әке-шеше мен баланың, аға мен қарындастың арасындағы құндылық қарым-қатынасты да ерекше уағыздайды. Оған дәлел ретінде «Қара батыр» ертегісіндегі батырдың ата-анасының, қарындасының сағынышқа толы, сүйіспеншілік сезіміне толы сөздерін айтуға болады. Ыбырай Алтынсариннің тұжырымды ойы мектепте білім беріп қана қоймай, оқушылардың рухани құндылық қасиеттерінің жетілуіне ықпал жасау керек дегенге саяды. Ұлы ағартушының осынау мол мұрасының ұлттық құндылық бағдар қалыптастыру әлеуетін бастауыш мектепте пайдалану мүмкіндіктері зор деп ойлаймыз[7].

Ұлттық тәлім-тәрбиенің көрнекті өкілдері Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов өздерінің педагогикалық шығармаларында ұлттық құндылықтарды кеңінен уағыздады. Артына мол мұра қалдырған Шәкәрім тұжырымдамасы бойынша «Адамда екі түрлі мақсат бар: оның бірі- тән мақсұты, бірі- жан мақсұты дейміз. Қара басының қамын ойлап, өзімшілдік мақтан көксейтін-тән мақсұты, адал ар мен адал еңбек іздейтіні-жан мақсұты. Бастапқыны көксеген адам зұлымдық қиянатпен болса да мал, мансап мақтан табуға құмар болады. Соңғыны көксеген адамның адал еңбек, ақ ниеттен басқа іздейтіні жоқ, ол адамды ала көруді, қиянат қылуды тіпті ұнатпайды»-деп, құндылық, антиқұндылықты салыстыру арқылы нағыз құндылықты айқындайды [8,180-б].

Сондай-ақ, Шәкәрім тіршілікті құндылық ретінде ұғынуға талпыныс жасап, тіршілік мәні не деген сұрақтың жауабын іздейді. Ол тіршіліктің негізі таза еңбек және мүмкіндігінше адамдарға жақсылық жасау деген ой түйіндейді.

Адал сол – таза еңбекпен күнін көріп,
Жаны үшін адамшылық ар сатпайды.

Шәкәрім ақыл, білім, парасаттылықты ерекше бағалайды.

Ақыл деген денеге егулі дән,

Суғарылса кіреді оған да жан.

Ақылдың өсіп-өніп зораймағы,

Көрген, білген нәрседен ғибрат алған- деп, білімділікті уағыздайды.

Білімді құндылық ретінде қастерлей отырып:

Құры білген не керек,

Білгенді қылған, со керек- деген жолдармен білімді өмірде пайдалану қажет екенін айтады [8, 215-б.].

Ал, Ж.Аймауытов болса «Тәрбиеге жетекші» деген еңбегінде тәрбиенің негізгі мақсаты- мінезді түзеу, адамшылыққа қызмет ету, адал еңбек ете білуге тәрбиелеу екенін айтып, жастарды рухани-адамгершілік сапа-қасиеттерге жетелейді.

Ахмет Байтұрсыновтың «Баланы ұлша тәрбиелесең, ұл болмақшы. Құлша тәрбиелесең құл болмақшы»- деген сөздерінен баланы тәрбиелеуде оның рух тәрбиесіне көңіл бөлуді, сөйтіп оны намысшыл, арлы азамат етіп өсіруді меңзегенін көреміз. Байтұрсынов ұлттық құндылық ретінде халқымыздың салт, дәстүрінен, ырым-рәсімдерінен бастауыш сынып оқушысының жеткілікті мәлімет алып отыруына ерекше мән берген. Бұл оның «Әліп-Би» оқу құралынан анық байқалады. А.Байтұрсыновтың ұлттық құндылық бағдарға қатысты мынадай ой-пікірлері бүгінгі ұлт мектебінің ұлы мұраттарымен үндеседі:

- оқулықтардағы оқу материалдарында этнопедагогика элементтерінің қамтылуын ескеру;

- бастауыш мектепте берілетін білім мен тәрбие ұлттық негізге бағытталуы;

- бастауыш мектептегі оқудың ана тілінде жүргізілуі.

Бастауыш мектептегі оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыруда осы ағартушыларымыз бен қоғам қайраткерлерінің ұсныстарын белгілі бір жүйеде пайдаланамыз.

М.Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегі ұлттық идеяны насихаттап, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу жолдарын көрсеткен қазақ топырағындағы тұңғыш педагогикалық оқулық. Ол осы еңбегінде отбасылық дәстүрдің құндылығына баса назар аударады. Отбасында халқымыздың салт, дәстүрлерін, ырым-рәсімдерін орындап отыру қажеттілігін айта келіп, бала кездегі көңіл-күй сезімдері жарқын болса, бала ашық, елгезек болып өсетінін ескертеді. Мағжан Жұмабаев туыстық қарым-қатынастың сұлулық негізге құрылуына мән береді. Қазақтарда үлкен мен кіші, жеңге мен қайны, қайын сіңлі, аға мен іні бірін-бірі сыйлауға, құрметтеуге негізделіп құрылып, балалар үлгі аларлықтай, таңырқап таңдай қағатындай дәрежеде болғанын қалады.

М.Жұмабаевтың «Сүйемін» деген өлеңінде өзінің тағзым ететін басты құндылықтары ана, сүйген жар, туған ел мен жер екенін айқын көрсетеді. Сондай-ақ, Мағжанның «Бабам тілі» деген өлеңі - ана тіліне деген ақынның нағыз отансүйгіштік сезімінің шынайы көрінісі деуге болады. Бұл үлгі қазіргі кезде оқушылардың туған жерге, ана тіліне деген құндылықты қатынасын қалыптастыруға көмектеседі.

Міржақып Дулатов ұлттық салт, дәстүр құндылығын ерекше атап өтеді. Оны мынадай тұжырымы дәлелдейді: « Салт-дәстүрлерін өз ұрпағына мұра етіп қалдырған халық қана білім мен мәдениетке тез қол жеткізеді». Дулатовтың пікірі бойынша ұлттық тіл мен ұлттық салт, дәстүр бір-бірінен ажыратуға болмас тұтас құбылыс. « Егер адам өзінің туған тілін толық игерсе, ол өзінің ұлттық рухы мен ұлттық өмірін сақтайды».

Жарасымды дамиды болашақ, ізгілікті қоғамның үлгісін ұсынған ғұлама ағартушыларымыз ең алдымен ондағы қоғамды құрайтын адамдардың ұлттық дүниетанымы мен көзқарасын, ұлттық құндылық бағыт-бағдары мен сана-сезімін қалыптастыруды қарастырған. Ұлттық құндылық бағдар қалыптастырудағы басты жол ретінде осы еңбектердегі құндылықтарға әркез орала отырып, оларды жүйелі түрде көрсетеміз (Кесте 2).

Кесте 2 - XIX-XX ғасырдағы қазақтың ғұлама ағартушылары мен қоғам қайраткерлерінің рухани мұраларындағы ұлттық құндылықтар

| Авторлар | Еңбектері | Ұлттық құндылықтар | Бастауыш білім мазмұнында |
|----------|-----------|--------------------|---------------------------|
|----------|-----------|--------------------|---------------------------|

| 1 | 2 | 3 | қамтылуы |
|----------------|---|--|-----------------------|
| Ш.Уәлиханов | «Қырдағы мұсылмандық туралы», «Қазақтардағы шамандықтың сілемдері» | Ғылым жолы, ана тілі, парасаттылық | 4-сынып, Ана тілі |
| Ы.Алтынсарин | «Қазақ хрестоматиясы», «Мұсылманшылық тұтқасы», «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш кұралы» | Ата-ана, тума-туыс, білім, имандылық, қанағат. | 2,3-сынып, Ана тілі |
| А.Құнанбаев | Абайдың кара сөздері, өлеңдері, | Махаббат, адамшылық, хакімдік, ар-ождан, әділдік | 2,3-сынып, Ана тілі |
| М.Жұмабаев | «Педагогика» оқулығы, «Сүйемін», «Бабам тілі» | Ана, Ел мен жер, тілін құрметтеу. | 3,4-сынып Ана тілі |
| Ж.Аймауытов | «Тәрбиеге жетекші», «Психология», «Психология және кәсіп таңдау», | Туған ел, Ана тілі | 2,3,4-сынып, Ана тілі |
| Ш.Құдайбердиев | «Мұсылмандық шарты», «Үш анық», «Рух және табиғат» өлеңдері | Дәстүр, қайырымдылық; ұлт мүддесі, тіршілік. | 2,3,4-сынып Ана тілі |
| М.Дулатов | Шығармалары. «Есеп кұралы» | Салт, дәстүр, Қазақ тілі, білім | 2,3-сынып, Ана тілі |
| А.Байтұрсынов | «Тіл кұралы», «Тіл тағылымы», «Оқу кұралы», «Оқуға шақыру» | Ұлттық намыс, Ар-ождан, Ұлт тілі | 1,2,3-сынып, Ана тілі |

Жоғарыдағы еңбектерді оқып үйрене отырып, бастауыш сыныптың оқу-тәрбие үдерісінде кеңінен пайдалану нәтижесінде оқушылардың ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыру жүйесін құруға болады. Бүгінгі таңда қазақ халқының ұлттық құндылықтарының мәнділігі егемен ел болуымызбен және жаһандану үдерісі жағдайында жас ұрпақтың ұлттық келбетін қалыптастыру қызметіне байланысты одан әрі артып отыр [10].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздік // құрастырған Т.Ғабитов, А.Құлсариева және т.б. – Алматы: Раритет, 2004. – 320б.
- 2 Қожахметова К.Ж. Теоретико-методологические основы казахской этнопедагогика: дисс...док. пед. наук. - Алматы, 1998. – 431с.
- 3 Қожахметова К.Ж. Рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде жастардың этнопедагогикалық мәдениетін қалыптастыру. // Білім жүйесіндегі этнопедагогика 2008ж, №3. - 25-28бб.
- 4 Қазақ даласының ойшылдары (IX-XII ғ.ғ.). – Алматы: Ғылым, 1995. - 160б.
- 5 Әбішев Қ. Философия: Студенттер мен аспиранттарға арналған оқулық. Алматы, 2001. -256б.
- 6 Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: элеуметтік философиялық талдау.- Алматы: Қазақстан, 2000.- 254.

- 7 Аңламасова Г.А. Мектеп оқушыларын адамгершілік құндылықтар негізінде әлеуметтендіру: пед. ғыл. канд...дисс.-Алматы, 2005. – 159б.
- 8 Құдайбердиев Ш. Шығармалары. -Алматы: Жазушы, 1988. - 560б.
- 9 Джонисова Г.Қ. Құндылық бастаулары. Факультатив курсының бағдарламасы. - Орал, 2006. - 12б.
- 10 Қожахметова К.Ж., Джонисова Г.Қ. Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылық бағдарын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Оқу-әдістемелік құрал. – Орал, «Ағартушы», 2009. – 112б.

ӘОЖ 37.005

БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕНІ ЗЕРДЕЛЕГЕН – АБАЙ ХӘКІМ

Сабилов Айдар Рамазанұлы, доцент.

Қожрақова Ақтолқын Саташқызы магистр, аға оқытушы.
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ.

Ключевые слова: поэт, мыслитель, образование, воспитание, народ

Резюме: в статье рассматривается великий мыслитель и поэт Абай призывает свой народ познавать нравственность и культуру через образование и воспитание

Resume: the article examines the great thinker and poet Abai encourages his people to learn morality and culture through education and upbringing

Key words poet, thinker, education, upbringing, people

Өзі өмір сүрген дәуірдің қайшылықтары мен әділетсіздігін жастайынан көзімен көріп, көңіл зердесіне түйіп өскен Абай ең алдымен білім беру ісіне адам өмірінің өзекті қызметі ретінде баса назар аударды. Өйткені білім беру адам табиғатының жақсаруына, әр адам бойында адамгершілік қасиеттің қалыптасуына негізделетін, білім беру арқылы ғана болашақта алға қарай ұмтылуға қалыптастыруға болатынын түсінген ақын өз халқын білім жолына түсіп, мәдениетке үйренуге шақырады: «Біз ғылымды сатып, мал іздемек емеспіз; малменен ғылым, кәсіп қылмақпыз; өнер өзі де мал, өнерді үйренбек өзі де ихсан» (38-сөз). Абай өмір сүрген тұста қазақ тілінде білім беретін мектептің болмағаны белгілі. Сол себепті қазақтардың сол кездегі өмір сүру жағдайларына сәйкес келетін ағартушылық қызметтің мақсаттары мен міндеттерін Абай былай тұжырымдап берді: «Турасын ойлағанда, балаңа қатын әперме, енші берме, барыңды салсаң да, орыстың ғылымын үйрет... балаң бала болсын десең – оқыт, мал аяма!» (25-сөз). «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңін бүгінде жатқа білмейтін қазақ кемде-кем болар. Бір қарағанда онда айтылған ой-пікірлер бәрімізге етене таныс, құлағымызға әбден сіңісті дүниедей көрінеді. Алайда, қайтадан бір зер салып оқып, көкірек көзімен түбіне жете үңілсек, бүгінгі күнгі өз кемшіліктерімізді көріп, қайран қаларымыз анық.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,

Пайдасын көре тұра тексермедім.

Ер жеткен соң түспеді уысыма,

Қолымды мезгілінен кеш сермедім.

Бұл махрұм қалмағыма кім жазалы,

Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім? – деп, өзінің дер шағында оқи алмай, білімнің аздығы енді өкіндіретінін күйзеле мойындап, өз басының өкінішін мысал етсе, бір жағынан «Ауырдың үсті, жеңілдің астымен» жүріп оқудың қадіріне жетпей, алыпсатарлықпен айналасып кеткен жастарымыздың бүгінгі қарекетіне данышпандық көрегендікпен меңзеп тұрғандай. Күндердің күнінде солардың көбісі «Бұл махрұм

қалмағыма кім жазалы?» - деп, басын тауға да, тасқа да ұрмасына кім кепіл?! Өйткені олардың бойында ең басты байлық – білім жоқ. Жан-жақты терең білім ала алмағанын олар кейін кімнен көрмек? Заманнан ба? Жоқ. Бүгінгі заман оларға білімнің даңғыл жолын ашып отыр. Өздері ғана кінәлі. Оған себеп-бас пайдасын ғана ойлап, арзан атақ, алдамшы бақыт қуып кеткендігі. Әрине, дәулетті болғанға не жетсін! Алайда олардың адал тер төкпей-ақ делдалдықпен «оңай олжаға» белшесінен батып жүргендері де шындық. Бірақ, бұл – Абай көрсеткен «адам болудың» жолы емес. Қай заманды алып қарасақ та, қашанда қоғамның қозғаушы күші қисапсыз байлық емес, ғылым-білім болғаны еш талас тудырмайды. Тарихта өткен небір байлардың, тіпті патшалардың да ел есінде қалмағаны бар. Керісінше, халықтың қамын жеп, оның мұңын жоқтаған батырлар мен ақындар есімдері, үлкен өнер иелері ұмытылмай, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді. Осы ойды кемеңгер ақынның:

Малда да бар жан мен тән,

Ақыл, сезім болмаса

Тіршіліктің несі сән,

Тереңге бет қоймаса?! – деген тұжырымы бекітіп тұрғандай.

Жастарымыз Абайдың бұл тұжырымының байыбына бара алдыма екен? – деген күдікті ойдың көңілімізде тұрғаны да рас. Өйткені, ақылы алқымынан аспай, ойы отбасынан артылмай, тірі пендеге қылдай жақсылық қылмай, тек күнделікті қарақан басының қызығын қуып, бес-он жылдық жиған «малының» буына мас болып жүрген пенделерді ұлтының болашағы толғандырады дегенге сену қиын. Олардың күдіретті тілімен сіңетін ұлттық намыс отының қуаты қалмағандай. Адамгершілік ар, инабат, мейірім деген ұғымдар көкейіне қонбайды. Бәрін де өзінің дүниесімен ғана өлшейді, сонымен сатып алады. Бірақ, жасыратыны жоқ, кейбір дәулетті қулар өмірде үлкен табысқа да жетіп жүр. Қазірдің өзінде кейбір жастарымыз миллиардер болып, ханға сәлем бермейтіндей дәрежеге жеткен. Байлығынан басы айналған ондайлардың халқының қайғысы жанын ауыртпайды. Сөйтіп, бүгінгі өмірімізбен салыстыра қарасақ, Абай ойының құндылығына еш шүбә келтірмейміз, әлі күнге дейін маңызын жоймағанына куә боламыз. Абайдың өмірлік мақсат-мұратының басты сипаты – туған халқының мешеулігі мен надандығына қарсы күрес болды.

Надан адам ақылды құлаққа ілмек,

Бұл сөзден ертегіні тез үйренбек.

Рас сөздің кім білер қасиетін

Ақылсыз шынға сенбей, жоққа сенбек,- деп, халқының мұнша қаранғылықтың себебін баласына дұрыс тәрбие бере алмайтын ата-ананың надандығынан іздейді. Оныншы қара сөзінде: «...Бір бала туғызып, оны да ит қылуға, оған да қорлық көрсетуге мұнша неге құмар болдың?... Жақсы баланы сендей әке, сенің еліңдей ел асырап өсірмек пе екен? Жоқ... баланы...өзің жақсы асырай білесің бе? Білмейсің. Бұрынғы өз күнәңді өзің көтергеніңмен тұрмай, балаңның күнәсына тағы да ортақ боласың». «... Осы ма берген тәлімің? Осы баладан қайыр күтесің бе?»-деп, ондай ата-аналарды сөгіп, қатты ызаланады. Абай өз халқының кемшіліктеріне күйінгенде халқын тұтастай алып, айыптай отыра үйретеді, жақсылыққа уағыздайды, келешегіне үміт артады. Мәселен, байларды білімнің орнына малдың санын көбейтумен айналысқаны үшін жазғырса, ал кедейлерді өздерінің барлық қажыр-қайратын тек қорек іздеуге ғана жұмсайтыны үшін кінәлайды. (31-сөз).

Абайдың «адам болу» қағидасы «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің өн бойында «ғылым табу» идеясымен астасып жатыр. «Қашан бір бала ғылым – білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады», -дейді 28-сөзінде. Ал, баланың ғылымға махаббатын оятатын – жақсы ата-ана, жақсы ұстаз, жақсы құрбының ықпалы болатынын атап айтады. Абай айтқан бала тәрбиесіндегі бұл үшеуінің рөлін ешқандай

педагогика жоққа шығармайды, қайта Абай ұсынған «Адам болу» қағидасы бүгінгі педагогика ғылымының басты ұстанымы болып отыр.

Ойшыл ақын ғылым-білімді игеру тек еңбек арқылы табылатынын ескерте отырып, қазақ арасында адамгершілік қасиеттің төменгі сатыда болуын жастардың әрекетсіздігінен көреді. Мұндай өз еркімен іске қосыла алмайтын, біреудің айтқанымен жүретін адамдарды надан адам санатына қосады: «Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғының бір себебі – жұмысының жоқтығы. Егер егін салса, қолы тиер ме еді?»-дейді. (42-сөз). Ол жастарды жамандыққа бой ұрудың орнына, материалдық және рухани жағынан пайда беретін өнерді үйренуге шақырады.

Түбінде баянды еңбек – егін салған,
Жасынан оқу оқып, білім алған.

Би болған, болыс болған өнер емес,

Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған,-деп халқына еңбектің осы екі түрін үлгі етеді, әсіресе ой еңбегін жоғары қояды.

Қазақ балаларына өнер-білімді, ғылымды, оған жетудің жолдарын насихаттаудағы Абайдың педагогикалық ой-пікірлер жүйесінің өміршеңдігі – бүгінгі күн дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат. Шығармашылық жолының бүкіл өн бойында алтын желі болып таратылып жатқан басты ой – адамның өнер, білім, ғылым арқылы өзін-өзі жетілдіру мәселесі бүгінгі қоғамның да ең өзекті проблемасы – жеке тұлға қалыптастыру мәселесімен астасып жатыр.

Абай заман адамының бейнесін сомдауда ең алдымен оның жан дүниесіне зер салады; туған халқының жан сырын зерделеудегі өзінің ұғым – түсініктерін жайып салады, адамтанудағы ой тамырларын байқатады. «Абай – адамның өзін тануы жөніндегі ғылымға, яғни, адам жанының сырына өз шығармаларының ұзына бойында мол тоқтатылып, өз танымы тұрғысынан көптеген тың ойлар, жаңаша тұжырымдар айтқан дербес ойшыл ақын»,-дейді көрнекті Абайтанушы М.Мырзахметов.

| 3 | Жаңашылдық | Жаңаны қабылдай алу және ұсына білу іскерлігі, шығармашылықты басқару. |
| 4 | Икемділік | Өзгерістерге дайындық; түрлі оқыс ситуацияларда тез және сәйкесті жауап қайтара алу қабілеті, мәселені көру және анықтай алу, оны шешудің жолдарын таба білу, нәтижесіне баға беру. |
| 5 | Жүйелі дамуға бағдарлану | Жаңа технологияны және әдістерді қабылдауда ашықтық |
| 6 | Ұйымдастырушылық қабілеттер | Адамдарды басқара білу, тапсырманы орындауда ұжымды және өзін ұйымдастыра алу іскерлігі, құзыреттіліктерді орын орнына қою, маңыздысына мән беру, жоспарлау, бақылау |
| 7 | Уақытты игере білу іскерлігі | Ситуациялық талдау жасай алу іскерлігі, мақсатты анықтау және құрылымдау, апталық, айлық, жылдық жоспарларды жүзеге асыру, күнді жоспарлау |
| 8 | Топта жұмыс жасау | Топты құра білу және онда жұмыс жасау; тиісті топтың ерекшеліктерін білу; ынтымақтастық ахуалын ұстай білу, топ мүшелерінің қарым-қатынас және мінез-құлық ережелерін орындауы, топ мүшелерінің жағымсыз мінез-құлықтарын түзету |
| | Коммуникативтік – іскерлік | Өз пікірін, құқығын қарым- |

| | | |
|----|---------------------------------|---|
| 9 | қабілет | қатынасын бұзбай қорғай білу; жаңа идея және жоспар арқылы іс-әрекетке ынталандыра білу |
| 10 | Келіссөз жүргізе білу іскерлігі | Презентацияның міндеттерін және мақсаттарын, аудиторияның қызығушылығын анықтай білу; сөз сөйлеуді ұйымдастыру, сендіре білу және шешендік дағдыларға ие болу |
| 11 | Оқушыға бағдарлану | Оқушымен жұмыс жасау саласында стандарт пен саясатты білу; оқытушы мен оқушының перспективті ағымдағы қажеттіліктеріне бағдарлану |

Автормен [2, б. 41-42] бойынша құрастырылды

2-кестеде көрсетілген «ұйымдастырушылық қабілеттер» құзыреттілігі болашақ кәсіби педагогтардың волонтерлық іс-әрекет негізінде ұжымды сапалы ұйымдастыра білуге дамытады. Адамдарды басқара білу, тапсырманы орындауда ұжымды және өзін ұйымдастыра алу іскерлігі, құзыреттіліктерді орын орнына қою, маңыздысына мән беру, жоспарлау, бақылау сияқты дағдыларды білсе оқушылармен, ата-анамен, әріптестерімен қала берді қоғаммен тығыз қарым-қатынас жасай алады. Топта жұмыс жасау, коммуникативтік іскерлік қабілет, келіссөз жүргізе білу құзыреттіліктері болашақ педагогтың волонтерлық іс-әрекеті негізінде қоғаммен қарым –қатынас жасауда ықпалы мол.

В.П.Пугачев кәсіби құзыреттілікті мамандарды дайындау сапасының сипаттамасы, еңбек әрекетінің тиімділік потенциалы ретінде қарастырады. Мұнда автор кәсіби құзыреттілік ретінде мамандандырумен байланысты кәсіби функцияларды орындауда жұмыскердің «техникалық» дайындығын түсінеді [6, 54б].

Құзыреттілік сыртқы белгіленген әрекеттерге қарағанда неғұрлым күрделі құбылыс болып саналады, ол өмірде кездесетін ситуациялық жағдайлардың неғұрлым тиімді шешімін табуға көмек беретін, адамның шынайылықты қабылдаудың белгілі бір қасиеті деп айтуға болады.

Б.Т.Кенжебеков құзыреттіліктің әр түріне кәсіпаралық жалпы компоненттердің мынадай түрлерін енгізеді:

- *мамандыққа құзыреттілік* — өндіріс процесін жоспарлауға қабілеттілік, компьютермен, оргтехникамен жұмыс істей білу, техникалық құжаттамаларды оқу, қол машықтығы;
- *жеке тұлға құзыреттілігі* — өзінің еңбегін жоспарлауға, бақылауға және реттеуге қабілеттілік, өз бетімен шешім қабылдауға үйреншікті емес (нестандартное) шешімдер табуға, қисынды теориялық және практикалық ойлау; проблеманы көре білу, өз бетімен жаңа білім мен іскерлікті игеру қабілеті;
- *дара құзыреттілік* — жетістік мотивациясы және табыстың қорлануы, өз жұмысының сапалы болуына ұмтылу, өзін-өзі мотивациялауға қабілеттілігі, өзіне деген сенімі мен оптимизм [7,273б].

Осы компанентердің ішіндегі болашақ мұғалімдірге волонтерлық іс-әрекетті жүйелі қалыптастыруда жеке тұлға құзыреттілігін ерекше атап көрсетуге негіз болады. Себебі қоғамда болып жатырған өзекті проблемаларды көре біліп, оның шешімдерін табуда өзінің ой пікірін ортаға салып, өзінше талқылап өз ойын терең жеткізуге ықпалын тигізеді.

Я.Каменский мұғалімнің басты қасиеті оның биік адамгершілігімен, адамдарға деген сүйіспеншілігімен, білімімен, еңбекқорлығымен және басқа да қасиеттерімен балалар еліктейтіндей, өзгелерге үлгі болуымен анықталады деген болатын. Сонымен қатар ол мұғалім балаларға мейірімді, жылы жүзді, оларды қатал қылықтарымен өзінен кері

итермей, қайта жылы сөзімен, сүйкімділігімен оларды өзіне тарта білуі керек деген [5,4376].

Б.Момышұлы айтқандай, болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де өсіретін – ұстаз. Сондықтан бәріміздің ойлаған мақсатымыз, атқарар ісіміз біреу, ол – бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеу. Біз әрқайсымыз ізденімпаз ғалымбыз, нәзік психологпыз, тынымсыз еңбекқормыз, өз ортамазыдың ұйытқысымыз, жан-жақты шеберміз, білімдіміз, жалпы айқанда сегіз қырлы, бір сырлымыз. Сондықтанда болашақ мұғалімдерге кәсіби құзыреттілікті жан-жақты дамытуымыз қажет.

2020 жылдан бастап қолға алынып отырған волонтерлік қызметті тек материалдық қажеттіліктерді өтеумен ғана шектеліп қалмай, білімді жетілдіруге де қолданса, тиімді болар еді. Студенттердің қосымша үйірмелермен, өзін жетілдіру бағытындағы курстармен қамтылуы өте төмен деңгейде. Осы тұста жоғары оқу орындарының студенттері мен аудан орталықтарында, қалалық жерлерде қызмет ететін жас мамандар өздерінің туған ауылдарына барып, кемінде 2 аптада 1 рет болса да тегін курстар ұйымдастырып тұрса, ауыл балалары үшін тиімді болар еді. Қазіргі таңда сұранысқа ие салаларды қарастыра отырып төмендегідей курс түрлері жүргізілсе, еліміздің оқушы жастарына тигізер көмегі зор болар еді:

- Ақпараттандыру, IT саласы бойынша бағдарламаларды құрастыру;
- Өнер саласында;
- Ағылшын тілін үйрету;
- Спорттық курстар;
- Әр түрлі оқу пәндері бойынша курстар;
- Қолөнерге баулитын курстар т.б.

Міне жоғарыда аталған курстарды жүргізу үшін ерікілер тобы құрып, ауылдық жерлерде сабақтар жүргізілетін болса, біріншіден, дарынды жастардың көбі ауылдық жерлерден шығатыны ескерсек, осындай дарынды балалардың болашақ маман болып қалыптасуына ықпал ете аламыз; екіншіден, маман тапшылығынан зардап шегіп, баласының болашағы үшін жылы орнынан көшуге мәжбүр болған ата-анаға көмектесіп, ауылдарымызды сақтап қала аламыз, үшіншіден, сабақ беруге барған студенттер тек білім беріп қана қоймай, өз шеберліктерін жетілдіруге, өздерін сынауға мүмкіндік алады, төртіншіден халқымыз «батаменен ел көгерер» деп айтып кеткеніндей, елдің алғысын алу қай қазақ баласы үшін де игілікті іс екенін сіз бен біз жақсы білеміз. Б.Момышұлы «Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді», – дегендей, сапалы білім, саналы тәрбие берген қоғамдағы ұстаз қауымының орны ерекше екенін ұмытпай, қоғамның әр мүшесі жан-жақты қолдау көрсетуі қажет деп ойлаймын.

Қорытынды

Қорытындылай келе, бізге берілген мүмкіндікті, яғни еріктілер жылын барынша тиімді ұйымдастыра отырып, елімізді дамытуға үлес қосуды, жастардың бойында өзгелерге қол ұшын беру сынды адамгершілік құндылықтарды барынша сіңіруге тырысуымыз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

[1] Барсай Б.Т. Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби – дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамасы, теориясы және технологиясы / Б.Т.Барсай// Монография. Алматы,- 2009.-б. 5-6.

[2] Габдрахманова Ш.Т. Тұлғалық – бағдарлы білім беру: теория және тәжірибе / Ш.Т.Габдрахманова// Монография. Орал, - 2018.-б. 37-38.

[3] Словарь иностранных слов.-13-е изд.,-стереотип.-М.,1986

[4] Розов Н.С. Философия гуманитарного образования / Н.С.Розов.- М., 1993. – с.137

[5] Каменский Я.А. Избранные педагогические сочинения / Я.А.Каменский.-М.: Педагогика, -1982.-с.217.

[6] Пугачев В.П. Руководство персоналом организации / В.П.Пугачев.-М., 2000. – с.112.

[7] Кенжебеков Б.Т. Университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы/Б.Т.Кенжебеков//Астана,-2001.-б. 275.

ӘОК 378.02

ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

А.О.Абдықадыров, п.ғ.м., аға оқытушы
Г.Ж. Омарова п.ғ.м., аға оқытушы

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Резюме: В статье анализируются особенности малых жанров казахского фольклора. С разных сторон рассматривается роль пословиц, загадок и скороговорок в воспитании детей.

Ключевые слова: Фольклор, малые жанры, национальное воспитание, народная педагогика.

Resume: The article analyzes the features of small genres of Kazakh folklore. The role of proverbs, riddles and tongue twisters in the national upbringing of a child is examined from different angles.

Key words: Folklore, small genres, national education, folk pedagogy

Болашақ өркениетті еліміздің еншісіне жан дүниесі ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтардан сусындаған, ұлттық дүниетанымы, мінез-құлқы қалыптасып, жан-жақты үйлесімді жетілген жеке тұлғаларды тәрбиелеп қалыптастыру – бүгінгі күннің міндеті.

Сондықтан Қазақстан Республикасының “Білім беру туралы” заңында: “Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыазаматтық қазыналар, ғылым мен практиканың негізінде жеке адамды қалыптастыру және дамыту үшін қажетті жағдайлар жасалуы қажет” [1] – деп көрсетілген.

Осымен байланысты республикамызда ұлттық тәрбие беру ісі қолға алынып, жас ұрпақты ғасырлар бойы сыналып, сұрыпталған ұлттық педагогика негізінде тәрбиелеуге мән беріліп отыр. Рухани байлықтар – ұлттың өзін-өзі тануының және танытуының, ұлттық жігер-қайратты жұмылдырудың, оны белсенді әлеуметтік іс-қимыл, әрекетке айналдырудың құралы. Халық педагогикасы негізінде жас өркендерді жерге шырылдап түскен кезден есейіп, есі кіріп болғанға дейінгі аралықта ана тілінің уызына жарытып қана қоймай, олардың ұлттық рухпен, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптан мейлінше сусындауына ерекше көңіл аударуымыз қажет.

Қазіргі заман талабына сай тарихи теориялық, практикалық тұрғыдан қарастырылған бірқатар еңбектерде (Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, С.Ұзақбаева, К.Қожахметова, Р.Дүйсенбінова, Ж.Наурызбай, Т.Қоңыратбаева, Р.Төлеубекова т.б. ғалымдардың ғылыми-зерттеу еңбектері) қазақ халық шығармашылығы арқылы поэтикалық, музыкалық, сәндік - қолданбалы өнер, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің тәрбиелік мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, оларды тиімді әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың адамгершілік, эстетикалық музыкалық тәрбиелерін жетілдіруге пайдалану жайы сөз болады.

Қазақтың халық педагогикасында адамгершілік, еңбек, эстетикалық, дене тәрбиесі, әсіресе, ер және қыз балалар арасындағы тәрбиенің ерекшелігі, мазмұны, ата-аналар және ересек отбасы мүшелерінің беделі, сонымен бірге тәрбие жүйесінде халық ауыз әдебиетінің алатын орны жайлы көзқарасын Қ.Жарықбаев өз еңбектерінде пайымдаған [2].

С.Қалиевтің “Қазақтың халықтық тәлім-тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері” тақырыбындағы докторлық диссертациясында халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі көрінісі, тәрбиелік мүмкіндіктері айқындалып берілген. Сонымен бірге ауыз әдебиетіндегі ақыл-ой, дене, еңбек тәрбиесі және жастарды өнерге баулу, халық тәрбиесін тиімді пайдалану, бала тәрбиесінде отбасының ролі және оның ауыз әдебиетіндегі алатын орны сияқты мәселелерді мектептерде оқу-тәрбие жұмысының барысында пайдаланудың кейбір жолдары сөз етілген [3].

С.Ұзақбаева өзінің докторлық диссертациясында халықтық педагогиканың тәрбиелік мәні мен маңызына тоқтала келе, халық шығармашылығын эстетикалық тәрбиеде пайдаланудың әдіс-тәсілдері мен амал-жолдарын кеңінен қарастырған [4].

К.Қожахметова қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері мен оның әдіснамалық негіздерін ауқымды зерттеуге арналған докторлық диссертациясында ауыз әдебиеті үлгілерінің тағылымдық қызметіне тоқталады [5].

Халық ауыз әдебиеті – халық шежіресі. Қазақ ауыз әдебиеті талай ғасырлардан келе жатқан мұра, сарқылмас қазына. Одан халқымыздың өткенін білеміз, сол арқылы бүгінгі заманның ұлылығын танимыз.

Қазақ балалар фольклорының өзіндік табиғатын тұтас құбылыс ретінде іштей саралаудың тұңғыш тәжірибесін жасаған К.Матыжанов өз еңбегінде: “Ең алдымен балаларға арналған халық шығармалары - балалар психологиясын, көркемдік талғамын, шығармашылық мүмкіндіктерін танытатын асыл мұра. Ол өзінің бала қабілетіне лайықтылығымен, логикалық жүйелілігімен, тілінің нәрлілігімен, өнегелі мазмұнымен, ойындық жеңіл формасымен балалардың рухани азығына айналған бағалы тәрбие құралы”, -деп, ауыз әдебиетінің педагогикалық құндылығын саралап берген [6].

М.Әлімбаев әр халықтың мақалы мен мәтелі – сол халықтың өзі жасап алған логикалық формуласы, ережесі екендігіне және ол кез келген уақиғаның, мәселенің тұсында еске түсіп, тілге орала кететіндігіне баса назар аударған. Сөйтіп көп ойлануды, ұзақ баяндауды керек ететін қиын нәрсені жеп-жеңіл, оп-оңай, бір-ақ ауыз сөзбен түсіндіретін тәлімдік қасиетін атап көрсеткен [7].

Халықтық педагогиканың, жалпы тәрбие құралдарының қатарында шағын жанрлардың тәрбиелік қызметі жөнінде профессор С.Қалиевтің төмендегі пікірлері көңіл аударарлық: “Мақал-мәтелдерде адамгершілік, имандылық тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптар насихатталса, жұмбақтар мен айтыстарда – ақыл-ой тәрбиесі, өлең, жыр-дастандарда – әсемдік (эстетикалық) тәрбиесінің негізгі принциптері, ал ертегілер халықтық тәрбиенің сан алуан мәселелерін қозғайтын тәлімдік материал ретінде пайдаланылған” [3]. Көріп отырғанымыздай, ғалым мақал, мәтел және жұмбақ жанрларының тәрбиелік қызметі ерекше екендігін дәп көрсеткен.

Мақал мен мәтел халықтың тұрмыс-тіршілігін, кәсібін, салт-дәстүрін, дүниеге көзқарасын бейнелейтін шағын поэтикалық жанр. Осы тұрғыдан алғанда қазақ мақалдары мен мәтелдері де тақырыптық жағынан саналуан болып келеді. Қазақ мақал-мәтелдері тіршіліктің барлық саласын қамти отырып, жас ұрпақты өмірге, адамдармен қарым-қатынасқа тәрбиелеумен қатар, айнала ортаны, жалпы дүниені тануға да тиісінше жәрдемін тигізеді.

Бала тәрбиесіне, оның ішінде баланың ақыл-ойын дамытуда жұмбақтың атқарар қызметі айрықша. Қазақ жұмбақтары көлемі, тақырыбы, мазмұны жағынан саналуан. Оның ішінде жұмбақ-айтыс осы халықтың аса өрелі өнер иесі екендігін танытатын ерекше жанр. Сондай-ақ жұмбақ әңгіме, ертегілер де кездеседі. Тіпті, қазақ би шешендері кейде

бір-біріне жұмбақ сәлем айтысып, шешуін де жұмбақтап қайтаратын кездері де болған. Дей тұрғанмен, бала тәрбиесінде кәдімгі барша халыққа ортақ ұғымдағы жұмбақтау түрі жиі қолданылған. Оның көлемі шағын, мазмұны терең, тілі бала да, ересектерге де түсінікті. Жұмбақ белгілі зат не құбылыстың бір ерекше бөлігін немесе сипатын өзге нәрселерге ұқсату арқылы жасырып, оны шешушінің ақыл-ойын, логикалық ойлау жүйесін, аңғарымпаздығын сынау мақсатын көздейді.

Жұмбақ кейде нәрсенің кейбір сыртқы көрінісін, кейде оның белгілі бір қасиетін өзге бір нәрселелерге ұқсату арқылы образдық бейнелеу жасайды. Жұмбақтың поэтикалық қасиеті оны ақындық ұштастырады.

Жұмбақ жанры туралы М.Ғабдуллин: “Ойға алған нәрсенің өзін айтпай, оның сырт көріністерін, сыртқы белгілерін қысқаша сипаттауды, солар арқылы жұмбақ етілген затты табуды жұмбақ дейміз” – дей келе, оның тәрбиелік мәнін жоғары бағалады. Жұмбақ тақырыптарының жаратылыс, табиғат, еңбек құралдары, хайуанаттар мен өсімдіктер, адам және оның өміріне байланысты саналуан заттар мен құбылыстарды қамтитындығына дәйекті дәлелдер келтіреді. Сонымен қатар: “Жұмбақтың өзі де, оның шешуі де асқан тапқырлықпен құрылуы тиіс” – дей отырып, қазақ жұмбақтарының құрылысы мақал мен мәтелге ұқсас және өлең түріндегі ұйқас, ырғақтар немесе дыбыс үндестігі сақталатындығына баса көңіл бөлген [8].

Жұмбақ баланың аңғарымпаздығын дамытуға қызмет етіп, ойлануға, бажайлауға және тез де шапшаң шешуге баулайды. Ол осы қасиеттері арқылы өзге жанрлардан ерекшеленіп, көбінесе балаларға арналып шығарылады.

Жаңылтпаш – артикуляциялық дағдыларды қалыптастыруға арналған халық өнерінің поэтикалық шағын жанрының бірі. Жаңылтпаш негізінен мектеп жасына дейінгі балалар мен бастауыш сынып оқушыларына арналады. Ал үлкендер оны, көбінесе, әзіл-оспақ, көңіл көтеру үшін қолданады.

Жаңылтпаш айтып жарысуда берілген сөзді жаңылмай ретімен тез-тез үш қайтара айтумен бірге, жаңылтпашты кімнің көп білетіні де ескеріледі.

Жаңылтпаш сөздері үйлесімді, ұйқасымды келеді. Сонымен бірге бала жаңылтпаштағы сөздердің мән-мағынасын да біліп, түсініп, тіл байлығын да молайтады. Осындай жиі жаттығудың нәтижесінде бала әр дыбыстың айтылу ерекшелігін, сөйлеу лектерін меңгеріп, өз ойын айқын да анық жеткізуге дағдыланады. Сөйтіп, жаңылтпаш тіл ширату, дүние таныту және тәрбиелеу қызметтерін қатарынан атқарады. Жаңылтпашты жанынан шығарып, оның тақырыбын байытуда педагог ғалымдар мен ақындар да тиісінше үлес қосып келе жатыр. Солардың бірі – этнопедагог-ғалым Ә.Табылдиев. Мысалы, оның балаларға арнаған төмендегі жаңылтпашы табиғатты қорғауға тәрбиелейді:

Кеспе, өссін тал,
Өссе өсімтал,
Өссе, өссін тал
Кеспе, өссін тал [9].

Сондай-ақ жаңылтпаштағы ойнақы образдар жас баланың айнала дүниені тануына да белгілі деңгейде ықпал етеді. Бала тіліндегі кейбір кездесетін мүкістерді жоюдың қуатты құралы болып табылады.

Бала тілінде “с” мен “ш” дыбыстарын немесе “р” мен “и” немесе “л” дыбыстарын шатастыру жиі байқалады. Сондықтан жаңылтпаш сөздерінде осындай дыбыс алмасымдарына баса назар аударылады. Мәселен,

– Омар ора алар,
Омар ора алмаса,
Орал ора алар.

Сондай-ақ “қ–к”, “ш–с”, “ж–ш”, “т–д”, “н–ң” т.б. сондай дыбыс жұптарынан құрылған жаңылтпаштар да аз емес.

Мысалы:

Қарға, қарға қарғалар,
Қар үстінде жорғалар.

Шошыттық үш құсты,
Шошып үш құс ұшты.

Балаға жаңылтпаш айтқызуда бірнеше мақсат көзделеді. Атап айтқанда:

- Баланың артикуляциялық аппаратының жас кезден бастап дұрыс қалыптасуына ықпал ету. Мұндай кемшілік көбінесе ерке балаларда ұшырасады. Олар еркеліктің салдарынан кейбір дыбыстарды тілі келе тұрса да, бұрмалап айтып үйренеді де, кейіннен дыбыс аппараты солай қалыптасып кетуі жиі кездеседі.

- Балаға тіл дыбыстарын анық айтқызу.
- Сөздің айтылу ережесін сақтауға (орфоэпия) баулу.
- Біріккен сөздердің арасындағы дыбыстар өзгерісін сақтау;
- Сөз тіркестеріндегі дыбыс ықпалдастығын сақтап сөйлеуге үйрету;
- Ұқсас сөздердің лексикалық мағыналарын ажырата білгізу;
- Тұтас сөйлемдегі сөз тіркестерінің айтылу легін айырып, сөйлеу интонациясын

дұрыс қалыптастыру.

Жаңылтпаш айтып жарысуда жаңылмай тез-тез айтумен бірге, жаңылтпашты кімнің көп білетіні де ескеріледі. Жаңылтпаш айту отбасында, не белгілі бір ортада ешбір күштеусіз, әзіл-оспақ ойын түрінде қызғылықты өткізілетіндіктен, оған үлкен-кішінің барлығы қызыға қатысады.

Қазақ отбасында балаға шежіре үйрету ұлттық тәрбиенің ажырамас бір бөлігі іспетті. Онда бала өзінен бастап жетінші атасына дейінгі ата-бабаларын, олардан тараған ұрпақтардың аты-жөндерін жатқа айтып беруге дағдыланады. Мұның тәрбиелік мәні: жеті ата тарихына жетік адам қазақ өлкесінің қай түпкірінде жүрсе де, қай қазақ ауылында болса да, ондағы қазақтармен ағайын-туыс, жегжаттық қарым-қатынас сақтай алады. Сондықтан “Қарға тамырлы қазақ, сұраса келе қарын бөле болып шығады” дейтін нақыл тегін айтылмаса керек. Сөйтіп, қазақтың жеті атаға, руға бөлінуі жалпы қазақты бөлу үшін емес, қайта алыстағы рулардың туыстығын аңғарту үшін, оларды өзара жақындастыру үшін сақталған ба дейміз. «Жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын жер» дейтін қазақ мақалы да осы ойымызды құптай түседі.

Жеті атасын білу сондай-ақ тектілікті (гена тазалығын) сақтау үшін де қажет болған сияқты. Қазақ жеті атаға толмай қыз алыспаған. Тек тазалығын сақтауда мұның да мәні зор. Жақын аталастардың өзара қан араласуы жиілесе, геннің өміршеңдігіне кері әсер етеді. Жеті ата туыстығын сақтау арқылы қазақ осы мәселенің алдын алуды көздеген сияқты, әрі бұған баланы жас кезінен-ақ баулыған. Кеңес дәуірінде бұған теріс көзқараста болғанымызбен, соңғы кездері отбасында, балабақшада және мектептерде баланы жеті атасын жатқа айтуға баулу үрдісі қайта орала бастады. Бұл құптауға тұрарлық тағылымды үрдісті орнымен пайдалана білсек, ұрпақ тәрбиесіне қосар үлесі қомақты болмақ деген ойдамыз. Ол туыстық бірлікті, тектік тазалықты сақтауға септігін тигізер тәрбие қатарынан саналып келген.

Сонымен жоғарыдағы материалдарды жинақтай келе, ойымызды түйіндесек, ауыз әдебиетіндегі халық педагогикасы тағылымдарының балаға ұлттық тәрбие берудегі қызметі әралуан екендігі байқалады. Атап айтқанда, шағын жанр түрлері бала тілі шыққаннан бастап, ел ағасы азамат болғанда да жиі қолданылатын тәрбие құралы болып табылады. Баланың тілі шыға бастағанда пайдаланылатын жаңылтпаш тіл ұштау қызметін атқарса, ойын түрінде қолданылатын жұмбақ айтып шешкізу баланың айнала дүниетанымын кеңейтеді. Ал мақал-мәтелдер қарапайым әдептілікке тәрбиелеуден бастап, айнала қоршаған ортаны, адамдарды сүйе білуге үйретеді, еңбекке, шаруақорлыққа тәрбиелейді, халықтың терең ой тұжырымдарын меңгертуге жәрдемдеседі. Демек, шағын

жанр түрлері баланың тілін ұстартып, сөз байлығын арттыруда, ұлттық дүниетанымын қалыптастыруда тиімді құрал болып табылады. Бұлардың барлығы баланы дені сау, жан сезімі таза, сұлу, ақыл-ойы толық азамат етіп тәрбиелеу мақсатын көздейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Заң актілерінің жиынтығы. – Алматы: Юрист, 2007 ж. -196 б.
2. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995. –350 б.
3. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы, 2003.-279 б.
4. Ұзақбаева С.А. Қазақтың халықтық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие. Дис. п.ғ.д. – Алматы 1993. -420 б.
5. Кожаметова К.Ж. Теоретико-методические основы казахской этнопедагогике: Автореф. дис. канд. пед. наук.– Алма-Ата, 1998.–46с.
6. Матыжанов К. Қазақтың фольклорлық балалар поэзиясы. – Алматы, 1990.
7. Әлімбаев М. Мақал – сөздің мәйегі. – Алматы, 1964.
8. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы, 1976.
9. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы, 2001.

ӘОК 37.035.6

ОҚУШЫЛАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҰЛЫ ҒҰЛАМА ОЙШЫЛДАРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

А.К. Аскарова п.ғ.м

Қ.Дүтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжі, Атырау қ.

Түйінді сөздер: Адамгершілік, құндылық, рухани-адамгершілік құндылық, ойшыл.

Резюме: В данной статье рассмотрены пути формирования духовно-нравственных ценностей учащихся через произведения великих мыслителей. Духовно-нравственное воспитание является объектом изучения всех этапов развития общества. В ней мы постарались раскрыть духовно-нравственные ценности учащихся, раскрывая духовно - нравственные ценности в трудах казахских ученых, общественных деятелей и педагогов-просветителей, живших в разные периоды.

Resume: This article examines the ways of forming the spiritual and moral values of students through the works of great thinkers. Spiritual and moral education is a subject of study at all stages of the development of society. here we tried to reveal the spiritual and moral values in the works of Kazakh scientists.

Болашақта ел тұтқасын ұстар азаматтардың өнегелі тәрбиесі – бүгінгі күн тәртібінде тұрған маңызды қоғамдық әрі педагогикалық мәселелердің бірі. Олардың отансүйгіштік сезімін, білім мен біліктілігін, дағдысы мен шеберлігін, асқақ адамшылдық пен адамгершілік қадір-қасиеттерін, жаңа дүниетанымдық көзқарастарын, ұнамды мінез-құлық нормаларын рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде қалыптастыру – уақыт талабына сай қажеттілік. Бұл туралы ел президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің халқына арнаған «Қазақстан-2030» жолдауында жан-жақты негіздеме берген болатын [1].

Қай заманда болмасын, сол қоғам талабына сай азаматты тәрбиелеуді жүзеге асырудың бірден-бір жолы – адамның рухани байлығын арттыру екендігі заңдылық.

Бүгінгі таңда адам айтса нанғысыз аурулардың көбейуі, адамгершілік қасиетіміздің жүдеу тартуы, мейірімсіз жастардың кез-келген қоғамдық ортадан табылатындығы жасырын емес «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген ата-бабамыз қашанда ұрпақ тәрбиесіне тірілікте ерекше мән беру керектігін ескерткен. Олай болса, жас ұрпақтың осындай күйге түспеуіне, олардың рухани бай, адами қағидаларға негізделген қарым - қатынаста өмір сүруіне жағдай жасау кезек күттірмейтін мәселе екені анық.

«Құндылық» - ұғымын адам бола білу, қадір – қасиетті сезіну, өмірдегі өз орны мен өмір сүру жолын білу деп түсінеміз.

«Рухани- адамгершілік құндылықтар» - дегеніміз адамның ішкі жан-дүниесінің даму жағдайын көрсететін, адамдық деңгейін ашатын, сипаттайтын оның тұрақтылығы мен жетілу деңгейін, әлеуметтену дәрежесін, қоғамдық мәнін айқындайтын жеке тұлғаның ішкі ең мәнді құрылымдық элементі деп білеміз.

Өйткені, рухани – адамгершілік құндылық адам санасында орын алып, сана арқылы игеріліп, іс-әрекетке жетелейді. Сондықтан, біз үшін құндылықтың өзегі- Адам, тәрбиесі- Адам болуға ұмтылыс жасау болуы тиіс.

Рухани-адамгершілік тәрбие қоғамның барлық даму кезеңінің зерттеу объектісі болып келеді. Оған түрлі кезеңдерде өмір сүрген қазақ ғұламалары, қоғам қайраткерлері мен ағартушыпедагогтар (Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Қожа-Ахмет-Иассауи, Абай Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов, Н.Құлжанова, т.б) еңбектерінде рухани-адамгершілік құндылықтарды үнемі уағыздалуы, қазақ халқының қоғамдық, рухани, мәдени өмірінен орын алуын мұрат тұтқан идеялар айқын дәлел.

Мәселен, Әл-Фараби «адам көп нәрсеге мұқтаж болғандықтан, өзіне керегін қоғамдасқан ортадан табады. Осы қоғам арқасында жетіліп, өз қабілетін шындап өзіндік өмір сүру мәні қалыптасады» - десе, Қожа Ахмет Иассауи «Адамның жетілуінің нәтижесі-оның ақылдылығы, ал анықтаушысы- адамгершілік кемелінде» деп ескертеді.

Сыр бойының XII ғасырдағы білімді оқымыстысы, ақын Ахмет Иүгенекидің осы мәселеге қатысты, «адамгершілік мінез-құлық уағыздау жолымен ғана емес, оларда моральдық сенімді дамыту және адамгершілікке бейімділікті туғызу арқылы қалыптасады» дейді [2-286].

Өтеубойдақ Тілеуқабылұлы адамгершілікке тәрбиелеу әдісінде, ұлттық құндылықтың негізі ретінде тиым сөздердің мәнін аша отырып «Қырық бірге жұғыспау», «Жетіге тиіспеу», «Он екіден айырылмау» деген мағыналы ережелерді ұсынады.

Адам тумысынан адамгершілік қасиетке ие болып тумайды, ол адам бойына тәрбие арқылы дариды. Олай болса, тәрбие мәселесін ұстаздар қауымының мойнына арта салумен іс бітпейді. Оның нәтижелі болу ата-аналар мен қоғамдық ортаның тәрбие ісінен шет қалмай белсене араласуына, адам тәрбиелеудегі жауапгершілікті бірлесе көтеріп, жұмыла істеуіне тікелей байланысты. Ол жөнінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заң жобасының 35- бабында: «Ата-аналар балалардың өмірі мен оқуы үшін олардың денсаулықтарын, рухани әрі дене қуатының қауіпсіз дамуын, адамгершілік жағынан дұрыс қалыптасуын қамтамасыз етуге міндетті» делінген [3]. Мұндай жағдайларда отбасылық дәстүрлердің тәрбиеге тигізер ықпалы зор. Білім министрлігінің тәлім-тәрбие тұжырымдамасында былай деп жазылған: «Бүгінгі таңда жастарға әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім мен тәрбие беру, оның рухани байлығы мен мәдениетін жетілдіру - әділетті қоғамның басты міндеті» [4].

Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық тәлім-тәрбие негізінде жас ұрпақ бойына мақалмәтелдер, жұмбақтар, айтыстар, өлең, жыр, дастандар арқылы рухани-адамгершілік құндылықтарды дамытудың маңызы ерекше. Яғни ол-адамның ішкі жан дүниесінің ерекшелігін көрсететін, адамгершілік деңгейін анықтайтын, сипаттайтын, оның тұрақтылығы мен үздіксіздігін, дамуын, әлеуметтану дәрежесін, қоғамдық мәнін айқындайтын жеке тұлғаның ең маңызды ішкі жан дүниесінің элементі.

Халық ұстазы атанған Ы.Алтынсарин еңбектерінде рухани-адамгершілікке тәрбиелеу проблемасындағы атап көрсеткен құндылығы, иман, әділдік, адалдық, көңілдік, сыпайылық-шын берілгендік, адал-ниет, өсиет, жомарттық, кеңпейілдік, үнемді- орынды жұмсау.

Осындай түрлі адамгершілік мәселелерін талдап жүйелесек ғұлама ойшылдармен мен ұлы ұстаздарымыздың шығармаларында олардың адам бойындағы ең асыл қасиеттерді дәріптеуі бүгінгі ұрпақтың дүниетанымын кеңейте түсуге көмектесе қоғамның даму тарихын адамгершілік тұрғыдан қабылдай білуге, талдау жасауға, терең түсіне білуге үйретеді; олардың еңбектері жастардың адамгершілік мінез-құлықтарының қалыптасуына бағдар береді; ғұламалардың рухани қазынасы қазіргі жастардың адамды сүйе білу, адамды тану талғамын қалыптастыруға септігін тигізіп, адами жетілуіне, уақыт талабына сай үйлесімді дамуына негіз болады.

Еліміз әлемдік қауымдастыққа зор құрметпен, беделмен кіруі үшін ең алдымен ұрпақ тәрбиесін әрқашанда назардан тыс қалдырмауымыз керек. Ол үшін, мектеп оқушыларын рухани- адамгершілік сапа-қасиеттерге тәрбиелеу қаншалықты қиын болса, соншалықты маңызды да жауапты іс ретінде басты назарда болуы тиіс. Рухани - адамгершілік тәрбие оқушының тәртібін және жеке басының дағдысын қалыптастырады. Осыған орай, бүгінгі тәжірибеде мектеп оқушыларына адамгершілік ұлттық-рухани мұралар негізінде жан-жақты, жүйелі тәрбие беруді көздейтін «Атамекен» бағдарламасының негізге алынып жүргендігі баршамызға аян. Бағдарламада «Салт», «Асыл мұра», «Балалар өсиеті», «Қыз бен жігіт», «Заманай», «Достық», «Ата-ана», «Қайырымдылық», «Сөнбес жұлдыз» атты тәрбиелік мәніне орай топтастырылған бөлімдер бар. Егер біз бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, көп болып жұмыла осы бағдарламаның өз дәрежесінде іске асырсак, өркениетті ел қатарынан көрінуімізге мол үлес қосқан болар едік.

Қазақ халқы-рухани зор байлықтың мұрагері. «Өткенді жақсы білмейінше, келешекке сапар шегу айсыз қараңғыда сүрлеу соқпақ іздеп адасумен пара-пар!» деді Л.Н. Толстой [5].

Ендеше, өткеннен нәр алмай, рухани азық алмай болашаққа қадам басу және ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлері мен тағылымдарын оқып үйреніп, өнеге тұтпай, жастарды рухани-адамгершілікке баулу мүмкін емес. Рухани-адамгершілік құндылықтар мен сапаларды оқушының бойына дарыту үшін, ең алдымен, олардың саналығын көтеру; екіншіден адамгершілік тұрғыдан сезімталдығын тәрбиелеу және дамыту; үшіншіде, оқушының бойына жағымды мінез-құлықтың дағдылары мен қылықтарын үнемі сіндіріп отыру қажеттілігі талап етіледі. Ол үшін жасөспірімдердің өздері өскен аймақпен, қоғамдық ортамен тікелей байланысты оған тәуелді екендігін, өзінің жүріс тұрысы мен мінез-құлқын өмір сүріп отырған ортада қабылданған тәртіп ережелеріне сәйкес үйлестіре қалыптасу қажеттігін түсінуі, оларды халықаралық аренада қолданып келе жатқан өзара сыйластық пен құрмет тұтынушылық сезімді тәрбиелеу мәселелерін жүзеге асыруды басты бағыт - бағдар ретінде белгіленуі тиіс.

«Жалпақ әлемді аузыңа қарату үшін рухани ерлік, жалпақ әлеміне қысылмай, қымтырылмай қарау үшін рухани байлық керек», - дейді Ә.Кекілбаев [6-86].

Әл-Фараби әсіресе Аристотельдің ғылыми мұраларын жан-жақты зерттеп, өзінің ғылыми еңбектерінде адам ақыл-ойының дүние танудағы мүмкіндігін, құдіреттілігін дәріптейді. «Қайырлы қала тұрғындарының көзқарасы», «Бақытқа жету» т.б. шығармаларында ғылымды меңгеруді бірден-бір жолы –таза еңбек, адал еңбек, ой толғанысы болып табылады. Фарабидің осыдан сан ғасыр бұрын ғылым, білім, тәрбие туралы айтқан құнды пікірлері бүгінгі педагогика ғылымы үшін терең мән-маңызға ие, баға жетпес мұра болып табылады.

Жоғары мектеп оқушыларының жеке тұлғасын қалыптастыруда, оларға жан-жақты тәрбие беруде ойшыл Жүсіп Баласағұн шығармашылығы да ерекше роль атқарады. Оның

түркі тілінде жазылған «Құдатғу білік» атты кеңінен танымал еңбегі тәлім-тәрбиелік ой-толғамдарына бай, әрі онда әл-Фараби сияқты ұлы ойшылдардың адам тәрбиесі жөніндегі гуманистік ілімдерімен астарлас мәселелер жан-жақты сөз болады.

Дастан авторы баланың мінез-құлқы жақсы тәрбиеден туындайды; отбасы тәрбиесі - бала мінез-құлқы мен психологиялық бейнесін қалыптастыру негіздерінің негізі; сондықтан баланы балғын шағынан оқытып, жақсылап тәрбиелеу керек; үлгілі тәртіптің негізі- білім, әдетдағдыларға машықтану; сол себепті баланы кішкентайынан тіл алуға, үлкендерді сыйлауға, ағайын-туысты, ата-ананы қастерлеуге үйрету керек деп, тәрбиеші, ата-аналарға қажетті, маңызы зор ақыл-кеңестер береді.

Мысалы, Әл-Фараби өзінің философиялық трактаттарында: «жақсы мінез-құлық пен ақыл біріккенде ғана олар адамшылдық қасиеттер болып табылмақ», [7] - деген тұжырымы рухани құндылықтар өзіндік тұрғыдан адамгершілік нормаларда көрініп, сана арқылы адамның күнделікті тұрмыс- тіршілігінде, яғни рухани-адамгершілік қасиеттер адамның болмысынан көрініс табады.

Қожа Ахмет Иасауи. Аты әлемге әйгілі қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде шоқтығы биік өр тұлға-тарихи рухани мұрамыздағы өзіндік орны ерекше, сопылық әдебиеттің ірі өкілі ақын, кемеңгер ойшыл Қожа Ахмет Иасауи (ХІІғ.) екендігі баршамызға белгілі.

Ұлы ойшылдың қазақ және көптеген Орта Азия халықтарына ортақ рухани құнды мұрасы «Диуани хикметі» («Ақыл, даналық кітабы») ата- бабаларымыздың ұрпақ тәрбиелеудегі ұлағатты ойларымен астарласып жатқан терең тәрбиелік мәнге ие еңбек. Ахмет Иасауидің «Диуани хикметі» атты еңбегінің негізгі мақсаты араб парсы тілінде жазылған мұсылман дінінің негізгі қағида- шарттарын түрік тектес халықтарға түсінікті етіп насихаттап жеткізу, байыппен баяндау болды. Көне түркі тілінде, айшықты өлеңмен жазылған бұл еңбегінде ойшыл адам баласын туыстықбауырмалдыққа, адамгершілік, ізгілікке, имандылыққа шақырып, мұсылман дінінің қағидашарттарын, Алланы танудың жолдарын насихаттайды. Біз өз еңбегімізде бұрын соңды этнопедагогикалық зерттеулерде жете сөз етілмей жүрген Ахмет Иасауи еңбегі мен танымдық, тағылымдық ойларына барынша тоқталып талдау беруге тоқталдық.

Ахмет Иассауи адам мен қоғам мәселелеріне де назар аударып, оларға дәстүрлі мұсылмандықтан айырмашылығы бар ұсыныс беруге әрекет жасайды. Оның дүниетанымында этикалық ойлар басым. Иассауидың этикалық көзқарстары құдай және оны тану туралы ілімімен тығыз байланысты. Адамгершілік тазалығы мен моральдық жағынан жетілгендікті Иассауи оппозициясылық суфизм позициясы тұрғысынан шешеді. Адам бойында кездесетін даңқұмарлық, күншілдік, екіжүзділік, надандық, кекшілдік, алдау сияқты жаман әдеттердің болатынын өкінішпен айтады. Иассауи іліміндегі адамгершілік ойлары дін арқылы түсіндіреді. Жақсылық пен жамандық, әділеттілік пен әділетсіздік, адамның жақсы және жаман іс- әрекеттері сияқты моральдық сипаттары оның құдайға сенуіне байланысты болады. « Кімде-кім жамандық жасаса, ол күнәдан арыла алмайды, кімде- кім жақсылық жасаса, ол құдайдың сүйіктісі болады», - дейді.

Ахмет Иассауидің пайымдауынша, ол өзін-өзі тазартуға, кемшілігін жоюға, игілікті іс істеуге шақырған адам адасуы, әділетсіздік және жамандық жасауы мүмкін емес. Ол өзінің жолын қуушыларды өзін-өзі жетілдіруге шақырып отырып, адамгершіліктің құдайдан шығатыны туралы ойдан аулақ ұстайды.

Міне осындай ұлағатты ойларға толы Ахмет Иассауи шығармасының өн бойынан бүгінгі жасөспірімдер ұрпақ тек жақсылықты танып, жамандықтан сақтануды ұғынары хақ.

Жүсіп Баласағұн. Қазақ халқының әріден бастау алатын, өзіне ғана тән ұлттық педагогикалық мәдениетінен орнын алатын түркі тілдес халықтардың ХІ ғасырдағы аса көрнекті ақыны, қазіргі Жетісу өлкесі Шу өзенінің жағасындағы Баласағұн қаласында дүниеге келген есімі бүкіл шығыс елдеріне танылған данышпан ойшыл, шежіреші ғалым,

белгілі қоғам қайраткері Жүсіп Хас Хаджиб Баласағұни бабамыздың ұрпақ тәрбиелеудегі тәлім-тәрбиелік ойларын, өсиетөнегелерін оның еңбектерінен табуға болады.

Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» еңбегінде адамның қадір-қасиетінің алдымен терең біліммен, ақылмен ғана қалыптасатынын сөз етеді:

Ақыл қайда болса, ұлылық толады,
Білім кімде, сол білікті болады.
Ақылды ұғар, білімділер біледі,
Түгел болар білімді, есті тілегі!...
Білімсіздер бар кеселді көреді,
Емдемесе, тектен текке өледі... [8].

Шығармада, сонымен қатар, сөз өнері, адамдар бойында кездесетін жақсы-жаман қасиеттер, ақылдылық, тәрбиелік, білімділік туралы да кеңінен жырланады. Мәселен, Баласағұн:

Тілесен сен есендікте жүруді,
Жаман қимылдатпа тіліңді,
Біліп айтқан сөз – білікті саналар,
Біліксіз сөз басыңды жеп, табалар,-

Деу арқылы әрбір сөзге есеп бере сөйлеп, әрбір қадамды ақыл безбенімен таразылау біліктілік белгісі екендігін айтады. Ақынның:

Ер ажары - сабырынды сақтай біл,
Сабыр жолы көк төріне бастайды.
Өлімді ойла, ұмытпа еш, сарала,
Өзіңді ойла, қасиетіңді бағала.
Жұрт алдында аузыңды бақ, лепірмей,
Кісі үйінде сөз қадірін кетірме...
Жалған сөздің сезілмесін лебі де,
Жүзің жанып, қор боларсың теңіңе.
Дос, туғаннан лебізіңді аяма,
Кіші, үлкенді жылы леппен аяла.
Тұз – дәмді бөліс, жаса қайырым.

Кешіре сал, көрсең кісі айыбын деген жыр жолдары – жас балалар үшін тәрбие тағылымының ізгі үлгі-өнегесін іспеттес. Ұрпағының «сегізқырлы, қайтпас қайсар нар болуын» армандаған дана ойшыл «жүсіп Баласағұн жас жеткіншектерді адамдық қасиеттерді жоғары бағалауға, әділ болып, өтірік сөз сөйлемеуге, үлкен-кішіге құрметпен қарап, достықты аялай білуге, ынтымақ – бірлікті сақтап, өз ар-намысын жоғары ұстауға үндейді.

Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» поэмасы тарихта ерекше орны бар, рухани-адамгершілік тағылымы мол мұра. Ж.Баласағұни:

«Үш нәрседен жүр алыс, сақ, байқағын,
Бірі - қыңыр, қисық болма, айтарым.
Бірі - жалған, сұғанактық - үшінші,

Үшеуінің түбі қорлық түсінші» - деп адам бойындағы теріс мінезден сақтандыра отырып, оның бойындағы асыл қасиеттерді - қайырымдылық, әділеттік, шыншылдық, парасаттылықты өте жоғары бағалап, «әділет- құт, құт құрығы - кішілік, әділеттің заты тұнған кісілік - деуі адам қадірқасиетімен, білімімен, ақылымен және әділеттілігімен ғана Адам екенін көрсетеді. Демек, адам бойындағы бар қасиеттердің үйлесімді көрінісі оның болмысының көрсеткіші екендігіне мән берген.

Сондай-ақ, Баласағұн өз шығармасында еңбек адамдарын жырға қоса отырып, олардан түрлі өнер көздерін үйренуді, дана адамдармен араласу арқылы ғылым- білімді меңгеруді уағыздайды. «Құтты білік» дастаны - бүгінгі таңда ұрпақ тәрбиелеуде басшылыққа алатын тәлім-тәрбиелік ой-толғамдарға өте бай педагогикалық рухани мұра.

«Құтты білік» дастанының басты идеясы төрт принципке негізделіп жазылған. Біріншісі, мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай әділ заңның болуы. Автор әділдіктің бейнесі ретінде Күнтуды патшаны көрсетеді. Екіншісі, бақ- дәулет яғни құт қонсын деген тілек. Бақ- дәулет мәселесі дастанда патшаның уәзірі Айтолды бейнесі арқылы жырға қосылған. Үшіншісі, ақыл-парасат. Ақыл- парасаттың қоғамдық рөлі уәзәрдің баласы Өгдүлміш бейнесінде жырланады. Төртіншісі, қанағат- ынсап мәселесі. Бұл мәселе дастанда уәзірдің туысы, дәруіш Одғұрмыш бейнесі арқылы әңгіме болады. Өмір, тіршілік, адамгершілік туралы сан қатпарлы философиялық толғамдар осы төртеуінің сұхбаты түрінде өрбиді. Бұл дастан қазіргі түркі тілдес халықтардың орта ғасырдағы тарихи, қоғамдық-саяси өмірі, ғылымы, әдебиеті мен мәдени дәрежесі, әдет-ғұрпы, наным-сенімі, т.б. жөнінде аса қызықты, әрі қыруар мол деректер беретін көркем туынды.

Ахмет Иүгінеки. Бүгінгі жас ұрпаққа ұлттық рухани мұра негізінде жан- жақты тәрбие беруде ұлы ғалым Ахмет Иүгінеки (XII) шығармашылығы да ерекше рөл атқарады. Ғұлама шығармаларынан адамгершілік жөнінде айтылған қазақ халқының тарихи қалыптасқан педагогикалық мәдениетінің айқын көрінісін табуға болады.

Ахмет Иүгінеки - аса көрнекті ақын, есімі кезінде бүкіл ұлан-ғайыр Қарахан мемлекеті түркілеріне танымал ғұлама ғалым болған. Ақынның біздің заманымызға жеткен «Хибатулхақайық» («Ақиқат сыйы» немесе «Шындық сыйы») атты кітабы-тәлім-тәрбие, адамгершілік туралы өнегелерді өлең өрнектерімен айтып, ұрпақты ұлағаттылыққа тәрбиелейтін аса құнды, терең мәнді ойларға толы рухани мұра.

Бұл даналық шығармада ақын тәлім-тәрбиенің негізі – адам болуға, кісілікке тәрбиелеу екенін баса көтеріп, ол үшін әрбір адам оқып, білім алу керек деп бастайды.

Айтайын білім жайын, құнты бар бол,

Ей, достым, білімдіге ынтызар бол.

Ашылар білімменен бақыт жолы,

Білім ал жолға түсіп бақыт толы.

Білімді- алтын, нұры ашылатын,

Білімсіз- қара бақыр шашылатын...

Жүрсе де тым шіреніп,

Білімсіз жан- тірі өлік, - деп, ақын білімсіз, надан адамның адамдық бейнесі болмайтынын басып айтады. Халқымыздың «оқу - инемен құдық қазғандай», «Оқу-білім қазығы, білім-өмір азығы» деген мақалы осы бір отты қайнар көзінен туындаған болу керек.

Дидактикалық шығарма болып табылатын «Ақиқат сыйы» дастанында негізінен адамның мінез-құлық қағидалары, адамгершілік, этика, әдептілік т.б. моральдық мәселелер жан-жақты сөз етіліп, олар жөнінде автор кейінгі ұрпағына тағылымдық ойлар айтып қана қоймай, сонымен бірге бірсыпыра пайдалы кеңестерін де ұсынды. Мысалы, «Егер билікке қолын жетсе, мақтанба, асыптаспа», «Бастық болсаң, жайсаң бол», «Кәріге де, жасқа да құрмет көрсет», «Айтар лебізінді алдымен ойланып ал», т.б. ұлағатты өсиетнамаларын айтады.

Иүгінеки әдептіліктің бір белгісі - жомарттық деп, жомарттықтың асыл қасиет екенін дәріптейді:

Жұмсармас иілместі жомарт иер,

Мұрат та қол жетпейтін бұған тиер.

Мақтайтын бақылдарды жан бола ма,

Сақыны ағайын, ел бәрі сүйер, - дейді. Ақын жеке адамдардың мінез-құлқын жақсарту арқылы, оларды жомарт, мейірімді, білімді ету арқылы заманды да жақсартуға болады деп үміттенеді де, тәлім- тәрбиеге, білім беру ісіне ерекше көңіл аударады.

Тағы бір керекті сөз- айтам дастан,

Ұғып ал құлақ салып мендей дастан:

Болып ал кішіпейіл өзгерместей
Аластат тәкаппарлық ойды бастан, - деп ол тәкаппарлық, паң, өркөкірек мінезден аулақ болуды уағыздайды.

Дұшпандықты жоя біл,
Жазықтыны кешіргін
Ақылға ден қоя біл,

Ашу өргін өшіргін, - деп, ақын соңғы бір сөзінде жақсы мінезді қалыптастыру үшін әрбір адам өзін-өзі тәрбиелей білу қажетекенін өнеге етеді. Жақсы мінездің қалыптасуы тәрбиеге, жеке адамды тәрбиелеуші оның тегіне байланысты екенін:

Тегі асыл адамның
Мінезі де сүйкімді,
Тексіз- бұзық наданның
Жоқ болады сүйкімі,- деп тұжырымдайды.

Ертедегі данышпан бабаларымыздың мұхиттай мол еңбектерінің шашырандысы іспеттес болса да, «Ақиқат сыйы» кітабы ұлы ойшылдардың ұлттық тәлім-тәрбиемізге бұдан былай да зор әсер ететін құнды еңбек екенін бағалай қажет.

Махмұт Қашқари (XI) Орта ғасырлық жұлдыздарымыздың бірі Махмұт Қашқари - XI ғасырда дүниеге келіп, Шу, Талас өңіріндегі Баласағұн қаласында өмір сүрген ғалым. Ол – ұлы әдебиетші, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеуші, ойшыл-философ, белгілі саяхатшы, «Түркі тілдерінің жинағы» («Диуани лұғат ат-түрік») кітабын 1072-74 жылдары жазған.

«Диуани лұғат ат-түрік» тек түрікше-арабша түсіндірме сөздік емес, ол түркі тілдерін зерттеуде теңдесі жоқ ғылыми еңбек болып саналады. Бұл түсіндірме сөздігінде автор халық ауыз әдебиеті үлгілерін, аңыз-ертегілер, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер және халық фольклорын өте орынды пайдалана білген.

М.Қашқари адамдарды өнер-білімге, әдептілікке шақырып, адамгершілік, мораль, этика, ұйымшылдық мәселелерін сөз етеді. Оның түркі халықтарының бәйіттерінде табиғат сұлулығы, махаббат, көркемдік, үлкен парасаттылық, білім, батырлық суреттеледі. Мысалы:

Құрметте, білімдінің сөзін тыңда жігітім,
Үйретіп парасатың, ақта әділ үмітін.
Өмірді білмесең - білімнің жоғалар,
Талғамды қашанда да - бос сөзді доғалар.
Білімдінің қасына бар күнде балам ерінбей,
Төмен тұрып үйрен толық тәкаппар боп көрінбей.
Елім саған әдепті мирас етіп қалдырамын,
Жағалаған, жайқалған білімдінің бал құрағын.

Бүгінгі ұрпақ үшін Қашқарлық ғұламаның адамгершілік тәрбие жөніндегі идеяларымен танысудың қай қырынан алғанда да зор тәрбиелік мәні бар. Автор қайырымдылық пен қарапайымдылық, адалдық пен шыншылдық ұғымдарын дәріптеп, уағыздайды. Мінездің ар, ұят, әділеттілік секілді белгілерін бөліп атайды. «Итке ұят бітсе, өлексе жемес», - деп ұятты, ізетті болуға үндеп, адамдарды жаман қасиеттерден аулақ болуға шақырады. Осындай теңдесі жоқ тамаша туындыны оқып отырған адам қазақ даласының ежелгі дәуірлерден бері әдеби мұраларға бай, ал оның халқының рухани мәдени дәрежесінің жоғары, парасатты болғандығына көз жеткізе алады.

Қорыта айтатын болсақ, Махмұт Қашқаридың қалдырған бұл рухани мұраларының кейінгі ұрпақ үшін баға жетпес асыл қазына екендігіне үлкен мән бере отырып, барлық түркі халықтарына ортақ энциклопедиялық тұрғыда жазылған ас құнды мұралардың бірі деп танып білеміз.

Сонымен қорыта айтқанда, бүгінгі ғылыми тұжырымдар мен жоғары клас оқушыларының дүниетанымы мен ақыл-ой, адамгершілік тұрғыдан дамып, қалыптасу

ерекшелігін ескере отырып жоғары да мазмұндалған халық педагогикасының озық үлгілері ретінде ұлы ойшылдардың көзқарастарын ұтымды пайдалану болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» жолдауы \\\ Егемен Қазақстан, 2007 жылдың 28 ақпаны.
2. Ахмет Иүгенеки Қазақтар-Кзаки; 9-ый попул.Справочник. Алматы, 1998-Т.9.С.287
3. Әбілова .З .Ә., Қалиева .К. М. \\\ Этнопедагогика оқулығы .Алматы 1999 - 254 бет.
4. Толстой Л.Н. Чем люди живы .Собр .сочинений .М ., 1982.
5. Мұқанғалиев.Е. Өміртану ізгілік-Адамгершіліктің белгісі Жалын, 2007, №12, 86 бет
6. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1973. – 215б.
7. Баласағұн Ж. Құтты білік / Көне түркі тілінен аударған және алғы сөзі мен түсініктерін жазған А. Егеубаев. Алматы: Жазушы, 1986. – 616б.
8. Нұрғалиева Д. Адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудың педагогикалық шарттары. // Бастауыш мектеп. – 2014. -№3 – 6-7.

УДК 37.018.1

ВОПРОСЫ ВОСПИТАНИЯ ДУХОВНО-ЦЕННОСТНОГО ОТНОШЕНИЯ К ЖИВОТНЫМ

Г.А.Жумагулова

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Түйіндеме: Мақалада жануарларға рухани-құндылық қатынасты тәрбиелеу мәселелері қарастырылған. Балалардағы жануарларға деген қатал көзқарастың қалыптасу себептері келтірілген. Мақаланың соңында мұғалімдер мен ата-аналарға балаларды жануарларға деген ізгілікті көзқараста тәрбиелеу туралы ұсыныстар беріледі.

Кілттік сөздер: үй жануарлары, жануарлардың әл-ауқаты, жануарларға деген қатыгездік, ересектердің жеке мысалы, жануарларға ізгілікпен қарау

Resume: The article deals with the issues of upbringing a spiritual and value attitude towards animals. The reasons for the formation of a harsh attitude towards animals in children are listed. At the end of the article, recommendations are given to teachers and parents on educating children of a humane attitude towards animals.

Key words: pets, animal welfare, cruelty to animals, personal example of adults, humane treatment of animals

«Сострадание к животным так тесно связано с добротой характера, что можно с уверенностью утверждать: кто жесток с животными, тот не может быть добрым человеком»
Артур Шопенгауэр, немецкий философ 1788 - 1860

Обращение людей с животными в Казахстане в современных условиях на сегодняшний день стало большой проблемой, как на законодательном уровне, так и в повседневной жизни. Оно часто превращается в крайне нецивилизованное действие. Существуют бесчисленные примеры жестокого обращения с животными - своими и чужими, тогда как привлечение к ответственности за такие злодеяния практически невозможно. В XX веке необходимость защиты животных от жестокого обращения была признана на международном уровне. В частности, Европейская конвенция по защите домашних животных № 125 от 13.11.87 г. признает наличие у человека нравственного долга перед животными, указывает на ценность домашних животных для общества, а также на то, что человека и этих животных связывают особые узы. Основные принципы отношения к домашним животным включают: запрещение причинения страданий животным и оставления их на произвол судьбы. Конвенция предусматривает охрану здоровья животных, защиту от эксплуатации при дрессировке, коммерческом разведении. [1] В 1986 г. была принята Конвенция по защите экспериментальных животных, в которой также упоминался нравственный долг человека перед всеми животными и необходимость уменьшить страдания животных в эксперименте, поскольку животные способны испытывать боль и страх. [2]

В настоящее время уголовная ответственность за жестокое обращение с животными (как самостоятельный вид преступления) предусмотрена законодательством Австрии, Алжира, Афганистана, Вануату, Гаити, Грузии, Индонезии, Испании, Италии, Казахстана, Канады, Киргизии, Коста-Рики, Латвии, Литвии, Македонии, Нигерии, Словакии и т.д. При этом наблюдаются существенные различия в размерах уголовных санкций за указанное деяние. Так, в уголовном законодательстве Италии и Коста-Рики единственной санкцией за него является штраф. По УК Грузии жестокое обращение с животными наказывается исправительными работами на срок до одного года, по УК Алжира виновному грозит до 10 дней тюремного заключения, по УК Казахстана — до 6 месяцев лишения свободы.

Д.Н. Кавтарадзе и В. А. Зубакин, отмечали, что согласно исследованиям советских социологов, исследовавших около ста случаев проявления жестокости у детей, установили, что повторение характерно почти у 75 % исследованных лиц, что может говорить о существовании такой склонности. Для удовлетворения и прикрытия своей склонности, эти дети обычно стремятся обеспечить себя законным и благовидным предлогом.[3]

Множество исследований показывают, что жестокость к животным в детстве с большой вероятностью приведет к преступлениям по отношению к людям во взрослом возрасте, причем мотивы жестокости к животным не имеют значения. Жестокость к животным, наряду со склонностью к поджогам и поздним энурезом, входит в Триаду Макдональда — набор поведенческих характеристик, которые предсказывают совершение жестоких убийств в будущем.

Так, по словам психолога Райсы Байдалиевой, серийные убийцы в детстве нередко издевались над животными. На значение жестокости к животным в развитии криминального поведения обратили в свое время сотрудники ФБР, анализирувавшие профили личности серийных убийц. С точки зрения психологии, жестокость — это попытка защититься, примерить на себя роль того, от кого ребенок терпит насилие. Это своеобразная «идентификация с агрессором», которая заключается в том, чтобы выйти из роли слабого и незащитного и почувствовать свое превосходство над другими. Поэтому неудивительно, что рост бытового насилия, который наблюдается в последние годы, провоцирует всплеск жестокости к животным. Дети из семей, где царит насилие, вырастают, но их травмированная психика продолжает искать способы выхода агрессии. [4]

Известный криминалист-профилист Роберт Ресслер, который в 1974 году возглавил Отдел бихевиористики, который занимается анализом улик и составлением психологического портрета преступников, совершающих серию убийств с особой жестокостью (Behavioral Science Unit) отмечал: «Убийцы... зачастую начинали с того, что в детстве мучили и убивали животных». [5]

Социолог, депутат мажилиса парламента от партии Nur Otan Юлия Кучинская связывает жестокое обращение с животными с социализацией детей, их развитием, когда закладываются основные ценности, отношение к тем или иным явлениям: "Это все формируется в первые годы жизни, и главными действующими лицами в этом выступают семья, детский сад, школа. Если в семье в целом нет ценности бережного отношения, заботы о животных, о близких, то это все будет проецироваться на ребенка". [4]

Дети, которые наблюдают проявление жестокости к животным у других людей, с большей вероятностью сами начнут участвовать в жестокости к животным. Зоозащитникам хорошо известна ситуация с бездомными собаками и кошками. Мало кто из обычных людей реально представляет, насколько тяжелыми является их положение, жизнь и смерть на улице и часто в отлове. Практически не защищены на законодательном уровне животные в зоопарках, цирках, лабораторные (подопытные) и другие. Сельскохозяйственные и дикие животные также нуждаются в защите.

Для примера такого жестокого отношения к животным можно описать случай, который произошел в 2008 в зоопарке Ростова-на-Дону, где трое подростков беспощадно расправились с беззащитным кенгуром и птицами. Ситуация состояла в том, что 12-летние Сережа, Коля и 11-летняя Наташа незаметно перелезли через ограду зоопарка. У вольера с кенгуром детям захотелось погладить животных, незаметно игра переросла в расправу: дети стали избивать молодую самку кенгуром палками. Вскрытие показало, что животное погибло от ударов. Самка кенгуром ждала потомство. Также были покалечены три чайки, им пришлось ампутировать крылья. Дети росли в неблагополучных семьях, стояли на учете в детской комнате милиции. Они растут без надлежащего ухода, родители не знают, как и с кем проводят время их дети. У детей также имеется задержка психического развития. [6]

Случай в Ростове-на-Дону получил общественный резонанс, так как дети издевались и убили экзотическое животное – кенгуром. Но сколько случаев мы не замечаем, потому что кошки, собаки, голуби для нас являются обычным явлением, а иногда обществом поощряется уничтожение бродячих животных, потому что мы видим в них опасность, антисанитарию. Подобных случаев обращения с животными большое количество, дети выкладывают снятые на видеокамеру телефона свои действия на сайты и в социальные сети.

Что является причиной подобного отношения к животным со стороны детей? Конечно, главным фактором является личный пример взрослых. Как показывают исследования, проведенные посредством опроса в социальных сетях, наиболее типичными с общечеловеческой точки зрения примерами жестокого обращения с домашними животными (прежде всего, собаками и кошками) является выбрасывание собственниками или владельцами животных и их потомства на улицу в холод и жару, или в любую другую погоду, без еды и питья. На сегодняшний день, в Казахстане не известен ни один прецедент, когда хотя бы была предпринята попытка привлечения к ответственности за выбрасывание животных. В лучшем случае собственники или другие владельцы подбрасывают собак-кошек к дверям людей, любящих и помогающих им, или к приютам, которые в Казахстане являются на 100% частными, они переполнены и ежедневно испытывают колоссальные трудности с содержанием уже имеющихся там животных. Люди выбрасывают не только своих больных домашних питомцев, не желая их лечить, но и здоровых – по разным причинам. Особенно популярными среди озвучиваемых

причин имеются такие, как переезд куда-либо, рождение ребенка, аллергия или просто надоел. Выбрасывают старых и молодых, взрослых и малышей, только родившихся или уже открывших глаза. Выбрасывают беременных собак и кошек. Но такое поведение с точки зрения казахстанского законодательства не является жестоким, так как, согласно Гражданскому кодексу Республики Казахстан, животные приравнены к вещам, а собственники вещей имеют полное право, при отсутствии законодательных ограничений, распоряжаться этими вещами по своему усмотрению. Хозяева собак массово не обеспечивают им надлежащего содержания, отвечающего физиологическим потребностям животных – не кормят и не поят, как следует; держат на коротких поводках и не обеспечивают собакам выгула; не предоставляют будок или чего-то аналогичного для проживания. Очень немногие хозяева считают нужным лечить своих животных в случае болезней. Напротив, в случае заболевания собственники очень часто выбрасывают кошек и собак на улицу или просто наблюдают мучения животного, иногда очень тяжелые.

Детям младшего школьного возраста свойственно уникальное единство знаний и переживаний, которые позволяют говорить о возможности формирования у них надежных основ ответственного отношения к природе. Все учебные предметы начальной школы призваны вносить свой вклад в формирование экологической ответственности детей. [7]

Дети, особенно находящиеся в дошкольном и младшем школьном возрасте особенно впечатлительны, восприимчивы к тому, как взрослые, в частности родители, относятся к животным. Ребенок внимательно следит за тем, как взрослые обращаются с ними, и в дальнейшем будут поступать так же. Задача педагога, показать ребёнку, как разнообразен мир и какое множество животных в нём водится, познакомить его с их особенностями и рассказать, что у каждого из зверей есть свои привычки и повадки. Рассказать детям о пользе, которую приносят животные, и о том, что мы не имеем права причинять им боль. Перед тем, как приобрести питомца ребёнку, необходимо решить важную проблему – какое домашнее животное в большей степени подходит ему. При принятии этого ответственного решения стоит учитывать возраст ребенка, а также возможности по содержанию и уходу за животным. Для ребенка дошкольного возраста больше подойдет небольшой питомец, которого можно потрогать и погладить, чтобы ребенок мог с ним поиграть. Также большую роль играет, как отзывается зверь на оказанное ему внимание. Для детей младшего и среднего школьного возраста выбор питомца более разнообразный. В этом возрасте ребенок вполне способен выполнять посильные ему задачи по уходу за животным. Кроме того, он выполняет их с удовольствием, например, кормит аквариумных рыбок или насыпает корм котенку. У ребенка также вызывает большое удовольствие прогулка с собакой. Важным моментом является то, что первоначально это должна быть совместная деятельность со взрослыми, например, родителями, педагогом, старшими товарищами, потому что ребёнку необходим пример. Необходимо начинать с малых, посильных задач, так как, если у ребенка есть четкие обязанности, с которыми он легко справляется, постепенное их возрастание будет нормально им восприниматься. Тем самым мы приучим ребенка к ответственности.

Немаловажной является способность животного вступать в контакты с человеком, возбудить интерес, положительные эмоции как залог воспитания доброго и чуткого отношения к животным. Целесообразно знакомить школьников с той ролью, которую сыграли домашние животные в истории человека: защита от нашествий грызунов, помощь в добывании пищи, охрана человека, факты «самоотверженного» поведения животных по отношению к человеку. Следует обратить внимание школьников на эстетику форм живого, на гармоничность пропорций и окраски тела животных, на пластику их движений.

Серьезное внимание следует уделять вопросу поведения школьников в природе. Основным методом изучения природы является наблюдение. Развитию умения наблюдать способствуют такие формы творческих занятий учащихся, как фотоохота и киноохота, записи голосов птиц, художественные зарисовки животных. Работа должна проводиться

не только на занятиях, но и на прогулках, экскурсиях, при демонстрации мульт-, видеофильмов, во время трудовых действий в живом уголке.

Проблемой воспитания гуманного отношения к животным занимались многие педагоги: Н.В. Коломина, Н.В. Алешина, З.Г. Валова, Л.П. Молодова, М.М. Марковская, Ю.Е. Моисеенко, Е.И. Золотова, которые выработали основы гуманного воспитания детей:

1. Ознакомление детей с живыми объектами.
2. Развитие наблюдательности.
3. Постоянное общение с природой.
4. Развитие у дошкольников навыков ухода за животными.
5. Развитие у ребенка такого понятия, как защита животных.

Также дети, которые с детства начинают помогать взрослым заботиться о животных, раньше учатся ответственности и умеют правильно рассчитывать свои силы. Кроме того, им знакомо понятие долга, а значит, им легче выполнять задания и поручения, даже если делать их вовсе не хочется. Срабатывают навыки, полученные при уходе за питомцами. Помимо того, домашнее животное и ребенок могут стать лучшими друзьями, где есть понимание и преданность. Общение с домашним питомцем учит ребенка быть наблюдательным, расширяет его кругозор и знания об окружающем мире, а для некоторых детей становится источником идей для самостоятельных научных исследований. [8]

Таким образом, можно сделать следующие выводы, педагоги должны широко привлекать родителей к работе по предупреждению жестокого обращения детей дошкольного и школьного возраста с животными и проводить с ними систематическую разъяснительную работу. Необходимо вести работу по предотвращению жестокости у детей и подростков, воспитания гуманного отношения к людям и животным. Следует разъяснять родителям, что детские «забавы» с беспомощными животными - это путь к ожесточению личности, которое поощряется безмолвностью жертв, безнаказанностью поступков, равнодушием старших.

Список использованной литературы

1. Европейская конвенция о защите домашних животных № 125 от 13.11.87 г.
2. Европейская конвенция о защите позвоночных животных, используемых для экспериментов или в иных научных целях № 123 от 18.03.1986 г.
3. Кавтарадзе Д. Н., Зубакин В. А. Основные результаты работы по изучению жестокого обращения с животными. // Студенчество и охрана природы. — М.: Издательство МГУ, 1982. — С. 102—107.
4. <https://ru.sputnik.kz/society/20210130/16169214/deti-kazakhstan-zhivotnye.html>
5. <http://www.serial-killers.ru/materials/ressler.htm>
6. <https://www.1tv.ru/news/2008-11-12/177852-v-zooparke-rostova-na-donu-deti-nasmert-zabili-palkami-detenysya-kenguru>
7. Турабаева Г.К., Турабаева Л.К., Бозшатаева Г.Т., Оспанова Г.С., Турабаева Р.К. Экологическое воспитание младших школьников // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2014. – № 5-2. – С. 156-158
8. Егоренкова Л.И., «Экологическое воспитание дошкольников и младших школьников», Москва, «Аркти» 2009г.

ҰЛЫ ДАЛА ОЙШЫЛДАРЫ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ЖАСТАРДЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕГЕ БАҒЫТАУДАҒЫ РӨЛІ

А.Ж.Урашева, оқытушы

Г.Т.Ермекқалиева, педагогика ғылымдарының магистрі

Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі, Орал қ.

В данной статье рассматриваются проблемы духовно-нравственного воспитания молодежи. Раскрывается роль молодежи как общественно-социальной группы и будущих специалистов, которые вносят большой вклад в процветание нашей страны. Обосновано место наследия мыслителей Великой степи в воспитании у молодежи нравственности в условиях духовного возрождения. Проанализированы мысли великих ученых и просветителей прошлого времени, которые были изложены в трудах великих мудрецов казахского народа как Абу Насыр Аль-Фараби, Юсуп Баласагуни, Махмут Кашкарой. Цель статьи – раскрыть значение нравственности в жизни человека, которое изложено в трудах мыслителей.

Ключевые слова: Великая степь, мыслители, мир мудрости, молодежь, духовно-нравственное воспитание, труды мудрецов.

The article deals with the problems of spiritual and moral education of youth. The role of youth as a social group and future professionals who make and will make a great contribution to the prosperity of our country is revealed. The place of heritage of thinkers of the great steppe in education of youths of morality in the conditions of spiritual revival is proved. It is a survey article and has a historical character. The thoughts of great scientists and educators of the past were analyzed, which were stated in the works of the great sages of the Kazakh people as Abu Nasr al-Farabi, Yusuf Balasaguni, Mehmet Kashkari. The purpose of the article is to reveal the importance of morality in human life, which are set out in the works of philosophers.

Key words: The Great Steppe, thinkers, the world of wisdom, youths, spiritual education, works of sages.

Әлемдік білім беру қоғамдастығында брешей ерекшеліктері бойынша танылатын, жас ұрпақтың рухами-адамгершілік тәрбиесін барынша дамытатын неғұрлым тиімді білім беру жүйесін құру Қазақстанның үздіксіз білім беру жүйесін жаңғыртудың аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Бұдан басқа, стратегиялық және нормативтік құжаттарға сәйкес Республиканың үздіксіз білім беру жүйесінің алдында үздіксіз білім берудің ұлттық моделінде, әсіресе мектепке дейінгі және негізгі жалпы мектептегі білім беру деңгейлерінде рухани-адамгершілік тәрбиелерді іске асыру мәселелері тұр. Жеке тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесінің мазмұны негізгі ұлттық құндылықтармен анықталады және қоғам қандай құндылықтарды бөлетініне, оларды ұрпақтан - ұрпаққа қалай ұйымдастыруға байланысты белгілі бір сипат пен бағытқа ие болады. Ол адам өмірінен оның толықтығы мен сәйкессіздігімен, отбасынан, қоғамнан, мәдениеттен, жалпы адамзаттан, тұратын елден және халықтың өмір салты мен адам санасын қалыптастыратын мәдени - тарихи дәуірден бөлінбейді.

Адамзат баласының асыл армандарының бірі келешек өмірді жалғастыратын өнегелі ұрпақ тәрбиелеу болса, ол арман халқымыздың өрелі ойы, тағылымды тәлімі және терең тарихындағы рухани құндылықтармен үндесіп жатады. Рухани-адамгершілік тәрбие жеке адамның жан-жақты дамып жетілуіне бағытталған, жағымды мінез-

құлықтағы адами тәртіп пен дағдыны қалыптастыратын гуманистік негіздегі жалпы тәрбиенің құрамдас бөлігі. Жастарға рухани-адамгершілік тәрбие беру түптеп келгенде халықтың өмір тәжірибесінен, ұлттық құндылықтардан бастау алады, сөйтіп, педагогикалық сипатқа ие болады. Сол себепті жастарды қазіргі рухани жаңғыру жағдайындағы адамгершілікке тәрбиелеуде Ұлы дала ойшылдарының асыл мұраларының орны ерекше. Халқымыздың ұрпақ тәрбиесі тарихта болған ойшылдардың философиялық көзқарастарының, даналық сөздерінің, салиқалы ой-пікірлерінің негізінде дамып қалыптасты және олар адамгершілік идеяларына бағыттталып, ұрпағының жақсы адам болуын нысана тұтты. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіндегі өнеге мен өсиетке негізделген нақыл сөздер, тәрбиелік иірімдер ұлттық келбет пен ұлттық мінезден туындап отырған. Бұл дәстүр ата-бабаларымыздың сара жолы, болашақ ұрпағына қалдырып кеткен аманаты және ұлттық мұраты, адамгершілік тәрбиесінде халық тәжірибесінің, дала даналарының ой-пікірлерінің орны ерекше болуы да осыдан.

Ұлы дала ойшылдары туралы айтар болсақ, ең алдымен әлемдік деңгейдегі ғұлама ғалым, тарихи ұлы тұлға – Әбу Насыр әл-Фарабидің есімін айрықша атап айтамыз. Ол өзінің ғылыми еңбектерінде парасаттылық туралы ой толғап, адам деген ардақты атты алып жүруді үлкен бақыт деп есептеп, үлкендердің кішілерге, жастарға беретін тәрбиесін «Үлкендер ұлағаттылығы» деп атаған. Ғалым тәрбиенің мәнін түсіндіруде оның қоғам дамуындағы алатын орнына, ең алдымен адамгершілік тәрбиесіне және жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына байланыстылығын дәлелдеген. Ұлы ойшыл ғалым «ғылым»-«білім»-«тәрбие» деген үш ұғымды философиялық, психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан дәйектей отырып, олардың тұлға қалыптастырушылық мәнін айқындаған. «Білімсіз адамгершілік молаймайды, білімсіз адам өзгенің абзал қасиеттерін тани алмайды. Жан дүниені тәрбиелемей, үлкен жетістікке жету жоқ. Ғылым мен тәрбие ұштасса ғана рухани салауаттылыққа жол ашылмақ. Мінез-құлқын түзей алмаған адамның ақиқат ғылымына қолы жетпейді», – деп тәрбиенің рухани-адамгершілік негізін салып берген. Әбу Насыр әл-Фарабидың пікірінше білімді, тәрбиелі, ғылым адамы болу әлбетте адамгершілік және еңбек тәрбиесіне байланысты. Сол себепті Фараби еңбекті тәрбиенің алғышарты етіп алды. «Тәрбиені неден бастау керек», «Философияны үйрету үшін алдын ала не білу керек» атты еңбектерінде білім алу мен тәрбиелеудің мақсаттарын жеке-жеке анықтайды. «Ғылымдар тізбесі», «Ғылымдардың шығуы» атты еңбектерінде ғылымдарды үйрену, реттерін белгілейді және тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің тарихи тағылымын, үлгісін, болашақ ұрпаққа өнеге, тәлім етіп қалдырады. «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Бақытқа жету жайында», «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» сияқты трактаттарында ойшыл ғұлама адамзат баласын ғасырлар бойы толғандырып келе жатқан және өмір бойы жалғаса беретін адамтану мәселесіне тоқталады. Адамның бойындағы небір асыл қасиеттердің екіжақтылық сипатын мінез-құлық, іс-әрекет, әдеп пен әдет тұрғысынан дәйектеп, олардың тумысынан емес, жүре келе қалыптасып, дамитынын қисынды түрде дәлелдеп береді [1].

Адам бойындағы жақсы және жаман қасиеттерді Әбу Насыр әл-Фараби әркімнің ақыл парасатының өлшемі ретінде сипаттайды және оларды адамгершілік сапаларына негізделген мінез-құлық нормалары деп атайды. Адам өзінің бойындағы адами қасиеттеріне сәйкес әрекет етеді. Жақсы адам үнемі жақсылыққа ұмтылады, ал жаман адам әр нәрседен кемшілік іздейді. Ал жағымды мінезі мен игі іс-әрекеті арқылы жақсылыққа ұмтылуды ойшыл ғалым «екеуі бірдей болып келсе, біз ізгі, игілікті және қайырымды адам боламыз, яғни біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы болады» дейді. Мұнан біз түркі ойшылының айтып кеткен ұлағатты сөзінің қазіргі жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесінің де өзегі болып отырғанын байқаймыз. Адам өмірінің мәні, бақытқа жету жолдары туралы ойларында әл-Фараби: «Адамның өмір сүру мақсаты ең жоғары бақытқа жету болса, ол адам бақыт дегеннің не екенін білуі қажет және оны өзінің мақсаты етіп қойып, соған ұмтылуы керек. Содан

кейін ол бақытқа жету үшін не істеуге тиіс екенін біліп, соған әрекет жасауы керек. Бақыттың мәні парасаттылықта, әркімнің өз алдына игілікті мақсат ете білуінде... адамның өз мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, игілікке бағыштап отыруында» деп бақытқа жету жолдарының ізгілікті мәнін ашып көрсетеді. Олай болса, бақытқа жету мақсат қоя білумен шектеседі, ал мақсат адамның бойындағы жан қуатына, ерік-жігеріне тікелей байланысты жүзеге асырылады.

Ұлы дала ойшылдарының бірі – Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» атты түсіндірме сөздігіндегі адамгершілік, ар-намыс, махаббат құндылықтарының ұлттық өрнектермен өрімдеген өрелі ойдың өрнегі екендігін де айтып кетпеске болмайды. Махмұт Қашғари бұл еңбегінде адам мен дүниенің, индивид пен әлемнің, жан мен тәннің, рух пен жүректің біртұтастығын түсіндіруді мақсат етеді. Сөздікте адамгершілік қағидалары, тәлім-тәрбие, өсиет, ізгілік туралы ой-пікірлер айтылады. Мысалы, «Атасынан ақыл алса, тентек ұл да жөнделер», «Ұлысында ұлы болсаң, біліміңді елге бер», «Ұлым, ақыл тыңдасаң, білімсіздік жоғалар, білім қалар артыңда, ғұмыр сырғып жоғалар» деген сияқты тағылымы терең, ғибраттық мәнді мақал-мәтелдер мен қанатты сөздердің тәрбиелік мәні бүгінгі қоғамда да өз құндылығын жоғалтқан емес.

Ұлы дала ойшылдарының тәлім-тәрбиелік тарихында Шығыстың ойшыл философы, бүкіл Шығыс елдеріне танымал ғалым-энциклопедист, ірі мемлекет қайраткері, көрнекті ақын Ж. Баласағұнидің есімі ерекше аталады. Оның «Құтты білік» дастанында имандылық, рухани-адамгершілік қасиет-сапалар, сонымен қатар тектілік, мейірімділік, достық тәрізді ұғымдардың мәні айқындалып, жалпы тәрбиенің, адамның өзін-өзі тәрбиелеуінің алатын орны нақты көрсетілген. Дастанда білім, ақылдың қасиеттері, жақсылық пен жамандық, адам бойындағы ізгі асыл қасиеттер туралы көп айтылады. Ж. Баласағұни адамгершілік сападағы кісілік қасиеттерді жоғары бағалай отырып, адамның «кісілік» арқылы ғана құрметке, сыйластыққа ие болатынын мына өлең жолдарында ашып көрсетеді:

Ұрпағыңның ұрпағына үлгі ет те –
Кісілікті кісілікпен құрметте!
Кісілікпен, ей, мәрт ерім, ұлы бол!
Кісілікке түсер содан ұлы жол.
Адамшылық жаса адамға, адам бол!
Адам атын мақтаныш қып адал бол!
(Баласағұн, 1986) [2].

Рухани-адамгершілік тәрбие идеяларымен қазақ "жыраулары" - ойшылдар, философтар: Ақтамберді, Бұқар жирату, Шал ақын адамдар арасында бейбітшілік пен теңдік орнатуды жырлады, білімді тарату идеясын, ағартуды адамның зияткерлік-мәдени қалыптасуының қажетті алғышарты ретінде ұсынды. Осы мәселені шеше отырып, ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ ойшылы А.Құнанбаев адамзаттың бастауы – махаббат пен әділдік деген қорытындыға келді. Абай адамгершілік тәрбиесінің гуманистік тұжырымдамасын алға тартады, оның мақсаты баладан еңбекқор, елін сүйгіш, жан-жақты дамыған, туған халқының мүдделері, ойлары мен ұмтылыстарымен өмір сүретін жоғары адамгершілік адамды қалыптастыру [3]. Адамгершілік тәрбиесінің әдістері мен құралдары туралы айта отырып, Абай балаларға әдептілік, шыдамдылық, көңіл бөлу және ата-ана махаббатының қажеттілігін баса айтады [4]. ХХ ғасырдың басындағы философ Ш.Құдайбердиевтің айтуынша, жан өлмейтін және ерекше қасиеттері мен жетілу - жоғарылау қабілетіне ие. Жан дүниесінің өрлемелі, прогрессивті дамуының негізі ар-ождан болып табылады [5].

Қазақ халқының рухани бейнесінің қалыптасуына исламның таралуы да айтарлықтай ықпал етті. Мұсылман теологтары исламды Аянға негізделген дін ретінде қарастырды және қарастырады. Бұл ойшылдардың мұрасында ең бастысы - суперразумға емес, жердегі мінез-құлыққа, адамның іс-әрекетіне, адамзат қоғамының адамгершілік-

этикалық нормаларына жүгіну, олар жақсылыққа, әдептілікке, төзімділікке, ұлттың, жеке адамның және қоғамның рухани денсаулығына қызмет етеді.

Соңғы жылдары (әсіресе 1991 жылдан бастап) этникалық педагогика мен халықтық тәрбие мәселелері, халық педагогикасы арқылы оқушылар мен студенттерді тәрбиелеу мәселелері (С.А. Ұзақбаева, К.Ж. Қожахметова, К.Б. Жарықбаев, А. Уразбеков, К. Бөлеев және т. б.) барынша қарқынды және жан - жақты зерттелді. Қазақстанның этномәдени дәстүрлері негізінде мамандар даярлау мәселелері А.А. Жолтаева, М.Е. Ержанов, М.С. Нұрмақова, А.К. Құлбекова және т.б. еңбектерінде ұсынылған. Онда рухани-адамгершілік – қоғамның дамуы мен алға басуының ең маңызды және маңызды факторларының бірі, дағдылар мен әдеттердің жиынтығы екендігі көрсетілген. Танымал психологтар Р. Мейер мен Л. Колберг мұғалімдер рухани-адамгершілік тәрбиенің ең жақсы нұсқасын іздеуге жүгінетін үш негізгі көзқарасты зерттеді: "романтикалық", "мәдени трансмиссия" және "эволюциялық" немесе "прогрессивті". Олар осы үш тәсілге негізделген мақсаттар тұжырымдамасын ұсынды: (1) оқушылардың бойында адамгершілік сау және жеке тұлғаны қанағаттандыратын өмір салтын дамытуға ықпал ететін құндылықтар мен дағдыларды түсінуді дамыту; (2) студенттерді осы қоғамның дәстүрлі рухани құндылықтарын көрсететін мінез - құлық түрлері мен көзқарастарына үйрету; (3) оқушыларға осы қоғамның мүшелері ретінде тиімді және сәтті өмір сүруге көмектесетін дағдыларды үйрету.

Рухани-адамгершілік тәрбиенің мазмұны халқымыздың ең жақсы ұлттық және тарихи-мәдени дәстүрлерін сақтауға, жас ұрпаққа білім жүйесін ғана емес, рухани-адамгершілік мұраттар мен құндылықтарды да беруге, ең бастысы – жамандыққа қарсы тұру және жақсылық заңдарына сәйкес өз өмірін құру қабілетін қалыптастыруға арналған. Осыған байланысты рухани-адамгершілік тәрбиенің бірінші (негізгі) деңгейі алдыңғы ұрпақтар құрған мәдени құндылықтарды игеруді қамтиды. Екінші деңгей алынған Мәдени құндылықтарды тәжірибелік іс-әрекетте саналы түрде қолданумен сипатталады. Үшінші (жоғары) деңгей жер бетіндегі адам өмірінің мәні мен мақсатын білуге негізделген жаңа мәдени құндылықтардың ашылуын қамтиды. Оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесінің динамикасы моральдық идеялардың кеңеюін, құндылықтар мен қатынастарды қайта құрылымдауды, сонымен қатар басқалармен құндылық қатынастарын құра білуді қамтиды.

Қорыта айтқанда, Ұлы дала ойшылдарының еңбектерінде айтылған кеменгерлік ой-пікірлердің өнегелік сипаты, рухани-адамгершілік тереңдігі жастардың тәрбиесіне негіз болатын құндылықтар екендігі сөзсіз. Жастардың рухани мәдениеттің жаңғыруын ұлттық әдеби мұраларға деген қызығушылық пен құрмет тұрғысында түсінуі олардың бойында өз халқына деген мақтаныш сезімдерін ұялатады. Жастардың өмірге бейімделуінде, өзінің болашағын болжай алуында, тұлғалық қалыптасуында өзінің құндылығын жоймай келе жатқан Ұлы дала ойшылдарының тағылымы терең тәрбиелік мәнді туындыларының орны ерекше болуы да осыдан.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Әбу Насыр әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары. – Алматы, «Арыс», 2009.
- 2 Баласағұн Ж. Құтты білік / Көне түркі тілінен ауд. және алғы сөзі мен түсінік. жазғ. А. Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б.
- 3 Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы. - Алматы: Ғылым, 1977.
- 4 Тәжібаев Т. Абай Құнанбаевтың философиялық, психологиялық, педагогикалық көзқарастары.-Алматы: ҚМБ,1957.
- 5 Ш.Құдайбердіұлы. Шығармалар жинағы. -Алматы: Халықаралық Абай клубы Жидебай, 2006.-731 б.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

М.Д. Мурзагулова аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, философия және саясаттану факультеті,
педагогика және білім беру менеджментті кафедрасы

Әнуарбек А.Ғ. педагогика және психология мамандығының 4 курс студенті

Туған елге пайдалы іске қолдан келгенше үлес қосу –
әрқайсысымыздың міндетіміз». (Ы. Алтынсарин)

Қазақ халқының ұлы перзенті, қазақ жерінде оқу-ағарту ісін жүзеге асырған қазақ зиялылығының көшбасшысы, тұңғыш халық ағартушысы қоғамда өзгерісті жасау жолында талмай күрескен, сөйтіп халық игілігі үшін жан алмай еңбек етудің үлгісін көрсеткен. *Ы. Алтынсарин* - қазақ өлкесіндегі тұңғыш халық мектептері орыс-қазақ мектептерінің негізін салушы. Ол қазақ халқына жоғарыда айтылғандай білім беру жүйесін жасап, оны мүмкіндігінше жүзеге асырды. Бұл жүйенің бүгінгі таңда маңызы ерекше.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы аса көрнекті ағартушы-демократ - *Ыбырай Алтынсарин* Қазақстандағы қоғамдық ой-пікірдің өркендеу тарихында үлкен орын алды. Ол жас ұрпақты тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Қазақ даласындағы аумалы төкпелі заманда ұрпақ болашағын ойлап, балалар мен жас жеткіншектердің тағдырына терең үнілген ағартушы – *ұстаз*. 1857-1859 жылдары мектепті үздік бітірген соң өз атасы Балқожа бидің писері (қағаз көшіруші) болып қызмет жасады.

1860 жылы Орынбор облыстық басқармасына кіші тілмаш, кейіннен Торғай қаласындағы бастауыш мектепке мұғалім болып қызмет атқарды. Осы кезеңнен бастап ел ішінде орын алған сауатсыздық пен білімсіздікке қарсы ашық күреседі, яғни ағартушылық педагогикалық қызметі басталады. Ыбырайдың мақсаты халықтың мұң-мұқтажы мен арман тілегін орындау болды. Сөйтіп Ы.Алтынсарин Қазақстандағы әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді шешудің басты жолдары мен негізгі ұстанымдарын ұсынды. Ұлы педагог қазақ ортасында үстемдік құрған қоғамдық әділетсіздікке қарсы болды. Надандық пен зұлымдықтарды тудырушыларды әшкереледі. Ол ел жұртын көрші елдің өнер-білімін, техникасын игеруге шақырып қана қоймай, сол игілікті істі жүзеге асыруға үлкен үлес қосты.

1864 жылдың қаңтар айының 8-жұлдызында ұлы ағартушы ашқан Торғай уезіндегі тұңғыш оқу орнының дүниеге келуі тек Ыбырай үшін емес, жалпы қазақ даласындағы аса маңызды оқиға болды. Ыбырай Алтынсариннің қоғамдық, педагогикалық ғылыми көзқарастарының қалыптасуына белгілі ресей ғалымдары әрі достары В.В. Григорьев, И.И. Ильминский, Я.П. Яковлев ықпалы ерекше болды. Сонымен қатар Л.Н. Толстой, И.П. Паульсон, К.Д. Ушинскийдің оқулықтарын өз хрестоматиясына үлгі етті. 60 - жылдардан бастап Ы. Алтынсарин жаңа типті мектептер үшін оқулық жасау мәселесін алдыға қойды. 1879 жылы шыққан *«Қазақ хрестоматиясының»* негізін осы кезеңнен ойластырған. Хрестоматияның пайда болуы Ыбырайдың ағартушылық қызметімен тығыз байланысты, бұл кітаптың жаңа ашылған мектептерге арналып жазылуының өзі мұны дәлелдейді.

Ыбырай Алтынсарин бұл еңбегінде көркем шығармалары арқылы өзінің ағартушылық және педагогикалық идеяларын толық көрсетіп насихаттады. Ыбырай Алтынсарин балаларға сапалы білім ғана беріп қойған жоқ, саналы тәрбие беру мәселесін де

қарастырды. Адамгершілік, еңбек және дене тәрбиесіне аса назар аудару қажеттілігін айтты. Сонымен қатар бала психологиясы туралы тақырыптарға талдаулар жасады.

Украин халқының белгілі шығыстанушысы А.Е. Крымский «Қазақстан түріктерінің әдебиеті» дейтін мақаласында ағартушы-педагогтың хрестоматиялық еңбегі жөнінде мынадай құнды пікір білдірген болатын «Через учителей и учеников хрестоматия Алтынсарина и вне школы получила самое широкое распространение и сильно послужило к возбуждению национального духа у казахского народа». Қазақ хрестоматиясы «К.Д. Ушинскийдің «Балалар жемі», Л.Н.Толстой «Әліппе жазу және оқу кітабы», Б.Ф.Бунаковтың «Грамматикалық элементарлық курсы, Тихомировтың орыс классикалық педагогикасының үлгісінде жасалып, мынадай бөлімдерден тұрады.

- тақпақтар, балаларға арналған әңгіме ертегілер, оқушылардың туысқандарына хат жазуы үлгісі;
- үлкендерге арналған әңгімелер;
- ауыз әдебиеті үлгілері;
- мақал мәтелдер.

Хрестоматияға енгізілген шығармалар балалардың жас ерекшелігін ескеріп, жоғарыда айтып өткен оқу, еңбек тақырыптарына толық тоқталған. Профессор Қ. Жұмашев пен жазушы С. Мұқанов «Абай Құнанбаев пен Ы. Алтынсарин шығармаларында негізгі әдіс реалистік әдіс болып табылады» дейді. Ы. Алтынсарин - қазақ өлкесіндегі тұңғыш халық мектептері орыс-қазақ мектептерінің негізін салушы. Ол қазақ халқына жоғарыда айтылғандай білім берудің системасын жасап, оны мүмкіндігінше жүзеге асырды. Ол системаның бүгінгі таңда маңызы зор. Қазақ жастары үшін орыс оқу орындарына түсу орыстың бай мәдениеті мен ғылымын меңгеру - орыстың тілі мен әдебиетін білгенде ғана мүмкін еді. Осындай пікірді Алтынсарин да Абай Құнанбаев та айтқан болатын «орыс мектебі, орыстың ғылымы мен техникасы - бүкіл болашағымыздың кілті міне осында» деген болатын.

Абай Құнанбаев пен Ыбырай Алтынсарин жастар үшін өз ана тілін білуі және сонымен қатар орыс тілін меңгеруді де қажет деп санады. Алтынсарин бастауыш мектепте және екі класты училищелерде сабақтың екі тілде жүргізуін ойластырды. Барлық оқу жылдарында оның жасаған хрестоматиялары бойынша орыс тілімен қатар қазақ тілі де оқылуға тиіс. Қазақтан шыққан мұғалімдер оқыту кезінде қазақ тілінің құралы етіп орысшадан қазақшаға және керісінше аудару арқылы пайдалануы керек. Мектепте қазақ тілі мен орыс тілін қатар оқыта отырып, үш- төрт айдың ішінде айтарлықтай жақсы табыстарға ие болды. Егер орысша сөйлеу, орысша жазу және оқу оның өзінен асқан шеберлікті, қажырлылықты талап етсе, бұл міндетті орындауда ол «баланың соңынан қалмау керек» деп есептеді, ал ана тілін оқытуда ол оқушыға өз бетімен жұмыс істеуге ерік беруге болады деді. Оның жеке ескертулерінен (теориялық оқытумен тым әуестенбей, істі оқушылардың табыстарына, қабілеттілігіне қарай жүргізу) біз мынандай қорытынды шығарамыз: ана тілін меңгеру сауаттану, өзге тілді үйренумен салыстырғанда, оқушы үшін едәуір оңай міндет. Сонымен қатар көбінесе орыс - қазақ мектептеріне сегіз жастан емес, едәуір кешірек кейде 15-17 жастағылар түсетінін ескерту керек, кейбір оқушылар мектепке келгеннің өзінде - ақ сауатты болатын.

Алтынсариннің мектебінде ана тілін үйрету әжептеуір жоғары дәрежеде басталды. Балаларға неғұрлым түсінікті заттарды таныстырудың, осы заттарды қарапайым түрде суреттеудің қажеті болған жоқ. Алтынсариннің оқулығы неғұрлым қиын мазмұнды суреттеулер мен баяндаулардан басталады. Балаларға оқу үшін ана тілінде қарапайым, қызықты, көңілді әңгімелерді, ертекттерді, мысалдарды, өлеңдерді ұсына отырып Алтынсарин оларды осылар арқылы қызықтырды. Алтынсариннің хрестоматиясы тақырыптарының байлығымен және жанрлардың әр алуандығынан көзге түседі. Балаларды ана тілінде оқытуда Алтынсарин белгілі мөлшерде Л. Н. Толстойдың методикалық көзқарастарын ұстады, сөйтіп ана тілінде оқуға және жазуға үйретудің

дайындық сатысында көп тоқтау қажетсіз деп санады. Мұндай дайындық оқушылырда өзінен - өзі пайда болады. Оқушылар өздері ең жақсы жол іздеп табады. Әрине баланың рухани күші мен мүмкіншіліктеріне тым сенушілікпен келісуге болмайды, оның салдарынан ана тілі қажетті системалы жаттығулар жүйесінсіз және грамматикалық формалар системасыз оқытылады.

«Тіл сезімін» дамыту, оқушылардың мектеп қабырғасына келгендегі сөз қорын әрі қарай байыту, әрине оқушының басқаруымен сабақ пен жаттығудың әбден ойланған системасын талап етеді. Алтынсарин мектептегі оқытуда орыс графикасына негізделген жаңа алфавитті (әліппені) тұңғыш рет қолданды. Бірақ жаңа алфавитке көшудің табысты болуы, оның пікірінше, бұл алфавит нағыз бұқаралық баспасөзде - халыққа арналған оқу құралдарының қаруы болғанда ғана қамтамасыз етілуі мүмкін еді. К.Д. Ушинский «Ы. Алтынсарин балаларды үйде сөйлейтін сөзімен оқыта бастайды» -деп жазды. 1897 жылы Орынбор қаласында Ы. Алтынсарин қазақ мектептерінде орыс тілін оқыту методикасын басып шығарды. Ы. Алтынсарин «*Мектеп* - қазақтарға білім берудің басты құралы, олар қазақ даласының кез-келген жеріне ретсіз орнатыла салатын болса, ешбір пайда келтіре алмайды. Артта қалған халықты білімге қызықтырып, тарту үшін мектеп бітіргендерге қай жағынан болса да бір артықшылық берілуі керек, қазақ халқының келешегі тек осыларда» дейді. Ұлы ұстаз мектеп ашып оқу- тәрбие жұмыстарын жүргізуде орыстың сол кездегі Бунаков ашқан Петин мектебі (Воронеж мектебі) Н. А. Корфтың бастамасы мен Екатеринослав губерниясының Александр уезінде ұйымдастырылған мектептер және А.Н. Толстойдың Ясная Полянадағы мектептерін үлгі тұтты.

Ыбырай Алтынсарин «*балаларға сапалы білім ғана беріп қоймай, саналы тәрбие беру керек*» деп тәрбие бағыттарына адамгершілік, еңбек және дене тәрбиесіне басты назар аударды. Ағартушы ұстаз «Мен қазақ балаларын ұқыптылыққа, тазалыққа, отырықшыл тұрмыстың артықшылығына үйретудің өзі қазақ даласына тәрбиелік мәні бар жұмыс деп білемін» - дейді. Ол өз шығармаларында адамгершілікке тәрбиелеу идеясын көтеріп, балаларды *шыншыл, еңбексүйгіш, әдепті, қоғам белсендісі* болуға тәрбиеледі. Сонымен қатар балаларды ата-ананы сыйлауға, құрмет тұтуға, ана қадірін түсінуге, жақын достарын сыйлай білуге үйретті. Атап айтсақ «*Ананың сүйюі*» деген өлеңі бала жанын тебіренгізіп, ана қадірін аяққа бастырмауға үндейді. Ананың балаға берілген сезімі мен ізгі ниетін жеткізе отырып, аналық мейірімнің молдығын асылдығын балаларға ұғындыру мақсаты көзделген. Ата-ананы сыйлай білген, оның қадір-қасиетін өз ата-анасындай құрметтей алатын болып өседі деп тұжырымдайды. Сол сияқты «*Аурудан-аяған күштірек*» деген әңгімесінде баланың шыдамдылығын, төзімділігін, имандылығын, адамгершілігі мен ерік-жігерін сипаттайды. Әңгіме мазмұнында аяғын сындырып алған бала қиналғанын анасына білдірмейді. Бұған таң қалған сынықшы: -Аяғың ауырмай ма, қабағыңды да шытпайсың ғой - деп сұрайды. Қасында шешесінің жоғын көрген бала «Ауырмақ түгіл жаным көзіме көрініп тұр, бірақ менің жанымның қиналғанын анам көріп қиналмасын, жүдемесін деп шыдап жатырмын» - депті. Ал «*Асыл шөп*» деген әңгімесі балаларды ұстамдылық пен сабырлыққа тәрбиелейді. Бірдей жәшік көтерген екі қыздың бірі мазысданып:

- Сен неге қуанып, мәз болып келесің? - деген сұрағына Бәтима: Мен жәшігімнің ішіне жеңілдететін шөп салып алдым, аты «сабыр» дейді. Қысқа да нұсқа әңгіме мазмұны балаларға үлкен ой тастайды.

«*Бір уыс мақта*» деген әңгімесі жастарды ұқыптылыққа тәрбиелесе, «Жеміс ағаштары» әңгімесінде бала тәрбиесінде дұрыс бағып қағудың, дұрыс бағыт берудің маңызды екенін ашып көрсетті. Аталған әңгіменің оқытушылар мен оқушылар үшін де тәрбиелік мәні зор. «Баланы жастан» дегендей жас кезінен түзу тәрбие беру, оның болашақ өмірі үшін керек. Есейіп кеткен соң, қисығын түзеу қиынға түседі. Баласының: - Мына ағаш неге тіп- тік, ана біреуі неліктен қисық біткен? – деген сұрағына әкесі: - Түзу ағашты қисық бұтақтан кесіп бағып қағумен өсірген, ал қисық ағаш бағусыз, өз шығу қалыбымен өскен. Мұнда

көп мәні бар. Сен де жас ағашсың, саған да күтім керек:- мен сенің қате істерінді түзеп пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып орнына келтіресің, жақсы түзу кісі болып өсерсің, бағусыз бетіңмен кетсең сен де мынау қисық біткен ағаштай қисық өсерсің, - деп жауап береді.

Ы. Алтынсаринның балаларға арналған хрестоматиясындағы мақалалар мен әңгімелер көбінесе балаларды еңбекті қадірлеуге, сүйеге тәрбиелейді. Яғни, «Еңбек етсең ғана көздеген мақсатыңа жетесің» деп түсіндіреді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Боданов Ж., Болеев К. Қазақтың халық педагогикасы. Жамбыл: 1992
2. Айтмамбетова Б., Бозжанова К., т.б. Балаларды семьяда адамгершілікке тәрбиелеудің кейбір мәселелері. – А, 1985 ж.
3. Дербісәлин Ә. Ыбырай Алтынсарин. – А.1965.

ӘОК 378.02.6

ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ

Г.Х.Алдашева, аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қаласы

Ключевые слова: воспитание, народная педагогика, духовность, нравственное воспитание, совесть, доброта, разум, сознание, национальное сознание.

Резюме. В статье речь пойдет о важности мудрых взглядов великих мыслителей о духовно-нравственном воспитании в народной педагогике.

Resume. This article will focus on the importance of the wise views of great thinkers about spiritual and moral education in folk pedagogy.

Key words: education, folk pedagogy, spirituality, moral education, conscience, kindness, reason, consciousness, national consciousness.

Қазақстан Республикасындағы саяси, әлеуметтік өзгерістер мен жаңғырулар және мемлекеттің дамуындағы жаңа стратегиялық бағыттар, білім беру құрылымына тың талаптар қоюмен қатар, қазақстан азаматының білім деңгейі мен әлеуметтік құзреттілігі, рухани тәрбиені дамыту мен тәрбиелеудегі халықтық педагогиканың роліне баса назар аударылуда.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Тәуелсіз елдің жаңа кезеңін «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы арқылы көрсете отырып, ұлттық құндылықтарымыз, мемлекеттің құрылымы, қазақ елінің тарихи мұралары мен мемлекеттік тіл және жастардың білім алу жолындағы жарқын болашағын жақсарту мәселесі жан-жақты сөз болады. Елбасы осы мақаласында «Біздің бүгінгі ең басты мақсатымыз — елімізді дамыған 30 елдің қатарына енгізуде жастарға білім берудің жаңа деңгейіне аяқ басуымыз қажет. Сондықтан қазіргі заманға сәйкес жаңғыру, оның ішінде

рухани жаңғыру мәселесі — халықтың, қазақтың үлкен, ұлы мәселесі және негізгі ұстанымы — ұлттық код - рух мәселесін көтеру керек» - деп тұжырым жасайды.[1]

Адамның адамгершілігі оның жоғары қасиеті, былайша айтсақ, кісілігі. Оның негізгі белгілерінің бірі адамдық, ар-намысты ардақтау, әр уақытта жақсылық жасауға ұмтылу, соған дайын болу, «Өзің үшін еңбек қылсаң, дейді Абай, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың. Досыңа достық қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол». Ақылды, мейрімді адам кез келген уақытта өзгенің жақсылығын бағалағыш болып келеді. Адамгершілігі мол адам басқаларға қашан да үлгі өнеге.

Атақты педагог А.Сухомлинский; «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады. Тәрбиенің негізгі мақсаты - дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Ертегінің рухани тәрбиелік мәні зор. Ол балаға рухани ляззат беріп, қиялға қанат бітіретін, жас баланың рухының өсіп жетілуіне қажетті нәрсенің мол қоры бар рухани азық» -, деп атап көрсеткен. [2]

Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-зі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады. Рухани-адамгершілік тәрбие — бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды. Сананың қалыптасуы-ол баланың мектепке бармастан бұрын, қоғам туралы алғашқы ұғымдарының қалыптасуына, жақын адамдардың өзара қатынасынан басталады.

Халық педагогикасы – дүниеге келген жас сәбидің сезімін ананың әуенімен оятатын бесік жырлары, батырлар жыры, лиро – эпостық жырлар, даналыққа толы мақал-мәтелдер, жұмбақ-жаңылтпаштар, қиял-ғажайып ертегілері, ойындары, тәрбиелеп өсіру негіздері адамгершілік ниеттерге баулиды. Олай болса, адамгершілік тәрбие беру кілті — халық педагогикасында деуге болады.

Халық педагогикасындағы негізгі бір қағидасы бойынша баланың тәрбиесі туған, өскен ортаға, ата анаға, үлкендерге, олардың үлгісіне байланысты екенін білеміз. Мәселен: «Жібекті түте алмаған жүн етеді, баланы күте алмаған құл етеді», «Бала айналасына қарап өседі», - дейді халқымыз. Алайда асырау мен асыл тәрбие беру екі түрлі мәселе. Сондықтан да халық «Жігіттің тентек болмағы биінен, баланың тентек болмағы - үйінен», « Ұяда нені көрсең, ұшқанда соны ілерсің», деуі арқылы бала тәрбиесінің өскен ортаға байланысты екенін атап көрсеткен.[3.121,]

Халық педагогикасында адамгершілік қасиеттерді әсіресе, ар ожданды қастерлеу - тәрбиенің басты қағидасы болып саналған. Абайша айтқанда еңбек сүйгіштік - адамгершілік қасиет, сол себепті адам болғысы келген жанның бәрі де адал еңбек істеулері керек. Тек еңбек қана адамды адам етеді, материалдық молшылық жасайды, рухани қайрат береді, «Адалдыққа, адамгершілікке тырысушылық, деп жазады Абай, - биік дәрежедегі сананы туғызады, сана адамның адамшылығын, ақыл-ойын және ғылымға деген қызығушылығын туғызады.[4].

Рухани адамгершілікке тәрбиелеу дегеніміз – жеке тұлғаның өміріндегі орнын, жауапкершілігін түсініп, өзін - өзі жетілдіріп, айнала қоршаған адамдар мен кез - келген затқа, жан - жануарға және экологияға жақсылық тілеп, жасауы. Сондықтан рухани - адамгершілік жеке тұлғаны қалыптастырудың негізі болып табылады. Мектептегі, ұжымдағы, отбасындағы рухани адамгершілік тәрбие баланың Отанға деген махаббатын, еңбекке тағы да басқа нәрселерге қатынасын қалыптастырады.

К.Д. Ушинский: «Тәрбие- деп жазды, адам деңгейін өсу қарқынын тездетеді - оны адамгершілік, ақыл-ой, дене, еңбек тәрбиесі рухында жоғары сатыға көтеретін педагогикалық тұрғыда дәлелдесе»[7,245], дана Абай: «Ақпейіл және ықыласты жүрек адамды жетелеуі тиісті, сонда ғана оның еңбегі және табыстылығы ерекше мәнге ие болады.

Адам болып дүниеге келу жеңіл, бірақ адам болу қиын»,- деген болатын.[5] Тәрбиенің маңыздылығы сондай, біздің болашақ ұрпағымыз тәрбиеден ғана рухани байлық алып, тәрбие арқылы ғана Адам болып қалыптасады. Бұл жерде айта кететін бір мәселе, ол – мектепте білім беру сапасының еліміздің интеллектуалдық әлеуетінің негізі болып табылатындығы.

Ұлы педагог ретінде Жүсіп Баласағұни халықтық педагогика адамзат рухани ілгерілеуінің нақты тарихи кезеңін, педагогикалық білімдер деңгейін көрсете алатынын дұрыс байқайды. Халықтық педагогикалық афоризмдерді ойды білдірудің тиімді құралы ретінде жақсы көреді. «Құтты білік» дастанындағы адамгершілік ой-пікірлері мынадай негізде қарастырылған:

Жақсылық пен жамандық- Жүсіп Баласағұнның ойынша, күн мен түн секілді адам өмірінде де жақсылық пен жамандық қатар жүреді. Бірақ бұл қасиеттер бала бойына не туа бітеді, не жүре қалыптасады. Сондықтан дүниедегі екі түрлі адамдар болады: біріншісі- жақсы адамдар. Олар тумасынан жақсы болып туғандар мен табиғи жамандығына қарамай өмірдің ықпалымен жақсы атанғандар. Екіншісі- жаман адамдар. Олар- не жаман болып туғандар, не жүре келе жаман адамға айналатындар. Қазақ халқы осындай туа біткен игі жақсыларға «қас жақсының баласы тартпай қоймас негізге» деп сүйсінсе, қанына тартып «қарайып» туған жамандарға «жатырынан қағынған» деп күйінген. Дастанда бес нәрседен қашық болуын ескертетін:

Ұшқалақтық-бірі, екінші-сарандық,
Үшінші-ашу, оған егіз-надандық.
Қырсығың-сор, бетті жер қып жүргізер,
Бесінші-өтірік, жерге тірі кіргізер!

Бұл жолдар автор үшін халық өнегесінің жоғары бедел болып табылатындығының тағы бір дәлелі. Баласағұндық ғұлама ғалым фольклордың кез-келген жанры шығармаларының халықтығы соңында педагогикалық мақсаттылығымен анықталатынын жақсы байқайды. Халық өмірінің өзі тәрбие болатын: бәрі тәрбиеленеді, әрдайым тәрбиеленеді, барлығы да өле-өлгенше тәрбиеленді. Мақалдар мен мәтелдер, әңгімелер мен ертегілер, аңыздар мен эпостар сол тәрбиенің, өнеге-өсиеттің құралдары қызметін атқарды. Халық әндері тәрбиенің тамаша ескерткіштері бола алады. Балалар мен жастардың адамгершілік көзқарастарын қалыптастыру мақсатымен оларға сөз бен әсер ету шаралары жайлы «Құтты білік» шығармасы дәлел бола алады.[6] Яғни, адамгершілік рухани тәрбиені дамыту мен тәрбиелеудегі халықтық педагогиканың ролі мен жас ұрпақтың білімі мен білігін бағалаудың әлемдік жүйесі мен әлемдік көшбасшы білім беру жүйесінің арасында ажырамастай байланыс бар екендігі айқын көрініп тұр.

Егеменді еліміздің болашақ ұрпақтарының сана-сезімін, ұлттық психологиясын сонау ерте заманнан келе жатқан ата-бабалар салт-дәстүрімен, халықтық мұраларымен сабақтастыра тәрбиелеу – қазіргі күннің өзекті мәселелеріне айналып отыр. Себебі ең берекелі, ең парасатты тәжірибе – халық түйген тұжырымдар, ғасырлар бойы «зергерлік» ұқыптылықпен сұрыпталған үрдістер, дамыған даналық дәстүрлер, тәлім-тәрбиелік ойлар.

Ұлттық ойындарымыз халықтық мұраларды болашақ мамандарға дене тәрбиесін беруде пайдалану дене мүмкіндіктерін тәрбиелеп қана қоймай, ақыл-ой жұмыс қабілетін қалыптастырып, рухани-адамгершілік сезімдері арқылы шығармашылық күш-жігерін толық мәнінде көрсетуге әсер етеді. Еліміздің қоғамдық-экономикалық өміріндегі елеулі өзгерістерге байланысты саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени, рухани жағдайлар жастарды тәрбиелеу мәселесін дұрыс бағытта ойластыруды талап етуде.

Бүгінгі таңда халықымыздың тарихи мұраларын оқып-білу, қастерлеп, бүгінгіміз бен келешегіміздің нәрлі қайнарына айналдыру өмір қажеттілігінен туындап отырған әрқайсысымыздың азаматтық, перзенттік парызымыз. Сондықтан ата-баба дәстүрімен

тәрбиелеу, халық педагогикасымен болашақ мамандарымызды сусындату жоғары оқу орындары оқу-тәрбие үрдісінің негізгі міндеттерінің бірі.

Әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық, ізеттілік, қонақжайлылық құндылықтары қалыптасқан халқымыздың осы асыл да абыройлы қасиеттерін жас ұрпақтың ақыл-парасатына азық ете білу үшін, әрбір тәрбиеші, ұстаз халық педагогикасын сан ғасырларда қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды жан-жақты терең білумен қатар, өзінің бойына адамдық құндылықтарды терең сіңірген, рухани жаны таза адам болуы шарт. Ол рухани-адамгершілік тағылымдарды өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кезеңдерінде негізге алғаны жөн. Сонда ғана өзінің міндетін айқын сезіне білетін, мінез-құлқы жетілген саналы адам қалыптасады.

Рухани кемелдену осынау процестің қаншалықты жүйелі, жемісті жүргізілуіне, саяси, тарихи, қоғамдық-әлеуметтік факторлардың сол процеске қаншалықты қолайлы жағдай жасалуына тәуелді. Міне, осы ретте рухани кемелденуге бастайтын рухани қажеттілікті – адамгершілік мұрат мәселесі еш уақытта күн тәртібінен түсіруге болмайтын мәңгілік көкейкесті проблемалардың бірі. Сонымен бірге, оқу орындарының оқу-тәрбие тәжірибесін бақылау барысында жастарға рухани-адамгершілік тәрбие беру мәселесі этнопедагогикалық тұрғыдан жеткілікті зерделенгенімен, бүгінгі күнде болашақ ұрпақтың адамгершілік қасиеттерін, халық педагогикасының тағылымдарын пайдаланып, жастардың адами тәрбиесін қалыптастыру қажеттілігі арасында белгілі бір дәрежеде кейбір қайшылықтар туып отыр. Сондықтан қазақ этнопедагогикасы негізінде болашақ ұрпақты рухани-адамгершілік тұрғыда тәрбиелеу біздің зерттеу проблемамызды айқындауға себеп болады.

Қазақ этнопедагогикасының алтын діңгегін адамгершілік тәрбиесі құрайды. Адамгершілік – адамдардың күнделікті қарым-қатынасына байланысты гуманизм принциптерін бейнелейтін моральдық қасиет. Адамгершіліктің негіздері: кісілік, ерлік, табандылық, мақсаттылық, ұлттық намысты қорғау, қоғамшылдық, азаматтық борышты сезіну, құқықтық нормаларды іске асыру, отансүйгіштік т.б. адамгершілік тәрбиесінің нәтижелері болып табылады. Адамгершілік ұғымы ізгілік, гуманизмнің синонимі ретінде, адамның игілігі мақсатқа айналғанда пайда болатын қарым-қатынастар жүйесі мен қоғамдық ахуал ретінде неғұрлым кең мағынада да қолданылады.

Қорыта айтқанда, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу. Ал міндеті рухани- адамгершілік тәрбиені дамыту мен тәрбиелеудегі халықтық педагогиканың ролі арқылы ұлттық тәрбиенің діңгегі – қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеуде жастардың интеллектуалдық әлеуетін арттыру, бүгінгі қазақ елінің индустриалық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін парасатты, ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу, білім және мәдени-рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету, қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы «Егемен Қазақстан» газеті, 12 сәуір 2017 жыл.
2. «Өзін – өзі тану» Республикалық ғылыми – әдістемелік журнал № 4 – 5, 2009 жыл.
3. Қалиев С.Ғалым алған асулар. Алматы, 2004
4. Абай. Энциклопедия. Р.Н. Нұрғалиев, З. Ахметов, Л.М. Әуезова, Б.Г. Ерзакович,
5. Қалиұлы С.Ой үндестігі «Абай» журналы, №3, 2015, 8-11 б.
6. Ахметов Т. «Жүсіп Баласағұнидің тәлім-тәрбиелік идеялары»-2004-296
7. Ж.Әбиев. Педагогика тарихы Алматы, 2006-245б.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІ

А. Б. Наренова, аға оқытушы

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

Ключевые слова: национальное воспитание, культурной ценности, национального наследие, духовно - нравственное ценность.

В данной статье рассматривается национальное воспитание являющееся основой культурной ценности и национального наследие собранных народом в течение многих столетий. Воспитание поколения, способного идти вперед с развитым обществом в современном мире, является основным требованием сегодняшнего дня. Это связано с тем, что выход страны в число развитых стран зависит от образования, культуры и национального воспитания.

This article examines the national education, which is the basis of the cultural value and national heritage collected by the people for many centuries. The upbringing of a generation capable of going forward with a developed society in the modern world is the main requirement of today. This is due to the fact that the country's entry into the number of developed countries depends on education, culture and national upbringing.

Key words: national education, cultural value, national heritage, spiritual and moral value.

Қазіргі дамыған дәуірде озық қоғамға ілесе алатын ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты талабы. Себебі, еліміздің дамыған мемлекеттердің қатарына қосылуы білімге, мәдениетке және ұлттық тәрбиеге байланысты. Тәрбиенің қуатына тең келетін рухани күш, қуат көзі жоқ екенін жақсы түсінеміз. Ұлттық тәрбиеден нәр алған адам – рухани құндылықтарды бойына сіңіріп биік дәрежеге көтеріледі. Оның ең маңыздысы адамды ойлануға бағыттайды, жеке тұлға болып қалыптасады.

Ұлттық тәрбие - халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін студенттердің бойына сіңіру, жастардың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру. Қазақ халқының зиялы біртуар ағартушылары А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, М.Жұмабаев және тағы басқалары да ұлттық тәрбие проблемасы туралы ірі ой қозғап, құнды ой-пікірлер келтіреді. Қазақ халқының педагогикалық ой-пікірлерін бүкіл оқу-тәрбие жүйесінің тірегіне айналдыру және өнегелі тәрбие ісін дүниежүзілік ғылыми және рухани қазынаны ұлттық мұрамен ұштастыру арқылы жүзеге асыру қасиетті іс болып табылады.

Белгілі жазушы Мұхтар Мағауин «көшпелі қазақтардың сөз өнерінің шыңы» деп сипаттап қана қоймай, оны «біздің халқымыздың рухани әлемінің байлығы» деп те орынды атап өтеді. Бұл тұрғыдан алғанда, ең алдымен, дәстүрлі рухани-адамгершілік құндылықтарды ұрпақаралық тасымалдау мен оларды білдірудің өзіндік тәсілі ретіндегі қазақ халқының ауызекі ақындық шығармашылығы пайда болып дамыған нақты табиғи және әлеуметтік-мәдени кеңістікке жүгіну қажет.

Адамгершілікке адам ең жоғарғы құндылықтарға ұмтылу арқылы жетеді. Ар-ұят, адалдық, еңбек махаббат, бақыт, достық, шығармашылық, әділдік тағы да басқа көптеген құндылықтар арқылы адам өз өміріне мән беріп, руханилыққа жетуге ұмтылады.

«Руханилықтың арқасында адам мәдениет әлеміне енеді, оның өзіндік ерекшелігін көрсетеді, – дейді М.С. Орынбеков – сонымен бірге, руханилық дамыған адамды заттың, табиғаттың себептерінен ерекшелеп тұратын қыры болып табылады».

Адамның рухани жаңаруы, оның адамгершілігінің күшеюі қазақ ойшылдарының шығармаларында кеңінен өріс алды. Қазақ ойшылдары адамның рухани жаңаруын адамның санасында, дүниетанымында қалыптасқан адамгершілік сезімінің қалыптасуы арқылы қарастырады. Адамның екі жағы – рухани және материалдық болмыстары бар. Рухани болмыс жан мен рухтан құралады, ал материалдық болмыс – психикадан, яғни нәзік денеден және тәннен құралады. Әлемде өзін бақытты сезіну үшін адам рухани және материалды жағын тең ұстауы қажет. Руханилық – адам танымы мен дүниеге көзқарасының адамаралық қарым-қатынастағы биік адамгершілік қағидасы.

Қазақтардың ұлттық философиялық санасының рухани бейімделуі оның ұзақ ғасырлық даму кезеңінде, ең алдымен, Абай мен Шәкәрім сияқты қазақ этикалық ойының белгілі тұлғаларының шығармашылық мұраларында сақталған.

Руханилықты олар адамның адам болу негізі және қоғамдық дамуға адамгершіліктік бағыт беретін жағдайы ретінде анықтайды. Абай философиясындағы руханилық категориясы адам болудың әмбебап өлшемі және жеке адам мәдениеті ретінде негізделеді, оның жалпы адамдық мәніне жалпылық сипат береді. Абайдың шығармашылық мұрасы терең философиялық ой-аңсарға толы: ол өзі үшін (дәлірек айтсақ, жалпы Шығыста) философияның негізгі мәселесі – адам проблемасын байыптылықпен өткір түрде алға тартып, адамның өнегелі қасиеттері туралы ілімді дамытады, адам баласының имандылық (нравственность) тұрғысынан жетілуінің адами қағидаларын қозғайды, адамның таным қабілеттері мәселелерін қарастырады [1].

Халықтың әлеуметтік - мәдени және рухани құндылықтары, дәстүрлері адамның азамат болып қалыптасуында, оның адамгершілік және еңбек қасиеттерін қалыптастыруда, тұтас алғанда жеке адамды әлеуметтендіруде әрдайым маңызды роль атқарған. Сондықтан осы негіздердің тарихи ролін объективті бағалау, жоғары оқу орындарының қалыптастырушы ықпалын зерделеу бүгінгі өткір талаптарының бірі.

Мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік дамуы өз ұлтымызға тән рухани, мәдени өмірдің өркендеуімен үйлесім тауып, жас ұрпақты салт-дәстүрге, тілге, ұлттық өнерге, өз елінің және әлем халықтарының тарихын құрметтеуге тәрбиелеу жауапты да басты міндеттер ретінде жүзеге асырылуда. Ұлттық тәлім-тәрбие берудің нәтижелілігі мұғалімнің педагогикалық қызметінің дәрежесімен айқындалады. Сондықтан, болашақ ұстаздарды даярлау барысында халықтың ғасырлар бойы жинақталған тәлім-тәрбие тәжірибесін тиімді пайдалану мәселесі басты назарға алынды. Қазіргі жоғары оқу орындарында педагогикалық мамандықтарда оқып жүрген болашақ мұғалімдердің іс-әрекетіндегі ұлттық тәрбие бағыттары ондағы оқыту процесінің тиімді ұйымдастырылумен тығыз байланысты. Өткеннің педагогикалық мәдениетін білу, оны ой елегінен өткізу және ұқсату қазіргі жағдайларда мұғалімдерді тәрбиелеудің күрделі проблемаларын ойдағыдай шешуге жәрдемдеседі. Жоғары оқу орындағы студенттер педагогикалық қызметтің ерекшеліктерін, оның қызықты жақтарымен қатар, қиындықтарының болатынын білуге тиісті. Ұлттық тәрбие кәсіби - педагогикалық даярлықтың негізгі және маңызды саласы. Студенттердің іс-әрекетіндегі ұлттық тәрбиеге жататындар: олардың оқыту процесінің теориясы мен практикасы бойынша меңгерілген жалпы және этнопедагогикалық, этнопсихологиялық білімдері, педагогикалық қызметке деген ынтасы (мотивтері) мен мүмкіндіктері. Нақты айтқанда, оқытудың мақсаты мен мазмұны оны ұйымдастырудағы қолданатын тиімді әдіс - тәсілдерді жете біліп, іске асырудың жолдарын меңгеруді іс-әрекеттегі ұлттық тәрбиені қалыптастыратын ұлттық сана - сезімді, өз халқының тарихына, мәдениеті мен дәстүрлеріне біртұтас көзқарас қалыптастыру белгілері деуге болады.

Қазіргі таңда ізгі жүректі, ұлтжанды, кемеліне келген студенттің жеке басын, оның арнаулы теориялық және практикалық этнопедагогикалық және этнопсихологиялық даярлығын қалыптастырудың объективті қажеттігі арта түсу себебі, этнопсихологиялық және этнопедагогикалық білімді меңгеру, қазіргі жағдайда халықтың аса бай тәрбие беру тәжірибесін шығармашылықпен пайдалану шеберліктері мен дағдыларына ие болу және халықтың рухани мәдениетіне бағалы көзқарас процесі мен нәтижесі болып табылады. «Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы», - деп Әл - Фараби оқу, білім алу, ғылым адамы болу, адамгершілік бәрі-бәрі тәрбие мәселесімен тығыз байланыстылығын ерекше атап өткен. Әл-Фараби тәрбиелеудің екі түрлі әдісін атап көрсетеді: біріншісі-иландырғыш нақыл сөз, сезімге әсер еткіш нақыл сөздер әдісі; бұл әдіс арқылы адамдарды өз еркімен игілікті істер жасауға жігерлендіруге болады. Қазіргі кезде, жеке тұлғалардың бір-бірімен қарым-қатынасындағы сыпайылық, ізеттілік, адалдық, жалпы алғанда адамгершілік сапаларының көңілге қонымсыз тұстары жиі кездеседі. Мұндай жағдайда мәселені оңтайландыру үшін ұлы ойшылдың бірінші тәсіліне сүйене отырып дөрекі әрекетке жол бермей сыйластықты сыпайлықты, өнегелікті қалыптастыруға болады. Бұл жайында дана халқымыз: «Сөз - сүйектен, таяқ - еттен өтеді» деп бекер айтпаған. Екіншісі: өз еркімен, өз қалауы бойынша жөнге келмейтін және сөзге құлақ аспайтын «бүлікші, көнімсіз» ересек адамдарға қолдалынатын күштеу әдісі. Осы әдістердің ішінде Әл - Фараби иландыру немесе ерікті түрде тәрбиелеу әдісін жоғары бағалайды. Адам сезіміне ерекше әсер ететін, оның жай-күйін баурап алатын этикалық нақыл сөздермен адамды дұрыс бағытқа, игілікті мінез-құлыққа тәрбиелеуге болады. Жас ұрпақтың санасына қазақ халқының баға жетпес сөз өнерін, оның түпкі мәнін ұғындыру, өнегелі сөз арқылы танымын кеңейтіп, жетілдіру бүгінгі күннің басты мәселесі.

Қ.А. Яссауидің әйгілі мұрасы «Диуани хикмет» атты жинағында тәрбие туралы идеялары, адамгершілік өсиеттер жайында қазіргі таңға дейін мағанасын жоймаған келешек ұрпаққа айтылған өсиеттер бар. Автор: «тәрбиенің мақсаты тұлғаның кемелденуі», -яғни адамгершілік тұрғыда, әрі қарай еңбек, ақыл, денсаулық, әсемдік және басқалары арқылы ілеседі деп өсиет айтады. Ұрпақ тәрбиесіне қатысты айтылған даналық, өсиет сөздер халқымыздың ойшылдығынан, данышпандығынан дарыған, ұзақ өмірдің елегінен өткен сарқылмас қазына [2].

Халқымыздың рухани - мәдени қайта өрлеуі кезеңінде жас ұрпаққа терең де жүйелі білім беруде, оларды қоғам талабына сай азамат етіп тәрбиелеуде ұлттық тәрбиенің маңызы артып отыр. Ұлттық тәрбие маңызы деп, халықтың бала тәрбиесінде пайдаланған құралдары (тәрбие құралдары), яғни салт - дәстүрлер мен әдет - ғұрыптар, халық шығармашылығы (поэтикалық, музыкалық, сәндік - қолданбалы), ата тек шежіресі, діни ілімдер, философиялық, этикалық, педагогикалық озық ой-пікірлер мен идеялары. Бұлардың қайсысының болсын педагогикалық мүмкіндіктері жоғары, өзіне тән мазмұны, ерекшеліктері бар. Ойымызды дәлелдеу үшін олардың кейбірінің мазмұны мен тәрбиелік мүмкіндіктеріне тоқталайық. Ұлттық тәрбиенің маңызды басым бөлігін құрайтын саланың бірі - халықтың әдет - ғұрпы, салт - дәстүрлері. Аталған ұғымдарға философиялық сөздікте: «Әдет - ғұрып - адамдардың белгілі бір жағдайларға байланысты қайталанып отыратын үйреншікті мінез - құлықтық іс-қимылдары. Әдет - ғұрыптарға көпшілікке ортақ еңбек ету әдістері, тұрмысқа және отбасына байланысты адамдар арақатынасының сол қоғамда кең тараған түрлері, дипломатиялық және діни салттар, тайпа, тап, халық өмірінің ерекшеліктерін бейнелейтін және түрліше қайталанып отыратын іс-әрекеттер жатады», ал «дәстүр (латынша «Traditio» - тапсыру, жалғастыру) тарих барысында қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отыратын әдет -ғұрыптар, салт - сана, қоғамдық тәртіп, заң, мұрат пен игілік, мінез - құлық қалыптары және т.б., қоғамдық, ұлттық немесе жекеленген әлеуметтік – мәдени мұра элементтері деп баға берілген. Демек, салт - дәстүр халықтың тіршілік ету жағдайына, көбінесе өмірге деген көзқарасына, наным - сеніміне байланысты пайда болып қалыптасады, ұрпақтан - ұрпаққа ауысып, өзгеріп жаңарып

отырады. Жаңа қоғам дамуына үйлеспей, қайшы келетіндері жойылып, қажеттілері ғана дамып, жаңа мағынаға ие болады. Салт -дәстүр, әдет - ғұрыптың уақыт ағымына қарай өзгеріп, жаңарып отыруына байланысты қазақ халқы «түрлі - түрлі заман бар, заманға қарай амал бар» деп философиялық ой түйіндеген [3].

Қазіргі кезде ұлттық тәрбие мен білім беру мәселесін зерттеумен шұғылданған ғалым - педагогтардың пікіріне сүйенетін болсақ, мәселен, С.А.Ұзақбеава мен К.Ж.Қожахметова «Жоғары мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасында» (1998ж) бұған былай деп нақты анықтама береді: «Этнопедагогикалық білім беру - этнопедагогиканың ғылыми негіздері туралы жүйелі білімдерді студенттердің меңгеруі, қазіргі жағдайда халықтың аса бай тәрбие тәжірбиесін шығармашылықпен пайдалану шеберліктері мен дағдыларына ие болуы және халықтың рухани мәдениетіне бағалы көзқарас процесі мен нәтижесі» және де авторлар педагогикалық оқу орны жағдайында болашақ ұстаздарға этнопедагогикалық білім беру мазмұнында өзара байланысты мынадай төрт элементті:

- болашақ ұстаздың ұлттық сана - сезімін, біртұтас көзқарасын қалыптастыруды қамтамасыз ететін, танымдық және практикалық қызметтің дұрыс әдістемелік көзқарасымен қаруландыратын мәдениет, тарих, тіл, дін, халықтың салт – дәстүрлерін игеру туралы білім жүйесін;

- көптеген нақты қызметтің (танымдық бағалы еңбек т.б.) негізі болып табылатын және болашақ педагогтардың ұлттық мәдениетті сақтау қабілетін қамтамасыз ететін жалпы интеллектуалдық және практикалық дағдылардың, шеберліктердің жүйесін;

- болашақ ұстаздардың халық шығармашылығын қазіргі әлеуметтік - мәдени жағдайда одан әрі дамытуды қамтамасыз ету үшін оны оқу-тәрбие процесінде пайдалану жөніндегі шығармашылық қызметінің тәжірибесін;

- болашақ мұғалімдердің бойында сенімдерді, құндылықтар жүйесін қалыптастыру шарты болып табылатын білім, іскерлік, дағдылармен бірге айналадағы болмысқа эмоциялық - еріктік көзқарас тәжірибесін ескеру қажет деген пікір айтады.

Бұл аталған төрт элемент байланысын қамтитын этнопедагогикалық білім беру мазмұны тек қажетті білім, іскерлік пен дағдылар жиынтығына айналмай, болашақ мұғалімнің біртұтас кәсіби тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Бір-бірімен тығыз байланысты осындай жүйе негізінде меңгерілген терең білім болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлық деңгейлерін арттыра түседі [4].

Қоғам өмірінің жаңарып - жаңғыруы, демократиялық өзгерістерге бет бұруы болашақ мұғалім даярлығының ғылыми және кәсіби сауаттылығының маңызды міндеті ретінде жастарға тәрбие мен білім беру процесін халықтың өткен тарихымен, рухани - мәдени мұраларымен, өмірлік бай тәжірбиесімен тығыз байланысты ұйымдастырып, ұштастыра жүргізу және білім жүйесін жетілдіру оның мазмұнын тереңдету заңды талап екенін естен шығармау қажет. Егеменді Қазақстанда өркениетті қоғам мен құқылы мемлекеттің қалыптасуы жағдайында өскелең ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін, еркін ойлау қабілеті мен шығармашылығын, кәсіби біліктілігі мен білімділігін арттыру қажеттілігі туындап отыр. Бұл жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру ісін қайта құруды, ұлттық рухани мұраны жаңғырту арқылы оның мазмұнын қайта қарап, жоғары деңгейге көтеруді талап етеді. Білім беру ісін батыл да табанды қайта құру мәселесі еліміздің барлық салаларында болып жатқан оң өзгерістермен тығыз байланысты. Мемлекет тарапынан ұлттық тәрбиені жаңғырту мақсатында білім беру жүйелерінің мақсат, міндеттерін айқындайтын жаңа мазмұндағы заң жобалары мен тұжырымдамалар қабылданып, халықтың рухани дамуына, ұлттық тіл мен тарихтың, дін мен мәдениеттің өркендеуіне қолайлы жағдайлар туғызылуда.

Осыған орай қай ұлттың, қай халықтың болмасын кемеліне келіп толысуына, рухани өсуіне, кәсіби - мәдени дамуына басты ықпал жасайтын негізгі тірек - ұлттық тәрбие деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Орынбеков М.С. Генезис религиозности в Казахстане. Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. - 204 с.
2. Қожахметова К. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика. Алматы, 1998ж.
3. Әбілова З. Этнопедагогика: оқу құралы. Алматы: Қазақ Әлем Тілдер Университеті, 1997. – 230 б.
4. Ұзақбаева С.А., Қожахметова К.Ж. Жоғары мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасы. Алматы «Өнер» -1998ж.

ӘОК 373.167.1(075)

ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ

Г.А.Нұрмұханова, аға оқытушы
Н.У.Райсова, аға оқытушы
А.А.Муратова, магистр, аға оқытушы

Атырау инженерлік-гуманитарлық институты, Атырау қ.

Түйіндеме: Ахмет Байтұрсынов туған халқының ғылым-білімге ұмтылуын, әр қазақтың ең болмаса бастауыш білім алуын аңсады. «Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білім де сондай керек», -деп жазды ол. Бірақ осындай білім беретін ауыл мектебінің сол кездегі хәл-күйі оның қабырғасына қатты батты. Бұл жөнінде «Әуелі ауыл мектебінен басталық. Осы күнгі ауыл мектептерінде оқуға керекті құрал жоқ, оқыта білетін мұғалімдер аз. Сонда да хат білетін қазақтардың проценті мұжықтардан жоғары... Бұл мектептің халыққа жақындығы, балалардың білімді ана тілінен үйренетіндігі...» деп, ауылдық қазақ мектептерінің жайын сөз ете келеді де, «орыс мектептерінде тәртіп те бар, құрал да сай мөлшерде, жоспар бәрі де бар.

Кілттік сөздер: қазақ алфавиті, түркітанушы, бастауыш мектептері, латынша, ағартушылық

Ахмет Байтұрсынов өзінің барлық саналы өмірін қазақ қоғамында білім-ғылымның дамуына, мектеп ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштады. Ол ауыл мектебінде, семинарияларда бала оқытты, оқу-тәрбие жұмысын жетілдіру саласында көп ізденді, «Әліпби», «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш» атты кітаптары қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб алфавитінің жайы, терминдер, қазақ тілін оқытудың әдістемесі туралы түркітанушылардың Бүкілодақтық I Съезіне қатынасып, бірнеше комиссия жұмысын басқаруы, Қазақстан оқу-ағарту комиссариатындағы жұмысы-осының бәрі оның қоғамдық, мәдени, ағартушылық, ғалымдық қызметінің алуан түрлі қомақтылығын аңғартады.

Белгілі түркітанушы академик А.Н.Кононовтың А.Байтұрсыновты көрнекті түркітанушылардың қатарында еске алып, оның қазақ алфавитін жүйелеу, оқу құралдарын

жасау, фонетика мен грамматика саласындағы қазақ мәдениеті мен әдебиеті туралы зерттеулерінің маңызы туралы жазуы да тектен-тек емес...

А.Байтұрсыновтың алғаш ағартушылық ой-пікірлері сонау 1913-1917 жылдары Орынборда шыққан «Қазақ» газетінде жарияланған мақалаларынан айқын көріне бастайды. Газет өзінің тұңғыш жарияланған санында-ақ былай деп жазды: «Бұл газеттің мақсаты жұрт пайдасына көз болу, қазақ арасына ғылым, өнер жайылуына басшылық ету, басқа жұрттардың халінен хабар беріп, таныстыру. Сол мақсаттарды орнына келтіру үшін заңдарды, хакімдердің бұйрық-жарлықтарын білдіріп тұру, үкімет жұмыстары турасында жете хабар беру, қазақтың бұрынғы және бүгінгі жайын жазу, күнелту, сауда, кәсіп, жер-су, егін, мал шаруасы жайынан кеңесу, оқу, оқыту, мектеп, медресе, ғылым, өнер, тіл, әдебиет турасында жөн көрсету, адам, мал дәрігерлігі жайында жазу»

Ахмет Байтұрсынов туған халқының ғылым-білімге ұмтылуын, әр қазақтың ең болмаса бастауыш білім алуын аңсады. «Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білім де сондай керек», -деп жазды ол. Бірақ осындай білім беретін ауыл мектебінің сол кездегі хал-күйі оның қабырғасына қатты батты. Бұл жөнінде «Әуелі ауыл мектебінен басталық. Осы күнгі ауыл мектептерінде оқуға керекті құрал жоқ, оқыта білетін мұғалімдер аз. Сонда да хат білетін қазақтардың проценті мұжықтардан жоғары... Бұл мектептің халыққа жақындығы, балалардың білімді ана тілінен үйренетіндігі...» деп, ауылдық қазақ мектептерінің жайын сөз ете келеді де, «орыс мектептерінде тәртіп те бар, құрал да сай мөлшерде, жоспар бәрі де бар. Сонысына қарай пайдасы аз. Олардың пайдасын кемітіп отырған бір-ақ нәрсе: қазақты орысқа аударамыз деген пікір бүлдіріп отыр. Сол мектептер арқылы қазақ тілін жоғалтып, орыс тіліне түсіреміз дейді, қазақ тұтынып отырған араб әрпін тастап, орыс әрпін алдырамыз дейді. Сол үшін әуелі балалар ана тілімен оқымай, орыс тілімен оқысын, ана тілінде оқыған аты болу үшін қазақ тілінде орыс әрпі басылған кітаптардан бастап оқып, әрірек барған соң кілең орысшаға түспек керек дейді. Бұлар еппен қайырмалаушылардың жолы...», деп қазақ даласында патшалы Ресейдің отарлау саясатының қалай іске асырылып жатқанын әшкерелейді. Ол патша әкімдерінің оқу-ағарту ісіндегі бұл саясатының түпкі мақсатын одан әрі айқындай түсіп, «үкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде жазуы сақталу. Солай болған соң бастауыш мектеп әуелі миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек... Қазақты басқа дінге аударамын деу құр әурешілік. Қазақты дінінен айыруға болмаса, жазуынан да айыру болмайтын жұмыс»деп, пікірін батыл айтты. Шындықты ашық айтқаны үшін патша өкіметінің жергілікті әкімдерді газетке бірнеше рет айып салып, оның редакторын түрмеге жапты.

Ахмет Байтұрсынов «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 62- санында «Мектеп керектері» деген мақаласында «...ең әуелі мектепке керегі-білімді, педагогика, методикадан хабардар оқыта білетін мұғалім. Екінші-оқыту ісіне керек құралдар қолайлы және сайлы болуы. Құралсыз іс істелмейді және құралдар қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы. Үшінші-мектепке керегі белгіленген бағдарлама. Әр іс көңілдегідей болып шығу үшін оның үлгісі немесе мерзімді өлшеуі болуы керек. Үлгісіз немесе өлшеусіз істелген іс-солпы я артық, я кем шықпақшы...» деп оқытудың дидактикалық принциптерін тұңғыш ғылыми тұрғыда нақтылы белгілеп берді.

Ахмет Байтұрсынов мұғалімдерді педучилищелер ашып арнаулы оқу орындары арқылы даярлаудың тиімділігін айта келеді де, ондай оқу орнының әзірге қазақ даласында жоқтығын ескеріп, орыс мектептерінен не қазақ медреселерін оқып бітірген жастардың талаптыларын мұғалімдік жұмысқа қоса пайдаланайық деген ұсыныс жасайды. Медреседе оқығандардың педагогика, әдістемеден хабарсыз екенін, ал орыс мектептерін оқып бітіргендердің мұсылманша хат білмейтіндігін қынжыла сөз етеді. Олардың білімін жетілдіру мақсатында жаз айларында 1-2 айлық қысқа мерзімді курстар ашуды ұсынады.

Автор қазақ бастауыш мектептерінде қандай пәндер оқытылу керек дегенге арнайы тоқталып, ол пәндерді оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, шаруа-кәсіп, колөнері,

жағрафия, жаратылыс болуы керек екендігін нақтылап көрсетеді. Ахмет Байтұрсыновтың осы пәндердің оқулықтарын шығарудың қолға алынғанын, алайда арнайы баспахана болмағандықтан кейбір оқулықтарды шығару ісіндегі қиындықтарды қынжыла баяндайды. Автор бірлі-жарым шыққан оқулықтарды оқу ісіне пайдаланбай жатып сынға алушыларды сынап келе, оқулық жасауға тәжірибелі мұғалімдердің де ат салысуын талап етеді. Мәселен, Назаров деген біреудің қазақ мектептерінде ана тілінде оқытатын оқулық жоқ болғандықтан бірден орысша оқытуды қуаттаған пікірінің негізсіздігін әшкерелеп, «Ана тілімен оқу бізге керек екендігіне еш талас болмасқа керек» деп кесімді пікір айтады.

Ол өзінің көп жылдық мұғалімдік тәжірибесіне сүйене отырып (ол 1896 жылдан 1909 жылға дейін оқытушы болып істеген), қазақ мектептерінің ең зәру ісі- оқулық жазу мәселесімен түбегейлі айналысады. Ол үшін ең алдымен қазақ тілінің фонетикалық дыбыстық жүйесін зерттеуге кірісті. Қазақ балаларының сауатын ашатын «әліпби» мен ана тілін үйрететін «Тіл құралын» жазбас бұрын ең алдымен жазу графикасын жөндеп алудан бастаудың қажеттігін сезген А.Байтұрсынов 1912 жылдан бастап, «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің беттерінде араб таңбаларын жетілдіру, лингвистикалық терминдерді тілге енгізу (дыбыс, әріп, дәйекші, жуан, жіңішке дыбыс, қағида т.б.) туралы ой-пікір қозғады.

Оның араб жазуын қазақ тіліне икемдеген нұсқасын қазақ жұртшылығы, әсіресе мұғалімдер қауымы жылы лебізбен қабылдады. Себебі, Байтұрсынов реформасы қазақ тілінің табиғатына, яғни сингармонизм заңдылығына сүйеніп, ғылыми негізде жасалған еді. Өйткені қазақ дыбыстарының табиғатын айқындау ғалымға қазақтың жаңа әліпбиін жасауға мүмкіндік береді. Оның 1912 жылдардан бастап ұсынылған жаңа жазуы («жаңа емлем» деп аталады) іс жүзінде қолданыла бастады. Баспа беттерінде жарияланған мәліметтер бойынша 1915 жылдың бір өзінде ғана бұл емленің өзімен 15-тей кітап басылып шыққан. Сондай-ақ А.Байтұрсынов ұсынған «жаңа емле» 1913 жылдардан бастап мұсылман медреселерінде де, орыс-қазақ мектептерінде де қолданыла бастағаны белгілі.

Ғалым ширек ғасырдай тер төккен осы еңбегін, яғни реформаланған қазақ жазуын ұлт мәдени талаптарын әбден өтей алады деген көзқарастары ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, латын алфавитіне көшуге қарсы пікірде болды.

Латын алфавитіне көшу мәселесі бұрынғыдан сөз болып келген еді. Ақырында 1926 жылдың 26 ақпаннан 6 наурызына дейін Баку қаласында Бүкілодақтық бірінші Түркологиялық съезі өткізіліп, оның күн тәртібіне түркі халықтарының жазуы, орфографиялық негізгі принциптері және олардың әлеуметтік мәні, терминология мәселелері, осы халықтардың тарихы, этнографиясы, ана тілін оқыту әдістемесі т.б. көптеген көкейтесті мәселелері қойылды. Солардың ішінде ең үлкен пікір таласын туғызған мәселе ұлан-ғайыр жерді мекендейтін түркі халықтарының бәрінің латын алфавитіне көшуі жайындағы мәселе болды. Осы мәселеге орай екі топ болып бөлініп шықты. Бірі- бұрыннан пайдаланып келген әрі нақтылы ұлт тіліне лайықталып, реформаланған, ресми қабылданған латыншаға аударудың ешқандай саяси- идеологиялық, не экономикалық тиімділігі жоқ, сауат аштыру, оқыту ісінде де лайықталған араб графикасы мен қабылданбақшы латын жазуының бір-біріне артық-кемдігі шамалы, керісінше жазу таңбасын өзгерту сан ғасырлық жазба дүниеден, мәдени мұралардан қол үзу қауіпін тудырады дегенді айтты. Екінші топ –араб жазуы түркі тілдерінің фонетикалық жүйесіне сай келмейді, латын алфавиті түркі тілдерін Еуропа мәдениетіне жақындастыра түседі дегенді дәлел етті. А.Байтұрсынов алғашқы пікірді қуаттап, араб әрпін пайдаланудың тиімділігін жан-жақты дәлелдеп берді. Оның пікірінше, араб алфавиті тез оқуға, жылдам жазуға қолайлы, ал ол жастарды сауаттылыққа үйретуге мүмкіндік туғызады, баспахана техникасы мен өнімнің құны жағынан алғанда араб әрпін қолдану өзінің сыйымдылығымен әлдеқайда арзанға түседі. Үшіншіден араб әліппесінің әріп

құрамы қазақ тілінің орфографиялық қажетін толық қанағаттандырады. Төртіншіден, бүкіл Азия елдерінің мәдени мұрасы осы алфавит негізінде жазылғаны айтылды.

Ғалымның араб алфавитін қолданудың тиімділігі жөніндегі ғылыми дәлелді пікірлері кейін оны халық жауы деп айыптаған кезде көпе-көрінеу бұрмаланып, ұлтшылдық, пантүркістік, кеңеске қарсы пікір деген кінә болып тағылды. Әрине, араб жазуы арқылы ислам дінін уағыздауды ол көздеген жоқ. Өйткені А.Байтұрсынов реформалаған қазақ жазуы қарқынды құран жазуынан мүлде алшақ еді. Оны пантүркістік пиғылда болды деу де орынсыз болатын. Керісінше А.Байтұрсынов реформаланған қазақ жазуы қарқынды құран жазуынан мүлде алшақ еді. Үшіншіден, ғалым әрекетінен антисоветизмді іздеу де нанымсыз еді. Себебі жазу таңбасының түрі идеологияның мазмұны мен бағытын өзгерте алмайтындығын Байтұрсыновта, өзгелер де жақсы білді.

А.Байтұрсынов – қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына да көп күш жұмсады. 1902 жылдан бастап ашылған үш жылдық бастауыш мектептерде (ол «ауыл мектебі» деп аталады) шәкірттер сауат алдымен орыс тілінде болғанмен, жазуы, яғни ресми түрде қабылданған графикасы жоқ еді. Сондықтан да әр мұғалім өз ыңғайына қарай не орыс, не араб жазуларын пайдаланатын. А.Байтұрсынов бастаған бір топ қазақ зиялылары 1905 жылы 26 шілдеде Ресей Империялық Министрлер Советінің Председатели атына петиция жазады. Ондағы қойған талаптарының бастылары: «қазақ даласында оқу-ағарту ісі дұрыс жолға қойылсын, ол үшін ауыл мектептерінде балалар қазақша сауат ашатын болсын. Оқу ана тілінде жүргізілсін» т.б. Осы талаптарды жүзеге асыру үшін А.Байтұрсынов қазақша оқу құралы (1912) тұңғыш әліппе құралын жазды. Мысалы, 1892 жылы Қазанда басылған «Букварь для киргизов» деген қазақ мектептерінің негізгі оқу құралы ретінде пайдаланылып келген. А.Байтұрсынов 1926 жылы «Әліпбидің» жаңа түрін осы күнгідей суреттермен берілген Әліппе кітабын жазды. Ал бұл «Әліпбидің» 1928 жылы Қызылордада шыққан 3-басылымы қазақ тілінде басылған: «Жаңа құрал қазақ тұрмысына үйлесімді суреттері бар. Емлесі жаңа. Қазақстан білім ордасы мектептерде қолдануға ұйғарған... Ахметтің 7 рет басылған бұрынғы «Әліпбиі» (Оқу құралы) қазақ жұртына орасан көп пайда келтірген еді... Бірақ соңғы кездерде жаңа тәртіптер шыға бастағаннан кейін ол «Әліпби» әдіс жөнінен де, мазмұн жағынан да ескірген. Мынау жаңа «Әліпбиі» бұрынғысынан қай ретте болса да аса артық. Бұл «Әліпбидің» мазмұны қазақ жағдайларына қарай, мемлекет білім кеңесінің жаңа программасына үйлесімді болып шыққан».

1912 жылы мектеп балаларына қазақша сауаттандыратын «Оқу құралын» жазғаннан кейін көп ұзамай енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулық жазуға кіріседі. Бұл оқулықтың фонетикаға арналған 1-бөлімі «Тіл құралы» деген атпен алғаш рет 1915 жылы жарық көрді. Осы кітаптың морфологияға арналған 2-бөлімі 1914 жылы, ал синтаксиске арналған 3-бөлімі 1916 жылы басылып шығып, 1928 жылға дейін әлденеше рет қайта басылып пайдаланылып келді.

«Тіл құралы»- қазақ мәдениетінде бұрын болмаған соны құбылыс. Оның қазақ жұртшылығы үшін мүлде тың дүние екендігін оқулықтың кіріспесінде автор арнайы атап өтеді. Ол осы оқулықта қазақ грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына тұңғыш қазақша терминдерді ұсынады. Күні бүгінге дейін қолданылып жүрген «зат есім, сан есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш» деген т.б сан алуан лингвистикалық ғылыми терминдердің баршасы А.Байтұрсыновтікі.

Оқулықтың тағы бір құндылығы қазақ тілінің грамматикалық басты салалары-фонетика-дыбыс туралы ғылым, морфология-сөз құрамын зерттеу, ал синтаксис сөйлем құрылысын зерттеу т.б. деп саралап тұңғыш тыңнан ғылыми жол салуында болып отыр.

Ғалымның тіл үйретудегі сіңірген еңбегі мұнымен шектелмейді. Ол қолданбалы грамматикадан да жазған болатын. Бұл жұмысын «Тіл жұмсар» деген атпен екі бөлімді кітап етіп, 1928 жылы Қызылордада шығарған еді.

Ахмет Байтұрсынов қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаушы. Ол-Қазақ тілін дыбысқа бөліп оқыту арқылы сауаттандыру әдісінің негізін салды. Бұл салада бірнеше әдістемелік мақалалар жазып, соның негізінде 1920 жылы Қазанда «Баяншы» деген атпен методикалық кітапша шығарды. Мұнда автор мұғалімдерге «Әліппені» пайдаланудың, сауат ашу әдістерінің жол- жобасын көрсетіп берді.

Сөйтіп ғұлама-ғалым өзінің алдында жүйелі бағдарлама қойып, бұларды біртіндеп шешуге кірісті. Ол алдымен қазақша сауат аштыруды көздеп «Оқу құралды» жазды, онан соң қазақ тілінің ғылыми грамматикасы «Тіл құралын» ұсынды, тілді дұрыс жұмсай білу тәртібін көздеп «Тіл жұмсарын», төртінші- сауат аштыру, тілді оқытудың әдістемесін жасауды міндетіне алып, «Баяншыны» жазды.

Әрі аудармашы, әрі ақын, әрі қазақ тілі мен әдебиетін зерттеуші ғалым Ахмет Байтұрсыновтың сан салалы еңбегіне арнап оның 50-жылдық тойына жазған мақаласында М.Әуезов былайша баға берген еді. «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаңның салған әдебиеттегі орны –«Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымас қайраты... Тарих ұмытпайтын істер болмақ. Жаңа өсіп келе жатқан қазақ интеллигенциясы Ахаңның еңбегінің өнімді болуын тілеуден жалықпайды» «1923 жылы., «Ақ жол» газетінде)

Қазақ халқының абзал ұлдарының бірі, ХХ ғасырдың бас кезіндегі демократиялық бағыттағы қазақ зиялыларының ең ірі, ең беделді көш басшысы Ахмет Байтұрсыновтың қазақ ғылымы мен мәдениеті, тәлім-тәрбиесінің оқу ісі тарихына сіңірген орасан зор еңбегінің тарихтан өшпес орын алатынын бүгінгі демократия мен әділеттілік салтанат құрған дәуірде өмір шындығы дәлелдеп отыр.

Психологиялық көзқарастары. Ахмет Байтұрсынов психология ғылымы саласынан да өзіндік пікірлерімен дараланады. Мәселен, тек «Әдебиет танытқышының» өзінде ғана осы ғылымға қатысты толып жатқан ой-пікірлері мен саликалы түйіндері баршылық. Мұндағы «Көрнекі өнері», «Сөз толғау», «Лұғат әуезділігі», «Жан жақтау», «Жан қоштау», «Көріктеу», «Ес ұғымы», «Іс ұғымы», «Зейіндеме» атаулар мен ұғым-түсініктерде, сондай-ақ оның жұмбақ, жаңылтпаш, айтыс, толғау, терме, тақпақ, жоқтау, жарапазан, бата, мақал т.б әдебиеттану ғылымына қатысты пікірлерінде халықтың психологияның теориялық қисындары үшін іздесе таптырмайтын әдістемелік қазық боларлықтай түйіндер мол. Ғалымның тіл мен сөйлеу психологиясы жайлы айтқандары да аса мәнді. «Тілдің міндеті, -деп жазады ол,- ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түйін түйгенінше айтуға жарау... Сөз көңілге сипат жағының көркемдігімен, сөз мағына жағының күштілігімен жағады... Тіл дәлдігі деп ойлаған ұғымға сөз мағынасы жағады... Тіл дәлдігі деп ойлаған ұғымға сөз мағынасы сәйкес келуі айтылады... «Бұл психологиялық жағынан өте пәрменді тұжырым. Өйткені қазақтың қазіргі кездегі ұлттық тәрбиесінің мықтап ақсап, тіпті батпаққа белшесінен батып жату себебінің бірі-осы халықтың, әсіресе тәлімгер қауымның (мұғалім, ата-ана, құрбы-құрдас т.б) ана тілін жоғарыда Ахаң айтқандай түлетіп, оның тәрбиелік ықпалын өз дәрежесінде пайдалана алмай жүргендігінде. Расында да, егер тәлімгер атаулының сөз саптауы шорқақ, ойға саяз, тыңдауға әсерсіз болса, шәкірт тәрбиесінде берекесіздік туады, сөздің тәрбиелік қадыр-қасиеті, құны төмендейді. Олай болса, баланың сөз өнеріне жетілуінің, сөйлеу мәдениетінің арта түсуіне ерекше көңіл бөлу қажеттігі ылғи да естен шықпауы тиіс.

Ахмет Байтұрсыновтың психология ғылымының төңірегінде ой қозғаған терең мәнді, саликалы пікірлері «Әліппе- таңбалар жұмбағы» дейтін еңбегінде елеулі орын алған. Мұнда ол араб әрпінің латын таңбасынан әлдеқайда ұғынуға , тез жазып, миға тоқылуы жеңіл екендігін психологиялық тұрғыдан дәлелдеп береді. Оның пікірінше, екі таңбаның қайсысымен басылған, я жазылған сөз оңай оқылады, бұларды қайсысымен

жазылғанды тану жеңіл, қайсысы баспаға сыйымды, қолайлы, көркемдік көзге жайлылығы жағынан қайсысы артық дегендей психологиялық жайттарға тоқталады.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. - Алматы. - 1999. - 18 б;
- 2 Шәріпов Ә., Дәуітов С. Ахмет Байтұрсынұлы. Шығармалары. - Алматы: Жазушы. - 1989. - 9-38 б.б.
- 3 Қозыбаев М.Қ. Ахмет Байтұрсынұлы – XX ғасырдың ұлы реформаторы // Отан тарихы. - 1998. - № 3. - 22-22 – бб.; Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы
- 4

ӨОК 378.02

ҰЛЫ ДАЛА ОЙШЫЛДАРЫ МҰРАСЫНДАҒЫ РУХАНИ-АДАМШЕРШЛІК ТӘРБИЕ

Г.О.Сейтмағанбетова, өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі, педагог-модератор

«Қарағанды облысы білім басқармасының «Өркен» мамандандырылған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Жезқазған қаласы

Resume: This article deals with the problems of spiritual and moral education of the younger generation. The article substantiates the place of the heritage of the thinkers of the Great Steppe in the education of the adolescent generations of morality in the conditions of spiritual revival. The article is a review. The thoughts of great scientists and enlighteners of the past time, which were set out in the works of great sages such as Abu Nasir Al-Farabi, Yusup Balasaguni, enlighteners of the Kazakh people such as Shokan Ualikhanov, Ybyrai Altynsarin and Abay Kunanbayev, are analyzed. The purpose of the article is to reveal the meaning of morality in human life, which is set out in the works of thinkers. Examples are given of how good and bad traits affect the self-knowledge of a person. The article analyzes the norms of behavior related to the moral qualities of a person in the works of thinkers of the Great Steppe. This article also analyzes the content of education on the subject of "Self-knowledge" in school and the use of the works of these thinkers in them.

Key words: The Great Steppe, thinkers, the world of wisdom, students, spiritual education, the content of education, teaching methods, works of sages.

Резюме: В данной статье рассматриваются проблемы духовно-нравственного воспитания подрастающего поколения. Обосновано место наследия мыслителей Великой степи в воспитании у подрастающей поколений нравственности в условиях духовного возрождения. Статья является обзорной. Проанализированы мысли великих ученых и просветителей прошлого времени, которые были изложены в трудах великих мудрецов как Абу Насыр Аль-Фараби, Юсуп Баласагуни, просветителей казахского народа как Шокана Уалиханова, Ыбырай Алтынсарина и Абая Кунанбаева. Цель статьи – раскрыть значение нравственности в жизни человека, которое изложено в трудах мыслителей. Приводятся примеры, как влияют хорошие и плохие черты на самопознание личности. Анализируются нормы поведения, связанные с нравственными качествами человека в трудах мыслителей Великой степи. Также в этой статье проанализировано содержание

образования по предмету «Самопознание» в школе и применения в них трудов перечисленных мыслителей.

Ключевые слова: *Великая степь, мыслители, мир мудрости, подрастающее поколение, духовно- нравственное воспитание, содержание образования, методы обучения, труды мудрецов.*

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңы жас ұрпаққа жан-жақты білім мен тәрбие берудің мемлекеттік саясатының негізгі ұстанымдарын айқындап берді. Олар: Қазақстан Республикасының барлық азаматының білім алуға тең құқығылы, әрбір азаматтың интеллектуалдық дамуы, психо-физиологиялық және жеке басының ерекшеліктері, халық үшін білімнің барлық деңгейін кең жол ашылуы. Яғни, білім заңында әрбір азаматтың білім алуға құқықтығын негізге ала отырып, жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып, құрметтеуге тәрбиелеуде дидактикалық шарттар яғни оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру үдерісін жан-жақты қамту қажеттілігі туындайды. Білім берудің қазіргі жаңа парадигмасы білімдік, рухани, зияткерлік, мәдени және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға, жеке даралық қабілеттіліктерін қолдауға, тұлғаның өзін-өзі шынайы көрсете алуына мүмкіндік беретін оқыту мен тәрбиеге бағытталады. Жас ұрпақ қоғамдық әлеуметтік өзгерістердің басты факторы, табысты, білімді ерекше әлеуметтік топ ретінде еліміздің өркендеуін қамтамасыз ететін күш болғандықтан бүгінгі таңда оларға берілетін адамгершілік тәрбиені рухани жаңғырумен сәйкестендіру қажеттігі туындайды. Қазіргі жас ұрпақтың кәсіби терең білімді, бәсекеге қабілетті, кісілігі биік, цифрлық сауаттылықты еркін меңгерген, әлем тілдерін білуге құштар, ақыл- ойы толысқан кемел тұлға болып қалыптасуы қажет. Олай болса, қазіргі кезеңдегі білім беруде ел тарихын терең қозғап, оқу-тәрбие жұмыстарында қазақтың ұлы ойшылдарының мұраларын айтып түсіндіру арқылы жас ұрпақтың рухани адамгершілік құндылық қасиетін қалыптастыра аламыз.

Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің бағдарлы идеялары еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қалың елім Қазағым» атты жинағында мемлекеттік идеология мәселесін ұдайы есте ұстауымызды ескере келе былай деп жазды: «Біз арыстарымызға арналған тарихи зерде кешенінде мен қазақстандық отаншылдық сезімін тәрбиелеуге көңіл бөлген едім»-деген. Сонымен қатар болашақ жас ұрпақтың қоғам өміріндегі рөлі туралы Елбасының Қазақстан Халықтарына әр жылғы Жолдауларында, «Мәңгілік Ел», «Ұлт жоспары 100 нақты қадам», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» сияқты құжаттарда орын алып, оқу- тәрбие ісінің өзегіне айналды. Н.Ә. Назарбаев: «Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» деп жастарға үлкен жауапкершілік артады.

Тарихи дамуға көз жіберсек, адам тәрбиесінде, жеке тұлғаны қалыптастыруда халықтық педагогика мұрасы шешуші орын алғаны белгілі. Қазақ халқы жан-жақты дамыған адамгершілікті тұлға тәрбиелеуге ерте кезден-ақ зор мән беріп, ұрпақ тәрбиесінде халық ауыз әдебиетінің шығармашылығына сүйеніп, соны тірек еткен. Мәселен, халқымыздың мақал-мәтелдері жай ғана айтылған ұйқас сөздер емес, олардың бәрінің тәрбиелік, рухани-адамгершілік мәні бар халық даналығы. Бұған, «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», «Заманына қарай амалы», «Адамды заманы билейді», «Әдептілік ар-ұят – адамдықтың белгісі», деген тәрізді кісілік қасиеттерді, парасаттылықты арқау еткен мақал-мәтелдер дәлел бола алады.

Құндылық проблемасының ең басты өзегі – Адам. Адам үшін ең басты құндылық – өмір мәнін сезіне білу, өз бойынан іздеп, өмірді рухани толықтыру. Адам өмірінің мәні – маңызды іс-әрекет пен мақсат, мұрат, күш-қайрат және өмір сүру жолдарымен бағаланады. адам мақсаты адамгершілік қасиеттер арқылы орындалып, рухани қасиеттер арқылы жүзеге асады. Демек, еліміздегі қоғамымыздағы ізгілендіру жағдайындағы ең

басты мәселе – адамды құндылық ретінде бағалау. Құндылық тақырыбы бүгінгі күннің мәселесі деуге болмайды, өйткені бұл адамзат тарихындағы ұлы дала ойшылдар Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Қожа-Ахмет Иассауи, М.Қашқари, ағартушылар Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, ғалым-педагогтар Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев еңбектеріндегі рухани-адамгершілік ойларын уағыздап, қазақ халқының қоғамдық, рухани, мәдени өмірінен орын алуын мұрат етті. Ұлы дала ойшылдарының асыл мұраларының орны ерекше.

Ұлы дала ойшылдары туралы айтар болсақ, ең алдымен әлемдік деңгейдегі ғұлама ғалым, тарихи ұлы тұлға – Әбу Насыр әл-Фарабидің есімін айрықша атап айтамыз. Мазмұны бойынша Әл-Фарабидің барлық жұмыстарын бірнеше топқа бөлуге болады, тек педагогикалық ойдың дамуында тікелей маңызы бар: жалпы қасиеттерге, заңдарға және әртүрлі категорияларға арналған жалпы философиялық мәселелер бойынша трактаттар; адамның танымдық іс-әрекеті мәселелеріне арналған трактаттар, таным формалары, кезеңдері мен әдістері туралы; мораль мен оның санаттарына арналған трактаттар, тәрбие мәселелері, қоғамдық-саяси өмір, әлеуметтік жүйенің ерекшеліктері, мемлекеттік басқару мәселелері. Олардың арасында "Даналық маржаны", "Білім негіздері туралы", "Ғылым мен өнердің құндылықтары туралы", "Бақытқа апаратын жолды көрсету", "Философиялық сұрақтар мен оларға жауаптар" және т.б. бар.

Әл-Фараби шығармашылығында көрнекті орын алатын мәселенің бірі - тәрбие мәселесі. Тәрбиеге анықлама бере келіп, ол: "Тәрбиелеу дегеніміз - халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту әдісі деген сөз... тәрбиелеу кезінде халықтар мен қала тұрғындарына білімге негізделген қасиеттерден туатын іс-әрекет жасау дағдысы сіңіріледі, олар осындай іс-әрекетке жігерлендіріледі, осы әрекетті жасау тілегі қоздырылады, осы қасиеттер және бұлармен байланысты әрекеттер адамдардың жан-дүниесін баурап алатындай және адамдарды осыған жан-тәнімен күштар ететіндей болуы көзделеді" деп жазды.

Әл-Фараби бұл жерде адам бойына этикалық ізгіліктерді білім, тәрбие арқылы дарыту, сол арқылы адамның игі әрекеттерге талпынуы, ол әрекеттерді жан-тәнімен ұнатуы туралы айтып отыр.

Әл-Фарабидің көптеген өлеңдері адамның ерік-жігерін, күш-қайратын, ар-намысын шыңдауға және достықта адал болуға үндегенін мына өлең жолдарынан байқаймыз:

Тіршілікте құрыштай бол төзімді,
Сан мәртебе алдаса да өзінді.
Тағдырыңды ешуақытта жазғырма,
Тіпті кейде болса әзәзіл азғырған.
Өрге жүзген өнегелі ісімен,
Таңда адал дос өз теңіңнің ішінен.
Жүргендер көп достық атын малданып,
Алайда тек қалма оған алданып.

Бұл өлеңді өзін-өзі тану тұрғысынан талдағанда «Дұрыс әрекет», «Ішкі тыныштық» құндылықтарымен сабақтастықта қарастырамыз. Өзін-өзі тану сабақтарының ұтымды әдістерінің бірі «шығармашылық тапсырма» әдісі бойынша Ұлы ойшылдардың қанатты сөздерінен негізгі ойды анықтау тапсырылады. Оқушылар қанатты сөздердегі негізгі ойды анықтағаннан кейін өз ойларын түйіндейді. Мұндай тапсырмалар өзін-өзі дамытуға, өзінің рухани-адамгершілік сапаларын бағалай алуға жетелейді.

Көне дәуірдің бір белгісі ретінде әлемнің асыл қазыналарының қатарындағы өшпес мұраның бірі- Жүсіп Баласағұнның «Құтты Білік» атты дастаны болып табылады. Жүсіп Баласағұнның құнды мұрасы, мәні мен мазмұны зор «Құтты Білік» дастанының әр жолдарындағы тәлім - тәрбиелік толғамдар, әсіресе, бүгінгі ұрпаққа аса қажет.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты Білігінде» өмір мәні пайымдалып, жалпыадамзаттық рухани байлықтар –мұрат, діни, этика, өнер және даналықтың мәні сараланған. Ғұлама ақиқатқа жету жолын адам мен әлемнің, ұлы ғалам мен микроғаламның үйлесімді болуы туралы қағидаға негіздейді. Төрт құдірет – от, су,ауа, жер жайлы ежелгі дәуірдің философиялық түсінігіне сүйене отырып әлем осы төрттағанның үйлесімінен жаралған деп санайды. Бұл жалған дүниені ақыл тезіне салып түзетуге болатынына да сенген ғұлама әлемдік үйлесімдік негізінде әділетті адмзат қоғамын құруды армандады.

Сондықтан ол ғылым мен білімге зор мән берген. «Құтты Біліктің» негізгі айтар ойы-адамның адами жетілуі мен кісілік кемелденуі, сол арқылы мемлекет пен қоғамды қуатты, мықты, құтты ету. Кісілік кемелдену жолына түскен адам-өзінің қасиетіне, қалыбы мен негізіне мейлінше жақындаған асыл жан. Дастан оқырманына құт-береке мен бақытқа өз адамгершілігін асыл етумен ғана жетуге болатынын ұқтырды. Ондағы «өзінді ұмытпау» қағидасы адамның адамшылығын танытар қасиет-адамгершілік пен кісілікті жетілдіруге бағыттылған. Ақын өтпелі өмір мен өлім жайында терең толғанады. Оның ойынша, өкініштің ең ауыры өлшеулі өмірде дүние қызығы мен тән тілегі жетегінде кетіп, діл тазалығын сақтай алмаудан туады, сондықтан адам өзінің кісілік қасиетімен бірге өмірдің өткіншілігін де ұмытпауы қажет.

«Құтты Білік» дастанын тек қана әдеби мұра деп қарау біржақтылық болар еді. Оның жалпы түркітілдес халықтар тарихындағы әдебиеттану, тілтану, мәдени-тарихи қатынастар саласындағы алатын орны, маңызы мен мәні аса зор. Бұл тұрғыда қазақ хылқының да рухани кәмелеттену жолының күретамыры Жүсіп Балсағұнның адамгершілік тәрбиесінде жатыр. Ойшыл мұрасының өміршендігі осыда.

Қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов рухани адамгершілік сезімді әсемдік болмыстан, сұлулық негізін – табиғат жаратылысынан іздеп, адам мен табиғат құндылығының үйлесімділігін айқындады.

Ақын, жазушы Ыбырай Алтынсарин еңбектерінде рухани адамгершілікке тәрбиелеу проблемасындағы атап көрсеткен құндылықғы, иман, әділдік, адалдық, ақкөңілділік, сыпайылық, шын берілгендік, адал-ниет, өсиет, жомарттық, кеңпейілділік, үнемді-орынды жұмсау. Ол өзінің шығармаларында өзінің көзқарасын айтып, құнды талдаулар беріп отырған.

Ы.Алтынсариннің қоғамдық өмірдің әр алуан жақтарын суреттеуге арналған «Бай баласы мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейітқұл», «Киіз үй мен ағаш үй», «Надандық», «Лұқпан хакім» т.б. шығармаларын атауға болады. Бұл еңбектерінде жазушы өз дәуірінің елеулі мәселелерін көтере отырып, еңбекші халықтың қоғамдық санасын оятуды, тәрбиелеуді мақсат етеді. "Бай баласы мен жарлы баласы" Ыбырай шығармаларының биік шыңы деп атауға болады. Бұл әңгімені оқып отырған мектеп жасындағы балаға еңбек етудің қажеттілігін сезінуге, өмірін сырын ұғына түсуге бағыттайды. Автордың Үсеннің іс-әрекетінен адамгершілік деп аталатын асыл қасиеттердің жиынтығын көрсетуді мақсат еткені анық сезіліп тұр. Асан мен Үсенді салыстыра отырып, олардың адамдық қасиеттерін еңбекке қатысына қарай талдап береді. Бұл әңгімені оқыған бала адамдарға жанашырлық таныту, өзгелердің қайғықасіретіне, мұң-мұқтаждығына ортақтаса білу, оларға көмек көрсету; кешірімді болу, ренішке, өшпенділікке жол бермеу, ол үшін жамандық ойлап, кек алудан аулақ болу; рақымды, мейірімді болу, адамның көңіл-күйін алдын-ала сезе білу; көмек күткен адамға көмек беруге әзір тұру сияқты қасиеттерді бойына жинары анық.

Ыбырай Алтынсаринның тағы бір мағыналы да мазмұнды шығармасы "Қыпшақ Сейітқұл" әңгімесі. Сейітқұлдың іс-әрекетінен оның өмірге жаңаша талаппен қарайтындығы байқалады. Жер шаруашылығымен айналысуы, бұл кәсіптің тиімді тәсілдерін қолдануы (шығыр салу, арық қазу,т.б), сөйтіп, оның айналасындағылардың орташа тіршілік етуге жетуінің өзі бірліктің, еңбектің нәтижесі екендігін сипаттайды. Өзінің қадір-қасиетін сақтау, яғни өзінің кісілігін сақтап, өзіне-өзі сенімді болу; адал болу;

жауапкершілік таныту, ақиқатты көздеу, жалғандық пен алдап-арбаудан аулақ болуға үндейді. Әңгіменің тәрбиелік жағы осындай жаңашылдық бағытында. Сол арқылы қоғамдық құбылыстармен жұртшылықты кеңінен таныстыру мақсаты көзделген.

Абайдың рухани әлемінің арқауы оның негізгі зерттеу объектісі – адам. Ол адамның мінез-құлқын, адамгершілік ізгі қасиеттерін тәрбиелеуді өмір бойы басты идея етіп ұстап, оны кісілік тұрғыдан жетілдіру қажеттігін айқындаған. Абайдың бүкіл шығармашылығы жастарға адам бол, азамат бол, қатарыңнан қалма деген философиялық қағидада негізделген философиялық, педагогикалық, психологиялық көзқарасында адамгершілігі мол адам – қоғамға ең пайдалы адам деген ой тұжырымдалған.

Абай халықтың үлкені мен кішісіне, ұлы мен қызына, әкесі мен баласына өмірлік қажет пен еңбек пен адамгершілік, өнер мен білім, өнеге мен тәлім, достық-жолдастық, парыз бен қарыз сияқты қасиеттердің асыл үлгілерін жырымен де, ғақлияларымен де жеткізе білді. Ойшыл ақынның ағартушылық тұрғыдағы педагогикалық тұжырымдары негізінен жастарды халқына адал қызмет ететін нағыз азамат – «Толық адам» етіп тәрбиелеу мақсатынан туындаған.

«Адамның білімі, өнері – адамшылықтың таразысы» деп санаған Абай білімді барлық атақ, құрмет пен бедел, байлықтан жоғары қояды. Ақын адамның ең қымбат кезі – жастық шақты оқуға, ғылымға, жұмсауды еске салады. Ойын-сауықты кейін қоя тұрып, алдымен ғылым жолында еңбек ет, ізден, білімдіден үйрен, үлгі ал, солардай болуға тырыс дей келе:

«Дүние де өзі, мал да өзі

Ғылымға көңіл бөлсеңіз...» - деген тұжырым ұсынады.

Абай адам болуға ұмтылған әрбір жалынды жастың бойына адамшылықтың қандай нәрін, нендей ізгілікті қасиеттерді егу, орнықтыру керектігін «Ғылым таппай мақтанба...» өлеңінде:

«Бес нәрседен қашық бол,

Бес нәрсеге асық бол,

Адам болам десеңіз...» - деп айқындап берді.

Осындағы «Адам болу, оған тезірек жетуге, асығуға ұмтылатын бе нәрсе не?» деген сұраққа Абай:

«Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рақым ойлап қой

Бес асыл іс көнсеңіз...» деп, кесімді, тұжырымды жауап береді.

Шын мәнінде нағыз адам болу үшін адамгершілікке тән, жағымды жақсы қасиеттер, жақсы сипаттар - адамдық, әділеттік, достық, махаббат, ар-намыс, сабырлық, батырлық т.б. толып жатыр. Солардың ішінен ақын жастардың бойындағы адамгершіліктің негізгі қасиеттері, «Бес асыл іс»: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым туралы даналық ой қозғауының өзіндік мәні бар.

«Бес дұшпан» - Абай айқындап берген адамгершілікке жат этикалық-әдеп нормалары. Абай «Бес асыл» ісінде нағыз адам болу үшін бес нәрсеге асық болу керектігін айтса, «Бес дұшпанында»:

«Адам болам десеңіз,

Оған қайғы жесеңіз.

Өсек, өтірік, мақтаншақ,

Еріншек, бекер, мал шашпақ –

Бес дұшпаның білсеңіз...» - деп адамның бойындағы жағымсыз қасиеттерді сынға алады.

Ақынның түсіндіргеніндей адамгершілікке жат жаман қылықтар – арамдық, әдепсіздік, әділетсіздік, жағымпаздық, менмендік және т.б. толып жатыр.

Қорыта айтқанда, Ұлы дала ойшылдарының еңбектерінде айтылған кемеңгерлік ой-пікірлердің өнегелік сипаты, рухани-адамгершілік тереңдігі мектеп бағдарламасындағы «Өзін-өзі тану» пәні арқылы жас ұрпақтың тәрбиесіне негіз болатын құндылықтар екендігі

сөзсіз. «Өзін-өзі тану» пәнінде Ұлы дала ойшылдарының ғаламат туындылары оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеуіне, өзін-өзі дамытуына, өзінің өмірлік жолын дұрыс түсінуіне мақсатталған. Сонымен қатар «Өзін-өзі тану» пәні оқулығында рухани тұлғалардың тәрбиелік мәні жоғары және адамның өзін-өзі тануына ықпал ететін шығармаларынан берілген үзінділердің орны ерекше. Себебі, жас ұрпақтың өмірге бейімделуінде, өзінің болашағын болжай алуында, тұлғалық қалыптасуында Ұлы дала ойшылдарының тағылымы терең тәрбиелік мәнді туындылары өзінің құндылығын жоймай мирас болып жалғасуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана: Ақорда, 2017.
2. Әбу Насыр әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары. – Алматы, «Арыс», 2009.
3. Баласағұн Ж. Құтты білік .А. Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986.
4. Өзін-өзі тану. Жалпы білім беретін мектептің оқулығы. – Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО, 2019.
5. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Астана, 2009.
6. Құнанбайұлы А. Шығармалар жинағы. – Астана, 2019.
7. Омаров Д. Ұлылар үндестігі. – Алматы, 2015.

ӘОЖ 37.018:378 (043)

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӨЗЕКТІЛІГІ

Ұзаққалиева Ә.Ұ.,

№38 мектеп-лицейі, Атырау қаласы

Зинетуллина З.З

№38 мектеп-лицейі, Атырау қаласы

Шахшаева Л. Н.

№38 школа-лицейі, Атырау қаласы

Ахметова Г.Е.

Еңбекшіжалпы орта мектебі, Атырау облысы, Құрманғазы ауданы

Бүгінгі күні тарихтың әрбір тасын қалайтын келешек ұрпағымыздың бойындағы ең жоғары құндылық рухани-адамгершілік екенін ұғына отырып, өз алдарына сол құндылықтарды өркендетіп дамыту бүгінгі күннің өзегіне айналып отыр.

Рухани-адамгершілік құндылықтардың мәні, тәрбиелік маңызы туралы қоғам қайраткерлері, ғұламалар, ұлы педагогтар: Әл-Фараби, Ж.Баласағұни, Қ.А.Яссауи, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердіұлы, А. Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, М.Жұмабаевтар өз еңбектерінде құнды ой-пікірлерін қалдырып кеткен. Бұл орайда адамның дамуына негіз болатын тұлғаның өз бойындағы рухани – адамгершілік құндылығы бұл біріншіден жеке басының негізгі мінез ерекшеліктері мен адами қасиеттері әсер ететіндігі Абай өлеңдерінде:

Ақыл, қайрат жол табар,

Қашқанға да қуғанға.

Әділет, шақпат кімде бар,

Сол жарасар туғанға.

Бастапқы екеуі соңғысыз,

Біте қалса қазаққа
Алдың-жалын, артың - мұз
Барар едің қай жаққа?

Ақыл мен қайратқа ғана ие адамды әдетте “жарты адам” дейді. Себебі ол “суық ақылдың” ғана өкілі. Бойына осы ақылға қоса әділет пен шапағат біткен адам ғана “толық адам”, яғни ол нұрлы ақылдың өкілі деп танылады [50], яғни адамгершіліктің негізгі тұтқасы адамның өз бойындағы ерекшеліктері екендігін дәлелдеді. Ақын таза өмірдің бастауы – адамгершілікті өрбітетін бұл адам бойындағы келесі қасиеттер: адамшылық, адалдық, әділеттілік, білімділік, еңбеккерлік, терең ой, кісілік, рахымдылық, махаббат, арлылық, намысқойлық, сертке беріктік, татулық, тәуекелшілдік, имандылық т.б. жатқызды. Ал осы адамгершіліктің дамуына кері әсерін тигізетін адам бойындағы негізгі қасиеттерге: арамдық, азғындық, арызқойлық, сараңдық, сайқалдық, әділетсіздік, әдепсіздік, пәлеқорлық, өсекшілдік, надандық, менмендік, еріншектік, жалақорлық, залымдық, жылпостық, қанағатсыздық, жиіркенішті мінез-құлық т.б. бөліп көрсетеді [1].

Жалпы рухани-адамгершілікті өрбітуге байланысты рухтың тазалығын, ақыл мен мінез, мейірімділікке тәрбиелеу әрі қарай қазақ зиялыларының еңбектерінде орын алады. Ш.Құдайбердиевтің “Үш анық” шығармасы жан мен тәннің өзара байланысын көрсете отырып, ынсаптылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу, ақыл мен мінез үйлесімділігін қалыптастыруды көздейді. Бұған қоса рухани-адамгершіліктің негізі - рух пен нәпсі, ақыл мен ой, сенім мен махаббат, ақиқат, жүрек жылуы сияқты рухани ілімді талдап беріледі [2].

М.Жұмабаев “Баланы бесікке салған күнінен бастап, тәй-тәй басқан әрбір қадамына, мейірімділікпен елжірей қарап, қайтсе ол нағыз жігіт, азамат болады осы заманғы өркениет өрісіне қол артады”. Ж.Аймауытов “Қазақтың өзгеше мінездері” деген мақаласында адамды әрі бітімді, қайратты, табанды болуға шақырып, адам өз мінезіндегі адамгершілікке жатпайтын ұрлық, зорлық, өтірік, өсек, алдау, қулық, айдату, байлату, кісі өлтіру, өтірік мақтану, ынсапсыздық тұрақсыздық, жалқаулық халық арасында көбейгенін сипаттай келіп оларды осы мінездерден тәрбие арқылы аулақ болуды ұсынып тәрбиедегі адамгершілік бағыттарға терең тоқталуды көздейді [3].

Ресей ғалымы Осипова С.Д. адамгершілік тәрбие беруде жеке тұлғаның әлдебір әрекетке баруына түрткі болатын сенімді туғызатын сана мен мінез-құлық қалыптасады. Олар өз кезегінде түрлі іс-әрекеттер арқылы көрніс тауып, тұлғаның өз қызметінде тікелей басшылыққа алынып отырады. Мұндай іс-әрекеттер мен себептер әрбір тұлғаның адамгершілік қасиеттерінің сапасын ашып көрсетеді. Студенттердің рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде өзін-өзі тәрбиелеуге тұлға бойындағы қажетті қадір-қасиеттерді дамыту өзекті мәселеге арқау бола алады. Оның өзі тұлға бойындағы ішкі ерекше қасиеттерге негізделуі тиіс. Бұл өзгерістерді сырттан талап ету емес, студенттің өзінің ынта жігерімен өзін-өзі бағыттауынсыз жүзеге асыру мүмкін емес [4].

Сонымен қатар Б.Г.Ананьевтің Б.Г.Тұжырымдауынша, рухани тәрбие адамның ізгілік, имандылық ұстанымдарын тәрбиелейді, адамның ақыл-ойы мен іс-әрекеттерін жүрек арқылы ізгілік мұраттарға бағыттап, өмірдің күрделілігін түсінуге рухани көзқарас қалыптастырады. Әр адам өзін-өзі рухани дамыту үшін өзін-өзі тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға, өздігінен оқуға ұмтылуы тиіс. Сол себепті де рухани даму дегеніміз-өзінің өмірдегі орнын, атқаратын міндетін, қазіргі және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігін, дүниенің күрделі құрылымын түсіну және өзін-өзі үздіксіз, бірқалыпты жетілдіру деп пайымдайды [5].

Рухани құндылықтардың әлеуметтік-философиялық негіздері С.Нұрмұратов, Е.Әлсатов, Б.С.Ерасов, құндылыққа бағдарлау негіздері Н.Г.Нұрғалиева, А.Қ.Қаптиева, С.С.Тілеуова, Д.Ә.Нұрғалиева, Г.А.Ерғалиева және т.б., сондайақ адамгершілік тәрбиесін жетілдірудің этнопедагогикалық негіздері К.Ж.Қожахметова, С.А.Ұзақбаева, Ж.Б.Сәдірмекова, А.К.Қисымова, Б.Қ.Өтешева, рухани-адамгершілік тәрбиесінің тарихи

даму жолдарын Қ.Б.Сейталиев, А.П.Сейтешов және т.б. ғалымдар еңбектерінде қарастырған.

Қазақстандық ғалым Ерғалиева Г.А. өз зерттеуінде “рухани-адамгершілік құндылықтар дегеніміз” адамның өзінің табиғи жаратылысы мен өзін-өзі тану, қабылдау, сезіну арқылы сарапқа түсіп дамыған, сыртқы ортаның ықпалы нәтижесінде қалыптасқан, тұлғаның тұрақтылығы мен жетілу деңгейін, қоғамдағы орнын, даралық қасиеттерінің сипатын айқындайтын ішкі құрылымдық жүйе - деп тұжырымдайды [6].

1. Философиялық, педагогикалық, психологиялық әдебиеттерге және ғылыми-зерттеу жұмыстарына талдау жасай келе рухани-адамгершілік құндылық адамгершілік сана, адамгершілік сезім, адамгершілік мінез-құлық, адамгершілік мінез-құлық, адамгершілік даму, адамгершілік қарым-қатынас тізегін құрайтындығын байқаймыз. Сол себепті де осы ұғымдарға жеке тоқталып өтеміз.

Адамгершілік сана – баланың өз адамгершілік қатынасын, жағдайын бейнелейтін белсенді үрдіс және адамгершілік сананың субъективті қозғаушы күші адамгершілік ойлау болып табылады. Адамгершілік ойлау – адамгершілік фактілерді, жағдайларды үнемі жинақтау және ұғыну үрдісі, оларды талдау, бағалау, адамгершілік шешімдерді қабылдау, жауапкершіліктерді таңдауларды жүзеге асыру болып табылады. Осыған байланысты бастауыш мектеп оқушыларының адамгершілік санасын сыныптан тыс жұмыстардың түрлерін ұйымдастыра отырып жетілдірудің маңызы зор.

Адамгершілік сезім – моральдық принциптер мен ереже жөніндегі білім мазмұны мен жеке адамның қоғамдағы адамгершілік қатынасы мен жағдайын білуі. Адамгершілік сезім көптеген ғалымдардың зерттеу еңбектерінде зерделенген. Мәселен: ғалым Б.Т.Лихачев: «Адамгершілік сезім дегеніміз – шындықтағы адамгершілік қатынастарды және өзара әрекеттесуді үнемі эмоционалдық түйсіну, қобалжу». Мораль нормалары бала оларды сезімталдылығымен игергенде субъективті адамгершілікке айналады. Сонда ғана ол үшін адамгершілік алдымен әсерлі сезім қалдырып, терең қанағаттанушылықты басынан өткізеді. Егер, субъективті адамгершілікке айналмаса, керісінше, қолайсыздық, қобалжу, реніш, өзін-өзі кемсітуі, өзін-өзі жек көруі сезімдері пайда болады. Адамгершілік сезім адамгершілік тәрбиесі жүйесінің бастауы болып табылады. Соған байланысты моральдық сананы игеру мен мінез-құлық нормаларын білу жүзеге асырылады және дағдылы қылықтар адамгершілік мағынаға ие болады. Сондықтан, бастауыш сынып оқушыларының физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, ұйымдастырылған этикалық әңгімелер мен тәрбие сағаттары, кездесулер мен кештер, әңгімелесулер олардың адамгершілік сезімдерін дамытып қалыптастырудың бастауы болары сөзсіз. Бастауыш сыныптардың мұғалімі адамның жақсы және жаман мінез-құлқын балалардың ажырата білуін күн сайын дерлік үйретіп отырады. Көптеген оқу сабақтары, оқушылармен әңгіме, балалар ұжымы өміріндегі оқиғаларды талдау мазмұны осыған арналған. Адамгершілік туралы түсініктер анықтама берілмесе де балаларда осылай біртіндеп қалыптасады. Балалардың істерінде адамгершілік ұғым көпшілік пайдасына, олардың қоғамдық мінез-құлқына қарап игеріледі, демек, адамгершілік мінез-құлыққа дағдыланумен толықтылығы отырады. Адамгершілік түсінік пен мінез-құлық бірлігі – адамгершілікке тәрбиелеу тиімділігінің негізгі көрсеткіші.

Адамгершілік мінез-құлық – адамның тұлғалық мәнінің еркін дамуы, өз тәртібін қоғамдық мүддеге бағындыра білуі, мақсатты жүзеге асыру жолында қиындықтарды жеңе білуі. Ресейлік және қазақстандық ғалымдар да ғылыми еңбектерінде адамгершілік мінез-құлықты қарастырып, анықтама берген. Адамгершілік қажеттілік, ерік, тілек, табандылық және өмірде адамгершілік таңдауын жүзеге асыру адамгершілік мінез-құлықтың маңызды бөлшегі болып табылады. Еліктегіштік, ойланбай әрекет ету ерік-жігерсіздікке, мінезсіздікке және адамгершіліксіздікке алып келеді. Тек қана өз-өзіне сенімділік, өз арнамысы мен келісе білушілік, ерік-жігердің бекемділігі шын мәніндегі адамгершілік мінез-құлықты қамтамасыз ете алады. Бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік

мінез-құлқының қалыптасуында сыныптан тыс жұмыстардың маңызы зор. Себебі, сыныптан тыс жұмыстардың әр түрлі формаларын ұйымдастыра отырып, оқушыларға әдептілік, мәдениеттілік, өзін-өзі ұстай білу дағдысы, сыйластық, достық, қайырымдылық, мейірімділік, тәртіптілік сияқты адамгершілік қасиеттер мен сапалар жөнінде білім беріледі, тәжірибе жүзінде көрсетіледі. Ал, жүйелі, жоспарлы жүргізілген мұндай жұмыс түрлері нәтижесінде оқушылардың адамгершілік мінез-құлқының қоғам талабына сай қалыптасатыны сөзсіз.

Адамгершілік даму – жеке тұлғаның тәрбиеге, әлеуметтік ортаға, жеке тәжірибесі мен өзін-өзі тәрбиелеуіне байланысты адамгершілік тәрбиелілігінің жетілу деңгейі. Бастауыш сынып оқушылары адамгершілік тұрғыдан жан-жақты жетілу үшін, сыныптан тыс жұмыстарды дұрыс ұйымдастырудың маңызы зор. Әркімнің өз басының адамгершілік тәжірибесі басқа адамдардың тәжірибесін тиянақтырақ игеру үшін жағдай туғызады. Бұл тәжірибе балаларға адамгершілікті үйрету процесінде дамытылады. Тәрбие процесі балаларға мінез бен қарым-қатынастардың адамгершілік жағын ұғынуды қамтамасыз етуге тиісті. Балалардың өз әрекеттері мен өзгелердің әрекеттерін түсінуі адамгершілікті бағалауына және өзін-өзі бағалауға үйренуіне мүмкіндік береді. Барлық балаларды жетілдіруге бағытталған тәрбие процесі әр баланың жеке басының қасиеттерін негізге ала отырып, оның жетілуі үшін ең қолайлы жағдайларды қамтамасыз ететіндей етіп құрылуы керек. Ортақ мұрат тәрбиенің қажетті ортақ мақсаты ретінде жеке адамның бойында индивидуалдық формаға ие болады. Тәрбиелеуді индивидуализациялау балаларды бойындағы ең жақсы белгілері мен қасиеттері көрінетін жағдайға жеткізуі тиіс.

Тәрбие жүйесінің тиімділігінің аса маңызды көрсеткіші баланың адамгершілік жағынан жетілуі, оның рухани-адамгершілік қасиеттерінің елеулі өзгеруі болып табылады. Жетілгендік балалардың дағдылы және күрделі жағдайлардағы адамгершілік мінез-құлқының тұрақтылығынан, мінез-құлқының ересектер бақылауынан біршама тәуелсіздігінен, өз әрекеттерінің адамгершілік тұрғыдан қандай болатынын алдын ала болжап білуден іштей бақылауы – ойданының пайда болуынан, әрекеттерінің моральдық жағын, өзінің адамгершілік қасиет иесі екенін түсіне білушіліктен көрінеді.

Адамгершіліктің дамуы – тәрбие жүйесінің жемісі. Бұл жүйенің жемісі – тәрбие жұмысының пәрменділігі. Тәрбиедегі басты мәселе оқушылардың тұлғааралық қатынасын дамыту, яғни өз құрбы-құрдастарымен, отбасы мүшелерімен қарым-қатынас орната білуі, ол үшін өзге адамдарды түсінуі, қабылдауы, әр адамның құндылығын және даралық ерекшеліктерін жасына, ұлтына қарамастан саналы түрде түсіне білуі және өзіне-өзі сырт көзбен қарап, өзінің көңіл-күйіне байланысты іс-әрекетінің себебін түсініп, істеген ісінің нәтижесіне өзіндік баға бере білуге үйрету. Демек, оқушылардың танымдық ұмтылысын дамыту үшін олардың өз артықшылығы мен кемшілігін көре білуіне және өзінің жеке басының қасиетін, даралық сипатын саналы сезінуге тәрбиелеу қажет. Әрбір халықтың «адамгершілік тәрбиесінің» өзіндік ерекшелігі, яғни ғасырлар бойы қалыптасқан тұрмыстық, әдет-ғұрыптық салт-санасынан туындайды. Бұдан қоса әр адамның жеке тұлғалық ерекшеліктері де ескерілуі тиіс. Біреу өнерге, біреу әдебиетке, енді біреу техникалық мамандықтарға бейім болады, соған сай мінез-құлық ерекшеліктерінің де қалыптасатынын өмір тәжірибесі көрсетіп келеді. Сондықтан да, еліміздің ертеңі – жас ұрпақты сапалы білім, саналы тәрбиемен қаруландырып, олардың туа біткен тұлғалық ерекшеліктерін мүмкіндігінше тиімді жетілдіре түсуді көздеу – әрбір тәрбиешінің басты міндеті, абыройлы борышы.

Рухани-адамгершілік тәрбие беруде жеке тұлғаның әлдебір әрекетке баруына түрткі болатын сенімді туғызатын сана мен мінез-құлық қалыптасады. Олар өз кезегінде түрлі іс-әрекеттер арқылы көрініс тауып, тұлғаның өз қызметінде тікелей басшылыққа алынып отырады. Мұндай іс-әрекеттер мен себептер әрбір тұлғаның адамгершілік қасиеттерінің сапасын ашып көрсетіп отырады. Өмірлік маңызы бар мәселелерді шешуде, жеке тұлғаның қоғамға (идеялық, ұжымдық, интернационалдық, отаншылдық), еңбекке және

оның нәтижелеріне (еңбекқорлық, тәртіптілік, ұқыптылық), өзіне және басқа да адамдарға (адалдық, мейрімділік, принциптілік, табандылық) деген өзіндік көзқарасын айқындайтын моральдық қасиеттерінің болуы айрықша маңызға ие болады. Өйткені, мораль – жеке тұлғаның, қоғамда қалыптасқан өмір салтының барлық салаларындағы тәртібін, мінез-құлық нормаларын реттеуші қоғамдық сананың формасы әрі тұлғаның өзіндік құндылығын дәріптейтін қатынас түрі. Тәрбие процесінде әрбір жеке тұлға жас мөлшеріне қарай өзгеріп отырады. Бұған оның мінез-құлқында көрініс беретін түрліше жаңа мәндегі қылықтары, іс-әрекет түрлері арқылы көз жеткізуге болады. Сондықтан да, оқу-тәрбие процесінде жеке тұлғаның азаматтық негізін құрайтын мектеп оқушысының дүниетанымы мен адамгершілік-моральдық қасиеттерін мақсатты түрде қалыптастырып отыру басты педагогикалық міндет. Ол міндетті жүзеге асыруда, мектеп оқушысының қоғамға, өзін қоршаған ортаға, басқаларға деген көзқарасына қарай, белгілі бір тәрбиелік міндеттерді саналы түрде атқаруын қамтамасыз ететін, әр түрлі педагогикалық-әдістемелік тәжірибелерді ұйымдастырудың айрықша мәні бар.

Оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеуде адамгершілік қарым-қатынастың да ролі зор. Адамгершілікке негізделген тәрбие қарым-қатынастың қарапайым түрі – ұжымдық өмірдің талаптарымен, ерекшеліктерімен танысу арқылы жүзеге асырылады. Олардың қарым-қатынастарында бірте-бірте өзара көмек, бүкіл топқа тапсырылған қоғамдық жұмыстың орындалуына бірдей жауапкершілік сезімі, бүкіл топтың жұмысын басқару кімге тапсырылса, соған бағына білу, топқа жетекшілік міндетін мойнына алып, жалпыға тән ережелер мен тәртіпке қатаң мойын ұсына отырып, атқара білуі қалыптасады. Ал, оқушылардың барлық белсенді іс-әрекетінде білімді, ізденімпаз педагог балалар жігерінің көзін ашып, әрбір оқушының шығармашылық күшін, қабілеттерін шешуге бағыттайтын мүмкіндік табады. Бірлескен іс-әрекеттің барысында балалар бір-бірін жақынырақ, тереңірек таниды. Балаларды бағалау көрсеткіші әр біреуінің оқудағы табыстары және оның мінез-құлқының негізгі қырларынан көрінеді.

Адамгершіліктің ең жоғарғы рухани қажеттілігінің бастау көзі – өзін-өзі көрсету, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі дамыту, қарым-қатынаста, дүниетанымда өзінің шығармашылық қабілетін таныту болып табылады. Бұл арада оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің шарттарының бірі – мектеп жасында жеке тұлғаның өздігінен даму заңдылықтарын білу болып табылады. Осы орайда, рухани-адамгершілік тәрбиесінің ойдағыдай, табысты болуы жеке тұлғаның өзін рухани дамыту мақсатында үздіксіз өзін-өзі жетілдіруіне байланысты. Адамның өзіндік сана-сезімінің көрінісі туралы басқа адамға үңіліп көз тоқтатып, өзін өзгелермен салыстырғанда ғана, ол өзін-өзі таниды.

Жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарына және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге талдау жасай келе, білім берудің алғашқы баспалдағы бастауыш сыныптан бастап оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру маңыздылығын және өзектілігін қарастыра келе,

1. Жеке тұлға мен қоғам құндылықтарының жандануы адам өмірінің негізгі тамыры болып саналатын руханилық, адамгершілік, төзімділік, ар мен намыс, парыз бен жауапкершілік сияқты жалпыадамзаттық қасиеттердің өзектелуін талап етіп отыр. Осыған байланысты қоғамның қазіргі мақсаты тәрбие үрдісін рухани-адамгершілік құндылықтарға бағдарлау болып табылады. Соның ішінде бастауыш сыныптан бастап оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру маңыздылығы мен өзектілігі ең алдымен, бұл жастағы балалардың физиологиялық және педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерімен сипатталады.

2. Рухани-адамгершілік тәрбие дегеніміз –бұл ішкі және сыртқы факторлар ықпалы нәтижесінде қалыптасып, тұлғаның тұрақтылығы мен жетілу деңгейін, қоғамдағы орнын, даралық қасиеттерінің сипатын айқындайтын адамгершілік сана, адамгершілік сезім, адамгершілік мінез-құлық, адамгершілік мінез-құлық, адамгершілік даму, адамгершілік қарым-қатынас тізегін құрайтын ішкі құрылымдық жүйе - деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құнанбаев А. Шығармалардың 2 томдық толық жинағы.- Алматы, 1986. Т.2. - 196 б.
2. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. - 521б.
3. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы: Рауан, 1992, - 101 б.
4. Осипова С.Д. Педагогические условия формирования духовно-нравственных качеств личности в системе гуманизации учебно-воспитательного процесса в современной российской школе. к.д.дисс. Институт общего образования, 1999.
5. Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания. – Л., ЛГУ, 1968. - 256 с
6. Ерғалиева Г.А. Рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде студенттердің өзін-өзі тәрбиелеуінің педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ғыл. дәреж. алу үшін дайынд. дисс: 13.00.01 – Алматы, 2006. - 136 б.

ӘОЖ 37.018:378

ҰЛЫ ДАЛА ОЙШЫЛДАРЫ МҰРАЛАРЫНЫҢ ОҚУШЫЛАРҒА АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ МӘНІ

Ахметова Г.М.

Білім беру басқармасы, әдістемелік орталығы, Атырау қаласы,
Тажиханова А.К.

№17 Бөбекжай-балабақша, Атырау қаласы,

Ламғалиева Б.У.

№38 мектеп-лицей

Гашихова Л.Т., Атырау қаласы,

№41 мектеп-гимназия, Атырау қаласы,

Оқушыларға рухани-адамгершілік тәрбие беру – қай кезеңде де күн тәртібінен түспеген ең маңызды міндеттерінің бірі. Тәрбие ұзақ және күрделі процесс. Адамзат дамуының қай кезеңінде болмасын тәрбиенің тиімділігін жетілдіру ісі жүзеге асырылып келеді. Бұл істі жүзеге асыру процесі әрбір қоғамдағы мемлекет қажеттігіне бағындырады. Өйткені мемлекет қажеттігінің орындалуы оның экономикалық күш-қуаты мен саясатына тәуелді екендігі белгілі. Олай болса тәрбие тиімділігінің ең басты шарты мемлекет мүмкіндігінен туындайтын қажеттікке сай тәрбиенің мақсатын нақты анықтау болып табылады.

Жалпы адамзаттық тұрғыдан қарағанда тәрбие мақсаты – әрбір тұлғаны әржақты және жарасымды етіп тәрбиелеу. Адам – жер бетіндегі тірі организмнің жоғарғы сатысы, қоғамдық-тарихи іс-әрекеті мен мәдениет субъектісі, басқаша айтқанда іс-әрекеті мен қарым-қатынас иесі. Адам қоғамы пайда болғаннан бастап оның мүшелерінің мінез-құлық, мүдде, тілек т.б. жақтан бір-бірімен санасуға тура келгені анық. Бұл қажеттілік әрі қарай адамдардың отбасылық, қоғамдық, діни және салт-саналық парыз-міндеттерін орындауымен ұштасқан. Біздің бүгінде әдеп-инабат нормалары деп жүргеніміз, сайып келгенде, адамдар арасындағы осынау күрделі өзара қарым-қатынастарды жарасымдылық, сыйымдылық, қолайлылық, жағымдылық, ұнамдылық, бір сөзбен айтқанда, адамгершілік-имандылық тұрғыдан реттеудің шартты қағидалары болып табылады. Осыларды тұтас күйінде атайтын әдеп ұғымы келе-келе философия ғылымының адамгершілік құлық (нравственность) жөніндегі саласы – әдептанудың (этиканың) арнайы зерттейтін пәніне айналды. Бұл термин (этика – *ethika* грекше *ethos* ғұрып деген сөзінен шыққан) тұңғыш рет осы мағынада ғылымға ежелгі заманның ұлы философы Аристотель тарапынан енгізілген.

Көне грек философы Аристотель адамгершілікті дианоэтикалық (интеллектуальды) және этикалық (әдептілік) деп бөліп қарастырады. Шынайы адамгершілік мінез-құлықтың ақыл-ой сезімімен үйлесім табуы этикалық және дианоэтикалық ізгіліктердің бірлігі болып табылады деп, ол адамгершілік пен ғылымның арасындағы айырмашылық мынада деді: «Ғылым нақты бір затты, оның табиғатын зерттесе, адамгершілік сол затпен, яғни қоршаған ортамен қарым-қатынас жасаудың жолдарын үйретеді. Ғылым білімді дамытады, шындық пен адасудың шекарасын белгілейді, ал адамгершілік арқылы адам бойындағы құнды қасиеттер, жақсылық пен жамандықты айыру өлшемдері анықталады. Білімге тек оқыту процесі арқылы қол жеткізілсе, адамгершілік еркін тәжірибенің және әдептің нәтижесі болып табылады». Демек, адамгершілік қарым-қатынасқа түсуші жеке адамның өзін-өзі ұстай білуіне, мінез-құлқына, қылығына байланысты болады деген пікір білдіреді. Аристотельдің пайымдауындағы «этиканың мақсаты – таным емес, ізгілікке үйрету. Этикалық зерттеулер адамгершілік дегеннің не екендігін білу үшін емес, осы адамгершілікке жетудің жолдарын үйрету үшін қажет, олай болмағанда бұл ғылымның пайдасы болмас еді» - дейді [1]

Сондай-ақ Аристотель этиканы мінез-құлық, темперамент ретінде түсіндіре келе, адамгершілік немесе ізгілік этикасына адамзаттың жақсылық нышандарын жатқызды. «Жақсылық», «игілік» ұғымдары көбіне синоним ретінде жағымды мінез-құлықты, рухани құндылықты бейнелеуде қолданылды. Құбылысты, затты жағымды бағалау адам үшін құнды игілікті түсінуге негізделген. «Ізгілік» сөзі салыстырмалы мағынада белгілі бір жағдайдағы адам үшін жақсылық, пайдалы нәрсе деп түсіндіріледі. Күнделікті өмірде ізгілік – адамның субъективті бағасының нәтижесі.

Мұның үстіне біздің халықтарымыздың өте бай әрі көркем фольклоры, ұлы жырауларымыздың толғаулары, ғажайып аңыздарымыз (Аяз би, Жиренше мен Қарашаш, Қожанасыр, Алдар Көсе, Қорқыт, Асан Қайғы т.б. жайындағы) тұнып тұрған өнегенің қайнар көздері болып табылады.

Қазақ халқының тәлімдік мұраларын тарихи-педагогикалық тұрғыда зерделеп, бүгінгі күні аталған ғұламалардың еңбектері ғылыми-педагогикалық тұрғыда сараланып, ұрпақ тәрбиесіне пайдалануда.

Мысалы, Әлемнің екінші ұстазы атанған әл-Фараби шығармашылығында қаралатын өзекті мәселе – тәрбие. Оның тәрбиеге берген анықтамасында «Тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту әдісі деген сөз» - деп пайымдайды [2].

Шығыс философы әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне опат әкеледі» - деген. Соның ішінде: «...адам ынтымағының маңызын...» баса айта отырып, жастардың рухани-адамгершілік қасиеттерінің дамуына баса көңіл аударғанын көреміз. Мәселен, «Ер жүректілік жақсы адамшылық қасиет дейміз және бұған қатерлі істердің тұсында көрінетін біршама батылдық жасау арқылы немесе ұстамдылық жасау арқылы жетуге болады дейміз. Бұл істерде болатын шектен тыс батылдық көзсіз батырлыққа соқтырады, ал, батылдықтың жетіспеуі қорқақтыққа соқтырады, ал бұл – жаман адамгершілік сапа. Міне, осы адамгершілік сапалар қалыптасқан кезде, олардан осыларға сәйкес әрекеттер туады», - деп аңғартқан [3].

Қазақ даласының ұлы ойшылы, ғұлама ғалым, философ әл-Фарабидің дүниетанымының тірегі – Адам. Ол өзінің педагогикалық мазмұнда жазылған, тарихқа танымал болған «Ақылдың мәні туралы», «Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері», «Бақытқа жету жолында» т.б. трактаттарында «адамды ізгілік қасиеттерге баулу, адам деген ардақты атқа лайықты болу үшін – оқу, білім, тәрбиені, ғылымды меңгеру, осы жолда өмір бойы еңбектеніп, әрекеттенген абзал, мұның өзі адамға зор бақыт», - деп [88], бақытты болу, қоғамдық іс-әрекетті жақсарту білімділікке, тәрбиелілікке байланысты

екендігін атап көрсеткен. Демек, әл-Фараби бойынша білімділік, тәрбиелілік – адамның рухани жандүниесінің, адамгершілігінің белгісі болып табылады.

Қай кезеңнің болсын келелі мәселесі бола білген адамгершілік тәрбиесін әр уақыттың өзінің дана ойшылдары мен ғұлама ғалымдары еңбектеріне арқау еткен. Сонау Орхон жазба ескерткіштерімен Қорқыт ата кітабынан бастап орта ғасырлық ойшылдардың төл туындылары мен даламыздың дана жырауларының поэзиясына, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев сияқты ұлы ағартушылардың шығармаларына зер салсаңыз, кез-келгенінде адам бойындағы адамгершілік қасиет, олардың қалыптасуы туралы кеңінен сөз болады. Мұның бәрі адам баласының өзін рухани жетілдіру жолында тынбай ізденіп, еңбектеніп келе жатқанын, соған байланысты әдеп-инабат әрдістеріне ерекше мән бергенін көрсетеді. Өйткені, жарасымды дамитын болашақ, ізгі қоғам үлгісін жасағысы келгендердің бәрі, мәселен, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Шәкәрім Құдайбергенұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыров т.б. ой-тұжырымдарында ең алдымен сондағы қоғамды құрайтын адамдардың дүниетанымы мен адамгершілік көзқарасын, құндылық бағыт-бағдары мен сана-сезімін, мінез-құлқын қалыптастыруды мұрат тұтқан. Мысалы: Қазақтың тұңғыш этнограф ғалымы Шоқан Уәлиханов, өзінің зерттеу еңбектерінде жастар тәрбиесіне баса назар аудара отырып, рухани-адамгершілік тәрбиесінің маңызын тереңірек ашып берген [4].

Қазақ халқының тұңғыш ағартушы-демократы, ақыны Ыбырай Алтынсариннің ұлттық мәдениеттің тарихында алатын орны ерекше. Ыбырай Алтынсарин қазақ жастарын оқуға үндеумен қатар, адамгершілікке, махаббат, достыққа, еңбекке, жігерлілікке, тапқырлыққа, халқын сүюшілікке, қысқасын айтқанда, адам деген ардақты есімді ақтай алатын кісі болып шығуға үндеді және жастарға бала кезінен бастап дұрыс тәрбие бергенде ғана бұл міндеттерді іске асыруға болатындығын ол жақсы ұғынып, бар өмірін ұлттық мектеп ашуға, қазақ балаларына басқа ұлттармен терезесі тең болатындай білім беруге арнаған. Сондықтан Ыбырай Алтынсарин өзінің оқытушылық, жазушылық, аудармашылық жұмыстарын осы мақсатқа бағындырды. Оның «Қазақ хрестоматиясы» және «Мактубат» атты еңбектеріне енген қысқа әңгімелері мен өлең-жырлары қазақ жастарының рухани байлығы мен мәдениетін, адамгершілік санасы мен адамгершілік сезімін, адамгершілік ойлауы мен адамгершілік еркін тәрбиелеу құралы екені сөзсіз.

Қалай болғанда да жастарға дұрыс тәрбие беру үшін олардың дүние танушылық көзқарасын кеңейту үшін «Қазақ хрестоматиясының» тек өз кезі ғана емес, қазірдің өзінде де мәні зор. Сондықтан да ол талай жылдар, талай рет басылып, мектеп оқушыларына ұсынылып келеді. Бұл кітапқа енгізілген әңгімелер: еңбек тақырыбына, оқу, өнерге ұмтылушылық, Отанын – елін сүюшілік, талаптылық, жігерлік, ізденімпаздық, кішіпейілділік, махаббат, қайырымдылық, адамгершілік, жинақтылық, тағы басқа осылар тәрізді жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеуге керекті мәселелерді қамтиды. Бұларға жалқаулықты, қиянатшылдықты, надандықты, сотқарлықты қарсы қойып, жастардың мұндай әдеттерден аулақ болуына жол көрсетті.

Ал, ұлы Абай, өзінің қара сөздерінде мақал-мәтелдерді талдау, ертегі, аңыз сюжеттеріне, салт-дәстүрлерге тоқталу, адамдардың әдеп-инабатын, мәдениеттілігін сипаттау арқылы балалар мен жастарды адамгершілікке баулып, ақыл-кеңес береді. Мысалы: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп білген жақсы нәрселерін ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, соны адам десе болады. Мұндай сөзді есіткенде жайқақтап, шалғырттанып не салбырап, салғырттанып есітсе, не есіткен жерін қайта қайырып сұрап ұғайын деп тұшынбаса, не сол жерде сөздің расына көзі жетсе де, шыға беріп қайта қалпына кетсе, естіп-есітпей не керек?» - деп 19-шы қара сөзінде

жастарды дүниедегі жақсы мен жаманды ажырата білумен қатар, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге шақырады.

Ұлы ағартушы өз айналасын қоршаған әділетсіздік, өтірік, өсек пен араздың, надандық пен мәдениетсіздік қазақ халқын аздырып бара жатқанын, үміт артып отырған жас ұрпақты тәрбиелеуге теріс ықпалын тигізетіндігін көре отырып, халықты, әсіресе жастарды адамгершілікке тәрбиелеуді ашық ұсынды. Бұл идея оның тіпті кез келген шығармасында байқалып отырады деуге болады.

Ол жастардың еңбексіз жүріп, жаманшылыққа бой ұратынына қарсы болды. 1886 жылғы бір өлеңінде ол:

«Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман,
Шошимын кейінгі жас балалардан
Терін сатпай, телміріп көзін сатып,
Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман», - деп, өз кезіндегі жастардың

осындай жағымсыз мінездерін қатты сынға алды.

Абай уақытын еңбексіз бос өткізетіндерді, еріншектерді, өсекшілерді, адамгершілік қасиетке ұмтылмайтындарды мейлінше жек көрді:

«Ынсап, ұят, ар, намыс, сабыр, талап,
Бұларды керек қылмас ешкім қалап.
Терең ой, терең ғылым іздемейді,
Өтірік пен өсекті жүндей сабап», - дейді Абай.

Абай түсінігінде, адамның ең жақсы қасиеттері – ерлік, табандылық, тұрақтылық, әділеттілік және шыншылдық, сыпайыгершілік, еңбек сүйгіштік, білімге құмарлық және ақылдылық. Абайдың айтуынша, адамгершілігі мол адам, батыл, ер жүрек болуға, қорқыныш дегенді білмеуге тиіс, қайткен күнде алдына қойған мақсатқа жете білуге тиіс.

Абай халықты, әсіресе жастарды үнемі достық, татулық, әділеттілік, адалдық сияқты адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеуге шақырды. Ол кейбір жастардың арасында татулықтың болмаушылығына қатты қынжылды. Осындай жастар туралы айта келіп, Абай бұлардың:

«...Қосылмас ешбір бастары
Біріне-бірі қастыққа,
Қойнына тыққан тастары.
Саудасы – ар мен иманы,
Қайрат жоқ бойын тыйғалы;
Еңбекпен етті ауыртпай
Құр тілменен жинағы» - деп жазды.

Осындай жексұрындық мінездер мен әрекеттерді әшкерелей отырып, Абай жастарға:

«Пайда ойлама, ар ойла,

Талап қыл артық білуге», - деп, арманы жас ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеу болған.

Адамгершілік тәрбиесінің негізі ұлы Абайдың даналық ойларымен астасып, бастау алатыны даусыз. Абай:

«Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол.
Адам болам десеңіз
Тілеуің, өмірің алдында
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ
Бес дұшпанның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рахым, ойлап қой

Бес асыл іс көнсеңіз», - деп насихат етеді.

Бұндағы қашық болатын бес нәрсе, асық болатын бес нәрсе – үлкен ұғымдағы Адам бейнесі, оның кісілік болмысын айқындайтын парасаттылық көрсеткіштер [5].

С онымен бірге ұлы ойшыл, классик Абайдың кейбір ой-тұжырымдары Шығыстың ғұлама ғалымы, философ әл-Фарабидің: «Жүрек – басты мүше, оны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді, бұдан кейін ми келеді, бұл да басты мүше бірақ мұның үстемдігі бірінші емес» - деген көзқарасымен сәйкес келеді. Абай өзінің 17-ші қара сөзінде ақыл, қайрат, жүрек туралы пікірін: «Осы үшеудің басын қоспақ менің ісім, бірақ сонда билеуші жүрек болса жарайды», дейді. Бұдан біз, екі ұлы ойшылдың «Жүрек» туралы танымдарының негізі бір екендігін, тек қана оны баяндау түрі басқаша берілгенін көреміз. Мұндағы Абайдың «Жүрек» деп отырғаны – әділет, ізгілік, шапағаттың тұрар мекені, шығар көзі, ал бойында ақылы мен қайраты ғана бар кісі, «жарым адам» яғни жарты адам деп қарайды да, үшеуінің (ақыл, қайрат, жүректің) басын қос деп, жүректі қосып, «соған билет (ақыл, қайрат, жүректі), «ақыл, қайрат, жүректі сол басшылық етсін дегенінен «толымды адам (ақыл, қайрат, жүректі) – болуды дәріптегенін байқау қиын емес.

Абайдың осы танымын мына бір нақыл сөзі де растай түседі: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек» – немесе «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті, Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек», дегендегі тұжырымдар ойы да адамгершілік қасиет еді.

Сондай-ақ, бірқатар ғалымдар да ғылыми еңбектерінде адамгершілік тәбиесін қарастырып, анықтама берген. Мәселен, ғалым Ә.С.Әмірова: «Адамгершілікке тән рухани тазалыққа тәрбиелеу – баланың нәрестелік шағынан отбасы, балабақша тәрбиесі, үлкендердің олармен қарым-қатынасы, өнегелі еңбек әрекеттері байыпты, жүйелі жүргізілген тәрбие тәсілдері арқылы біртіндеп сәби бойына дарып, орнығатын ұзақ үрдіс», - десе, Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев адамгершілік тәрбиесін құлық тәрбиесі деп атап: «Құлық тәрбиесі – шәкірттердің саналы тәртібі, байымды мінезі туралы түсінігін қалыптастыру, оған сәйкес сезімі мен сенімін тәрбиелеу үшін тәрбиешінің мақсатқа бағытталған іс-әрекеті. Мораль барлық қоғамдық өмірдің саласында – еңбекте, тұрмыста, саясатта, ғылымда, үйелменде және халықаралық қатынаста адамның мінезін және санасын реттейді», - деп қарастырады.

Р.К.Төлеубекова: «Жаңа әлеуметтік мәдени ортада адамның ұстанар мұраты – адамдармен қарым-қатынасында, іс-әрекетінде адамгершілік сана-сезім дағдысымен, өзіндік «Мен» бейнесі арқылы ұлттық және жалпы адамзаттық құндылық қасиет-сапаларымен ықпалдасып субъект ретінде танылуын тәрбиелеу», - деген анықтама береді [6].

Қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігінде: «Адамгершілік тәрбиесі – мақсатқа негізделген көзқарасты, сенімді, парасатты мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді қалыптастыруға және адамгершілік сезімді, ұлттық сананы, қарым-қатынасты дамытуға, жалпы адамзаттық құндылықты тиімді пайдалануға бағытталған жалпы адамзаттық тәрбиенің құрамдас бөлігі», - деп анықтама берілген.

Қазақ тілінде әдептілік, сыпайылық, ізеттілік деген сөздердің түп мағынасы бір. Ол – адамгершілік. Яғни ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, шыншыл және әділетті болу, сондай-ақ адамның көпшілік алдында өзін-өзі ұстай білуі. Адамгершілік адамзат қоғамының даму тарихы арқылы қалыптасып, әрбір дәуірдің өзіндік қайшылықтарымен біте қайнасып, әлі де жетіліп келеді. Жомарттық, батылдық, шыншылдық, сыпайыгершілік, әділдік пен достық, ар мен намыс және тағы басқа да адамгершілік категориялары сонау көне дәуірден басталып, күні бүгінге дейін өз маңызын еш жоғалтпай келеді. Сондай-ақ, адамзаттың ішкі рухани адамгершілік дүниесінің негізгі формалары – үміт, сенім және махаббат үнемі даму үстінде [7].

Адамгершілік тәрбиесі – ол жүрек тәрбиесі. Рухтың ұясы да – жүрек. Ақыл жүрекпен нұрланса, рахымды болса, ізгіленеді. Жүректің терең жылуынсыз тек ақылмен

қабылданған білім адамның өзіне де, қоғамға да, болашаққа да теріс ықпал етеді. Тәрбие баланың даму кезеңдерінде адамның рухани өзегін қоректендіруші болып, білімнен бұрын жүргізілуі тиіс, яғни білімге адами және рахымдылық сипат беріліп, ақылды жүрек жылуымен нұрландыру қажет.

Жоғарыда айтылған пікірлерді қорыта келе, келесі тұжырым жасаймыз:

1. «Адамгершілік – адамдардың күнделікті қарым-қатынасына қатысты гуманизм принциптерін бейнелейтін моральдық қасиет. Адамдарға деген ізгі ниеттілік, құрмет, жанашырлық пен сенім, кеңпейілділік, басқалардың мүддесі үшін жан аямаушылық сияқты жеке қасиеттерді қамтиды, сондай-ақ кішіпейілділік, адалдық, шыншылдық та адамгершілікке жатады», - деген анықтамасын басшылыққа аламыз. Өйткені гуманизмді адамға тән адамгершіліктің, парасаттылықтың және ой-шабыттың ерекше жиынтығы ретінде қарастырып, адамды еркін ойлаудың, әділдік пен теңдік принциптерін құрметтейтін адамшылықтың шынайы иесі деп анықтауымызға болады.

2. Жоғарыда талданған «адамгершілік» ұғымының сапалық мәнін айқындай түсетін жалпы ғылыми-педагогикалық ұғымдардың бірі – «адамгершілік тәрбиесі» ұғымы. Бұл ұғымға берілген педагогикалық зерттеулер мен әдебиеттердегі анықтамаларды былайша жүйелеуге болады: қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде «адамгершілік тәрбиесі – тұлғаның адамгершілік сана-сезімін, іс-әрекетін қалыптастырып, құндылық бағдарын айқындайтын тәрбие» - деп көрсетеді.

3. Адамгершілік туа біткен қасиет емес. Адамгершіліктің моральдан айырмашылығы мораль сыртқы қоғамда жазылған заңдар мен нормалар жүйесін қамтып сырттай әсер ететін болса, адамгершілік адамның ішкі дүниесінде қалыптасатын “адамгершілік адамның ішкі еркінің сезімі. Адамгершілік принциптері бірлікте өмір сүру, бақытқа талпыну, мүдделерді үйлестіру мен ұжым болып жұмылудың, жоқ-жітік пен ауру-кемтарға, бала мен кәріге жәрдемдесудің қажеттігін сезіну мен мойындау”. Осы негіздерге сүйене отырып, адамгершілік ұғымына келесі анықтама беруге болады: Адамгершілік дегеніміз - тұлғаның өз бойындағы негізгі ізгі сезімдер мен терең руханилықтан туындап, моралдық нормаларға бағынатын еркін қарым-қатынас жүйесі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік философиялық талдау. - Алматы, 2000. - 61 б.
2. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. - Алматы: Рауан, 1994. - 215 б.
3. Құнанбаев А. Шығармалардың 2 томдық толық жинағы. - Алматы, 1986. Т.2. - 196 б.
4. Әбдіразақов Е. Адамгершілік, имандылық тәрбиесі. – Шымкент, 1994. -46 б.
5. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995. - 352 б. 186 бет
6. Төлеубекова Р.К. Қоғам дамуының жаңа кезеңіндегі адамгершілік тәрбиесінің теориялық әдіснамалық негізі. – Алматы. 2001. - 295 б. 128 бет.
7. Айджанова З.Ж. Бастауыш мектеп оқушыларының адамгершілік қасиеттерін сыныптан тыс жұмыстар арқылы қалыптастыры: пед. ғыл. канд. ғыл. дәреж. алу үшін дайынд. автореф: 13.00.01 - Атырау, 2009 – 38 б.

ЖАСТАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ ПӘНІ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Есенова К.А. аға оқытушы
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Педагогика және білім беру
менеджменті кафедрасы, Алматы қаласы

Зиядинова Ә.Т., магистрант
Б.Н. Ельцин атындағы Орал Федералдық университеті
(Ресей, Екатеринбург)

Аннотация. Кожухметова К.Ж. рассматривает вопросы формирования духовно-нравственных ценностей молодежи на основе предмета самопознания.

Ключевые слова: духовное, нравственное, воспитание, обучение, самопознание.

Annotation. Kozhakhmetova K. Zh. considers the issues of the formation of spiritual and moral values of youth on the basis of the subject of self-knowledge.

Keywords: spiritual, moral, education, training, self-knowledge.

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының авторы Сара Алпысқызы адамгершілік, имандылық, тазалық, ізгілік тақырыбында ой толғаған «Өмір әдебі» деп аталатын еңбегінде «Ғасырлар бойы әр елдің халықтары осы біз кіміз, не үшін өмір сүріп, қайда кетеміз, өміріміздің мағынасы неде, басты адами бағдарларымыз қандай болуы тиіс?» деген сауалдар төңірегінде іздене отырып, «тіршіліктің осынау мәңгілік сұрақтарына жауап беру үшін жалпыадамзаттық құндылықтарды қайта жандандырып, өзіміздің бастапқы қайнар көзімізге оралу керектігіне бір сәт те күмәнданбайтынын» айтады [Назарбаева С.А. Өмір әдебі. Алматы. 2003,96 б]. Жалпы адамзаттық құндылықтар, рухани-адамгершілік құндылықтар, ұлттық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, тіл, дін, мәдениет, тәрбиелік-білімділік жүйелердің өзара әрекеті мен сан түрлілігінде әлемдік деңгейде көріністерін беріп отырғандығын білеміз [Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру, 2017].

Себебі, өмір салты, рухани мұра, адамгершілік, адами қасиеттер-адам баласының тіршілік құндылығы. Құндылық туралы алғашқы түсінік сонау антика заманында өмір сүрген Сократтан бастау алғандығы анық.

Бірақ осы құндылықтардың өмірдегі мәнін түсініп, талдап, саралап қабылдайтын бұл – адам санасы. Адам санасында бірінші құндылықты анықтау үшін белгілі бір себепке байланысты қажеттілік оянады, әрі қарай сол қажеттілікті қанағаттандыру жолында өз алдана мақсат қойып өзі үшін құндылық негізін анықтап алады. Негізгі рухани-адамгершілік құндылықтар бұл адам бойынан бастау алады десек те болады. Себебі рухани-адамгершілік құндылықтар адам жаратылысы, олардың өмірге қарым- қатынасы, тұрмыс тіршілігі, саналы іс-әрекеті мен сезімі арқылы өлшеніп, сараланып отырады. Сондықтан ең жоғары құндылықтардың өзегі – бұл адами қасиеттер және рухани-адамгершілік құндылықтар екендігін білім беру мекемелеріндегі «Өзін-өзі тану» пәні арқылы әрдайым дәлелденіп келеді.

Қазіргі таңда құндылықтар мәселелерін әсіресе, рухани-адамгершілік құндылықтарды зерттеп өзінің педагогикалық идеялармен ерекшеленген Қ.Б.Жарықбаев, С.Қалиев, А.Көбесов, С.Ұзақбаева, К.Ж.Қожахметова,

Қ.Бөлеев,Ә.Табылдиев,т.б. ғалымдардың зерттеулерін тәрбиенің құндылық мазмұнын қарастырған еңбектер деп атауымызға болады.

Қазақ халқы ерте заманнан бастап, Отанын сүю, қорғай білу соған рух жинап тұтастықты қамту ел бірлігін ұстау сияқты рухани- адамгершілік мәдени құндылықтарды сақтап келген. Қазақ халқының бүгінге дейін жетіп отырған негізгі рухани-адамгершілік құндылықтарына төмендегі ұғымдарды жатқызуға болады:

* Атамекен, атакәсіп, атамұра;

* Кісілік қасиеттер: дінді ұстану, шаруашылық, ішкі дүниесіндегі қол жеткен табыстарын құндылық деп санаған.

*Отбасын сақтау: ата- баба тарихы, шежірені білу, жеті атаны сақтау қазақтың отбасын сүттей ұйытуға, әрі қарай ата-бабасының салып кеткен ізімен жүретін рухта жастарды тәрбиелеу;

*Сөзінде тұру, уәжде тұру, халықты жұмылдыратын өтімді сөз айту ұлт үшін маңызды құндылықтарды білеміз.

Ұлы Абай адам мәселесіне, оның табиғи және әлеуметтік жақтарының арақатынасын, адамгершілік, кемелдік, гуманизм идеяларын өзгеше пайымдайтын сананы тудырды. Ұлы ғұламаның жарық дүниеге келген адам баласының маңдайына жазылған тағдыры жайлы, оның дүниеден алатын орны мен рөлі жайлы философиялық пайымдауға, сан қилы да күрделі адам болмысын жан-жақты әлеуметтік қарым қатынасы адамдарды түзу жолға түсіреді деп тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтарына адамның адами қасиетінің дамуына негізгі алып, келер ұрпаққа бір сөзбен «Адам бол» деген ойларынан нағыз адам болу үшін тек қана өзінді тану арқылы сыртқы мәдениетке, тілге, дінге мән бере отырып дамуға сол арқылы адамгершіліктің негізгі принциптері қайырымдылық, биік талғам, шындық, әділдік негіздерін қабылдауға итермелейді немесе адам баласын заман өсіреді, «кейде кім жаман болса, оның өзінің замандастарының бәрі кінәлі» деп рухани-адамгершілік құндылықтың келесі жағы қарым-қатынас құндылығын суреттесе, өзінің отыз жетінші қара сөзінде: «Адам баласы бір-бірінен ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады», - деп рухани-адамгершілік құндылықтарына мәдени этикалық құндылықтардың мәнін ашып көрсетеді. Тағы бір сөзінде Абай шынайы байлық – бұл адамдардың бір-бірін және өзін терең түсініп, өзара түсіністік қалыптасқанда ғана адамдар үйлесімді тіршілік құрып, дами бастайды деп адам бойындағы ең жоғары қалыптасқан құндылықтар бұл олардың ішкі рухани дүниесінің байлығы мен асыл қасиеттері көрсете білу екендігін дәлелдеп береді [Абай. Қара сөздері.- Алматы: Өнер, 2010. – 124б.].

Ғылымды өзара сабақтастықта зерттеп, ондағы ой-пікірлерді мазмұндық-құрылымдық жағынан интеграциялық тұрғыда қарастыру, қазіргі оқыту мен тәрбиелеудегі ұстанымдардың бірі дейтін болсақ, Клара Жантөреқызы Қожахметованың «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасымен айналысуы мұның айғағы болмақ. Ғалым, профессор К.Ж.Қожахметова жоғары мектепте «Өзін-өзі тану» пәні, «Өзін-өзі тану» пәні: теория және практика», «Өзін-өзі тану пәнін оқыту әдістемесі» оқу курстарының типтік оқу бағдарламаларын дайындап, «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша білім алушыларға дәріс оқып, рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде болашақ мамандарға кәсіби білім берудің озық үлгісін танытты [Қазақстан Республикасындағы білім беру саласындағы мемлекеттік саясат тұжырымдамасы, 1995,24 б.].

Оқу жоспарына дербес «Өзін-өзі тану» оқу пәнін енгізу идеясының өзектілігі, адамның рухани мәні мен оны тануға мүмкіндік беретіндіктен жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесінің мәнін егжей-тегжейлі талдауға бағыттады.

Осы орайда К.Ж.Қожахметованың жоғары мектепте жасаған тұжырымдамасында:

* рухани-адамгершілік тәрбие процесінің өзіндік мәні және оның басқа да әлеуметтік-біліми процестерден ерекшелігі;

* көптеген әлеуметтену факторлар жүйесіндегі рухани-адамгершілік тәрбие процесінің орны мен қызметтері;

* технологиялық ережелер мен тиым салуларға айналатын рухани-адамгершілік тәрбиенің құралдары анықталды.

К.Қожахметова өзін-өзі тану пәнін этноәлеуметтік-рөлдік тұрғысы жағынан да қарастырды. Оның маңыздылығы адамды жастайынан бастап, өмірінің соңына дейін этноәлеуметтік рөлдерге тарту болып табылатындығын баса назарға алады. Негізгі құралдары – ұлттық салттар мен этноәлеуметтік рөлдердің мазмұны.

К.Ж.Қожахметованың пікіріне сәйкес әр адам белгілі бір этностың өкілі ретінде этноәлеуметтік рөлдерді игерудің арқасында өзінің дамуында бірнеше этникалық сатылардан өтеді деген болатын [Қожахметова К.Ж. Алматы: Қазақ университеті, 2012,446.].

К.Ж.Қожахметова әр адамның бойына қуат беретін, жігерін жасытпай рухтандыратын ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтарды ерекше бағалай келе ұлттық құндылықтарды төмендегідей түрде жіктейді:



Жастарды осындай рухани-адамгершілік құндылықтарға бағдарлап отырудың қажеттілігі,өз мәнділігін «Өзін-өзі тану» пәні арқылы қалыптастыру ешқашан мазмұнын жойған емес.

Олай болса, бүгінгі күні даналарымыз ұсынған Адам, Өмір, Теңдік, Жер, Парасаттылық, Татулық, Ізгілік, Тәубешілдік сияқты құндылықтарға жастарды бағыттап отырудың тиімді жолдарын іздестіру ешкімнің таласын тудырмайтын өзекті мәселе деп қараған дұрыс.

Қорытындылай келе, К.Ж.Қожахметова бойынша өзін-өзі тәрбиелеу өзін-өзі танудан басталады. Өзін-өзі тану - өзін-өзі тәрбиелеудің қажетті қыры және алғы шарты. Өзіндік таным адамға не және қалай өзгереді, қандай сапалар табысты немесе сәтсіз тәрбиеленеді

деген ақпараттарды береді. Өзіндік таным – өзіңе өзіңнің қарым-қатынасың және өзінді білуіңнің біртұтастығы деп қараған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаева С.А. Өмір әдебі. Алматы: 2003, -96 б.
2. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру// Егемен Қазақстан. - 12 сәуір, 2017.
3. Абай. Қара сөздері.- Алматы: Өнер, 2010. – 124б.
4. Қазақстан Республикасындағы білім беру саласындағы мемлекеттік саясат тұжырымдамасы, 1995,24 б.
5. Қожахметова К.Ж. Рухани-адамгершілік тәрбиенің этнопедагогикалық негіздері: әдістемелік нұсқау. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 44б.

ОӘК 37.018.1

ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫНДАҒЫ РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ.

Молдағалиева Женисгул Ермаковна, Зайнуллина Анаргул Талгатовна

Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі, Орал қаласы

Резюме: Изучая наследие Аль-Фараби, популяризирует главную роль воспитания, используя источники в Концепции духовно – нравственного воспитания в человеческом обществе

Ключевые слова: сердце, отзывчивые горожане, ценные качества, духовно-нравственное воспитание

Resume: Studying the legacy of Al-Farabi, he popularizes the main role of education, using sources in the Concept of spiritual and moral education in human society

Key words: heart, sympathetic citizens, valuable qualities, spiritual and moral education

Адам –бұл ақыл-парасаты бар, сонымен бірге әлеуметтік-тарихи қызмет пен мәдениеттің субъектісі болып табылатын әлеуметтік болмыс. Ол жер бетінде эволюциялық процестің нәтижесінде пайда болды. Адам өзін және айналасындағы әлемді зерттейді, өзгертеді, мәдениетті және өзінің тарихын жасайды. Сонымен қатар адам – философияда, психологияда, медицинада, педагогикада, әлеуметтану және тағы басқа ғылымдардың нысаны бола бермек. Адам – өзінен-өзі қоғамдық өмір жемісі болатын сананың таратушысы дейміз. Адам мәселесі, оның пайда болуы, өмірде алатын орны, тіршілігінің мәні мен мақсаты адамзат танымының формалары – мифологиядағы, діндегі, философияның, ғылымның ең негізгі мәселесі.Ежелгі грек философы, Платонның шәкірті, «Адамзаттың бірінші ұстазы» Аристотель өз еңбегінде: «Адам өмірінің мақсаты бойындағы рахымшылдық сапаларын дамытса, онда ол мейірімділік мінез көрсетеді», -рахымшылдығы басым адам өзін үнемі дұрыс ұстай білетіндігін, ол табиғатынан мейірімді, адамгершілікке бейім ұстайтындығын айтады «Адамзаттық күштің маңыздысының бірі - адамгершілікке ұмтылу». Осыдан біздің ішкі тұрақтылығымыз бен тіршілік етуіміз басталады. Біздің өмірімізде адамгершілік қана

біздің қылықтарымызға әсемдік пен сенімділікті береді. Оны жігерлендіру мен оның мағынасын анық түсінуге көмектесу - білім берудің басты мақсаты. - Альберт Эйнштейн

Шығыстың ғұлама ойшылы Әбу Насыр Әл-Фараби 870 жылы бүгінде Отырар аталатын, Арыс өзенінің Сырға барып құятын сағасындағы Фараб қаласында дүниеге келді (қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысындағы Отырар қаласының маңайындағы ортағасырлық қала). Фарабидің толық аты-жөні Әбу-Насыр Мұхаммед Иби Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан Әл-Фараби. Әл-Фараби түрік тайпасының дәулетті бір ортасынан шыққаны бізге мәлім, бұған дәлел оның толық аты жөнінде "Тархан" деген атаудың болуы. Туған жері қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар Барба-Фараб деп атап кеткен, осыдан барып ол Әбу Насыр әл-Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбу Насыр атанған. Сол тұста өмір сүргендердің қалдырған жазбаларына қарағанда, Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған.

Адамзат дүниесіне, халыққа, ұлтына және оның дүниелеріне ақыл парасаты мен білімі арқылы қызмет ете білген адам зиялы адам. Шынайы (дәстүрлі) діннің өзі адамзаттан зиялылықты талап етеді. Ұлттық мүдде, халық игілігі жолында жүрген адам көкірегі ояу, мінезі дұрыс, шыдамды, қайратты, батыл болуы қажет. Нағыз зиялы адам өзін ұлтының қызметшісі санайды. Кемеңгер бабаларымыз айтып кеткендей, ұрпақтың қашанда өзін, өмірін қор қылатын нәрселерден аулақ болғаны жөн. Адамның шынайы, әрі дұрыс білімі оның танымын сақтап тұрады. Егерде надандық болса, қоғамдағы барлық кемшілік сауатсыздықтан, әділетсіздіктен, әдепсіздіктен шығар болса ұрпақ өзінің, мемлекетінің болашағына қажетті көптеген мүмкіндіктерден қолы үзуі мүмкін. Қашанда адамның дініне, діліне күш беретін білім, көркем мінез.

Тәрбие дегеніміз – адамдарды қоғамдық өмірге және өнімді еңбекке дайындау мақсатында көздеп, жаңа ұрпаққа қоғамдық – тарихи тәжірибе беру процесі. Мектеп қабырғасындағы білім алушы білім алушыға рухани-адамгершілік, азаматтық қасиеттерімен бірге, жаңа заманға сай өзінің бар мүмкіндігін пайдалы мүддеге жұмсауға дайын болатын жеке тұлға қалыптасатындай тәрбие жүйесі қажет.

Тәрбие үдерісі – бұл тұлғаның тәрбиелілік деңгейі, ол білім алушының қоршаған әлеуметтік ортамен және жалпы қоғаммен әрекеттестікке дайындығымен сипатталады. Осы дайындықты анықтау және айқындау үшін диагностика – білім алушының даму үдерісі мен нәтижелеріне талдау жүргізіледі. Сапалы жұмысты қамтамасыз ету мақсатында мынадай іс-шаралар өткізіледі: біртұтас тәрбие және оқу үдерісін құру және ұйымдастыру; мониторинг, нәтижелерді бағалау; педагогикалық қызмет профилактикасы және түзету.

Тәрбие үдерісі ең алдымен тұлғаның жеке қасиеттерінің даму диагностикасы мен тәрбиелеу нәтижелеріне сүйенуі тиіс. Жұмыс нәтижелерін бағалау мақсатында тәрбие үдерісінің тиімділігі мен тұлғаның тәрбиелілік деңгейін зерттеу педагогтің уақытында өзгертулер енгізуіне мүмкіндік береді. Заман талабына сай, мұғалімге, алдына мақсаттар қоя білетін және қойған мақсаттарына жете білетін білімді әрі толерантты тұлғаны тәрбиелеу және оның жағымды өмірлік ұстанымын қалыптастыру міндеті қойылады.

Тәрбие үдерісінің нәтижесінің басты көрсеткіші – мектеп білім алушылары мен түлектерінің тәрбиелілігі. Адамның тәрбиелілігі оның қоршаған ортасы мен өзіне деген түрлі қарым-қатынасы арқылы көрінетін әлеуметтік қасиеттерімен сипатталады. Бұл қасиеттердің жиынтығы әр тұлғаның қайталанбас даралығы мен бірегейлігін анықтайды. Жеке адамға берілген мінездемеде адамның кейбір қасиеттері айтылмауы мүмкін. Тәрбиенің маңызды міндетінің бірі кез келген тұлға қоғамда қабылданған тәрбиеліліктің негізгі өлшемдеріне сәйкес болуы. Осыған орай білім алушыларды міндеті, қоғамдық маңызды қасиеттері белгіленеді. Мұндай қасиеттер тәрбиеліліктің өлшемдері болып табылады, яғни білім алушының қоғамдық өмірге дайындығын көрсететін әлеуметтік даму деңгейі.

Дегенмен, тәрбиелілік қалай анықталады? Тәрбиенің қол жеткізетін нәтижелерін айқындау үшін тәрбиелілік өлшемі пайдаланылады. Тәрбиелілік өлшем —білім алушылардың немесе тұлғаның түрлі сапаларының қалыптасу деңгейінің теориялық тұрғыдан жасалған көрсеткіштері. Әдетте ол атаулар шкаласы арқылы реттеледі. Егер тәрбиелілік сапаның қалыптасу дәрежесіне шарттық сандық баға алынатын болса, онда оқу ісінде қол жеткізген табыстар тестін жүргізу кезінде жасалатындай тәрбиелілік деңгейін сандармен көрсету арқылы салыстыру есебін жүргізуге болады [1].

Тәрбие үдерісінің тиімділігі мен тұлғаның тәрбиелілік деңгейін зерттеу педагог үшін тәрбие жұмысының нәтижесін бақылауға, оларды алға қойған мақсатпен салыстыруға, дер кезінде тәрбие үдерісіне түзетулер енгізуге мүмкіндіктер береді. Ол үшін тәрбие үдерісін бағалайтын нақты «өлшемдер» мен «көрсеткіштер» керек. Бұл проблеманы көбінесе өзіміздің көршілес ресейлік ғалымдар зерттеген, оның ішінде: Файзуллина Г.З., Полякова И.В., Некрасова Л.В., Шагаева Э.М., Капустина Н.П., Сухомлинский В.А., Макаренко А.С., Харламов И.Ф., Щуркова Н.Е., және т.б.

Сондай-ақ өзіміздің отандық ғалымдардан: Кожаметова К.Ж., Шер Р.П., Демеуова М.Е., Әбенбаев С.Ш., Майғанарова Ш., Нысанбаева Г., Бейсенбаева А. және т.б. ғалымдар зерттеулер жүргізген.

«Өлшем» дегеніміз біртұтас құбылыс, ал көрсеткіш – оның бөлігі. Оның қандай деңгейде дамығандығы мен белгілері жөнінде тәрбие үдерісін бағалаудың «деңгейлерін» көрсетеді.

Тәрбие үдерісінің тиімділігін зерттеуде мыналар ескеріледі:

- тәрбие үдерісін ұйымдастыруды бағалау;
- тәрбие үдерісіне қызығушылықтардың өзара қарым-қатынын бағалау;
- білім алушының тұлғалық өсуін бағалау;
- тәрбие үдерісі арқылы тұлғаның табысты әлеуметтенуін бағалау;
- тәрбиенің нәтижесін бағалау [2].

Осы күнге дейін педагогикада тұлғаның немесе білім алушылардың барлық сапасын қамтитын тәрбиелік өлшемін жасау тың мәселе ретінде қалып отыр. Тәрбиеліліктің көптеген өлшемдерінің ішінен 2 топты мазмұндық және бағалау деп бөліп алуға болады. Біріншісі зерттелетін сапаның көрсеткіштерін бөліп алумен, екіншісі (диагностика жасалатын) анықталатын сапаның қарқынды тепе-тең көрінісін жазып алу мүмкіндігімен байланысты.

Соңғы нәтижелердің диагностикасы — тұлғаның немесе ұжымның тәрбиелік деңгейі үшін тағы да жалпы өлшемдерді, жекелеген қасиеттерді, белгілерді және сапаларды айқындауына байланысты.

Білім алушылардың тәрбиелік дәрежесін табу, олардың білімі мен мінез-құлқының біздің демократиялық құқықтық қоғамда қабылданған негізгі өлшемдермен сәйкес келетінін не келмейтінін айқындау болып табылады. Білім алушылардың тәрбиелілігінің басты өлшемі — олардың іс-әрекеті, білім алушылардың тәрбиелілігі күн сайын және сағат сайын тексеріліп отыруы тиіс. Тәрбиеленушінің кез келген қылығы мінез-құлқтың тәрбиелік деңгейін сипаттайды.

Білім алушылардың тәрбиелілігінің негізінде Л.С. Выготскийдің баланың жас ерекшелігі — жеке бас қасиеттерінің дамуы туралы негізгі ұстанымын басшылыққа алуға болады. Бұл ұстаным бойынша, білім алушылардың тәрбиелік деңгейін анықтауда баланың әр жас кезеңіндегі орталық психологиялық жаңа құрылымының, өзіндік сапасының қалыптасуын ескеру керек. Білім алушылардың өзара қарым-қатынасы олардың тәрбиелік деңгейін анықтауда басты рөл атқарады [3]

Білім алушының тәрбиелік деңгейі жас ерекшелігіне, меңгерілген білім, білік, іскерлік, дағдыларына лайықты әлеуметтік және әдептілік, адамгершілік қарым-қатынастағы жеке басының мінез-құлқы көрінісімен анықталады. Олай болса, тәрбиелік өлшемнің көрсеткіші әр сыныпта өзгеріп отырғандықтан, педагогикалық тұрғыдан субъективтік баға беріледі. [4]

Бұрынғы мектеп тәжірибесінде білім алушының тәрбиелік деңгейі білім алушылардың ережесімен сәйкес келетін, сол арқылы білім алушыларға мінездеме берілетін. Білім алушының тәрбиелік деңгейін бір көрсеткіш арқылы анықтау мүмкін емес. Жеке бастың белгілі бір адамгершілік сапасын айқындайтын қалыптар жөнінде түсінік деңгейін анықтап алып қана дамушы тұлғаның адамгершілік тәрбиелілігінің өлшемін анықталады. Оны сұхбаттасу, сауалнама, әңгімелесу, бақылау, тест, тапсырмалар беріп, орындату арқылы жүзеге асыру қажет. Сабақта, сабақтан тыс уақытта білім алушылардың мәдени, тәрбиелік деңгейін зерттеп, оқу жылының басы мен соңында жоғарыда айтылған үлгі бойынша үш түрлі деңгейде бағалайды: «төменгі», «орташа», «жоғары» деп, әр білім алушы туралы мінездеме жасалады.

Білім алушының тәрбиелік деңгейін дұрыс бағалау — оның өмірінің түрлі жағдайларындағы әлеуметтік қарым-қатынастарындағы мінез-құлқына әділ баға беру

деген сөз. Яғни, білім алушының тұлғалық қыры неғұрлым кең және жан-жақты зерттелетін болса, оған дұрыс жол табу соғұрлым жеңіл болады.

Тәрбие үдерісін басқарудың нәтижелі болуы – оны бақылау, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі тәрбиелеу әдістеріне байланысты болады. Тәрбие үдерісінің тиімділігін бағалау үшін білім алушылардың іс-әрекеті мен іс-қылықтарының мәдени деңгейін бағалау керек.

Тәрбиенің тиімділігі дегеніміз – қойылған мақсаттың іске асырылу деңгейі.

Білім алушылардың *тәрбиелік көрсеткіштері* – білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай негізгі іс-әрекеттерге (ойын, оқу, еңбек, қоғамдық, т.б.) қатысуы және соның нәтижелі болуы.

Білім алушылардың *тәрбиелік деңгейінің көрсеткіштері*: олардың өз жолдастарымен, үлкендермен қарым-қатынасы, ұжымдық қарым-қатынасы. Тәрбиелік ықпалдың нәтижесінен білім алушылардың өзара қарым-қатынас деңгейі мен іс-әрекеттерінің сипаты қалыптасады.

Білім алушының тәрбиелік көрсеткіштеріне олардың адамгершілік, мәдени, эстетикалық, т.б. ақпарат көлемін меңгеруін жатқызуға болады. Аталған тәрбиелік көрсеткіштері білім алушы санасын, әрекетін, іс-қылықтарын, қарым-қатынасының бірлігін айқындайды. Сондықтан да тәрбие әдістерін жіктеу мен бағалау шартты түрде екенін ескеру қажет.

Педагогикалық үдерісті жалпы талдауда оның жетекші жүйелерінің қызметіне назар аудару керек. Тәрбиеші іс-әрекетінің дұрыстығын, білім алушымен қарым-қатынасын, мәдени деңгейін, білім алушылардың өздік әрекетіне түрткі тудыруын, өз ойларын білім алушылардың ашық білдіруінен көруге болады. Тәрбие үдерісінің барысын талдау, оған баға беру, тәрбие ісінің тиімділігін арттырады.

Педагогикалық бақылау әдісіне: білім алушыларды бақылау; тәрбиелік деңгейін анықтау үшін әңгіме жүргізу; сауалнама (анкета, ауызша) жүргізу; қоғамдық пайдалы әрекетке талдау жүргізу; білім алушылардың өзін-өзі басқару қызметін талдау; тәрбиеленушілердің мінез-құлық, іс-әрекеттерін бақылайтын ситуация тудыру жатады.

Педагогикалық бақылау – жеке тұлғаның іс-әрекет, қарым-қатынас, іс-қылықтарын тұтастай қабылдап, оның өзгеру барысын бақылау. Бақылау түрлері – тікелей және жанама бақылау, ашық және жасырын бақылау, үздіксіз және қысқа мерзімді бақылау, монографиялық және тұлғаның жеке бір қырын ғана бақылау. Жеке тұлғаның дамуын бақылауды тиімді жүргізу үшін нақты мақсат қойып, тұлғаны зерттейтін бағдарлама жасап, тәрбиелік деңгейін бағалау өлшемдерін ескеру керек. Бақылау үнемі күнделікке тіркеліп немесе бақылау картасына жазылуы тиіс.

Тәрбиеленушінің *тәрбиелік деңгейін анықтау үшін әңгіме жүргізу* – олардың адамгершілік қалыптары мен өлшемдері туралы ой-пікірлерінің ауқымын анықтап және түсініктерінің дұрыстығын тексереді. Сонымен бірге тәрбиеші білім алушылардың пікірлерін, өзара қарым-қатынасын, бірін-бірі жақсы көріп, құрметтеуін немесе араларындағы қайшылықтарды байқап, ескереді.

Сыныпта көбінесе *психологиялық сұраулар* жүргізіледі. Оның мақсаты тәрбиеленушілердің өзара қарым-қатынасын, жолдастық-достық қатынасын немесе бірін-бірі ұнатпауы сияқты қатынастарды анықтауға көмектеседі. Психологиялық сұрауларды құрастырғанда белгілі ережеге сүйену керек. Ондай жағдайда жанама сұрақтар қойып, берілетін жауаптар бірін-бірі тексеріп отыруы тиіс.

Тәрбие ісін бақылау – білім алушылардың тәрбиелік деңгейімен қатар, тәрбиеші мен мектептің тәрбиелік әрекетін бағалаумен шектеледі. Мұғалімнің тәрбие жұмысын бағалауда оның қазіргі тәрбие әдістерін, формаларын, құралдарын осы заманғы талаптарға сай таңдай алуын, тәрбиеленушілерді саралап тәрбие жүргізуін, олардың түрлі іс-әрекеттеріне талдау жүргізіп, негіздеп баға беруін, мұғалімнің еңбек тәрбиесіне ықпалы мен кәсіби бағдар беруін, мұғалім мен білім алушылардың өзара әрекеттесу сипатын ескеру көзделеді.

Тәрбие жұмысының *нәтижелік көрсеткіштері*: білім алушылар дүниетанымының негіздерінің қалыптасуы, еліміздегі және шетелдердегі оқиғаларға баға бере білуі; мораль негіздерін меңгеруі, құқықтық заңды, білім алушы ережесін қадағалауы; қоғамдық белсенділік, ұжымшылдық, білім алушылардың өзін-өзі басқаруына қатысуы; бас көтеріп, жаңа бастамаға мұрындық болуы; эстетикалық және дене мәдениетін меңгеруі.

Тәрбие әдістерін таңдай білу – педагогтың шығармашылық қабілетінің бейнесі. Тәрбие әдістерін таңдау, ең бірінші қоғам алдындағы мұрат пен тәрбие мақсатына байланысты. Күнделікті тәжірибеде тәрбиеші тәрбие мақсаты мен мазмұнына сай тәрбие әдістерін таңдайды. Педагогикалық мақсат тәрбие әдісін анықтайды. Кез келген әдісті жақсы, не жаман деуге болмайды. Тәрбие жұмысының негізіне бір әдіс емес, әдістер жүйесі алынады.

Тәрбие әдістері жеке тұлғаға ықпалын тигізетін нәзік инструмент бола тұра, үнемі ұжымға бағытталып, ұжымның дамуын, жетілуін, ұйымдастырылуын ескереді. Ұжымның даму деңгейіне байланысты, бір кезеңде оларға талап қою керек болған жағдайда, басқа әдісті қолданудың реті болмайды.

Тәрбие әдісін таңдау - тәрбие мақсатына, мазмұны мен принциптеріне, оны шешу жолдарына, тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескеру заңдылықтарына негізделеді.

Келесі кестеде тәрбиелілікті бағалауға негіз болар тұжырымдар мен бағдарламалар, және оларда тәрбиелілік өлшемдердің қарастырылуы көрсетілген.

Кесте – 1. Тәрбиелілік өлшемдердің қарастырылуы

| № | Тәрбиеге қатысты тұжырымдамалар мен бағдарламалар | Тәрбиелілік өлшемдерінің қарастырылуы |
|----|---|--|
| 1. | Тәрбиенің кешенді бағдарламасы | Тәрбиенің кешенді бағдарламасының келесі міндеті тәрбиелілік өлшемдеріне тікелей қатысы бар. «Білім беру ұйымдары білім алушыларын тәрбиелеуде Қазақстан Республикасы басымдықтары контекстінде өскелең ұрпаққа тіршілік әрекетінің барлық сферасында өзін-өзі тануына мүмкіндік беретін тәрбиенің басты бағыттарының мазмұнын (ақыл-ой, адамгершілік, патриоттық, еңбек, эстетикалық және т.б.) анықтаудың ғылыми-теориялық және әдістемелік базасын әзірлеу» дегеніміз, тек қана тәрбие беру емес, тәрбиелілік деңгейін өлшеу де керек екенін көрсетеді [1]. |
| 2. | Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы | «Тәрбиенің мақсаты – үздіксіз білім беру жүйесінде мектеп жасына дейінгі балалардың, мектеп оқушыларының және студент жастардың Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуымен өзін-өздері танытуларына, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау» [5]. |
| 3. | Қазақстан Республикасы Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға | «Елдегі білім беру жүйесінің соңғы жылдардағы дамуы мемлекеттік саясатта басым бағыттардың бірі болды. Қоғамдағы оң өзгерістер білім беру ұйымдары қызметінің тәрбие жүйесінде өз көрінісін тауып отыр. Гумандық мұраттар принципі, ұлттық және жалпы адамзаттық |

| | | |
|----|-----------------------------------|---|
| | арналған мемлекеттік бағдарламасы | құндылықтар идеялары іске асырылуда. Қазақстандық патриотизм, азаматтылық, руханилық ұғымдарының саяси және адамгершілік мәнін, гуманды-бағдарланған, әлеуметтік-белсенді, үйлесімді-дамыған тұлға қалыптасуын пайымдау процесі басталды. Жалпы қазақстандық менталитет, мәдени, ұлттық-тарихи дәстүрлерді ескере отыра, ұлттың интеллектуалды, рухани және шығармашылық әлеуетін жаңарту үшін жағдай жасалуда» - делінген [6]. |
| 4. | Тәрбие тұжырымдамасының негіздері | <p>Елбасының мына негіздемелері тәрбие тұжырымдамасына басты мақсат бола білді: Еліміз үшін сондай-ақ, белсенді, білімді және дені сау азаматтар қалыптастыру, жаңа қазақстандық мәдениетті дамытуға жаңа серпін беру міндеттерін қойды. 2020 жылғы қазақстандық жастарды патриот, білімді, дені сау, жауапкершілікті және жігерлі, инновациялық экономика жағдайында табысты жұмыс жасайтын, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген, қазақ халқының құндылықтары мен мәдениетін бойына сіңірген, толерантты, әлемде танымал және құрметті тұлға ретінде көреміз.</p> <p>Жалпы әлемдік тәрбие жүйесін зерттеу және талдау қорытындылары тәрбие мақсаттары, мазмұны, әдістері мен нәтижелері және қоғамдық құндылықтар өзара байланысты екенін көрсетіп отыр [7].</p> |

Осы кестені негізге ала отырып бүгінгі қоғам талабы тек озық біліммен қаруланған жас ұрпақ емес, сонымен қатар білікті, тәрбиелі, қоғамға өзінің білімімен пайда алып келетін өскелең ұрпақтың қажеттілігі анық байқалады.

Білім беру мекемелерінде ұйымдастырылатын тәрбие жұмысының негізгі формасы – *тәрбие сағаты немесе куратор сағаты*. Тәрбие немесе сынып сағаты білім алушылардың дүниетанымын, мәдениетін, іс-әрекетін қалыптастырады. Тәрбие сағаты *ағартушылық, бағыттаушылық, болжамдық және қалыптастырушылық* қызмет атқарады.

Тәрбиенің *ағартушылық қызметі* оқыту формаларының түрлі жүйесінде іске асырылатын жетекші идея мен әрекет түрлерін, білім жүйесі мен дүниетанымды меңгеруге, біліктер мен дағдылардың қалыптасуына көмектеседі. Тәрбиенің ағартушылық қызметі оның *болжамдық қызметімен* тығыз байланысты. Болжамдық қызмет оқушыларда өмір шындығына белгілі бір қарым-қатынас орнатуға, рухани және материалдық құндылықтар жасауға талпындырып, оларды бағалай білуге үйретеді. Тәрбие формасының *бағыттаушылық қызметі* білім алушылардың өмірін тәжірибелік әрекетке бағыттайды. Нақты бағытты белгілеудің тәрбиелік ықпалы жоғары болады, ол оқушының мінез-құлқын жетілдіре түседі. *Қалыптастырушылық қызмет* тәрбие формасының алдыңғы аталған қызметтерінің іске асырылуымен байланысты, атқаратын ісін ойланып іске асыруға, өз өміріне керекті құндылықтарды бағалай білуге, өзгелермен тіл табысуға, өз пікірін дәлелді жеткізуге тәрбиелейді.

Білім беру орындарындағы тәрбие формаларын сынып жетекші ұйымдастырады. Сынып жетекшілік немесе кураторлық – ерекше ұйымдастыру формасы, ол әлеуметтік және психологиялық өзгерістерге қарамастан, дәстүрлі түрде қалыптасты және дамыды. Сынып жетекшісінің, куратор-эдвайзердің қызметі әр білім алушының жеке дамуына

қамқорлық және жеке қабілетін неғұрлым дамытуға әсер ету қажет болатын тәрбие үдерісінде туындайды.

Куратор-әдвайзердің кәсіби мақсаты әртүрлі топтың әлеуметтік өмірі мен топтың әрекетін, жалпыадамзаттық, әлеуметтік, жеке өмірін ұйымдастыру. Осы міндеттерді орындаған кезде олар әлеуметтік-психологиялық тәрбиелеу қалай әсер ететінін аңғарады. Ол қалыптасушы тұлғамен жеке түзету және педагогикалық көмек көрсету мақсатында жұмыс істейді.

Сабактардың әр түрлілігін, балалардың дүниемен байланысын, топтың оқу-даму деңгейін сынып жетекшісі бақылайды. Сынып жетекшісі мектептегі құндылықтарды сақтауға және оларды ұлғайтуға баулиды. Балаларды дене шынықтырумен, түрлі жарыстарға қатысуға, көркемдік өнермен айналысуға үйретеді. Мектептің отбасылармен жүргізілетін барлық жұмыстары ұжымдық және дербес болып екі топқа бөлінеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспар. - Астана, 2012 <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000873>
2. Шер Р.П., Қожахметова К.Ж. Тәрбие үрдісі мен оқушылардың тәрбиелік деңгейін бағалаудың өлшемдері. Алматы, 2006. Б. 5-8, 49-54.
3. Выготский Л.С. Ойлау және сөйлеу. Изд. 5, иср. — «Лабиринт» Баспасы, М., 1999.
4. Лейбниц Г.В. Адамның ойлануы туралы жаңа тәжірибелер. Жаңа дәуір философиясы. – Алматы: Жазушы, 2006. – 510 б.
5. Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. – Астана, 2009.
6. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>
7. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 21 б.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

п.ғ.к., доцент Ахтанова Салтанат Көбейбекқызы
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр-Сұлтан қаласы

Әбдиева Балжан Қонарбайқызы
Педагогика және психология мамандығының магистранты
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр-Сұлтан қаласы

Аңдатпа: Бұл мақалада қашықтан оқытудың педагогикалық және психологиялық аспектілері жан жақты көрсетілген. Сонымен қатар мақала қашықтан оқытуға арналған қазіргі заманғы білім берудің өзекті мәселелеріне бағытталған. Мақаланың негізгі міндеті - білім берудің жаңа түрі ретінде қашықтықтан оқытуды негіздеу. Мақалада білім беру формалары талданып, қашықтықтан оқытудың негізгі бағыттары келтірілген, қашықтықтан оқыту мен дәстүрлі білім беру жүйесінің айырмашылықтары көрсетілген.

Аннотация: В статье дается всесторонний обзор педагогических и психологических аспектов дистанционного обучения. Статья также посвящена актуальным вопросам современного дистанционного обучения. Основная задача статьи - обосновать дистанционное обучение как новую форму обучения. В статье проанализированы формы обучения, даны основные направления дистанционного обучения, показаны отличия дистанционного обучения от традиционного.

Abstract: The article provides a comprehensive overview of the pedagogical and psychological aspects of distance learning. The article is also devoted to topical issues of modern distance learning. The main objective of the article is to substantiate distance learning as a new form of education. The article analyzes the forms of education, gives the main directions of distance learning, shows the differences between distance learning and traditional.

Кілт сөздер: қашықтықтан оқыту, интернет технологиялары, онлайн курс, психологиялық дайындық, инновация, педагогикалық және психологиялық аспект.

Ключевые слова: дистанционное обучение, интернет-технологии, онлайн-курс, психологическая готовность, инновации, педагогические и психологические аспекты.

Keywords: distance learning, Internet technologies, online course, psychological readiness, innovation, pedagogical and psychological aspects.

«Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет»

(Н.Ә.Назарбаев жолдауынан)

Бүгінде білім саласы қашықтан білім беру бойынша күрделі, маңызды да мазмұнды міндеттер атқаруға бел бұды. Сандық технологиялар дәуірінде, әрі дәл қазіргі жағдайда қашықтан дәріс беру жүйесіне көшу заман талабы болып отыр. Білім және ғылым министрлігі еліміздегі оқу орындарында қашықтан оқытуға, оның ішінде білімді бағалаудың барлық түрлерін қашықтан жүргізуге нақты қадамдарды ұсынды. Осы өзекті мәселеге байланысты мақалада қашықтан оқытудың маңызды тұстары мен тиімді жақтарына аса назар аударып, ақпарат беруді жөн көрдім. Ең алдымен, қашықтан оқыту дегеніміз—оқулық материалын жеткізу, оны өз бетімен оқып-үйрену, оқыту үрдісі қандай да бір нақты оқу орнының орналасқан жеріне тәуелсіз болған жағдайда оқытушы мен білім алушылар арасындағы сұхбатты ұйымдастыру үшін қолданылатын дәстүрлі және жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға негізделген оқытудың

интеграциялық нысаны. Бүгінгі әлем дамуының жаңа ұстанымы - білім беру жүйесінен күн сайынғы экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістерге барынша бейімделуді талап етеді. Білім беру - ел болашағы үшін жасалатын қадам болғандықтан, аса жауапты іс. Осы індетпен байланысты қай мемлекетте болмасын, білім беру саласына үлкен жүк артылды. Осыған орай, дәл осы жағдайда сапалы, нәтижелі білім беру үдерісін ұйымдастыру - басты міндет. Ал, ақпараттанған ғасырда озық технологияның үздік жетістіктерін пайдалану – дамыған елдің шешімі. Қазіргі таңда қашықтан оқытуға байланысты көптеген сауалдар туындауда, дегенменде, қазіргі заманғы технологиялар оқу үдерісінің барлық кезеңдерін қашықтық форматына көшіруге мүмкіндік береді. Сапалы, терең білімді меңгеруге талпынған өскелең ұрпақтың жеткілікті дәрежеде сандық сауаттылығы бар, себебі, олар жаңа технологиялардың барлық мүмкіндіктерін пайдалана алады. Бұл өзгерістер көптеген адамдар үшін тиімді шешімге айналған ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен қолданудан туындады. Интернет кеңінен қолданылатын ақпарат көздерінің біріне айналды деп айтуға болады. Компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларды қолдана отырып, оқу процесінің әртүрлі кезеңдерінде оқытушылар мен білім алушылардың өзара әрекеттесуін, сондай-ақ желідегі материалдарды зерттеу мен талдауды қамтитын өзін-өзі дамытатын жұмысты қамтамасыз ететін оқыту нысаны ретінде анықталады. Оқытудың бұл түрі білім алушыларға оқу материалдарына, виртуалды оқытушыларға және басқа да технологиялық шешімдерге қол жеткізуге, мұғалімдер мен әдіскерлерден қолдау мен оқу нұсқауларын тұрақты негізде алуға мүмкіндік береді және тиімді оқыту түрін қамтамасыз етеді.

Қашықтан білім беру жүйесінің жұмыстары ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі бұйрығымен бекітілген «Оқу процесін қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша ұйымдастырудың Ережесі» және ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 4 маусымдағы №266 бұйрығымен бекітілген «Қашықтан оқыту технологиялары бойынша оқытуды ұйымдастыру» стандартына негізделеді. Осы стандартқа сәйкес елімізде қашықтан оқыту жүйесі мынадай мақсаттарды жүзеге асыруға тікелей бағытталады:

- 1) • білім беру процесінің тиімділігін, сапасын арттыруды және танымдық іс-әрекеттегі күш-жігерді барынша көбейтуді, сондай-ақ деректерді зияткерлік талдаудың қарқындылығын арттыруды және оңтайландыруды көздейтін қашықтықтан оқыту құралдарымен білім беру процесінің барлық деңгейлерін қарқындату;
- 2) • білім алушылардың тұлғасын дамыту және оларды қазіргі заманғы дамыған ақпараттық қоғамда жайлы өмірге дайындау, бұл әртүрлі коммуникативтік біліктер мен көзқарастарды дамыту, олардың өмірінде туындайтын проблемалардың оңтайлы шешімдерін іздеу дағдыларын қалыптастыру, алдыңғы қатарлы компьютерлік графика мен мультимедианы қолдана отырып ақпараттық мәдениетті қалыптастыру, проблемалар мен жағдайларды модельдеу дағдыларын дамытумен, эксперименттік-зерттеу қызметін жүргізу дағдыларын қалыптастырумен қамтамасыз ету т.б;
- 3) • компьютерлік құрылғылардың шебер пайдаланушысы болып табылатын, жақсы жабдықталған ақыл-ойы бар адамды даярлауды қамтитын ақпараттық қоғамды қамтамасыз ету бойынша жұмыс сапасын арттыру және информатика саласындағы кәсіптік бағдарлау жұмысын тереңдету;

Сурет 1 Қашықтан оқытудың негізгі мақсаттары

Тәуелсіз еліміздің рухани және экономикалық өрлеуі, білім берудің қазіргі жаңа құрылымы мен оқу-әдістемелік мазмұнының өзгеруі оқытушылардың өз кәсіби шеберліктерін шындауды, жаңартуды талап етеді. Білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларын пайдалану арқылы жаңа инновациялық әдістері ретінде қашықтан оқыту жүйесі жетекші рөл атқарады. Қашықтан білім беру – оқытушы мен білім алушының қазіргі заманда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқу үдерісінде пайдалануды жүзеге асыруын қамтамасыз ететін процесс. Қазіргі уақытта әлемнің көптеген елдерінің білім беру жүйелерінде білім беру парадигмасының өзгеру тенденциясы байқалады, бұл ақпараттық қоғамға көшу жағдайы әлемдік саясат пен экономика саласындағы жаһандық өзгерістерге байланысты. Бұл жағдайда білім беруді ізгілендіру, білім алушылардың шығармашылық белсенді танымдық іс-әрекеті үшін жағдай жасау міндеті алға шығады.

Қашықтан оқытуға арналған мотивтердің маңызды бір көрсеткіші - ыңғайлылық, яғни кез-келген уақытта және кез-келген жерде курстан өту мүмкіндігі. Қашықтықтан оқыту курстары студенттерге әдеттегі оқу курсына жүзеге асырылмайтын басқару элементтерін береді. Қашықтықтан оқыту курстарында оқытуды алдыңғы қатарлы ақпараттық технологиялардың оқу мақсаттарын, дидактикалық, сондай - ақ психологиялық-педагогикалық әлеуетін терең талдаудан бастау керек. Қашықтан оқытудың келесі тиімді жағы өз бетінше білім алу болып табылады. Өзіндік жұмыс қашықтан оқыту процесінде оқу қызметінің негізгі элементтерінің бірі. Сондықтан білім алушылардың ақпаратты өңдеу қабілетін дамытуға назар аударуы маңызды.

Психологтар ақпаратты өз бетінше өңдеу қабілетінің маңыздылығын атап өтеді және олардың өзіндік жұмысқа дайындығының мынадай үш деңгейін ажыратады.

- 1) кәсіби танымдық мотив басым болған кездегі жоғары деңгей;
- 2) әртүрлі проблемалармен өзектендірілген ынталандыру болған кездегі аралық деңгей; 3) тест немесе емтихан тапсырудың сыртқы мотиві басым болған кездегі төменгі деңгей.

Өзін-өзі оқытудың басым мотивтері танымдық және кәсіби мотивтер болуы мүмкін. Бұл мотивтер мазмұны жағынан әр түрлі болғандықтан, оқу іс-әрекетінің сапасына әр түрлі әсер етеді. Қашықтан оқыту студенттердің оқуға деген жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға және сонымен бірге дәстүрлі білім беру процесіне тән мәселелерді шешуге мүмкіндік береді, атап айтқанда оқытудың белсенді әдістерін жеткіліксіз пайдалану, білім беру процесінің бағыты, жеке танымдық іс-әрекеттің әлсіз мотивациясы, оқу нәтижелерін субъективті бағалау т.б.

Оқытуда ақпараттық технологияларды қолданудың артықшылықтарының бірі - бұл қашықтан оқыту процесінде білім алушылар мен оқытушылардың өзара әрекеттесуінде психологиялық жайлылық жағдайына қол жеткізуге мүмкіндік беретін өзіндік жұмыс және кері байланыс мүмкіндігі. Дегенмен де, оқыту барысындағы бірнеше кедергілер де осы кері байланыс кезеңінде туындайды.

1) қолданушылардың бір ұғымның әртүрлі мағыналарын пайдалануына байланысты семантикалық кедергі, бұл кедергі пайда болған кезде ақпарат бұрмаланады немесе оның мазмұны өзгереді;

2) коммуникант пен реципиенттің сөйлеу мәнері сәйкес келмеген жағдайда қалыптасатын стилистикалық кедергі;

3) коммуникатордың пайымдауы тым күрделі болған кезде пайда болатын логикалық кедергі.

Сонымен қатар, бірнеше психологиялық мәселелер, атап айтқанда, өзіндік жұмыс тәжірибесінің болмауы, конативті өзін-өзі реттеудің жеткіліксіздігі, топтық ойлаудың әсері және т.б. өзіндік жұмыс процесіне кедергі келтіруі мүмкін мәселелерді айта кету шарт.

Жоғарыда аталған білім беру жүйесі біздің елімізде ғана емес, әлем бойынша өзекті мәселе, сондықтан, ғалымдар мен педагогтар тарапынан көптеген зерттеу жұмыстары да

жүргізілді. Зерттеу мәселесі бойынша әдебиеттерді талдау ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, оның ішінде қашықтан оқыту технологияларын дамыту мен енгізудің психологиялық негіздері әлі де дамымаған және қалыптасу сатысында екенін көрсетті. Бірнеше онжылдық бұрын мамандар осы тақырыпқа көп көңіл бөле бастады (А. А. Марголис, В. В. Рубцов, О. К. Тихомиров және т. б.), бірақ, негізінен, олардың зерттеулерінде мәселенің жекелеген жақтары қарастырылған. Олар:

- * компьютерлендірудің психологиялық-педагогикалық мәселелері;
- * оқу процесіне қатысушылар арасындағы өзара қарым-қатынас;
- * "адам - машина" диалогының ерекшеліктері»;
- * оқу барысында туындайтын психологиялық мәселелер;
- * қабылдау ерекшеліктері;
- * студенттердің білім беру қызметінің мотивациялық саласы;
- * психологиялық-танымдық кедергілер мәселесі;
- * оқуға танымдық көзқарас;
- * оқу материалын қабылдаудың эмоционалды факторы

Жалпы қашықтан оқытуға көптеген ғалымдар анықтама беріп өткен болатын, сол анықтамаларды жинақтай келе «Қашықтан оқыту – ақпараттық құралдар және ғылыми негізделген тәсілдер арқылы білім алу жүйесі, сонымен қатар қашықтықтан оқыту ұғымын кең мағынада алсақ, бұл-тыңдаушылар мен оқытушылардың бір-бірінен кеңістікте алыстатылған оқу формасы» деген анықтамаға тоқталуға болады. Қашықтан оқытуда екі компонент бар: оқытуды басқару және өз бетімен білім алу. Қашықтан оқыту мұғалімнің біліктілігін көтереді, білім алушының өз бетімен білім алуын қалыптастырады, ата-аналардың жаңа технологияға көзқарастарын өзгертеді. Жаңа оқыту жүйесі дәстүрлі оқыту формаларынан түбегейлі ерекшеленеді. Қашықтықтан оқытуды компьютерлік технологиялар арқылы жүзеге асырылатын іс-әрекет ретінде қарастыратын болсақ, ол дәстүрлі оқыту формаларымен салыстырғанда бірқатар психологиялық ерекшеліктермен сипатталатынын атап өткен жөн. Осыған сүйене отырып, қашықтықтан оқытуды жалпы білім беру жүйесінде өмір бойы білім берудің ажырамас бөлігі ретінде қарастыруға болады. Жалпы қашықтан оқыту технологиясының білім алушылардың танымдық және жеке дамуына әсерін зерттейтін жұмыстар аз. Дегенмен де, ақпараттық технологиялардың адам дамуына әсерін, қашықтан оқытудың психологиялық-педагогикалық аспектілерін қарастыратын арнайы зерттеулер бар. Қашықтан оқытуды қолдану білім алушыларға өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын игеруге көмектеседі, шығармашылық сапаларын дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасайды, өзін-өзі ұйымдастыру есебінен білім алушының шығармашылық және зияткерлік әлеуетін арттырады, компьютерлік техникамен өзара іс-қимыл жасай алады және жауапты шешімдерді өз бетінше қабылдай алады, білімді меңгеру процесінде өз ойын білдірудің жеке ерекшеліктерін ескеру үшін, білім алушының жеке басын дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасайды. Қазіргі заманғы технологиялар бізден талап ететін оқыту жүйесіне дәстүрлі көзқарас қайшылығының жоғарыда аталған мәселесі тек білім алушылар мен оқытушылардың іс-әрекеті саласында ғана емес, сонымен қатар басқа бағыттарда да көрініс табады.

Қорыта айтқанда, бүгінгі білімді студент – ертеңгі білікті маман. Адам өз арманына, таңдаған мамандығына тек біліммен, арнайы кәсіби білім алумен ғана қол жеткізеді. Бұрын арнайы білім ордаларына келіп оқып, дипломды маман болу мүмкіндігіне бәрінің бірдей қолы жете бермейтін еді. Ал енді кез келген адам өз мүмкіндігіне қарай жоғары немесе арнайы орталау білімді оқу орнына қажетті саласына қатысты қашықтықтан оқу үдерісі бойынша арнайы академиялық білім ала алады. Қашықтықтан оқыту саласы – талайдың арманын жүзеге асыруына мол мүмкіндік беретін жаңа бағыттағы оқу жүйесі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дичковський С.В. Дистанционное образование: -2015.- №2.-.26-33 бет.
2. Исаев А.В. Психология дистанционного обучения: эмоциональный фактор восприятия учебного материала // Среднее профессиональное образование. 2018. № 7. 51-54 бет.
3. Машбиц Е.И. Психолого-педагогические проблемы компьютеризации обучения. – М.: «Педагогика», 1988г.

ӘОК 811.512.122'27

ТАБИҒАТ ЭКОЛОГИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ ТЫЙЫМ СӨЗДЕР

Г.Н.Смағұлова, ф.ғ.д., профессор

Н.С.Оразова, магистрант

Әл-фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

Резюме. Данная работа посвящена исследованию нравственно-психологического потенциала табу (запретные слова), связанные с природой. В настоящее время все вопросы, связанные с окружающей средой, очень важны. Автор раскрывает важность экологического образования и воспитания, формирование экологической культуры в сознании.

Ключевые слова: природа, экология, экологическая культура, экологическое образование

Resume. This work is devoted to the study of the moral and psychological potential of taboos (forbidden words) associated with nature. Nowadays, all issues related to the environment are very important. The author reveals the importance of environmental education and upbringing, the formation of environmental culture in the mind.

Key words: nature, ecology, ecological culture, ecological education

Табиғат – өте үлкен, ауқымды ұғым. Табиғат – жер планетасының материалды әлемі. Табиғат адам өз қолынан жасамаған, Ұлы Жаратушының ең үлкен сыйы. Табиғатты әр адам өздігінше әртүрлі көреді, қабылдайды және түсінеді. Табиғат деген қастерлі ұғымды түсіну әр адамның дүниетанымына, санасына тікелей байланысты. Табиғат – әлемдегі барша адамзат өмір сүріп жатқан ортақ орта, ортақ мекен. Сондықтан да, табиғатты қорғау, оны сақтауға жағдай жасау барша адамзаттың асыл борышы. Бұл үшін біз ең әуелі, адамдардың, өсіп келе жатқан жас ұрпақтың санасына экологиялық мәдениет қалыптастырып, экологиялық білім мен тәрбие беруіміз керек.

Қоршаған ортаның күрделі проблемаларын зерттейтін, ғылыми тұрғыдан ұсыныстар жасайтын ғылым саласының экология атауы гректің «oikos» – үй, мекен, тұрған жер және «logos» – білім, ғылыми зерттеу деген мағынаны береді. Ең алғаш қоршаған ортаны – «үйіңнің жан-жағын тазалап отыр» [1] деп 1273 жылы ағылшын патшасы Эдуард заң шығарды. Генрих Девид Торо болса, экология терминін ең бірінші болып пайдаланды. Ғылымға экологияны бірінші болып енгізген неміс ғалымы, табиғат зерттеушісі Эрнест Геккель.

Жалпы, экология проблемасы тек бүгінгі күні көтеріліп отырған жоқ. Бұл проблема сан ғасырлар бойы ғалымдардың зерттеу нысанынан түскен жоқ. Адамзат баласына экологиялық білім мен тәрбие берудің маңыздылығы IV-XV ғ.ғ. ғұламалары Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, М. Қашқари, Қ.А.Иассауи, Қорқыт ата бабалардан бастау алады.

Мысалға, өзімізді қоршаған ортаны күтпеу салдарынан үлкен апатқа ұшыраған Балқашты, Арал мен Каспийды айтсақ та жеткілікті. Бұл жағдайлардың барлығы дерлік

адамдардың экологиялық сауаты мен мәдениетінің жоқтығынан, табиғатты қорғауға деген түсінігінің төмендегінен болған жағдайлар. Сондықтан да, адамдардың санасына экологиялық мәдениет қалыптастыру өте маңызды. Әрбір адам мына қағиданы білуі және табиғатты сүйіп, аялауы керек: Табиғатқа тұтынушылық көзқараспен қарау адамгершілікке жатпайды; табиғат нәзік те қорғансыз – бұлақ көзі, ағаш, гүл адамдардың әрекетінен өзін-өзі қорғай алмайды; адамдар мазалаған жан-жануарлар өз мекенін оп-оңай тастап кете алмайды – құстар ұя салмайтын болады, жануарлар ауруға шалдығып қырылады. Және бізге әсемдікті сыйға тартпайды, өздігінен келмейді.

Егер де, адам мен табиғат арасындағы өзара қарым-қатынаста мәдени танымдық байланыстың жоғары деңгейі орнайтын болса, экологиялық таза орта қалыптасып әрі дамиды. Мәдениеттің бір парасы – адам мен табиғатты үйлестіру. Қоғам мен табиғат арасындағы үйлесімділіктің орнауы экологиялық мәдениеттің қалыптасу деңгейінен аңғарылады.

Экологиялық мәдениетті қалыптастыру бала кезден басталуы керек. Ал, балаларға қоршаған орта туралы көзқарастарын кеңейтуге үнемі ұмтылу тән. Білім берудің негізгі баспалдағы болып табылатын мектепте осыны қолға алу керек. Қоғамның экологиялық мәдениетінің негізі балалық шақтан қалыптасқан әр адамның экологиялық мәдениетінен тұрады.

Экологиялық білім мен тәрбие берудің міндеттеріне табиғат туралы, оның тұтастығы мен қоғаммен бірлігі туралы ғылыми негізделген білімді меңгеру, адам мен қоғам үшін табиғаттың құндылығы шексіз екенін түсіндіріп, табиғи ортада дұрыс-жүріп тұрудың нормаларын сақтау, табиғат пен қайта түлеген ортаны жақсарту жөніндегі қызметті сауатты ұйымдастыру жатады. Осы міндеттерді шешу арқылы, жастардың экологиялық білімін арттырып, олардың табиғатқа деген қарым қатынасын қалыптастырады.

Табиғат – сұлулықтың өмір бойы таусылмас қайнар көзі болғандықтан, эстетикалық тәрбие берудің ең маңызды құралдарының бірі болып саналады. Бұл дегеніміз, экологиялық тәрбиемен іштей жалғасып, табиғаттың күйзеліп, күйреуіне қарсы тұратын адамның қалыптасуына ықпал етеді.

Қазір әлі де болса, қоғамдық ой санада табиғатқа қарым-қатынас жаулап алу, бұзып, қиратып пайдалану орын алып келеді. Сол себепті, жаңа ой сананы экологиялық білім беру концепциясына сүйене отырып дамыту қажет.

Экологиялық білім беру – өте күрделі процесс. Өзін қоршаған табиғи ортаның өзі және қоғам үшін мәңгі қажеттілігін сезіндіре отырып, оқушының табиғатқа деген ізгі көзқарасын қалыптастыру көзделеді. Бірақ, өкінішке орай қоғамдық санада табиғатқа байлық пен табыс көзі ретінде қарау басым болып келеді. Қайда қарасақ та, табиғатты ластау, ормандар мен тоғайларды аяусыз кесу тағы да басқа көптеген жат көріністер орын алуда.

Жеке адам мен қоғам табиғатқа деген оң көзқарасын, экологиялық мәдениетін қалыптастыру үшін кейбір әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешу қажет. Олар: экологияға, табиғатты қорғауға қатысты заңдарды жетілдіріп, оларды бұлжытпай орындау; табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және жауапкершілікті күшейту; қоршаған ортаның тазалығы мен адам денсаулығының үйлестігін сәйкестендіру; үздіксіз экологиялық білім беруді ұйымдастыруды тездету; елдегі экологиялық мәліметтер жағдайларын көпшілікке жетуін қамтамасыз ету.

Қазақ халқы қай заманда болса да табиғатты аялап, аң мен құсын қадірлеп, киелі санап, өзен көлдерін ластамаған. Оны біз білім мен мәдениетіміздің аталары А.Құнанбаев, С.Сейфуллин, Ы.Алтынсарин, М. Жұмабаев, Ш.Уалиханов, А.Бөкейханов, І.Жансүгіров еңбектерінен білеміз.

Қазақтың экологиялық тәрбиесінің бір көзі – тыйымдар. Тыйым сөздер мен әрекеттер қазақ баласын табиғатқа, қоршаған ортаға жауапсыз қарауға мүмкіндік бермейді. Жаман сөз айтпақ түгілі, тіпті, жаман ойлауға тыйым салған. Бұл танымға

негізделген био-энергетикалық экология негіздері болып табылатын қазақи танымның тәрбие тетігі ретінде: Ырым-тыйым мен ауыз әдебиет үлгілерін экологиялық мәдениет қалыптастыруда пайдаланудың маңызы мен мағынасы аса зор болмақ деген пайым дәлелдеуді қажет етпейді.

Тыйым — қауымдық дәуірдегі адамдардың мифтік-діни наным-сенімі негізінде, табиғаттағы ие-киелердің, табиғи жұмбақ күштердің, тылсым заттар мен құбылыстардың белгісіз қатерінен, пәле-жаласынан, түрлі кесапаттан сақтандыру, олар туғызған үрейден арылу немесе мейіріне ие болып, қолдауына жету мақсатында қалыптасқан, сөзсіз орындауға тиісті қағида-ережелерінің жиынтығы. Атап айтқанда, тыйым адамдарға нені атауға, нені істеуге, неге соқтығуға болмайды дегенді үйретіп, оларды оғаш сөз-қимылдан тежеп, белгісіз қатерден сақтану мақсатымен алдын ала жасалған іс-шара болып табылады. Тыйым, әдетте, тыйымдық субъекті (тыйымды орындаушы адам), тыйым нысаны (тыйылатын нәрсе немесе іс-қимыл) және тыйым мақсаты (белгісіз бақытсыздықтан сақтану) сынды үш фактордан құралады [2].

Тыйым алғашқы қауымдық қоғамда наным-сенімнің туындысы болып, өркениет үрдісінің әр кезеңінде толығып, кемелденіп отырған. Бағзы дәуірде адамдар тек табиғатқа сүйеніп, ғұмыр кешетін, тіршілік тәсілі аса қарапайым да әлсіз еді. Түрлі табиғи апаттар екінің бірінде оларға қауіп төндіріп отыратын. Десе де, адамдардың өмір тәжірибесі біртіндеп молая түсті де, неден тыйылуды тәжірибе жүзінде ұғына бастады, бір-ақ не себепті тыйылатынын біле бермеді. Сөйтіп, бұл жұмбақтың жауабын мифтік, діни қисыннан іздеді. Олар табиғаттағы барлық заттардың ие-киесі бар, өмірге, тіршілікке қауіп-қатер төндіріп отырған осы ие-киелер деп жорыды, оған әрі үрейлене, әрі ізетпен қарады. Сонымен ие-киелердің қатерінен сақтану немесе мейіріне ие болып, қолдауына жету, іс-қимылдарын сол ие-киелерге үйлестіру, үндестіру мақсатында алуан түрлі тыйымдарды ойлап тауып, тұрмыста қолдана бастады. Бұл дәуірде қалыптасқан тыйымдар негізінен ие-киеге табыну, табиғатқа табыну, тотемге табыну, аруаққа табыну немесе шамандық наным-сенімге қатысты тыйымдар еді. Олар ізгі рухтардан және кесірлі рухтардан тыйылу болып екіге бөлінетін. Демек, бағзы дәуірдегі қолайсыз табиғи орта, мешеу тіршілік тәсілі, сондай-ақ адам танымының таяздығы тыйымның пайда болуына негіз болған.

Тіршілік үрдісі күрделенген сайын, табиғатпен етене болып ғұмыр кешетін, көшпелі өмір салтын арқау еткен ата-бабаларымыздың неден, не себепті сақтану, тыйылу жөніндегі тәжірибесі барған сайын молығып, табиғи құбылыстардың себеп-салдарлық қатынасы жайлы логикалық түсінігі тіпті де тереңдей түсті. Сөйтіп, нақтылы өмір талабымен саналы түрде санасуға бейім, әлеуметтік заңды мәнге ие көптеген жаңа тыйымдар пайда болды да, адамдардың ендігі ұстанымы рухтар емес, ақ-қара, пәк-күнә, обал-сауап категориясы негізінде өрбіді [3]. Қысқасы, тыйым қалыптасуындағы мифтік-діни сипат бара-бара көмескі тартты да, оның орнына нақтылы өмір талабынан туындаған тыйымдар келді. Десе де ата-бабаларымыз тарихта түрлі себептерге байланысты ілгерінді-кейінді зороастризм, мәнихеи, будда, несториан және ислам діндеріне сенді. Бұл діндердің діни уәжіптері уақыт оза келе, ұлттық салт-дәстүрімізге ауысып, қазақ тыйымдарының құрамдас бөлгі ретінде қалыптасты. Алайда бұл тыйымдардың негізі де ұлттық салттағы дүниетаныммен ұштасып жатты.

Қорытып айтқанда, қазақ тыйымдары өркениет үрдісінің әр кезеңінде ұдайы толығып, сараланып, кемелденіп отырумен бірге, ұлттық тұрғыда барлығына ортақ, адам мен табиғат, адам мен адам, адам мен қоғам арасындағы қатынастарды реттеп, сол арқылы қоғамдық тәртіпті сақтап, жарастықтың орнауына қызмет ететін, тежеп-шектеу күшіне ие, әлеуметтік қағида-ереже болып қалыптасты. Тыйымды қоғамдағы адамдар барлығы қатаң сақтауы, бұлжытпай атқаруы қажет, олай болмағанда, өздері өмір сүріп отырған қоғамдық-әлеуметтік өмірдің талғам-талабымен санаспағандық болып есептеледі.

Адамдар тыйымды бала кезден бастап естіп, үйреніп біледі, әрі өле-өлгенше орындауға міндетті болады.

Қазақ тыйымға бай халық. Әдетте қазақ тыйымдары мазмұнына қарай наным-сенімге және салт- дәстүрге байланысты тыйымдар деп екі үлкен салаға бөлінеді. Наным-сенімге байланысты тыйымдар өз ішінен ие-киеге байланысты тыйымдар, табиғатқа байланысты тыйымдар, тотемге байланысты тыйымдар, ата-бабаға, аруаққа байланысты тыйымдар, тағдырға байланысты тыйымдар деп бөлінеді.

Ал салт-дәстүрге байланысты тыйымдар өз ішінен күнделік тұрмысқа байланысты тыйымдар, жол-жосынға байланысты тыйымдар, түрлі кәсіпке байланысты тыйымдар, зат-құбылысқа байланысты тыйымдар, дене мүшелеріне байланысты тыйымдар, сөз-қимылға байланысты тыйымдар деп бөлінеді. Демек, тыйым сөздер сөз-қимылға байланысты тыйымдарға жатады.

Қазақ халқы ежелден-ақ табиғатты аялай білген. Көшпелі өмір салтын ұстанған ата-бабаларымыз табиғатпен біте қайнасып, табиғат сырын терең ұғынған. Табиғатты бүлдірмеген, қайта оны қолынан келгенше сақтауға тырысқан. Сол сияқты, суға қатысты әртүрлі ырымдар мен тыйымдар күнделікті тұрмыс-тіршілікте айтылып отырған. Соның ішінде су тазалығына аса мән берген. Мәселен, суға түкірме, себебі бұл суды өзің қайта пайдаланасың. Су ішкен құдығыңа түкірме деген нақыл сөз содан қалса керек. Адамның өмірі үшін судың ластанбай, таза болуы аса маңызды. Ал, ағын суларды бөгеуге және бұруға болмайды деп қатаң тыйым салған[4].

Қазақ баласына бастау басы мен бұлақ қасына дәретке отыруға тыйым салған. Себебі, тіршіліктің көзі – су деп есептеген. Барлық нәрсенің киесі бар және сол киесі атады деп сенген.

Өзен бойына барғанда төніп, етбетінен жатып ішуге болмайды деген сияқты көптеген тыйым сөздерді де бекер айтпаса керек. Әрбір тыйым сөздің өзіндік маңызы мен тәрбиесі болған.

Қазақ халқы жерді де қалай болса солай пайдаланбаған. Жерге де қатысты өзіндік тыйымдар болған. Мысалы, ешқандай қажеттіліксіз, себепсіз жер шұқып, жер қазбаған. Олай істеуді, яғни, еш себепсіз жер шұқуды өліммен байланыстырып, жаман ырымға балаған. Оны теріс қылық деп есептеген.

Қазақ халқы табиғатты сондай аялаған және қоршаған ортасының үнемі сондай ғажайып күйде болуын мақсат еткен. Сол себепті де, табиғатқа зиян келтіретін тұстарды қашанда назарда ұстаған және ескертіп, тыйып отырған. Әр қазақ білетін көкті жұлма, көк жұлсаң – көктей ораласың, қарғыс атады деген тыйымдар ешқашан маңызы мен мәнін жойған емес.

Жапан даладағы жалғыз ағашты кестірмей, оған зиян келтірмеуінің де өзіндік себептері болған. Бұлай істесең, жалғыздыққа алып келеді деп тыйып, табиғаттың тылсым күшін түсіндіріп және әрқашан табиғатты қорғауға тәрбиелеген.

Қазақ баланы әдемілік пен әсемдікке тәрбиелеу үшін, оған айналасындағы әсемдікті сезіндіре білген. Бала жастайынан табиғаттың сұлулығын сезініп, талғампаздықты үйренеді. Тіпті, ұшқан құстың әрқайсына қамқорлық жасап, мейірімділік танытқан. Қарлығашты бақыттың бастамасы, аққуды әдеміліктің символы деп бағалаған. Бұлардың барлығы табиғатпен етене байланысты және балаға рухани азық болып, оны рухани байытады деп есептеген.

Ата-бабаларымыз малды тепкізбеген. Қойдың сүті қорғасын, қойды тепкен оңбайды деген, құты қашады деп малды басқа ұрғызбаған, балағаттамаған. Сиыр мен қойдың желіні ісіп кетеді деп төгілген сүтті аяққа басқызбаған.

Құстар – біздің досымыз деп, оларға аса мейірімділік танытқан. Сондай-ақ, құстарға да қатысты ырым-тыйымдарды көптеп пайдаланған. Бетіңе шұбар түседі деп құстардың жұмыртқасын жарғызбаған. Қыран құстарды атуға болмайды, егер атса киесі тиеді, обал болады деп ежелден шектеген. Ал, қарлығаш құсты адамның досы деп бағалаған. Егер,

қарлығаш киіз үйдің шаңырағының шандуында ұя салса, балапандары ұшып кеткенше көшпей отырған. Осындай ырым-тыйымдардан байқайтынымыз, қазақ халқы қашан да табиғатқа жылылықтары мен аялы сезімдерін арнап, оның байлықтарын ұқыпты пайдалануға тырысқан.

Осындай басқа да көптеген ырым-тыйымдар баланың дүниетанымы мен санасына ықпал етеді. Оның қоршаған ортада жақсы тәрбиеленуіне, жаман әдет пен жағымсыз іс-әрекеттерден аулақ болып, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіруге, жанашырлық пен мейірімділік сынды адами қасиеттерді бойына сіңіріп, дарытуға ықпал етіп, көмектесетіні анық. Халықтың педагогикалық тәрбие құралдары мен тыйымдарын жүйелі түрде пайдаланып, сөзіміздің қадірін арттыру өз қадірімізді арттырумен бірдей.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. С.Н.Глазачев, И.А.Редковец, Г.С.Макарова «О целостной мотивации и ведущих мотивах экологического самообразования учителя и студента» // Экологическое воспитание и образование при подготовке. Сб. Науч. Брошюр. Волгоград, 1983.
2. Қазақ грамматикасы. – Астана: ҚҒА. А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты.
3. Ә.Болғанбайұлы, Ғ.Қалиұлы «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» – Алматы: Санат
4. Ә.Қайдар «Халық даналығы» - Алматы: Толғанай Т, 2004.

ӘОК 331.36

СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Г.К.Айжанова п.ғ.к., доцент

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

А.С.Тоқтарбай «педагогика және психология» мамандығының 2-курс магистранты

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

Аннотация

Статья посвящена проблеме формирования ценностных ориентаций студентов в современном обществе. Рассматриваются основные компоненты ценностных ориентаций, определяется место ценностных ориентаций в структуре личности. Раскрываются особенности ценностных ориентаций студентов и сущность профессиональных ценностных ориентаций.

Ключевые слова: ценности, ценностные ориентации, личность, студенты, образование, профессиональные ценностные ориентации.

Abstract

The article is devoted to the problem of forming students' value orientations in modern society. The main components of value orientations are considered, and the place of value orientations in the personality structure is determined. The features of students' value orientations and the essence of professional value orientations are revealed.

Key words: values, value orientations, personality, students, education, professional value orientations.

Қазіргі күрделі әрі өзгермелі заманда құндылықтар жүйесінің алатын орны ерекше. Құндылық бағдарын қалыптастыру мәселесі көптеген ғасырлар бойы өзекті болып келеді. «Құндылық» категориясының өзі аксиологияда маңызды, пәнаралық ұғым болып табылады. Құндылық бағдарлары арқылы біз адамның өмірлік мақсаттарын, ұмтылыстарын, тілектерін, қажеттіліктерін түсінеміз.

Адамның құндылықтары мен құндылық бағдары көптеген философтардың, психологтардың, педагогтардың, әлеуметтанушылардың еңбектерінде қарастырылды. Философия ғылымы «құндылық бағдарлары» ұғымына тек XX ғасырдың 70-ші жылдардың ортасы - 80-жылдардың басында келеді. Философтар құндылық бағдарларының негізгі мазмұнын атап көрсетеді: адамның саяси, философиялық, адамгершілік сенімдері, терең және тұрақты байланыстары, мінез-құлықтың моральдық принциптері [1].

Құндылық мәселесінің әртүрлі аспектілерін шетелдік ғалымдар зерттеген болатын. Мысалы, құндылық бағдарларын қалыптастыру мәселесі бойынша М.В. Богуславский, Е.В. Бондаревская, В.И. Додонов, И.Ф. Исаев, И.Б. Котова және т.б. зерттеді [2,3].

Жеке тұлғаның құндылық бағдарының әлеуметтік, адамгершілік, ұлттық мәдениеттің қалыптасу мәселелері қазақ ағартушылары Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаев, Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсыновтардың еңбектерінде зерттелген. Сонымен қатар, Г.Ж. Нұрышева, Г.К., Нургалиева, Т.Қ. Ғабитов сынды ғалымдарымыздың ғылыми еңбектерінде жан-жақты қарастырылған.

Осы талаптарға орай бүгінгі күні оқу мен тәрбие жүйесі оқушының ішкі мүмкіншіліктерін дамытуға бағытталып отыр. Осыған орай, жаңартылған үлгілік оқу бағдарламасында оқу процесі оқушылардың пән салалары бойынша білім мен біліктерді саналы түрде меңгеруі үшін әр пәннің әдістемелік әлеуетін пайдалануға, оқу, жоба, зерттеу іс-әрекеттері тәсілдерін меңгеру арқылы дербестігін дамытуға, әлеуметтік-мәдени кеңістікте өз орнын таба білуі үшін қажетті біліктерді меңгертуге бағытталуы қажеттігі атап көрсетілген [3,1]. Мұның өзі оқыту үдерісіне жаңа міндеттер жүктейді, оқушының оқу әрекетін қалыптастыру үшін оларға берілетін білімді өздіктерінен саналы түрде меңгертуге бағытталған жұмыстар жүргізілуі қажет.

Бастауыш сыныпта сөз таптарын жаңартылған білім мазмұны аясында оқыту – өзекті мәселенің бірі. Өйткені сөз таптарын оқытудың басқа тілдік бірліктерден бөлек өзіндік ерекшелігі бар, олардың түрлену жүйелері де әр басқа. Бұған қоса сөз таптары бастауыш сыныпта елеулі орын алатындықтан, бұл тақырыптың аясында оқушының сөздік қорын дамыту мүмкіндігі мол.

Грамматика – мектептегі қазақ тілі курсының ең көлемді және маңызды бөлімі. Олай дейтініміз: дәл осы грамматика тілдің пайданылу заңдылықтары мен қолданылуын ісжүзінде көрсетеді. Осыған орай грамматикалық ұғымды бастауыш сынып оқушыларына қандай бағытта оқыту керектігі туралы пікірталастар, түрлі көзқарастар бірнеше жыл бойы жалғасып келгені белгілі.

Грамматиканың бір саласы – морфология. Морфология сөз таптарын қарастырады. Сондықтан, ең алдымен, сөз таптары туралы түсінік беріп өткен жөн.

Тіл білімінде сөз таптарының табиғаты жөнінде әртүрлі көзқарастар мен байымдаулар кездеседі. Олардың бірі сөз таптары сөздердің лексико-грамматикалық болып саналады десе, екіншілері сөз таптары сөздердің формалды-грамматикалық категориялары, ал үшіншілері сөздердің таза грамматикалық тобы екенін айтады. Сөз таптарын сөздердің лексико-грамматикалық категориялары деп қарайтындар сөздер семантикалық, морфологиялық және синтаксистік белгілері бойынша топталып, белгілі бір сөз табын құрайды деп санайды. Мәселен, А.А.Шахматовтың пікірі бойынша, әрбір сөз табының мағынасы сөздің негізгі мағынасы мен оған қосымша грамматикалық категориялардың жиынтығынан тұрады.

Тіліміздегі сөздердің сөз таптарына топтастырылуы мынадай үш ұстаным негізінде жүзеге асырылады: а) семантикалық ұстаным, ә) морфологиялық ұстаным (сөздердің түрлену жүйесі), б) синтаксистік ұстаным (сөздердің сөйлемде белгілі бір қызмет атқаруы).

С.Исаев семантикалық ұстанымды лексикалық емес, грамматикалық семантикалық деп көрсетеді. Сонымен қатар «ең басты грамматикалық ұғымдарға грамматикалық мағына, оның берілу тәсілінің бір түрі грамматикалық форма және осы екеуінің жүйелі жиынтығын құрайтын грамматикалық категория дегендер енеді», – деп түсіндіреді [4, 291].

Бастауыш сыныптарда грамматиканы, соның ішінде морфологияны оқытуда оқушылардың ойлау қабілетін дамыту туралы мәселелер әр кездерде ғалымдардың, әдіскерлердің еңбектерінде қарастырылған. Нақты айтқанда, грамматиканы оқыту мәселелері Ш.Сарыбаевтың, Ғ.Бегалиевтің, С.Жиенбаевтың, А.Ысқақовтың, С.Рахметованың, Ә.Алдамұратовтың, К.Ахановтың, Р.Құтхожиннің, Б.Кәтенбаеваның, Ж.Нұржанованың, А.Исабаевтың, Қ.Қасабекованың еңбектерінде әр қырынан сөз болған.

Ш.Сарыбаевтың "3 кластың Қазақ тілі оқулығына методикалық нұсқаулар» атты еңбегінде зат есімнің тәуелдік жалғауын оқыту туралы ол былай деп жазады: «*Тақтаға кітап – кітабым, кітап – кітабың, кітап – кітабы, парта – партасы* деген сияқты бірі тәуелді, бірі тәуелсіз түбірлес екі сөз жазылады. Мұғалім тақтадағы мысалдарды көрсете тұрып, былайша түсіндіреді: кітабым десем, кітап менікі болады, аяғындағы **-ЫМ** қосымшасын алып тастап кітап десем, кітап ешкімдікі болмайды. Сүйтіп, **-ЫМ** қосымшасы менікі деген мағынаны білдіреді. ...Тәуелдік жалғаулардың қалғандарын да осы жолмен түсіндірсек: **-м** – менің деген мағынаны, **-ң** – сенің деген мағынаны, **-ы (-ыңыз)** – сіздің деген мағынаны білдіретін болып шығады [5, 46, 47]. Мұнда автор тәуелдік жалғаулары *менің (біздің), сенің (сіздің, сендердің), оның (олардың)* деген мағыналарда жұмсалатынын тайға таңба басқандай айқын аңғартқан десек болады.

«Шылаулар мен шылау тұлғалас қосымшалардың жазылуы» тақырыбын оқушыларға меңгертудің де өзіндік қиындықтары бар. Осыны Ш.Сарыбайұлының жеңіл түрде түсіндіреді. Бұл үшін ол: «Тақтаға Тауда, қырда кең жайлау бар деп жаздырады. Мұғалім бұл *тауда* деген сөз бен *қырда* деген сөздің сұраулары *қайда?* екендігін байқатады. Тағы бір оқушыға Тау да, қыр да кең жайлауға айналды деп жаздырады. Бұл сөйлемдегі тау да мен қыр да-ның сұрауы қайда еместігін ескертеді. Қай *да*-ның бірге, қай *да*-ның бөлек жазылатынын әлгідей сұрау арқылы білдіреді» [5, 52]. Демек, қайда? сұрағына жауап берсе, бірге жазылады; ал егер қайда? сұрағына жауап бермесе, бөлек жазылады деп түсіндірген қолайлы екен.

Ғ.Бегалиев бастауыш мектепте грамматиканы оқытуда негізінен индуктив және дедуктив методтар қолданылатынын айтады. «Бірінші методты қолданғанда, мұғалім ең әуелі жеке-жеке грамматикалық фактыларды талдатады, фактыларды байқатып, салыстыру жұмысын жүргізеді. Содан кейін анықтама я қорытынды жасайды. Дедуктив методта жаңа форманы мұғалім өзі көрсетеді, оның белгілерін – ерекшеліктерін көрсетеді, анықтамасын өзі айтып түсіндіреді. Содан кейін сұраулар қойып жаңа тақырыпты оқушылар қаншалықты ұқанын тексереді, мысалдар тапқызады», – дейді [6].

С.Жиенбаев «Қазақ тілі методикасы» деген еңбегінде догматикалық әдіс, бақылау және тексеру әдістеріне тоқталады. «Құбылыстың ішкі мәнісіне көңіл бөлмей, тек сыртқы форма жағын мазмұндап және айтқанымызды дәлелдемей кете берсек, онда догматизм жолымен жүрген боламыз», - дейді. Осындай жағдайдан сақтандырады. Мысал келтіреді: «Қазақ тілінде жеті түрлі септік жалғау бар: атау, ілік, барыс, табыс,... Атаудың арнаулы жалғауы болмайды, ілік жалғауда сөздің аяғында –дың, -ның, -тың қосылады. Барыс... -ға, -қа.-ке...Мысал: Атау-бала

Ілік-баланың ...».

Сабақты бұлай жүргізу құбылыстың мәнін түсіндірмей, құр атын атап беру болып табылады, яғни догматикалық әдіс қолданғандық болады, – деп түсіндіреді [7]. Септік жалғауларының атқаратын қызметіне назар аударып, соны түсіндіру қажеттігін айтады.

Жоғарыдағы ғалымдардың әдістемелік ой-пікірлері М.Балақаев [8], Р.С.Әміров [9]., С.Рахметова [10], С.Қазыбаев [11]., Г.И.Уайсова [12] тағы басқалардың еңбектерінде жалғасын тапты.

Бүгінгі күні сөз таптарын жаңартылған мазмұнда оқыту үшін жоғарыдағы әдістемеші ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыруға баса назар аударуымыз қажет.

Сөз таптары жаңартылған білім мазмұны аясында қарастырылуындағы бір ерекшелік – мұнда тілдік білімнің лексикалық тақырыптар аясында берілуі. Төменде сол лексикалық тақырыптарды кестеде көрсетіп отырмыз.

«Қазақ» оқулықтарындағы лексикалық тақырыптар

| Р/с | 2-сынып | 3-сынып | 4-сынып |
|-----|--------------------------------|--------------------------------|--------------------------|
| 1 | Өзім туралы | Тірі табиғат | Менің Отаным – Қазақстан |
| 2 | Менің отбасым және достарым | Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен | Адами құндылықтар |
| 3 | Менің мектебім | Уақыт | Мәдени мұра |
| 4 | Менің туған өлкем | Сәулет | Мамандықтар әлемі |
| 5 | Дені саудың – жаны сау | Өнер | Табиғи құбылыстар |
| 6 | Салт дәстүр және ауыз әдебиеті | Атақты тұлғалар | Қоршаған ортаны қорғау |
| 7 | Қоршаған орта | Су – тіршілік көзі | Ғарышқа саяхат |
| 8 | Саяхат | Демалыс мәдениеті. Мерекелер | Болашаққа саяхат |

Демек, әр сыныпта (2-сыныпта: сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) ажырату; зат есімнің жалпы және жалқы түрлерін ажырату, жалқы есімнің жазылу емлесін сақтау; дара және күрделі зат есім/сын есім/сан есім/ етістікті ажырату. 3-сыныпта: сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табу; негізгі, туынды зат есім/сын есім/етістікті және болымды, болымсыз етістікті ажырату; есептік және реттік сан есімдерді анықтау. 4-сыныпта: зат есімді септеу, тәуелдеу емлесін білу, жіктеу есімдіктерін септей алу; үстеуді мағынасына қарай ажырату, етістікпен байланыстырып, сөйлемде қолдану; сөз таптарының сөйлемдегі қызметін анықтау; сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын шылауларды (және, себебі, мен, пен т.б.)

қолдану; сөйлемдегі одағай, еліктеуіш сөздерді ажырату және қолдану; етістікті тиісті шақта (өткен шақ, келер шақ, осы шақ) қолдану) өтілетін тілдік материалдар жоғарыда көрсетілген лексикалық тақырып аясында және оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыруға бағытталып оқытылады. Бұл үшін бағдарламада берілген лексикалық тақырыптарға сай мәтін таңдалып алынады, сол мәтін мазмұны бойынша тілдік дағды (айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылым) қалыптастырылған тапсырмалар орындалады. Мәселен, 3-сыныптағы «Атақты тұлғалар» бөлімінде Дина Нұрпейісова жайлы мәтін берілген. Сол мәтінді оқушылар тыңдайды, содан соң мынадай тапсырмалар орындайды:

- Мәтінде кім туралы айтылған? Дина туралы білетініңді айт.
- Мәтіндегі мақалды көшіріп жазып, етістіктің астын сыз.
- Мәтінге сүйеніп, өнер адамы қандай болу керектігі туралы нұсқаулық жаз.

Осындай үлгідегі тапсырмалар бұрынғыдай тілдік ұғымдарды жалаң түрде меңгертпей, мәтін негізінде оқушылардың сөйлеу дағдыларын және ойлауын жетілдіреді. Бұл ретте грамматикалық ұғымдарды меңгеру үшін түсіндіргенді қайталап айтып беруге (репродуктивті) баулу әдісін пайдалануға болмайтынын ескеру дұрыс. Сонымен қатар тілдің тек қоғамдағы қарым-қатынас жасау құралы ғана емес, адамның ойлау қабілетімен тығыз бірлікте дамиды таным құралы екендігіне назар аударылуы тиіс. Бұл оқыту үдерісіне жана міндеттер жүктейді, оқушының оқу әрекетін қалыптастыру үшін оларға берілетін білімді өздіктерінен саналы түрде меңгертуге бағытталған жұмыстар жүргізілуі қажет.

Сөз таптарын оқыту барысында оқушылардың тілдік дағдыларын, әсіресе, жазылым және оқылым дағдысын қалыптастыруға баса назар аударылды. Бұл үшін арнайы тапсырмалар ұсынылды.

1. Етістік сөздерді қатыстырып сөйлем құра.

Қайрады, саптадым, түтті, тарқатты.

2. Сызба бойынша сөздер құра.

□□□. □□

3. “Менің анам” тақырыбына әңгіме жаз.

4. Жұмбақты аяқта. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қой.

Жерде жатып,

Күз түскенше

Үндеместен,

Су беріндер

(желіндейді, желінбейді, төлдеп жатыр, шөлдеп жатыр)

4. “Менің арманым” тақырыбына әңгіме жаз.

5. «Сөздерді тап» ойыны алдын-ала дайындалған сөздер қима қағаздарға жазылып таратылады. Әр оқушы сөздің ішінен сөздерді табу керек. Бұл ойынға оқушылардың мүмкіндігіне қарай 5-6 минут беріледі.

Қызметкер— қыз, қызмет, кеме, теке, етек;

Алдараспан – ал, аспан, нас, рас, пана, сана, дара, ара, сал, дала;

Танертең – таң, аң, ер, ерте, ертең, тең;

Астана – ас, тана, тас, сана, аса, ана.

6. Берілген мәтіндегі сөздердің қандай сөз табына жататынын ажыратындар.

Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі - көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші — сол нәрсені естігенде я көргенде гибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші — сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші - ой кеселі нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я

бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер.

(А.Құнанбайұлы, 31-қара сөзі)

7. Төменде берілген әріптерден комбинация әдісімен кем дегенде 10 сөз (зат есім болсын) тауып жаз.

Т, Ж, А, Н, Р, Қ, У.

Сөз таптарын оқыту арқылы оқушыларға тілдің морфологиялық жүйесінен алғашқы ұғым беріледі, соның негізінде олардың сауатты жазу дағдылары қалыптастырылады. Сол себепті бастауыш сыныпта сөз таптарын оқытудың маңызы өте зор. Сөз таптарын оқыту арқылы шәкірттердің сөздік қорларын байытып, байланыстырып сөйлеуін жетілдіруге болады, сонымен қатар пәнішілік интеграцияны да іске асыру мүмкіндігі мол. Аталған тақырыпты оқып-үйрену барысында оқушылар заттың атын білдіретін сөздермен заттың сынын, қимылын білдіретін сөздерді мағыналық реңктеріне сай байланыстыруды үйренеді.

Сөз таптарын оқыту барысында оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін дамытатын, ойын элементтерімен байытылған практикалық жұмыстар орындатудың маңызы зор.

Сөз таптарын жаңартылған білім мазмұны аясында оқыту мұғалім мен оқушының арасында гуманистік қарым-қатынастың орнауына, өзара ынтымақтастық пен сыйластықты қажет ететін субъект-субъектілік қарым-қатынаста білім алуға және білімді шәкірттердің саналы түрде ұғынуына мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы». - Астана, 2011.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2016. [adilet.zan.kz > kaz > docs](http://adilet.zan.kz/kaz/docs)
3. Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған "Қазақ тілі" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде).–Астана, 2018
4. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. -Алматы, «Ана тілі», 1992
5. Сарыбаев Ш. 3-класстың «Қазақ тілі» оқулығына методикалық нұсқаулар. -Алматы, Қазмембаспасы, 1956.
6. Бегалиев Ғ.Бастаушы мектепте қазақ тілі методикасының мәселелері. -Алматы, ОПБ, 1950
7. Жиенбаев С. Қазақ тілінің методикасы. -Алматы, 1946
8. Балақаев М. II класта қазақ тілін оқыту//Бастауыш кластарда қазақ тілін оқыту методикасы. -Алматы, «Мектеп», 1987. -35–49 б.
9. Әміров Р.С.III класта қазақ тілін оқыту// Бастауыш кластарда қазақ тілін оқыту методикасы. -Алматы, «Мектеп», 1987. -49–70 б.
10. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. –Алматы: «Рауан», 2016.-224 б.
11. Қазыбаев С. Бастауыш кластарда қазақ тілін оқыту. Алматы, 1985.
12. Уайсова Г.И. Бастауыш кластарда морфологиялық ұғымдарды оқыту. Алматы, «Рауан» баспасы, 1994. -108 б.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Қаптағай Айгерим¹, А.С.Амирова²

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2 курс магистранты
Алматы қ., Қазақстан.

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
п.ғ.д., профессор.

Түйін сөздер: құндылық, адамгершілік құндылық, жалпы адамзаттық құндылық, ұлттық құндылық, еңбексүйгіштік, патриотизм, адам құқықтары.

Ключевые слово: ценности, моральные ценности, общечеловеческие ценности, национальные ценности, трудолюбие, патриотизм, права человека.

Key words: values, moral values, universal values, national values, industriousness, patriotism, human rights.

Қазақстан Республикасы ұлттық саясатының тұжырымдамасында: «...еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігін, саяси және экономикалық дамуының тірегі болатын ұлттық құндылықтар мен ұлттық мұраттарды бойына сіңірген патриоттық рухтағы білімді жаңа ұрпақ тәрбиелеу, ғылымды жан-жақты дамыту [1, 4б]. Бұл өз кезегінде ұлтымыздың болашағы бүгінгі жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықты қалыптастыру қажеттігін көрсетеді, ал оны бастауыш сыныптағы тәрбие жұмысынан бастау керектігі басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Тәрбие жұмысы негізінде бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылығын қалыптастыру үшін ұсынылған нұсқаның негізі тәрбиешінің көмегі арқылы оқушылармен және сынып жетекшісінің тәрбие сағаттарында субъектілік қатынастары ұлттық құндылығын қалыптастыруға негізделеді.

Бірінші, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға негізделеді.

• «*Эстафета*». Педагог бұл жарысқа әртүрлі топтағы оқушылардың араласуын (қатысуын) қамтамасыз етеді. Мысалы: 100 метрге жарыс.

• «*Өзара көмек*». Ортақ іс-шараның табысты болуы оқушылардың бір-біріне өзара көмек көрсетуіне байланысты. Мысалы: Үлескідегі еңбек, гүлзарларды суару, тазалау, түптеу т.б.

• «*Ең үздік дегенге көңіл бөлу*». Мұғалім оқушылармен қарым-қатынас барысында олардың әрқайсысының жақсы тұстарын айту қажет. Бірақ оның бағалауы объективті және нақты фактілерге негізделуі тиіс. Мысалы: Үлгілі, тәртіпті оқушының мінез-құлқындағы жағымды жақтарын келтіру. Достарымен тіл табысуы, кез келген жағдаятта көмекке келу, үлкендермен қарым-қатынас, кішіге қамқорлық көрсетуі және т.б.

• «*Стереотиптерді бұзу*». Қарым-қатынас барысында мұғалім оқушының санасына адамдардың көпшілігінің пікірі үнемі дұрыс бола бермейді дегенді ұқтыру қажет. Мұндай әңгімені талдаудан бастаған жөн, мысал ретінде «Кім миллионер болғысы келеді?» ойынындағы зал көмегінің үнемі дұрыс шықпайтынын алуға болады.

• «*Өзі туралы әңгімелер*». Егер мұғалім оқушылардың бірін-бірін жақсы тануы үшін, бірін-бірі дұрыс түсінгенін қаласа осы әдісті падаланады. Әркім өзі туралы қысқаша

әңгімелеп береді немесе достарының көмегімен шағын қойылым қояды. Мысалы: «Мен және достарым».

• *«Ереже бойынша араласу»*. Ұжымдық тапсырманы берерде алдын-ала ережелер бекітіледі, оқушылардың өзін-өзі ұстауы және ұжымда бір-бірімен араласуы, қандай жағдайда сын айтуға болады, қай кезде және қандай тәртіппен өзгертулер мен толықтырулар енгізуге болады. Мұндай ережелер топ ішінде өзара кикілжіңнің алдын алады және барлық қатысушылардың «мәртебесін» қорғайды. Мысалы: "Өміршендік ережесі" тренингі. (Балалар хормен айтады. Соңында балалар бір-біріне осы қамияттердің біреуін тілеуі қажет).

1. *Жігер деген-Мен*
2. *Күш деген-Мен*
3. *Махаббат деген-Мен*
4. *Кешірім деген-Мен*
5. *Ақ көңіл деген-Мен*
6. *Білімді оқушы деген-Мен*
7. *Жастық шақ деген-Мен*
8. *Денсаулық деген-Мен*
9. *Адалдық деген-Мен*
10. *Жарқындылық деген-Мен*
11. *Бар ғажайып деген-Мен*

Хормен: *Бәрі маған байланысты, Бәрі менің қолымда.*

• *«Жалпы пікір»*. Оқушылар әр түрлі адамдармен өз ойын тізбек бойынша жеткізеді: біреуі бастайды, екіншісі жалғастырады, толықтырады, нақтылайды. Қарапайым ойлаудан (пікірталасқа барлық қатысушылардың қатысуы маңызды) аналитикалық ойлауға, одан кейін тиісті шектеулерді (талаптарды) енгізу арқылы проблемалық мәлімдемелерді шешуге тырысады. Мысалы: "Салауатты өмір салтын ұстану-денсаулықты сақтайды" тақырыбындағы бір минуттық ой бөлісу. Топтағы әр оқушы аталған тақырыпта бір минут тоқтамай сөйлеуі қажет.

• *«Көзқарасты түзету»*. Бұл әдіс қатысушылар арасында түрлі өзгерістерді енгізу барысында, белгіленген рөлдерді өзгерту кезінде, қатысушылар арасында кикілжің пайда болған кезде қолданылады (қосымша сұрақ, бастапқы ойға оралу, жеке әрекеттерді еске салу т.б.). Мысалы: "Бағдаршам" әдісі. Бұл әдіс арқылы балалар кикілжіңнің орын алу себептерін анықтап, оны жобдың жолдарын ұсынады. Қызыл түс- себебін анықтап айту.

Сары түс- пайда болу себептерін анықтау. Жасыл түс – проблеманы жою жолдары немесе жақсы қарым-қатынас орнату жолдарын ұсынып, соны орындау.

• *«Әділ бөлу»*. Бұл әдіс барлық оқушылар үшін теңдей жағдаят жасауды қалыптастырады. Бұл әдіс мынадай жағдайларда қолданылады: агрессивті оқушылардың шабуылдары екінші топ оқушыларының бастамасы мен қалауын басып тастаған кезде. Мұндағы басты мақсат әр топ оқушыларының бастамаларының тең дәрежеде болуы. Мысалы: *«Мизансцена»*. Бұл әдістің мақсаты қарым-қатынас барысында сыныптағы оқушыларды бір-бірімен белгілі бір комбинацияда орналасуын қадағалау. Сол арқылы оқытушы тарапынан берілген жаттығуларды әр кезеңде оқушылардың бірігіп орындауы. Мысалы: *«Сіз балға барасыз ба?»*

Барысы: Жүргізуші санақ жүргізеді:

«Иә» және «жоқ» деп айтпандар, қара-ақ деп атамаңдар,

Мысалы: Сіз балға барасыз ба?

Оның міндеті - ойыншыны шатастыру.

Ойыншының міндеті - "иә", "жоқ", "қара", "ақ" деген сөздерді пайдаланбай сұрақтарға жауап беру. Қарапайым және күрделі сұрақтарды араластыру, сөйлеу мен интонацияны өзгерту.

Бұл қалыптан тыс ойлай білу, өз сөзін қадағалау, назар аудару білу және қалыптасқан жағдайдан шығуды тез табу қабілеттерін дамытады.

Екінші, сынып жетекшісі мен оқушы арасындағы диалогтың ұйымдастырылуына байланысты. Оқушының маңызды мәселесін шешуге мұғалімнің ықпалы. Мұндай диалогта келесі іс-шараларды ұйымдастырды мақсат етіп келесі әдістемені даярладық.

• *«Рөлдік маска»*. Балаларға басқа адамның рөліне кіруге және өз атынан емес өзгенің атынан сөйлеуге мүмкіндік беріледі. Мысалы: "Жолды тап" ойыны.

Ережесі: Ойыншылар өзара 2 адамнан топқа бөлінеді. Біреуі - бағыттаушы, екіншісі – жолаушы. Жолаушының көзін шүберекпен байлаймыз. Жолаушы жолды бастамас бұрын, бағыттаушы оны қалай бағыттайтынын айтады. Мысалы, оңға деген сөздің орнына шапалақ, алға деген сөздің орнына “мяу-мяу” және т.б. Жолаушының көзі байланғаннан кейін жерге А4 арақтарымен жол сызу.

Осылайша жолдың басынан аяғына дейін бағыттаушы арнайы бағыттау сөздері арқылы жолаушының жолдың соңына дейін жетуіне көмектеседі.

• *«Іс-әрекеттің дамуын жобалау»*. Қарым-қатынас барысында сынып жетекшісі осы немесе өзге жанжалды жағдайдың басқаша өрбуі туралы айтады. Осы жағдайда дұрыс жол іздестіріледі.


• *«Еркін тақырыпта импровизация»*. Оқушылар өздеріне қызықты және сол аяда білімдері жоғары тақырып таңдайды, іс-әрекетке жаңаша баға беріп, оқиғаны жаңа көзқарас тұрғысынан талдайды. Мысалы: "Менің атым – Аружан. Мен бақыттымын, себебі..." жалғастыру.

• *«Қарама-қайшылықтардың әсері»*. Белгілі бір сұрақ аясында оқушылардың пікірі екі жақты болады, ол шығармашылық тапсырманы орындаған кезде, екі жақты талқылау кезінде көрініс табады. Қабылдау пікірталастардағы сәйкессіздіктердің нақты шектелуін, пікірталастың басты бағыттарын белгілеуді көздейді. Мысалы: «Пантомимо». Оқушылар топтарға бөлінеді. Әр топқа, мысалы: достық, қамқорлық, сыйластық, сүйіспеншілік деген секілді тақырыптар беріледі. Әр топ музыканың сүйемелдеуімен өздері құрастырған сюжетті көрсетеді. Соңынан тапсырмалардың мазмұны ашылған соң, олар берілген сұрақтарға жауап дайындап, қысқаша мәтіндер құрастырады.

• *«Қарсы сұрақтар»*. Оқушылар екі топқа бөлініп, бір-біріне қарсы сұрақтар дайындайды. Қойылған сұрақтар мен жауаптар кейін ұжымда талқыланады. Әр сынып жетекшісі өзіне тән, өзінің мінез-құлқына, темпераментіне, өмірлік және педагогикалық тәжірибесіне сай педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдана алады. Мысалы: «Серпілген сауал». Бір бала келесі баланың атын атап, оған өз сауалын жолдайды. Ол бала жауап береді және өз сұрағын келесі балаға жолдайды.

Осы топтың «әдістері» оқушының тұлғасы үшін норма болуы тиіс мінез-құлық әдеттерін дамытуға бағытталады. Бұл әдістер күнделікті тұрмыстық-тәжірибелік салаға байланысты және олар баланың өзіндік әлеуметтік тұлғаның жеке тұлға болып қалыптасу қасиеттерін дамытуға бағытталады.

Тәрбиелеу жұмыстарының барлық формаларын іс-шаралар деген жалпы терминге біріктіруге болады, іс-шаралар – бұл тұлға мен ұжымға тікелей тәрбиелік әсер ететін, мақсатты, мазмұнды және ұйымдастырушылық бірлікпен сипатталатын, тәрбиелу үдерісінің бір бөлігі ретінде байқалатын, нақты тәрбиелік іс-әрекеттер.



Сурет –2–Тәрбие жұмыстарының формалары

Зерттеу тақырыбы бойынша эксперимент жұмысы Алматы қаласы Әуезов ауданы №124 және №42 мектептерінде ұйымдастырылды. Экспериментке барлығы 102 оқушы қатысты. Бірінші кезеңде бастауыш сыныптағы тәрбие жұмысы негізінде оқушылардың ұлттық құндылығын қалыптастыратын материалдарды пайдаланудың деңгейі анықталды.

Берілген деңгейлер бойынша арнайы сауалнама-тест даярланып, тәрбие үдерісінде оқушылардың тәрбие сағаттарына, тәрбиелік іс-шараларына қатысуын тексеру барысында бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылығын қалыптастырудың қазіргі жағдайы анықталды.

Зерттеу жұмысымыздың анықтау эксперименті бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылығын қалыптастырудың қазіргі жағдайы мен мүмкіндігін ашу, осы бағыттағы жұмыстардың жай-күйімен танысуды анықтау мақсатында жүргізілді.

Осы бағыттағы бастауыш сыныптың тәрбие жоспарын зерделеп, тақырыбымыз тұрғысынан талдау жасағанда байқағанымыз бізге керекті бөлімдер: қаңтар, наурыз айларына екі бөлім біріктіріліп жоспарланған. Сондықтан төменде ұлттық тәрбие бөлімінің экспериментке дайындалған тәрбие жоспарының толықтырылған нұсқасы бойынша ұйымдастырылған тәрбие жұмыстарының ішінен біреуіне Абайдың 175 жылдығына арналған **«Өлмейтұғын артында із қалдырған»** атты тақырып тәрбиелік топтық шығармашылық жарысты қалай ұйымдастырғанымызға тоқталмақпыз.

Шығармашылық топтық жарыс төрт кезеңнен тұрады: (3 сыныптар арасында өткізіледі.)

1-кезең «Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы» бұл кезеңде сайыскерлер өлеңді мәнерлеп оқып, жатқа орындауы тиіс. Бұл сайысқа әр сыныптан 2 оқушы қатысады.

2-кезең «Абай айтқан асылдар» бұл кезеңде сайыскерлер Абайдың қара сөздерін жатқа айтады. Бұл сайысқа әр сыныптан 1 оқушы қатысады.

3-кезең «Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла...» бұл кезеңде Абай өміріне байланысты сайыскерлерден сұрақ-жауап алынады.

4-кезең «Жыр жазамын Абайдың үлгісімен...» бұл шығармашылық кезең деп аталады.

Бұл кезеңде топтар Абай шығармаларына байланысты газет шығару қажет болатын. Кезеңде жалпы сыныпқа баға бересіздер.

Бірінше кезең бойынша Абай өлеңдерін мәнерлеп оқудан жарысады.

1. 3 «А» сынып оқушылары: Нұрғожаев Ерасыл **Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма? Сансызбай Ұлдана Әсемпаз болма әрнеге**

2. 3 «Ә» сынып оқушылары: Әшірбеков Рамазан **Өлең - сөздің патшасы, сөз**

сарасы, Қамбар Ринат Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап

3. 3 «Б» сынып оқушылары Жәкен Абылай Заман *ақыр жастары*

4. Берістем Алижан *Қалың елім, қазағым, қайран жұртым*

5. 3 «В» сынып оқушылары Амандос Жанель *Жігіттер, ойын арзан, күлкі*

қымбат, Сериков Ерасыл

Келесі кезеңде Абайдың қарасөздерін мәнерлеп оқу.

1. 3 «А» сынып оқушысы Уланбек Уалихан **13-ші қара сөзі**

2.3 «Ә» сынып оқушысы Жакупов Шыңғыс **1-ші қара сөзі**

3. 3 «Б» сынып оқушысы Адильханов Асқар **17-ші қара сөзі**

4.3 «В» сынып оқушысы Сансызбаева Алима **10-шы қара сөзі**

Сайысымыздың 3-кезеңі «Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла...» деп аталатын 3-ші кезеңде Абайдың өміріне байланысты сұрақтарға жауап береді. Мысалы: Абайдың анасының аты кім? Абайдың туған жылы? Абай кім? т.б. сұрақтардың толық нұсқасы диссертация мазмұнында беріледі.

Сайысымыздың 4-кезеңі «Жыр жазамын Абайдың үлгісімен» бұл кезең шығармашылық кезең деп аталады. Абай шығармаларына байланысты сурет салып, газет шығарған болатын. Газетті таныстырып көрсетеді. Әр сыныптан шыққан сайыскерлер қорғаған сәтінен көріністі келтіріп отырмыз.



Қорыта келгенде, бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылығын қалыптастыру үшін жас ерекшеліктерін ескере келе, олардың дерексіз ойлауынан гөрі, деректі көру қабілеті басым екенін басшылыққа ала отырып, тәрбие жұмысының әдістемесі дайындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы ұлттық саясатының тұжырымдамасы. – Астана, 2015 ж. 18 қаңтар
2. Қазақстан Республикасы Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. Астана, 2009 ж. 16 қараша

ПОНЯТИЕ «ЭТНОС» В ПАРАДИГМЕ СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИХ ТЕОРИЙ

Н.Ж. Султаниязова, старший преподаватель кафедры педагогики и психологии, магистр психологии, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Э.К. Абдираимова, старший преподаватель кафедры педагогики и психологии, магистр педагогических наук, Западно-Казахстанский университет им. М. Утемисова, г.Уральск

Резюме: В статье предложена к рассмотрению проблема определения понятие «этнос» и её этнодифференцирующих признаков. Даются основные характеристики этноса в парадигме социально-психологических теорий Т.Г. Стефаненко, А. Тэджфела, Дж. Тернера, Л. Гумилева, В. Павленко, С. Таглина, Г.Шпета, А. Потебни.

Ключевые слова: этнопсихология, этнос, теория, характеристики

Қысқаша мазмұны: Мақалада "этнос" ұғымын және оның этнодифференция белгілерін анықтау мәселесі қарастырылған. Этностың негізгі сипаттамалары Т.Г. Стефаненко, А. Тэджфел, Дж. Тернер, Л. Гумилев, В. Павленко, С. Таглина, Г. Шпета, А. Потебня.

Түйінді сөздер: этнопсихология, этнос, теория, сипаттама

Этническая характеристика для каждого человека, связана с тем, что принадлежность к той или иной национальности является универсальной характеристикой, свойственной всем людям без исключения. Принадлежность к группе, ощущение себя частью «мы» является доминирующим, базовым стремлением человека и рассматривается в психологии в качестве основного фактора формирования личности. Но формирование чувства причастности к некоему «мы» неразрывно связано, или даже является следствием появления концепции «чужие»: «Первым актом социальной психологии надо считать появление в голове индивида представления о «них». Только ощущение, что есть «они», рождает желание самоопределиваться по отношению к «ним», обособиться от «них» в качестве «мы»... Именно противопоставление своей общности другой всегда способствовало фиксации и активному закреплению своих этнических отличий и тем самым - скреплению общности» (1). Группы людей, оседавшие на определенной территории, формировали свои этнические особенности, будь то особый говор или уникальная культура быта, причем тем интенсивнее, чем ближе находились поселения «чужих»: «Такое различие не могло быть плодом естественных причин. Оно всегда служило искусственным средством для обособления и отличия своих от чужих» (1). Факт неизбежности, универсальности аутгрупповой враждебности в любом межгрупповом взаимодействии подчеркивает З. Фрейд в работах «Психология масс и анализ человеческого Я» и «Неудовлетворенность культурой». Функцией подобного противопоставления является, прежде всего, поддержание сплоченности и стабильности группы. Этот закон распространяется не только на народы, сильно удаленные друг от друга в культурном отношении, но и на относительно похожие. Сюда, к примеру, относится такое явление, как «нарциссизм малых различий», известное по опыту взаимоотношений между близкими по происхождению и языку народами: португальцами и испанцами, шотландцами и англичанами, белорусами и русскими. Фрейд описал механизм формирования враждебности к «чужим» и привязанности к «своим»: по его мнению, основную роль здесь играет «Эдипов комплекс», связанный с амбивалентностью ранних эмоциональных отношений в семье, которая переносится на социальное

взаимодействие. Любовь к отцу в детском возрасте трансформируется на уровне социума в идентификацию с лидером группы, а также с членами группы, имеющими аналогичную идентификацию, в результате чего враждебность переносится на аутгруппу. Фрейд приходит к заключению, что ингрупповая идентификация и аутгрупповая враждебность представляют собой две взаимозависимые детерминанты социального взаимодействия. Вывод о неразрывной связи этих двух процессов звучит также в работах английских психологов-когнитивистов А. Тэджфела и Дж. Тернера. Результатом совместного действия социальной идентификации и социальной дифференциации является формирование социальной идентичности, т.е. представления индивида о себе как представителе определенной социальной группы. Этническая идентичность рассматривается в психологии как часть самоконцепции индивида, происходящая из осознания собственного членства в этнической группе, вместе с ценностным и эмоциональным значением, приписываемым этому членству (4).

В теоретической литературе в качестве этнодифференцирующих признаков называют общую территорию, язык, культуру, историю и т.д. Существуют социальные, генетические и экологические подходы в понимании этногенеза. Каждый из этих подходов имеет право на существование. Совместное проживание и смена многих поколений на определенной территории в тех или иных природных и климатических условиях не может не сказаться на формировании особого психологического склада этноса как специфического способа восприятия и отражения членами общности различных сторон окружающей действительности (4). Л. Гумилев писал: «Нет ни одного реального признака для определения этноса, применимого ко всем известным нам случаям. Язык, происхождение, обычаи, материальная культура, идеология иногда являются определяющими моментами, а иногда - нет. Вынести за скобки мы можем только одно - признание каждой особью: «Мы такие-то, а все прочие другие» (4). Обращая внимание на этом аспекте проблемы, В. Павленко и С. Таглин в своей работе «Факторы этнопсихогенеза» предлагают деятельностный подход к анализу этнического сознания: «В данном контексте это означает, что комплекс биологических, экологических, социальных, культурных и исторических факторов воздействует на психику не прямо, а опосредованно, через конкретную жизнедеятельность представителей определенной этнической группы. В качестве опосредующего звена выступает жизнедеятельность этноса, в конкретных формах которой своеобразно сочетаются общие для всех этносов и уникальные черты» (7).

Психологи Ю. Платонов и Л. Почебут дают следующее определение: «Под этносом мы понимаем большую социальную группу людей, объединенных на основе общих установок и диспозиций, имеющих общие типичные поведенческие реакции на различные события жизни... Этнос - явление социально-психологическое. Оно социально по истокам своего возникновения и психологично по способам своего проявления» (8). Социальный психолог Т.Г. Стефаненко в определении этноса делает акцент на самокатегоризацию и самоидентификацию: «С позиции психолога можно определить этнос как устойчивую в своем существовании группу людей, осознающий себя ее членами на основе любых признаков, воспринимаемых как этнодифференцирующие» (12). Таким образом, внешние, материальные признаки этноса, весьма многочисленные и с трудом поддающиеся однозначной интерпретации, не могут претендовать на исключительность в вопросе описания этнической специфики. С точки зрения психологии на первый план здесь выходит задача изучения внутреннего мира человека в его неразрывной связи с миром внешним, этнокультурным: «Причастность каждого отдельного индивида к этнической общности измеряется не столько биологическими признаками, сколько степенью сознательного приобщения к культурным ценностям, составляющим духовную культуру этноса» (8). Интересный взгляд на проблему нации и национальности предлагает другой философ С. Булгаков: «Национальность вообще существует как совершенно

особая, своеобразная историческая сила... Нация есть не как коллективное понятие или логическая абстракция, но как творческое живое начало, как духовный организм, члены которого находятся во внутренней живой связи с ним» (2). В этом определении также подчеркивается скорее психологическая, нежели биологическая основа национального чувства: «Национальность опознается в интуитивном переживании действительности или в мистическом опыте» (2). Булгаков предостерегает от враждебности и презрительности к другим народам как оборотной стороны национального чувства, призывая людей к терпимости и духовной любви. Мыслитель Л. Гумилев предлагает оригинальную и всесторонне разработанную концепцию происхождения и развития «этносферы Земли». «Этнос - это природный коллектив людей с общим стереотипом поведения и своеобразной внутренней структурой, противопоставляющий себя («мы») всем другим коллективам («не мы»)». Этнос более или менее устойчив, хотя возникает и исчезает в историческом времени» (3). Л. Гумилев разводит понятия «этнос» и «раса», понимая под последним чисто биологическое явление, тогда как «этнотипы являются биофизическими реальностями, всегда облеченными в ту или иную социальную оболочку». Центральным понятием концепции Гумилева выступает пассионарность, под которой понимается способность и стремление этноса к изменению окружения, к нарушению инерции агрегатного состояния среды. Философ отмечает несомненное влияние географического окружения, традиций, культуры, религии на формирование особенностей того или иного этноса, «но, кроме всего этого, есть закон развития, относящийся к этносам, как к любым явлениям природы» (4). Этот закон развития Гумилев называет этногенезом, подчеркивая особую важность «этой формы движения материи» для разгадки этнопсихологии. По Гумилеву, этносы отличаются друг от друга своей собственной внутренней структурой и неповторимым стереотипом поведения. Именно этнический стереотип поведения как определенная норма отношений между членами этноса и этносов между собой является категорией, доступной для анализа и установления принципиальных различий между народами. Ученый подчеркивает, что «процессы этногенеза никогда не копируют друг друга» и что «поведение этноса меняется в зависимости от его возраста» (4). Особый подход к «национальному вопросу» находим в работах другого русского мыслителя Питирима Сорокина. По его мнению, «в национальности следует видеть не метафизический принцип, не какую-то таинственную «вне и сверхразумную сущность», а группу или союз людей, обладающих теми или иными признаками, иначе говоря, объединенных той или иной связью» (11). Философ подвергает критическому анализу все распространенные признаки нации, такие как единство крови, общий язык, религия, общность экономических интересов, «единство исторических судеб», культура и нравы народа, логически приходя к выводу, что «национальности как единого социального элемента нет, как нет и специально национальной связи... Наши «национальные вопросы» составляют одну из глав общего учения о правовом неравенстве членов одного и того же государства... Выкиньте из национальных причин причины религиозные, сословные, имущественные, профессиональные, «бытовые» и т.д. - и из «национальных» ограничений не останется ничего». Сорокин утверждает, что «нет национальных проблем и национального неравенства, а есть общая проблема неравенства, выступающая в различных видах и производимая различным сочетанием общих социальных факторов, среди которых нельзя отыскать специального национального фактора...» (11). Таким образом, ученый делает вывод о сугубо социально-экономическом и политическом характере происхождения национального вопроса. Подобная точка зрения может показаться крайней, но она вполне закономерна при рассмотрении этнической проблемы не с позиций психолога, а под углом зрения политолога, социолога, гражданина. Не менее категорично, хотя и совершенно в ином ключе, звучит вывод великого русского лингвиста А. Потебни: «Единственная примета, по которой мы узнаем народ и вместе с тем, единственное, незаменимое ничем и неперемное условие существования народа есть

единство языка» (10). Ученый считает, что каждый народ обладает единством приемов мысли, уникальным, неповторимым способом построения мыслительных, а значит и языковых структур. Язык, по мнению Потебни, это средство не только и не столько обозначения мысли, но, прежде всего, ее создания. В этом смысле «перевод с одного языка на другой есть не передача той же мысли, а возбуждение другой, отличной». Потебня приходит к заключению, что «психология народов должна показать возможность различия национальных особенностей и строения языков как следствие общих законов народной жизни» (10). По мнению Г.Шпета, этническая психология должна быть описательной, а не объяснительной наукой. Предметом этих описаний, классификаций и систематизаций являются, по Шпету, «типические коллективные переживания» или «дух народа»: «Социальные явления, язык, миф, нравы, наука, религия, просто всякий исторический момент вызывают соответствующие переживания человека. Как бы индивидуально ни были люди различны, есть типически общее в их переживаниях, как «откликах» на происходящее перед их глазами, умами и сердцем» (13). В связи с этим положением Шпет дает свое определение понятию «народ»: «Множество индивидов только тогда составляют народ, когда дух народа их связывает в одно, и он-то и есть эта связь, принцип, идея народа, его единство» (13). С точки зрения современной этносоциологии и этнопсихологии все указанные теории можно отнести к группе так называемых примордиалистских концепций этноса. Их сторонники рассматривают этничность как объективную данность, изначальную характеристику человечества. Этноты понимаются как реально существующие социальные или биологические сообщества с присущими им чертами и глубинно связанные с социально-историческим контекстом. Наряду с этим направлением существуют инструменталистские и конструктивистские подходы к пониманию этнического феномена. Приверженцы теорий первого типа объясняют сохранение этнических групп потребностями людей в преодолении отчуждения, характерного для современного общества массовой культуры, а этничность понимается как средство для достижения групповых интересов. Сторонники второго подхода считают, что этническое чувство и формулируемые в его контексте представления и «доктрины» представляют собой интеллектуальный конструкт писателей, ученых, политиков. Ключевую роль в мобилизации членов этнической группы на коллективные действия во имя политических или социальных целей играют лидеры, которые нередко преследуют собственные цели и далеко не всегда выражают волю народов (1). Примордиалистское представление об этносе до 60-70-х годов XX века практически доминировало в мировой науке, а в отечественной было единственным до начала 90-х годов. Значение трудов мыслителей-примордиалистов для разработки этнической проблематики трудно переоценить: обилие новых идей, смелые сопоставления и широкие обобщения помогли поставить массу важнейших проблем в области психологии народов и значительно продвинуть в этом направлении научную мысль. Современные открытия в этнопсихологии, опирающиеся на результаты научного эксперимента и данные полевых исследований, подтвердили большинство интуитивных прозрений русских философов. Здесь отметим, что этническая психология, это наука о закономерностях психической жизни и поведения людей, обусловленных их принадлежностью к той или иной этнической группе, нацеленную на обнаружение системы представлений, настроений и действий, свойственных отдельному народу: «Главная задача этнопсихологии состоит в изучении связей между внутренним, психическим миром человека и миром внешним, предметным, социальным, этнокультурным» (8).

Приведенный выше экскурс в этнические теории, несмотря на свою обширность, далеко не исчерпывает всего спектра концепций по данной тематике. Важным является разнообразие подходов к вопросу наций и национального своеобразия, подтверждающее большой интерес к этой проблеме и ее актуальность. Общей чертой большинства

упомянутых исследований является, с нашей точки зрения, взгляд на этнос как на особую историческую и социально-психологическую реальность, отличающуюся несомненным своеобразием и собственной логикой развития. Специфическими для каждого этноса, по мнению большинства мыслителей, являются такие характеристики, как национальный дух, национальный характер, общий стереотип поведения, существование которых рассматривается как непреложный факт и описывается с помощью привлечения данных истории, литературы, этнографии.

Литература:

1. Арутюнян Ю.В., Дробижева Л.М., Сусоколов А.А. Этносоциология. М., 1999
2. Павленко В.Н., Таглин С.А. Введение в этническую психологию. Харьков, 1992
3. Гумилев Л. Психологическое несходство этносов//Психология национальной нетерпимости. Минск, 1998
4. Павленко В.Н., Таглин С.А. Факторы этнопсихогенеза. Харьков, 1993
5. Платонов Ю.П., Почебут Л.Г. Этническая социальная психология. Санкт-Петербург, 1993
6. Стефаненко Т.Г. Этнопсихология : учебник для вузов. М., 2006. 368 с.
7. Булгаков С.Н. Размышления о национальности//Сочинения в 2-х т. Том 2. 1993
8. Гумилев Л.Н. Конец и вновь начало, М., 1997
9. Сорокин П. Национальный вопрос как проблема социального равенства// Психология национальной нетерпимости. Минск, 1998
10. Потебня А.А. Язык и народность. О национализме//Мысль и язык. Харьков, 1913
11. Шпет Г.Г. Введение в этническую психологию. М., 1927

УДК 372.47

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ҮЛГЕРІМІ ТӨМЕН ОҚУШЫЛАРДЫ ДЕҢГЕЙЛЕП ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Г.А. Ергалиева педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Р.Т.Камидуллина, магистр

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан

***Аннотация:** Данная статья посвящена изучению педагогических основ и профилактике неуспеваемости учащихся в современной системе образования, использованию различных методов и приемов для пробуждения интереса у слаборазвитых учащихся.*

***Ключевые слова:** уровень образования, успеваемость, академические достижения, начальная школа*

***Resume:** This article is devoted to the study of the pedagogical foundations and the prevention of student failure in the modern education system, the use of various methods and techniques to awaken interest in underdeveloped students.*

***Keywords:** educational level, academic performance, academic achievement, primary school*

Қазіргі кезеңде еліміздің дамуына үлес қосар жас ұрпақтың білімді, саналы және рухани құндылықтарымен қамтамасыз етілуі үшін бастауыш мектептің қосар үлесі ұшан теңіз. Білім беру бастауыш мектеп негізінде қаланары сөзсіз. Бастауыш баспалдақ жалпы

орта мектеп білімінің негізгі фундаментін қалайды. Сондықтан да оның тұғыры берік саналы біліммен қамтамасыз етілген жағдайда ғана жас ұрпақтың білім алу мүмкіндігі кеңейері сөзсіз. Бұл тұрғыда оқыту үдерісінде жаңа педагогикалық технологияны қолдану оқыту үдерісін жандандырып, білім беру жүйесін жетілдіріп оқу мен тәрбие барысында оң уәжді қалыптастыруға өз бетімен дамуға жол ашады. Бұл жөнінде қазіргі уақытта білім беру саласында кең өзгерістерге толы білім беру бағдарламалары мазмұны жаңартылып, ұлттық нақыштағы білімді дамыту жолдары қарастырылуда. Бұл мәселе көптеген нормативтік құжаттарда Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңындағы толықтырылуларда, «Қазақстан – 2030» стратегиясында, «Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін ақпараттандыру тұжырымдамасында», «Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында» көрсетіліп онда білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес бастауыш, орта және жалпы білім берудегі оқу үрдісінің мазмұнын, әдіс – тәсілдерін жаңартуға көңіл бөліну керектігі келтірілген. Бұл өз кезегінде сол бастауыш біліммен қаруландыратын әрбір педагог маманның өз тәжірибесін байытып, жаңа әдіс-тәсілдермен қаруландыру керектігін меңзейді. Білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айқын көрсетілген: оқу үрдісі өз бетінше білім алу және оны практикада қолдану қажеттігі мен дағдысын қалыптастыруға, танымның ғылыми тәсілдеріне мақсатты және жүйелі түрде баулуға бағытталады – деп көрсетілген.

Білімді ұрпақ дегеніміз – тек қана мектеп бағдарламасын меңгеріп қана қоймай, өз білімін, ғылым-білімді үйренудегі дағдыларын жетілдіре алатын, өзін-өзі зманауи жаңалықтармен ақпараттандыра отырып, іс-тәжірибеде қолдана білетін ұрпақтар легі.

Егеменді елдің ертеңіміз деген сөз- ел үшін жасалған иігіліктердің қожайыны, яғни елдің қожайыны -жастармыз деп түсінемін.

Еліміздің дамуы үшін әр азамат, әрбір жас өз мүддесіннен бұрын халықтың, елінің мүддесін бірінші орынға қоюы керек. Жастар қамқор, қайырымды, мейірімді, көмек қолын созуға дайын тұратындай адамгершілігі мол болуы қажет.

Еліміздің ертеңі жастардың қолында деп ойлаймын. Өйткені, қол жеткен табыстардың игілігін көретін жастар, бастамаларды алға апаратын да жастар.

Қазіргі заманда біз өз білімімізді еліміздің болашағына пайдалана алатын, еңбексүйгіш, ізденімпаз, қай жағынан да бәсекеге қабілетті болуымыз керек деп ойлаймын.

Адамның өз мүмкіншіліктерін толық көрсетуіне кері әсерін тигізетін қасиеттердің бірі – ұялшақтық, ұяндық, тұйықтық. Бұл қасиет негізінен адамда бала кезінен пайда болады. Одан бала кезден арылмаса, есейген сайын ол түрлі кедергілерге алып келеді. Табиғатынан ұяң бала сол кедергілерден өте алмауы, қиындықтарға төтеп бере алмауы мүмкін. Бір-екі рет төтеп бере алмаса, біртіндеп оның барлығы бала бойына жинақталып, тұйықталуға, іштен тынуға ұласады да, әр кез сәтсіздіктерге ұшырағанда үнсіз келісіп, күресуден бас тартады. Тіпті, баланың өзін-өзі бағалауы да төмендей бастайды. Өзінің үнемі жолы болмайтындай сезіп, өмір сүруге деген құлшынысы азаяды, тіпті өзін жек көріп кетеді. Ұялшақ, тұйық балалар табиғатынан үндемейді, көзін үнемі төмен салып жүреді, иығы еңкіш тартып тұрады, бір нәрсе айта қалсаң қалтырап кетеді, сөйлегенде ешқашан бетіне тура қарамайды, тіпті қарапайым сұрақтардың өзіне әрең жауап қайтарады. Олар көбінесе, өз сезімдерін көпшілік алдында көрсетпейді, ішінен уайымдайды, жалғыздықты сезінеді, торығу сезімі басым болып келеді. Оларға абыржу, сасу, қысылу, ұялу, өзін болмашы нәрсеге кінәлі сезіну тән. Кейбір балалар табиғатынан

ұяң болмауы мүмкін, олар топ бастауға құмартып тұрады, бірақ оны басқара алмағандықтан, өзін көрсете алмағандықтан, үндемей, ешкімге қосылмай, тұйықталып жүреді. Үлгерімі төмен оқушы осыдан пайда болады. Үлгермеушіліктің негізгі себептері мыналар:

- жекелеген мұғалімдердің сабақтарының сапасыздығы, жаңа материалды толық түсіндіре алмауы, бекіту жұмысының әлсіз жүруі, оқушы білімін есепке алудың болмауы, мұғалімнің тиісті дәрежеде талап етпеуі;
- үй тапсырмасын орындау жұмысын дұрыс ойластырмау және тыңғылықты тексерудің болмауы, жеке жұмыстың болмауы, танымдық қызығуын дамыта алмау;
- мектепте үлгермеушіліктің алдын алу жөнінде жүйелі жұмыстың болмауы;
- тәрбие жұмысындағы олқылықтар, оқушылардың тәртібінің төмендігі, өз міндеттерін саналы түрде түсінбеуі, мектеп әкімшілігі тарапынан тәртіп бұзушыларға уақытылы және тиісті шара қолданбауы;
- бағалаудағы біржақтылық;
- оқыту мен тәрбие үрдісіндегі сабақтастықтың болмауы;
- сабақ босату, оқушының ауырып қалуы, т.б.

Оқулықтардың жаңа технологиясының бірі – жалпы білім беретін мектептерде әр пәнді деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту болып табылады. Оқушыларды деңгейге бөліп оқытуға бола ма, оның қандай тиімділігі бар, деңгейге бөліп оқытудың өзіндік ерекшеліктері қандай және жеке тұлға тәрбиелеуде қандай көмегі бар деген сауалдарға тоқталсақ, деңгейге бөліп оқыту кезінде оқушылардың тәжірибелік – теориялық дайындығын, оқуға деген ынтасын, дара қасиетін әлеуметтік – психологиялық танымал, сұранымын ескеру талап етіледі. Сондықтан да тиімді дәрежеге жету үшін оқушының білім мен деңгейіне байланысты жұмысты ғылыми түрде ұйымдастыру қажет.

Қазіргі базалық білім беру – жеткілікті білімнің төменгі шегі. Бұлар оқытудың деңгейіне сәкес оқушыны саралап оқытуға ыңғайлы, әрі оқу бағдарламасы бойынша оқушының жас ерекшелігі мен білім деңгейіне сай құрылып, оқулыққа қосымша пайдалануға беріледі. Оқушыны деңгейіне бөліп оқыту үшін сабақ жаңаша жоспарланады. Оқушыларға деңгейлік тапсырмалар беру арқылы сан түрлі жұмыс жүргізіледі. Оқушының алған білімін жүзеге асыра алатындығы тексеріледі. Өз бетімен жұмысты орындауға бейімділігі бақылауға алынады. Қорытындысында деңгейлік тапсырмалар арқылы жұмыс жасаудың тиімділігі байқалады. Оқушының белсенділігі мен іскерлігі артып шығармашылыққа ұмтылады. Деңгейлік оқыту барысында біліктілікке жетеді.

Деңгейлік-саралап оқыту технологиясы-оқушының туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке даму жанжақтылығына негізделген білім беру жүйесі. Бұл технологияда бірінші орында оқушы туралы және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне баса назар аударады. Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасайды. Әртүрлі деңгейдегі балаларға бірдей зейін аударып, олармен саралап жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бала білімін оқушы деңгейден шығармашылық деңгейге жетелеу оқушылардың өз бетінше, ізденуіне жол ашады, шығармашылық жұмыстарға баулиды, қиялын, ойын ұштайды.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері бастауыш мектепте үлгерімі төмен оқушыларды деңгейлеп оқыту арқылы оқу жетістігін арттырудың тиімділігін тәжірибелік – эксперимент арқылы тексеру.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – мұғалім, егеменді еліміздің алғы шарттары өркениетті елдер қатарына көтерілуді міндетке қойып, өркениетке жету үшін жан – жақты дамыған, рухани бай тұлғаны өсіруде ұстаздар қауымының алдына жаңа міндеттер қойылып отыр.

Білім беру – оқушылардың оқуға қабілетін жақсартуға мүмкіндік беретін педагогикалық тетіктердің біртұтас кешені. Әлемдік дәрежеге жету мақсатын көздей отырып, жаңаша қырда қолданылатын көптеген технологияларды мұғалімдер өз тәжірбиелерінде тиімді пайдалануда. Мұғалім өзі тәжірбиесінде, біліктілігі жоғары, жан – жақты іздену, жұмыс түрлерін түрлендіру, сабақты қызықты өткізуінің арқасында оқушылардың пәнге үлгермеушіліктері азаяды. Барлығы мұғалімнің шеберлігі мен оқушының қызығушылығына байланысты. Ал оқушылардың білімді қалыпты игеруде үш фактор себепші болады:

1. Балаға қоғамдық жағдай мен өмірдегі тұрмыс жағдай себепші болу мүмкін
2. Балалардың мінез-құлқындағы жағымсыз ерекшеліктері мен психикасының өзгеше қалыптасуынан немесе қалыпты нормадан ауытқуы және ақыл ой дамуының тежелуі
3. Педагогикалық тәрбиенің дұрыс болмауынан

Дегенмен де, мектепте оқу мен тәрбиелеу бағдарламалары бірдей болғанымен, оқушылардың білімді игеруде барлығы бірдей емес. Білім беру орындарында оқушыларды тәрбиелеу мен оқыту бойынша қоғам мен мемлекеттің алдында олардың үлгермеушіліктерін уақытылы жою міндеттері тұр.

Елімізде болып жатқан коронавирус инфекциясының таралуын алдын-алу мақсатында, білім беру саласы қашықтықтан оқыту жүйесіне көшірілді. Үлгерімі төмен оқушылардың қашықтықтан оқыту негізінде оқушыларды ерекшелігіне орай жеке оқытудың тиімді жолдарын қарастыру керек. Себебі үлгерімі төмен оқушы жалпыға бірдей білім берудегі мектеп бағдарламасының материалдарын қанағаттанарлық деңгейде игере алмайды

Эксперимент барысында оқушыларды үлгерімі төмен оқушылардың білімін, дағдыларын анықтау мақсатында сабақтан тыс уақыттарда жұмыстар жүргізілді. Осы мақсатты жүзеге асыруда халық ауыз әдебиетінің үлгілері, диафильмдер, дидактикалық материалдар, қойылатын сұрақтар, педагогикалық жағдаяттар, ұлттық ойындар әзірленді. Материалдарды жасаудағы негізгі мақсатымыз – оқушылардың біз ұсынған бағдарлама деңгейінде жас ерекшелігіне сәйкес жеке тұлғалық білім – білік дағдыларын, мәдени мінез – құлық әрекетінің қалыптасу деңгейін анықтау болып табылды.

Зерттеу мәселелері

Білім жүйесіндегі басым міндеттердің бірі тұлғаның шығармашылық және рухани қабілеттерін дамыту, салауатты өмір салты құндылықтарының берік негіздерін қалыптастыру, сондай-ақ, жеке даралықты жетілдіруге жағдайлар жасау жолымен сана-сезімді байыту болып табылады. (07.07.1999ж ҚР «Білім туралы» заңы. 1-тарау, 8-бап)

Қазіргі жағдайда рухани жағынан жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру жолында жалпы орта білім беретін мектептерде білім алушылардың үлгерімі нашарлығы мәселесін шешу қажет. Білім жүйесіндегі оңды жетістіктер мен реформаларға, оқу – тәрбие ісіне заманауи білім беру технологияларының (активті және интерактивті әдістер) еңгізілгеніне, мұғалім мен оқушының арасында «субъек-субъектілі» принципі бойынша қарым-қатынастардың қалыптастқанына қарамастан жоғарыда көрсетілген мәселенің мектептерде әлі шешіле қоймаған күрделі мәселе екенін естен шығармағанымыз жөн. Осыған байланысты жалпыға міндетті мемлекеттік стандартқа сәйкес педагогикалық мамандықтардың оқу жоспарына «Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс» атты арнай қосымша сабақ еңгізілген болатын. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізу үшін әртүрлі әдіс тәсілдер қолданып оқулықпен жұмыс жасаймыз. Бұл оқу құралында автор әр заманда білім алушылардың үлгермеушілігі, оқудағы үлгермеушіліктің себептері

мәселелерін зерттеген Бабанский Ю.К. Цетлин В.С, Теплов Б.М, Якобсон П.М, Куртецкий В.А, Колесов Д.В. т.б белгілі ғалымдардың тәжірбиесіне сүйенеді.

Психолог ғалым А.М.Гельмонт оқудағы үлгермеушілік себептерді оның категорияларына байланысты бөлуді міндет етіп қойған. Ол оқу пәндерінің саны мен үлгермеушілік тұрақтылығына байланысты үлгермеушіліктің 3 түрін бөліп көрсеткен.

1. Жалпы және тұрақты үлгермеушілік - ұзақ уақыт бойы барлық немесе көптеген пәннен үлгермеу.
2. Жекелеген, бірақ салыстырмалы тұрақты үлгермеушілік – бұл бір немесе екі үш қиын пәндерден үлгермеу.
3. Эпизодтық тұрғыдағы үлгермеушілік – бірде жеңіл пәннен бірде екінші пәннен үлгермей қалу.

I категория себептері ретінде: оқушының алдыңғы дайындығының төменгі деңгейі әр түрлі себептерге байланысты қолайсыз жағдайлар (дене кемістіктері, ауру, тұрмыс жағдайының нашарлығы, ата-ананың қамқорлығының жоқтығы); оқушы тәрбиесінің жетіспеушілігі (жалқаулық, тәртіпсіздік); ақыл – ойының дамуының әлсіздігі.

II категория алдыңғы кемшіліктер, оқылатын пәнге деген оқушының қызығушылығының жетіспеушілігі, оқудағы қиындықтарды жеңуде ерік әлсіздігі;

III категория дұрыс оқытпау, оқудағы бақылаусыздық, сабаққа дұрыс қатыспау, сабақтағы зейінсіздік, үй тапсырмаларын жүйелі орындамау.

А.М. Гельмонт барлық жағдайларда белгіленген немесе бекітілген үлгермеушілікті айтады, яғни үлгермеушілерге ол «тоқсан аяғына қанағаттандырылмаған бағалардан тұратын ауыр жүкпен келетін» оқушыларды жатқызады.

Ю.К.Бабанский еңбектерінде үлгермеушіліктің себеп салдарының байланыс жүйесі сипатталған. Ол оқушылардың оқу мүмкіндіктерін зерттеп, үлгермеушіліктің 2 негізгі факторларын осы түсінікке біріктірген. Оның түсінігінше оқу мүмкіндіктері бұл тұлғаның оқу іс –әрекетіндегі кейбір мүмкіндіктері және ол тұлғаның сыртқы әсерлермен қарым-қатынаста болатын ерекшеліктерінің синтезі.

Ішкі жағдай себептеріне ол – балардың ақауларын, олардың дамуын, білік, білім дағдыларының толық еместігін жатқызады. Сыртқы жағдайлар себептеріне біріншіден, педагогикалық себептерді жатқызған.

Үлгермеушіліктің негізі – бір ғана себеп емес, көбінесе бірнеше себептердің жинақталған әсері болып табылады. Солардың ішінен негізгілері ретінде: оқыту әдістерінің жетілдірілмеуі, оқушылардың танымдық іс-әрекетін дамытудағы кемшіліктер, әсіресе ойлау қабілетінің қалыптаспауы, оқушы мен оқытушы арасындағы жағымды қатынастың болмауы, басқалармен салыстырғанда жақсы оқушы болудың қорқынышы, және т.б. Үлгермеушіліктің мәнін толық түсіну үшін үлгермеуші оқушылардың ерекшеліктерін анықтап, қарастыруғы болады. Үлгермеуші оқушыларға тән жалпы ұқсастық болғанмен, олар бір-бірінен айрықша ерекшеленеді. Күнделікті олармен жұмыс тәжірибесінде, үлгермеушіліктің әрбір нақты жағдайын, әрбір оқушымен жекелеген жұмыс істеу жолдарын талап ететіндей, үлгермеушіліктің түрлі ерекшеліктерімен кездесіп отырамыз. Оқушылардың үлгермеушілігін ұзақ уақыт зерттеу, оның түрлі типтік тұрғыдан көрінуінен деген қорытындыға тіреледі. Үлгермеуші оқушының түрі (типі) оның оқудағы жетістігін анықтайтын, көп уақыт бойы үлгермеудің нәтижесінде пайда болған тұлғаның маңызды қасиеттерінің өзіндік үйлесімділігімен сипатталады. Көптеген авторлар үлгермеуші оқушыларды әр түрге топтаудың негізі етіп өздері зерттеп анықтаған үлгермеушілік себептерін алған. Көбінесе, осылайша Л.С.Славина ұсынады: үлгермеуші оқушылардың түрлері Славина бойынша басымрақ себептеріне байланысты бөлінеді. Үлгермеушілердің бір тобын оқуға деген түрткісі жоқ оқушылар құраса, ал екінші тобын оқуға деген қабілеті жоқ балалар, ал үшінші түрін оқу дағдысы дұрыс қалыптаспаған, дұрыс жұмыс істей алмайтын балалар құрайды.

Үлгермеуші оқушыларды түрге бөлгенде кейбір зерттеушілер оқушының тұлғалық құрылымына және оқу оқуының сипатына негізделген. Осындай жолмен П.П.Блонский оқудың жалпы типологиясын құрып, үлгермеушілердің түрлерін бөліп көрсеткен.

Психолог З.И.Калмыкованың зерттеулері «үйретілудің» (обучаемость) жалпы және арнайы түрлерінің болатынын дәлелдеген.

И.В.Дубровина, М.К.Акимова және В.Т.Козлова зерттеулерінде үлгермеушілердің негізіне жататын психологиялық себептерді 2 топқа біріктіріп, соған байланысты балалардың ерекшеліктерін сипаттаған. Ол себептер:

1. Баланың танымдық іс-әрекетіндегі кемшіліктер.
2. баланың мотивациялық дамуындағы кемшіліктер.

Бастауыш сыныптарда баланы өмірге дайындау үшін танымдық, тұлғалық дамытудың маңызы ерекше:

- зердесін дамыту;
- эмоциясы мен сезімдерін дамыту;
- кездойсоқ қиыншылықтарға төтеп бере алуын дамыту;
- өзіне – өзінің сенімділігін, өзін – өзі қабылдау, жақсы көруін дамыту;
- танымдық үрдісін дамыту;
- өзін – өзі алып жүре алуын, өзіндік дербестігін дамыту;
- өзін – өзі көрсете алуына, өзін – өзі жетілдіруге деген ынтасын дамыту болып

табылады. Көрнекті психолог Л.С. Выготскийдің тұжырымына сүйенсек, бала қиялының дамуы біртіндеп, шамасына қарай қабылдауынан басталады. Баланың қиялы біртіндеп өмір тәжірибесінің молаюына байланысты қалыптасады. Қиялда болатын барлық бейнелер, қаншама таңғажайып болып көрінгенімен баланың өмірден алған әсеріне негізделеді. Кейде бала өмірде кездескен кейбір жағдайларды өзіндік қабылдаумен түсіндіргенде, бізге ол күтпеген жағдай болып көрінеді. В.С. Мухинаның пайымдауынша бастауыш мектеп жасындағы балаларда мінез – құлық мотивациясы мінез – құлықтың саналылығы күшейеді, мотивтер мен қажеттіліктер көлемі ұлғаяды, рухани және материалды қажеттіліктер сферасы кеңейеді, қарым – қатынасқа деген қажеттілік, жетістікке жету, бастапқы басқарушылық, әлеуметтік қажеттіліктер біртіндеп нығая түседі. Әсіресе, өлкетану түйсіну, сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою сияқты таным үрдістері дамуына жол ашады.

Қазіргі дүниені неғұрлым дұрыс танып, білу үшін және жақсы өмірдің дұрыс жолын таңдай білу үшін және жаңа мыңжылдықта білімді, тәрбиені, адамгершілікті – ізгілікті дамыту үшін біз әр уақытта, әр дәуірде өзімізге дейінгі өткен идеялармен қағидаларға сүйенгеніміз жөн. Ондай идеяларды Орта ғасырларда өмір сүрген Батыс пен Шығыстың ғұлама ойшылдары Аверроэсо (Ибн Рушд), Я.А. Коменский, Н. Макиавелли, Ибн Халдун, Ибн Сина, Әл Бируни және т.б. айтты. Осындай ой титандарының бірі – бірегейі, қазақ топырағынан шыққан ғұлама ғалым – философ Әл Фараби еді. Ол сонау ерте орта ғасырлардың өзінде адамзат ілімінің молайып, ақыл – парасаттың жетілуін, оқу – ағартудың қажеттілігін айтып, білім алудың маңызын атап көрсеткен болатын. Фараби идеялары оның 140 – тан астам трактаттарының арқауы болды.

Бастауыш сынып жасы- бұл айналадағы өзге әлемді баланың өз бойына сіңіре бастау, білім жинақтау, осыларды басымдылықпен игеру кезеңі болып табылады. Осы бір аса маңызды өмірлік функцияны табысты орындау баланың өзіне тән бейімділігінің осы жаста қалыптасуына қолайлы жағдай жасайды, яғни, ол мынадай бейімділіктер: адамның беделіне зор сеніммен қарауы, кездесетін барлық жағдайларды тез қабылдап, оған тез әсерленгіштігі, аңғал да ойын баласының қарым-қатынасы. Бастауыш сынып жасындағы балалардың бойындағы осы аталған бейімділіктердің әрқайсысы тек жақсы жақтарымен ғана көрініс табады, ал ол осы жастағы балаларға ғана тән қайталанбас ерекшеліктер болып табылады

Үлгерімі төмен оқушымен жұмыс жасау үшін өз жоспарымды құрдым:

- Қашықтықтан оқу кезінде үлгерімі төмен оқушымен жүргізілетін жеке жұмыс кестесін құру
- Әр түрлі әлуметтік желі (Whats App, Bilim Land) арқылы қызықты видео сабақтар мен тапсырмалар беру
- Ата – анасымен үнемі байланыста болу
- Психолог, дәрігерлер мен логопедтердің кеңесіне жүгінуге ата-анасына кеңес беру.

Эксперименттік зерттеу жұмысы Бөрлі ауданы, Ақбұлақ ауылы, Ақбұлақ мектеп-балабақша кешені 2-4 -сынып оқушыларына жүргізілді.

Педагогикалы тәжірибе жұмысына бастауыш сынып оқушылары тартылып эксперимент тобында 10 бала, ал бақылаудағы топқа 12 бала қатысты. Жалпы педагогикалық тәжірибе жұмысына 22 бала қатыстырылды. Педагогикалық тәжірибе жұмыстары үш кезеңнен тұрды. Анықтау экспериментінің мақсаты: Бастауыш мектепте үлгерімі төмен оқушыларды деңгейлік оқыту арқылы оқу жетістіктерін арттырудың тиімділігін эксперименттік зерттеу. Қалыптастыру экспериментінің мақсаты: Бастауыш мектепте үлгерімі төмен оқушыларды деңгейлік оқыту арқылы оқу жетістіктерін арттырудың тиімділігін тәжірибелік тексеруде жүзеге асыру. Қорытынды эксперименттің мақсаты: зерттеу нәтижелерін қайта диагностикалау, өңдеу және талдау, зерттеу нәтижелерін рәсімдеу.

Үлгерімен төмен оқушылармен оқу жылы басынан төмен көрсеткіш көрсетіп отырған сабақтарынан әртүрлі жеңілдетілген тапсырмалар мен қызықты видеолар жібіріп отырамын. Қабылдауын шындау үшін 10-15минут геометриялық фигураларды көрсетіп, уақыт бойынша суретін салғызамын. Осындай тапсырмаларды түрлендіріп отырған жөн. Мақал-мәтелдер, тақпақтар, өлеңдер жаттатуда есте сақтау қабілетін дамыту үшін заттардың суретін көрсету арқылы тапсырмалар қолданамын. Зейінінің тұрақтылығын дамыту үшін қазақ тілі сабағында қысқаша жеңіл балаға түсінікті жаттығудан үзінді алып, әр жолды жазып отырып осы сөйлемдегі «үнді», «қатаң» дыбыстардың астын сызып, санап шық деп тапсырма беріп, уақытты белгілеп, жазу таңбасынан қанша қате жібергенін қадағалауға болады. Сабақта тақырыпты жеңіл меңгеруде дүниетану пәнінен викториналық сұрақтар құрастырып, математика элементтеріне көңіл аудартып пән аралық байланыс жасалса, оқушының есте сақтау қабілеті жоғарлайды.

Сабақ барысында үлгермі төмен оқушылармен жүргізілетін қолдау жұмыстарын 3-топқа бөлуге болады:

- Жаңа материалды меңгеруде тиімді әдіс-тәсілдер
- Өз бетінше жұмыс істеуді ұйымдастыру
- Саралау тәсілдері

Сабақта өткізілген жаңа материалды меңгеруде оқушы кітаптан емес, интернет желісімен әртүрлі жеңіл 10 тапсырмаларды құрастырып, бірі-біріне жасыртқызу арқылы оқушылар өзі-өздерін 10-дық бағалау жүйесімен бағалауды үйренеді. Қашықтықтан оқыту кезінде үлгерімі төмен оқушыларды деңгейлетіп оқыту арқылы шығармашылығы мен өз бетінше ізденуіне жол ашып, сабақ үлгерімін жоғарлатуымыз керек. Балалар нені түсінеді, неден нәтижесі бар, не қолдарынан келеді соны жақсы көреді. Кез келген бала жақсы баға алғысы келеді. Сыныптастары мен мұғалімнің көмегімен алғашқы жетістіктерге жетуі өте маңызды. Мұғалім шын жүректен баланың жетістіктеріне қуанғанын көрсете білуі керек. Бұл жағдайда деңгейлеп оқыту әдісісіз нәтижеге жету мүмкін емес. Деңгейлеп оқыту әдісін сабақтың әр кезеңінде қолдана аламыз:

- тақырыпты бекітуде
- үй тапсырмасын тексерерде
- өзіндік жұмыстар


1-кесте. Мониторинг бағдарламасы

| Деңгей | Зерттеу әдістері |
|--|---|
| <p>Үлгерімі төмен оқушыларды деңгейлетіп оқыту арқылы оқу жетістіктерін дамыту деңгейін мониторингілеу</p> | <p>1.«Өзің және адамдар жайлы сен не білесің?» сауалнамасы</p> <p>2.Эмоционалдық күйлерді анықтау</p> <p>3. Дыбыстардың дұрыс айтылуын тексеру</p> <p>4.Берілген суреттерден әңгіме құрастыру</p> <p>5. «Өзін – өзі бағалауды үйрету» әдістемесі</p> <p>6. «Аяқталмаған сөйлемдер» әдістемесі</p> |

Үлгерімі төмен оқушылардың көпшілігі оқу жылдамдығы баяу болғандықтан және есеп мәтінін қате оқығандықтан оның мазмұнын түсінбейді, есте сақтауы да төмен. Оқушыға дыбысты дұрыс айтуды және қатесіз жазуды үйрету үшін мындай тапсырмалар берілді.

1. Қандай жануарлардың атауында Қ дыбысы естіледі
2. Қандай сөздерде Р әріпі кездеседі
3. С және Ш дыбыстары бар сөздерді атаңыз. (кесе, сілеусін, шар, шалшық, саусақ)
 - Оқушы қатаң, ұяң дыбыстарды ажырата алады;
 - Екі сөзден артық сөздерді айтады;
 - Бір сөзді айтады;
4. Жаңылтпашты тез және баяу айтып көру, жәй дауыспен – қатты дауыстап – сыбырлап.
5. «Мен мектепке барамын» деген сөз тіркесін қуанышты, таңданып және сұраулы түрде айтып көр.
 - Бала қажетті интонацияны жасай біледі.
 - Тек сұраулы интонациясын береді
 - Хабарлы интонацияны қайталайды

Сөйлеудің дыбыстық жағын зерттеу бойынша эксперимент және бақылау топтарындағы бастапқы нәтиже.



| | Деңгей | Эксперимент тобы | Бақылау тобы |
|---|---------|------------------|--------------|
| 1 | Жоғары | 40% (4бала) | 50% (6бала) |
| 2 | Орташа | 40% (4бала) | 42% (5бала) |
| 3 | Төмен | 20% (2балл) | 8% (1бала) |
| 4 | Барлығы | 10 | 12 |

Алынған нәтижелері бойынша кестеге салынды. Кестеден көріп отырғанымыздай, эксперимент тобында сөйлеудің дыбыстық жағының дамуының жоғары деңгейі 40% -яғни 4 баланы, бақылау тобында 50% -6баланы құрады. Бұл сөздегі дыбыс орнын оңай анықтайтын, дыбыстарды дұрыс айтқан, сөзге дұрыс екпін қойып, сөзді өз бетінше сөйлей отырып, сөзде қажетті дыбыстарды бөліп берген балалар. Тілдің дыбыстық жағының орташа даму деңгейі 40% - 4 баланы, 42%-5 баланы құрайды. Бұл балаларда сөйлеуде аздаған ақаулар байқалды, сондай-ақ дыбыстарды қабылдауда қиындықтар байқалады, яғни балада фонематикалық есту нашар дамыған. Балалар сөздегі дыбыстың орнын анықтауда қателіктер жіберді, сөздегі қажетті дыбыстың бөлінуі кезінде шатасып жатты. Сөйлеудің дыбыстық жағының даму деңгейі төмен 20% - 2 бала, 8% - 1 бала. Балалар дыбыстарды естуі бойынша ажыратуда бұрмалап айтқан немесе дыбысқа ұқсас басқа дыбыстармен ауыстырған.

Бақылау тобындағы көрсеткіш: Жоғары-50% - 6 бала, орташа -41% -5 бала, Төмен деңгей -8% -1бала.

Жинақталған тәжірибелік жұмыстар бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілінің және қатесіз оқудың даму тиімділігінің деңгейін кешенді зерттеуге мүмкіндік береді, өйткені олар осы жас кезеңі үшін қарастырылған тілдік дамудың барлық компоненттерін зерттеуге бағытталған, бұл өз кезегінде объективті нәтижелер алуға ықпал етеді.

Осындай бағытта үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жасаймын, зейінін дамытатын тапсырмалар беріп, байланыстыра сөйлеуге дағдыландырамын. Алған білімдерін кеңейтіп, білім, білік, дағды, іскерлік қабілеттерін қалыптастыратын, математикалық ойлауын, ережелерді ұғынып, шығармашылық ойын дамытуға жетелей отыра қабілетті тұлға тәрбиеленеді. Оқу бағдарламасына сай білімді өз дәрежесінде меңгерген, ұлттық сана сезімі жетілген және ішкі жан дүниесін тани білетін, өзін өзгелердің мүмкіндігімен салыстыра алатын тұлға қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

[1] Аймауытов Ж. Педагогика. – Алматы, 1995. – 312б

[2] Әл – Фараби. Әлеуметтік – этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1974. – 343б.

[3] Құнанбаев А. Шығармалар жинағы. 2том. – Алматы, 1986, - 330б

[4] М. Жумабаев. Педагогика. – Алматы, 1993. – 112б

ӘОК 372.016:159

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ КЕШЕУІЛДЕГЕН БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ ЖОЛДАРЫ

Баймуханова Б.К., аға оқытушы

Батыс Қазақстан инновациялық – технологиялық университеті, Орал қаласы

Резюме: У детей с задержкой психического развития наблюдается эмоционально–волевая неустойчивость, низкий уровень мышления и памяти, отсутствие целостности восприятия. Использование инновационных технологии дает возможность развивать познавательных способностей детей с задержкой психического развития.

Ключевые слова: дети с задержкой психического развития, новые технологии, развития.

Resume: Children with mental retardation have emotional and volitional instability, a low level of thinking and memory, and a lack of perception integrity. The use of innovative technologies makes it possible to develop the cognitive abilities of children with mental retardation.

Key words: children with mental retardation, new technologies, development.

Кез келген мемлекеттің өркендеуі онда өмір сүретін халықтың білім деңгейі мен денсаулығымен бағаланады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында «Мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес ондай адамдарға қамқорлық көрсетуге тиіс - бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз» деген болатын [1, 11].

Мүмкіндігі шектеулі балалар қай кезде де философиялық ойға негіз болып келеді. Сондықтан да философтар, егер баланың құлағы есітпесе, көзі көрмесе, дұрыс сөйлемесе оның дүниені, өзін қоршаған ортаны танып білуі қалай өтеді деген мәселемен шұғылданды.

Мүмкіндігі шектеулі баланы қоғамға енгізудің қиындығы, бір жағынан бала дамуындағы дене және психологиялық ауытқулары болса, екінші жағынан әлеуметтік жүйенің дұрыс қалыптаспағандығы, мүмкіндігі шектеулі баланың қалыпты өмір сүруіне кедергі келтіреді.

Психикалық дамуы кешеуілдеген балалар тұлғасын зерттеу мәселесі қазіргі әлеуметтік жағдайда маңызды орын алады. Арнайы педагогикада, сондай – ақ дефектология ғылымында психикалық дамуы кешеуілдеген балалар тобын зерттеу негізінен ХХ ғасырдың ортасынан бастап бастау алды.

Біздің қоғамымыздың қазіргі даму кезені, қоғамның барлық саласындағы қозғайтын істерін қайта құрумен әлеуметтік–саяси және экономикалық қарым- қатынастардың өзгеруімен сипатталады. Жалпы психикалық педагогикада психикалық дамудың тежелуі деген ұғымы психологиялық-педагогикалық болып табылады.

Психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың негізгі айырмашылығы мынада: бұл балалардың сабаққа деген үлгермеушілігі, сондай – ақ дағдылары мен танымдық процестеріндегі өзара ауытқушылықтарымен сипатталады. Арнайы педагогикада, сондай – ақ дефектология ғылымында психикалық дамуы кешеуілдеген балалар тобын зерттеу негізінен ХХ ғасырдың ортасынан бастап бастау алды. Психикалық дамуында ауытқушылығы бар балалардың танымдық қабілеттерін тексеруге, ең алдымен олардың эмоциясына назар аударған жөн. Бұл балалардың эмоциясы көбінесе өзгеріске ұшырап отырады. Бұл балалардың қалыпты балалардан ерекшелігін айтар болсақ, яғни олардың әлеуметтік ортаға бейімделуімен, мінез – құлықтарымен және іс - әрекеттерімен ерекшеленеді [2,19].

Педагогтар мен дефектологтардың пікірінше, біздің елімізде мұндай балалармен жұмыс жүргізетін жаңа, нәтижелі бағдарламалар мен әдістемелер жоқтың қасы. Демек, мүмкіндігі шектеулі балалар отбасының әлеуметтік – педагогикалық проблемаларын зерттеп білу және оларды шешуге әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, отандық төл мамандарды тарту – бүгінгі күн тәртібіндегі ең өзекті мәселе.

Мүмкіншіліктері шектеулі адамдардың әлеуметтік байланыс, қарым – қатынас құқтары халықаралық заңдылықтармен бекітілген. Балалар бірінші кезекте қамқорлық пен көмекке ие болуы тиіс. Балалар құқығы (1959 ж). Декларациясында былай дейді: «Барлық балалар нәсіліне, ақ – қаралығына, жынысына, тіліне, дініне, саяси және басқа да түсінігіне, туған жері мен жағдайына қарамастан, төмендегі аты аталған мүмкіншіліктердің бәріне құқылы.

Психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың танымдық қабілеттерін жаңа технологиялар арқылы түзету жолдары.

Психикалық дамуы кешеуілдеген балалардағы танымдық қабілеттерін дамытуда жаңа технологиялардың маңызы зор. Енді соларға сипаттама берейік.

Монтессори технологиясы. Оның негізгі қағидаты – «оқы, оқы» деп күштеп емес, ойын арқылы оқыту және баламен дербес тіл табысуға негізделген жаттығуларды таңдап алу.

Монтессори технологиясының мақсаты:

- балаларды еркін тәрбиелеп, өмірге бейімдеу;
- өмірде өз мақсаты бар екенін қалыптастыру;
- балалардың өзінің үйреніп, өзін дамытуына жаңа мүмкіндіктер беру.

Монтессори бөлмесі 5 аймаққа бөлінген:

- 1) сенсорлық аймақ;
- 2) математика-лық аймақ;
- 3) күнделікті өмір жаттығулары аймағы;
- 4) тілдік аймақ;
- 5) ғарыштық аймақ.

Жаттығулардың негізгі мақсаты: баланы қоршаған ортаға деген жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.

Тәжірибелік жолмен іске асатын жаттығулардың түрлері:

- 1) суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құю;
- 2) металды тазалау;
- 3) кесілген гүлдерді күту жолдары;
- 4) бір сызықтың бойымен жүру;
- 5) тыныштандыру жаттығулары;
- 6) қоғамдық өмірге қатысы бар жаттығулар.

Монтессори әдістерін мүмкіншілігі шектеулі балаларға жүргізе отырып үрейлерін жеңуге байланысты жаттығулар түрлері. Мақсаты: үрей сезімімен танысып, үрей кейпін мимика және пантомимика арқылы бейнелеу және үрейді жеңу.

Вальдорф әдістемесі. Вальдорф әдістемесінің мақсаты әрбір баланың табиғи қабілеттерін дамыту және ересек өмірде қажет болатын өзіне деген сенімділігін нығайту. Бұл мектеп эмоциялық жетілу, инициатива мен іске шығармашылық тұрғыда келу, дұрыс көзқарас пен жоғары жауапкершілікпен қарау сияқты сапаларды дамытуға тырысады.

Зайцев технологиясы. Зайцев технологиясы табиғи, денсаулық сақтаушы, әртүрлі балалар тобының жекелеген ерекшеліктерін, сондай-ақ психофизикалық даму ерекшеліктерін ескеретін әмбебап-бейімдеуші болып сипатталады.

Зайцевтің текшелері бойынша оқуға баулуда сабақтарды қозғалыссыз отырып және күрделі теоретикалық анықтамаларды тыңдап өткізудің қажеті жоқ, ол көбіне кіші жастағы мектеп жасына дейінгі балаларға қиынға соғады. Барлық сабақтар ойынмен, қимылмен жүзеге асырылады, сондықтан да текшелердің пішіні сабақтарға әдеттен тыс сабаққа жарамды.

Мақсаты – сөздерді еріксіз, жылдам, сенімді есте сақтауды қамтамасыз ету, мектепте және алдағы өмірінде ары қарай грамматиканы меңгеруге арналған тәсілді игеруге көмектесу.

Глен Доман әдістемесі. Глен Доманның дамуы жүйесі келесі принциптерге сүйенді:

1. Тек тұрақты жұмыс жасай отырып, адамның миы өсуі және дамуы мүмкін;
2. Баланың ақыл-ойы өмірдің алғашқы күндерінен бастап үш жылға дейін қарқынды ми жүктемесімен дамиды;
3. Кішкентай адамның физикалық дамуы ми мен қозғалтқыш интеллектін неғұрлым қарқынды қалыптастыруға ықпал етеді;
4. Баланың тууы сәттен бастап 3-5 жылға дейін созылған белсенді өсу кезеңінде баланың миы жаттығу үшін бағдарламаланған және қосымша ынталандыруды қажет етпейді.

Баланың дүниеге келу сәтінен бастап 3-5 жылға дейін созылған белсенді өсу кезеңінде баланың миы жаттығу үшін бағдарламаланған және қосымша ынталандыруды қажет етпейді.

Баланың миы қаншалықты жүктелсе, соғұрлым ол тез дамиды, Глен Доман зерттеудің нәтижесінде анықталды [3,41].

Магато Шичида әдістемесі. Магато Шичида дүниеге келген барлық балалар ерекше қабілеттерге ие екенін дәлелдейді. Ұзақ уақыт бойы миды зерттей келе автор, оң жарты шарда үш жасқа дейінгі балаға басымдық береді деп мәлімдейді. Егер анатомиялық жағынан алатын болсақ, сұр заттар қалай жұмыс істейтінін түсінуге болады. Сол жарты шар баланың саналы әрекеттеріне жауапты. Оның арқасында бала бала тұрып, отыруға, отыруға болады. Оң жақ жарты шарда бейсаналық деңгейдегі бейсаналық әрекеттер үшін жауап береді. Бұл әртүрлі дарындар, тілдерді үйренуге бейімділік.

Шичида әдісі оң жарты шардың дамуына негізделген. 3 жасқа дейінгі баламен қарым-қатынас түрлі шығармашылық қабілеттерін ашып, түйсігі, фотографиялық есте сақтау, жылдам оқу, математикаға бейімділік, шет тілдерін игеру. Үш жастан бастап, сол жарты шарда басым болады. Бала логикалық ой-пікірге бейімділікті дамытады, қолдың моторикасын жақсартады және лингвистикалық дағдыларды қалыптастырады. Осы жастан бастап сенсорлық сезімге сынықтарды үйрету әлдеқайда қиын.

Сондықтан профессор өз бағдарламасында балалармен 6 айдан 6 жасқа дейін жұмыс істеуге кеңес береді.

Шичида әдісі негізделген негізгі принциптер:

1. Талантсыз бала жоқ, себебі олардың барлығыда дарынды және бала бойындағы жасырын талантты дамыта білу керек.
2. Тек ата-ана мен бала арасындағы тығыз байланыстың нәтижесінде ғана сапалы білім беруге болады.
3. Баланың интеллектуалдық сферасын ғана емес, сонымен қатар сезім ін де дамыту керек.

4. Нәтижеге қол жектізу үшін барлық сабақтар бірізді және жүйелі түрде ұйымдастырылуы керек.

Сеган әдістемесі. Француз психологы Эдуард Сеганның дамытуға арналған тақтайшалары көптеген елдерде сұранысқа ие.

Сеган әдістемесінің негізгі мәні балаға ешнәрсе түсіндірі, оқуға жүктеп және қандайда бір карточкаларды қарауға мәжбүрлеудің қажеті жоқ. Барлық сабақтар ойын түрінде өтеді. Сеган әдістемесінің басқалардан айырмашылығы да осында. Автор тек жүйелілікті немесе қайталанып тұруды міндеттейді. Оның тағы бір ерекшелігі әртүрлі балалармен, соның ішінде әсіресе сөйлеу тілі бұзылған немесе мүлдем мылқау балалармен жұмыстанудың мүмкіндігі.

Эдуард Сеган өз әдістемесін ұсына отырып, келесі мақсаттарды көздеді:

- баланың көрнекі-бейнелі ойлауын зерттеу, бағалау және дамыту мүмкіндігі;
- баланың саналы әрекеттерге қабілеттілігін зерттеу және оны үйрету деңгейін анықтау;
- ұсақ моториканы, көру арқылы қабылдауды, логикалық және кеңістіктік ойлау, тактильді қызметтерді дамыту;
- түс және форма түсініктерімен таныстыру;
- сөйлеу тілі қызметтерін стимулдау.

Сеган әдістемесін өте ерте жастан бастап 7 жасқа дейін жүргізуге болады. Бір ғана өзгеретін нәрсе - тақтайшалардың және оның мазмұнының күрделенуі.

Сесиль Лупан әдістемесі. Әдістеменің негізгі принципі — оқыту ата-анаға және балаға қуаныш сезімін әкелу керек. Сесиль Лупан әдістемесі ата-аналарға баланың жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын, бейімділіктерін толығымен ескере отырып, үйлесімді және жан-жақты дамытуға көмектеді.

Сесиль Лупан — “Өз балаңа сен” кітабының авторы. Автор ұсынып отырған негізгі ой балалар қамқорлықпен көңіл бөлуді талап етпейді, оларға тек ата-анасы бере алатын қызығушылықпен көңіл бөлуді қажет етеді деп түйінделеді.

Балаларды кез келген оқыту қызықты ойынға ұқсауы керек, оны бала жалықпай тұрып аяқтаған абзал. Әдістеменің негізгі принципі — оқыту ата-анаға және балаға қуаныш сезімін әкелу керек. Сесиль Лупан ата-аналарды балаға барлық нарселерді ол түсінбейтініне қарамастан айтып беруге шақырады.

Әріптер мен цифраларды оңай үйрену үшін әріппен бірге әріптің үстіне сурет салып қою керек. Мысалы, «К» әріпінің үстіне көбелек салып қою. Баланы оқыту қызықты ойынға ұқсауы тиіс.

Оқу сияқты маңызды процеске де көңілді қарауға болады.

Сесиль Лупан әріптің атауын қандай да бір сәйкес келетін балалар әнінің ырғағымен әндетуді ұсынады. Және жақын арада бала әліпбиді есіне сақтап алады деп есептейді.

Железновтар әдістемесі. Көптеген зерттеулердің нәтижесінде психологтар музыкамен жаттығулардың баланың психомоторикалық, интеллектуалдық және әлеуметтік дамуына жағымды әсер ететеінін дәлелдеп отыр. Сондай-ақ, музыкалық-ритмикалық ойындар балада зейіннің шоғырлануы мен ақпаратты қабылдау қабілетінің қалыптасуына әкеледі. Железновтар әдістемесі осы теорияны негізге ала отырып жасалған.

Оның басқа әдістемелерден айырмашылығы - музыка тек «мақсат» емес, «құрал» болып табылады.

Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы мен ән айтуы, гимнастика және би билеу, саусақпен және қозғалмалы рольдік ойындар – бұл сабақтар балаларға шынайы қанағаттану сезімін сыйлайды және көмектеседі:

- жалпы физиологиялық дамуды жақсартуға;
- музыкалық есту мен еске сақтауды дамытуға;
- қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру;

- баланың өзбетті шешім қабылдауға, компромиске келуге, ұжымда бірігіп әрекет етуге үйрету.

Мұнымен қатар паралельді түрде балада сөйлеу аппараты, қолдың үлкен және ұсақ моторикасы дамиды.

Железновтар жүйесі бойынша кешенді жаттығулар ұйымдастырылады:

- би билеу;
- музыка тыңдау;
- саусақ гимнастикасы;
- ән айту;
- музыкалық инструментте ойнау;
- түрлі ойындар.

Масару Ибука әдістемесі. Масару Ибука - инженер, кәсіпкер (1908-1997 г.), “Sony” компаниясының негізін салушылардың бірі. М.Ибуканың «3 жастан кейін бәрі де кеш» атты кітабы 1971 жылы жарық көрген, 1991 жылы орыс тіліне аударылған.

Әдістеме негіздері:

- адамның мінезі мен қабілеті туылған мезетінде емес, көбіне оның өмірінің белгілі бір кезеңінде қалыптасады;
- баланың ақыл-ой қабілетінің дамуының кілті- бұл баланың өмірінің алғашқы үш жылындағы танымдық жеке іс тәжірибесінде болады;
- «Артта қалған бала болмайды – барлығы оқыту әдістеріне байланысты»;
- баланы ерте жастан дамытудың жалғыз мақсаты – ол бала терең ойлы мен тәні сау болып, бойында зеректілік пен рақымдылық қасиеттері табылатындай етіп білім беру.

Бұл әдістемелердің барлығы тек психикалық дамуы кешеуілдеген балаларды дамытуда ғана емес, сонымен қатар қалыпты балаларды дамытуда қолданылады.

Әрбір әдістеменің авторы өз жүйесін қолдану арқылы бала өзінің жоғарғы интеллект көрсеткіштері арқылы ғана емес, дені сау және дарынды болып қалыптасатынын алға тартады [4,24].

«Психикалық дамудың кешеуілдеуі» деген ұғым–балалардың минимальдық – органикалық жетіспеушілігі, сондай–ақ орталық нерв жүйелерінің зақымдалуы деген мағынаны береді. Психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың эмоционалдық – ерік сфераларының тұрақсыздығы, соның ішінде ойлау деңгейлерінің әлсіздігі, есте сақтаудың төмендігі, қабылдаудың тұтастығының болмауы, зейіннің шашыранқылығы сияқты белгілері анықталды. Кейбір аспектілері бойынша алғанда балалардың эмоционалдық ерік сфералары жас деңгейлеріне байланысты өзгеріп те отырады.

Психикалық дамуы кешеуілдеген балалардың танымдық қабілеттерін жаңа технологиялар арқылы дамыту жолдарын зерттеу жұмысымыздың негізінде келесі ұсыныстар жасаймыз:

- Балалардың жас ерекшеліктері мен даму деңгейін ескере отырып даму ортасын құру, бала ойнап отырып дамиды. Ойын ортасы өзгермелі болуы тиіс. Мазмұндық-рөлдік ойын атрибуттары балалардың қолы жететін орында болғаны дұрыс. Кейбір кезде атрибуттар арнайы бекітілген тәртіппен қалыптастырылады, ал, кейбір кезде балаларға ойын ортасын өзбетімен құруға мүмкіндік беріледі:

- ерте жас кезеңіндегі балалардың уақытын ұйымдастыруға басшылық жасаудың тиімді тәсілі педагог басты рөлге тікелей қатысады, соның ішінде алғашында әр баламен жеке жұмыстанады.

- балалармен жұмыстанудың жанама тәсілдерінің маңызы зор, баланың өзбетімен ойнауға кедергі жасамайтын дербес ойындардың бала дамуына ықпалы мол.

- педагог мүмкіндігінше баланы «ересектердің» орнына жиірек қойып, бала дербестігінің дамуына мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтары және оларды қамтамасыз ету заңы. Астана – 11 шілде. -2002.
2. Бабкина Н.В. Особенности познавательной деятельности и ее саморегуляции дошкольников с задержкой психического развития//Дефектология. 2002.№5.
3. Белопольская Н.Я. Личностные особенности детей с задержкой в системе дифференциально – психологической диагностики. Москва. 1996.
4. Оропаева И.П. Коррекция эмоциональной сферы младших дошкольников// Дефектология. 2005.-№ 6.

ӘОК 37.01:39

ПОЛИЭТНИКАЛЫҚ ОРТАДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ

Кадыржанова Ж.Е. аға оқытушы, магистр
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Түйіндеме. Мақалада студенттердің этномәдени құзыреттілігін тәрбиелеу, қалыптастыру, этномәдени білім берудің тәрбиелік мүмкіндіктері, этномәдени құзыреттіліктің сатылары, полиэтникалық білім беру бағытындағы тәрбиелеу процесі, полиэтникалық ортада студенттердің этномәдени құзыреттілігін қалыптастыруда жоо-ғы кәсіби білім беру бағыттары туралы айтылады.

Кілт сөздер: этномәдени, этнос, толеранттылық, полиэтника, құзыреттілік.

Қазақстан Республикасы этномәдени білім беру тұжырымдамасында «Бізге қажетті – жаны да, қаны да қазақы, халықтың тілі мен дінін, тарихы мен салт-дәстүрін бойына ана сүтімен бірге сіңірген, егеменді елінің еңсесін көтеруді азаматтық парызым деп ұғатын ұрпақ тәрбиелеу» – деп атап көрсеткендей, еліміздің елдігі мен бірлігін сақтайтын ұрпақ тәрбиелеу, білім берудің барлық салаларының алдындағы негізгі міндеттердің бірі. Осы міндеттерді шешудің бір жолы ұлттық құндылықтар арқылы студенттердің этномәдени құзыреттілігін қалыптастыру.

Қазіргі заманда студенттердің этномәдени құзыреттілігін тәрбиелеу білім беру саясатының басты мақсаттарының бірі болып отыр. Білім беру жүйесіндегі толеранттылық рухын арттыру, оған деген қатынасты қалыптастыруды қоғамның маңызды құндылығы деп қарау – бұл жер шарындағы әлемдік мәдениетті дамытудағы кәсіби білім беруге елеулі үлес қосу. Білім беру орындары маңызды қоғамдық міндеттерді шешуге бағытталған тәрбиені беруде үлкен жауапкершілікті қолға алады. Өйткені этномәдени толеранттылық тек білім беру орындарындағы ғана емес, ол жалпы тұтасқоғамның тұрақтылығының маңызды факторы болып ғана табылады. [1,14-25б.] Бірақта, әр кезде білім беру орындарының мүмкіндіктеріне орай, студенттердің әрекеттеріндегі толеранттылық, этномәдени сана құрылымын қалыптастыру туралы сұрақтар туындап отырады. Сондықтан да, білім беру орындарында этномәдени құзыреттіліктің құнылықтарына сай өзара қарым-қатынас дамуы үшін белгілі бір ережелерді ұстану қажет болады: яғни, этномәдени білім беру; басқаны түсінуді дамыту; толеранттылықты тәрбиелеуге деген жауапкершілік; ұлттық өзіндік ерекшеліктерге деген жағымды қатынас; адамдарды ажырататын емес, жақындастыратын нәрселерге деген зейінділік; білім беру орындарында позитивті атмосфераны құру.

Осы орайда, жоғары оқу орындары жоғарыда аталып өткен ережелерге сәйкес білім, біліктерді студенттердің бойында тәрбиелеу негіз болатын институттар ретінде саналады. Осы бағытта қалыптасатын білік, дағдылардың жиынтығы жиынтығы кейіннен этномәдени құзыреттілік болып танылады. Сондықтанда қазіргі күндегі полиэтникалық ортада студенттердің этномәдени құзыреттілігін қалыптастыру, тәрбиелеу бағытындағы жұмыстарда және сол бағыттағы туындаған мәселелерді шешуде белгілі бір педагогикалық технологиялардың жетіспеушілігін көрсетті. [2,14-25б.] Сонымен қатар, отандық және шетелдік зерттеушілердің жұмыстарындағы полиэтникалық білім беру мазмұнымен этномәдени құзыреттілікті қалыптастыру туралы теориялардың арасындағы сәйкессіздіктердің болуы, этномәдени құзыреттілікті қалыптастыру шарттарының ұсынылмауы, полиэтникалық білім беру ортасының ерекшеліктерінің анықталмауы сияқты мәселелер зерттеу тақырыбының өзектілігін ашты. Білім беру мекемелері толеранттылықтың құндылықтары мен этномәдени құзыреттілікті өзіндік үлгісімен дәлелді көрсете отырып, оны қалыптастыру үшін жағымды орта құра білу қажет. Этномәдени құзыреттілікті тәрбиелеудегі оқу мақсаттары адамзаттың адамгершілік құндылықтарын көрсететін қажетті білікті ғана ұсынып қоймай, этномәдени құзыреттіліктің құндылықтарынан туындайтын біліктерді де алға қояды.

Этномәдени құзыреттілікті тәрбиелеу студенттерде әртүрлі әлеуметтік конфликтілерге, адамдар арасындағы түрлі қайшылық көріністерге деген конструктивті қатынас дағдысын қалыптастыруды көздейді. Сондықтан да, оқытудың жеті бағытын бөледі: танысу, төзімділік, өзгелерге сыйластық, жеке ерекшелікті түсіну, айырмашылықтарды өзара толықтырып отыру, өзара бірлескен әрекеттер негіздері, әлемдік мәдениет. Осы айтылған этномәдени құзыреттіліктің жеті бағыты әлем мен этномәдени құзыреттілікті біртіндеп оқытудың бағытымен сипатталады. Білім берудегі педагогикалық теория мен практикада студент жастардың этномәдени құзыреттілігін дамыту үшін ЖОО-дағы білім беру жүйесіне этнологиялық, этномәдени білімді енгізу туралы көзқарастар тұжырымды қажет етіп отыр. Яғни, бұл этносаралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеуге негізделген курстардың, бағдарламалардың мақсатқа сәйкес жасалуы. [5,95-104б.]

Этномәдени білім беру бұл үлкен тәрбиелік мүмкіндіктерге ие. Ол білім алушыларда патриоттық сезім, толеранттылық, өз елінің, өзге елдің халықтарының мәдениетіне деген қызығушылық, этносаралық қарым-қатынас мәдениетіне үйрену және т.б. Полиэтникалық білім беру бағытындағы тәрбиелеу процесі өзінің іс-әрекеттеріне баға бере алатын, нақты адамгершілік сенімі бар, өзіндік өмірлік бағдарын құра алатын адамгершілігі жоғары тұлғаны қалыптастыруға бағытталады. Тәрбиелеу жүйесіндегі басым бағыт болып, әртүрлі халықтардың мәдениетінің өзіндік болмысын түсіну мен білуге негізделген дүниетанымын, әлемдік мәдениетті сақтауды саналы ұғынып, этникалық ерекшеліктер мен ұлттық құндылықтарды құрметтей білу білігін қалыптастыру табылады.

Полимәдени білім беруді негіздеудегі маңызды қорытындысы Л.С.Виготскийдің психика және әрекеттің трайхи-мәдени даму теориясынан шығады.

Полимәдени білім беру шарты бір жағынан білім алушылардың ұлттық сана сезімі мен ұлттық теңесуге ықпал ету болса, екінші жағынан полимәдени және полиэтникалық өмір жағдайына әлеуметтік бейімделу мен әлеуметтену, этносаралық қарым-қатынас дағдысы мен біліктерін қалыптастыруға бағытталады.

Студенттердің полиэтникалық ортада этномәдени құзыреттілігін қалыптастыру бағытталады:

- Әлеуметтік өзара қатынастарды құруда білім беру процесінде білім алушылардың этномәдени және конфессиялық ерекшеліктерін ескеруге;

- Қазіргі білім беру әлеміндегі жастар мен балалардың әлеуметтік мәдени ситуацияларын ескере отырып, полимәдени ортада кәсіби іс-әрекет жасай білуге қабілетін дамытуға;

- Өзінің кәсіби әрекеттерінің нәтижесін және қабілетін рефлексиялай алуға;
- ЖОО-ғы полиэтникалық ортада студенттердің тұлғалық дамуы және қарым-қатынасындағы педагогикалық шарттарды сақтауды қамтамасыз етуге;
- Студенттердің полиэтникалық ортадағы тәрбиесі, дамуы, білім алуы туралы сұрақтар бойынша педагог-психологтармен, ата-аналармен өзара бірлескен әрекеттерді жүзеге асыруда.

Полиэтникалық ортада студенттердің этномәдени құзыреттілігін қалыптастыруда ЖОО-ғы кәсіби білім беру келесілерді қосады:

- полимәдени білім берудің негіздері бойынша студенттерде ұғымдар мен түсініктер жүйесін қалыптастыру;

- студенттерде полимәдени білім беру мазмұнын дамыту, білім беру процесінде студенттердің полиэтникалық ортадағы қарым-қатынаста, өзара әрекеттерде әлеуметтік мәдени ерекшеліктерді ескеріп жүруді. [3,71–75б.]

Осы мақсатта келесі міндеттерді жүзеге асыру қолға алынады:

- полимәдени білім берудің әлеуметтік мәдени және педагогикалық феномен ретінде қарастыру;

- студенттерді ЖОО-ғы полимәдени білім беру идеяларын жүзеге асыруға байланысты отандық және шетелдік бағыттармен таныстыру;

- ЖОО-ғы полимәдени білім берудің мазмұнындағы негізгі бағыттарды сипаттау;

- полиэтникалық ортада студенттердің этномәдени, мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру;

- әр білім алушының жеке және әлеуметтік мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, шығармашылық мүмкіндіктерге дайындығын қалыптастыру;

- студенттерді гуманды полиэтникалық ортада жобалай білуге қабілеттерін дамыту;

- студенттердің полиэтникалық ортадағы этномәдени құзыреттілігін қалыптастыра отырып, мәдени білім беру саласындағы сәйкесінше педагогикалық іс-әрекетке дайындығын дамыту.[3,71–75б.]

Студенттердің бойында полиэтникалық мәдениетін қалыптастыру үдерісін жүзеге асыру үшін ең алдымен осы бағыттағы инновациялық тәжірибелерді тарату, мәселеге ерекше қызығушылық тудыратын мектептердің озық педагогикалық қоғамдастығын біріктіру, полиэтникалық мәдениетті қалыптастыру бағытында оқу-тәрбие үрдісінің мазмұндық кешенін күшейту, студенттердің білім алу ортасына сәйкес қазіргі оқу бағдарламаларымен кіріктіріп оқытуды қарастыру, сабақта және сабақтан тыс уақытта еліміздің бейбітшілігі мен келісімін сақтаудағы этномәдениет бойынша оның бірегейлігі, сонымен қатар ұлтаралық құндылық мәдениеті, оның маңыздылығындағы білімді толықтыру мақсатында жұмыстар жүргізу секілді мәселелер де назардан тыс қалмауы тиіс. [4,35-42б.] Этномәдени құзыреттілік студенттерге келісім мен өзара сенім атмосферасын қолдауды, бірлескен іс-әрекетте жоғары нәтижеге жетуді қамтамасыз ететін мінез-құлық үлгісін табуға көмектеседі. Этномәдени құзыреттілік күнделікті өмірде және оқу сабақтарында өз ұлтының және басқа ұлттардың этникалық мәдениеті туралы алған білімге негізделген этника-аралық өзара түсіністік пен өзара әрекетке дайындықты көрсетеді. Этномәдени құзыреттілікті қалыптастыру алуан түрлі көздерден білім интеграциясын және этносаралық өзара әрекеттестік міндеттерін шешу қабілетін, студенттерді өзінің туған мәдениетіне, сосын өзге мәдениетке ендіруді мақсат етеді. [6,9-16б.] Өз мәдениетінің құндылығын басқа құндылықпен бірлікте салыстыра отырып, тану басқа халықтың мәдениетіне енуге, этносаралық түсіну мен диалогқа қабілетін дамытуға мүмкіндік туғызады. Этномәдени құзыреттіліктің жоғары деңгейіне жетуде төмендегі сатылардан өту көзделеді:

1)өзінің этникалық мәдениеті саласындағы, сонымен бірге сол мемлекетте тұратын халықтардың этникалық мәдениеті туралы элементарлы сауаттылығы;

2)өзінің және Қазақстан халықтарының этникалық мәдениеті саласындағы функционалды сауаттылығы және белгілі бір мемлекеттің этномәдени саласындағы элементарлы сауаттылығы;

3)Қазақстанның этномәдениет саласындағы білімділік және әлемдік этномәдениет саласындағы элементарлы сауаттылықтың көрінуі. Этномәдени құзыреттілікті қалыптастыру білім мазмұнына этномәдени компонентті енгізу арқылы оқыту мен тәрбиелеудің шарты мен тәжірибені тасымалдау формасын ұсынатын білім беру кеңістігінде жүзеге асырылуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Балицкая И.В. Поликультурное образование – М.,2001. 14-25б.
2. Джаубаева М.И. Пути формирования компонентов этнокультурной компетентности молодежи в поликультурном регионе/ Мир науки, культуры, образования – 2013. №5 14-25б.
3. Джаубаева М.И., Филимонюк Л. А. Воспитание этнокультурной компетентности студентов в полиэтнической образовательной среде Ставропольского края // Научно-методический электронный журнал «Концепт» – 2016. Т.11. 71–75б.
4. Дмитриев Г.Д. Многокультурное образование. М.,1999. 35-42б.
5. Поштарева Т.В. Этнокультурная компетентность как социально - педагогическое явление // Теоретические проблемы этнической и кросс культурной психологии: материалы Междун. научн. конф. / Отв. ред. В. В. Гриценко. Смоленск.,2008. Т.2. 95-104б.
6. Каптерев П. Ф. Избранные педагогические сочинения. М.,1982 9-16б.

ӘОК 159.922 (075)

БАЛАЛАРДЫ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДАУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

Г.М. Умбетова, аға оқытушы., п.ф.магистрі

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Резюме

В этой статье рассматривается актуальность проблемы психолого-педагогической готовности детей к школе. В том числе физиологическая, социальная, психологическая готовность обучению детей в школе.

Ключевые слова: психолого-педагогическая, готовность, школа, дети

Resume

In this article rasmatrivaetsya aktualnosti the problem of psychological and pedagogical readiness of children for school. Including physiological, social, and psychological readiness to teach children at school.

Keywords: psychological and pedagogical, readiness, school, children

Елбасымыз Жолдауында «XXI ғасырдың табалдырығы алдында білім беру капиталға айналуға. Елдің даму деңгейі білімі арқылы бағаланатын болады» - деп сапалы білім беруге ерекше назар аударған еді. Бұл мектепке дейінгі кезеңге де тікелей қатысты. Ерте бастан бала еркін ойлауға, жасына сай жұмысын жоспарлап, соңына дейін жеткізуге, кедергілерге қарсы тұруға, сыни ойлауға бейімделгені жөн. Ол үшін дәстүрлі білім

мазмұнын сақтай отырып, педагогтар жаңартылған жағдайға икемделу керек. Білім берудің сапасын жақсарту, әдістемелік негізін өзгерту заман талабына сәйкес туындап отырған қажеттілік. Бұрын оқу үрдісінде педагог басты рөл атқарған болса, қазір тәрбиеленушінің белсенділік көрсетуі маңызды. Үдеріс педагогтың емес, білім алушының әрекетімен бағалануы тиіс. Бала дамуы – күрделі процесс. Кейде бала үшін барлық жағдай болғанның өзінде баланың дұрыс қалыптасуына негіз бола бермейді. Балалар биологиялық, психологиялық, әлеуметтік заңдылық бойынша дамиды. Демек, өсіп келе жатқан тұлғаның қалыптасуы да бұзылуы да аяқ астынан. Қалай болғанда да дұрыс берілген тәрбие, балада «Мен» көзқарасын пайда болуын қамтамасыз етеді. Ал бұл мәселеде мектепке дейінгі шақ рөлі ерекше. Мектепке дейінгі кезең-бұл адамға өмірлік құндылықтар жайында түсінік беретін алғашқы ұжым. Адамның қаншалықты деңгейде дамуы көбіне оның сәби шағында қаншалықты тәрбие алғанына, кімдермен қарым-қатынас жасағанына байланысты. Қарым-қатынас барысында ой-пікір, сана-сезім, мінезқұлық, келісім, талас-тартыс, қарама-қайшылық іске асады. Қатынас арқылы бала алғаш рет өмір жолымен танысады.

Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесін реформалау барысында әрбір баланы мектептегі оқу және әлеуметтік ортаға еркін бейімделе алатындай жағдай жасау аса маңызды міндет. Демек, қазіргі талап бойынша мектептің бірінші сыныбына келетін балалардың физиологиялық жағынан мықты, адамгершілік, мәдениеттілік, еңбексүйгіштік қасиеттері мол, ерік-жігері күшті, жұмыс қабілеттеріне ие, білімге қызығушылық сипаттары мол болуы қажет. Сондықтан да мектеп пен мектепке дейінгі мекеменің, ата-аналардың басты міндеті - баланы мектептегі оқуға, мектеп өміріне даярлау.

Мектепке алғаш бару - бала өміріне үлкен жаңалық, өзгеріс енгізеді, қоғамдағы жаңа орынға көшуі мен өсіп-жетілуінің бір бастамасы. Баланы мектепке дайындау дегенде көптеген ата-аналар балаға әріптерді және санауды үйретумен ғана шектеледі. Әрине баланың оқуға дайындығын ақыл-ойының даярлығымен ғана шектеліп қоймай, оның оқуға психологиялық жағынан даярлауды қарастыру қажет. Яғни, бұл баланың мотивациялық-қажеттілік және психикалық үрдістерінің дамуы оқуда, қарым-қатынаста қиындыққа кезікпеуіне мүмкіндік береді. Бұл қауырт кезеңде мектеп бірінші күннен бастап оқушыға бірнеше талаптар қойып және баланы ұқыптылық пен зейінділікке тәрбиелейді. Сондықтан да балалар оқу ісіне машықтануға, қимыл-әрекеттерінің ықтиярлы басқарылуы қабілетін, ақыл-ой еңбегін, мақсаткерлігін, дағдысын қалыптастыруға аса көңіл бөлінеді.

Бүгінгі күнде «мектептегі оқуға дайындық» ұғымы комплексті және баланың барлық өмірінің сферасын қамтиды. Мектепке дейінгі баланың өмірінде әлеуметтік, психологиялық жағынан және физиологиялық жағынан да қиын кезең. Бұл кезеңде мектеп өмірімен танысады, әлеуметтік ортасы өзгеріп және оқушының жаңа әлеуметтік рөлін меңгере бастайды. Белгілі орыс психологтары А.Н. Леонтьев, А.В. Запорожец, А.А. Люблинская мектепке даярлау ұғымына баланың оқу тапсырмаларын түсінуін, әрекеттерді орындау тәсілдерін меңгеруін, ерік қасиеттерінің дамуын, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау дағдыларын, мұғалімді тыңдау, материалды еске сақтау біліктілігін жатқызады. Е.Е. Кравцова мектептегі оқуға психологиялық даярлығы бұл баланың дамуында «қарым-қатынас» негізгі ролді атқарады деген тұжырымға келді. Ал Л.И. Божович мектепке келетін баланың таным қызығушылықтары дамыған, әлеуметтік ортаға ене алу біліктілігі және оқуға деген ынтасы болуы қажет деген пікірге келді. Р.В. Овчарова тұжырымдамасында, мектептегі оқуға дайын бала өзінің әрекеттерін жоспарлап және бақылай алады, қоршаған дүниенің заңдылықтарын, заттардың жасырын қасиетін бағдарлайды, оларды өз әрекеттерінде қолдана алады, басқа адамды тыңдай біледі және логикалық ойлау тәсілдерін орындай алу біліктілігін жатқызады. Алайда, мектепке даярлау мәселесі Қазақстан ғалымдары Б. Баймұратова, Қ. Сейсенбаев, Н. Айғабылов, Б. Дабылова еңбектерінде біршама зерттелгені белгілі. Дегенмен, мектептегі оқуға даярлау

мәселесі әліде өзекте мәселелердің бірі болып қала бермек. Мектепке психологиялық даярлықты жүзеге асыру ісін ғалымдар түрліше жіктейді. И. Шванцар, Л.И. Божович зерттеулеріне сүйене отырып, мектепке даярлықты жүзеге асыру ісін үш бағытта жүргізу қажет деп тұжырымдайды. Ал Е.Е. Кравцова мектепке даярлықтың төрт бағытын қарастырды:

1 бағыт - балаларды мектептегі оқуға қажетті нақты іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру;

2 бағыт – мектеп жасына дейінгі кезеңнің аяғында байқалатын жаңа құрылымдар мен бала психикасындағы өзгерістерді зерттеу;

3 бағыт - оқу әрекеттерінің алғы шарттары;

4 бағыт - баланың берілген ережелер мен ересектер талабына саналы түрде бағыну іскерлігі.

Баланың мектепте табысқа жетуінде бұл бағыттар аса маңызды болғандықтан, әрбір бағыт жайлы ақпаратпен қамтамасыз етуді жөн көрдім.

1. Психомоторлық және ақыл-ойының даярлығы.

Психомоторлық дайындық дегеніміз—белгілі бір ми құрылымдарының жетілу дәрежесінің, нейропсихикалық функциялардың мектептегі оқу шарттары мен міндеттеріне сәйкестігі болып табылады. Баланың функционалды дайындығы жалпы даму деңгейін, оның көзін, кеңістіктік бағдарлануын, еліктеу қабілетін, сондай—ақ қолдың күрделі үйлесімді қозғалыстарының даму дәрежесін көрсетеді. Психомоторлық дайындық балалар ағзасында болып жатқан өзгерістерді қамтуы керек, бұл оның өнімділігі мен төзімділігін арттыруға, функционалды жетілуге ықпал етеді. Атап өтетін болсақ:

- жасына байланысты, мектепке дейінгі балалық шақта қозу және тежелу процестерінің тепе-теңдігі балаға ұзақ уақыт бойы назарын өзінің іс-әрекетінің объектісіне, мінез-құлықтың ерікті формаларын және танымдық процестерді қалыптастыру қабілетіне аударуға мүмкіндік береді;

- қолдың ұсақ бұлшықеттері мен визуалды-моторды үйлестірудің дамуы жазу әрекеттерін игеруге негіз жасайды;

- мидың функционалды асимметриясының механизмін жетілдіру, сөйлеуді таным және ауызша—логикалық ойлау құралы ретінде қалыптастыруды белсендіреді .

Зияткерлік дайындық мектеп жасына дейінгі баланың белгілі бір білім қорын игеруін, жалпы қатынастарды, принциптерді, заңдылықтарды түсінуді; көрнекі—бейнелі, визуалды—схемалық ойлауды, шығармашылық қиялды дамытуды, табиғат пен әлеуметтік құбылыстар туралы негізгі идеялардың болуын қамтиды. Мектепке баратын бала қоршаған шындық құбылыстарындағы маңызды нәрсені ажырата білуі, оларды салыстыра білуі, ұқсас және керемет көре білуі, пайымдай алуы, құбылыстардың себептерін таба білуі, қорытынды жасай білуі керек.

Мектепте оқуға ақыл-ой дайындығына мыналар кіреді:

- әлем туралы білім қоры, олардың көлемі ғана емес, сапасы да маңызды (дұрыстық, нақтылық, жалпылау);

- шындықтың әртүрлі салаларына жататын құбылыстардың маңызды заңдылықтарын көрсететін көріністер;

- танымдық қызығушылықтың жеткілікті даму деңгейі—жаңа, таным процесіне деген қызығушылық;

-танымдық іс-әрекеттің, психикалық процестердің белгілі бір даму деңгейі: сенсорлық стандарттардың қалыптасуы; қабылдау сапасы-объектілерді, құбылыстарды жүйелі түрде тексере білу, олардың әртүрлі қасиеттерін ажырата білу; ойлау сапасы-салыстыру, пайымдау, қорытынды жасау қабілеті; ойлауды орталықсыздандырудың белгілі бір дәрежесі; шындық объектілері арасындағы неғұрлым маңызды қасиеттер мен қатынастарды оқшаулауға мүмкіндік беретін көрнекі-бейнелі және бейнелі—схемалық

ойлаудың жоғары даму деңгейі; логикалық ойлауды қалыптастыру және мектепте оқу білімін игеру үшін негіз болады; қиялды дамыту;

- психикалық процестердің еркіндігін қалыптастырудың басталуы;

- сөйлеуді дамыту;

- мектеп жасына дейінгі баланың кейбір арнайы білім мен дағдыларды игеруі ерекше орын алады: хат, шот, арифметикалық есептерді шешу.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі баланың білімі және біліктілігі. Кез-келген бала жазып және санаумен ғана шектеліп қана қоймай, ең маңыздысы салыстыра білуді, талдауды, ойлай білуді, өздігінен қорытынды жасай білуі тиіс. Көрнекі - әрекеттік ойлау қабілеттілігі жоғары бала көрнекі үлгімен жұмыс істегенде, заттардың кейпімен, мөлшерін ұйқастырғанда, қойылған міндеттерді шешуде тиімді әрекеттердің барлық түрін орындап шығады.

Сонымен бірге баланың сөйлеу тілінде кемістіктің болмауы және өзіне сөйлеген сөздің мағынасын түсініп, өзінің ойын жеткізе алуы қажет. Бала өзбетімен сөйлем құрастырып, ұқсас дыбыс тіркестерін анық айта алуы маңызды. Әрбір бала әңгімені құрастырумен қатар әрі бала заттарды, суреттерді, әрекеттерді бейнелеп және оның мазмұнын айтып беруі қажет. Яғни, баланың сөздік қорының мөлшері, таным үрдістерінің даму деңгейі, логикалық операцияларды орындай алуы, баланың оқуда білімді табысты меңгеруінің негізі болып табылады.

Ақыл-ой дайындығының көрсеткіштері

| Бейнелі компонент | Вербалді компонент |
|---|--|
| Заттың сипатын, қасиетін қабылдау қабілеттілігі. | Заттардың әртүрлі қасиеттерін айта білу және айыра білу қабілеттілігі. |
| Бейнелі негіздегі көру есі. | Сөйлеу негізіндегі есту есі. |
| Зат не құбылыс туралы ұғымдарды қорытындылау біліктілігі. | Бір текті ұғымдарды, заттарды жалпылау қабілеттілігі. |
| Ойлау тәсілдерінің (синтез, салыстыру т.б.) дамуы. | Ойлау тәсілдерінің дамуы. |
| Белсенділік, тапқырлық. | Қисынды ойлау |

2. Биологиялық кемелденуі.

Мектептегі оқу әрекеті - бұл ағзаның барлық жүйелерінің қатты жұмыс істеуін қажет ететін үрдіс. Баланың ағзасында жаңа ережелер мен іс-әрекеттерге үйрену өзгерістер туғызады. Оқушы мектептің талаптарын орындап, жаңа күн режиміне, сабақтарда тәртіп сақтап отыруыға дағдылануы қажет. Алайда кез-келген баланың денсаулық жағдайы мұндай өзгерістерге бірден бейімделе алмайды. Сондықтан баланың денсаулық жағдайы (дене салмағы, бойының ұзындығы т.б.) нормадағы 6-7 жасар баланың дене көрсеткіштеріне сәйкес болуы тиіс. Сонымен бірге көру, есту, моторикасының дамуы және жүйке жүйесінің физиологиялық жағдайын жатқызуға болады.

3. Жеке басының қалыптасуы мен әлеуметтік даярлығы.

Мектепке келген бала оқимын деген ниетпен мектеп табалдырығын аттайды. Бірақ кейде бала оқуға барғым келеді дегенмен, оның мотиві әртүрлі болады. Біреуі мектепте көп бала бар және онда көңілді десе, біреуі партаға отырғысы келгендіктен мектепке баруы мүмкін. Алайда мұндай ықыласпен мектепке келген балалар, біраз уақыттан кейін мектептің қатал тәртібіне және күнделікті оқу сабақтарына шыдай алмайды. Жалпы, бала оқу үрдісінің

өзіне қызығуы қажет. Сонда ғана бұл баланың таным қызығушылықтарының дамуына, жаңа білім алуына мүмкіндік жасайды.

Сонымен бірге бала мұғалімдермен, балалармен қарым-қатынас жасау үшін қажетті қасиеттердің қалыптасуы аса маңызды. Яғни, оқу әрекеті ұжымдық сипат болғандықтан, әрбір бала құрдастарымен қарым-қатынас жасай алуға, бірге жұмыс істеуге дағдылануы керек. Кейбір балалар жаңа ұжымға тез еніп, балалармен тез тіл табысып кетеді. Ал кейбіреулері көпке дейін құрбыларымен тез тіл табыса алмағандықтан, ұжымнан тыс қалып, жалғыз жүреді. Сондықтан баланың ұжымда өзіне тиісті орын алуы, оның қарым-қатынасына әсер етеді. Сөйтіп берілген құраушылар баланың басқалармен қарым-қатынас арқылы мектепте оқытуға, мектеп оқушысының рөлі арқылы балалар тобымен ойлау дайындығын дамытады.

4. *Ерік сапаларының қалыптасуы мен эмоционалдық даярлығы.*

Баланың эмоционалды-еріктік саласының жеткілікті даму деңгейі мектепте оқуға психологиялық дайындықтың маңызды жағы болып табылады. Әр түрлі балаларда бұл деңгей әр түрлі болады, бірақ мектеп жасына дейінгі балаларды ерекшелейтін тән қасиет-бұл баланың мінез-құлқын басқаруға мүмкіндік беретін мотивтерге бағыну және бірінші сыныпқа бірден жалпы іс-әрекетке қосылу, мектеп пен мұғалімнің талаптары жүйесін қабылдау үшін қажет

Эмоционалды-еріктік дайындық мыналарды қамтиды:

- рөлдік ойында туылған мінез-құлықтың ерікі балаға дамудың жоғары сатысына көтерілуге мүмкіндік береді. Д. Б. Эльконин ерікті мінез-құлықтың көріністерін оқу іс-әрекетінің қажетті алғышарттары ретінде бөліп, келесі параметрлерді белгіледі: балалардың өз әрекеттерін ережеге саналы түрде бағындыру қабілеті, жалпылама берілген талаптар жүйесіне бағдарлай білу; сөйлеушіні мұқият тыңдай білу және ауызша түрде ұсынылған тапсырмаларды дәл орындай білу; көзбен қабылданатын үлгі бойынша талап етілетін тапсырманы өз бетінше орындай білу.

- ерікті әрекеттің негізгі элементтерін қалыптастыру, мақсат қою, шешім қабылдау, іс-қимыл жоспарын құру, оны орындау, кедергіні жеңген жағдайда белгілі бір күш салу, өз іс-әрекетінің нәтижелерін бағалау;

- тәртіпті, ұйымшылдықты, өзін-өзі бақылауды және басқа да ерікті қасиеттерді дамытудың басталуы;

- ерте жасқа қарағанда балалардың эмоционалдылығының жаңа сипаты. Эмоциялар көріністерінде ұстамдылық пен хабардарлық, эмоционалды жағдайлардың тұрақтылығы артады. Бала өзінің көңіл-күйін басқаруды үйренеді, байсалды болады. Эмоционалды процестері екі жолмен жүзеге асырылады: эмпатия мен эмпатия нысандарының шеңберін кеңейту, әлеуметтік принциптер мен ережелерге жанама сәйкестендіру және қатысу;

- позитивті эмоционалды қатынас, мектепке, оқуға, өзіне деген оң көзқарас .

Сонымен бірге баланың әрекеттерді жоспарлап, олардың орындалуын жүзеге асыруда күш жұмсай білуі, қиындықтарды жеңуі баланың психологиялық үрдістердің қалыптасуына ықпалын тигізеді. Егер баланың мектептегі оқуға дайындығы осы бағыттармен ұштасып жатса, баланың оқуға тез бейімделіп, жақсы оқып кетуіне мүмкіндік туғызады. Мектепке дейінгілердің негізгі іс-әрекеті ойын болғандықтан, оларға бірден оқу әрекетіне ауысу біршама қиындықтар туғызады. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған бала педагогтармен және балалармен кезіккенде мазаланады, оқу үрдісінің өзіне жағымсыз эмоция сезініп, қорқыныш пайда болады. Осыдан келе нашар оқитын балалар және екінші жылға қалып қоятын балалар пайда болады. Сонымен бірге баланың көңіл-күйінің болмай, себепсізден жиі ауыруы мектеп неврозы сипатында көрінеді, яғни мектепті еске алса болғаны жылап, уайымдайды. Сөйтіп, мектеп бала үшін стрессогендік факторға айналып, денсаулығының нашарлауына әкеліп соғады.

Австрия ғалымы Г. Эберлейн өзінің «Дені сау балалардың қорқынышы» атты еңбегінде «Кейбір балалар алдағы болатын жағдайлардан үрейленеді, олар үнемі «мектепте мұғалім берген тапсырманы орындай алмай қаламын ба?» деген қорқынышпен жүреді», - дейді. Жалпы, тәжірибеге сүйенетін болсақ, баланың оқығысы келмеуі мына жағдайларға байланысты болады:

1. Мектеп алдындағы қорқыныш. Бұл баланы бағындыру, әрекеттерді орындату мақсатымен қорқынышты үйде қалыптастырады; («Мектепке барасың сонда саған көрсетеді»);
2. Оқу үрдісінде және қарым-қатынаста қиындыққа кезігуі;
3. Мектептің өміріне бейімделе алмауы;
4. Мектептің өмірінің шынайылық қиындығымен кезіккенде, баланың көңілінде мектепке деген жағымсыз қатынастың пайда болуы;
5. Мұғалімнің өзіне тән психологиясына үйрене алмау.

Яғни, осы кезде әрбір ата-ана өзінің баласына мектеп туралы қажетті мағұлматтарды айтып, баланың мектепке деген жағымды қатынас және сенімділік сезімін қалыптастыра отырып тәрбиелеу керек. Ең бастысы баланы жолдастарымен қарым-қатынас жасай алуға, басқа баланың ойымен санасуға үйрету болып табылады. Мектеп өмірі баладан эмоциональдық тұрақтылықты талап етеді. Оқушылар арасында келіспеушіліктер, реніштер және конфликттік жағдайлар жиі кездеседі. Әсіресе ерке балалар мұғалімнің ескертулерін ауыр қабылдайды, яғни мектепке барудан бас тартады, жылайды және т.б. әрекеттер арқылы көрінеді. Баланың өз бетімен шешім қабылдай алатындай және еріктілікті дамытуға жағдайлар жасап және бір жұмысты аяқтамай келесі жұмысқа кірісуіне рұқсат етпей, кез-келген істі аяғына дейін жеткізуге үйрету керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шадриков В.Д. Психолого-педагогическая готовность детей к школе. Москва, 2001
2. Кудрявцев В.Т. «Предшкольное образование»: необходимость или...? // Психологическая наука и образование, 2005, №2
3. Руководство практического психолога. Готовность к школе: развивающие программы. Под ред. Дубровиной И.В.-М., 2005
4. Коломинский Я. Л. О психологии детей шестилетнего возраста. М., 2008
5. Запорожец А.В. Подготовка детей к школе // Основы дошкольной педагогики / Под ред. А. В. Запорожца. Т. А. Марковой. М., 2000
6. Кравцов Г. Г., Кравцова Е. Е. Шестилетний ребенок. Психологическая готовность к школе. М., 2001.
7. Гуткина Н.И. Диагностическая программа по определению психологической готовности детей 6-7 лет к школьному обучению. Психологическая наука и образование. – 2007, № 1, с.28-35.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕ МҮКІСТІГІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ДЕҢГЕЙІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРМЕН ДАМУЫ

Халикова Б.Т., БҚИТУ аға оқытушысы, педагогика және психология магистрі
Шонбаева С.Т., БҚИТУ аға оқытушысы

Батыс Қазақстан инновациялық – технологиялық университет, Орал қ.

Аннотация: Мақала мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілінде мүкістігі бар балалардың танымдық деңгейін инновациялық әдістермен дамытуға арналған. Инновациялық технологиялар - бұл заманауи жағдайда баланың тұлғалық дамуындағы динамикалық өзгерістер есебінен оң нәтижеге қол жеткізуге бағытталған оқыту әдістері, тәсілдері, білім беру құралдар жүйесі туралы сөз қозғалады.

Кілт сөздер: танымдық деңгей, сөйлеу тілі, инновациялық әдіс, технология.

Annotation: the article is devoted to the development of the cognitive level of preschool children with speech disorders by innovative methods. Innovative technologies are a system of teaching methods, methods, and educational tools aimed at achieving a positive result due to dynamic changes in the child's personal development in modern conditions.

Keywords: cognitive level, speech language, innovative method, technology.

Қазіргі педагогикалық тәжірибе логопед мамандардан мектепке дейінгі жалпы сөйлеу тілі бұзылған балалардың сөйлеу тілін дамытуды қамтамасыз етуде объективті түрдегі ақпараттармен толықтырылған коммуникативтік қабілеттілік пен сөйлеу әрекетін бейнелейтін коррекциялық-педагогикалық нұсқаулардың құрылуын талап етіп отыр. Көрсетілген сөйлеу тіліндегі кемшілік кезіндегі түрлі психологиялық-педагогикалық ықпал ету жұмыстары біртұтас психологиялық әдістемелерге ортақ талдаулардың қорытындысын логопедке жалпы сөйлеу тілі бұзылған баланың сөйлеу тілінің дамуындағы объективті жағдайлардың қорытындысы мотивациялық қажеттілік сферасының қалыптасу деңгейі, қарым-қатынасқа түсу актісінің операциялық механизмдерінің даму деңгейі, сөйлеу кезіндегі тілдік сипаттағы құралдардың қолданылуы түрінде сипатталады.

Мектепке дейінгі жас — балалардың танымдық белсенділігінің даму кезеңі. Мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық үдерістерін дамыту мәселесі бүгінгі күні өзекті болып табылады және тұлғаның жалпы дамуындағы маңызды рөл атқарады. Танымдық үдерістер мектепке дейінгі бала үшін үлкен маңызға ие, себебі бұл үдерістердің қалыптасу және даму дәрежесі одан әрі оқу қызметіндегі табыстылықты айтарлықтай дәрежеде анықтайды.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық белсенділігінің қалыптасуына тиімді әсер ететін жағдай жасау, танымдық даму ерекшеліктерінің проблемасы көптеген жылдар бойы педагогикалық және психологиялық зерттеулерде жетекші орындардың бірін алады. Оған шетелдік (Д. Болдуин, Д. Брунер, К. Бюлер, Э. Клапаред, Ж. Пиаже, В. Штерн және т.б.), сондай-ақ отандық (П. П. Блонский, В. П. Вахтеров, П. Ф. Каптерев, Е. И. Конради, А. А. Смирнов және т. б.) көптеген педагогтар мен психологтар жүгінді [1].

Жоғарыда көрсетілген проблемамен қатар педагогикалық теория мен практиканы дамытудың қазіргі кезеңінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің тұжырымдамалық тәсілдерін қайта қарастыруға, түзету әсерінің тиімділігін арттыру мақсатында оларды оқытудың мазмұнын жетілдіруге ерекше назар аударылады.

Бұл үдерісті жүзеге асыру шарттарының бірі дамуында әртүрлі ауытқулары бар балалардың жас заңдылықтары мен дамуының ерекшеліктерін есепке алу болып табылады. Түзету педагогикасы саласындағы зерттеушілердің айтуынша, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар арасында сөйлеу қабілеті бұзылған балалар үлкен топты құрайды, олардың ішінде жалпы сөйлеу қабілеті дамымаған балалар бөлінеді [2].

Сонымен қатар, мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілінде мүкістігі бар балалардың танымдық деңгейін түрлі инновациялық және дамытушы технологиялардың көмегі сөйлеу даму көрсеткіштерінің оң серпініне алып келеді.

Инновациялық технологиялар - бұл заманауи жағдайда баланың тұлғалық дамуындағы динамикалық өзгерістер есебінен оң нәтижеге қол жеткізуге бағытталған оқыту әдістері, тәсілдері, білім беру құралдар жүйесі. Танымдық-сөйлеу дамуын қалыптастыру және жандандыру үшін дәстүрлі әдістер мен тәсілдермен қатар келесі инновациялық әдістер қолданылады.

Инновациялық әдістер:

- Денсаулық сақтау технологиялары,
- ТРИЗ-технологиялар,
- модельдеу әдісі,
- Акт-технологиялар,
- мнемотаблиц технологиясы,
- педагогикалық арт-терапия;
- синквейн

«Денсаулық сақтау технологиясы» - бұл оқу мен дамытудың барлық кезеңдерінде баланың денсаулығын сақтауға бағытталған білім беру ортасының барлық факторларының өзара байланысы мен өзара әрекеттесуін қамтитын шаралар жүйесі.

Міндеті – балабақшадағы педагогикалық үдеріс субъектілерінің: балалардың, педагогтар мен ата-аналардың денсаулығын сақтау, қолдау және байыту [3].

Мақсаты – денсаулық сақтау технологиясы-оқушының денсаулығын сақтау мүмкіндігін қамтамасыз ету, оның бойында салауатты өмір салты бойынша қажетті білім, білік пен дағдыларды қалыптастыру, алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануға үйрету.

Денсаулық сақтау технологияларының түрлері

1. Денсаулықты сақтау және ынталандыру технологиялары.
2. Салауатты өмір салтын оқыту технологиясы.
3. Түзету технологиялары

Барлық ойындар да балалардың тілін дамытуға бағытталған, өйткені олардың кез келгені ережелерді оқып үйренуді, мәтіндік сүйемелдеуді есте сақтауды, мәтін бойынша қимылдарды орындауды талап етеді.

«ТРИЗ технологиясы»

Ойлаудың жүйелілігі шығармашылық потенциалын дамыту - шешу және – бейнелеу есептері теориясы. Мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған ТРИЗ – бұл бағдарлама тиімділігін арттыруға, балалар қызметінің түрлерін әр түрлі етуге, балаларда шығармашылық ойлауды дамытуға қабілетті ойын, сабақ және тапсырмалар жүйесі, технология жеке тұлғаға бағытталған тәсілді табиғи түрде жүзеге асыруға мүмкіндік береді, бұл МДҰ ФГОС контекстінде әсіресе өзекті [4].

Сабақтарды құру принциптері

- Ақпарат хабарламасының минимумында-ең көп пайымдаулар.
- Міндеттер мен проблемалық жағдайларды талқылау үшін қолайлы нысан-ми шабуылы.
- Шығармашылық қиялды белсендіру.
- "Шындықты іздеу" процесінде балаға қол жетімді барлық қабылдау және операция құралдарын: қорытындылар, себеп-салдарлық байланыстар және т. б. пайдалану.
- Өзара байланысты элементтердің біртұтас кешені ретінде әлемге көзқарас.

Ең бастысы – баланың назарын қызықты нәрселерге аудару, барлығын дайын түрде түсіндіруге және беруге тырысу, әр жағынан жағдайды жиі қарауға, «нашар» және «жақсы» деген жаман нәрселерді табу, бірге ойлау, тәжірибе жүргізу, бірақ нәтижелерді толық түсіндіруге тырыспау – мектепке дейінгі балалардың барлық көріністерінде қызығушылығын тәрбиелеу.

«Модельдеу әдісі»

Модельдеу – бұл нақты объектіні емес, оның моделін зерттеуді ұсынатын таңбалық-символдық қызметтің түрі; осы процестің көзі балалар қызметінің модельдеуші сипаты болып табылады. Модельдеудің мақсаты – балалардың қоршаған әлем және табиғат әлемі объектілерінің ерекшеліктері, олардың құрылымы, олардың арасындағы қарым-қатынасы, қоршаған әлем туралы білімді табысты меңгеруін қамтамасыз ету, әңгіме құрылымын тиімді есте сақтау, ақпаратты сақтау, жаңғырту және әрине сөйлеуді дамыту.

Мектепке дейінгі бала меңгеретін негізгі құралдар – сенсорлық эталондар, бейнелі сипатқа ие түрлі символдар мен белгілер, ең алдымен бұл әртүрлі көрнекі үлгілер, схемалар. Модель балаларға ақпаратты оңай есте сақтауға және оны практикалық қызметте қолдануға мүмкіндік береді.

✓ Модель объектінің қасиеттері мен белгілері туралы түсініктердің қалыптасуы жағдайында мектепке дейінгі балаларды айналып өтуге енгізіледі;

✓ Модель заттың немесе құбылыстың аналогы болуы тиіс, оның барлық белгілері мен сапасы баланың тікелей қатысуымен модельделеді;

✓ Модель күнделікті өмірде балаларға қол жетімді болуы керек;

✓ Модель қысқа болуы керек және заттың немесе құбылыстың негізгі сапасын ғана сипаттайды;

✓ Бір уақытта бір ғана үлгіні пайдалануға болады.

Модельдермен әрекеттер реттілігі:

- Ауыстыру (алдымен модельдер дайын түрде ұсынылады, содан кейін балалар шартты орынбасарды өз бетінше ойлап табады));

- дайын үлгілерді пайдалану (орта топтан бастап);

- модельдерді құру: жағдай бойынша, өз ойы бойынша, нақты жағдай бойынша.

«АКТ-технологиялар»

Ақпараттық білім беру технологиялары – бұл педагогикалық мақсаттарға жету үшін арнайы техникалық құралдарды (ДК, мультимедиа) пайдаланатын білім беру саласындағы барлық технологиялар.

АКТ-ны қолдану арқылы 3 сабақ түрін бөледі.

1. Мультимедиялық қолдаумен сабақ (мультимедиялық презентацияларды қолдану сабақты эмоционалды түрде боялған, қызықты етуге мүмкіндік береді, тамаша көрнекі құрал және демонстрациялық материал болып табылады, бұл сабақтың жақсы нәтижелілігіне ықпал етеді).

2. Компьютерлік қолдаумен сабақ (көбінесе мұндай сабақтар ойын оқыту бағдарламаларын пайдалана отырып өткізіледі).

3. Диагностикалық сабақ (мұндай сабақтарды өткізу үшін арнайы бағдарламалар талап етіледі, бұл аз немесе кейбір жалпы білім беру бағдарламалары бойынша мүлде жоқ).

«Мнемотаблиц технологиясы»

Мнемотехника – грек тілінен аударғанда – «есте сақтау өнері».

Мнемотехника – бұл ақпаратты тиімді есте сақтау және жаңғырту және сөйлеуді дамытуды қамтамасыз ететін әдістер мен тәсілдер жүйесі.

Мнемотехниканы оқытудың мақсаты – есте сақтауды, ойлауды, қиялды, зейінді, атап айтқанда психикалық процестерді дамыту, өйткені олар сөйлеудің толыққанды дамуымен тығыз байланысты.

Мнемотехниканың негізгі міндеттері:

- ✓ Балалардың графикалық ұқсастықтың көмегімен, сондай-ақ орынбасарларының көмегімен таныс көркем шығармаларды түсініп, айта білуін дамыту;
- ✓ Балаларда психикалық процестерді дамыту: ойлау, зейін, қиял, есте сақтау (әр түрлі түрлері) ;
- ✓ Балаларда зеректілікті, байқағыштықты, салыстыра білуді, маңызды белгілерді ерекшелеуді дамыту;
- ✓ Мектеп жасына дейінгі балалардың ертегі, ойын, экологиялық, этикалық сипаттағы өнертапқыштық міндеттерді шешуге ықпал ету. ;
- ✓ Балалардың халық және авторлық ертегілерге деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу.

Мнемокестенің мазмұны – бұл заттардың, ертегі кейіпкерлерінің, әңгімелердің, табиғат құбылыстарының, кейбір әрекеттердің графикалық немесе ішінара графикалық бейнесі, сюжеттің негізгі мағыналық буындарын бөліп көрсету арқылы, яғни қажет деп санайтын нәрселерді салуға болады.

Мнемокестелер балалардың байланыстыра сөйлеуін дамыту бойынша дидактикалық материал болып табылады және: сөздік қорын байыту; көркем әдебиет түсінгенін айтқан кезінде; әңгіме құрастыруға үйрету; өлеңдер, жағылтпапш, жұмбақ жаттау кезінде; жұмбақтарды шешу кезінде.

Мнемокестелермен жұмыс істеу реті:

1 кезең: кестені қарау және онда не көрсетілгенін талдау.

2 кезең: ақпаратты қайта кодтау жүзеге асырылады, яғни абстрактілі сөз символдарынан бейнелерге түрлендіру.

3 кезең: қайта кодтаудан кейін ертегіні қайта баяндау, берілген тақырып бойынша әңгіме жүргізу немесе символдарға, бейнелерге сүйеніп өлең оқу жүзеге асырылады, яғни есте сақтау әдісі пысықталады.

«Педагогикалық арт-терапия»

Арт-терапия – бұл адам психикасының басқа көріністері мен сезімдерін беру үшін өнер құралдарын пайдалану, оның әлем сезімдерінің құрылымын өзгерту мақсатында. Өнер құралдарына: музыка, кескіндеме, әдеби шығармалар, театр және т. б. жатады. Арт-терапия міндеттері:

✓ Арт-терапия құралдарын пайдалану арқылы танымдық-сөйлеу белсенділігін дамыту.

✓ Көптеген міндеттерді шешу үшін: оқыту, тәрбиелеу, тұлғаны дамыту, сөйлеуді түзету, мінез-құлықты дамыту үшін ертегі терапиясы ресурстарын қолдану.

✓ Балалардың ой-өрісін кеңейту, музыка, кескіндеме, поэзия арқылы мәдени мұраға деген сүйіспеншілікті арттыру.

✓ Креативтілікті, ойлау ерекшелігін ынталандыру.

✓ Өзіне деген сенімділікті дамыту.

✓ Эмоционалдық жағдайды үйлестіру.

✓ Балалар ұжымының дамуына ықпал ету

Мектепке дейінгі балаларға арналған арт-терапия түрлері:

✓ Изотерапия – бейнелеу өнері әдістерін қолдану.

✓ Түс терапиясы – баланың сезімтал саласын дамыту, қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлау, қиял.

✓ Фототерапия – фотосуретті қолдану және оны әртүрлі психологиялық мәселелерді шешу үшін, сондай-ақ тұлғаны дамыту және үйлестіру үшін пайдалану.

✓ Ойын терапиясы – бала үшін табиғи сабақ - ойын-қоршаған ортамен қарым-қатынасты моделдеудің тәсілі және тұлғаның дамуы.

✓ Музыкотерапия – бұл әсер ету күші бойынша, мүмкіндіктердің кеңдігі бойынша, бар эмпирикалық материалға өте бай бағыт.

✓ Ертегі терапиясы – емдеу үшін ертегілер қолдану. Ертегілер жазуға, айтуға, драматургияға, сурет салуға және т. б.

«Синквейн»

Синквейн – бұл балаға дыбыс, сөз, мәтін сияқты абстрактілі ұғымдарды көзбен көрсетуге және олармен жұмыс істеуді үйренуге мүмкіндік беретін көрнекі үлгілеу әдісі. «Синквейн» сөзі француз тілінен «бес жол» деп аударылады және «бес жолдан тұратын өлең» дегенді білдіреді. Педагогтар бұл жұмбақ сөзді «бес шабыт» деп еркін аударады, өйткені әрбір мектепке дейінгі бала өзін жаратушы ретінде сезінуі мүмкін.

Синквейн біздің мектептер мен мектепке дейінгі мекемелерде баланы барынша толық ойлауға, өз ойларын қысқа әрі түсінікті жеткізе білуге үйрету мақсатында қолданылады. Синквейннің құрамы қандай?

Өлеңнің бірінші жолы – дидактикалық синквейн тақырыбы, сөз-пән. Сөздің бөлігі бойынша бұл зат есім және осы сұрақтарға жауап береді: кім? Не?

Екінші жол – екі сөз-белгі. Сөздің бөлігі бойынша, әдетте, сұрақтарға жауап беретін қатысушылар мен сын есімдер: не? Қандай? Мектепке дейінгі бала жиі сын есімдерді пайдаланады. Егер синквейн тақырыбы «құс» болса, бала: «құс кішкентай, сұр, бірақ ән айтпайды» дейді.

Үшінші жол – үш сөз-әрекет. Сөздің бөлігі бойынша бұл етістіктер, сұраққа жауап береді: не істейді? Бұл жасайды? «Құс (бұл) әңдетеді».

Төртінші жол – бала қозғалған тақырып туралы өз пікірін білдіретін тұтас фраза, синквейн пәніне деген өз сезімін білдіреді. Классикалық синквейнде бұл төртінші жолда сөйлемде төрт сөз болуы керек, ал дидактикалық синквейнде мектепке дейінгі бала қалағандай көп сөз ойлап табсын, баланың мағынасы мен лексикалық қоры маңызды.

Бесінші жол – онда тағы бір сөз немесе фраза бар. Бұл синквейн пәнінің мәнін көрсететін барлық өлеңнің түйіндемесі, автордың ол туралы пікірі, синквейн тақырыбына синонимі. Сөздің бөлігі бойынша бұл есім немесе зат, және сұрақтарға жауап береді: кім? Не? Оның құрылымы бойынша бес жолды өлең – синквейн өткір шындары бар шыршаға ұқсайды: 1-2-3-4-1.

Қорытынды

Мектепке дейінгі балалардың танымдық - сөйлеу дамуы маңызды және қиын шешілетін міндет болып табылады. Бұл міндетті шешу балаларды алдағы мектеп оқуына дайындау үшін де, қоршаған ортамен жайлы қарым-қатынас үшін де қажет.

Инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану ықпал етеді:

- білім сапасын арттыру;
- тәрбиешілердің біліктілігін арттыру;
- педагогикалық тәжірибені қолдану және оны жүйелеу;
- тәрбиеленушілердің компьютерлік технологияларын пайдалану;
- тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және нығайту.

Мектепке дейінгі білім беруді дамыту, оның жаңа сапалы деңгейге көшуі мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмыста инновациялық технологияларды пайдаланбай жүзеге асырылмайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Лынская М.И.. Формирование речевой деятельности у неговорящих детей с использованием инновационных технологий. – М.: ПАРАДИГМА, 2012.- 128с.
2. Годовикова, Д.Б. Общение и познавательная активность у дошкольников // Вопросы психологии. — 2004. — № 1. — с. 34.
3. Васильева, М. А., Гербова, В. В., Комарова, Т.С. Программа воспитания и обучения в детском саду. — М., 2006. — 140 с.
4. Мухина, В.С. Психология дошкольника. — М., 2005. — 239 с.

ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫ ТАРИХЫНДА ҚЫЗ БАЛА ТӘРБИЕСІ ИДЕЯЛАРЫ МЕН ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Калкенова Г.Б. - педагогика және психология ғылымдарының магистрі, аға
оқытушы

Батыс Қазақстан инновациялық – технологиялық университеті
Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы

Резюме: особенности становления и развития идей и традиций воспитания девочек в истории казахской этнопедагогике.

Ключевые слова: этнопедагогика, воспитание девочек, идея, традиция.

Resume: features of formation and development of ideas and traditions of education of girls in the history of Kazakh ethnopedagogy.

Key words: ethnopedagogy, education of girls, idea, tradition

Қазір, жаһандану үрдісі белең алған сайын дүние жүзі халықтары өздерінің ұлттық ерекшелігін сақтап қалуға, отаншылдық сезімдерін шындай түсуге айрықша көңіл бөлуде. Әсіресе, Қазақстан сияқты көптеген ұлттардың өкілдері шоғырланған ел үшін ұлттық мәдени-рухани бастаулардан сусындату тарихи қажеттілік болып отыр. Қазіргі тәуелсіз мемлекетімізде әйел адамдардың рөлі күннен-күнге артуда: біріншіден, әйелдер-қоғамда айрықша орны бар әлеуметтік бірлестік, әлеуметтік-экономикалық қатынас жүйесінде халықаралық құқықтары, міндеттері, мүдделері бар тұлға. Екіншіден, саяси күштің объектісі, қозғаушы күші. Үшіншіден, жалпы қоғамда, өндірісте, басқару мекемелерінде, отбасында ерекше нақтыланған орны бар. Ұрпақ тәрбиесі – қоғам үшін лайықты мұрагерлер тәрбиелеу ісі. Бұл асқан жауапкершілікті талап ететін, мемлекеттік маңызы зор жұмыс «Сегіз қырлы, бір сырлы», ақыл-ойы жетік, сезімі сергек, жауапкершілігі мен іскерлігі жетілген, дені сау азамат өсіру ісі ғасырлар бойы халқымыздың ең ізгі арманы болып келеді. Бұл арман дене тәрбиесі, адамгершілік тәрбиесі, кәсіптік тәрбие беру және әсемдікке тәрбиелеу салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарда марапатталып, санаға сіңіріліп, іске асырылып отырды. Қазақ қыздарының ежелден қалыптасқан биязы мінезі, әдептілігі, нәзіктігі мен ізеттеілігі, инабаттылығы мен имандылығы өнегесін тереңнен қалыптастырған, ол бейнениң бет көрінісі яғни, айнасы отбасынан қалыптасатыны белгілі.

Қай халықтың болмасын әйел қауымы абзалдық пен парасат биігінен табылса, сол халықтың ұрпағы бекзаттана беретіні анық. Сондықтан да, Ана мен Ұрпақ мәселесі – егіз. Қазақ халқының баланың ана бойына біткен күннен бастап жүргізетін тәлім-тәрбиелік дәстүрлерінің негізгі мақсаты – қыз бала мен ұл баланың атын затына сай етіп өсіруге арналады. Бірнеше баланың анасы болған тәжірибелі әйелге қарағанда, жас келіннің бойына бала бітуі апа-енелердің оған үлкен қамқорлықпен қарауын міндеттейді. Енесі немесе абысындары оны пәле-жаладан, тіл-көзден сақтау шараларын жасай бастайды. Ауыл әйелдерін жинап, «құрсақ тойы» өткізіледі. Сондай-ақ ауыр жүк көтермеу, құнарлы тамақтар ішу, бойды таза ұстау ескертіледі. Құрсақтағы жан иесі барлық құбылыстарды анасының сезімдері арқылы қабылдайды деп есептеліп, болашақ көңіл-күйі көтеріңкі, айтылар әңгімесінің де жағымды болуын қадағалап, оның көңілін алаңдатып, шошындыратын нәрседен қорғай біледі. Нәресте саулығына аса көрегендікпен қараған зерделі ана болашақ нәресте ширақ болсын деген ниетпен келінге құмсағыз шайнатқан, әсіресе, рауғаштың баланың көзі көреген, құлағы сақ болуына септігі бар екенін біліп,

өмір тәжірибелерінде пайдаланып, нәресте саулығын қадағалаған. Халқымыз аяғы ауыр әйел адамға аса үлкен ілтипатпен қараған. Оған үлкен қамқорлықпен «Қарағым биік тауға кара – көңілің өседі, көңілің өссе – ұрпағың кең пейілді болады, жайқалған шөпке, жайнаған гүлге сәбиің – кара шырайлы болады, бұлақтың көзін аш, бала қайырымды болады» деп ұлағатты сөз айтады.

Бала туылғаннан кейін қырық күн өткеннен соң ел ішіндегі аузы дуалы қарияға, сыйлы кісіге азан шақыртып баланың атын қояды. Ат қоюда халқымыздың бүкіл ұлттық ерекшелігі, таным-түсінігі, ой-арманы байқалған. Қазақ қызды нәзіктіктің, тазалықтың, адалдық пен әсемдіктің символы деп есептейді. Сондықтан, оған есім таңдауда ең асыл да қымбат нәрсенің атын қоюға тырысады. Мысалы: Айсұлу, Нұрсұлу, Гүлжан, Гаухар, Қымбат, Айдана, Қарлығаш және т.б. Тамаша мінезді, ақыл-парасатты болуын меңзеп Инабат, Жадыра, Дана, Керемет, Мінәйім, Мақпал т.б. деп, арман-мақсатына арнап, ұл аңсаса Ұлжан, Ұлтусын, Сағыныш деп, бақытты болуын меңзеп Бақыткүл, Нұрбақыт т.б. деп атайды.

Халқымыз қыз бала психологиясының ерекшеліктерін жақсы түсіне білген. Әрбір отбасы, әке-шеше, аға-жеңге оларды кішкентайынан көзінің қарашығындай сақтап, әлпештеп, жаны мен арының таза, мінезінің жайсаң болуын қадағалап отырған. Бертін келе жасөспірім шақтағы қыздардың толқыған, еліктегіш, өтпелі кезеңін де ескеріп, оған «қызға қырық үйден тыю» керектігін үнемі есте ұстаған. Сұлу да сымбатты болумен қатар, шеберлік пен шыдамдылықты қажет ететін үй ішілік кестелеуге, өрнек, кілем тоқуға т.б. қол еңбегіне, сөз өру, ән-күй, айтыс секілді түрлі өнерге баулуды қыз тәрбиесінің басты міндеті деп білген. Қазақ халқы дәстүрлі қыз бала тәрбиесінде белгілі ереже ұсынбайды, тек бағыт-бағдар беріп, өнеге көрсетіп, мақал-мәтел, даналық сөздер арқылы тұспалдайды, астарлап жеткізеді. Қыз бала тәрбиесінде халқымыз күш көрсету, қорқыту тәсілдерін есте қолданбайды, оларды мәпелей отырып иландыру, сендіру әдістеріне, үлгі-өнеге көрсетуге ерекше мән береді. Бұл тұста қыз анасы, әпкесі не сырлас жеңгелерінің орны ерекше. Халқымыз алғашқы қауым, көшпелі кезеңнің өзінде-ақ Жерді – Ұмайға балап, Әйел – Ана, ару перизаттарды айрықша қадірлеген. Өз заманының атакты әйелдеріне арнап салынған сандаған кесенелер, күмбездер, мұнаралар, тас мүсін таңбалы тастар осының куәсі. Көшпенділер әлемі асқақтата әлпештеген халықтың аймаңдай қыздары: Құртқа, Ақжүніс, Қарлыға, Гүлбаршын т.б. Олар ер-азаматтармен бірдей еркіндікте болған жау-жүрек ер мінезді әйелдер, айнымас абзал жандар болған. Сондай-ақ, тарих барысында қаһарлы қаған, атакты билермен қатар ел басқару ісіне қатысқан данышпан әйелдер де аз болмағанын білеміз. Сондықтан да көпенділер даласында Тұмар (Томарис), Теркен, Айғаным сияқты патшайым, ханшалардың болғанына таң қалуға болмайды. Қазақ даласындағы Әйел-Анаға көрсетілген мың сан құрметтердің айғағын тұтас бір рулардың олардың есімімен аталынатындығынан да көреміз. Домалақ ана (Албан, Суан, Дулат рулары), Алтын, Айбике, Нұрбике, Ұлдай – рудың атына айналған әйел есімдері. Демек, Әйел-Ана болып қалыптасуда қыз бала тәрбиесі халқымыз үшін аса қасиетті де жауапты міндет болған. «Адам ұрпағымен мың жасайды» - деген қазақ-этникалық рухани дәстүрі, мәдениеті мен өнері, әдебиеті мен философиясы өзіндік ерекшеліктерге бай тарихы терең халық. Адамзат әр заманда түрлі қоғамдық формацияны бойынан өткерсе, тәрбие процесі де әр қоғамның саяси-экономикалық, әлеуметтік ерекшеліктері мен мақсат мұраттарына орай небір бұралаң жылдан өтетін тарихи заңдылық. Онда бар тірліктің бастау көзі, ұйытқысы һәм тұтқасы Анаға айрықша орын сайлаған. Артында қалар ұрпағын ата-баба атына ұят келтірмейтіндей етіп тәрбиелеу қазақ халқының қашан да басты мұраты болған. Осы тұрғыда ұл бала мен қыз бала тәрбиесінің өзіндік ерекшеліктері мен әдістері болғаны мәлім. Халықтың ауыз және жазба әдебиеттерінде қыз балаға берген сипаттамалардан оған тәрбиеде қойылатын талап-тілектің қандай болғандығын және қандай қасиеттерден сақтандырып, қорғаштағандығын айқын байқаймыз. Халықтық педагогиканың қыз бала тәрбиесіндегі тәрбиелік әдістері

оны ардақтауға, көңілін қалдырмауға, еркелете отырып тыйып тастауға, мәпелеуге негізделген. Болашақта абзал ана болар қыз баласының сол атқа лайық болуын көздеп, тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі. Ерте кездегі әлеуметтік жағдай қыз баласының үйдің әйелге тән шаруасын жүргізетін отбасы мүшесі болуын күткендіктен, оларды жастайынан үй жұмысына үйреткен. Үйді таза ұстау, ас пісіру, колөнер бұйымдарын жасауға апа-жеңгесіне қолқабыс ете жүріп, оның әдіс-тәсілдерін бойжеткен шағында толық меңгеріп шыққан.

Жалпы, қыз баланың тәрбиелі болып өсуіне отбасы мүшелері ғана емес, оның өскен ортасымен бірге жүрген дос-жаран, құрбы-құрдастарының ықпалы болатындығы ескерілген. Ата-ана, ағайын-туғандардың басты арманының бірі қыздары бойжеткен соң, құтты орнына қондыру болған. Келешек жұбайлардың бақытының басты нышаны – ер жігітке сенімді жар боларлық ақылды, еңбекқор, адал да әдепті өскен, көргенді жерден шыққан қыз айттыру халқымыздың ежелден дәстүрі. Қазақ салтында жаңа түскен келінді жағымсыз нәрседен сақтандырып, ұнамды қасиетке баулуда, бетіне айта салмай, тұспалдай отырып жеткізу әдісі пайдаланылған. «Қызым, саған айтам – келінім сен тыңда» - деген сөз осының кепілі. Көп жауапкершілік анасына жүктеліп, «Шешесін көріп, қызын ал» - деген өсиетімен жақсы мінез-құлық, қадір-қасиет қыз балаға ана бойынан даритынын меңзейді. Осы тұста Қорқыт бабаның «Атадан өсиет алмаған ұл жаман, анадан өсиет алмаған қыз жаман» - деген өсиетімен үндес келетін ұлы Абайдың «Ары бар, ақылы бар, ұяты бар, Ата-ананың қызынан ғапыл қалма» - деп келетін өлең жолдарынан ата-ана қыз бала тәрбиесіне қаншалықты жауапты екендігін көреміз.

Қазақ қыздың терең сезім дүниесінің ұстамды парасатпен ұштасып жатуын қалайды. Ол – жігіттің оңай түсер олжасы емес, нәзік қылығымен, ақыл-парасатымен арындап кетсе тізгіндер, баяулап кетсе қамшылар тәрбиешісі.

Қазақ ұлтының отбасына тән салт-дәстүрлерге жеке тоқталатын болсақ: құда түсу, қыз ұзату, сыңсу, жұбату, үйлену тойы, шашу, жар-жар, бет ашар. Осы әрекеттердің үстінде, халқымыздың тәлім-тәрбиесінің мәні, оның мінез-құлқы мен психологиясының көріністері жан-жақты байқалады. Тарихшылар Зарина, Томирис сынды әйел сақ патшалары соғыс өнерін жете меңгерген, ойлау қабілеттерінің өте жоғары болғандығын ерекше атайды. Зарина есімді патша туралы: «Бұл кезде сақтарды соғысқа мейлінше бейім Зарина атты әйел биледі. Жалпы бұл тайпаларда әйел ержүрек, олар соғыс тауқыметін ерлермен бөліседі. Сондай-ақ сақтарда жас жігіттер үйлену үшін сол қызды жеңу керек, жеңіліп қалса ол қыздың тұтқынына айналатын салт болған» - деп жазады.

Тұмар (Томирис) ханша (б.ж.с.д. 570-520) – күндей түркі-сақ халықтарының байырғы заманда ел билеген атақты әйел патшаларының бірі. Грек жазбаларында оның елін «массагет» деп атайды. Тұмар ханша есімінің тарихқа еніп, әлемге танылуы – Ахамен әулетінен шыққан, «төрт құбыланың тұтас билеушісі» атанған парсының әйгілі патшасы Кирдің (б.ж.с.д. 558- 530) Орта Азияға басқыншылық жорықпен келген, жеңілуді білмейді деп дәріптеген әскерін ашық шайқаста тас-талқанын шығарып жеңуімен тікелей байланысты.

Сейіт Кенжеахметұлы «Жеті қазына» атты еңбегінде ат үстіндегі арулар жайлы былай зерделейді:

Түркі, оның ішінде қазақ даласында таңдандырған абзал аналар мен үкілі қыздар аз болған жоқ. Әйгілі Кирдің басын алып, патшалық құрған Тұмар ханым, шығыс әйелдерінің патшайымы Тұрқан қатын, Шыңғыс ханды бұлтартпаған Қоңырат қызы Бөрте ханым, Низами ғашық болып жыр арнаған Қыпшақ қызы Әппақ сұлу, бүкіл ұлы жүздің ұлы анасы Домалақ ананың қасиетті есімдерін білмейтін қазақ жоқ. Арулар... Олардың бірсыпырасы қиын кезеңдерде ер азаматтармен бірге қолынан қару алып, жауға аттанды. Ақын тілімен айтқанда:

«... Намысты бермеу үшін жатқа қолдан,
Арулар аз болды ма атқа қонған».

Гаухар батыр. Арғын Бәсентин Майлысары батырдың туған қарындасы, Қаракерей Қабанбай батырдың жары. XVIII ғасыр басында қазақ-жоңғар соғысында қанды жорықтарға қатынасып айрықша ерлік көрсеткен. Соғыста түрлі тәсілдер жасаған. Мысалы, түйелердің өркешіне найза байлап, соғыс алаңына әкелгенде, жау жағы қазақтарға қосылуға әскер күші келіп қалды деп, қаша жөнелген. Батыр қыз олардың шебін асау түйелермен бұздырып дүние-мүліктерін таптатып өткен.

Назым – Қабанбай батыр мен Гаухар батырдан туған қаһарман қыз. Әкесімен бірге XVIII ғасырда қазақ-жоңғар соғысына қатынасып, отанын қорғаған. Назым қыз есімі және оның ерлігі жұртқа аңыз болып тараған.

Есенбике – үйсін Қаратай батырдың қызы, Сүйіндік Олжабай батырдың анасы, XVIII ғасырда қазақ-жоңғар соғысына қатысқан жауынгер.

Айтолқын – Абылай ханның қызы, XVIII ғасырда соғыстарға қатысып, ерлік көрсеткен. Жорықтарда әкесімен бірге болған.

Айбике – Бұланбай батырдың жары. Барлаушы топқа жетекші болған. Алтай, Ертіс, Тарбағатайдағы жоңғар әскерлері, олардың орналасуы туралы мол мағлұматтар жеткізіп тұрған ержүрек қыз.

Жандәлі – Найман елінің батыр қызы. Қазақ-жоңғар шайқасында ерлермен бірге майданға шыққан. Садақшы, біраз соғысқа қатысқан. Ол туралы Ноғайбай ақын былай жырлайды:

Гүліндей жауқазынның нәзік жүзі,
Халқымыз ұмытқын жоқ асыл қызды.
Азаматтың аққуы Жандәлімнің,
Жауға аттанған Сауырда жатыр ізі.

Ақбикеш - XVIII ғасырдағы жойқын соғыстарда алыстан көретін қырағы қыз екен. Руы Алшын. Ол соғыста жау жасағын бақылап, оның бағытын қазақтарға хабарлап отырған. Қаратау өңірінде «Ақбикеш мұнарасы» деген ескерткіш бар.

Ботакөз – Тама Көкі ұлы Есет батырдың қызы 1742 жылы әкесі Орынборға кеткенде елін қалмақ шауып, жылқысын қуып әкетеді. Ботакөз 150 сарбазды бастап барып, жауын тұтқындап, жеңіспен оралған.

Сапар - Әкесінің аты Мәтен, руы Табын. Кейде есімі Сапура деп те аталады. XVIII ғасырдағы Е.Пугачев соғысында аты аңызға айналған батыр қыз. Аңызда «Көктемір», «Көрінбес» деген атпен дәріптелген қаһарман қыз өзін Е.Пугачев ізбасарымын деп жариялап, азаттық көтерілісті одан әрі жалғастыруға үндеген. Ғалым Н.Бекмаханова «Легенда о невидимке» деген (1968 ж) кітап жазған.

Бақты - әкесі батыр болған текті жердің қызы екен. Алаш көсемдерінің бірі Мұстафа Шоқайдың әжесі, Торғай датқаның бәйбішесі. XVIII ғасырдың орта кезінде Бақты қыз батыр әкесімен бірге Түркістанды жаулаушы орыс отаршыларына қарсы күресіп, барлаушылық қызмет атқарған.

Қойсана – (XVIII – XIX ғ.) Тарақты Байқозы батырдың қызы. Сардар Шұбыртпалы Ағыбай батырдың анасы. Ер Ағыбайға екіқабат кезінде елінің жылқыларын қуып кеткен барымташыларға қуып жетіп, аттан түсіріп, байлап әкелген. Ауылға келген соң қарақшылар басшысы «бізді аттан түсірген әйелдің күші емес, оның ішіндегі баланың күші» деген екен. Көп ұзамай Қойсана Ағыбай батырды туыпты.

Қыз Данай – Кіші жүз қызы, Таз руындағы Төремұрат батырдың әйелі. (XIX). Сүймеген адамға еріксіз қосылған Данай сұлу, өз ерлігімен Төремұратқа қосылады. Кейін батыр жігіт түркімендер қолына түсіп соғыста қаза табады. Қыз Данай тұтқыннан қашып шығып өз еліне жетеді. Атақты күйші Құрманғазының Қыз Данайға арнаған бірнеше күйі бар.

Ақбикеш ана – Найман Бағаналы елінің қызы, Арғын Әйдерке Сұлтанның әйелі, қазіргі Жылқыайдар Солтан руының анасы. Мырза Ақбикеш атанған. Өзі перзент көтермеген соң, еліне төркіндеп барып, жақын сіңлісі Мақпалды ерлік, батырлық

істерімен қалап алып, өз еріне әкеліп қосқан. Осы екі анадан тараған жеті ұрпақтан кейін 500-ден астам шаңырақ қосқан.

Бопай – Қасым ханның қызы, Кенесарының апасы. 1837-1847 жылдары Кенесары, Наурызбай бастаған азаттық көтерілісте әскер басқарған батыр әйел.

Айғыз Көшкінбаева – (1876-1918) – Азамат соғысына қатысқан, Аягөз ауданында туған. Сергиопольдегі қорғанысқа қатысып, жаралы жауынгерлерге көмек көрсеткен, тамақ тасыған. Колчак әскері Айғызды азаптап өлтірген. Жазушы Қ.Исабаев «Айғыз» атты роман жазды.

Ұлы Отан соғысы кезінде Шығыстың қос жұлдызы, қос батыр қызы - Әлия мен Мәншүк ерліктің үлгісін көрсеткен. Бірі – 21, бірі – 20 жасында Кеңес Одағының Батыры атанған. Хиуаз Доспанова – 300-ден аса рет жау басып алған территорияға ұшып барған. Жамал Баатасова, Күлкен Тоқбергенова, Гүлжамила Талқанбаева соғыс кезінде танк жүргізіп, Рахила Ералина жау нысандарын суретке түсірген.

Ләззат Асанова (1970-1986) – Қазақ елінің азаттығы мен тәуелсіздігі жолында жан қиған ержүрек бойжеткен. Ол 1986 жылғы қанды Желтоқсан оқиғасы кезінде Отаны үшін Нағыз ерліктің үлгісін көрсеткен, қанқұйлы жендеттер қолында көз жұмған ару.

Осындай көшпенді өмірдің тауқыметін ерлермен қатар көрген қазақтың қыз-келіншек, әйелдері табиғатынан ержүрек, тапқыр шыншыл әрі намысқой келетіндігі тарихтан мәлім. Ақылды сұлулықтан да жоғары бағалаған халқымыз тәлімдік өнегені нысанаға дәл тиетіндей етіп айтып, тыңдаушының өзіндік тұжырым жасауына мүмкіндік береді. Жас ұрпақты адамгершілікке баулуда шешендік сөздерді тыңдау арқылы жүргізілген әдіс бойға тез дарып, санаға тез сіңе қалуы үшін өте тиімді болған. Халық шешендік сөздер арқылы өскелең ұрпақты, қыз балаларын адам тағдырын ойластыруға, болжауға, адамның рухани өмірінің негіздерін сақтай білуге, алыс жақын кісілермен және өзін қоршаған ортамен қатынас жасай білуге баулиды. «Қонақта, немесе бір мәселені талқылау үстінде отырып көп жасаған кәрі құлақты, тәжірибелі адамдардың аузынан шыққан жүйрік ойлы, жүйелі сөздерді құйма құлақ талапты жастар, өнер кұған қыз-бозбала жаттап алып, жүрген-тұрған жерлерінде, ас-тойларда, ойын-сауықтарда айта жүрген. Өзінің қажетіне, өмірдің тілегіне қарай өңдеп, өзгертіп, жамап, жаңғыртып отырған» - деген пікір айтады ғалым Б.Адамбаев халық даналықтарының даму жолдарына арналған зерттеу еңбектерінде.

Бұл мұралар қазақ халқының санасына сіңіп, қанында қалыптасқан, болашақта Ана болар қыз баласын тәрбиелеудің тамыры тереңде жатқанының дәлелі. Ондағы педагогикалық ойларды тиімді пайдалана білу өркениетті еліміздің жас ұрпаған тәрбиелеуде мүмкіндіктер қатарын толықтыра түсері анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Абай (Ибрагим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. 1995. –
2. Жұмабаев М. Шығармалары // құрастырған Х.Абдуллин, Б.Дәрімбетов, З.Жұмабаева. – А., 1992. –
3. Ж.Аймауытұлы. Психология. – Алматы: Рауан, 1995. –
4. К.Д.Ушинский. Педагогическая антропология: Человек как предмет воспитания. Опыт педагогической антропологии. – М:Изд-во УРАО, 2002. – Ч.1 –
5. В.А.Сухомлинский. о воспитании // Сост.и авт. Вступит. Очерков С.Соловейчик. М:Политиздат, 2015. –
6. Қалыбекова А. Теоретические и прикладные основы наордной педагогики. – Алматы: Баур, 2018. –
7. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы, 2008. –

8. Наурызбай Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты. Оқушыларға мәдени-этникалық білім беру туралы. – Алматы, 1995.

ӘОЖ 373. 2 (075.32).

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҮРДСІН ДАМУДА ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

А.Е. Жумасейтова, аға оқытушы, магистр
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Резюме: В статье рассматриваются пути, значение и виды использования национальных игр в развитии познавательных процессов у детей дошкольного возраста.

Ключевые слова: дети дошкольного возраста, настольные игры, национальные игры.

Resume: The article discusses the ways, meaning and types of use of national games in the development of cognitive processes in preschool children.

Key words: preschool children, board games, national games.

Мектеп жасына дейінгі балалардың оқуы мен тәрбиесін сапалы дәрежеге көтеру қазіргі Қазақстанның білім беру саласындағы өзекті мәселенің бірі болып табылады. Осы маңызды жұмысты іске асыру барысында ұлттық ойын түрлерін баланың ой-өрісін, танымдық қабілеттері мен денсаулығын дамытуда пайдалануды зерттеу маңызды болып табылады, себебі ұлттық ойындар баланың сүйіп ойнайтын және оның күш-жігерін жетілдіретін әсерімен ерекшеленеді.

Қазақ халқы ұлттық ойындар бала тәрбиесінде қолданылатын негізгі құрал деп бекерге айтпаған. Себебі, көнеден келе жатырған ұлттық ойындар ойнату арқылы балалардың дене қасиеттерін дамыту, ойлау, есте сақтау, ұсақ қол моторикаларын дамыту процесінде ерекше орын алады.

Халық педагогикасына тән мектепке дейінгі білім беретін мекемеде өнімді де өміршең сала - ойын. Ойын өсіп келе жатқан бала ағзасы үшін өте қажет. Ойында баланың дене күші артады, қолы қатайып, денесі шыңдала түседі, көзі қырағыланады, зеректілігі, тапқырлығы, ынтасы артып, жегіле түседі. Қазақ халқы ежелден жас ұрпақты сегіз қырлы, бір сырлы болып өсуін мақсат тұтқан. Баланы үнемі қамқорлыққа алып, жанжақты тәрбиелеп отырған. Қазақ халқының ұлттық тәлімімен өнегесі бүгінгі таңда ұрпақ тәрбиесінің негізіне айналуы-ел мүддесі, заман талабы. Қазақ халқы мәдени мұраларға бай халық екендігінде сөз жоқ. Сондай бір қомақты дүниелер қатарына ұлттық ойындарды жатқызамыз. Халқымыздың өмірде дені сау, шыныққан балалар тәрбиелеу жөніндегі кейінгі ұрпақтарына қалдырған үлкен де бай мұрасы – ұлттық ойындар. Халық ойынның неше алуан түрлерін туғызып қана қойған жоқ, соны іс жүзінде қолданып, оның тәрбиелік, білімділік жақтарын да көре білді. Сондықтан олар «Бала ойынмен өседі» деген өмірлік қортынды жасап, осы тәжірибелік қортындыны өздерінің бала тәрбиесі туралы көзқарастарының негізгі арқауы етті.

Дәстүрлік таным-түсініктен туындайтын қазақ халқының ұлттық ойындары баланы іс-әрекетке, адамгершілік қасиеттерді игеруге, ақыл-ойын жетілдіруге, отан сүйгіштікке баулуда, салауатты өмір сүруге тәрбиелеуде теңдесі жоқ құрал. Халқымыздың өмірге дені сау, шыныққан балалар әкелуі жөніндегі өз ұрпақтарына қалдырған үлкен де

бай мұрасы - ұлттық ойындар. Ежелден «Адам ақылымен сымбатты» деп санаған халқымыз тұрмыс-тіршілігіне байланысты туған ұлттық ойындарды бала тәрбиесіне лайықтап, шебер пайдалана білген.[1]

Балалар ұлттық ойын үстінде өнеге алып, мінез қалыптасады, өзіндік ерекшелік қасиеттері айқындала бастайды. Тәрбиеші ұлттық ойын үстінде әр баланың игі бастамасын қолдап, оның бойындағы жақсы қасиеттерді өрбітуге, өзіндік мінезқұлқын қалыптастыруға аса көңіл бөлген жөн. Баланың ойыны ересек адамдардың еңбегіне еліктеуден өрістеп, бара-бара шын мәніндегі еңбекке айналады. Сондықтан ұлттық ойын балаларды тәрбиелеудің де тиімді жолы, тәрбиелік құралы екендігін дәлелдейді. Осындай жауапты міндеттердің баянды болуы үшін егеменді еліміздің ертеңгі қажетін өтерлік жерін, елін сүйетін, адамгершілік қуаты мол, білімді, парасатты, ана тілін, ата-баба салтын бойына сіңірген, оны қастерлей білетін азамат өсіруде ұсынылатын ең басты құралымыз ұлттық ойындар. Себебі ұлттық ойындар баяғы заманнан бері ұрпақ тәрбиесінің алтын діңгегіне айналған. Халқымыздың ұлттық ойындарының көпшілігі «ойлауды қажет ететін ойындарға» жатады. Балабақшада өткізілетін қимылды ойын түрлері баланы ептілікке, зейінділікке, ұқыптылыққа баулиды. Балаларға арналған ұлттық ойын түрлері мысалы: «Айгөлек», «Қанталапай», «Арқан тарту», «Тақия тастамақ», «Түйілген орамал», «Аударыспақ», «Асық ойыны», «Хан», «Бес тас», «Тартыс» т.с.с. Ойындар балалардың дене бітімінің ғана емес ақыл-ойының жаттықтырушысы. Бала ұлттық ойын үстінде өмірде көрген білгеніне, өзіне ұнаған адамның іс-әрекетін еліктей отырып, соны бейнелей ойнайды. Балаға бір тән қасиет бәрін өзім істеймін деп талпынады. Баланың осы талпынысын қолдап, көмектесіп, сенім білдіріп отыру тәрбиешінің ең бір ұтымды әдісі. Өйткені ересек адамдардың баладан айырмашылығы сана-сезімі мен тәжірибесінің молдылығында ғана. Сондықтан да өз білгенін балаға үйретуден жалықпау ересек адамдардың қасиетті борышы. Ал адам бойындағы әдептілік, инабаттылық қасиеттер бір күнде қалыптаса қалатын қасиеттер емес. Бала ойын арқылы дүниені танып, түйсігі арқылы қабылдап, ересектерді еліктей жүріп үйренеді, өз бойына қабылдайды. Қай елдің ұлттық ойыны болмасын, сол елдің қоғамдық идеологиясына, тұрмыс тіршілігіне, айналысатын кәсіп-шаруашылық ерекшеліктеріне байланысты. Сыртай қарағанда оңай тәрізді көрінгенмен ойын бала үшін іс жүзінде күрделі нәрсе. Тәрбиеші ойын арқылы әр баланың игі бастамасын қолдап, оның бойындағы жақсы қасиеттерді өрбітуге ықпал етсе ғана баланың өзіндік мінез-құлқын қалыптастыруға қол жеткізеді. Әр баланың бойында өмірге деген белгілі бір бейімділігі, жаны қалайтын қызығушылығы болады. Соны дер кезінде байқап, жан-жақты дамыта тәрбиелеуге көңіл бөлген ата-анада, тәрбиеші де көп нәрсе ұтады. Балабақша мен үйде дене тәрбиесін дұрыс ұйымдастыру-баланың жан-жақты дамуы ғана емес, сондай ақ олардың жұмыс істеу қабілетінің жоғарлауын қамтамасыз етеді. Ұлттық ойындар: «Айгөлек» - бұл ойында балалардың бір-біріне деген қарым-қатынасы мен топталып ойнау, ептілікке, алға қойған мақсатын аяғына дейін орындату және сөздік қорын, тілін дамыту мақсаты қойылған. «Хан алшы» - ойын ауызбірлікке, ептілікке, зейінділікке, төзімділікке, достыққа тәрбиелеп асықтың алшы, бүк. шік, тәйкі, хан деген ұғымдарын қалыптастырып, есте сақтау қабілеттерін арттыруға арналған. «Омпы» - асықты бір сызық бойына түзу арқылы дәл көздеп ата білуге, ептілікке баулу, мергендікті бала бойына дамыту. «Тақия тастамақ» - шеңбер жасап отырып, бала сезімін ояту, аңғара білуге, шапшаңдыққа, ептілікке баулу. «Көтермек» - баланың күшін сынап, өз бойындағы күшті қалыптастыра білуге, жеңе білуге үйрету. Тәрбиеші балалардың сәби шағынан бастап, дене бітімінің дұрыс жетілуіне мән беріп, дәстүрлі жаттығулар мен қимылды ойын түрлерін қолдана білгені дұрыс. Дене ойындарымен айналысқан балалардың бұзақылық мінез көрсетуіне уақыт болмай, керсінше ой жылдамдығы мен дене бітімі қатар дамып сымбатты болатыны белгілі. Ұлттық ойындар осылайша атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып отырған және халықтық дәстүрлі шаруашылық, мәдени, өнер тіршілігінің жиынтық бейнесі

көрінісі де болған. Әрине, ойын өнер ретінде әдебиет пен мәдениеттің сан алуан түрлерімен қабысып, бір-бірімен толықтырып байыта түседі. Ойын тек жас баланың дене күш-қуатын молайтып, оны шапшаңдыққа, дәлдікке т.б ғана тәрбиелеп қоймай, оның ақыл-ойының толысуына, есейіп өсуіне де пайдасын тигізеді. Манашұлы Тұяқпай жырында: «Балалармен ойнайды, Ойнап жүріп ол бала Кеудеге ақыл ойлайды» -деп түйіндеген. Ойынның тіл дамытудағы ролі ерекше. М. Горкийдің сөзімен айтар болсақ бала сөзбен де ойнайды. Ол сөзбен ойнағанда, өз ана-тілінің нәзік қасиеттерін үйренеді, тілдің мағанасын ұғынады. Сонымен нақтылай айтсақ, ұлт ойындары, тіпті жалпы ойын атаулы, біздің пікірімізше, тіл меңгерудің негізгі құралы болып табылады. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Өзін еркін ұстайды, ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы. Ойын үстінде бала тілдің ішкі иірімдерін, сөйлеу дәстүрлерін, тілдің психологиялық ерекшеліктерін жете түсініп, еркін білуге мүмкіндік алады. Қазақтың ұлттық ойындарының тағы бір ерекшелігі оған өлең сөздің араласып келіп отыратындығында. Ұлттық ойындар-ата-бабамыздан бізге жеткен, өткен мен бүгінгі байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан оны үйренудің, күнделікті тұрмыста пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. [2]

Қазақ халқымен бірге жасап келе жатқан ұлттық ойындар балатәрбиесінде негізгі екі жауапты қызмет атқарады: біріншіден, балалардың ой-өрісін дамытса, екіншіден ұлттық ойындарының мазмұны ұлттық әдет-ғұрпымызбен байланысып жатады.

Ата-бабаларымыздан бізге жеткен ұлттық ойындарымыздың тарихы Қазақстан жерінде біздің заманымыздан бұрын бірінші мыңжылдықта-ақ қалыптасқан. Олардың ішінде тоғызқұмалақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтар мен алғашқы мемлекеттерде кеңінен тарады. Біздің қоғамыздағы ұлттық ойындардың негізі, шығу тегі халқымыздың көшпелі дәстүрлі шаруашылық әрекеттерінен бастау алады.

Қай халықтың болмасын, оның ұлттық ойындарының белгілі бір мақсаты мен әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан ерекше қасиеттері болады. Сондықтан халық арасында қалыптасқан ойындар туралы ғылыми тұрғыдан ғалымдар көп ізденген. [3]

Қазақтың белгілі ғалым-ағартушылары А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин халық ойындарының балаларға білім берудің тәрбиелік мәнін жоғары бағаласа, М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінің бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырым даған. Ұлтымызды ұлықтайтын тұрмыс-салтымыздың өзі бала тәрбиесіне негізделген. Бесікке салудан бастап, баланы шомылдыру, маймен сылау, тұсау кесу рәсімі, атқа мінгізу, ұлттық ойындарға араластыру - баланы жастайынан шынықтыру, моральдық-рухани нығайту, темірдей тәртіпке үйрету, ерік-жігерді дамытуға тәрбиелейді. Ата-бабамыздан қаймағы бұзылмай жеткен ұлттық ойындарды бала тәрбиесіне енгізу баланың күш-жігерінің дамуына септігін тигізеді. Сондай-ақ дене құрылысы икемделеді, сымбатты, қырағы, алғыр, өмірдің барлық қиыншылығына төзімді азамат болып қалыптасады. [4]


Қазіргі таңда күнделікті өмірде көріп жүргеніміздей, балалардың, соның ішінде мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық ойынға деген қызығушылығы күннен күнге азайып бара жатқандай. Оған бірден-бір себеп заманауи технологиялардың дамуын жатқызуымызға болады.

Сондықтанда алдымен отбасында, содан кейін мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық ойындардың маңызын балаларға ұғындыру отбасы мүшелерінің және педагогтардың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Ең басты міндет - ұлттық ойынның өзіндік құндылығын жоғалтпай, ойынды мазмұнды ұйымдастыруға жағдай жасау, тәрбиеге де, ой-санаға да лайықты етіп пайдалана білу.


Қазіргі кезде елімізде болып жатқан өзгерістер мектепке дейінгі мекемелерде көптеген жаңалықтар енгізіліп отыр. Балабақшада ұлттық нақыштағы тәрбиелік жұмыстар

көптеп жүргізілуде. «Халық айтса, қалып айтпайды» демекші, тәрбие басын тал бесіктен бастағанның өзі де еліміздің ертеңін ойлаған, яғни атадан балаға жалғасып келе жатқан әдет-ғұрыптарымызды, салт-дәстүрімізді, тілімізді, дінімізді қадірлеу балаға сәби кезінен қалыптастырған жөн.

Ұлттық ойын ойнатудың негізгі мақсат-міндеттері:



Ойын мектеп жасына дейінгі баланың басты әрекеті. Оны тәрбиеші балабақшаның күн тәртібіне сай кез келген уақытта тиімді пайдалануға болады. Балабақшада ұлттық ойындарды табиғат аясына серуенге шыққанда, тәрбие жұмысына мүмкіншілікке қарай ұйымдастырса, балалар сол ойындар арқылы өмірге қажетті қимылдарды тез үйреніп, дамиды. Ойын барысында бала мінез-құлық ережелері мен нормаларын, өмірге көзқарасын, өзара қарым-қатынасын шығармашылықпен игереді.



Ұлттық ойындарды дидактикалық, қимылдық, логикалық, үстел үсті, сюжеттік ойын түрлері арқылы өткізуге болады. Соның ішінде балабақшада баланың танымдық үрдісін, тілін дамытуда үстел үсті ойындарының маңызы зор. Үстел үсті ойындары – балалардың қимыл белсенділігін, ептіліктерін дамытады, өзара бірлесіп ойнау қабілеттерін жетілдіріп, ұйымшылдыққа тәрбиелейді.

Жалпы *үстел үсті ойындары* – мектеп жасына дейінгі балалар үшін өте қызықты. Бұл ойын кезінде балаларды жұптық, топтық, ұжымдық жұмыстарға тарту арқылы олардың қарым-қатынасын нығайта түсеміз. Себебі кішкентай балалар өмірінің алғашқы күндерінен бастап–ақ олар әрдайым біреумен немесе бір жерде өзара әрекеттестікте болғанды ұнатады. Үстел үсті ойындары түрі бойынша олар әр түрлі болып келеді. Оларды қолдануда шешілетін тапсырмалар да сан қилылығымен балаларды қызықтырады. Баланың қол моторикасын дамытып қана қоймай, ақыл-ой қабілетін, логикалық ойлау қабілетін ұшқырлауға септігін тигізеді. Сөздік қарым-қатынасы өрбиді. Достық, ұжымшылдыққа тәрбиеленеді.

Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың «Мәңгілік Ел» идеясының жариялағаны бәрімізге аян. Осымен байланысты заманауи ұлттық идеямызды балабақшада тәрбиеленіп жатқан бүлдіршіндерден бастап үйретуге күш салуымыз қажет. Оған дәлел ретінде ұлттық ойындарды жанұя тәрбиесінен бастап, балабақшада түрлі күнделікті іс-әрекет барысында, тәрбиелік шараларда қосымша материал ретінде пайдаланып, ұлттық ойындарымызға жаңа мазмұн беріп, жаңа заман талабына сай заманауи үлгіде, бала қауіпсіздігін ескере отырып, түрлі материалдарды пайдаланып дайындап, қолдануымыз керек. [3]

Ұлттық құндылықтарымызды, салт-дәстүрімізді насихаттау мақсатында, қазіргі ұрпақтың сындарлы ойлауға, креативтілікпен командада жұмыстануға қызығатынын ескере отырып қазақ халқының ұлттық ойындарын заманауи үлгіде үстел үсті ойындары ретінде пайдалануға болады. Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық нақыштағы үстел үсті ойындарын қолдануда балалардың жас ерекшелігі мен олардың қызығушылығы, мүмкіндіктерін ескере отырып дайындап, балаларға үйретеміз. Әр ойын кезінде балалардың қабілеттері мен қарқынын ескере отырып жұптастырып, 4-5 баладан топтарға бөліп немесе жеке балаларға дайындалған ойындар өткіземіз. Бұл ойын түрлері тәрбиешінің нұсқауымен түсіндіріліп, балаларға қолдау көрсетіле отырып ойналады. [4]

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика. Астана, 2012.
2. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы «Рауан» 1991ж
3. Табылдиев Ә.«Халық тағлымы» (қазақтың халық педагогикасы және тәрбие), - Алматы: «Қазақ университеті» 1992ж.
4. Мұқанова Б, Ильясова Р. Этнопедагогика. Астана, 2008.
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты № 604 бұйрық, 2018 жыл
6. «Қазақ ұлттық ойындары – тәрбие көзі» әдістемелік нұсқаулық: Астана, 2011

ӘОЖ 376.3

ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Султанғалиева А.И. БҚИТУ аға оқытушысы, педагогика және психология магистрі

Батыс Қазақстан инновациялық – технологиялық университет, Орал қ.

Аннотация: Автор статьи дает анализ исследований казахстанских ученых в области народного воспитания. В статье рассматриваются важные человеческие качества, присущие представителям казахского народа. Также выделены основные средства воспитания, актуальные в казахской этнопедагогике.

Ключевые слова: казахский этнос, этнопедагогика, воспитание, обучение, национальная психология.

Annotation: The author of the article analyzes the research of Kazakhstani scientists in the field of folk education. The article discusses the important human qualities inherent in the representatives of the Kazakh people. The main means of education that are relevant in the Kazakh ethnopedagogy are also highlighted.

Keywords: Kazakh ethnos, ethnopedagogy, education, training, national psychology.

Ғасырлар мен мыңжылдықтар бойында білім берудің халықтық тәжірибесін түсіну, сақтау және кейінгі ұрпаққа беру міндеті шешілуде. Әкелер мен аталардың тәжірибесінде даналық дәндері бар, олар біздің заманмызға дейін өсіп, жақсы көшеттер береді. Біз халық педагогикасына тек даналықтың қоймасы, педагогикалық ой мен моральдық денсаулықтың резерві болғандықтан ғана емес, сонымен бірге бұл біздің бастауымыз болғандықтан жүгінеміз. Тамырымызды ұмытып, біз уақыт пен ұрпақтың байланысын үземіз. Әр адам өзінің дүниеге келуінен бастап, өмірінің соңына дейін ғасырлар бойы адамдар жасаған әдет-ғұрыптарды, дәстүрлер мен мінез-құлық нормаларын өз санасына сіңіреді.

Көп ұлтты Қазақстанда мекендеген әр халықтың педагогикалық қорлары бар. Өскелең ұрпақты саналы, еңбекқор, адамгершілік, зияткерлік тәрбиелеу үшін халықтық педагогика көптеген құралдарды қолданады.

"Этнопедагогика" терминін ғылыми айналымға Г.Н.Волков енгізді. Г.Н.Волков этнопедагогикалық ізденістерді этнопедагогикалық (этноәлеуметтік) зерттеулердің құрамдас бөлігі ретінде қарастыру жемісті деп санайды. Ғалымның пікірінше, мұндай бірлік көптеген зерттеушілердің назарынан тыс қалған жоқ. Ол халықтық тәрбие тәжірибесін терең білуге және объективті бағалауға мүмкіндік береді [1].

Этнопедагогиканың әдіснамалық аспектілері қазақстандық ғалымдардың да назарында. Атап айтқанда, профессор Қ.Б. Жарықбаевтың "революцияға дейінгі Қазақстандағы педагогикалық ойдың дамуы" диссертациялық зерттеуінің жекелеген тараулары қазақ халық педагогикасында және XVIII – XIX ғ. бірінші жартысында революцияға дейінгі Қазақстанның ойшылдарының мұрасында көрініс тапқан тәрбие туралы негізгі идеяларды талдауға, сондай-ақ көшпелі қазақтардың халық педагогикасының ерекшеліктерін анықтауға және "этнопедагогика" және "этнопсихология", "халық педагогикасы" және "халық психологиясы" терминдерінің айырмашылықтарын нақтылауға арналған. "Халықтық педагогика - бұл тәрбиенің мақсаттары мен міндеттері туралы басым көзқарастарды білдіретін халықтың эмпирикалық педагогикалық білімі мен тәжірибесінің саласы. Оның жалпы теориялық негіздерін әзірлеумен ғылыми педагогиканың арнайы саласы – этнопедагогика айналысады» [2].

Профессор С.К.Қалиевтің "қазақ халық педагогикасындағы тәрбие мен оқытудың ғылыми-педагогикалық негіздері" атты еңбектері мен диссертациясын талдау автордың Қазақстанның педагогикалық ғылымының дамуына, атап айтқанда, қазақ халық педагогикасындағы тәрбиенің ғылыми-педагогикалық негіздерін дамытуға елеулі үлес қосқанын көрсетеді. Ол қазақтардың тәрбиесіндегі айырмашылықтардың бірінші тобын қатал көшпелі мал шаруашылығы жағдайында қалыптасқан олардың ұлттық ойлауының, ұлттық психологиясының ерекшеліктерімен байланыстырады. Балаларға көшпелі мал шаруашылығының "құпияларын" беру, еңбексүйгіштікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу; рудың, отанның ар-намысын қорғауға дайындық, әскери батылдық, асыл тұқымды білу, ата-бабаларды құрметтеу және халықтың салт-дәстүрлерін сақтау, үлкендерді құрметтеу, ата-аналарды құрметтеу, қонақжайлылық, көршілерге ерекше құрмет, туыстық сезімі сияқты қасиеттерді тәрбиелеу - осының бәрі рудың, этникалық топтың бірігуіне ықпал етті. Нәтижесінде қазақтардың өзіндік өмір бағасымен ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға дайындық (жаным арымның садағасы), жан кендігі, көңілділік, адалдық, мейірімділік сияқты ерекше ойлау стилі мен мінез-құлық ерекшеліктері қалыптасты.

Ол айырмашылықтардың екінші тобын қазақтардың ұлттық психологиясының ерекшеліктерімен эпистемологиялық тұрғыдан – олардың қоршаған ортаға көзқарастарының ерекшеліктерімен ("Ата мекен" – Туған жер, "ата – бабалар жері"; "туған халық" - ел жұрт және т.б.) байланыстырады.

Қазақ ойлау психологиясының үшінші ерекшелігі: ана тілін, ана тілін, сөз өнерін жоғары бағалау. Қазақтар сөйлеу өнерін – шешендік өнерді баға жетпес мұра ретінде

бағалап, тапқырлық, суырып салма дарын бағалады. Бұл қазақ мақал-мәтелдерінде көрініс тапқан.

С.Қалиев халықтың тәрбиеге деген талаптарын ғылыми педагогика принциптерімен салыстырады, мынадай ұқсастықтарды анықтайды: 1) балалардың жас ерекшеліктерін есепке алу; 2) баланың жеке ерекшеліктерін есепке алу; 3) бала туып өскен ортаның, оның ата-анасының, аға-інілерінің және туыстарының ықпалы; 4) баланың алдына жоғары мақсаттар мен міндеттер қоя білу, үлкен талаптар. Ғалымның пікірінше, қазіргі педагогикадағы білім беруді дамыту идеялары халықтық педагогиканың балаларда қиялдау, армандау қабілеттерін дамыту талабымен байланысты. Халықтық педагогиканың маңызды қағидасы - тұтастық. Халықтық педагогика балаларды туғаннан бастап тәрбиелеу принципін ұстанады; халықтық педагогика ұжымдық тәрбие идеясына негізделген: тәрбиеге отбасындағы үлкен балалардан бастап ақсақалдарға дейін барлығы қатысады [3].

Халықтың ұлттық тәрбиесі, салт-дәстүрлері туралы ойлар алғаш рет демократ-ағартушылардың (Ш.Уәлиханов, Ы. Алтынсарин), ғалым-этнографтар мен ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы саяхатшылардың (Э.С. Вульфсон, П. С. Памас, А. Левшин, в. Радлов, А. Янушкевич, г. Потанин, Н. Л. Зеланд және т. б.) еңбектерінде және жол жазбаларында көрініс тапқан. ХХ ғ. 20-30-шы жж.осы мәселеге А. Диваев, А. Байтұрсынов, С. Торайғыров, М. Дулатов, Н. Құлжанова, М. Әуезов арнайы жүгінді. Ағартушылардың еңбектері (Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов және Ыбырай Алтынсарин), сондай-ақ саяхатшылардың жол жазбалары мен ірі қоғам қайраткерлерінің, жазушылардың, ұлттық психология, тарих, мәдениет, фольклор, халық өмірінің білгірлерінің шығармалары қазақ этнопедагогиканың дереккөзтанушылық базасына жатады. Қазақ этнопедагогикасының қалыптасуына теориялық алғышарттар М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов, ж. Аймауытов, М. Дулатов, Х. Досмұхамедов еңбектерінде жасалды [4].

Баланың дүниетанымының өсуі қоршаған дүниені таныстырумен тікелей байланысты. Сондықтан да көптеген ғалымдар қоршаған ортамен таныстыруды баланың ақыл-ойын дамытудың негізгі нысаны ретінде алып отырған. Бұл мәселе туралы психолог-ғалым Х.Т.Шерьязданованың өте пайымды жан-жақты талдағанын ғалымның төмендегі пікірінен көруге болады: «Баланы қоршаған дүниемен таныстыру-баланың психикасын дамытудың, жеке бастың сапасын қалыптастырудың қажетті шарты. Тәрбиешінің міндеті заттар жөнінде, адамдар мен олардың еңбегі жайындағы балалардың ой-өрісін кеңейту болып табылады»- деп көрсетті.

Ұлттық дүниетанымның дамуы этнопедагогикамен ұштасып жатқандығы ғалымдардың еңбектерінде айқын көрініс тапқан. Этнопедагогиканың кез келген материалдары қоршаған ортаны танып білуге, оның пайда болуын білуге ұмтылуға, табиғат пен қоғамның арасындағы байланысты түсіне білуге, қоғамда өзінің орнын анықтап, бағыт-бағдар жасауға т.б. дүниетанымның негізін қалыптастыруға ықпал етеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымы дегеніміз -адам, табиғат және қоршаған орта жайлы қарапайым түсініктерінің қалыптасуы, танып, білуге деген қызығушылығының оянуы, алғашқы білім негіздерінің қалануы.

Балаларды ұлттық тәрбиелеудің негізгі идеялары елбасының "Қазақстан – 2050" халыққа Жолдауында өркениетке деген ұмтылыспен ұштасып көрсетілген, онда білім берудің басты миссиясы жас қазақстандықты, қазақстандық патриотизмді, мақтаныш сезімін, өз Отанына деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін тәрбиелеу деп аталады. Қазақстан Республикасының Конституциясын, Мемлекеттік рәміздерді – туды, елтаңбаны, гимнді насихаттау және зерделеу жөніндегі шаралар жүйесі енгізілуде.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінің басты ерекшелігі - балаларда ұлттық мінез-құлық ерекшеліктерін қалыптастыруға және ана тілі арқылы ұлттық өзін-өзі танудың жақсы тұқымдарын егуге арналған оның айқын ұлттық бағыты. Балабақшада тәрбие мен

оқытудағы әдістер мен әдістерді таңдау балалардың ұлттық психологиясының ерекшеліктерін, олардың сипатын ескере отырып, олардың толық дамуына ықпал етеді. Түрлі мәдениеттер мен халықтарды, этникалық, ұлттық және діни топтарды құрметтеуге тәрбиелеу, өзгеше ойлау мен бөтен пікірге төзімділік – болашақ ұрпақ алдында бейбітшілікті, адамзат өркениетін, экологияны сақтау үшін жауапкершілік сезімін қалыптастыру маңызды міндет болып табылады. Жаңа оқу пәндері мен бағдарламаларын әзірлеу кезінде олардың тәрбиелік әлеуетін күшейтуге назар аудару ұсынылды.

Адамзат дамуының бүкіл бағыты адамның жалпы өмірге емес, белгілі бір әлеуметтік-мәдени жағдайдағы өмірге дайындалатынын көрсетеді. "Баланың құндылық-нормативтік бейнесі және онымен тығыз байланысты білім беру мақсаттары, міндеттері мен әдістері кез-келген халықтың, ұлттың немесе этникалық топтың аңғалдық, күнделікті халықтық психологиясының өзегі болып табылатын, оның әлеуметтік тәрбиесінің ерекшеліктерін, үміттері мен бағаларын біріктіретін және жинақтайтын адамның жасырын теориясына байланысты. Өмір салты, практикалық қызмет тәрбие факторлары ретінде әрекет ететін ұлттық мінездің қалыптасуына әсер етеді. Сондықтан халықтардың кез-келгенімен танысу үшін оның білім беру жүйесін зерттеу қажет» [5].

Қазақ халқы әрқашан кемелді адам болған. Мінсіз адамды тәрбиелеу үшін нормаларды ұстануыңыз керек: нағыз жігіттің бейнесі (сыртқы және ішкі бірлікте: биіктігі жоғары, ойлары терең, қасы қара, маңдайы кең, мұрны түзу, мұрты ұқыпты, иығы кең, кеудесі күдіретті, тістері өткір, қолдары күшті, денесі мықты, сөйлеуі шыншыл, тілі шешен, темір саусақтар, рух күшті және т. б. Мінез-құлық белгілері: адалдық, шынайылық (жақсылыққа жетелейді), әділеттілік (сіз әділеттісіз, сіздің таза істеріңіз жақсы қорғайды), шыншылдық (сіз шыншылсыз, қол жетімсіз). Қыздың бейнесі: ата – аналары мен туыстарын жаман бағаламайды; ақыл мен ақыл: туыстарымен және туыстарымен қарым-қатынас: қамқорлық, мейірімділік; сыртқы келбеті: бойы ұзын, жіңішке, өрілген қалың, ұзын шашты, беті жарқын, ақ маңдайлы, қасы қара, кірпіктері ұзын, жебе тәрізді, көзге көрінетін, жарқыраған, мұрны түзу, әдемі: аузы кішкентай, тістері інжу тәрізді, мойны аққу, нәзік, кеуде-сүйкімді, көгершін тәрізді, белі жұқа, икемді, жүзім сияқты, талғампаз, саусақтары ұзын, жұқа; мінезі: мейірімді, шыдамды, қиындықтарға төтеп береді. Басты міндет - мұқият және сезімтал әйел болу, күйеуіне қамқорлық жасау; ананың міндеті – бала туу және тәрбиелеу; қонақтарды қабылдау, шай құю, құрт пісіру, сүзбе дайындау, кесте тігу және т. б. адамның ең жоғары қасиеттері: ар-намыс, қадір-қасиет және ар-ожа [6].

Балабақша жағдайында мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде қазақ халық педагогикасының құралдарын қолдану ерекшеліктеріне қайта оралсақ, мақал-мәтелдер сияқты маңызды құралды бөліп көрсету керек. Кез келген мақалда әрдайым психологиялық, педагогикалық сәт - түзету бар. Мақал-мәтелдер мектеп жасына дейінгі балалардың көптеген рухани қажеттіліктерін қанағаттандырады: танымдық, зияткерлік, эстетикалық, моральдық және т.б. Мақал-мәтелдер - бұл халықтың тірі дауысы: халық өзінің жадында тек бүгін және ертең қажет нәрсені сақтайды. Өткен туралы мақалда айтылған кезде, ол қазіргі және болашақ тұрғысынан бағаланады - өткеннің халықтық идеалға, үміттерге және ұмтылыстарға қаншалықты сәйкес келетініне байланысты айыпталады немесе бекітіледі. Мақал-мәтелдер арқылы әр халық өзін, рухани мәдениетін, мінезі мен психологиясын бір-бірін алмастыратын ұрпақтар қатарында жаңғыртады. Осылайша, мақал-мәтелдерде ескі ұрпақ жас ұрпақтың іс-әрекеттерін, ойлары мен сезімдерін бағыттау үшін жас ұрпаққа бірлескен іс-әрекетте беретін идеялар, рухани қасиеттер мен тәрбие құндылықтары бар.

Қоғамды жаңарту және демократияландыру процесінде, Республика егемендік алған жағдайда, біздің қоғамымыздың тарихы, оның көптеген әлеуметтік институттарының қызметі қайта қарастырылған кезде, халықтың рухани өмірінің ұмытылған немесе тыйым салынған құбылыстары оралады, Біздің заманымыздың ең

өзекті мәселелерінің бірі өткеннің мәдени-тарихи мұрасын жандандыру болып табылады, оның құрамдас бөліктерінің бірі этникалық педагогика болып табылады. оның бай прогрессивті дәстүрлері мен жас ұрпақты тәрбиелеу тәжірибесі.

Халықтың әлеуметтік-мәдени және рухани құндылықтары, оның дәстүрлері әрқашан адамның азаматтық қалыптасуында, оның адамгершілік және еңбек қасиеттерін қалыптастыруда, жалпы тұлғаны әлеуметтендіруде маңызды рөл атқарды. Сондықтан бүгінгі таңда осы құбылыстардың тарихи рөлін объективті бағалау, әртүрлі білім беру институттарының қалыптастырушы әсерін зерттеу қажет. Өткеннің педагогикалық мәдениетін білу, түсіну және қолдану қазіргі жағдайда балалар мен жастарды тәрбиелеудің күрделі мәселелерін сәтті шешуге көмектеседі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Волков Г.Н. Этнопедагогика : учебник для студентов вузов. М., 1999.
2. Жарыкбаев К., Калиев С. Национальные аспекты обучения и воспитания. Алматы, 1999.
3. Калиев С. Педагогические мысли в поэзии акынов и жырау. Алматы, 1991.
4. Этнопедагогика народов Казахстана / под. ред. Г.Н. Волкова, К.Ж. Кожаметовой. Алматы, 2001.
5. Жарыкбаев К.Б., Калиев С.К. История казахской педагогики и психологии. Алматы, 1995.
6. Кожаметова К.Ж., Жанписова Б.А. Введение в сравнительную этнопедагогику. Алматы, 2001.

ОӘЖ 37.01:39

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ЭТНИКАЛЫҚ САНА-СЕЗІМІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Б.Н.Амангелдиева, пед.ғ.магистрі, аға оқытушы

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қаласы

Резюме

В статье рассматривается формирование этнического самосознания в соответствии с возрастными особенностями подростков, показаны этапы инкультурации, методы педагогического и психологического воздействия.

Ключевые слова: этническое самосознание, подростковый возраст, инкультурация, Я – концепция.

Resume

The article examines the formation of ethnic self-awareness in accordance with the age characteristics of adolescents, shows the stages of inculturation, methods of pedagogical and psychological influence.

Key words: ethnic identity, adolescence, inculturation, I - concept.

Бүгінгі таңда әлемде этникалық және этносаралық процестердің күрделенуі байқалуда. Кез келген саяси, экономикалық, мәдени немесе дінге қатысты оқиғалардың этникалық сипат алуы болашақ ұрпақтың этникалық сана-сезімінің қалыптасуына әсер етпей қоймайды. Сондықтан, жас ұрпақтың бойында этникалық өзіндік сана-сезімді қалыптастыру өзекті мәселенің бірі.

Жасөспірімдік шақ баланың сана-сезімінің дамуына және тұлға болып қалыптасуындағы өтпелі кезең болып табылады. Бұл кезеңді түсіндіруде ғалымдардың көзқарасы әртүрлі.

Л.И. Божович бұл кезеңді баланың мотивациялық сферасының дамуы, дүниетанымының қалыптасуы, өмірде өз орнын анықтауы және танымдық белсенділігінің, өзіндік сана, адамгершілік санасының дамитын жоғары мектеп жасына сай келетін жасөспірім кезеңі ретінде анықтайды [1].

Д. Б. Эльконин бұл кезеңді 11-17 жас деп екі фазаға бөлді. 11-15 жас (орта мектеп жасы) кезінде басты іс-әрекет қоғамға пайдалы іс-әрекеттегі қарым-қатынас болса, 15-17 жаста (жоғары мектеп жасы) оқу-кәсіби іс-әрекет басты рөл атқарады [2].

А.В. Петровский жасөспірімдік шақты 11-12 және 14-15 жас деп алып, 14-15 және 17 жасты ерте жастық кезеңге кіргізеді. Бұл жас аралықтарында басты іс-әрекетке, әлеуметтенуге ерекше көңіл бөледі [3].

Жас морфологиясы мен физиологиясының проблемалары бойынша VII Бүкілодақтық конференцияда қабылданған онтогенездің жас кезеңдеу схемасында жасөспірім жас ұлдарға 13-16 жас, қыз балаларға 12-15 жас, ал жасөспірім жасқа 17-21 жас деп анықталды. ұлдар үшін жас және қыздар үшін 16-20 жас. Жас физиологиясы бойынша нұсқаулықта жасөспірімдер 17 жастан басталып, ұлдар 22-23 жаста, ал қыздар 19-20 жаста аяқталады дейді.

Атақты кеңестік психолог Л.С. Выготский. 20-шы жылдары жасөспірім психологиясында нақты бекітілген фактілерге қарағанда әлдеқайда жалпы теориялар бар екенін атап өтті. Оның пікірінше, жасөспірім кезіндегі негізгі үш тәсіл бар: биогенетикалық (дамудың биологиялық процестеріне негізделген немесе олармен байланысты), социогенетикалық (әлеуметтену үдерісіне басты назар аудару), психогенетикалық (нақты психикалық процестер мен функцияларды дамыту негізінде) [4].

В.С. Мухина этникалық бірегейлікті қалыптастыратын көптеген компоненттердің арасынан мыналарды бөледі:

- ата-бабаларының белгілі бір табиғат жағдайында өмір сүруі;
- көне іс-әрекет түрінің болуы.

Бала әлеуметтену процесінде тарихи қалыптасқан ойлау, сезіну және әрекет ету тәсілдерін меңгереді, оны ғалым этникалық өзіндік сана-сезімді қалыптастырудың негізі ретінде анықтайды. Дәстүрлерді иемдену процесінде қалыптасу, этникалық өзін-өзі тану адам бойындағы этникалық сезімдердің дамуын, өз халқының тарихын сезінуді, белгілі бір географиялық орынға үйренуін айтады. Дәстүрдің жүйелілігі адамды белгілі бір этностың өткені мен бүгінгі біріктіре отырып, ата-бабаларының өткенімен байланыстырады.

Жасөспірімдік шақ (16-17 жаста) өз этникасы туралы түсініктің болуы, ұлтын таңдау мотивациясының анықталуы, этникалық дүниетанымын құрылуымен сипатталады. Басқаша айтқанда, жасөспірімдік шақта бала саналы түрде өзін белгілі бір этностың өкілі ретінде санайды. Этникалық сана-сезімі тәжірибеге, жаңа ақпаратқа және танымдық қабілеттердің дамуына байланысты артады. Бастапқыда ол айқын көрсеткіштерге - сыртқы түріне, тіліне, материалдық мәдениет элементтеріне (тамақ, киім), әдет-ғұрыпқа негізделсе, кейін баланың этникалық ерекшеліктерді қабылдауы, және түсінуі қалыптасады. Одан кейін жаңа элементтерді - ата-бабалар қауымын, тарихи тағдырын, дінді қабылдайды [5].

Мәдениеттену нәтижесінде адам айналасындағы этникалық ортада өзін бағдарлай алуға, алдыңғы буындар жасаған мәдени нысандардың көп бөлігін пайдалануға, дене және ақыл-ой еңбегінің нәтижелерімен алмасу және басқа халықтармен қарым-қатынас орнатуға қабілетті болады. Әр адам инкультурация процесін бастан кешіреді, өйткені оның нәтижесіз ол қоғам мен оның этникалық тобының мүшесі бола алмайды. Бұл күрделі

процесс ерте балалық шақтан бастап өз денесін басқару және жақын өмір сүру ортасының элементтерін сіңіру дағдыларын игеруден басталады және оның бүкіл өмірінде жалғасады. Бұл процесте екі негізгі кезеңді бөліп алуға болдаы: бастапқы (балалар) және екіншілік (ересектер).

Мәдениеттенудің бірінші кезеңінде балалар өз мәдениеттерінің кең таралған, өмірлік маңызды элементтерін игереді. Мәдениеттену мұнда тәрбие түрінде жүзеге асырылады, бұл баланың бойында қалыпты әлеуметтік-мәдени өмірге қажетті адекватты дағдыларды қалыптастыру үшін мақсатты түрде әсер етеді. Кез-келген мәдениетте балаларға күнделікті практикаға қажетті білім мен дағдыларды беретін мәдениеттің арнайы формалары мен әдістері бар. Бұл бастапқы мәдениеттенуінің негізгі формасы ойын болып табылады. Ойын кезінде интеллект, оқу қабілеті, қиял сияқты жеке қасиеттер дамиды. Бастапқы мәдениеттену процесінде маңызды орын еңбек дағдыларын дамыту және еңбекке деген құндылық қатынасты қалыптастыру болып табылады. Сонымен, баланың мәдениеттенуі оның әлеуметтік-мәдени өмірге қатысуға қабілетті ересек тұлғаға айналуының алғышарты болып табылады.

Мәдениеттену екінші кезеңінің басты ерекшелігін белгісі - белгілі бір қоғамда жеке тұлғаның әлеуметтік-мәдени ортаны өз бетінше игеру қабілетін дамыту. Жеке адам өзінің өмірлік маңызды мәселелерін шешу үшін алған білімі мен дағдыларын біріктіру мүмкіндігіне ие болады: өзіне және басқаларға қатысты шешімдер қабылдау қабілеті кеңейеді; ол өзінің этникалық тобының мүшесі ретінде елеулі мәдени өзгеріске әкелуі мүмкін іс-шараларға қатысу құқына ие болады.

Мәдениеттенудің бірінші кезеңі мәдениеттің тұрақтылығын сақтауға ықпал етеді, өйткені бұл жерде ең бастысы - бар бейнелерді қайта жаңғырту, мәдениетке кездейсоқ және жаңа элементтердің енуін бақылау.

Екінші кезең қоғам мүшелеріне мәдениет алдындағы жауапкершілікті өз мойнына алуға, оған өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді. Мәдениеттенудің екі кезеңінің де үйлесімді дамуы тұлғаның менталитетінің қалыптасуымен аяқталады - индивидтің белгілі бір түрде әрекет етуге, ойлауға, сезінуге және қабылдауға деген көзқарастары мен бейімділіктерінің жиынтығы, өз кезегінде, менталитеттің бұл жағдайы жеке адамның да, әлеуметтік-мәдени ортаның да қалыпты жұмыс істеуі мен дамуының көрсеткіші болып табылады.

Адам ағзасының жасөспірімдік даму кезеңі баланың әлеуметтік белсенділігінің жедел дамуы және қайта құрылуымен ерекшеленеді. Жасөспірімдер белгілі бір мақсаттар қоя отырып, өмір салтын таңдай отырып, саналы түрде өзін-өзі анықтауы жүзеге асады. Осы жастағы өзін-өзі анықтау жасөспірімнің өмірлік жоспарының және кәсіби іс-әрекетінің бастау алуына жол ашады [6].

Тағы бір маңызды мәселе - бұл жоғары сынып жасындағы жасөспірімдердің өз бетімен өмір сүруін бастау шегінде тұрғандығын көрсетсе, осы кезеңде мектеп оқушыларының адамгершілік көзқарастары, наным-сенімдері мен дүниетанымы айқын қалыптасады.

Өзгерістер бүкіл өмірлік циклде болатындығын ерекше атап өткен жөн. Алайда, дәл жасөспірімдік шақта олар әсіресе айқын көрінеді. Бұл биологиялық және жыныстық дамумен, сондай-ақ адамның танымдық қалыптасуымен және әлеуметтік бейімделуімен байланысты. Жеке тұлғаны дамыту - бұл күрделі және көп факторлы процесс. Зерттеушілер дәстүрлі түрде жасөспірім кезіндегі сәйкестіліктің дамуының үш аспектісін ажыратады: өзіндік тұжырымдаманың өзгеруі (өздері туралы идеялар), өзін-өзі бағалаудың өзгеруі (адамдар өздерін оң немесе теріс қабылдайды) және ұқсастық сезімінің өзгеруі (қаншалықты Мен тұжырымдамасана сәйкес келеді).

Жасөспірімдік шақта Мен тұжырымдамасы біршама сараланып, күрделі, психологиялық және абстрактілі бола бастайды. Бұл бастапқыда мазасыздыққа әкелсе де, нәтижесінде өзін түсінуінің терең . «Идентификациялық дағдарысты» жеңу үшін

жасөспірімдерде эксперимент пен өзін-өзі зерттеуге рөлдік мүмкіндіктер беру керек. Эриксоның ізбасарлары, алайда, бұл саладағы негізгі өзгерістер жасөспірім кезінен гөрі жасөспірім кезінде болады деп сенуге бейім.

Этномәдени құндылықтарды игеруге деген қызығушылық жасөспірімнің ұлттық мәдениетті, оның рухани және материалдық жақтарын, тілін, әдет-ғұрпын, өз ұлтының дәстүріне мән беруінен көрінеді.

Қызығушылықты қалыптастыру процесі - бұл жас ерекшелігі мен жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жасөспірімнің жеке басына бағытталған мақсатты педагогикалық әсер ету жүйесі және келесі бағыттарда жүзеге асырылады:

1) халықтарға қатысты тарихи, мәдени және этнографиялық білімді игеруге белсенді танымдық бағыт;

2) туған жердің мәдени мұраларына олардың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына деген позитивті-эмоционалды қатынас; басқа халықтардың мәдениетін түсіну және құрметтеу қабілетін дамыту [7].

Балаларда этникалық ұқсастықтың даму кезеңдерінің реттілігі және олардың уақыт шектері барлық индивидтер, халықтар және әлеуметтік жағдайлар үшін бірдей емес. Сонымен қатар, этникалық ұқсастықтың әлеуметтік орта мен баланың бір-біріне белсенді әсерін талдаусыз тек оның жеке дамуы тұрғысынан қарау оның этникалық әлеуметтенуінің ерекшеліктерін түсіндіре алмайды.

Сонымен, біздің ғылыми әдебиеттерді талдауымыз мектеп оқушыларының этникалық ұқсастығын қалыптастыру процесі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілуі керектігін көрсетті. Жасөспірім өзін саналы түрде этностың өкілі деп санайды, оның этникалық тобымен қарым-қатынасы нығайып нығаяды, сонымен қатар, басқа этностарға деген эмоционалды қатынас рационалдыға ауысады. Әлеуметтік әсерге жоғары сезімталдық, максимализм, импульсивтілік жастарды ұлтаралық шиеленіс жағдайында агрессивті болуына әкелуі мүмкін. Этномәдени құндылықтарды қалыптастыру мұғалім мен тәрбиеленушінің өзара әрекеттесуінің күрделі педагогикалық процесі болып табылады.

Мұғалім мен оқушының өзара әрекеттестігі соңғы жылдары ынтымақтастық қарым-қатынасқа ие бола отырып, мұғалімнен кәсіби қасиеттерді талап етеді. Мұғалімнің кәсіби қасиеті сабақтарды ұйымдастыру мен өткізу деңгейімен ғана емес, сонымен бірге өз халқының және бірге өмір сүретін халықтардың мәдениетін жеткілікті терең білумен анықталады. Жас ұрпақтың бойында этникалық өзіндік сана-сезімді қалыптастырудың тиімділігі жоғары мектеп жасындағы психологиялық-педагогикалық ерекшеліктер оқу-тәрбие процесінде қаншалықты тиімді ескерілетіндігіне байланысты. Оқушы этномәдени құндылықтарды игеруге қызығушылық танытқан жағдайда ғана мұғалім мен оқушының бірлескен қызметі тиімді болады. Сонымен, жасөспірімдерде этностық өзіндік сана-сезімді қалыптастыруда осы жас кезеңнің педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін ескеру маңызды болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Божович Л. И. Проблемы формирования личности: избранные психологические труды / Под ред. Д.И. Фельдштейна. - Москва; Воронеж: Ин-т практической психологии, 2011.
2. Эльконин Д.Б. Детская психология: учеб. пособие для студентов высш. учеб. заведений / Под ред. Элькониной Б.Д.; 4-е изд Москва: Издательский центр "Академия", 2007.
3. Возрастная и педагогическая психология / Под ред. А.В.Петровского. – М., 1979.
4. Выготский Л.С. Психология. - М.: ЭКСМО-Пресс, 2011 - 1008 с.

5. Мухина В. С. Возрастная психология. Феноменология развития Год: 2011
Издание: Академия
6. Жарықбаев Қ. Жалпы және қазақ этнопсихологиясы = Общая и казахская этнопсихология. 7 том – 306 б. Қазақ университеті, 2016
7. Хотинец В.Ю. Этническое самосознание. - Спб.: Алетейя 2000.

ӘОЖ 908 (571)

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАҒЫ ӨЛКЕТАНУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Кушмурзина Д.Х.

«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасының
аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі,
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті
Қостанай қ., Қазақстан

Аннотация

В данной статье показано, что краеведение в начальной школе – важный инструмент, соединяющий образование и воспитание с жизнью. Описаны особенности краеведческой работы в воспитании учащихся.

Ключевые слова: родной край, краеведение, исследования, образование, воспитание

Annotation

This article shows that local history in primary school is an important tool that connects education and upbringing with life. The features of local history work in the education of students are described.


Keywords: native land, local history, research, education, upbringing.

Қазіргі кезде басты мәселе – ертеңгі келер ұрпағымыздың тәрбиесі. Өйткені, бала – өмірдің сәні, бақыттың нысаны, ертеңгі күнді жалғастырушы ұрпақ. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – педагогтардың міндеті.

Бүгінде тәуелсіз елге тән барлық құндылықтарымыз бар. Қазақ елі қазір өркениетті елдерімен иық теңестіруге, дамудың жаңа сатысына көтерілуге талпынуда. Дегенмен, жаһандық өзгерістерге сай болу үшін алдымен ұлттық ерекшелігімізді сақтай білуіміз керек. Солардың бірі – еліміздің, жеріміздің тарихи өлкелерін таныту, құнды жәдігерлерімізбен таныстыру. Туған өлкенің қоршаған табиғатында оқушылардың санасында табиғатты сүйі, туған жерді қорғауы – Отанға деген патриоттық сүйіспеншілікті қалыптастырады [1, б. 56].

Өлкетану жұмыстары оқушылардың оқу құралынан дайын білімді алу ғана емес, оған қоса мұғалім басшылығымен оқушылардың ізденіс-зерттеу әдістерін қамтиды. Сондықтан *өлкетану жұмысының ерекшелігі* – оның мұғалімдер мен оқушыларды зерттеуші ететіні. Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тілін, мәдениетін білетін тұлға етіп тәрбиелеуде және оқytудың сапасын арттыруда өлкетану маңызды, күшті құрал болып отыр. Сондықтан оқушыларға тек қоршаған орта мен туған өлкенің табиғатын өз көздерімен көріп, оның шежіресін өз қолдарымен жазу, оның қиыншылықтарын ұжым болып жеңе білу зор қуаныш әкеледі [2, б. 91].

Осыған орай оқушыларды өз өлкесін танып-білуі үшін оқу-тәрбие үрдісінде ұйымдастырылып жүргізілетін өлкетанымдық жұмыстар төмендегідей қызметтерді атқарады.



1. *Мәдениетті қалыптастырады.* Өлкетану жас ұрпақтың адамзаттың тарихи ескерткішін, әсіресе тәрбиелі адам жанының өзегін оятатын рулық, аймақтық ескерткіштерді сақтау және игеру міндетін шешеді. Олай болса, өлкетанусыз адамзаттың тіршілік етуі мүмкін емес. Адамның адам болып қалыптасуы үшін әр адам үнемі әлеуметтік-мәдени дамудың үрдісіне ілесіп, адамзат қоғамы жасаған мәдени үлгілерді өз бетімен меңгеруі қажет.

2. *Мәдениетті біріктіреді.* Өлкетану өлке тұрғындарын тірі әлеуметтік ағзаға біріктіруді қамтамасыз етеді. Өлкетанумен айналысатын адам ата-бабаларымыздың еңбегін жалғастырады және ұрпағының рухани ой-өрісін қалыптастырады. Олай болса, өлкетану адамның өмірге белсенді, саналы көзқарасын қалыптастыру тәсілі, бір жерде тұратын адамдарды жапай өзіндік ұйымдастыру тәсілі болып саналады.

3. *Тәрбиелейді.* Өлкетану әр дәуірдегі ұрпақ өкілдерінің рухани байланысын қамтамасыз етеді. Ол ата-баба мұрасына сыйлы көзқарасты қалыптастырады. Өлкетану әрбір ұрпаққа тарихи келешектегі өз орнын және алдында тұрған міндеттерді саналы түсінуге мүмкіндік береді.

4. *Білім беру, ағарту ісі.* Өлкетану ғылым мен ағартуды, мәдениетті байланыстыра отырып, үнемі әртүрлі формада насихаттау, таныту іс-әрекетін атқарады. Және бұл іс-әрекет өлкетануда ғылыми-зерттеумен қатар емес, онымен тығыз байланыста жүзеге асырылады, яғни өлкетану сабақтары жай ғылыми зерттеу емес, ол адам сол арқылы өзінің халық тағдырымен байланысын сезінгенде ғана табысы болады. Сондықтан нағыз өлкетанушыда әрқашан алдыңғы ұрпақтың мәдени мұрасын игертуге көп адамдарды тарту қажеттілігі артып отырады. Осындай мектепте тәрбиеленген адам шынымен білімді болады. Ол өз елінің мәдениетін білетін және дамытатын болады, сонымен бірге басқа мәдениет өкілдеріне аса құрметпен қарап, ешқашан басқа мәдени ескерткіштерді жоймайтын болады. Осы мектептен өте отырып, адам мәдениеттің тарихи қалыптасуына өзінің үлесін қосады, сол арқылы сый-құрметке, беделге, шынайы зиялылыққа ие болады.

5. *Адамгершілік.* *Адамгершілік борыш сезімін қалыптастыру* – өлкетану іс-әрекетін маңызды ынталандырушы күш. Адам өзінің кәсіби қызметінің туған жердің тарихымен, тағдырымен байланысын сезінгенде және тарихи ескерткіштерді сақтаудың жауапкершілікті іс екендігін мойындағанда ғана өлкетанумен айналысады. Өлкетану арқылы туған жердің тарихи ескерткіштерін сақтау және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу арқылы адамдар бір топқа бірігетін болса, ол қозғалысшылардың ағартушылық және ұйымдастырушылық жұмысының арқасында мүмкін болады, мұның өзі басқалар үшін адамгершіліктің үлгісі болып табылады. Өлкетануды оқу қажет емес, өлкетанушы болу керек. Ол үшін рухани дамудың белгілі бір деңгейіне қол жеткізу қажет, сонда өлкетанумен айналысу адамгершілік қажеттілікке айналады. Туған өлкенің қоршаған табиғатында оқушылардың санасында табиғатты сүйюі, туған жерді қорғауы – Отанға деген патриоттық сүйіспеншілікті қалыптастырады. Өлкетану мектеп пен өмірді өзара байланыстырады [3].

Өлкетану – қызықты және тірі мектеп. Өлкетану жұмыстарымен айналысқан мұғалімнің өзіне де өте пайдалы. Олар өз білімдері мен педагогикалық шеберліктерін тереңдетуге, оны әрі қарай дамытуға, сабақ әдістемесін түрлендіруге мүмкіндік алып, экологиялық білім мен тәрбие беруде нақтылық пен сенімдікті енгізеді.

Өлкетану – бұл білімді жетілдірудің ең тиімді жолы.

Өлкетану – мұғалімнің басшылығымен оқушылардың туған өлкесінің (мектеп маңын, ауыл, аудан, қала, облыс, өлке, Қазақстан) табиғи, тарихи, әлеуметтік және экономикалық жағдайларын жан-жақты зерттеуі. Осы арқылы оқу мен тәрбиені өмірмен, қоршаған ортамен тығыз байланыста қарастыруға болады.

Өлкетанымдық мәдениеттің *объектісі* мен *қайнар көзі* – «Өлке» десек, оның *мазмұны* – байлықтары, тілі, дәстүрі, тарихи ескерткіштері, туған өлкедегі киелі орындар. Олардың адам көкірегіне жылулық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы. Олай болса, патриоттық тәрбиенің қазіргі кезде алатын орны ерекше.

Туған өлке табиғатын қорғау және оны тиімді пайдалану, оны ластану мен бүлінуден қорғау үшін адамзатты жауапкершілікке тәрбиелеу, табиғатпен қарым-қатынас жасаудың азаматтық негіздерін қалыптастыру – Отанға деген сүйіспеншілік сезіммен байланысты. Оның себебі, оқу-тәрбие үрдісіне енгізбейінше, оқушылардың патриоттық сезімін тәрбиелеу мүмкін емес. Өйткені патриоттық сезім өзі туып өскен, алғашқы қадам басып, өмірдің әліппесін таныған жеріне деген сезімдеріне байланысты болмақ. Патриоттық сезімді тәрбиелеу өз Отанынды терең танудан басталады. Туған жерінің нағыз азаматы болуы үшін ең алдымен өз өлкесін, оның табиғатын, байлығын, тарихы мен мәдениетін, өнерін біліп, зерттеу керек. Тек халықтың еңбек әрекетін, қаланың экономикалық өмірін ғана емес, сонымен қоса өлкенің орманды, таулы, далалы жерлерінде не болып жатқанын білу қажет.

Өлкетану мектеп пен өмірді байланыстырады. Өлкетанудың тағы бір жетістігі – мұғалімдер мен оқушылардың ізденіс, шығармашылық жұмыстарға тікелей қатысуы болып табылады. Сабақта өлкетану материалдарын пайдалану оқушылардың ерік-жігерін, тәрбиелеп, пәнге деген қызығушылығын арттыра түседі; берілген тапсырманы дұрыс орындап, жауапкершілікпен қарауға, алдына қойылған мақсаты жетудегі табандылық, тапқырлық, шыдамдылық, батырлық, ұқыптылық, байқағыштық сияқты мінездердің құнды сапаларына дағдыландырады.

Өлкетану негіздері дегеніміз – өз өлкеңді (ауыл, аудан, қала, облыс, республика) жан-жақты тану, оның қоғамдық өмірін, географиялық, экологиялық, экономикалық, демографиялық және табиғи, мәдени ресурстарын есепке алып зерттеу. *Мысалы:* Оқушыларды ең алдымен өзінің өмір сүріп жатқан өлкесімен, яғни туған ауылы, қаласы жайында таныстырып, жан-жақты мағлұмат берілу қажет [4, б. 91]. Қостанай (1878 жылдан 1905 жылға дейін Николаевск, 1997 жылдың 17 маусымына дейін Кустанай деп аталды). 1997 жылғы 17 маусымда Қазақстан Президентінің Жарлығымен Кустанай қаласының орыс тіліндегі атауы Қостанай қаласына өзгертілді. Қостанай тарихы өте маңызды. Өткен ғасырдың газеттері оның қарқынды өсуін американдық Чикагомен салыстырды, қала құрылысының жылдамдығы мен өрлеуі таңқаларлық.


Қостанай бұл атауды бірден алған жоқ. «Қостанай» сөзінің шығу тегі туралы аңыздар бар. Олардың бірі Қос-Таңай шатқалының атауын Қос пен Таңайдың Сұлу апасыңділері туралы естелікпен байланыстырады, екіншісі ғашықтардың сол аттарымен баяндайды [5].

Кез келген мектеп пәнін туған өлке, туған қаладағы белгілі адамдар, ғалымдар, жазушылар, өнеркәсіп, өнер, табиғат, деректі мысалдармен түсіндіруге болатынын білеміз. Себебі, оқытуда нақты фактілерді ұғынудан оқушы санасында белгілі түсінік қалыптасады, ойлау логикасы күшейеді, танымдық қызығушылығы артады. *Мысалы,*

өлкеміздегі белгілі ақын-жазушыларды, өнеркәсіптерді атап көрсетіп, деректі мысалдармен көрсетуге болады:



Сурет 1. М.Хакімжанова



Осы М.Хакімжанова туралы ақпараттан кейін, оқушыларға өзіндік ізденіс-зерттеу жұмыс тапсырмасын да беруге болады. Мысалы:

Тапсырма:


1. М.Хакімжанова атындағы орта мектептің тарихи құрылымын зерттеп, толық ақпарат жинақта.
2. М.Хакімжанованың өлеңдерін оқып, ішінен 2-3 өлеңін жатқа айтып бер.

Бұл тапсырма кіші мектеп жасындағы оқушылардың ізденіс-зерттеу қабілеттерін дамытып, өз өлкесін кеңінен танып-білуілеріне пайдасы зор.

Сол сияқты, А.Байтұрсынов (қазақ тіл білімінің атасы, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері), Кәмшат Байғазықызы Дөненбаева (ауыл шаруашылығын дамытуға үлес қосқан атақты механизатор, тың игеруші, еңбек ардагері, қоғам қайраткері), Бейімбет Майлин (жазушы, драматург, қазақ әдебиетінің негізін салушы), Көбеев Спандияр (ақын-жазушы), Қайырбеков Ғафу, т.б. белгілі ақын-жазушыларды атап көрсетуге болады.

Өлкетану қай кезде де мектептегі оқу-тәрбие үрдісінің бір бөлігі болып қала береді. Ол оқу материалын нақты фактілермен толықтыру арқылы оқу процесін қызықтыруға әсер етеді, теориялық білімнің түйсікті қабылдауына әсер етеді, мектепті өмірмен байланыстырады. Бүгінгі күн өлкетану негізінде экологиялық білім берудің орны жоғары дегенмен, өлкетану материалдарын оқу процесінде пайдалану әрбір мұғалімнің міндеті болып табылады.

Оқушыларға жол ережесі тәртібін үйретіп, жаяу жүргіншілердің қозғалысын реттейтін жол белгілерінің мәнін түсінуге мынадай «Мектепке апаратын жол» атты танымдық тапсырма беруге болады. *Мысалы:*



Сурет 2. Мектепке баратын жол

Тапсырма:

1. Сыныбымыздағы оқушылардың үйінен мектепке дейін нешеуі автобуспен, нешеуі машинамен, нешеуі жаяу келетінін анықтау үшін пиктограмма құрастыру. Ол үшін суреттердің ішінен өзіне тән автокөлікті таңдау, яғни қандай автокөлікпен келетініне байланысты таңдау.



2. «Менің бағытым»

1. Мектептен үйге дейінгі жолды есіңе түсір.
2. Сен қандай көшеде тұрасың?
3. Өзің жүретін жолды сипаттап бер, қанша бағдаршам және жол белгілері бар?
4. Мектепке баратын жолдың сызбасын сыз.

Осындай өлкетану жұмыстары оқушылардың қоршаған табиғи ортаны дұрыс қабылдауға, оның заңдылықтарын сақтауға, тікелей бақылау жасауға көмектеседі. Сонымен бірге оқушылардың терең білім алып, танымдық қызығушылығын арттырып, дүниеге дұрыс көзқарасын қалыптастырады [6, б. 20].

Қорыта келе, елінің нағыз азаматы болуы үшін ең алдымен өз өлкесін, оның табиғатын, байлығын, тарихы мен мәдениетін, өнерін біліп, зерттеп танысуы қажет. Туған өлкенің қоршаған табиғатында оқушылардың психологиялық, логикалық ойлау қабілетінің дамуына нақты ұғымдар мен түсініктердің қалыптасуына ықпалын тигізетін сарқылмайтын материалдары көп.

Әдебиеттер

1. Иванов П.В. Краеведическая работа учителя.-М: – Дарина, 2005. – 56 б.
2. Курманов М.К. Краеведическая работа учителя. Алматы. 2005ж. – 91 б.
3. Горбова М.А. Патриотическое воспитание средствами краеведения. М.: «Глобус», 2007. - С. 208, 211-2147
4. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
5. <http://tobyl-torgai.kz/2016/02/18/174>
6. Бескоровайный И.И. Школьное краеведение как средство повышения качества знаний и политехнической подготовки учащихся: Автореф. дис.канд.пед.наук. - М., 1961 – 20 с.

**БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ЕҢБЕК ТӘРБИЕСІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ
МҮМКІНДІКТЕРІ**

Р.Е.Момбекова

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистр
оқытушысы, Түркістан қ., Қазақстан.

Ұ.М.Бекмағанбетова

Түркістан жоғары көпсалалы, қолөнер колледжі, жатақхана тәрбиешісі

Түйін

Бұл мақалада қазіргі еліміздің халыққа білім беру жүйесінде еңбек тәрбиесінің рөлі мен алатын орны жан-жақты талданып, сарапталды. Келешек ұрпақ үшін еңбек тәрбиесінің мән-мағынасы, қажеттілігі айқын мысалдармен келтірілді. Еңбектің ең алдымен отбасында, мектепте, мектептен тыс мекемелерде жүзеге асырылудағы мақсаты ашылды. Сонымен қатар еңбек тәрбиесі мектепте оқу еңбегімен тығыз байланыста жүзеге асырылу алғышарттары айқындалды. Еңбек тәрбиесін халық педагогикасы құралдары арқылы жүзеге асыру жолдары барынша түсінікті ашылды. Жан-жақты дамыған, қоғам мүшесі тәрбиелеу міндетін жалпы білім беретін мектептерде жүргізілетін «Еңбекке баулу» пәнінде жүзеге асырудың мүмкіндігін бағдарлама мазмұнымен түсінділді. Бастауыш сыныптардағы «еңбекке баулу» пәні барысында еңбек тәрбиесін жүзеге асыру мүмкіндіктері жан-жақты қарастырылған. Мақалада 1-4 сыныптардағы еңбекке баулу пәнінде атқарылатын ұлттық тәрбиеге байланысты орындалатын бұйым түрлерімен, орындалатын тапсырмаларға, берілген сағаттарына жеке-жеке тоқталған. Өскелең ұрпақты еңбекке тәрбиелеу халық ауыз әдебиетінің өзекті мәселелері ретінде жан-жақты ашып көрсетілді.

Кілт сөздер: халық, еңбек, тәрбие, бұйым

Резюме

В этой статье обсуждается и оценивается сегодняшняя роль воспитания трудового обучения в начальных классах. В статье приводятся явные примеры о необходимости важности и смысла трудового обучения для будущего поколения. В последние годы приобрел актуальность еще один важный пласт народной мудрости в области трудового воспитания. Народная педагогика направлена на формирование у молодого поколения таких морально-духовных качеств как благородство, героизм, патриотизм, человечность, милосердие, мужество, гармония тела и духа. В данной статье обсуждается об исполняющихся задач и работ по трудовому обучению 1-4 классах. Данная статья полностью доказала важность трудового обучения в народной педагогике для растущего поколения.

Ключевые слова: народ, труд, воспитание, продукт

Resume

This article discusses and assesses the role of labor education nurturing in primary school today. The article provides clear examples of the necessary importance and meaning of labor education for the future generation. In recent years, another important layer of folk wisdom in the field of labor education has become relevant. Folk pedagogy is aimed at developing in the young generation such moral and spiritual qualities as nobility, heroism, patriotism, humanity, mercy, courage, harmony of body and spirit. This article discusses about performing tasks and

labor training jobs in grades 1-4. This article has fully proved the importance of labor education in folk pedagogy for the growing generation.

Key words: nation, labour, education, product

Болашақта цифрландыру заманы, роботтехникасын дамыту кезеңі келе жатыр. Қазіргі еңбек – оқу, іздену, нақты жобалар бойынша жұмыс істеу. Сондықтан жастарды сала-сала бойынша алдын ала бағыттаудың, еңбекке бейімдеудің маңызы өте зор. Осы орайда баланы ерте бастан еңбекке араластыру жөн секілді. Мектептегі мұғалімдер оқушыларды еңбек етуге баулығаны маңызды. Дүние жүзінде экономикасы ең дамыған алғашқы үштікке кіретін Жапонияда бастауыш сынып оқушыларынан бастап, бүкіл мектеп балалары өздері оқитын сыныптарын өздері жуып-жинап, таза ұстайды екен. Оларды еңбекқор етіп тәрбиелеу бұл елдің оқу орындарының басты тақырыбы болып табылады. Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жеті жыл бұрын жарық көрген «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласын «Әлемнің әміршісі – еңбек. Тек еңбекпен ғана жеміс өнбек, тек еңбек қана бар қиындықты жеңбек» деп бастаған еді[4]. Қоғамның қазіргі қажеттіліктерін арқау етіп, әрбір қазақстандықтың көкейіндегі ойын дөп басқан бұл бағдарламаның уақыт өткен сайын өзектілігі артып отыр. Қазақ халқы әрдайым болашақ ұрпақтың бірнеше кәсіпті игеріп, «жігітке жетпіс өнер де аздық етеді» деп, олардың әрқайсысы бірнеше кәсіпті меңгеретініне сенімді болды. Тарих біз үшін жас ұрпақты түрлі еңбек дағдыларымен қаруландырудың баға жетпес тәжірибесін сақтап қалды. Егер халықтың еңбек тәрбиесіне деген көзқарасын қазіргі заманғы тұжырыммен тұжырымдайтын болсақ, онда олар жалпыға бірдей еңбек тәрбиесін, адал, жүйелі және ақылға қонымды қоғамдық пайдалы еңбекті қалайды деп айтуға болады. Барлық халықтардың ең үздік салт-дәстүрлері еңбек аумағында орын алды. Қашанда ең үздікті алып жүруші, ең кереметті, ең ұлыны жасаушы еңбекші халық болды. Жаңа технология заманы көз алдымызда қарыштап дамып келеді. Елбасы 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында біз сондай ғаламат өзгерістерге дайын болуымыз керек деген еді. Біз соған әзірміз бе? Сол секілді 2030 жылдары 186 жаңа мамандық түрі пайда болады екен. Олардың атының өзі адамды ойлануға мәжбүр етеді. 3D-жобалаушы, IT-дәрігер, кибертехник, инженер-косможолшы, дирижабель жобалаушы, ситифермер сияқты болып, күрделеніп жалғаса береді. Бұған біздің балаларымыз мектеп қабырғасында дайындала ма? Жас ұрпақты айтылған салаларға бағыттап, даярлайтын мұғалімдер жеткілікті ме? Жоғары оқу орындарында жаңа мамандықтарға баулитын факультеттер ашылды ма, білікті оқытушылар бар ма? Осы мәселелер әлі де болса өзекті күйде қалып отыр. Он жыл деген көзді ашып-жұмғанша өте шығады. Сондықтан да жоғарыда айтылғандарды назарда ұстау керек.

Абай атамыз «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан» деген. Сол сияқты әр адам өзінің қалаған мамандығын таба білсе, еңбегі жанады, сол жолда бақытқа, құрметке бөленеді, еңбегінің жемісін жейді. Қазақ халқы педагогикасында еңбекшілердің тарихи дамуының түрлі кезеңдерінгі өмірлік, әлеуметтік тарихи тәжірибесі, олардың еңбек және жас ұрпақты еңбекке тәрбиелеу жөніндегі идеялары, ұғымдары, көзқарастары көрініс тапты. Қазіргі дамыған еліміздің халыққа білім беру жүйесінде еңбек тәрбиесі ең алдымен отбасында, мектепте, мектептен тыс мекемелерде жүзеге асырылады. Бала кішкене кезінен бастап отбасында еңбек түрлерін орындауға әрекет жасайды. Сонымен қатар еңбек тәрбиесі мектепте оқу еңбегімен тығыз байланыста жүзеге асырылады. Оқу еңбегінің барысында балада жауапкершілік, еңбек ету дағдысы қалыптасады. Адамның жан-жақты және үйлесімді дамуында еңбек шешуші факторлардың бірі. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай оқу процесінде өзіне-өзі қызмет ету, оқу құралдарын

дайындау, мектеп ауласындағы жұмыс түрлері, табиғатты қорғау, т.б. қоғамдық пайдалы жұмысқа қатынасуы олардың ой-өрісінің кеңеюіне, қабілеттіліктерінің, бейімділіктерінің дамуына барынша мүмкіндік жасайды[1]. Халық педагогикасында еңбек тәрбиесінің маңызы зор болғандықтан тәрбие жүйесінің күре тамыры деп қарастырады. Балаларды еңбек тәрбиесіне баулу бүкіл қоғамның ең негізгі міндеттерінің бірі болған. Халық еңбекті асыл мұрат деңгейінде қарады. Сол себептен де баланы ерте бастан еңбекке ертеден тәрбиелеу жанұяның қасиетті борышы. Өскелең ұрпақты еңбекке тәрбиелеу халық ауыз әдебиетінің өзекті мәселелері ретінде де қарастырылды. Халқымыз болашақ жастарды жалпы еңбекқорлыққа тәрбиелей отырып, "он саусағынан өнер тамған" нақты кәсіп иесі болуды көздеген. Бұл туралы да көптеген қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, жыр-шумақтар да жетерлік. «Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті», «Еңбек етсең емерсің», "Еңбекке үйренем десең, ерінбе, өнерге үйренем десең жиренбе", "Еңбек елдің көркі", - деп халық мақалдарынан да еңбектің маңыздылығын көреміз. Қай кезеңдерде қоғамның ең басты талаптарының бірі адамзатты қоғамдық байлықты еселей түсуге үлесін қосуы, адал еңбекке саналы қатынасу, қоғамның өмір салтының алғышарты болып табылады. Ол үшін әрбір адамды еңбекке лайықты тәрбиелеу керек, мектептегі еңбекке тәрбиелеу – тәрбиенің жалпы жүйесінің құрамды бөлігі. Мектепте оқушыларды еңбекке тәрбиелеудің басты міндеті– еңбекке сүйіспеншілік пен және еңбек адамдарына құрметпен қарауға баулу. Екіншіден, оқушыларды еңбекке тәрбиелеудің жалпы міндеттерін ұғындыру және алуан түрлі және жеке міндеттерді орындау, қазіргі қоғамдағы халық шаруашылығының әртүрлі салаларындағы атқарылатын еңбек түрлерімен таныстыру: балаларды еңбекке психологиялық және практикалық тұрғыдан даярлау, оқушылардың еңбек дағдыларын қалыптастыру, оқушылардың еңбекке ынтасы мен қабілетін дамыту[2]. Оқушыларды еңбекке психологиялық, практикалық тұрғыдан дайындау – бұл қоғам үшін оқушылардың пайдалы еңбекке даярлығын және талаптануын қалыптастырып тәрбиелеу және еңбекті өз бетімен, өз еркімен ынталанып орындай білуге үйрету. Ең бастысы балаларды еңбекке даярлауды 1-сыныптан, ал отбасында балалық шақтан бастау, оларды еңбек түрлеріне қатыстыра отырып еңбектің адамды қайратты және бақытты ететіндігіне сенімін күшейту, қалыптастыру. Еңбектің мәні, еңбектің рөлі, еңбексіз ешнәрсе өздігінен істелінбейтіндігі туралы халық мақал-мәтелдері арқылы әрбір сөз мағынасына ұғындыру. "Ердің атын еңбек шығарар", "Еңбегің қатты болса, татқаның тәтті болады", "Еңбек етте, міндет ет", "Еңбек еткен емеді, еңбексіз не өнеді", "Жалқауға жан жуымас, жалқауға мал құралмас", "Еңбексіз тапқан мал есепсіз кетеді", "Ексең егін, ішерсің тегін", "Еріншектің ертеңі бітпес", "Жалқау жыламсақ келеді", т.б. еңбек туралы мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер көнеден келе жатса, бұл айтылған мақал-мәтелдеріміздің кейбіреулері бүгінгі тіршілігімізге сай келмесе де еңбектің мәні жойылмағанын нықтап айтуымызға болады. Бұл міндеттерді жалпы білім беретін мектептерде жүргізілетін «Еңбекке баулу» пәнінде жүзеге асырудың мүмкіндігі зор. Бастауыш сыныптардағы еңбекке баулу пәні - оқушылардың еңбекке ынтасын, сабаққа ықыласын арттыруда, оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуда орасан зор негіз болып табылады. Қазіргі таңда заман талабына қарай бастауыш сынып мұғалімдеріне де балалардың эстетикалық талғамдарын қалыптастырумен қатар, экономикалық, дене, ақыл-ой, адамгершілік тәрбиелерін өзара сабақтастықта жүзеге асыру міндеттері жүктеледі. Бастауыш сыныптардағы өтілетін еңбекке баулу сабағында оқушылар еңбек етудің алғы шарттарын үйрену арқылы оқушыны жеке тұлға ретінде тәрбиелеу мақсаты көзделсе, одан ары қарай жоғары сыныптарда жалғасын табады. Халық педагогикасы арқылы балаларға ұлттық тәрбие беру, текті ұрпақ тәрбиелеу мәселелері шешімін табады. Аталған мәселе төңірегіндегі кері тәрбиеден аулақ болуы үшін халқымыздың салт-дәстүрлерінің, әдет-ғұрыптарының қоғамдық мәдени сатысындағы озық үлгілерін мектептің оқу-тәрбие ісіне кеңінен пайдалану жолын қарастыру, уақыт талабы деп білуіміз керек. Бүгінгі таңда қоғамның ұлттық тұрғыда кемелденуі жас ұрпақты халқының рухани қазынасымен тәрбиенің озық,

өнегелі дәстүрлерімен тереңірек таныстырып, соның негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, тұлғаның рухани мүмкіндіктерін дамытуға байланысты тәрбие мен білім беру, мұғалімнің кәсіби даярлығын қамтамасыз етуді міндеттейді. Осы тұрғыдан бастауыш сыныптарда еңбекке баулу пәнінің мазмұнын қарастыруды жөн көрдік.

Бастауыш сыныптарда «Еңбекке баулу» пәнінің оқу мазмұнында:

еңбекті жоспарлау және ұйымдастыру дағдыларының дамуы мен алғашқы технологиялық білімдердің қалыптастыруға;

- пәнаралық интеграция арқылы пәндік білімдерді қалыптастыруға;
- түрлі бұйымдарды модельдеу арқылы құрастырушылық білімдер мен дағдылардың негіздерін қалыптастыруға;
- көрсету, эксперимент жүргізу, бақылау арқылы зерттеу дағдыларын дамыту;
- сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарымен таныстыру арқылы рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға;
- көркем-эстетикалық талғамын, шығармашылық, кеңістіктік қиялын, өнердің визуалды және тактильді тілдері арқылы қоршаған әлемге өз көзқарасын білдіру қажеттілігін қалыптастыруға;
- оқушыларды қазіргі ауылшаруашылық және өнеркәсіптік өндірістің, көлік пен құрылыстың негіздерімен таныстыруға;
- оқушылардың визуалдық және эстетикалық қабылдауының, сын тұрғысынан ойлау қабілетінің дамуы үшін өнер жанрлары туралы білімдерін қолдануға;
- техникалық-технологиялық терминдерді пайдалану арқылы оқушылардың сөздік қорын кеңейтуге;
- танымдық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық және адамгершілік сипаттағы түрлі міндеттерді дербес шешу тәжірибесін қалыптастыруға;
- өзінің көркем жұмысын орындау үшін ақпарат түрлерімен жұмыс жасай алу (табу, іріктеу, жинақтау) біліктілігін дамытуға;
- табиғи және жасанды материалдармен түрлі практикалық жұмыстар жасау арқылы оқушылардың көз мөлшерін, қолдың ұсақ моторикасын дамытуға;
- бірлескен шығармашылық жұмысты орындау барысында ұжыммен және топпен жұмыс істеу арқылы коммуникативтік және тілдік дағдыларын меңгеруге бағытталған[3].

Яғни пәнді оқып үйрену арқылы оқушылар:

- табиғи, жасанды материалдардың қасиеттерін, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын, қасиеттердің үйлесімділігін, сондай-ақ бұйым дайындаудың түрлі техникалары мен технологияларын зерделейді және талдау;
- өз жұмысын дербес ұйымдастыруға тырысады: мақсатын анықтайды, жұмыс кезеңдерін айқындайды, қажетті материалдар мен құралдарды табады және тандайды, өз жұмысының нәтижесін бақылайды және бағалайды;
- шығармашылық зерттеу, эксперимент жүргізу барысында әр түрлі оқу ресурстарын, сонымен қатар АКТ құралдарын қолданады;
- шығармашылық жұмыстарды орындау үшін түрлі материалдар мен құралдарды дербес және сенімді қолданады, материалдың қасиеттері және олардың жұмыс нәтижесіндегі байланысын түсінеді;
- алған тәжірибесінің негізінде бұйымдарды дайындауда түрлі техникалар мен технологияларды дербес қолданады;
- өз идеясын түсіндіреді және дәлелдейді, сонымен қатар бұйымдарды жақсарту үшін конструктивті ұсыныстар жасайды;
- бұйымды жасауда тиімді және бірегей шешімдер табады;
- тұрмыстық іс-әрекет негіздерін зерделеп, киім, аяқ киім, жануарлар, өсімдіктерді күтудің қарапайым тәсілдерін көрсетеді;

- қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңызын түйсінеді және түсінеді, жеңіл жарақаттар алғанда алғашқы медициналық көмек көрсету, материалдар мен құралдарды мақсатқа сай қолдану дағдыларын көрсетеді.

Негізгі тұрмыс қызметі бөлімінде еңбекке тәрбиелеу мүмкіндіктерін төмендегіше көрсетуге болады:

Өсімдіктерді күтіп-баптау бөлімінде

- 1-сынып Бөлме өсімдіктерін күту барысында қарапайым іс-әрекеттерді жасау;
- 2-сынып Арнайы құралдарды пайдалана отырып, өсімдіктерді күту, жерді өңдеу барысында қарапайым іс-әрекеттерді жасау;
- 3-сынып Өсімдіктерді күтіп-баптау талаптарын есепке ала отырып, өсімдік өсіру тәсілдерін пайдалану;
- 4-сынып Жер өңдеу мен өсімдіктерді күтуге арналған арнайы құралдарды пайдалана отырып, өсімдік өсіру бойынша қарапайым эксперименттер жүргізу.

Жануарларды күтіп-баптау

- 1-сынып Үй жануарларының түрлеріне қарай күтіп-баптаудың негізгі ережелерін түсіндіру;
- 2- сынып Дәстүрлі емес материалдардан құстар мен жануарларға арналған жемсалғыштар жасау;

Киім мен аяқ киімді күту

- 1-сынып Киім мен аяқ киім күту бойынша негізгі іс-әрекеттерді көрсету;
- 2-сынып Киім мен аяқ киімді күтуге арналған арнайы заттарды пайдалану;
- 3-сынып Киім мен аяқ киім күтімінің негізгі түрлері мен тәсілдерін дербестікпен пайдалану;
- 4-сынып Киім мен аяқ киімге ұсақ жөндеу жүргізудің қарапайым тәсілдерін қолдану.

Тұрмыстық техниканы пайдалану ережелері

- 1-сынып Үйдегі тұрмыстық техниканы пайдалану ережелерін түсіндіру;
- 2-сынып Тұрмыстық электр техникасын қосып, өшіре алу;
- 3-сынып Тұрмыстық электр техникасын пайдалануда іс-әрекеттердің реттілігін түсіндіру;
- 4-сынып Үйдегі тұрмыстық техниканы пайдалану ережелерін құрастыру.

Отбасы жағдайындағы өзіне өзі қызмет ету және қызмет көрсету еңбегіне үйрету, мәселен ол мыналардан тұрады:

өзін күтуге тұрғын жайды таза және жылы ұстауға, өз киімдерін күтіп ұстай білуге дағдыландыру;

ас әзірлеу, нан және ұннан жасалатын өзге тағамдар пісіру, азық-түлік тағамдарын сақтай білуге үйрету;

киім жамау, тоқу, әшекейлеу, пішу, іс тіге білуге машықтандыру;

отбасындағы жасы кішілерді күту, оларды жұбату, тамақтандыру, ұйықтауға жатқызу, ойната алуға үйрету;

ауланы жинақы ұстау, қақпа, сарай, қора-қопсыны жөндеуге үйрету;

отын даярлау, оларды үйге жеткізу мен оларға аулада орын әзірлей білуге баулу[3];

еңбекке сүйіспеншілікке баулу, еңбек мәдениетіне тәрбиелеу.

Өзіне - өзі қызмет ету бөлімі мазмұнын айтатын болсақ:

1. Киімді күту, жөндеу (жамау)

2. Бөлмені, сыныпты тазалау.

Ауылшаруашылық еңбек мазмұнына:

1. Сыныпта атқарылатын жұмыстар.

2. Тәжірибе үлесімінде атқарылатын жұмыстар.

3. Тірі табиғат бұрышында атқарылатын жұмыстар.

4. Мектеп фермасында өткізілетін жұмыстар

Техникалық еңбек:

1. Қағаз және қатырма қағазбен жұмыс.
2. Құрастыру, техникалық үлгілеу.
3. Ағашпен жұмыс.
4. Металлмен жұмыс.

Көркем еңбек:

1. Ермексаз және сазбалшықпен жұмыс.
2. Матамен жұмыс.
3. Қолданбалы қолөнер.

Қазақ халқында ағаштан үй жасауды, жүннен жіп иіруді, иірілген жіптерден маталар тоқуды, жүннен текемет, киіздерді басуды, мал терілерінен былғары илеуді, ағаш, метал материалдарынан ыдыс-аяқтарды жасай білуді, кілем, алаша, басқұр тоқуды, ши тоқуды, ол бұйымдардың тұрмыста түрлі қажеттілікті өтей білуге ол бұйымдарды өз қолдарымен жасай біліп, өз балаларын аталған іс-әрекеттерге араластырып отырды. Мұндай іс-әрекеттерге қатысып отыруда ұл-балалары да, қыз-балаларыда ерте бастан ұлттық бұйымдарымыздың өмір сүруге қажеттілігін түсініп ұлттық тәрбие негіздері бірнеше ғасырлар өтсе де, қазақ қолөнерінің өзіндік құндылықтарын төмен түсірмей еліміздің әрбір өңірінде өзіндік ерекшеліктері мен ұзақ уақыт бойы сақталып, қоғам өзгерген сайын қайта жаңарып, өркендеп дамып отырды. Еліміздің бүгінгі және ертеңгі жас ұрпақтың бойына еңбек тәрбиесін ерте бастан қалыптастыру мен сіңіру басты міндетіміз болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Народная педагогика: педагогические воззрения народов Средней Азии и Казахстана. А. Э. Измайлов 1991ж.
2. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын - Павлодар: "ЭКО" ҒӨФ. 2006. – 482б.
3. Еңбекке баулу оқу бағдарламасы, 1-4 сыныптар. Алматы 2018.
4. www.egemen.kz.

ӘОЖ 37.01:39

ЭТНОМӘДЕНИ БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ДАМУ

Р.Б. Гайнуллина, оқытушы, магистр

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қаласы

Түйіндеме: Мақалада әрбір азаматтың білім алуға құқылығын негізге ала отырып, студенттердің бойына ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып, құрметтеуге тәрбиелеуде дидактикалық шарттар, яғни оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру үрдісін жан-жақты қамту қажеттілігі, олардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру үшін ұлттық мәдениет, салт-дәстүр, халық тағылымдарына назар аудару мәселесі қарастырылады.

Кілттік сөздер: ұлттық құндылықтар, ұлттық тәрбие, ұлттық мәдениет, этномәдени білім беру, ұлттық сана, ұлттық салт-дәстүр.

Резюме: В статье рассматриваются дидактические условия в воспитании у студентов уважения и формирования национальных ценностных качеств, исходя из права каждого гражданина на получение образования, т. е. необходимость всестороннего охвата процесса обучения, воспитания, развития, формирования, привлечения внимания к

национальной культуре, традициям, народным традициям для формирования у них национальных ценностей.

Ключевые слова: национальные ценности, национальное воспитание, национальная культура, этнокультурное образование, национальное сознание, национальные традиции и обычаи.

Resume: The article considers the issue of didactic conditions for the formation and respect of students' national value qualities, based on the right of every citizen to education, that is, the need for comprehensive coverage of the process of Education, Education, Development, formation, and attention to national culture, traditions, and folk traditions for the formation of national values in them.

Key words: national values, national education, national culture, ethno-cultural education, national consciousness, national traditions and customs.

Қазіргі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Қазақстан Республикасы Білім туралы Заңында жас ұрпаққа жан-жақты білім мен тәрбие берудің мемлекеттік саясатының негізгі ұстанымдарын былайша айқындап береді: Қазақстан Республикасының барлық азаматының білім алуға тең құқылығы, әрбір азаматтың интеллектуалдық дамуы, психо-физиологиялық және жеке басының ерекшеліктері, халық үшін білімнің барлық деңгейіне кең жол ашылуы [1]. Яғни, білім заңында әрбір азаматтың білім алуға құқылығын негізге ала отырып, студенттердің бойына ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып, құрметтеуге тәрбиелеуде дидактикалық шарттар, яғни оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру үрдісін жан-жақты қамту қажеттілігі туындайды. Студенттердің бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру үшін ұлттық мәдениет, салт-дәстүр, халық тағылымдары және басқа да мәселелерге баса назар аударғанымыз жөн [2].

Қазақ халқының мәдениеті – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениет. Ол ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде дамып, қалыптасты. Ұлттық тәрбие сол ұлттың мәдениетін дамытудың қозғаушы күші болып табылады. Әрбір халықтың тарихи тіршілігі мен рухани тәжірибесі бар. Халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі рухани тәжірибелері арқылы қалыптасқан тәрбиелік және дүниетанымдық көзқарастарын біз халық педагогикасы дейміз. Халық педагогикасы – халықтың мәдени мұрасы. Халық педагогикасы сол халықтың (ұлттық) этностық ерекшеліктеріне байланысты дамып, қалыптасады.

Бүгінгі жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екендігін түсінуіміз қажет.

Ал енді, ұлттық мәдени құндылықтар дегеніміз не? Ұлттық мәдени құндылықтар – белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар.

Ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз [3].

Адамдардың бойында қалыптасқан имандылық қадір-қасиеттер рухани құндылықтарға, ал адамдардың қолымен жасалған тұтыну заттары мен кәсібі материалдық құндылықтарға жатады.

Студенттердің бойында ұлттық мәдени тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет:

- белсенді қарым-қатынас: студент мен мұғалімнің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы;

- индивидутік: мұғалімнің әр жеке студент ерекшелігін дамытуы, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы;
- шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау.

Студенттерді ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде алдымен төмендегідей міндеттерді жүзеге асыруымыз қажет:

- өз халқы, оның мәдениеті мен дәстүрлерін мақтаныш тұтатын ел азаматын тәрбиелеу;
- жалпы адамзаттық негіздер мен құндылықтарды құрайтын саналы көзқарастары мен қағида ұстанымдарын тәрбиелеу;
- Қазақстан Республикасының азаматын тәрбиелеудің үлгісіне сәйкес этнопедагогика, этнопсихология, этномәдениет негізінде тәрбие үрдісін ұйымдастыру;
- студенттерді табысты іс-әрекетке бағыттау, олардың шығармашылығы мен білім құмарлығын дамыту, қолдау.

Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, қиын балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы.

Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағы. «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлттың тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» – деп, кезінде ғалым М. Жұмабаев айтып өткеніндей, ұлт тәрбиесін білім алушыға дұрыс деңгейде бере білсек, бүгінде белең алып жатқан жастар арасындағы келеңсіз оқиғалардан арылуға жол салған болар едік [4].

Ұлттық тәрбиелік білім жас ұрпақты әсемдікті игеруге, сұлулықты сезініп, қастерлей білуге, оны өз бойына дарыта білуге, яғни, эстетикалық тәрбие бере білуге, ең бастысы рухани даму сипатына жетелейді. Ұлттық тәрбиелік білім беру арқылы, жас өскелең ұрпақты халықтың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпымен таныстырып, адамның ішкі сезімін, жан дүниесін түсіне білуге бағыттауға ұмтыламыз. Халқымыздың сан ғасырлардан келе жатқан ұлттық мұрасын оқу-тәрбие ісімен сабақтастыра отырып тәрбиелеу, ұмыт қалған салт-дәстүр, ұлттық ерекшелігімізді насихаттап, олардың бойына ұлттық психологияны қалыптастыру – әрбір ұстаздың міндеті.

Біз сапалы білім, саналы тәрбие беруді ұлттық тәрбиеден қарастыруды тиімді деп есептеуіміз қажет. Өйткені, ұлттық тәрбиеде, әсіресе, ана тілі байлығының алар орны ерекше екені белгілі. Осыны ескере келе, студенттерге этномәдени білім беру барысында тек қана теориялық білім беріп қана қоймай, ұлттық үрдісімізден хабар бере отырып, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мәселесіне жете назар аударуға тырысуымыз керек.

Ұлттық қасиеттеріміздің ұрпақ бойында қалыптасуы қоғам игілігі үшін маңызды. Студенттерге ұлттық тәрбие беру кең көлемде жүргізілуі тиіс. Этнопедагогика – ұлттық тәрбие негізі деп білеміз. Ал ұлттық тәрбие ғаламдағы құндылықтарды бойына сіңіріп, өз құндылықтарын арттыра береді. Бірақ ол өндіріс және экономика сияқты «ғаламдастыруға» келмейді, өркениеттілік пен дамып, қалыптасады. Қазақ этнопедагогикасы - өркениеттілік қасиеттерді бойына сіңірген ғылым. Сондықтан студенттер ұлттық тәрбие құндылықтарымен сусындасын десек, қазақ этнопедагогикасы негізінде ұлттық тәрбие беруіміз керек. Ұлттық тәрбие құралдары болып: ұлттық тіл, ұлттық-әдеп ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, ауызекі халық шығармашылығы, ұлттық тарих, ұлттық сәндік-қолданбалы өнер, ұлттық ойындар және тағы басқалар саналады [5].

Қазіргі кезде жоғары оқу орындарында тәрбие беру мәселесіне жаңаша көқарас тұрғысынан қарауды және студенттердің патриоттық сана-сезімін, сапаларын, мінез-құлқын қалыптастыруды көздейтін тәрбиенің формалары мен әдістерін жетілдіруді талап етіп отыр. Бұл бүгінде байсалдылық, табандылық, батылдылық, батырлық, қайсарлық туралы білім ғана емес, өнегелік, тәрбиелік көрсету қажет болып отырған уақытта аса маңызды.

Балалар мен жастардың азаматтық патриоттық білім беру ұйымдарында азаматтық құқықтық, патриоттық тәрбие беруде мазмұны мен әдіс тәсілдер мен оқу тәрбие құрылымының өзара іс әрекеттестік негізінде деңгейін көтеру белгіленген.

Ондай әрекеттестікті біздің ұлы ойшылдарымыз ертеден-ақ ескеріп, өз ойларын қосқан. Осындай адамның еркін әрекеттесетін мінез-құлқын тәрбиелеуде Әл-Фараби: «Әдеттенудің арқасында бізді жақсы мінез - құлыққа жеткізетін әрекеттер жақсы әрекеттер болып табылады. Ол адамның жетілуі оның мінез-құлқының жетілуіне саймаса келеді» деген ойы арқылы қазіргі кезде тұлғаның жеке қасиетін, мінез-құлқын қалыптастыруда жақсы әрекеттер қалыптастыру керектігі туралы ой айтады.

Бұл Қазақстанның жоғарғы оқу орындарында студенттерге қазақ халқының этностық ерекшеліктерін, тарихы мен мәдениетін, сондай-ақ халықтың батыр ұлқыздарының ерлік істерін дәріптеу жастарға патриоттық тәрбие берудің және оны қазіргі жағдайда зерттеудің қажеттілігін арттыра түседі.

Жалпы Қазақстанда тұратын халықтардың қазақ халқының ұлттық тарихына деген қызығушылығын дамыту, ұлттық сана-сезімді қалыптастыру оның патриоттық сезімін тәрбиелеуде негізгі бағдар болады.

Ал қазақстандық патриотизм Қазақстан азаматының өзін осы елдің төл баласы, нағыз азаматы ретінде сезінгенде, Қазақстанды өзінің туған елі, Отаны деп есептеген жағдайда ғана қалыптасады.

Өз тарихын білу – ұлттық сана-сезімнің ажырамас бөлігі, ол этникалық тұтастықтың сақталуы мен оның келесі буындарда жалғасын табуда маңызды. Қазіргі ұрпақтың өз халқымен бірлігін сезінушілігі және өзін оның күллі тарихи жетістіктерінің тікелей мирасқоры мен нақты сақтаушысы әрі жалғастырушысы ретінде сезінуінің мәні зор болып табылады [6].

Яғни, Отанға деген сүйіспеншілік, патриотизм қашанда ұлттық сипатқа ие, өйткені, патриоттық сезім мен көзқарастар қашанда белгілі бір ұлтқа, ұлысқа жатады.

Сондықтан да, біз студенттердің бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруде, оларды халқымыздың ұлттық мәдениетін сақтауда, тәрбиенің қойған мақсатынан және одан туындайтын міндеттерге сүйене отырып этномәдени білім беруде азаматтық-патриоттық, құқықтық және полимәдениеттік тәрбие гуманизмге, қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүю және құрметтеуге, оның таңдаулы дәстүрлерін сақтауға және оны дамытуға, азаматтық ұстанымды және патриоттық сананы, қалыптасқан ұлттық өзіндік сананы, ұлт аралық мәдени қарым-қатынасты қалыптастыра білуіміз тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. Алматы, 2008.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». Астана, 2014 ж., 17 қаңтар.
3. Қ.Бөлеев «Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау». Алматы, 2004.
4. В.А.Сластенин, В.П.Каширин. «Психология и педагогика». -Москва, 2004.
5. М.Жұмабаев «Педагогика», Алматы – Ана тілі, 1992ж.

УДК37.013(075)

ДУХОВНО- ПРАВСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ ЧЕРЕЗ УРОКИ ЛИТЕРАТУРЫ.

Ш. Ш. Еримбетова,
преподаватель

Актюбинский колледж транспорта, коммуникаций и новых технологий,
г.Актобе

Түйіндеме

Кілттік сөздер:

Мақалада әдебиеттің өскелең ұрпақ тәрбиеудегі маңыздылығы, және де әдебиет – бұл адамгершіліктің, мейірімнің және оған алып баратын жолдарын іздеуді насихаттаушы екенін, ал мұғалімнің сабақтағы міндеті – классикалық әдебиеттің үздік шығармаларын оқу мәнерін дарыту мәселелері қарастырылған.

Resume

Key words:

This article examines the role of literature in bringing up of the growing generation, and also literature as human sermon, kindness and searching ways, which bring us to it and about teachers' aim in the lesson, to inoculate taste for reading the best works of classical literature.

Воспитательный потенциал гуманитарных дисциплин вообще и [русской литературы](#) в частности достаточно велик. Он позволяет сформировать мировоззренческую позицию обучающегося, понимание назначения человека и смысла его жизни в нормативно-ценностной форме. Изучая литературу, обучающиеся получают представление не только об обычаях и традициях, но и о нравственных и духовных качествах, присущих людям. Вместе с тем различные направления внеурочной работы по литературе, [внеклассная деятельность](#) помогают формированию нравственных качеств личности обучающегося, поскольку в этом случае его духовное развитие «подпитывается» важнейшими, необходимыми источниками: эмпирической деятельностью, искусством, наукой и отчасти религией. Итак, говоря о духовности человека мы имеем в виду прежде всего его нравственный строй, способность руководствоваться в своем поведении высшими ценностями социальной, общественной жизни, следствием идеалам истины, добра и красоты [2, с. 245].

Сегодня одной из ведущих проблем является проблема духовно-нравственного, эстетического и патриотического воспитания. Если наше общество сумеет достигнуть рыночной экономики, стать богатым, то никакое богатство не сможет заменить доброту, порядочность и честность. Наоборот все пороки людей могут обостриться. Нравственное воспитание подрастающего поколения – главная и первостепенная задача учителя литературы, главное место оно занимает и в педагогике Ушинского, где, по его мнению, должно быть неразрывно связано с умственным, трудовым и духовным воспитанием детей, с духовностью. Знания, образованность, как он утверждал, играют роль в развитии человека, если направлены одновременно на решение проблем нравственного его совершенствования. «Мы смело высказываем убеждения, – писал он, – что влияние нравственное составляет главную задачу воспитания, гораздо более важную, чем развитие ума вообще, наполнение головы познаниями...». [3, с. 409]

И решить ее помогают произведения литературы. В числе писателей поставивших в центр своего творчества нравственные проблемы личности можно назвать Ч. Айтматова, Б. Васильева, В. Астафьева, В. Распутина, Ю. Бондарева и многих других. Русская классическая литература, устремленная к великой гармонии и поискам смысла жизни, к разрешению вечных вопросов, дает использовать богатейший материал для формирования культуры личности.

Образование – длительный этап в жизни человека. В эти годы он не только обучается, но и формируется как личность вне школы – дома, с друзьями, в контактах с родной природой и малой родиной, осмысляя человеческую жизнь вообще. Самый верный компас личности в трудную пору ее становления – это извечные заповеди добра и совести, которые так щедро вобрала в себя русская литература.

Главная цель уроков литературы – обеспечить специальное развитие школьников, без которого никогда не произойдет настоящей встречи с искусством слова, не появится подлинный читатель, человек высокой духовности. Именно к русской литературе как сосредоточению гармонии и гуманизма обращаемся мы в поисках духовных ориентиров и ценностей, определяющих связи человека с миром.

Сегодня, когда одной из важных проблем нашего общества является возрождение духовности, когда мы возвращаемся к истокам нашим, у учителя есть богатые возможности для того, чтобы сделать уроки литературы уроками нравственности, добра и красоты. Уроки литературы должны стать поистине уроками «нравственного прозрения». Основой эстетического воспитания должно стать чтение русской классики, степень эмоционального воздействия которой на читателя безгранична, а нравственно-эстетический потенциал неисчерпаем. Русская литература всегда отличалась необыкновенной чуткостью к решению нравственных вопросов. Русская литература – это проповедь человечности, добра и поиски путей, ведущих к нему.

Психологической основой влияния положительного примера на воспитание детей является их подражательность. Раскрывая характер подражательной деятельности ребенка, французский психолог Анри Валлон писал: «Подражание – это вызывание действия внешней моделью». Я.А.Коменский, указывает на воспитательную роль подражательности, отмечал, что дети «учатся раньше подражать, чем познавать». Далее он указывал: «Я имею в виду при этом примеры как взятые из жизни, так и истории; и прежде всего - взятые из жизни, потому что они ближе и производят более сильное впечатление»[5,с.159] Он придавал огромное значение примерам поведения людей близкого окружения.

Нужно научить ребенка с детства уважать мнение живущих рядом людей, включить его в процесс нравственного самосовершенствования и духовного становления. Именно школа призвана решать многие из этих проблем, а главной задачей учителя является воспитание нравственного человека. Одним из путей воспитания нравственности в душе ребенка является литература, ведь ещё Сухомлинский в своих трудах отмечал, что слово «навсегда откладывает в детском сердце крупинки человечности». Ввести личность в мир ценностей, помочь в выборе ценностных ориентаций, собственной позиции и аксиологический подход, который ориентирован на развитие личности и через целостное восприятие учебного материала, его осмысление.

Ценности – это тот стержень, который образует лицо нации. Ценности – это тот компас, который предопределяет историческую судьбу нации. На ценностях вырастает и национальная культура. В каждой национальной культуре «есть ценностей незыблемая скала» (О. Мандельштам).

В наш информационный век чувства, переживания, отношения уходят на второй план. Главное сейчас информация, поэтому интересны детективы, фантастика, научная литература. А между тем, человеческий мозг устроен так, что лучше воспринимать информацию через художественные образы, нежели через научные выкладки. Ведь писатель не просто передает информацию: произведения классиков обладают огромной силой

воздействия на человеческую душу, способны вызвать те или иные чувства, заставляют думать о собственной жизни, иногда даже пересматривать свое мировоззрение. Ещё К.Д.Ушинский, один из лучших русских педагогов полагал, что учитель, прежде всего, должен быть воспитателем. «В преподавателе знание предмета далеко не составляет главного достоинства, главное достоинство преподавателя в том, чтобы он умел воспитывать своим предметом», - писал он. [1, с. 512]

Вряд ли кто будет сомневаться в том, настолько велика роль художественной литературы в духовно-нравственном воспитании молодежи, в формировании полноценной личности, ее идеалов, особенно сейчас, когда наше общество стало обществом потребителей, когда люди живут по принципу: «Бери от жизни все!» Читатели от не читателей отличаются своим интеллектуальным развитием. Они способны мыслить в категориях проблем, охватывать целое и устанавливать противоречивую связь явлений, более адекватно оценивать ситуацию. Быстрее находят правильное решение, имеют творческое воображение, лучше владеть речью. Они точнее формулируют мысль, свободнее пишут. Легче вступают в контакт и приятны в общении, более критичны и самостоятельны в суждениях и поведении. В старших классах большое значение приобретают и обобщенные идеалы. Поэтому важно использовать образы героев литературных произведений и кинофильмов. Поэтому чтение художественной литературы не отдых, а действенное средство воспитания и самовоспитания юношей и девушек. Важно помочь выбрать для внеклассного чтения такие книги, которые бы учили правильному поведению. Следовательно, чтение формирует качества наиболее развитого и социально ценного человека. Чтение рассматривается некоторыми социологами как надежный, чуткий и даже универсальный индикатор состояния общества. Очень важно после прочтения произведения беседовать с детьми, тем самым выявить отношение к прочитанному, предложить детям высказать своё мнение. Обоснование своего ответа заставляет учеников вдуматься в прочитанное, оценить поступок того или иного персонажа рассказа, а часто вспомнить и о своём личном опыте.

«Ничто, кроме литературы, - говорил П.М. Неменский, - не может передать опыт чувств многих человеческих жизней. Так, можно через литературное произведение пережить унижение раба или горечь одиночества старости, оставаясь при этом молодым человеком нашего времени».

Сила влияния художественной литературы на человеческое сознание подобна силе влияния реальности, и даже может перекрывать ее. Это происходит потому, что талантливый писатель способен передавать сюжет насыщенно, ведь каждому из нас знакомы такие ощущения: «невозможно оторваться от книги», «прочитал книгу на одном дыхании». Это говорит о том, что книга может завладеть сознанием человека. [4, с. 384]

Хорошо сказал о роли литературы известный писатель Юрий Бондарев: «Это великое переселение из мира внешнего в мир внутренний, что ей дано проводить всеобщую ревизию совести, порицать мировой порок безразличия друг к другу, жестокость, алчность, варварское соперничество с самой природой. Словом начинались ненависть, войны, вражда, национализм, разрушались стыдливость, чистота, мораль, целые культуры, но словом, увеличивались и любовь, и раскаяние, начинались великие революции, новые эпохи, прекрасные книги, благословенная тишина мира».

Воспитать, значит способствовать формированию сердечного человека с крепким характером. А для этого «пробудить душу» в нём как можно раньше, воспитывать чуткость ко всему святому, волю к духовному совершенствованию, радость любви и вкус к доброте и милосердию, отзывчивости и умению ни при каких обстоятельствах не оставаться равнодушным ко всему, что происходит рядом с нами, оставаться человеком.

При использовании в воспитательной работе литературных произведений, кинофильмов и театральных постановок следует опираться главным образом на положительные образцы поведения героев. Конечно, в книгах, в кино и в театре

школьники встречаются и с отрицательными примерами. Поэтому важно морально закалять их, делать невосприимчивыми к отрицательным примерам. А этого можно добиться не путем изоляции от отрицательных явлений, а путем участия в борьбе с отрицательными явлениями нашей жизни. Хорошо, когда школьники не только умеют отличать хорошее от плохого, но и выступают против плохого, не остаются в роли посторонних наблюдателей.

Положительные персонажи вызывают уважение, отрицательные заставляют воздержаться от ошибочных шагов и неверных поступков. Вспомним Андрея Болконского и Пьера Безухова, Татьяну Ларину и Ольгу, Наташу Ростову и Элен, Печорина и Грушницкого, Гринева и Швабрина. Этот ряд можно продолжать бесконечно.

На примере толстовских героев князя Андрея и Пьера Безухова мы учимся задумываться о смысле жизни.

Что толкнуло Родиона Раскольникова на преступление и каковы его последствия – предмет обсуждения на уроках, посвященных Ф. Достоевскому. Раскольников, словно ножницами, отрезал себя от людей: избегает близких – мать и сестру. А как страшны последствия преступления! «Я себя убил, а не старушонку». Только ли себя? Одно преступление рождает другое, третье...

Булгаковский роман «Мастер и Маргарита» заставляет задуматься о наказании за грехи, зло, отступление от добра, истины, Особенно ярко это показано на примере Понтия Пилата, обреченного на муки совести за трусость.

Детство формирует человека, закладывает нравственный фундамент, жизненные принципы. Верности учит Пушкин на примере Татьяны Лариной и Маши Троекуровой. В «Капитанской дочке» мы находим ответ на вопрос: «Как жить в ладу с самим собой. Жить по законам добра и милосердия».

Изучая «Грозу А. Островского» обсуждаем проблему суицида. Почему Катерина бросилась в Волгу и можно ли было ее спасти? Героиня оказалась в полном одиночестве: ее никто не поддержал: ни муж Тихон, ни Борис. А как важна проблема воспитания! Деспотизм в семье приводит к полному безволию Тихона и приспособленчеству Варвары. Приведенные примеры показывают, как велика роль художественной литературы в духовно-нравственном воспитании молодежи, в формировании идеала.

Задача учителя на уроках – сформировать у учащихся потребность размышлять над подобными вопросами, донести до сознания детей мысль, что русская литература может стать помощницей в осмыслении многих вопросов духовного порядка. Привить вкус к чтению лучших произведений классической литературы – это значит, и уберечь ребенка от многих и многих падений на его жизненном пути.

Литература всегда была гордостью народа, потому что для нашей национальной психологии характерно повышенное внимание к душе, совестливости, к яркому и меткому слову, которым можно убить и воскресить, втоптать в землю и вознести до небес. Литература в школьном изучении многофункциональна по своим целям и задачам по содержанию: в ней звучат голоса писателей, исторических эпох и литературных направлений. В художественных произведениях поднимаются вопросы этики, эстетики, политики. Но самое главное – проблема души и духа человека и целого народа.

Урок литературы должен стать одним из высших проявлений человеческого духа, источником бескорыстной радости постижения мира и самопознания. Цель литературного образования – интеллектуальное и эмоциональное обогащение личности, формирование взглядов и нравственных ориентиров. Главный предмет познания литературы – человек, его внутренний мир, его отношение к другим людям, к обществу и природе, к действительности вообще.

На уроках литературы учитель должен помочь ребятам посмотреть на современную жизнь со стороны глазами писателей, произвести переоценку ценностей, или наоборот, упрочить свои взгляды на современную жизнь. В любом случае, нравственные вопросы,

затронутые авторами, не оставят современных подростков равнодушными. На каждом занятии учитель должен вести работу по духовно-нравственному воспитанию, так как если от случая к случаю он будет вспоминать об этом и пытаться что-то изменить в мировоззрении обучающегося, ничего не получится. Это комплексная постоянная ежедневная работа. Нет ни одного произведения, при изучении которого учитель не найдет проблем духовно-нравственной категории, требующих объяснения, толкования. Мы должны вернуть сегодняшнего молодого человека к культуре, к классическому искусству, к мыслям о духовном, к стремлению обретения в себе духовного, болеть за нравственную чистоту своих студентов, воспитывать их в русле нашей национальной традиции. Мы формируем у наших детей:

- нравственные чувства (совесть, долг, веру, ответственность, гражданственность, патриотизм);

- нравственный облик (терпение, милосердие);

- нравственную позицию (способность к различению добра и зла, готовность преодолению жизненных испытаний).

И если после наших уроков обучающиеся станут хоть немного чище, добрее душой друг к другу и окружающим людям, если понятия долг, честь, ответственность, порядочность не останутся для многих фразой из книги, учитель может считать свою задачу выполненной, пусть и не полностью.

Пути использования примеров в процессе воспитания разнообразны. Это прежде всего подражание или воспроизведение образца поведения. Подражание может быть бессознательным или осознанным копированием поведения других людей. Один из способов использования положительных примеров – заимствование. Оно предполагает сознательное и выборочное воспроизведение качеств личности, приемов и способов ее деятельности, поведения. Иногда заимствуются даже манеры, походка, одежда. Заимствование и подражание во многом зависят от чувства уважения и симпатии к человеку, который служит примером, на которого желают быть похожи воспитанники. В ряде случаев следование примеру других людей проявляется в соревновании, в стремлении превзойти образец, которому подражают, в желании достигнуть больших результатов в труде, в повседневном поведении. Важно в процессе воспитания использовать и другие способы усвоения примеров поведения других людей. Так большое значение имеет организации совместной деятельности воспитанников с передовыми тружениками старшего поколения, создание общественного идеала, помогающего проектировать будущую деятельность. Все это помогает обогатить личный опыт труда и поведения, создает лучшие условия для самовоспитания.

Литература

1. Ушинский, К. Д. Собрание сочинений Т. 2 – Москва : Педагогика, 1989.
2. М.М. Дунаев «Православие и русская литература» Издательство: «Престиж», - М., 2003.
3. Донченко Л.М. На уроке и вне урока Сб.: Учебно-методическая серия «Духовные истоки воспитания». – М., 2001
4. Слободчиков, В. И. Основы психологической антропологии: психология человека учебное пособие для вузов, – Москва : Школа-Пресс, 1995.
5. Хрестоматия по истории зарубежной педагогики Сост. А.И. Пискунов. - М., 1971.

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ҰСТАЗ ӨНЕГЕСІМЕН ТӘРБИЕЛЕУ

Сұлтанова Ғ.Т.

Атырау инженерлік-гуманитарлық институты

КІЛТТІК СӨЗДЕР: педагог үлгісі, өнегесі, ұлттық рухани мәдениет, отбасы құндылықтары.
РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются проблемы духовного развития учащейся молодежи, их саморазвитие и самопознание на примере личностей, таких, как К.Ж.Кожаметова и Г.Н.Волков. Раскрытие механизмов этнопедагогики и духовного развития личности способствуют формированию духовного этнического сознания личности.

SUMMARY

In this article discusses the problems of spiritual development of students, their self-development and self-knowledge on the example of individuals, such as K.Zh.Kozhahmetova and G.N.Volkov. Disclosure mechanisms of ethnopedagogics and spiritual development of the personality contribute to the formation of the spiritual consciousness of ethnic identity.

Ел үміті жастарды мұғалімдік мамандыққа дайындауда қазіргі заман Педагогы қандай болу керек деген басты сауалға негізделетініміз, жауап іздейтініміз белгілі.

Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасын жүзеге асыру мақсатында Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлары біліктілігін арттыратын республикалық институттың тәрбие және тұлғаны әлеуметтендіру кафедрасы қызметкерлерінің қатысуымен Қазақстан Республикасы азаматына жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие берудің үлгісі әзірленіп, оны басшылыққа алып жүрміз. (Дорожкина Л.А., Тайтанова Н.Қ., Маханбетова А.Ә., Қалдарова Қ.И. Қазақстан Республикасы азаматына тәрбие берудің үлгісі. Алматы, 2010 жыл)

Үлгіде тәрбиенің дүниетанымдық негізін, идеологиясын, мақсатын, міндеттерін, мазмұнын, қағидаларын, тәрбие іс-әрекетіндегі негізгі әдістері мен түрлерін, тәрбие үдерісінің мониторингісін анықтайтын негізгі ой-пікірлер жиынтығы берілген, сонымен қатар, Қазақстан Республикасы азаматының және педагог-тәрбиешінің үлгілері бөліп көрсетілген. Сонымен, осы құжат негізіндегі Қазақстан Республикасының педагогының үлгісіне назар аударсақ, ол:

-өз халқы, оның дәстүрлері мен мәдениетін мақтаныш тұтатын Қазақстан Республикасының елжанды азаматы; жалпыадамзаттық негіздер мен құндылықтарды құрайтын саналы көзқарастар мен қағидаларды ұстанады; қазіргі білім саласындағы, педагогикадағы, әдістемедегі, философиядағы мақсаттық бағдардың мәнін түсінеді; ел азаматын тәрбиелеудің үлгісіне сәйкес этнопедагогика, этнопсихология, этномәдениет негізінде тәрбие үрдісін ұйымдастырады; әртүрлі технологияларды, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін жақсы біледі; білім берудің мақсаттары мен мазмұнына сәйкес оқушы тұлғасын дамытатын оқытудың және тәрбиелеудің тиімді әдістерін қолданады; оқушылардың іс-әрекетін белсенді ету және өмірге әлеуметтік жағынан бейімдеу мақсатымен олардың қызығушылықтарын дамытуда тәрбие әдістерін қолданады; тәрбие үдерісінде тәрбиелеудің белсенді түрлерін қолданудың жолдарын және

мәнін біледі; баланың психологиялық-физиологиялық, педагогикалық дамуының ерекшеліктерін біледі; білім берудің мәдени-шығармашылық қызметін түсінеді, қандай да болмасын жағдайларда педагогикалық әдептің ережелерін сақтайды, баланың арнамысына тимейді; білімдарлығы мен ой-өрісі кең; оқушыларды табысты іс-әрекетке бағыттайды, олардың шығармашылығы мен білімқұмарлығын дамытады және қолдау көрсетеді,-деп жинақталған.

Annotation: The article analyzes the features of the modern education system, the learning paradigm based on values and skills. The issue of teaching Kazakh literature on the basis of values is considered. The objectives of teaching Kazakh literature in the updated educational program are analyzed and steps for its implementation are proposed. The model of axiological analysis of texts and contexts, presented in the form of an excerpt from a work of fiction, is shown.

Key words: education system, values, skills, Kazakh literature, axiology, axiological analysis, universal and national values.

Қазіргі білім беру жүйесінде білім алушылардың бойындағы құндылықтар мен дағдылардың қалыптасуына ерекше мән беріледі. Олай болатын себебі: құндылықтар адам мен адамның, адам мен қоғамның, қоғам мен қоғамның үйлесімі пен интеграциялануына

тікелей әсер етеді, ал, дағдылар әрбір адамның өмірден өз жолын табуына, кәсіби дамуына негіз болады. Әрбір адам, әрбір ұлт, әрбір мемлекет үшін мәдени әлемінің мазмұнын құраушы құндылықтар болмаса, біз хаоста тіршілік етер едік. Ал, дағдылар бізді өз ісіміздің майталман маманы болуға жетелейді. Шәкәрім Құдайбердіұлы: «Сөзіңді түзе – әдетіңе айналады, әдетің – мінезіңе айналады, мінезің – сенің тағдырың» - деп жазады. Терең ой, тағылымды пікір! Бұл мысалды неге келтіріп отырмыз? Біріншіден, ойшыл айтып отырған «әдет» ұғымы өзінің мазмұндық, мағыналық ауқымы жағынан белгілі бір деңгейде «дағды» ұғымымен байланысады. Себебі, дағды да, әдет те үнемі қайталанып отыру сипатына ие. Екіншіден, өмірлік және кәсіби дағдылар адам туралы түсінік, пайым қалыптастырады. Соған қарап, сіздің кім екеніңізді байыптайды. Яғни, біздің құндылықтарымыз бен дағдыларымыз – қоғамдағы орнымыз бен мән-маңызымызды айқындайтын негізгі мәдени өлшемдер.

Қазақ тілінің сөздігінде «құндылық» ұғымына мынадай түсініктеме берілген: 1. қымбаттылық, бағалылық; 2. маңыздылық, мәнділік [1,423]. Демек, біз объективті шындықтағы ең мәнді игіліктерді құндылық деп тануымыз. Ал, олар, сөзсіз, біздің өмірлік мақсат-міндеттеріміз бен мұраттарымыздан, этникалық ерекшеліктерімізден және өзге де факторлардан келіп туындайды.

Ғылымда құндылықтар әлемін зерттеп, зерделейтін аксиология деген сала бар. Аксиология (гр. *axios* – құнды, *logos* – ілім) – құндылықтардың табиғаты, олардың әлеуметтік шындықта аталған орны және құндылық әлемінің құрылымы туралы философиялық ілім. Бүгінде аксиологиялық ізденістер мен зерттеулер саны көбеюде.

Ғалым Ю.Г.Вешнинский құндылықтарды бір жүйеге келтіре отырып, 13 типке бөледі:

1. мемлекеттік-саяси, әскери, азаматтық, құқықтық құндылықтар (күш, қауіпсіздік, заңдылық, әділеттілік, т.б.);
2. тарихи-мәдени құндылықтар (уақыт байланысын беретін барлық құндылықтар, мәдени тарихи естеліктер, салт-дәстүрлер, т.б.);
3. қарым-қатынас құндылықтары (қоғам мен ұжымда құндылықтардың таралуы);
4. экологиямен байланыстырылатын табиғи құндылықтар (таза ау, таза су, денсаулық, халықтың өмір сүру ұзақтығы, т.б.);
5. ғылыми-танымдық құндылықтар (білім, ғылым, біліктілік, білім беру жүйесі, т.б.);
6. жеке адам құндылықтары (адамның өзін қалыптастырудағы жеке құндылықтары);
7. діни құндылықтар (Құран, мешіт, иман, шіркеу, символ, т.б.);
8. әлеуметтік құндылықтар (халықтық, буржуаздық, интеллигенттік, париялық, т.б.);
9. эстетикалық-көркем құндылықтар;
10. аумақтық, жергілікті құндылықтар;
11. экономикалық құндылықтар (шаруашылық білімдер, заттық орта, байлық т.б.);
12. этикалық құндылықтар;
13. ұлттық құндылықтар (тіл, фольклор, салт-дәстүр, т.б.) [2,26].

Біз негізгі зерттеу нысанамызға сәйкес, осы аталған құндылықтардың қазақ әдебиетіндегі берілу сипатын, көріністерін талдаймыз. Бұл білім алушылардың қоғамның әлеуметтік-мәдени жүйесінде, кәсіби қауымдастықта өзіндік ұстанымдары мен қағидалары айқын, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасуына тікелей әсер етеді. Қазақ әдебиетін құндылықтарға негіздеп оқыту – білім алушыларды тек фактологиялық ақпараттар негізінде емес, шын мәнінде, аксиологиялық, эстетикалық, гуманистік қағидаларды басшылыққа ала отырып оқыту. Осы тұста айта кететін бір жайт: пәннің атауының өзі «қазақ әдебиеті» деп аталып тұрғандықтан, сөзсіз, пәндік білім мазмұнын құраушы материалдарда халқымыздың ұлттық құндылықтары ерекше мол көрініс тапқан. Олай болуы заңды да. Себебі, ұлттық құндылықтар – біздің елдімізді айқындап, әлемдік өркениеттегі орнымызды анықтайтын негізгі ерекшеліктер. Бұл ойымызды тарихшы

маман Қ.Әдиеттің мына сөзі дәлелдей түседі: «Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттері, моральдық нормалары, ұлттық құндылықтары бар. Ұлттық құндылықтар – қандай да бір этникалық қауым өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы» [3].

Қазақ әдебиеті пәнінің үлгілік оқу бағдарламасында [4], [5] құндылықтарға қатысты көптеген оқыту мақсаттары берілген. Бұл оқыту мақсаттары аксиологиялық білім беруге және сол арқылы білім алушы бойында өзіндік ұстанымдар мен қағидаларды қалыптастыруға бағытталады. Сөзіміз дәйекті болуы үшін төмендегі кестені ұсынамыз:

| | |
|----------|---|
| 5-сынып | <p>Оқыту мақсаттары:</p> <p>шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалау;</p> <p>шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.</p> |
| 6-сынып | <p>Оқыту мақсаттары:</p> <p>шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру;</p> <p>шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.</p> |
| 7-сынып | <p>Оқыту мақсаттары:</p> <p>кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру;</p> <p>шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.</p> |
| 8-сынып | <p>Оқыту мақсаттары:</p> <p>шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру;</p> <p>шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу.</p> |
| 10-сынып | <p>Оқыту мақсаттары:</p> <p>шығармадағы ұлттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашу;</p> <p>әлем және қазақ әдебиетіндегі құндылықтардың үндесуін талдап, өзіндік ой қорыту шығарманың идеясын жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.</p> |
| 11-сынып | <p>Оқыту мақсаты:</p> <p>шығармадағы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашу.</p> |

Аталған оқыту мақсаттарына жету үшін төменде біз келтіретін мысалдарды пайдаланудың маңызы зор.

Қазақ әдебиетін оқыту үдерісі көркем шығармаларды талдаумен тікелей байланысты. Біз сөз етіп отырған құндылықтар да бағдарлама бойынша берілген көркем шығармалар негізінде қарастырылады. Мұнда біздің басшылыққа алатынымыз – мәтінмен

және мәнмәтінмен жұмыс. Себебі, құндылықтарды анықтау, айқындау мәтін динамикасын терең түсіну мен мәнмәтінде берілген көркемдік детальдарға ой көзімен қарап, айрықша назар аударуды талап етеді.

Төменде қазақ әдебиетін құндылықтарға негіздеп оқытудың жүйесі берілген. Бірақ, бұл «аксиологиялық талдаудың толық үлгісі осы» деген сөз емес. Мұны біз бағыт-бағдар, жүйе ретінде ұсынып отырмыз. Мәтінмен, мәнмәтінмен жұмыс барысында білім алушылар көркем шығармадағы жағдаяттарды өзіндік «призмасымен» танып, бағалайды. Сондықтан, аксиологиялық талдау осындай факторлар негізінде өзгеріп, дамып, жетіліп отырады.

Қазақ әдебиетін құндылықтарға негіздеп оқытудың жүйесіне қатысты мысалдар (мысалдар 11-сыныптың оқулығы [6] негізінде беріліп отыр):

1-мысал: Осы жиынға қараған бетімен, екі жолдасынан озып кеп бұрын түскен Абайдың атын біреу алып кете берді. Бала көп ішінен, ең алдымен өзінің шешесін көріп, соған қарай жүре беріп еді, шешесі анадай жерде тұрып:

– Әй, шырағым, балам, әуелі ар жағыңда әкең тұр... Сәлем бер! – деді. Абай жалт қарап барып, жаңа көрді. Анадай жерде, қонақ үйдің сыртында, қасында екі-үш үлкен кісі бар – әкесі Құнанбай тұр екен. Ыңғайсыздықпен қысылып қалған бала шешесінің сондайлық салқын сабырының мәнін ұқты да, әкесіне қарай тез бұрылды (М.О.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы, «Қайтқанда» тарауы).

2-мысал: Баласы атқа қонып, жүруге ыңғайланып, тізесін қымтай бергенде Ұлжан өзінің үлкен ақ саусақтарын жирен аттың жалына салды. Бір нәрсе айтатын сияқты. Абай осыны аңғарып, анасының жүзіне қарағанда, Ұлжан бұған біраз көз салып тұрып:

– Балам, үлкендер бірде тату, бірде араз бола беретін. Бөжекеңді көрген жерде сәлемінді түзу бер. Бір кезде жақсы жақының еді. Кім тентек, кім мақұл? Қайдан білдің? Әкең дұшпан десе, сен әділ бол! Жамандыққа кім табылмайды дейсің, жанашырдан айрылма! – деді. Абай жүріп кетті. Артына бірнеше бұрылып қарағанда, аналары үйге кірмей, ұзақ қарап тұр екен. Шешесінің соңғы сөзі Абайдың құлағына әлі естіліп тұрған секілді (М.О.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы, «Жолда» тарауы).

3-мысал: Ұлжан әл үстінде жатқанда, Майбасар көңілін сұрап отырып, өрескел сөйлепті:

- Қалайсың, бізді тастап еріңнің артынан сапар шеккелі жатырсың-ау! Көпті көрдің ғой, айта кетсеңші, өлген деген қандай болады екен? – депті. сонда Ұлжан сәл езу тартып, ақырын ғана әзіл айтыпты:

- Пәруәйсіз қайным-ау! Көрсем – қартайғанша ой түспеген сені көрдім. Бұрын мен өліп көріппін бе? Өзің өлгенде көресің, несіне ынтықтың! — депті де, тіл-аузын қойыпты.

Өмір бойы ашық ойлы, білгір саналы болған асыл жан өлім сағатында да даналық қайратынан айырылмаған. Барлық ықтиярсыз, теңсіз тірлігіне өзінің адамгершілік таза биігінен қарап өте білген. Өлімнен де жасқанбай, бұқпай кеткен тәрізді. Кең сабырға толы момын жан өмір есігін ақырын ғана жауып жол кешкендей (М.О.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы, «Қарашығын» тарауы).

Аксиологиялық талдау: Қазақ әдебиетін оқыту үдерісінде, көркем шығарманы талдау барысында осындай фрагменттерге айрықша көңіл бөлу қажет. Бұл, біріншіден, текті ананың ұғымтал ұлына берген тәлімі мен тәрбиесінің тұнығы. Екіншіден, біз қадір тұтатын, қазақ әлемін танытатын құндылықтардың жарқын көрінісі (ата-ананы, үлкенді сыйлау; кекшіл болмай, көпшіл болу; ынтымақ, бірлік т.б.). Үшіншіден, қазақ кісілік келбеті. Мәселен, үшінші мысал – қазақ әйелінің ұлттық мінезін, психологиялық портретін танытатын көркемдік деталь. Осы көркемдік деталь арқылы даналық пен ділмарлық, кісілік пен кемелдік, байсалдылық пен байыптылық, сабырлылық пен салмақтылық сынды ұлттық мінезді қалыптастырушы қасиеттер жүйесі қазақ халқының аксиосферасының компоненттері ретінде көрініс тапқан. Әрі атаның ғана баласы болмай, адамның баласы болуға шақырған Абайға: «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, Және сүй

хақ жолы деп әділетті» - дегізген кемел ойдың кені, бастау бұлағы ана сөзінде, ана тәрбиесінің тереңдігінде жатқанын байқау қиын емес. Жалпы, классик жазушы М.Әуезовтің «Адамшылық негізі – әйел» деп түйін жасауының өзінде де терең мән бар.

4-мысал: Ел ішінде Алшынбайды «Алшеке» деп атайды екен. Өзі Қазыбек бидің ұрпағы. Атасы Тіленші де би болған. Осыдан екі жыл бұрын Алшынбайдың Ділдә деген немере қызын Абайға айттырысқаннан кейін Құнанбай екеуінің достығы құдалыққа ұласқан (М.О.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы, «Жолда» тарауы).

5-мысал: Қарқаралыға келгелі Алшынбай Құнанбайға бірнеше рет келіп, қонақ боп кеткен. Бүкіл бұл атыраптағы атқамінердің Алшынбай атын атауы басқаша көрінген. Оны Алшынбай деуші кісіні Абай әлі есіткен жоқ. Ылғи «Алшекең», осы өңірде аға сұлтан Құнанбай атымен тең аталатын, кейде тіпті жапа-жалғыз аталатын ат - соның аты (М.О.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы, «Жолда» тарауы).

Аксиологиялық талдау: Сыйластық – адами қарым-қатынастардың басты өлшемі, қазақ әдебіндегі ерекше рухани құндылық. Қазақы болмыс сыйластықты биік қойғандықтан «алдыңа келсе, атаңның құнын кеш», «сыйға – сый, сыраға – бал», «әркім – сыйлағанның құлы» сынды салмақты сөздерді ұрпақтан ұрпаққа өсиет еткен.

Сыйластықтың құндылығын саралай білген сезімтал ұлтымыз үшін ол екі шарттан құралды: бірі – сыйлай білу; екіншісі – сыйлы бола білу. Осы екі шарт негізінде қазақ қоғамындағы түрлі қарым-қатынастарды реттеудің ұлттық механизмі қалыптасты.

Қазақ халқының өміріндегі, тұрмыс-салтындағы сыйластықтың спектрі ауқымды. Ол қарапайым туысқандық қарым-қатынастардан бастап мемлекеттік маңызы бар ресми қарым-қатынастарға дейінгі деңгейлердің бәрін қамтиды.

Сыйластықтың құндылық ретіндегі мәні – әлеуметтік-қоғамдық қатынастарды мәмілегерлік қағидалармен реттеуі. Яғни, халықтың, ұлттың, әрбір адамның ырысты тірлігі үшін ынтымақты сақтау; өзара ниеттестік пен мүдделестік гармониясына әсер ету. Бұл отбасылық, қоғамдық, жалпы кез келген қарым-қатынас жүйесінде әрбір адамға өз шеғарасын білуді міндеттеді. Сондықтан, қазақ қоғамында әрбір адам өз сыйын жоғалтпау үшін өзінің орнын, жөнін білді. «Ата тұрып, ұл сөйлегеннен без, ана тұрып, қыз сөйлегеннен без» - соның ең қарапайым да жарқын дәлелі.

Жоғарыда келтірілген мысал қазақы сыйластықтың өзіне тән бояу-бедерін айғақтайды. «Нұреке, Асеке, Құнеке, Алшеке» т.б. атаулар — ұлттық ұғымдағы сыйластықтың интерпретациясы. Лингвистикалық тұрғыдан қарастырар болсақ, зат есімнің реңк мәнін тудырушы - ЕКЕ қосымшасының функционалды-семантикалық өрісінде «құрметтеу», «қадірлеу», «сыйлау», «өзімсіну», «еркелету» мағыналары бар. Бұл – сыйластықтың ұлттық үлгі-формасы, қазақ менталитетінің өзіндік ерекшелігі.

Ақпараттық дәуір адамдар арасындағы емен-жарқын, сырлы да сұлу сұхбаттастықты шектеп, коммуникацияның технологиялық түріне көшті. Бұл, біріншіден, сыйластықтың құндылық ретіндегі мәнін әлсіретсе, екіншіден, ұлттық коммуникацияның өзіне тән белгілерін өшіруде. Сондықтан, біздің мақсат – қазақ әдебиетін оқыту барысында құндылықтарға негізделген жүйені тұғыр ете отырып, осындай детальдарға теренірек талдау жүргізу.

6-мысал: – Ей, сол антұрғанның баласының сәлемін алушы ма ем?.. – деп Байсал Абайға қабағын түйе қарады. Абайдың екі беті ду етті. Оқыс жалын беті емес, ішін де шарпып өткендей. Кінәлап, ренжіген жазықсыз баланың отты көздері жарқ етіп, Байсалға қадала қарады. Бөжей Абай күйін жақсы таныған сияқты еді. Байыптап қарап алып:

- Балам, жөніңді айтшы, бізді көрсен, сәлем бер деп әкең айтып па еді, жоқ өздігіңмен істедің бе? – деді.

- Бөжіке, әкем емес, өзім беріп тұрған сәлемім сізге!.. Абай жауабын естіген соң, Бөжей ықыласпен қарай түсіп, жақындады да:

- Әкең айтпай, өзің білген болсаң, батамды берейін. Көзіңнен жақсы жанар көрдім ғой, шырағым!.. – деді (М.О.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы, «Жолда» тарауы).

7-мысал: Әбіштің өзі де Мағрипаға қарай түскен шақтарында бір қызарып, бір ағарады. Мағрипаның қасында отырған Дәрмен бір ауық:

- Күй жақсы ма? – деп сұраған еді. Мағрипа сыпайы бұрылып, қызара күлді де, нұрлы сұрғылт көздерін Дәрменге аударды. Жігіт ішінен: «Не деген ғажайып, сәулелі көздер!», - деп қалды. Тағы бір күйдің тұсында Әбіштен көзін алмай, ұзақ қарап қалған Мағрипаға Дәрмен дәл соның ойының үстінен түскендей болып: - Жігіт жақсы емес пе? – деп еді. Мағрипа үлкен ақ жүзін Дәрменге шұғыл бұрғанда, екі беті қатты ду етті. Қастары да сәл-сәл шығынып қалды. Ұялатын сөз тастағанын және бұл сөзіне ешуақытта жауап ала алмайтынын енді аңғарған Дәрмен кеудесіне қолын қойып, басын қайта-қайта иіп, кешірім сұрағандай белгі жасады (М.О.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы, «Өкініште» тарауы).

Аксиологиялық талдау: Ұлттық ұғымдағы сыпайылық, ең алдымен, ұяндықтан көрінеді. Бірақ, ескере кететін бір жайт: қазақ тәрбиесіндегі ұяндықтың түпнегізінде тұйықталу немесе ынжықтық емес, керісінше, ұят деген ұғымды сезіну мен ұғыну жатыр. Егер тәрбиені алдыңғы буынның кейінгі буынға табыстайтын тәжірибесі деп қарасак, олай болуының белгілі бір заңдылықтары бар.

Құндылықтар туралы ғылымда (аксиологияда) «бағалау» деген категория бар. Бағалау – адамның, ұлттың, халықтың материалдық және рухани дүние болмысын танып, қабылдауы мен қорытуын білдіретін философиялық категория. Бір жағынан, өмір құбылыстарына баға беру әдебиеттің де негізгі мақсаттарының құрамына кіреді (қараңыз: Рымғали Нұрғалидің «Сөз өнерінің эстетикасы» монографиясы, 2003 ж.). Дәл осы бағалау барысында қазақ халқы сыпайылықты құндылық ретінде қабылдап, оны адам тәрбиесінде пайдаланған.

Адам баласының қадірін арттыратын – қасиеттері. Ал, сыпайылық адам баласының қадірін арттырар қасиеттердің санатында. Қазақ тәрбие жүйесіндегі сыпайылық, біріншіден, көргенділік белгісі; екіншіден, адамның өзін және өзгені сыйлауының көрінісі. Кеңінен талдағанда, сыпайылық – адам баласының мінез сүйкімі ғана емес, ол – интеллект пен мәдениет деңгейін танытатын рухани өлшем. Сондықтан, қазақ арасында «сүйкімсіз», «қасиетсіз», «қадірсіз», «көргенсіз», «тексіз» атану адам болмысының құнсыздануын білдіреді. Аталған сөздер ұлттық тәрбие жүйесінде сыпайылыққа қарама-қарсы түрде қарастырылатын антипод ұғымдар. «Жаным – арымның садағасы» дейтін қазақ үшін бұдан артық ауыр сөздер жоқ.

Жаһандану дәуірінде субмәдениеттер көбейді. Әуелде игілікті мақсат көздеген «адамның тұлғалық дамуын шектемеу керек» деген педагогикалық позицияның өңі теріс айналып, мінез этикасы екінші орынға түсіп қалды. Популистік көзқарастар дарақылық пен көргенсіздіктің көбеюіне алып келді. Адами қарым-қатынастарда сыпайылық пен сыйластық сынды құндылықтар болмай, қоғамда қандай даму болуы мүмкін?! Міне, осындай күрделі кезеңде пән бойынша берілетін білімді ұлттық құндылықтарға негіздеу, білім алушыларды жоғарыда біз айтып өткен құндылықтармен тәрбиелеу — өте өзекті мәселе.

8-мысал (аксиологиялық талдаумен бірге): Кейде көркем шығармада кейіпкердің сөз саптауы мен іс-әрекеті арқылы бүтін бір ұлттың өзіндік мінезі танылады. Сол ұлттық мінезді тану арқылы оқырман кейіпкердің сөзі мен іс-әрекеттерінің негізгі қозғаушы күші саналатын құндылықтарды да анықтайды. Көлемді, эпикалық шығармаларда әдеби туынды авторы мұны жинақтау (типтендіру) үшін де пайдаланады.

Ұлттық мінез – әдеби шығармадағы кейіпкердің ұлттық сипатымен ерекшеленген мінез-бітімі, оның белгілі бір халықтың өкілі екендігін танытатын психологиялық және ойлау, сөйлеу өзгешелігі. Ұлттық мінез – тарихи категория. Ол қоғамдық, рухани, экономикалық және саяси жағдайларға сәйкес қалыптасады. Дүниені ұлттық түсінікпен қабылдау жолы – қай адамға болсын тән қасиет. Өнерде, әдебиетте адам бейнесінен бұл

қасиет толық көрініп отырады. Әр халықтың өз эпикалық туындыларын олардың талай замандар ұлт болып қалыптасуынан бөліп қарауға болмайды (Т.Бекниязов).

Кейіпкердің ұлттық келбетін сәтті ашу – жазушының суреткерлік шеберлігін танытатын маңызды атрибут. Ол үшін, Ғабит Мүсірепов сөзімен айтқанда, «ойға мырза, образға бай» болу қажет екені сөзсіз. Бұл тұрғыда белгілі жазушы Асқар Сүлейменовтің 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті суреттеген шоқтығы биік шығармасы «Бесатар» повесінен үзінді келтірмекпіз.

Шығармадағы Төреханның сөзіне назар аударайық:

- Жұқа шапқа бөгелек төнгенде құлын екеш құлын да қайрат қылмақ. Қыңқыл мен қыңсыл үшін оқып жүрсең өзің біл, менің, бірақ, басымды қатырма, айналайын. Алла жазған ырысым бар шығар. Біреуде артық, біреуде кем – ырзықсыз жан жоқ. Азды-көпті өмір кештік, татып, талмап келе жатқаным сол ырзық, ешкімнің садағасы емес, сенің ақылың емес, жүдә. Енді бүгін кеп саба түбі сарқынды жасым қалғанда, ақ патшаның ауыздығын қарш-қарш шайнаған күдері желке төресі дікектер екен деп құрақ ұшар жайым жоқ. Ұшпадым, ұша алмадым, уа сақалымды секеңдетіп ұша алмаймын, жүдә. Енді менің ауызымды қыздырма.

Үзіндідегі Төреханның көркем бейнесі, мінезі арқылы оқырман қауым НАМЫС ұғымының аксиологиялық сипатын бірінші аңғарады. «Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді», «Намысты нанға сатпа» дейтін қазақы қағидалардың құндылық ретінде көрінуі кейіпкер бейнесін қаһармандық деңгейге көтеріп тұр. Бұл, бір жағынан, «асқақтық» деген эстетикалық категориямен де тығыз байланысты.

Әдеби туындыдағы ұлттық мінез көрінісі – ғасырлық тәжірибе негізінде қалыптасқан мәдени кодтардың кейіпкер тұлғасы арқылы толық ашылуы. Мұндай мысалдарды талдау нысаны ретінде алу ұлттық мінезді құраушы құндылықтарды (аксиологиялық бірліктерді) тануға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде әдебиетті оқыту білім алушының бойына жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды сіңіруді басшылыққа алады. Яғни, аксиологиялық білім беру – көркем шығарманың негізгі идеясын, оның мән-маңызын түсіндіру мен айқындаудағы жетекші ұстаным. Көркем шығарманың өн бойында өріліп жататын құндылықтарды оқырман мәтін динамикасын терең сезініп, ой көзімен оқығанда аңғарып, таба алады.

Бүгінде Қазақстандық білім беру моделінің мақсат-міндеті – бәсекеге қабілетті тұлға даярлау. Ал, тұлға болмысын қалыптастыратын – құндылықтар. Сондықтан, мұндай көркемдік детальдарға назар аударып, аксиологиялық талдау жүргізу, біріншіден, ұлттық құндылықтарды тереңірек тануға жол ашып, білім алушы бойындағы тұлғалық қасиеттердің қалыптасуына әсер етеді. Екіншіден, құндылықтарға негізделген білім беру – эстетикалық тәрбие берудің нәр алар негізі, қайнар көзі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тілінің сөздігі / Жалпы ред. басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – 776 б.
2. Вешнинский Ю.Г. Аксиология культурного пространства-времени (в границах постсоветского культурного пространства) // Мир психологии. – 2005.– № 4. – С. 226.
3. Әдиет Қ. Ұлттық құндылықтар негізінде отаншылдыққа тәрбиелеу (09.06.2017 ж.). <https://e-history.kz/kz/news/show/456/>
4. Негізгі білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде).
5. Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.

6. Ақтанова А.С., Нұрлыбаева Ж.Н. Қазақ әдебиеті: 2-бөлім. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 11-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2020. – 224 б.

ӘОЖ 159.9 (076.5)

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫНА ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ӘСЕРІ.

Тоқсанова Г.М.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты

Орал қаласы.

Резюме: в статье рассказывается о влиянии общения в социальных сетях на самооценку подростков. Постоянная зависимость от телефона и компьютера при дистанционном обучении показала, что есть препятствия, вред и вред как для здоровья, так и для понимания, что негативно сказывается на воспитании. Молодые люди всесторонне заявляют об изоляции от общества, т. е. разрыве отношений с родственниками, неуверенности, траты времени и подверженности таким заболеваниям, как сколиоз, спина и нервная система. Конечно, в интернете есть много плюсов: постоянное средство коммуникации, доступность аудио и видео, возможность поиска и обмена информацией и многое другое.

Ключевые слова: Новые информационные технологии, обмен информацией, общение, поиск работы, образование, аудио и видео, телефон и компьютер, в настоящее время социальные сети "Вконтакте", "Мой Мир", международные "Facebook", "LinkedIn", "Одноклассники" и др.

Summary: The article describes the influence of social network communication on the self-esteem of teenagers. Constant usage and dependence on phone and computer during distance learning has shown that there are certain disadvantages as negative effect on health and comprehension as well as wellbeing. There are broadly reported cases when young people claim that they felt isolation from society, the loss of relations with relatives, uncertainty, waste of time and complaints about health such as scoliosis, back pain and nervous system breakdown. Of course, Internet has many advantages: a constant means of communication, an availability of audio and video communication, the ability to search and exchange information, and much more.

Keywords: New information technologies, information exchange, communication, job search, education, audio and video communication, phone and computer, current social networks "Vkontakte", "My World", as well as international networks such as "Facebook", "LinkedIn", "Odnoklassniki", etc.

Қазіргі қоғам - жаңа ақпараттық технологиялардың қоғамы және ХХІ ғасырдың бұл ағымы - қоғам дамуының жаңа дәрежесіне жеткізді. Ақпарат алмасу, қарым-қатынас орнату, жұмыс іздеу, білім алу мүмкіндігі және тағы басқа іс-әрекеттер шынайы әлемге қарағанда виртуалды әлемде жүзеге асатын болды. Интернет жастардың ең сенімді құралдардың біріне айналды. Қазірдің өзінде әлем халқының 57 пайызы бетпе-бет тілдесуден гөрі, интернет арқылы, дәлірек айтқанда, әлеуметтік желі арқылы «әңгімелеседі».

Таң атқаны сол еді оятқыштың дауысы шырылдап, оқушыны ұйқысынан оятты. Оқушы болса лезде телефонын қосты дағы, белгілі бір қосымшалар арқылы сабағына кірді. Бір сағат ерте оянып, таранып-сыланудың қажеті жоқ. Тек қана бір ссылқаны басса болғаны, әп-сәтте сабаққа топ ете түсесің. Ал, кейбір оқушылар болса сол сабаққа кіріп, сабақ оқудың орнына ұйқы оқуын оқып, сол кірген сабағында сағаттап отырғандай кейіп танытып, пассивті түрде қатысатыныда бар. Бұл бүгінгі карантиндік онлайн оқудың күйі. Қазіргі жағдайға байланысты оқушылардың онлайн оқып жатқаны белгілі. Әрине, қашықтан оқудың жағымды және жағымсыз жақтары бәрімізге белгілі. Ақпараттық технологияның дамыған заманында жан-жақты сауатты болғаны дұрыс. Ол жағынан оқушылар тез үйреніп, бәрін де игеріп алады. Алайда сыныпта бетпе-бет отырып, сабақтағы талқылау жұмыстарына жетпейді. Қашықтан да топтық жұмыстар жүруде. Баланың қызығушылығын арттыру мақсатындағы әртүрлі бағдарламамен әдіс - тәсілдер арқылы күнделікті тақырыпты меңгертуге тырысады. Тек телефон мен компьютерге үнемі тәуелді болу денсаулыққа да , кеңірек танып, түсінуге де кедергісі, зияны бар.

Жақсы оқитын оқушы болса, онлайн оқуда да жақсы оқиды. Ал, оқымайтын оқушы тіпті сол ссылқаны басып, сабаққа кіруге де киналады. Бірақ, жақсы оқитын оқушылардың өзі онлайн оқудан жалығады емес пе? Көк экранның бетіне күндіз-түні телміруден кім шаршамайды? Оқушылардың сабақтан демалғаны-әлеуметтік желілер ақтару. Ол да сол бір көк экранда уақыт өткізу. Онлайн оқу онсыз да уақытының көп бөлігін интернетте өткізетін оқушылардың көк экранға байлап қойғандай. Онлайн оқу деп интернетсіз оқушылардың бір күнін елестету мүмкін емес боп қалды.

Дегенмен де мектептің жөні бөлек. Онлайн оқу арқылы оқушылар кабинет атмосферасының бағасын біліп қалғандай. Бірге оқитын сыныптастарымен өткізген әр тәтті естеліктің бақыт екенін түсінгендей. БЖБ, ТЖБ дайындалып отырған оқушыларға лық толы кітапхананы аңсағандай. Мұғалімдерінің еркелетіп, кейде сабақ оқымайсың деп жекіген дауыстарында сағынған оқушылардың бір мезетте есейіп қалғандай ма дейсін?!

Ал, сіз интернетте ұзақ отырғанды жақсы көресіз бе? Таңертең тұра салысымен ноутбүгіңізді қосып поштаңызды тексеремісіз? Бұл сұраққа көптеген жасөспірімдер ойланбастан "ия" деп жауап береді. Себебі, жасөспірімдер әлеуметтік өмір жаңалықтары ғаламтор арқылы жүзеге асады. Күн сайын жастардың жүзбе-жүз сөйлесуі азайып, әлеуметтік жүйе қолданысы, керісінше, артып келеді. Ғаламтор жүйесінің дамуына 10 жыл ғана болса да, қазірдің өзінде ғаламтор қолданбайтын жастарды табу қиын.

Қазіргі кезде әлеуметтік желілер "Вконтакте", "Мой Мир", халықаралық "Facebook", "LinkedIn" және тағы басқалар кең таралған. Статистика бойынша, Қазақстандық интернет қолданушылардың 62,4% "Вконтакте" желісінде, 25,9% "Мой Мир" желісінде, ал 22,7% "Одноклассники" желісінде отырады. Бұл ақпарат жастардың әлеуметтік желіде қаншалықты және қайда отыратынын көрсетеді.

Көптеген жастардың ата-аналары бұл үрдістің әсерінен қауіптеніп отыр. Себебі, көбінесе 10-18 жастағы жасөспірімдер мұндай әсерге тап болады. Ал бұл жасөспірімдердің негізгі әлеуметтендіру, оның психика мен дүниетанымын қалыптастыру кезеңі болып табылады. Статистикаға жүгінсек, жастардың 49,2% әлеуметтік желіні күнделікті, 19,7% аптасына бір рет және 9,1% айына бір рет тексереді. Бұл деректер ата-аналарды мазалап қана қоймай, психолог дәрігерлердің, мұғалімдердің де ойын қауіптендіреді. Себеі, бұл жастардың қоғамдық, психологиялық дамуына әсер етеді. Сонымен қатар, ғаламтор адамның физикалық денсаулығына ықпал береді. Мысалы, 15 жасар жасөспірім күніне 4 сағат экран алдында отырса, физикалық күшке тек шамамен 1 сағат қана уақыт бөлінеді.

Әлеуметтік желі бос уақыттың көп бөлігін алатынына көз жеткіздік. Әлеуметтік желі көзбе-көз қарым-қатынасты ығыстырып қана қоймай, әуестікті де алмастырды. Әрине, ғаламтордың жақсы жақтары өте көп: үнемді байланыс құралы, аудио және видеоның қол жетімділігі, ақпарат іздеу және алмасу мүмкіндігі және тағы басқа жақсы

артықшылықтары бар. Бірақ, ол жастарды қоғамнан оқшауландырады, яғни туыстармен қарым-қатынас үзіледі, сенімсіздік пайда болады, алтын уақытын текке жұмсайды және сколиоз, арқа және нерв жүйесі сияқты ауруларға шалдығады.

Әлеуметтік желіге тәуелділік белгілерін қарастырайық:

- себепсіз поштаны қайта-қайта тексеру;
- ғаламторға қажетсіз кіре беру;
- жақын адамдардың компьютер алдында көп отырасын деген айыптаулары;
- уақыт өлшемінің жоғалтуы;
- желідегі қарым-қатынастың басымдылығы;
- міндеттерді ой елегіне алмау; кездесулерді, тамақ ішу уақытын, күнделікті режимнің бұзылуы;
- тәуелділіктің барын жоққа шығаруы;
- ашушаңдық көрсету, көңіл-күйдің болмауы, шаршау белгілерінің болуы

Егер, бұл белгілер сізге сай болса, онда сізде тәуелділіктің болғаны.

Енді, бұл тәуелділіктен қалай айырылуға болады деген сұрақ туындайды. Алдымен, салауатты өмір салтына, жүзбе-жүз қарым-қатынасқа деген махаббатты ояту керек, яғни шынайы өмірге қайтып келу деген мағынаны береді.

Жасөспірімдік шақ түрлі қабілеттер дамуының сензитивті кезеңі болып табылады. Бұл кезеңде барлық мүмкіндіктерді практикалық қолдану жекелік ерекшеліктерге әсерін тигізеді. Кішкентай балалардың өзіндік санасы мен өзіндік бағалауы, әдетте, ата аналарынан және басқа да беделді үлкендерден алған бағаны қайталайды. Бірақ, бала неғұрлым есейген сайын оның мінез-құлқы бағалардан гөрі өзіндік бағалауға соғұрлым бағдар алады. Алайда, өз қасиеттерін әсіресе, батылдық, ерлік немесе принципшілдік секілді күрделі құлықтық –психологиялық қасиеттерді ұғынудың өзінде-ақ эмоциялық бағалау мен әлеуметтік салыстыру сәттері қамтылады. Жасөспірім шақтағылар да жеткіншектер секілді өзінің қандай екенін, қаншалық құнды, қабілетті екенін барынша білгісі келеді. Өзіндік бағалаудың екі тәсілі бар: 1. Олар өзі туралы алдын –ала көзделген мақсатын қаншалықты жүзеге асырғанымен салыстырып, теңестіреді.

Егер өзінің бұл туралы ойлағаны мен өзгелердің соған қойған бағасы дәл келсе, осы жетістікке жеткеннің белгісі деп санайды. 2. Өзгелердің өзі жөніндегі пікірін жинап, соларды өзара салыстыру арқылы жетіспейтін жақтарын білу. Мұндай жағдайда өзі мен үлкендер берген баға сәйкес келмеуі мүмкін [2]. Әрбір адамда «Мен» деген біреу болғанымен, осылардың тиісті жағдайларға байланысты неше түрлері кездеседі: 1. «Мен шынында кіммін?» (шындықты көздейтін мен); 2. «Мен»-өзімді өзгелер қалай бағаласын деп ойлар едім? (эмпатикалық мен); 3. «Мен»-тілегім бойынша қандай болғым келеді? (тілек, яғни фантастикалық мен); 4. «Мен» келешекте кім болғым келеді? (болашақ мен). Сонымен, өзіндік бағалауда жасөспірімдік шақта тіпті, тұлға өзіне сындарлы көзқараспен қарап, өз мүмкіндігін өмір талабына сәйкес бағдарлай білуі, өз мақсатын нақтылау, ойын түйіндеу қабілеттілігіне ие болады.

Өзіндік бағалау адамның өзіне деген сенімін арттырып, рухани үйлесімдігін дамытады. Осы шақта практикалық және танымдық іс-әрекеттің субъектісі, тұлға ретінде ұғынуы және бағалауы яғни, өзіндік сана- сезімі қалыптасады. Жасөспірімдік шақ ақыл-ойына келсек, мұның өзі жеткіншек жасына қарағанда сапа жағынан да, көлем жағынан да біршама қалыптасып қалған. Қалыптасуда мынадай екі тетік бар: 1-ден, бұлар өзі қоршаған әлеумет ортасынан соның ішінде жеке адамдар арасында кездесетін неше түрлі қатынастың мәнісіне түсініп, әр нәрсенің себебіне және одан шығатын нәтиженің мәнісіне түсініп, әр нәрсенің дүниеде себепсіз нәтиже болмайтынын ұғына бастайды.; 2-ден, егер жеткіншек жасында ересек уақытының көбін мұң, фантазия сияқты нәтижесіз объектілерге жіберетін болса, енді сол фантазиядан нәтиже шықпайтынын біліп, күші мен жігерін шындық нәрсені меңгеруге жұмсайды. Осының өзі ақыл-ойдың дамуындағы үлкен жетістіктің бірі [3].

Балаң жастық шақта рефлексивтік процестер шындықты дұрыс қабылдау негізінде қалыптасады. С.Л. Рубинштейн рефлексия деп күтпеген кедергіні жеңуге байланысты адамның ойын айтып отыр [4]. Болған оқиғаға орай, сол оқиғаның себебін білуге тырысу рефлексияның өзінше бір түрі. Қазіргі кезде оқушылардың оқу тапсырмасын қалай орындағанына сын көзімен қарап, соның қалай орындалғанын ересектердің үнемі тексеріп отыруына ылғи да мән беріледі және осының өзі тапсырманы ойдағыдай орындаудың шарты болып есептелінеді. Осындай талаптың нәтижесінде оқу үстінде ересектің рефлексивтік қабілеті дамиды. Жасөспірім жасындағыларды тиісті әдебиеттерде «Қиын», «өзгерілу», «ауысу жастары» деп атайды. Соңғы жағдайда «ауысу жасында» жеткіншек балалық кезеңдерден ересек жасына ауысады. Жасөспірім өзге жастарға қарағанда педагогтар мен тиісті әдебиеттерге көп әңгіме болып, жиі көтеріледі. Себебі бұл кезеңде оның психикалық даму ерекшелігі жас баламен ересектерге қарағанда әлде қайда өзгеше болады. Бұл кезеңге тән тағы бір ерекшелік жасөспірім барлық нәрсені өз бетімен орындап, үлкен адамдардың қамқорлығымен ақыл кеңесінен құтылғысы келеді.

Жасөспірімнің ересектен айырмашылығы тек үлкен адамдармен қатынасының өзгеше келетініндей емес, сонымен қатар биологиялық дамуы (жыныс т.б жетілуі) жағынан кеңінен өріс алатынында. Ал жалпы алғанда жасөспірім тың өзгеше сипатта келеді. Мысалы, жеткіншек төменгі кластарда оқып жүргенде үйге берілген тапсырманы тек жаттап алатын болса, жеткіншек жасында үй тапсырмасын өз сөзімен түсінікті етіп айтуға талпынады. Кейбір жасөспірім жастағылар осы кезеңде бұрынғы қалыпынан үлкен адамдармен қарым-қатынаста болғанда мейірімді, сыпайы келсе енді өрескел түрде, яғни тәртіп бұзуға икем келеді. Осы мәселені анықтаудан зерттеушілер арасында талас бар. Дегенмен психиканың бұл ерекшелігі жасөспірімде әлеумет өмірінің өзінің ерекшелігінен болар. Жасөспірім бәрін өзім істей алам, «Сендер мені әлі бала деп ойлайсындар» деп наразылық білдірседе оның қолынан әлі де көп нәрселер келе бермейді. Ересектерге ұқсап іске ұмтылғанымен, сол істі орындаудағы мүмкіншілігі кіші мектеп жасындағылардай басқаша айтқанда, бір жеткіншек істі игеру жағынан бала да, ал талап қою жағынан ересек. Жасөспірім осы сияқты қасиеті қазірде және өткен дәуірлердің жасөспірімдерінде де бірдей тән.

Мұнымен қатар бүгінгі заман жасөспірімдері үлкен адамдардың талабына көне кетпейді. Себебі, біріншіден қазіргі кезде оқушылардың көпшілігінің соның ішінде жасөспірім жасындағылардың көбінесе оқудан айналысатын басқа тапсырмасы жоқ. Біз ілгеріде өткен дәуірлерде бала кіші жасынан материалдық игіліктерді өндіруге (мал бағуға, от не пішен шабуға) жегілетінін ескердік. Қазір де бұл сияқты міндеттердің көпшілігі үй –ішінде кездесіп жарымайды. Керісінше ата-аналар жасөспірім оқу тапсырмасын орындай алмайды деп, үй шаруасынан босатады. Ал жасөспірім бала кезінен ересек кезеңіне ауысуы психологиялық тұрғыдан жаңа сапа, бірақ осыдан ауысудың себебі сол болып келген психикалық дамудың салдарыан: егер үлкендер жасөспірімді бала деп еесптесе, керісінше олар өзін есейдік деп санайды. Бұл екі арадағы дәл келмеушілік қайткенде де жеткіншектің дамуына әсер ете алады. Жасөспірімнің өз беттілік қасиетке ұмтылып, үлкендердің қамқорлығына босануға тырысуы баланың бәрінде кездесетін болғаны мен бір қатары күні-түні фантастикалық әдебиеттерді оқып, солардың кейіпкерлеріне еліктейді. Сабақтан тыс мезгілде жасөспірім радиотехника электротехникамен танысып едәуір білім алады. Мұнымен қатар бұл жастағылар бойынан әлі де балалық кездесіп тұрады. (мысалы: ұлдар қыздардың шашын тартып мазалауы т.б) бірақ сол жеткіншек таныс емес үлкен адамдардың алдында өзін мәдениетті түрде ұстауға тырысады. Әдетте жеткіншектерді тәрбиеге көнбейтін қиын жас деп сипаттайды.

Солай деп бағалайтыны біріншіден бұрынғы кездегі психикасы мінез-құлқы өзгеріп, соның негізінде жаңа қасиеттер пайда болатыныннан. Кейде мұндай өзгеріс аз уақыттың ішінде болуы мүмкін. (бірақ өзгеріске ұшырау жасөспірімде бір уақытта кездеспейді). Екіншіден осындай психиканың жаңа саласының пайда болуынан бала

қиналысқа ұшырайды уайым шегеді, оның тәрбиеге көнуіне бөгет жасайды. Мұндай өзгерістерді психологтар түрліше дәлелдейді. Осы ғасырдың бас кезінде психолог З.Фрейд жасөспірім үлкендердің қамқорлығына көнбейтінін «өзім бәрін орындаймын дейтінін жыныс қасиетінің салдарынан болатын санасысыз әуесқойлық» деп түсіндірді [5].

Бұл пікірге көптеген психологтар қарсы. Жасөспірімдердің тәрбиеге көнгісі келмеуі түпкілікті емес, уақытша кездесетін уақыттың бірі. Қоғамдық ортаның жеткіншекті тәрбиелеуге ықпалы зор. Қоғам дамуының ерекшелігіне қарай жастарға қойылатын талап үнемі өзгеріліп отырады. Осы талапқа сай жеткіншек бала жасынан үлкендер жасына өтерде қоғам жағдайы оған түрліше әсер етіп, баланы әр-түрлі фантастикалық іске ұмтылтырады. Мұндай уақытша келіспеушілікпен күресу мектептегі және үй ішіндегі тәрбие жұмысының негізінде болады. Егер тәрбие не оқу жұмысы жеткіншектермен жақсы жүргізілсе ұнамсыз әдеттерден аулақ болады. Жаратылыстан жүрек жылуы мен мейірім шуағы мол халықтың бірі қазақ. Бала тәрбиесіне деген немқұрайлық оның табиғатына мүлдем жат. Өйткені қазақтың ел алдындағы абырой беделі, қадір қасиеті, тек жеке басының жақсылығы немесе дәулеті мен ғана емес, бауырынан өрген ұрпақтарының салауаттылығы жарактылығымен өлшенген. Ата-бабаларымыздың сондай ептілік деген ұғымды ежелден қастерлеп, оның атадан балаға мирас қылып қалдыруында терең сыр жатыр.

Қорытындылай келе, шынайы өмір виртуалды өмірден әлдеқайда жақсы екенін ұмытпауымыз керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Энциклопедия для детей. Т. 22. Информатика / Глав. ред. Е. Хлебалина; вед. Науч. ред. А. Леонов. – М.: Аванта+, 2005. – 624 с.: ил.
2. Катя Ром. Что делать, если вы засиделись за компьютером? // Мой друг компьютер, №10, 2007, с. 35.
3. Кателл Дж.П. Разворот супертанкера: трансформация процесса обучения через использование ИКТ // Информатика и образование, №8, 2007, с. 93.
4. Мольц М. Я - это Я, или как стать счастливым. - М., 2004.
5. Рубинштейн С.С. Человек и мир / Проблемы общей психологии. – М., Педагогика, 1993.

ӘОЖ 74.213.55

ТҮЛҒАНЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ә.М.Ерболатова магистрант, 2 курс

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

Резюме: В статье рассматривается формирование и структура эстетической культуры личности, а также принципы и компоненты формирования эстетических представлений младших школьников.

Ключевые слова: личность, эстетика, эстетическое воспитание, эстетическая культура, эстетическое развитие личности.

Resume: the article examines the formation and structure of the aesthetic culture of the individual, as well as the principles and components of the formation of aesthetic ideas of primary schoolchildren.

Key words: personality, aesthetics, aesthetic education, aesthetic culture, aesthetic personality development.

Тұлғаның рухани қалыптасу мәселесі тәрбие мәселелерінің бірі ретінде өзектілік танытады. Бұл процесс адамгершілік, эстетикалық, еңбек және басқа да тәрбие түрлерімен кешенді түрде жүзеге асырылады. Эстетикалық тәрбие эмоционалды және тұлғаның зияткерлік салаларын және мінез-құлық сапаларын дамыту және баланың сыртқы әлеммен өзара әрекеттесуіне ықпал етеді.

Жас ұрпақты тәрбиелеуде эстетикалық тәрбиенің міндеттері ретінде балалардың санасы мен сезіміндегі шындықты көркем бейнелеу, әсемдікті ұғыну, сұлулықты түсіну, оны өмірде ұстану және жасау қабілеттерін дамыту қамтылады. Эстетикалық тәрбие тығыз қарым-қатынаста жүзеге асырылады, олар отбасы, мектеп, қосымша білім беру ұйымдары мен баланың айналасындағы барлық шынайы орта болып табылады.

Эстетика (Aisthetikos) грек тілінен – сезіну, сезім саласына қатысты ғылым); адамның дүниені эстетикалық тұрғыдан ұғынып-түсіну заңдылықтары туралы, әсемдік заңдарын арқау ететін шығармашылықтың мәнісі мен формалары туралы ғылым.

Бұл терминді ғылымға ең алғаш болып XVIII ғасырда неміс ғалымы А.Баумгертен енгізген болатын. Эстетиканың ғылым ретінде даму тарихы ерекше және таңқаларлық болды. Осыдан екі мың жыл бұрын - Мысыр, Вавилон, Ежелгі Үндістан және Египет, Қытай мен Жапонияда осы ғылымға қатысты ойлар, оның тарихы Ежелгі Грекияда басталды. Демокрит, Аристотель, Эпикур, т.б. өз еңбектерінде сұлулықтың объективті негізі – шындық өмірдің заттық қасиеттерінде, байланыстарында, қатынастарында, заңдылықтарында деп білген [1].

Ал эстетикалық мәдениет өзінің көпқабаттылығымен сипатталатын күрделі құрылым. Қандай да болмасын қоғамның эстетикалық мәдениетінің ілгерлемелі дамуы әлеуметтік прогрестің маңызды белгісі болып табылады. Эстетикалық мәдениет - жаратылыс дүниесіндегі немесе өнер туындыларындағы сұлулық пен әсемдікті қабылдап, ғибраттануға тұлғаны баулитын, адамның эстетикалық сезімін, талғамын қалыптастыратын тәрбие. Эстетикалық мәдениет жалпы мәдениеттің көрінісі, нақтылануы болып табылады. Мәдениет, ең алдымен, адамдардың өмір сүруінің мазмұны мен процесі, олардың белсенді және мақсатты нәтижесі ретінде түсініледі, бірақ әрқашан орынды және сәтті, нәтижелі әлеуметтік белсенділіктің нәтижесі. Мәдениет адамдар шығармашылығының, қоғамдастықтар мен жекелеген халықтардың даму деңгейі мен сапасының арақатынасының негізін қалаушы, тарихи ұзақ уақыт бойы қолданылып жүрген көрсеткіші, ірі әлеуметтік субъектілердің, әрбір жеке тұлғаның тарихи жолы мен перспективаларын бағалау критерийі болып табылады [2].

Қоғамның эстетикалық мәдениеті ең алдымен тұлғаның эстетикалық мәдениетінде нақтыланады және дербестендіріледі. Ол эстетикалық сана мен дүниетанымның, эстетикалық талғамның жиынтығы мен даму өлшемі, тұлғаның мінез-құлқында, қарым-қатынасында және қызметінде олардың толық және дәйектілігі болып табылады.

Тұлғаның эстетикалық мәдениетінің құрылымы:

а) эстетикалық сананың дамуы (тамаша және көрінбейтін, биік және ойлы, қайғылы және қуанышты);

б) эстетикалық дүниетанымның дамуы (эстетикалық идеалдар, нормалар мен принциптер, эстетикалық бағдарлар, мүдделер мен сенімдер);

в) эстетикалық талғамның жетілу дәрежесі;

г) эстетикалық идеалға сәйкес эстетикалық құндылықтарды өмірге дәйекті үрдіске асыру.

Тұлғаның эстетикалық мәдениеті мазмұны бойынша көп жағдайда қоғамның немесе топтың эстетикалық мәдениетімен сәйкес келеді. Бірақ ол олардан ұғыну мен білдірудің субъективтілігімен, белгілі бір эстетикалық құндылықтардың үстемдігімен, бағыттылығымен айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін.

Жеке тұлғаның эстетикалық мәдениеті тұрмыс саласында, қоғамдық-саяси, бос уақыт және тіршілік әрекетінің басқа да нысандарында көрінеді. Ол адамдардың қоғамдық және жеке өмірінің маңызды сәті болып табылады. Оның ішкі тетігі тұлғаның эстетикалық санасының қызмет етуі болып табылады, оның бағыты қабылдау, уайымдау, бағалау, дәм, идеал, көзқарас, пайымдау механизмдері арқылы ортаның түрлі нысандарына эстетикалық қатынастар жүйесінде көрінеді.

Эстетикалық мәдениет деңгейімен эстетикалық және көркем құндылықтардың алуан түрлі жүйесінде жеке тұлғаның барабар бағдарының мүмкіндіктері, оларға қатысты эстетикалық позициясына сәйкес келетін уәждемесі, өз кезегінде мынадай сипаттамаларға тәуелді болады: бейнелік ойлаудың дамуы; эстетикалық және көркемдік құбылыстарды олардың құрылымдық даналығында, феноменалдық (сыртқы) және мазмұндық сипаттамалардың бірлігінде (ішкі параметрлер, эмоциялық ықыластық және т. б.) талдау дағдысының қалыптасуы [3].

Тұлғаның эстетикалық дамуы ерте балалық шақтан басталады. Ересек адамның рухани тұрғыдан бай болуы үшін мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жас кезеңінде балалардың эстетикалық тәрбиесіне ерекше назар аударған абзал. Мәселен Б.Г.Лихачев эстетикалық тәрбие және өмірге адамгершілік-эстетикалық қатынасты қалыптастыруда «мектепке дейінгі және бастауыш мектеп кезеңіндегі балалық шақ» ең шешуші орын алады деп жазады. Автор дәл осы жас кезеңдерінде әлемге деген қарым-қатынастың ең қарқынды қалыптасуы жүзеге асырылатындығын, олар біртіндеп жеке қасиеттерге айналатындығын баса айтады. Тұлғаның маңызды моральдық-эстетикалық қасиеттері балалық шақтың ерте кезеңінде қалыптасады және өмір бойы көп немесе аз өзгеріссіз сақталады [4].

Эстетикалық мәдениеттің қалыптасуы - баланың жеке басына оның көркемдікті, қоршаған әлемді көруге, оны құруға қабілеттерін дамытуға әсер етудің мақсатты үдерісі. Сондықтан балалық шақтан бастап мәдениеттің негіздерін қалыптастыру қажет болады.

Кіші мектеп жасындағы оқушылардың эстетикалық түсініктерін қалыптастырудың қағидалары келесідей:

Балалар өмірі эстетикалық қағидасы. Күнделікті өмірде сұлулықты жасау қабілеті адамға өздігінен келе бермейді. Баланың эстетикалық мәдениетін ерте кезінен тәрбиелеу керек. Сондықтан балалық шақтың өзін әдемі ету аса маңызды: ашық түсті әдемі ойыншықтар, талғампаз, таза киім, эстетикалық айнала-аула, мектеп, үйдің жинақылығы және мектептегі тәртіп пен әдеп. Мұғалім мен балалардың, балалардың бір-бірімен жылы қарым-қатынасы. Мұның барлығы тәрбиенің маңызды факторы - эстетикалық тәрбиелеу ортасы құрайды.

Эстетикалық дамудың жалпылық және тұрақтылық қағидасы. Эстетикалық даму балаларға өмірдің барлық салаларында, барлық жас кезеңдерінде әсер етуі керек дегенді білдіреді. Әмбебаптылық дегеніміз бәрі үшін, яғни қабілетті және қабілетсіз, талантты және қарапайым балалар. Эстетикалық даму музыкантты, ақынды, суретшіні тәрбиелеу үшін емес, тыңдаушыны, көрерменді, оқырманды тәрбиелеуге арналған.

Эстетикалық бірлік және адамгершілік даму қағидасы. Бала алғашқы моральдық идеялар мен өсиеттерді өнер туындыларынан алады: ертегілер, фильмдер, пьесалар, әндер. Баланың іс-әрекеттерін бағалай отырып, ересектер көбінесе эстетикалық категорияларды қолданады: әдемі - әдемі емес. Осылайша ненің жақсы, ненің үлгілі екендігін адамгершілік тұрғыдан ұғынады, сөйтіп үйлесімді іс-әрекеттер көрсетеді.

Әртүрлі өнердің өзара әрекеттестігімен кешенді әсер ету қағидасы. Өнердің барлық түрлері бірыңғай бейнелі сипатқа ие және өзара әрекеттесуге ұмтылады. Өнер туындыларындағы көркем шығармаларды қабылдауға сезім мүшелері неғұрлым көп қатысса, соғұрлым олар терең әсер қалдырады. Музыка және кескіндеме, поэзия және музыка, музыка және мүсін, кескіндеме және әдебиет, музыка және би - бұл

комбинациялардың барлығы бір-бірін тереңдетеді, байытады, тұтас көркемдік әсер қалдырады.

Оқушылардың шығармашылық көркемдік өнер қағидасы. Бала кезінен бастап әр адам өзін-өзі растауға тырысады. Бұл үшін ең жақсы жол - шығармашылық. Сонымен қатар, бала - белсенді тұлға, сондықтан оны объект ретінде қарастыруға болмайды. Баланы өнердің белсенді сабақтарына, шығармашылық іс-әрекеттерге хормен ән айту, сурет салу, мектеп театрының қойылымдарына қатыстыру.

Кіші мектеп жасындағы оқушылардың эстетикалық түсініктерін қалыптастыру мазмұны келесідей компоненттерден тұрады:

- танымдық (білімдік) - эстетикалық ұғымдар, білім;
- эмоционалды ынталандыру - эмоциялар және сезім; эстетикалық қабылдау; эстетикалық талғам; эстетикалық қажеттіліктер; көркемдік-шығармашылық қабілеттер;
- іс-әрекеттік - эстетикалық-пәндік іс-әрекет дағдылары мен іскерліктері; эстетикалық пайымдау және бағалау; шығармашылық белсенділік.

Мектептің оқу-тәрбие жұмыстарында эстетикалық тәрбиенің бірыңғай жүйесіне негіздейді және алдына келесідей міндеттерді қояды: балаларда білім алу қажеттілігін дамыту; оқушыларды көркемдік-шығармашылық қызметке баулу және оларды эстетикалық мәдениетпен таныстыру; балалардың талғамын, шығармашылық сипаттамаларын дамыту; рухани қасиеттерді, жоғары эстетикалық сезімдерді қалыптастыру [5].

Сонымен, бастауыш сынып оқушыларының эстетикалық көріністерін қалыптастыру негізінде бастапқы эстетикалық ұғымдарды түсінуі, бейнелердің сезімдік дамуы, сондай-ақ шындық объектілері мен құбылыстарын және өнер туындыларын эстетикалық қабылдау процесінде бірнеше тәжірибелер нәтижесінде пайда болады. Осы негізде балаларда қарапайым эстетикалық білім, эмоциялар мен сезімдер қалыптасады; қажеттіліктері, қызығушылықтары мен бейімділігі; эстетикалық талғам және шығармашылық іс-әрекет, эстетикалық мінез-құлық қалыптасады, өйткені дәл осы жас кезеңінде баланың әлемге деген дүниетанымы, көзқарасы қалыптасады және болашақ тұлғаның маңызды эстетикалық талғамының дамуына жол ашылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Ұлттық энциклопедия /бас.ред. Б.Аяған.- Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2007. 92- 93 б.
2. Асамаа И. Әдептен озбайық. «Мінез-құлық ережелері туралы әңгімелер».-Алматы: Рауан, 1990.- 190 б.
3. Омарғазина Б. «Өнер тәрбиелейді» - Алматы: Қазақ ССР «білім қоғамы», 1982.- 32 б.
4. Лихачев Б.Г. Педагогика: Курс лекций. - М., 1996. - 490с.
5. Хорунжая И.О. Нравственно-эстетическое воспитание младших школьников в художественно-образовательной среде // Человек и образование. – 2008.

СТУДЕНТТЕРДІ ОҚУ ПРОЦЕСІНЕ БЕЙІМДЕУ

Т.Қ. Ержанова магистрант, 2 курс

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

Резюме: В статье освещаются уровни адаптации студентов и рассматривается работа службы психологического сопровождения по повышению уровня адаптации студентов к учебному процессу.

Ключевые слова: студент, учебный процесс, адаптация, уровни адаптации, психолого-педагогическое сопровождение.

Resume: The article highlights the levels of adaptation of students and examines the work of the psychological support service to improve the level of adaptation of students to the educational process.

Keywords: student, educational process, adaptation, levels of adaptation, psychological and pedagogical support.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» мақаласында «Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», - деп корсетілді [1].

Осыған сәйкес білім беру жүйесін жаңғырту тұжырымдамасында кәсіби білім берудің негізгі мақсаты еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, жауапты, өз мамандығын еркін меңгерген және ұқсас салалардан хабардар, деңгейі мен кәсіби мамандану саласы тиісті талаптарға сәйкес келетін құзыретті білікті маман даярлау деп анықталған.

Қазіргі заманның талабы, жас ұрпақты жеке тұлға етіп тәрбиелеу, ол тұлғаның дүниетанымы кең, өзін - өзі қоғамда, өзі білім алып жатқан оқу орнындағы ұжымда бақылай алатын және кез-келген ортада өз-өзін таныта білетін болуы қажет. Бұл міндеттер студенттің сол оқу орнына бейімделуімен тығыз байланысты.

Бейімделу процесі ұзақ және әрдайым сәтті бола бермейді, ал бірінші курс студенттерінің көпшілігінде бейімделу проблемалары бар, бұл студенттердің жеке қасиеттерімен, өзіндік оқу іс-әрекетіне дағдылардың болмауымен және кәсіби өзін-өзі анықтаудың қалыптаспауымен байланысты. Бейімделу тұжырымдамасына оқу мотивациясы және кәсіби өзін-өзі анықтау, зияткерлік жұмысының тәуелсіздігі, құндылық бағдар қалауы, мұғалімдермен және құрдастарымен қарым-қатынасы кіреді.

Бейімделу - әлеуметтік ортаға жеке тұлғаның үнемі белсенді лайықтану үрдісі, сондай – ақ осы үрдістің нәтижесі. Мінез – құлықтың сипатын анықтайтын осы құрам бөліктердің ара қатынасы жеке тұлғаның мақсаттары мен құндылық бағыттарына және олардың әлеуметтік ортада жүзеге асырылу мүмкіндігіне тәуелді. Әлеуметтік бейімделу үздіксіз жүріп жатса да, бұл түсінік әдетте жеке тұлға іс - әрекетінің және оның қоршаған адамдарының күрт өзгеру кезеңдерімен байланысады [2].

Осы кезеңде әлеуметтену қиындықтары үш негізгі жағдайға байланысты болады:

1. талаптардың деңгейінің сәйкес келмеуі және әдетте, жасына байланысты әлеуметтік мәртебенің төмендігі;
2. тәрбие стилдерінің сәйкес келмеуі және осы жастағы жаңа мүмкіндіктер;
3. тәуелсіздікке деген ұмтылыстар және құрдастарының пікіріне тәуелділіктің күшеюі арасындағы қайшылықтар.

Бірінші курс студенттерінің колледждің кәсіби білім беру ортасына бейімделуіне ықпал етудің негізгі міндеттері:

- бірінші курс студенттерін оқытудың жаңа жағдайларына дайындау;
- жаңа ұжымда бірінші курс студенттерінің әлеуметтік мәртебесін белгілеу және қолдау;
- бірінші курс студенттерінде жағымды оқу мотивтерін қалыптастыру;
- бірінші курс студенттерінде жаңа білім беру ортасымен байланысты психологиялық -педагогикалық ыңғайсыздықтың алдын алу және оны жою;

Оқытушы, куратор ең алдымен студенттерді бақылау кезінде бейімделу белгілерін жеткілікті білсе ғана бейімделу деңгейлерін дербес анықтай алады. *Бейімделудің деңгейлері келесідей сипатталады:*

Бейімделудің төменгі деңгейі:

- ✓ студент колледжге немқұрайлы немесе теріс көзқараспен қарайды;
- ✓ денсаулыққа шағымдар жиі кездеседі;
- ✓ депрессиялық көңіл-күй басым;
- ✓ тәртіп бұзушылықтар байқалады;
- ✓ оқу материалы фрагментті түрде игеріледі;
- ✓ өздік жұмыс қиын, оны орындауға қызығушылық жоқ;
- ✓ үй тапсырмасы жүйелі түрде орындалмайды, үнемі бақылау, мұғалімдер, куратор және ата-аналар тарапынан жүйелі ескертулер қажет;
- ✓ жаңасын түсіну және үлгі бойынша мәселелерді шешу үшін мұғалімдердің айтарлықтай көмегі қажет;
- ✓ қоғамдық тапсырмаларды ынтасыз орындайды, енжарлық танытады;
- ✓ жақын достары жоқ, топтастарының бір бөлігін аты-жөндері бойынша біледі.

Бейімделудің орташа деңгейі:

- ✓ студент колледжге оң көзқараспен қарайды;
- ✓ егер мұғалім материалды егжей-тегжейлі және көрнекі баяндаса, оқу материалын түсінеді;
- ✓ оқу бағдарламаларының негізгі мазмұнын меңгереді, типтік міндеттерді өз бетінше шешеді;
- ✓ үлкендердің тапсырмалары мен нұсқауларын орындау кезінде зейінді;
- ✓ ол үшін қызықты болған жағдайда ғана көңіл бөледі;
- ✓ үй тапсырмасын үнемі орындайды;
- ✓ қоғамдық тапсырмаларды жауапкершілікпен орындайды;
- ✓ Топтастарымен достық қарым-қатынас орнатады.

Бейімделудің жоғары деңгейі:

- ✓ студент колледжге оң көзқараспен қарайды, қойылған талаптардың барлығын қабылдайды;
- ✓ оқу материалын оңай игереді;
- ✓ бағдарламалық материалдарды терең және толық игереді;
- ✓ күрделі міндеттерді шеше алады;
- ✓ мұғалімдердің нұсқаулары мен түсініктемелерін мұқият тыңдайды;
- ✓ тапсырмаларды сыртқы бақылаусыз орындайды;
- ✓ Өзіндік оқу жұмысына үлкен қызығушылық танытады, барлық сабақтарға дайындалады;

- ✓ қоғамдық тапсырмаларды жауапкершілікпен және ұқыпты орындайды;
- ✓ топ арасында мәртебеге ие болады [3].

Студенттерді оқу процесіне бейімдеу педагогикалық – психологиялық қолдау бағдарламасын құру арқылы жүзеге асырылады. Студенттерді оқу процесіне бейімдеудің педагогикалық – психологиялық қолдау бағдарламасы кезең – кезеңмен жүргізіле отырып, студентке қолдау көрсету, студенттердің өмір сүру белсенділігін арттыру, тұлғалық қасиеттерінің дамуына педагогикалық – психологиялық көмек беруге бағытталған.

Әсіресе, бірінші курс студенттерінің жаңа ортаға бейімделу көрсеткіштері олардың ішкі ыңғайсыздық жағдайларының алдын алу және білім беру ортасымен дау-жанжалсыз оқу процесінің әртүрлі талаптарына бейімделуі қарастырылады. Бұл сәйкесінше, әр кезең бойынша студенттермен, оқытушылармен және ата-аналармен ынтымақтастықта жүргізіледі.

Бірінші, профилактикалық кезеңде студенттермен жақын арада тығыз студенттік топтарды қалыптастыру мақсатында танысу тренингтері өткізіледі; студенттердің психикалық процестерінің дамуындағы мәселелерді анықтау мақсатында диагностикалық әдістемелер, ұжымдарды ұйымдастырудағы негізгі мәселелерді анықтау және студенттердің оқу процесіне бейімделуі мақсатында оқу сабақтарға қатысу оздырылады.

Екінші кезеңде студенттердің білім беру ортасына қанағаттанушылығы мен ынта қызығушылығын диагностикалау жүзеге асырылады, оған оқытушылармен қарым-қатынас ерекшеліктері, кітапхана, асхана, бос уақытты ұйымдастыру, оқу тобындағы және жалпы топтағы өзара қарым-қатынастар жатады. Оқу мотивтері, мамандық пен оқу орнын таңдау мотивтері анықталып, өзін-өзі бағалау ерекшеліктері де зерттелінеді.

Диагностикалық зерттеу нәтижелері бойынша оқытушыларға оқу процестерін оңтайландыру бойынша ұсыныстар беріліп, оқу мотивациясын қалыптастыру, студенттердің оқу материалын дұрыс меңгеруі бойынша кеңестер беріледі. Ата-аналар арналған 15-17 жас аралығындағы студенттердің психофизиологиялық ерекшеліктері және студентті жаңа ортаға бейімдеу процесінде ата-аналардың рөлімен танысу мақсатында жалпы колледждік және топтық жиналыстар өткізіледі. Жаңадан қабылданған студенттердің отбасымен қарым-қатынасы, агрессивтілік, өзгелерге деген сенімсіздік, өзіне деген сенімсіздігі анықталып, сауалнама қорытындыларының нәтижелері бойынша студенттермен жеке құрамда кеңестер жүргізіледі.

Үшінші, түзету-ағарту кезеңде студенттер үшін тұлғалық өсу, өзіне деген сенімділік тренингтері, студенттік топтарды біріктіруге бағытталған әлеуметтік-психологиялық тренингтер, сынып сағаттары, студенттерге, педагогтарға, ата-аналарға арналған ақыл-кеңестер жүргізіледі. Оқытушылар үшін - мотивация мәселелері, тиімді қарым-қатынас құру ерекшеліктері және мақсат қою мәселелері бойынша семинарлар өткізіледі [4].

Қорыта айтқанда білім алу кезінде студенттердің оқу процесіне педагогикалық - психологиялық бейімделуі қалыпты деңгейде өтсе, ол студенттердің танымдық процестерінің және танымдық сапаларының қалыптасуына және ортаға бейімделуіне жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» мақаласы, Егемен Қазақстан жалпыұлттық республикалық газеті, №70 (29051) 12.04.2017. Б1-2.
2. Столяренко Л.Д. Основы психологии / Л.Д. Столяренко. - 2-е изд. - Ростов н/Д: Феникс, 1997. - 736 с.

3. «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысының сапасын басқару» педагогтердің біліктілігін арттыру курсының оқу-әдістемелік кешені, Нұрсұлтан – 2020.-110 б.
4. Батыс Қазақстан облысының орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы №5 қаулысы, 13.01.2015.

САМОСТОЯТЕЛЬНАЯ УЧЕБНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАК ОСНОВА РАЗВИТИЯ АКТИВНОСТИ СТАРШЕКЛАСНИКОВ

Кызылбасова Г.Т. магистранка 1 курса специальности «Педагогика и психология»
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет

В настоящее время в структуре и содержании образования происходят изменения, обусловленные переходом общества к информационной стадии развития. Эти изменения предъявляют новые требования к старшекласникам школ. Старшекласнику, необходимо овладеть знаниями и умениями, универсальными способами деятельности, ключевыми компетентностями, востребованными в повседневной жизни, позволяющими успешно сделать свой профессиональный выбор и продолжить образование в выбранной сфере деятельности.

В работах Щукина Г.И. [1] выявлено, что самостоятельная учебная деятельность влияет на структуру личности, содействует личностно-значимым процессам, жизненным установкам, планам, формированию позиции школьника, по Шамовой Т.И. [2] и Бабанского Ю.К. [3] самостоятельная учебная деятельность способствует развитию самостоятельности и творческой активности учеников. Маркова А.К. и Хамблин Д. считают, что самостоятельная учебная деятельность повышает интерес к учению и обеспечивает успешность учебной деятельности.

Наряду с понятием «самостоятельная учебная деятельность» в педагогике существует понятие «самостоятельная работа». Большая часть исследований Есипова Б.П. [4], Огородникова И.Т., Пидкасистого П.И., Скаткина М.Н. [5], Воловоденко А.С. [6] направлена на изучение сущности и классификации именно самостоятельных работ, методических приемов их организации и т.д. Вопрос индивидуализации самостоятельных работ рассмотрен И.Э. Унт, а также в разное время был предметом исследований Г.А. Данилочкиной, С.И. Зубова, А.А. Мартыновой, Н.В. Промоторовой, Е.С. Рабунского, И.М. Чередова и др.

Роль самостоятельных работ (иногда отождествляется с самостоятельной учебной деятельностью) в процессе творческой активности школьников изучена Митрохиной С.В., формирования понятий у учащихся в процессе самостоятельной учебной деятельности изучена Молоновой М.М.

Шарипов Ф.В. считает, что самостоятельная работа имеет воспитательное значение: она формирует самостоятельность не только как совокупность умений и навыков, но и как черту характера, играющую существенную роль в структуре личности современного специалиста. [7]

Между тем педагоги выделяют трудности, встречающиеся при организации самостоятельной учебной деятельности в практике школы. По данным Пидкасистого П.И., учебные задания, предусмотренные школьной учебной литературой, не всегда позволяют учитывать индивидуальные возможности учащихся, «часто не представляют собой системы» [8]. Аношкин А.П. считает, что низкий уровень подготовки и мотивации школьников обуславливает недостаточную эффективность данной деятельности;

вызывает затруднение оценка «факта самостоятельности» в процессе учебной деятельности) [9].

Теория формирования и организации самостоятельной учебной деятельности разработана в исследованиях педагогов: А.П. Беляевой, В.В. Давыдова, П.И. Пидкасистого, Г.И. Щукиной и др.

В исследованиях, посвященных планированию и организации самостоятельной работы студентов (Л.Г. Вяткин, М.Г. Гарунов, Б.П. Есипов, В.А. Козаков, И.Я. Лернер, М.И. Махмутов, Н.А. Половникова, П.И. Пидкасистый и др.), рассматриваются дидактические, психологические, организационные, методические и другие аспекты этой деятельности, раскрываются многие стороны исследуемой проблемы, особенно в традиционном дидактическом плане. Однако вопросы мотивационного, процессуального, технологического обеспечения самостоятельной аудиторной и внеаудиторной познавательной деятельности студентов как целостной педагогической системы требуют особого внимания.

В педагогике самостоятельная работа определяется как планируемая, организационно и методически направляемая познавательная деятельность студентов, осуществляемая без прямой помощи преподавателя для достижения образовательных целей.

Анализ понятия «самостоятельная работа» с организационной и содержательной сторон дан в работах П. И. Пидкасистого. Под изучаемым явлением он понимает разнообразие типов учебных производственных или исследовательских заданий, выполняемых учащимися под руководством преподавателя с целью усвоения различных знаний, выработки системы поведения и приобретения умений и навыков, опыта творческой деятельности.

В исследованиях П.И. Пидкасистого эффективность урока ставится, прежде всего, в зависимости от активизации самостоятельной деятельности учащихся, от правильной взаимосвязи деятельности учащихся на уроке. В своих экспериментальных исследованиях он исходит из того положения, что ученики за время обучения в школе должны не только усвоить определенную сумму научных знаний, но и научиться самостоятельно их приобретать. Данные две стороны процесса обучения органически взаимосвязаны. Познавательная самостоятельность формируется при глубоком и осмысленном усвоении школьниками основ наук, овладении навыками работы с книгой, работы в лаборатории, а также путем применения полученных знаний на практике. Среди средств развития самостоятельности учащихся большое значение придается и таким, которые непосредственно связаны с формами и методами обучения. А также выяснением их сравнительной эффективности: сочетание изложения знаний учителем и самостоятельной работы учащихся; сравнительная эффективность и пути сочетания воспроизводящих и творческих, самостоятельных работ, фронтальных и индивидуальных видов занятий учащихся на уроке, индивидуальных творческих работ.

По мнению Г.И. Щукиной, деятельность характеризуется в следующих аспектах: деятельность осуществляется в коллективе, деятельность развивается от репродуктивной к творческой, тем самым, изменяя позицию ученика в ней от объекта к субъекту. Самостоятельная учебная деятельность наиболее полно характеризует процесс обучения, являясь специальной, необходимой обществу деятельностью.

П.И. Пидкасистый считает, что основные структурные компоненты (цель, мотив, содержание, предметные действия и результат) в самостоятельной деятельности выражены специфично; они приобретают глубоко личностный смысл, становятся актуальными и значимыми для ученика. Характерным является, прежде всего, активное отношение ученика к цели предстоящей работы, которая выполняется самостоятельно. В одних случаях цель глубоко осознается и «присваивается» учеником, что является абсолютно необходимым, так как в ней проектируются ожидаемые результаты, в других –

ученик приобщается к целеобразованию (на основе анализа ситуации), в третьих – он сам ставит цель и в соответствии с ней реализует свою деятельность. Трансформация цели в мотив деятельности вызывает те внутренние побуждения, которые характеризуют деятельность учащихся при выполнении задания. Ярко выраженный мотив деятельности мобилизует познавательные возможности ученика, его волю, эмоциональную сферу. Наиболее характерными и специфичными для самостоятельной деятельности, являются мотивы самоконтроля и самостоятельности, которые проявляются, прежде всего, в желании ученика выполнить задание без посторонней помощи, удовлетворить свои познавательные потребности, утвердить свою индивидуальность.

Важнейшим компонентом самостоятельной познавательной деятельности учащихся, составляющим основу ее структуры, являются самостоятельные предметные действия, которые ученик выполняет без помощи учителя. Он сам выбирает адекватные с его точки зрения способы выполнения этих действий, совершает множество операций, контролирует их в соответствии с поставленной целью. Эти действия разнообразны по своему содержанию и направленности и осуществляются на основе разных средств обучения, чем и обеспечивается их разнообразие и предметность.

Образовательная, развивающая и воспитательная ценность самостоятельной деятельности в том и состоит, что она требует при решении каждой задачи комплекса умственных, практических и организационных действий.

В самостоятельной деятельности более чем в других видах познавательной деятельности выражены процессы саморегуляции, одним из характерных проявлений которых является самоконтроль. Каким бы активным ни было руководство педагога, правильные результаты работы не могут быть достигнуты, если ученик сам не контролирует свои действия.

Как отмечает П.И. Пидкасистый, самостоятельная деятельность всегда завершается каким-либо результатом. Это выполненные упражнения, решенные задачи, написанные сочинения, заполненные таблицы, построенные графики, подготовленные ответы на вопросы, пережитые чувства. И поскольку к этим результатам ученик приходит самостоятельно, ценность и значимость их осознается острее по сравнению с теми, которые добываются в совместной работе.

В педагогической науке еще не сложилось единое понимание сущности самостоятельной работы. Анализируя педагогическую литературу, в частности труды Б.П. Есипова, Р.М. Микельсона, О.А. Нильсона, мы приходим к выводу о том, что под термином «самостоятельная работа» иногда понимается «учебное задание», а иногда «самостоятельная деятельность».

Попытаемся дать общее определение самостоятельной работе.

Самостоятельная работа учащихся – многообразные виды индивидуальной и коллективной учебной деятельности школьников, осуществляемой ими на классных и внеклассных занятиях или дома по заданиям, без непосредственного участия учителя.

В процессе обучения физике применяются различные виды самостоятельной работы учащихся, с помощью которых они самостоятельно приобретают знания, умения и навыки.

Содержание целей современного школьного образования предполагает значительное увеличение доли самостоятельной учебной деятельности. Вопрос ее организации актуализируется в условиях профильной школы в работах В.И. Гагарина, В.В. Гузеева, Т.Г. Новиковой, В.А. Сластенина, А.Н. Худина и др.

Анализ работ этих ученых показал, что в педагогической науке самостоятельная учебная деятельность трактуется как целенаправленная деятельность, ориентированная на усвоение знаний и умений. Особый интерес при этом вызывает реализация самостоятельной учебной деятельности учащихся в процессе обучения.

Однако в настоящее время недостаточно исследований, рассматривающих особенности данной деятельности в старших классах школы, ее организацию на занятиях базовых, профильных предметов, элективных курсов, условия формирования компетентности школьников в сфере самостоятельной учебной деятельности; отсутствует возможность широкого выбора учебной, методической литературы и других средств проектирования ее содержания в старших классах.

Поэтому требуется обоснование дидактических средств, необходимых для самостоятельной учебной деятельности старшеклассников школы.

Список литературы:

1. Щукина Г.И. Активизация познавательной деятельности учащихся в учебном процессе. М. 1979
2. Шамова Т.И. Активизация учения школьников. М.: Педагогика, 1983
3. Бабанский Ю.К. Активность и самостоятельность учащихся в обучении: Избр. педагог. труда / М.Ю. Бабанский. - М.: Педагогика, 1989. - 560 с.
4. Есипов Б. П. Самостоятельная работа учащихся на уроках. — М.: Учпедгиз, 1961. — 239 с.
5. Скаткин М.Н. Проблемы современной дидактики. — М., 1980.
6. Воловоденко А.С. Самостоятельная учебная деятельность в профильной школе на основе комплекса мультимедийных дидактических средств // Известия Российского государственного университета им. А.И. Герцена: психолого-педагогические науки. — СПб., 2008. — №12
7. Шарипов Ф.В. Педагогика и психология высшей школы. — Москва, 2011.
8. Пидкасистый П.И. Самостоятельная деятельность учащихся. М.: Педагогика, 1972.
9. Аношкин А.П. Педагогическое проектирование систем и технологий обучения. Омск : Омский государственный педагогический университет, 1997

ЭОЖ 398(4/9)

Е.А. БӨКЕТОВ – ЕКІНШІ ТІЛДІК ТҮЛҒА

А.А.Касаинова, магистрант

Академик Е.А.Бөкетов аындағы Қарағанды университеті,
Қарағанды қаласы

Резюме: Автор показывает богатство языка произведений химика-металлурга, ученого Е.А.Букетова. Рассматривает его художественные произведения написанные на русском языке. Приходит к выводу что автор является вторичной языковой личностью, воплотившего в себя культуру двух народов.

Ключевые слова: языковая личность, вторичная языковая личность, межкультурная, тезаурус, языковая картина мира, вербально-семантическая.

The author shows the richness of the language of the works of the chemist-metallurgist, scientist E. A. Buketov. Examines his works of art written in Russian. The author comes to the conclusion that the author is a secondary linguistic personality who embodied the culture of the two peoples.

Key words: language personality, second language personality, intercultural, thesaurus, language picture of the world, verbal and semantic.

80-ші жылдардан бастап лингвистердің назары тілдегі "адам факторының" рөліне ауысты, бұл тіл білімінің концептуалды аппаратына шет тілін үйренуге қатысты екінші тілдік тұлға ретінде ұсынылуы мүмкін "тілдік тұлға" жаңа категориясының қосылуына әкелді.

Екінші тілдік тұлға-бұл адамның мәдениетаралық деңгейде шет тілдерімен қарым-қатынас жасау қабілетінің жиынтығы және басқа мәдениет өкілдерімен парапар өзара әрекеттесуді білдіреді. Ол зерттелетін тілдің вербалды-семантикалық кодын, яғни осы тілде сөйлеушілердің "әлемнің тілдік бейнесін" және адамға жаңа әлеуметтік шындықты түсінуге мүмкіндік беретін әлемнің "ғаламдық" (тұжырымдамалық) бейнесін игеруден тұрады.

Екінші тілдік тұлғаны зерттеу тәсілдеріне келетін болсақ, лингводидактикада И. И. Халееваның әдістемесін басшылыққа алуға болады, ол тілдік тұлғаның когнитивтік деңгейіне ерекше назар аударады. Оның тұжырымдамасы бойынша шет тілін үйрену кезінде тілдік құзыреттілік жақсарып қана қоймай, үйренушінің тілдік тұлғасының когнитивтік деңгейіне қосылу үшін мәдениет, мәдени стереотиптердің ерекшеліктері туралы білімі де кеңейе түседі.

Ю.Н. Караулов сияқты И. И. Халеева да вербалды-семантикалық, тезаурустық және мотивациялық деңгейлерді ажыратады, бірақ тезаурустық деңгейді екі кіші деңгейге бөледі – Тезаурус және Тезаурус-II. Тезаурус бойынша - ол "әлемнің тілдік бейнесіне қарай өсетін тілдік сананы қалыптастыру әдісін" түсінеді және сол арқылы тілдің ассоциативті-ауызша желісімен тікелей байланысты» деп есептейді. Ал Тезаурус-II " танымдық сананы қалыптастыратын әлем туралы білім және сол арқылы тұжырымдамалық жүйе деңгейіндегі әлемнің жалпы көрінісі, атап айтқанда, алдын-алу және импликация жүйелері, яғни ашылмаған болжамдар мен тәжірибелер» ретінде түсіндіріледі [1.18]. Осылайша, Тезаурус-I – әлемнің тілдік бейнесі, ал Тезаурус-II – бұл жеке тұлғаның танымдық саласын біріктіретін әлемнің тұжырымдамалық бейнесі, бірақ олардың лингводидактикалық мақсаттардағы бөлінуі жеке адамның әлемнің тілдік және тұжырымдамалық бейнесін игеруін саралауға мүмкіндік береді.

Е.А.Бөкетов жайлы сөз қозғағанда, оның терең білімді ғалым, ерекше туған жан-жақты дарын екені белгілі. Химия ғылымдарының докторы, профессор, академик, бірнеше шетелдік патенті бар жаңашыл оқымысты адам болған. Е.А. Бөкетовтің қазақ әдебиеті, мәдениеті үшін қалдырған мұрасы аз емес. Ол – ақын, жазушы, әйгілі публицист, танымал әдебиеттанушы, әдеби эссенің қазақ топырағындағы ең үздік шебері, көрнекті аудармашы ретінде кеңінен танылған. Евней Бөкетов - орысша шығармаларды да шебер жазған автор.

1932 жылы қазіргі Ресей жеріндегі орыс мектебінің табалдырығын аттаған, Ұлы Отан соғыс жылдары тоғызыншы сыныпты үздік бітірген ол мектепте төрт жыл орыс тілі мен әдебиетінен сабақ берген. Евней сол кездің өзінде орыс тілінде өлең жаза бастады, орыс тілінен қазақ тіліне бірсыпыра шығармаларды аударды. Алматыда кен-металлургия институтында оқып жүрген кезде, орысшадан қазақ тіліне аударылған бірсыпыра еңбектермен танысып, газет, журнал беттерінде оларға өзінше адал баға берумен айналысқан. Кейін өз аудармаларын жариялауға еркін кірісті. Евней Арыстанұлының аудармалары: В.Шекспирдің «Макбет», «Юлий Цезарь», Дж. Флетчердің «Испан сопысы» атты драмалық шығармалары, В.Маяковскийдің «Қандала», «Тамара мен Демон», «Керемет» атты поэмалары, С.Есениннің «Анна Снегина», «Жаксы» атты поэмаларын, «Советтік Русь», «Келіншекке хат», «Качаловтың итіне», Э.Золяның бір топ әңгімелері, И.Вазовтың «Бұғауда» романы.

Тілдік тұлғаны зерттеудің бір тәсілі - көркем әдебиеттегі кейіпкерлер дискурсына негізделген тілдік тұлғаны қалпына келтіру, себебі Ю.Н.Караулов айтуынша, жазушы жасаған мәтіндеріндегі кейіпкерінің сөйлеу әрекетінде автордың рухани байлығы көрініс табады. И.И. Халеева да осындай пікірде, "әлемнің субъективті тілдік бейнесін, сондай-ақ

әлем туралы энциклопедиялық білімнің жалпыланған (сөзсіз фрагменттелген) тасымалдаушысын көрсетудің бір тәсілі - бұл тілдік тұлғаға тән тезаурус сөздігіне де, әлемнің энциклопедиялық біліміне де қарсылық білдіретін мәтін (мәтіндер жиынтығы)». Демек, көркем шығармадағы кейіпкерлердің тілі оның авторын да сипаттайды, өйткені автор оқырмандармен өз кітаптарындағы кейіпкерлердің аузымен "сөйлейді". Жоғарыда айтылғандардан көркем шығармаларды жазушының сөзі ретінде қарастыруға болады деген қорытынды шығады. Тиісінше, автордың тілдік тұлғасын қайта құру үшін оның кейіпкерлерінің тілдік тұлғаларын зерттеу қажет. Жоғарыда айтылғандардан адамның сөйлеу барысында ауызша айтылған интеллектуалды қабілеттерінің призмасы арқылы қарастырған кезде ғана тілдік тұлға туралы айтуға болады. Ендеше, Е.А.Бөкетовтың орысша жазылған шығармаларынан, кейіпкерлер тілінен автордың тілдік тұлғасын анықтап көрейік.

Евней Бөкетов жас кезінен қазақ, орыс, бүкіл дүниежүзінің көркем классикасын қызыға оқып, түрлі мәдениетті бойына сіңірген. Орысша білім алып, қазақы тәрбие алған Евней, әкесі мен анасының қазақша сөйлеу шеберлігін бойына сіңіріп өскен: «Интересно было отношение отца к моей учебе. В нашем роду вообще не было грамотных, и мой отец, несмотря на то, что никогда не брал в руки книгу, знал массу пословиц, поговорок, притч, песен и стихов акынов и в любой момент мог высыпать и с охотой высыпал нужное количество изречений на предмет «учение свет, а неучение – тьма»[2.15]. Немесе: «Я знал, что у матери было развито чувство юмора, ибо часто слышал, как она, вставив какую-то складную фразу в общий разговор в семье, за дастарханом или когда приходили друзья отца, заставляла всех смеяться. Но что она так легко складывает слова в рифмы и это у нее может получиться удивительно гладко и умно, я заметил впервые в дни похорон и поминаний отца»[2.20]. Яғни, Е.А. Бөкетов екі тілге бірдей шешен болғандығының себебі ата-анасының тіл байлығы мен орыс әдебиетін сүйсіне оқығандығы. Орысша жазған шығармаларын алып қарасаңыз, орыс және қазақ әдебиетінен, мәдениетінен, тарихынан мысалдар келтіре отырып жазады. Мысалы, «Святое дело Чокана» атты очеркінде:

«Пушкин гордился шестисотлетним дворянством. Однако эта гордость не мешало ему преклоняться перед гением бывшего помора Михайло Ломоносова и восхищаться смелостью, находчивостью и размахом беглого казака Емельяна Пугачева. Валиханов имел не меньше оснований гордиться почти семисотлетним чингизидством. Он носил титул степного принца, султана поистине по-пушкински» [3.324]. Осы үзіндіден жазушы орыс халқының тарихы мен әдебиетін жетік білетіндігі ғана емес, тілін де жоғары дәрежеде білгенін айқын көруге болады. Орыс тілінде «помор» деген сөз сирек қолданылады. Помор – житель поморья. Пример: Архангельские поморы (Толковый словарь Ожегова). Немесе: «Шесть писем другу» повесінде: «И вот в волглый, слякотный воскресный день глубокой осени подхожу к маленькой бревенчатой избенке, с прохудившейся дерновой крышей. Пройдя маленькие сени, стучусь и услышав: «Войдите!» - переступаю порог небольшой светлой комнаты»[2.28]. Осы мәтінде орыс тілінің сирек кездесетін «волглый» сөзі қолданылған. Оның мағынасы: влажный, отсырелый, напитавшийся влагою. (Толковый словарь живого великорусского языка, В.Даль). Осындай сөздерді қолдануы Е.А.Бөкетовтің орыс тілін жоғары дәрежеде білгенін әрі тілдегі сөздерді шебер қолданғанын дәлелдейді.

«Святое дело Чокана» очеркінде: «Но он, сын султана, мог видеть и слышать самых талантливых людей своих степей. И он, как губка, впитывал в себя исторические предания, десятки тысяч строк устных поэтических сочинений, запомнил массу поговорок и пословиц, успел обратить внимание на особенности быта и верований, и все это, войдя в плоть и кровь, сохранялось в памяти, чтобы потом в руках ученого, вооруженного вполне европейским образованием, подвергнуться научному сопоставлению и анализу и заиграть новыми красками, новым содержанием» [3.348]. Бұл жердегі «как губка», «войдя в плоть

и в кровь» деген тіркестерде бойына сіңірген деген мағына жатыр. Яғни, автор теңеулерді шебер қолданып, сөзбен салынған сурет нақты әрі дәл болып шыққан.

«Шесть писем другу» атты өмірбаяндық шығармасында ғалымның еңбегі туралы айтылған ой: «Помнишь, как я, отвечая на твои любознательные вопросы, сказал, что труд ученого – это такой род умственной работы, которая захватывает все существо человека, и поэтому она редко укладывается в рамки установленного трудового восьмичасья; мало того, сказал я тогда, она, эта работа ученого, смешивает часы сна с часами бодрствования, беспорядочно, капризно, деспотично меняя их местами»[2.7]. «Еңбек» деген ұғымға жан бітіріп сөйлейді – захватывает, смешивает, капризно, деспотично меняя. Осы сияқты көркем бейнелеулерді қолданған тағы бір мысал: «Во всех органических веществах углероду постоянно сопутствует водород, легкие и подвижные атомы которого, зацепившись за четыре крючка атома углерода и держа их постоянно оттянутыми, *соблазняют* атомы других элементов удобством своего положения при приближении тех легко уступают место, не приминув зацепить за крючок, и быстро отскакивают на сторожевую позицию с нужной стороны *пленного* чужеродного атома, притиснув его еще ближе к углеродному атому» - деп, органикалық әлемнің құбылыстарын бейнелі түрде көрсетіп отыр. Соблазнять, плененный – сияқты образдарды қолданып, атом электрондарына жан бітіріп, түйсігі бар жандар етіп көз алдына елестетеді. Оқырманды баурап алып, оның жан дүниесіне әсер ету күші арта түседі. Е.А.Бөкетов сөздің мағынасын жақсы түсініп, соzқолданысында белгілі бір лексикалық мағынасына басқа мағына үстеп шеберлікпен оқырманға қызық етіп жеткізеді. Химияның ғылыми құрғақ түсіндіру тілі орнына, жазушы дискурсында химиялық құбылыстар басқа семантикалық және эмоционалдық реңкпен жеткізіледі.

Екінші тілдік тұлға бірінші тілден алған білімін «әлемнің тілдік бейнесін», екінші тілді қолданғанда сол дүниетанымына сүйенуі мүмкін. Мысалы, «Шесть писем другу» повесінде қазақ дәстүрлері, қазақ мақалдары орысша жазылып мәні бұзылмай, жетік түсіндірілген: «Наверное, я был не совсем прав, ибо в народе издавна говорилось: *«Смерть близких богатым скот убавляет, а бедных на голод обрекает»*. Так уж повелось, что ни один казах не жалел средств на поминание умершего» [2.22]. Е.А.Бөкетов қолданған мақалдар арқылы оның тілдік тұлғасына ұлттық дүниетанымы тән болғанын байқауға болады, өйткені осындай ұлттық афоризмдерде қазақ халқының өмірінің ерекшелігі көрініс тапқан. Демек, екінші тілдік тұлғаға тән қасиеттің бірі – туған тілдің тілдік бейнесі, екінші тілде толықтырылып келіп әлемнің тұжырымдалған тілдік бейнесін жасап шығаруы.

Е.А.Бөкетовтің дискурстарын ұйымдастыруды зерттеу оның тілдік тұлғасындағы сөздер мен сөздердің тұрақты тіркестерінде бейнеленген әлемдік бейнесін ашады. Оның тезаурусы жарқын метафораларға толы, олардың орбитасында автор тек өзінің, ана тілінің вербалды-семантикалық байлығын ғана емес, әлем туралы білімі жаңа лексикалық және фразеологиялық кірмелер арқылы едәуір кеңейтілді, өйткені ол өзінің тілдік тұлғасының танымдық деңгейінде жаңа ұғымдардың тасымалдаушысы болды. Оның шығармашылық табиғаты осындай құбылыстарды жеке-бейнелі қабылдау арқылы толығымен жеткізіп, мәтінді құру кезінде жеке авторлық метафораларды тудырды және олардың есебінен орыс тілінің коммуникативті мүмкіндіктерін байытады. Е.А.Бөкетовтің тілдік тұлғасының бұл ерекшеліктері Ю. Н. Карауловтың "тілдік бейненің тамыры семантикада емес ..., тезауруста, білім жүйесінде» деген пікірін дәлелдейді. (Караулов 1987, 176).

Е.А.Бөкетов жаратылыстану ғылымымен қатар әдебиет саласын қатар алып жүрген деп жоғарыда айтқан едік, «Шесть писем другу» повесінде осы екі жақын емес салаларды слыстырып, әрі ұқсастығы барын шебер айтып өтеді: «У нас в естественных науках существует так называемый статистический метод выведения закономерностей, когда из многочисленных данных по одному и тому же свойству или, как мы говорим, параметру выводится нечто математически усредненное. Это, наверное, для художественной

типизации *грубая* аналогия, ибо область мышления образами требует, как ты сам говорил, особого восприятия, отхода от *грубых* реалистичностей в область чувства музыки жизни, гармонии окружающего. И все же такую аналогию, по-видимому, сделать можно» [2.10]. «Грубая аналогия» және «грубых реалистичностей» тіркестерінің эмоционалдық бояуы және коннотациясы айқын болғандықтан, құбылысты дәл суреттеуге қызмет етеді. «Преподавала она нам химию и биологию, предметы казались куда более скучными, чем, например, литература или история, но когда Анна Агеевна говорила мягким и мелодичным голосом о вечном движении в естественном мире, о том, что поведение какого-то *ничтожного* атома имеет для мироздания такое же значение, как и поведение планет, и что законы этого вечного и неустанного взаимодействия больших и малых, живых и неживых частиц должен человек познавать, изучить» [2.35]. Осы жердегі автор қолданысындағы «ничтожный атом» тіркесіндегі – «ничтожный» эпитеті де айрықша өң беріп тұр. Көріп отырғандай, мұнда да тілдік тұлға әлем туралы білімін білдіру үшін сөз семантикасының мағыналық шеңберін кеңейтіп, сөзді шебер меңгергендігін көрсетеді.

Қорыта келе, Е.А.Бөкетов орыс тілін өз ана тілінен кем білмеген, шығармаларын екі тілде еркін жазған екінші тілдік тұлға деп айта аламыз. Ол орыс тілінде жазған шығармаларында көріктеу құралдарын орынды қолданып қана қоймай, сол тілдің сирек кездесетін сөздерін пайдаланған. Қазақ халқына тән дүниетанымы да, орыс халқының тарихы мен мәдениетіне тән тілдік әлемдік бейнелері шығармаларында бар, яғни Е.А. Бөкетов мәдениетаралық деңгейде орыс тілінде қарым-қатынас жасау қабілеті жоғары болған. Орыс тілінің вербалды-семантикалық кодын, яғни осы тілде сөйлеушілердің әлемнің тілдік бейнесін және адамға жаңа әлеуметтік шындықты түсінуге мүмкіндік беретін әлемнің ғаламдық (тұжырымдамалық) бейнесін игергенін қаламгердің туындылары көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Халеева И.И. Вместо предисловия редактора: Интеркультура – третье измерение межкультурного взаимодействия (из опыта подготовки переводчиков) // Актуальные проблемы межкультурной коммуникации: Сб. научных трудов. – М.: Изд-во МГЛУ, 1999. – Вып. 444. – с. 5-14.
2. Букетов Е.А. Собрание сочинений. Том 6. – Караганда: КарГУ, 2006. – 249 с.
3. Букетов Е. Көкейкесті. – Алматы: Қазақстан, 2000. -431 б.
4. Караулов Ю.Н. Языковая личность // Русский язык: Энциклопедия. – М., 1986. –с.
5. Қабдолов З. Сөз өнері. Оқулық-монография. – Алматы: Санат, 2002. – 357 б.
6. Белая Е.Н. Теория и практика межкультурной коммуникации. – М.: Форум 2011. – 216 с.

ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН АЙМАҚТАРДЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒАЛАУ

PhD., аға оқытушы Садыкова Дамежан Адилхановна
а/ш.ғ.к., қауым. проф. м. а Медеуова Ғалия Жумакановна
Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық университеті
Алматы қаласы.

Түйіндеме: Мемлекеттік табиғи қорық - қоршаған ортаның табиғи эталондар, реликтілері, ғылыми зерттеулерге, ағарту білім беру ісіне, туризмге және рекреацияға арналған нысандары ретінде экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше құнды, мемлекеттік қорғауға алынған аумақтарының жиынтығы. Қорықтардың басты мақсаты - табиғи ландшафтылар эталонын мұндағы тіршілік ететін өсімдіктер мен жануарлар дүниесімен қоса сақтау, табиғат кешендерінің табиғи даму заңдылықтарын анықтау. Сонымен бірге адамның шаруашылық әрекетінен табиғатта болатын өзгерістерді болжау үшін аса қажет. Қазақстан қорықтары саны жөнінен ТМД мемлекеттері арасында 16-шы орын алады. Бұл жер көлемі бойынша әлемде тоғызыншы орын алатын Қазақстан Республикасының алуан түрлі табиғатын зерттеу және қорғау үшін жеткіліксіз екені айқын. Сондықтан Қазақстан табиғатын қорғау үшін қорықтардың санын арттыру, еліміздің табиғатын қорғау бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Осыған орай болашақта ғалымдардың, табиғатты қорғау қоғамы өкілдерінің ұсынуымен тағы 15 қорық ұйымдастыру жоспарлануда.

Кілт сөздер: Қорықтар, ұлттық саябақтар, экотуризм, агротуризм, рекреациялық аймақтар, экология

Abstract.

State nature reserve - a set of state protected territories of special ecological, scientific and cultural value as natural standards, relics, objects of the environment for scientific research, educational, educational work, Tourism and Recreation. The main goal of the reserves is to preserve the standard of natural landscapes with flora and fauna living here, to determine the laws of natural development of natural complexes. At the same time, it is extremely necessary to predict the changes that will occur in nature from the economic activity of a person. Kazakhstan ranks 16th among the CIS countries in terms of the number of reserves. It is obvious that this is not enough to study and protect the diverse nature of the Republic of Kazakhstan, which ranks ninth in the world in terms of land area. Therefore, increasing the number of nature reserves for the protection of the nature of Kazakhstan, the protection of the nature of the country is an urgent problem today. In this regard, in the future, at the suggestion of scientists and representatives of the environmental community, it is planned to organize 15 more nature reserves in the country.


Keywords: nature reserves, national parks, ecotourism, agrotourism, recreational areas, ecology

Жер бетіндегі табиғатты қорғаудың ең жоғарғы формасы – қорықтар ұйымдастыру. Бүкіл дүниежүзілік тәжірибелерге сүйенсек жер шарының жекелеген елдерінде қорық ұйымдастыру XIX ғасырдың бастапқы кездерінен бастап жүзеге асырылғаны көрсетіледі. Ал, оның алғашқы нәтижелердің бірі 1872 жылы Америка жерінде ұйымдастырылған алғашқы ұлттық саябақтар. Одан соң Канада, Африка, Австралия, Жаңа Зеландия т.б. материктерде қорықтар мен ұлттық саябақтар ұйымдастырылғаны белгілі. Ресейде 1874 жылы Аскания – Нова ұлттық саябағы құрылған болатын.

Қазіргі кезде жер шарында қорықтарға карағанда ұлттық бақтардың саны әлдеқайда көп. Оның себебі, шет елдерде қорықтар аймақтары шектелген табиғат қорғау жүйесі болғандықтан, табиғатты қорғау үшін ұлттық бақтар ұйымдастыру әлдеқайда ұтымды екенін дер кезінде түсіне білді. Шын мәнінде, табиғатты қорғау оның аймағымен шектелмеуі тиіс, керісінше барлық жер адам баласы үшін саялы бақ, құтты қонысы болуы керек. Осы орайда, Канада, Африка, Австралия, Англия, Германия, Франция т.б. өркениетті елдерде мемлекеттің барлық аумағы ұлттық байлық деп қорғауға алынған. Мәселен, Англияның кішкене ғана жерінде 189 ұлттық қорықша, 10 ұлттық саябақ, 81 корольдік қорықтар болса, ал Германия жерінде 735 қорықшалар, 400-ден астам ландшафтық аймақтар, 9100 табиғат ескерткіштері бар. Сол сияқты Франция жерінде 22 ұлттық саябақ, 20 қорық бар екенін ескерсек, жоғарыдағы «өркениетті» елдердің табиғатты жоғарғы деңгейде қорғайтынын байқауға болады (Мониторинг-1).

Мониторинг-1

Ерекше қорғалатын аймақтар мониторингі




Бұрынғы Кеңес үкіметінің жағдайына тоқталсақ, КСРО, қазіргі ТМД елдері бойынша 141 мемлекеттік қорық, 2700 қорықша, 12 ғана ұлттық саябақ, бірнеше мың табиғат ескерткіштері болған. Әрине, шет елдермен салыстырғанда бұл өте аз. Оның да өзіндік себептері бар. Десе де, табиғат қорғау ісінде шетелдік тәжірибелер мен парасатты көзқарастарымыздың жетпей жатқанын мойындауымыз тиіс.

Ал, Қазақстан Республикасы бойынша 9 мемлекеттік қорық, 66 қорыққор (оның 44 зоологиялық, 20 ботаникалық, 2 палентологиялық), 6 ұлттық саябақ және 24-тен астам табиғат ескерткіштері бар. Әрине, біздің аумақтың көлеміне шаққанда қорғалатын жерлер барлық жердің 3% пайызын қамтиды. Мұның өзі табиғат қорғау проблемасының өз шешімін таппай отырғанын көрсетсе керек. Дегенмен, республикамызда қорықтар ұйымдастыру соңғы жылдары қолға алына бастады. Мәселен, соңғы жылдары Батыс Алтай мен Алакөл қорығының ұйымдастырылуы, Алтынемел, Ордабасы, Қарқаралы, Іле Алатауы ұлттық саябақтарының құрылуы осының айғағы болса керек (Мониторинг-2).

Мониторинг-2

Қазақстанның облыс аймақтары бойынша қорық, қорықша, ұлттық саябақ мониторингі



Негізінен ландшафтарды, табиғатты қорғаудың 10 категориясы бар: қорықтар, қорыққорлар, ұлттық саябақтар, табиғат ескерткіштері, қорғалатын ландшафтар, табиғат ресурстарының қорыққорлары, биосфералық қорықтар, микроқорықтар (омыртқасыз жәндіктер мен өсімдіктерге арналған), табиғат нысандары және көп мақсатта қорғауға алынған жерлер.

Қорықтар - бұл табиғат нысандарын қорғаудың ең жоғарғы формасы. Қорық аймағы шаруашылық айналымынан босатылып, онда кен өндіру мен құрылыс жұмыстарын жүргізу, аң-құс атып, балық аулау, шөп шабу мен мал жаю және ағаш дайындау сияқты табиғат байлықтарын нұсқан келтіретін әрекеттерге тыйым салынған. Сонымен қатар, қорық жеріне улы химикаттарды шашуға және басқа жерлердің өсімдіктері мен жануарларын жерсіндіруге болмайды. Бір сөзбен айтқанда, қорық ұйымдастырылған жердің табиғаты, сол аймақтың ландшафттық-географиялық белдеуінің үлгісі ретінде қорғалуы қажет. Бұл жерлердегі экологиялық процестердің барлығы адам араласуынсыз табиғи жағдайда өтеді. Адам оның бақылаушысы, зерттеушісі ғана. Сол себепті де қорықтарды соңғы кезде ашық аспан астындағы нағыз «табиғат зертханасы» деп те атап жүр. Өйткені, мұнда ұзақ жылдар бойына табиғат кешендерін табиғи жағдайда ғылыми терең зерттеу, «табиғат жылнамаларын» жүргізу сияқты алуан түрлі жұмыстар жүзеге асырылады.

Қорықтарда тек саны азайып, жойылып кетуге жақын тұрған жануарлар мен аса бағалы өсімдіктер ғана қамқорлыққа алынып қоймай, өлкеміздің көрікті табиғат ландшафттары, жалпы табиғат кешендері сол қалпында сақталады. Міне, сондықтан да болашақ ұрпаққа табиғат байлықтарын көркейген қалпында табыс етуде қорықтардың алатын орны ерекше.

Ұлттық саябақтар – табиғи қорғалатын экологиялық және ғылыми зерттеу мәселелері, өз аумағына табиғат кешендері және нысандары, экологиялық тарихи, табиғи эстетикалық бағалауға ие болған табиғатты қорғау үшін туризмде ғылыми немесе мәдени мақсатта пайдаланатын аймақтар. Ұлттық саябақтар аймағында орналасқан жер, су, топырақ, өсімдіктер мен жануарлар, табиғи, тарихи нысандар, ғимараттар, жылжымайтын мүліктер ұлттық саябақтар құқықтарына сәйкес мемлекеттік заң жүзінде қорғалады. Ұлттық саябақтың негізгі мақсаты:

- табиғат кешенін, тиімді экологиялық аймақтар мен нысандарды қорғау;
- туризм және демалыс үшін қолайлы жағдай қалыптастыру;
- экология және табиғатты қорғауға арналған ғылыми әдістерді талдау;
- бұзылған табиғи және тарихи-мәдени кешендер мен нысандарды қалпына келтіру;
- экологиялық тұрақтылығын айқындау.

Ұлттық саябақтар аумағында әртүрлі зоналарға бөлінеді:

- шаруашылық қызмет және рекреациялық ресурстарға тиім салынып қорықталатын аймақтар;
 - ерекше қорғалатын табиғат кешенін сақтау үшін жағдай қамтамасыз ететін, табиғат кешендері мен нысандар;
 - демалыс үшін рекреациялық аймақтарды қорғау;
 - тарихи-мәдени нысандарды қорғау;
 - туристерге, демалушыларға қызмет көрсететін түнеу, қонақ үй, лагерь, палатка, туристік сервистер, мәдени, тұрмыстық, ақпараттық қызмет көрсету;
 - ұлттық саябақтарда қажетті қызметті қамтамасыз ету үшін шаруашылық қызметі;
- Ұлттық саябақтарда кез-келген табиғат кешенін немесе нысанына зиян тигізетін қызмет түрлеріне тиым салынады. Сонымен бірге:
- ұлттық саябақ аймағында пайдалы қазбаларды барлау, бақылауға;
 - геологиялық және топырақ қабатына кері әсерін тигізетін жұмыстар жүргізуге;
 - гидрологиялық режимін өзгертетін қызмет түрлері;
 - бау-бақша мен дачалық жер бөлуге, пайдалануға;
 - жол магистралы мен тұрғын үй құрылысын салуға, электр желілері мен құбыр желілерін салуға, шаруашылық нысандарын салуға;
 - жайлау, аң аулау мен балық аулауға, өсімдіктерді өнеркәсіп үшін дайындауға, флора мен фаунаға зиян тигізуге, биологиялық коллекция үшін жинауға;
 - көлік құралдарының қозғалысына, тұрағына, үй жануарларын жаюға, су жолдарын пайдалануға;
 - ұйымдасқан спорттық ойындар, көрсетілімдер мен от жағу іс-шараларын ұйымдастыруға тиым салынады.

Ұлттық саябақтың лицензиялық меншік иесінің келісіміне сәйкес белгіленген жағдайда белгілі бір жер аумақтары, нысаналар, ғимараттар т.б пайдалануға берілуі мүмкін. Ұлттық саябақтар елімізде қорғалатын ландшафтылардың жаңа түрі. Олар әлі де толық өріс алып, дами қойған жоқ. Мұның қорықтардан айырмашылығы – туристер мен демалушылардың көруіне рұқсат етіледі. Бірақ олардан табиғатты қорғау ретін сақтау талап етіледі.

Демалушы адамдар табиғаты әсем жерлерге көптеп ағылып жатады. Мысалы, Африканың ұлттық саябағын көру үшін жылына ондаған миллион адам барады. Табиғат аясында демалу қажеттілігін қанағаттандыру көптеген мемлекеттік мәні бар мәселеге айналды. Батыс мемлекеттердің кейбірінде демалыс орындарынан түсетін пайданың мөлшері өндірістің басқа салаларынан түсетін пайданан әлдеқайда артық болып отыр. Мысалы, Кенияның ұлттық саябағына келген туристерден түскен пайда 1971 жылы 50 миллион, АҚШ саябақтары 11,2 миллиард доллар пайда түсірді. Туристерден түскен пайда кейбір елдерде жалпы мемлекеттік пайданың үш бөлігінің бір, кейде екі бөлігінің бір бөлігін қамтиды. Осыған байланысты АҚШ-тың кейбір ауыл шаруашылық және табиғи ормандары туристерден, демалушылардан қосымша ақша түсіру үшін ғана пайдаланылады. Африканың жабайы тропикалық орманын көру үшін жылына 650 мың турист келеді екен. Мысалы, Кения мемлекетіндегі Амбоссии ұлттық саябағындағы бір пілдің өзі жыл сайын туристердің келуімен 14375 \$ долларын құрайды немесе бүкіл өмірінде 900000 доллар табады екен. Бұл, әрине өсімдіктер мен жануарлардың көркі мен ерекшелігі маңызды табыс көзіне айналған нысан болып табылады.

Қоғамның дамуымен өнеркәсіп дамыды. Жер бетіндегі халықтар саны артып, урбандалу дәрежесі кеңейді. Өндірістік технология, индустрияның дамуы қала халқының психологиялық және физиологиялық тұрғыдан қажеттілігін қанағаттандыру сұранысын туғызды. Адамдар таза ауада демалып, көрікті табиғат аясында тынығуды қажет етеді. Антропогендік іс-әрекет, қоғамның экологиялық талаптарды орындамай дамуы табиғи кешендердің біртіндеп деградацияға ұшырауына әсер етті. Табиғаттың табиғи көріктілігін қорғау, ұлттық саябақтар мен қорықтардың экономикалық, экологиялық белсенділігін арттыру

мақсатында әлемнің көптеген елдерінде табиғи кешендердің бірқалыптылығын сақтайтын жоспарланған аймақтық туризм, яғни экологиялық туризм пайда болды.

Экологиялық туризм адамның айналадағы ортаға тигізетін әсерінен пайда болады. Экологиялық туризм табиғат нысандарына белсенді, танымдық саяхат жасау. «Экологиялық туризм» термині және «экотуризм» яғни оның қысқартылған түрі ағылшындардың «ecological tourism» және «ecotourism» сөздерінен шыққан. «Экологиялық туризм» терминін ғылымға 1980 жылы мексикандық экономист Гектор Цеболлос Ласкурейн (Ceballas Lascurain) енгізді. Оның пікірінше экологиялық туризм саяхаттау арқылы табиғатты қорғау, зерттеу, оқу арқылы өсімдіктер мен жануарларды қорғау. Отандық және шетелдік ақпарат көздерінде, әдебиеттерінде экологиялық туризмге әр түрлі анықтама беріледі: «жасыл туризм», «техникаландырылмаған туризм», «табиғатқа жақындатылған», «бейімделген туризм», «табиғи туризм», «жасыл туризм», «жұмсақ туризм» терминдері кездеседі. Соңғысы негізінен неміс тілді елдерінде қолданылады. Оларда «экологиялық» анықтамасы өте сирек қолданылады.

Экологиялық туризм «табиғи ортаға» саяхаттау түрі. Экологиялық туризмнің дамуы жануарлар мен өсімдіктер әлемін, әртүрлі тірі ағзалар түрлерін тұрақты экономика, қоршаған ортаны қорғау, мәдениет, табиғи және тарихи мұралар, қоғам және табиғат мәселелерін қамтиды. Экологиялық туризм тұрақты дамудың ең маңызды құралы.

И. Криппендорф (J.Krippendorf) анықтамасына сәйкес, экологиялық туризм «тыныш немесе тыныштық туризмі» яғни, жергілікті халықтың және ландшафт талаптарына сай, ландшафтпен физикалық және мәдени байланысын қамтамасыз ету. К.Х. Рохлитц (К.Н. Rohlitz) анықтамасы бойынша «жұмсақ туризм – жергілікті халыққа экономикалық пайда түсіретін және келген қонақтар мен жергілікті халықтар арасында қарым қатынасты қамтамасыз ететін және ландшафт пен жергілікті әлеуметтік-мәдени ортаға зиян келтірмейтін біркелкі туризм».

Әрине, «экологиялық туризм» ұғымы жер шарының адам аяғы баспаған, әрі пайдаланылмаған жерлерімен саяхат жасауды ғана білдірмейді. Қазіргі уақытта бұл ұғым кең ауқымды қамтиды.

Ол экологиялық туризмнің басты мақсатымен анықталады: табиғатпен бірігу, оның түпкілікті маңызын ұғыну және қорғау қажеттілігін түсіну. Сондықтан туризмді адамзаттың «ашық» ортада болуымен сипаттауға болады. Сонымен қатар оның көркемдік, экзотикалық, қайталанбас табиғат құбылыстары мен нысандар арасындағы тығыз байланысты білдіретін, адамның ғылыми аймақтанушылық қажеттіліктерін қанағаттандырады.

1950 жылдардан бастап табиғатты қорғау, қорықтар мен ұлттық саябақтарды көбейту арқылы экономикалық, экологиялық мәселелерді шешу бағытында экотуризмді дамыту әлемнің артта қалған мемлекеттері мен өлкелерін дамушы аймаққа айналдыруда басты фактор болды.

Еуропа елдерінде ХХ ғасырдың 70-ші жылдары «агротуризм» термині ретінде ауылшаруашылығының экономикалық тұрғыдан дамуы әсерінен құрылыстың дамуы, табыс көзінің төмендігімен өзінің тартымдылығын жоғалтуынан пайда болды. Германияда агротуризм ХХ ғасырдың 90-шы жылдары дамыды. 1989ж Германия мемлекеттерінің бірігуінен соң экологиялық туризмге басты назар аударды. Германия халқы Еуропадағы саяхаттауды ең ерекше ұнататын халық, сондықтан халқының 34 % өз мемлекеттері бойынша саяхат жасайды. Мысалы, 1983 жылы Батыс Германия туристерінің 46 % пайызы үшін сапар мақсаты «табиғатпен араласу» болса, 1992 жылы – 59,3% пайыз. Сапар мақсаты «таза ауа, су және ластанған ортадан шығу» 1983 жылы туристерінің 36,9 пайызы үшін маңызды болса, 1992 жылы – 52% пайызға өсті. Италияда агротуризм ХХ ғасырдың 70-ші жылдары дамыды. Осыдан 10 жыл бұрын агротуризм экотуризм терминімен ауыстырылды. Азия мемлекеттерінде ХХ ғасырдың 90-шы жылдары дамыды. 1991 жылы Кипрде ағаштарды қалпына келтіру туралы бағдарлама қабылданды.

1996 жылы Пакистан мемлекетінің тау шындарына шығуға лицензия сатудан жиналған қордың мөлшері АҚШ-тың 390800 долларына жетті. Экологиялық туризмнен түскен табыс тау ландшафтының сақталуы мен қалпына келтірілуіне жұмсалады. Табиғатты қорғау бағытындағы экотуристік жоба Ресейде 1995-1996 жылдары, Солтүстік-Батыс және Қиыр Шығыс аймақтарында талқыланды. ТАСИС жобасы бойынша Солтүстік Батыстағы Водлозск Ұлттық саябағында экологиялық туризмді дамытуға арналған жоба талқыланды. Қиыр Шығыста Бүкіләлемдік жабайы табиғат фонды (WWF) және АҚШ халықаралық даму Агенттігі (USAID) қорықтар мен табиғатты қорғау аймақтарда экологиялық туризмді дамытуға көмек көрсетті.

Еліміздегі ең алғаш өткізілген «Белуха-2002» (Шығыс Қазақстан обл, Қатон - Қарағай ауданы) Халықаралық туристік фестиваль таулы Алтай бөктерінің ерекше табиғатын, экологиялық туризмді насихаттаған болатын. Әлемдегі халықаралық туризм дамыған Америка, Австрия, Ұлыбритания, Германия, Франция, Италия, Ресей, Украина елдерінен 260- тан аса адамдар жиналған мұндай шара елімізге келген қонақтардың ағымын ұлғайтады. Алматы, Астана, Ақтау қалаларында өткізіліп жүрген Халықаралық көрмелер Бүкіләлемді Туристік Ұйымның шаралар күнтізбегіне еніп, жыл сайын ұйымдастырылуда.

Осының нәтижесінде көптеген фирмалар туризмнің ішінен табиғатты қорғау бағытындағы экотуризмге нақты көңіл бөлді.

Ерекше қорғалатын аймақтар табиғаттың көрікті, рекреациялық аймақтары. Сондықтан ерекше аймақтарды қорғау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Осыған орай әлемдік тәжірибе айқындағандай еліміздегі қорықтар мен ұлттық саябақтар, ерекше қорғалатын аймақтарда экотуризмді дамыту арқылы қорғау, тиімді пайдалану шараларын қалыптастыру, әлеуметтік-экономикалық, экологиялық тұрғыдан бағалау арқылы негізгі бағыттарын айқындауымыз қажет.

Әдебиеттер тізімі

- 1.Александрова А.Ю. Международный туризм. М., 2001.
- 2.Белусова Л.С. Охраняемые природные территории: нац парки, заповед.Москва.2000г
- 3.Природные ресурсы и охрана окружающей среды в РК. Алматы 1994г
4. 18. Гуляев В.Г. Организация туристской деятельности. — Москва., 1996.
- 5.А.В.Чигаркин. Памятники природы Казахстана. Алматы, 1980г..
- 6.Н.Н.Дублицкий. Туристские маршруты по Казахстану.Алматы, 1985г.
7. Садыкова Д.А.Мухамединова Н.Н. ҚР экологиялық проблемалары,-А.: ҚазмемПУ.2010ж.

**IV ПРОФЕССОР К.Ж.ҚОЖАХМЕТОВА – ЭТНОПЕДАГОГИКА
ӘДІСНАМАСЫНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ.«ҰЛТЫМНЫҢ ТӘРБИЕСІН ЕТТІМ
МҰРА» – ПРОФЕССОР К.Ж.ҚОЖАХМЕТОВАНЫҢ ӨНЕГЕЛІ ӨСИЕТТЕРІ
IV ПРОФЕССОР К. Ж. КОЖАХМЕТОВА-ОСНОВАТЕЛЬ МЕТОДОЛОГИИ
ЭТНОПЕДАГОГИКИ. «ҰЛТЫМНЫҢ ТӘРБИЕСІН ЕТТІМ МҰРА»-ЗАПОВЕДИ
ПРОФЕССОРА КОЖАХМЕТОВОЙК.Ж.
IV PROFESSOR KOZHAKHMETOVA K.ZH.AS A THEORETICIAN OF THE
METHODOLOGY OF ETHNOPEDAGOGY."ULTYMNUNG TARBIESIN ETTIM
MURA" - THE COMMANDMENTS OF PROFESSOR K. ZH. KOZHAKHMETOVA**

ӘОК 373.24

**ҚОЖАХМЕТОВА КЛАРА ЖАНТӨРЕҚЫЗЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ
ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ЖАСТАРДЫ
ТӘРБИЕЛЕУ**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

П.ғ.к., профессор м.а. Н.С. Әлқожаева,

оқытушы, С.Б.Ертисова

Түйін:Мақала ғалым, қазақ этнопедагогикасының іргетасын қалаушылардың бірі Клара Жантөреқызы Қожахметоваға арналған. Сонымен қатар, мақалда, ғалымның жастар тәрбиесіне қосқан үлесі мен артына қалдырған баға жетпес мұрасы туралы ойлар, пікірлер баяндалған.

Кілттік сөз: этнопедагогика, ұлттық тәрбие, құндылық, этнопедагогикалық құндылық, көпмәдениет т.б

Резюме: Статья посвящена ученому, одному из основоположников казахской этнопедагогике Кожахметовой Кларе Жантореевне. А также, в статье представлены ее огромный вклад в воспитании молодежи, ее бесценное наследие и основные мысли и мнения как ученого.

Ключевые слова: этнопедагогика, национальное воспитание, ценность, этнопедагогическая ценность, поликультура и др

Resume

The article is dedicated to the scientist, one of the founders of Kazakh ethnopedagogy, Kozhakhmetova Klara Zhantoreevna. And also, the article presents her enormous contribution to the education of young people, her invaluable heritage and the main thoughts and opinions as a scientist.

Key words: ethnopedagogy, national education, value, ethnopedagogical value, polyculture etc.

Халқымыз өркениетті елдердің қатарында жаһандану кеңістігінде өзінің ұлттық сапалары мен этномәдени құндылықтарын сақтауы арқылы мәңгілік ел ретінде көрініс таба алады. Бұл тұрғыда елімізде көптеген ірі жобалар жүзеге асырылуда: мәдени мұра, рухани жаңғыру, даланың жеті қыры т.б. Аталған жобалардың қайсысы болмасын этнопедагогикамен байланысты, өйткені этномәдени құндылықтар қарастырылып, басшылыққа алынады. Ғалым, профессор – Клара Жантөреқызы Қожахметованың бұл бағыттағы еңбегі өлшеусіз десек те болады. Оның «Қазақ этнопедагогикасы: әдіснамасы,

теориясы, практикасы» тақырыбындағы монографиясында халқымыздың рухани, мәдени құндылықтарына назар аудартып, тәжірибеде қолданудың нақты жолдарын, тетіктерін көрсеткен [1]. Келесі бір қомақты мақала «Ұрпақтар аралық құндылықтардың генезисі мен өзгерісі», мұнда этнопедагогикалық тұрғыдан ұрпақтан ұрпаққа берілетін тәрбиенің тарихы, өзгешеліктері баяндалған [2]. Өзінің еңбек жолын жалпы білім беретін мектептерден пән мұғалімінен бастаған Клара Жантөреқызы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, этнопедагогика зертханасының меңгерушісі (РБЖИ), кафедра меңгерушісі (педагогика және психология), Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясындағы «Тәрбие мәселелері институтының директоры», жоғары мектептердегі профессор, проректорлық қызметін қоса алғанда негізінен жеткіншектер, жастар тәрбиесіне бүкіл өмірін сарп еткен тұлға. Клара Жантөреқызы аса тәрбиелі, этнопедагогикалық құндылықтарды бойына сіңірген ғалым еді, ол туралы балалары, ата-ана, бауыр-туыстары, ата-енесі, немерелері, әріптестерімен қатынасы туралы жақындарының айтқанын естігенде және өзінің жақындары туралы ілтифатпен айтуын естігенде, тәрбиемен тәрбиелі адам айналысу керек деген ой түюге болады.

Клара Қожахметова қазақ этнопедагогикасы әдіснамасының кірпішін қалаушылардың бірі ретінде, өзінің «Қазақ этнопедагогикасы: әдіснамасы, теориясы, практикасы» [1] монографиясы мен «Қазақ этнопедагогикасындағы тәрбиенің мақсаты» тақырыбындағы мақаласында да әрбір халық бала тәрбиесінде этнопедагогиканың құралдарын қолдануы қажет деген тұжырым жасап, жолдарын көрсетіп, нұсқаулық берген [3]. Тәрбиенің мақсаты - жан-жақты және үйлесімді дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру, деп қарастырылатын болса, этнопедагогикада ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты дамыған, құндылықтарды бағалай алатын жеке адам, тұлға қалыптастыру деп қарастырылады. Яғни, қазіргі таңда жоғарыда айтып өткен жобалардың этнопедагогиканың мақсатымен тікелей байланыстылығын көреміз.


Клара Жантөреқызы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 8-бабындағы айтылған: «жеке адамның ...рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектін байыту», деген тұжырымды этнопедагогикамен, этнопедагогикалық құндылықтармен байланыстырып, дамытты. Ол, «Қазақстан Республикасы этникалық-мәдени білім беру тұжырымдамасын» басшылыққа ала отырып жастарды этнопедагогикалық құндылықтар негізінде отбасын құруға даярлау мәселесін де қарастырды [4]. Сонымен қатар, өзінің шәкірттерімен бірге «Қыздар әліппесін» жарыққа шығарды. Ерді тәрбиелеймін десең ұлды, елді тәрбиелеймін десең қызды тәрбиеле дегендей, қыздар тәрбиесіне көп көңіл бөлді [5].

Баланы тәрбиелеу үшін алдымен оларды танып, зерттеп білуіміз керек деген пікірдің авторларының бірі ретінде, «Біз өз балаларымызды білеміз бе?», деген қоғамда үлкен талқыға түсіп, қолдау тапқан еңбектерінде де бала тәрбиесіндегі келелі мәселелерді көтерген [6].

Сондай-ақ, этномәдени құндылықтарды дәріптеуде бірнеше көпмәдениеттілікке байланысты еңбектері жарық көрді, айталық: Қазақстанның көпэтникалық жағдайындағы көпмәдениетті білім берудің ерекшеліктері [7], Қазақстанның көпэтникалық жағдайындағы көпмәдениетті білім беру: мәселелір мен болашағы [8], Қазақстанның көпэтникалық жағдайындағы көпмәдениетті білім беру: мәні мен ерекшеліктері деген бір-бірін толықтырып отыратын бірнеше мақалаларын жария етті [9]. Бұл мәселеде де көрегендікпен, еліміздің көпұлттылығына мән беріп, көпмәдениеттілік мәселеде нені басшылыққа алу қажеттігіне назар аударған.

Этнопедагогикалық құндылықтар, өмірлік құндылықтар ретіндегі сипатқа ие және ол да заман өзгерісіне сай өзгереді. Дегенменде, ұлттың ерекшелігін сақтап, келбетін айшықтайтын этномәдени құндылықтар ұмытылмауы, дәріптелуі тиіс, ол үшін осы тұрғыдағы еңбектерді жастарға таратып, сусындандырғанымыз абзал.

Ғасырдан ғасырға еншілеп келе жатқан қазақ халқының арасында рулық салт-сананың сақталып келгенін олардың әр түрлі туысқандық қарым-қатынастарынан көре аламыз. Ең алдымен, жеті аталық ұстанымға негізделген бұл жол қазақ халқының этнобиологиялық, этномәдени, этнопедагогикалық, этнопсихологиялық ерекшеліктерін басшылыққа ала отырып, этноәлеуметтік ұлттық рухани тұтастығын қамтамасыз етіп отырған. Этнобиологиялық, гендік тұрғыдан, этномәдени - салт дәстүрге негізделген мәдениет, этнопедагогикалық- тәрбиемен байланыстырылып, этнопсихология - ұлттық ішкі жан-дүниемен байланысын бірге алғанда этноәлеуметтік ұлттық рухани тұтастықты құрайды деп түсінуге болады.



1-сурет – Ұлттық рухани тұтастық пен этноәлеуметтік қарым-қатынастардың байланысы

Жеті ата, ру мәселесіне гендік және ғылыми тұрғыдан қарап, халқымыздың тектілік мәселесін сақтау көрегендік. Этноәлеуметтік қарым-қатынастарды реттейтін, іске қосып, жүзеге асыратын – этноәлеуметтік және әлеуметтік рөлдер. Олай болса, бала тәрбиесінде ғалымдар ұсынған ата, әже, әке, ана мектептері жандануы тиіс, осы тұрғыда Клара Жантөреқызы көп еңбек етті, бүгінде шәкірттері оны жалғастыруда.

Бала тәрбиесіне қатысты, К. Қожахметова «қазақ отбасындағы этноәлеуметтік рөлдер» мәселесіне тоқталып, халқымыздың сан ғасырлар қалыптасып, тарих талқысынан өткен, салт пен әдет-ғұрып аясында өрбіп, тәрбие шеңберінде дамитын, заман талабымен жаңғырғанымен, қалпын сақтайтын тамаша дәстүрлері бар екенін айтып өтеді.

Ата мен әже педагогикасы арқылы отбасында тәлім алған, өмірлік дағдылары қалыптасқан баланың жан-жақты әлеуметтенгендігі мен әлеуметтік рөлдерге бейімделгендігі адамгершілік сипаттарымен көрініс береді. Бұл бір жағы тәжірибелілік нәтижесі болса, екінші жағынан, тұрақты да ерінбей-жалықпай мейірім арқылы берілген тәрбиенің жемісі. Яғни тәрбиеге ата-әже, әке-ана бірлесе үлес қосуы этнопедагогикалық ұстанымға сүйену болып табылады.

Ол өзінің «Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика»[10] атты оқу құралында балаға жақсы ат қою; баланың тілін-ойын дамыту; денсаулықты сақтауға көңіл бөлу; отбасылық құндылықтарды бағалауға тәрбиелеу; туысқандық сыйластықты ұғындыру; ата-бабадан келе жатқан салт-дәстүрді отбасында қалыптастыру; ұлттық ұғымдарға сүйіспеншілікті үйрету және т.б. мәселелеріне көңіл бөлу қажеттілігіне тоқталып, ұсыныстар берген.

Қай заманда, қай уақытта болсын, адам үшін маңызды, мәнді дүниелер, қымбат асқақ сезімдер болды. Құндылық сөзін соңғы уақытта көп естіп келеміз. Себебі: тәуелсіздік

алғалы ұлтымыздағы, халқымыздағы, ел-жұртымыз – туған жеріміздегі маңызды, халық кие тұтқан қасиетті жәдігерлер, мәдени мұралар туралы еркін айтып, оның ұрпақ үшін тәрбиелік мәнін тереңірек ұғынып келеміз.

Ұлтқа тән құндылықтар: ұлттың атын жоймай келе жатқан – ұлт өкілдері мен ұлт ұрпағы, бабалардан мирас болған, сан ғасырлық тарихы бар – қасиетті қазақ жері, құлағымызға ана әлдиімен енген ана тіліміз, халқымыздың замана көшінен қалмай, бүгінге сабақтастыра білген – тағылымды тарихы, өмір сүру барысындағы салт-санасы, әдет-ғұрпы – ділі (менталитеті), халқымыздың дара тұлғалары және олардан қалған ескерткіштер, даламыздың жеті қыры, ұлтымыздың біртуар азаматтары қалдырған мәдени мұралар, халық шығармашылығы – ұлттық өнеріміз: қол өнері, музыка, сөз өнері, саз өнері, сәулет, мүсін, сурет т.б. Міне, мұндай құндылықтарды білу және бағалау бүгінгі күні әрбір қоғам мүшесінің борышы деуге болады.

Ғалым, профессор, әріптес Клара Жантөреқызы «жаныңда жүрді жақсы адам», болып өткен шаққа өтті алайда ғалымның хаты өлмес дегендей, артына жақсы мұра қалдырған, шәкірт тәрбиелеген адам ұрпағымен, шәкірттерімен, мұраларымен мың жасайды, оған сенім мол. Әріптес болған, дос болған адамдардың жазбалары осыған дәлел бола алады, мысалы: «достастырған ғылым еді, қоштастырған достық болды...», «Қазақ этнопедагогикасының жарық жұлдызы», «жан шуағы жүзінен байқалатын», «ғалымдық ғибрат және кісілік келбетпен үйлесімді өрбіген өмір», «үлкен жүректі ұстаз», «ғылым жолындағы анамыз», «жадымнан өшпес жарқын жан», «Ақ Жайықтан ұшқан ару», «бақытқа толы өмір», «ғылым көкжиегіндегі алып қыран», «ұлтының тәрбиесін мұра тұтқан» және т.б. Мұндай сөздерді аса құрметпен қараған, бағалаған адамдар айтады. Клара Жантөреқызы- тұғыры биік, ұлттық рухты адам дер едік.

Клара Жантөреқызының сұхбаттары да рухани, этнопедагогикалық бағытта ма деп ойланасың ол әжесінің қызы болғандығын және әкесіне жақындығын үлкен мақтанышпен айтып, анасының ашықтығын, қонақжайлылығына мән беріп, олардың қамқорлығын көрсете отырып, отбасындағы жылулықты берген. Ата-анасының ұлттық тәрбиені сіңіріп өсіргендігі тұрмыс кұрғанда көп көмегінің болғанын да жасырмады, өйткені ғалымның ойында әрбір қыз бала ұлттық тәрбиемен сусындаса, ертең жарын, ата-енесін сыйлайды деген төркінді пікір жатыр. Өзінің сөзімен айтқанда этнопедагогика, ғалым үшін тек ғылым емес, жан дүниесімен байланысқан өмірінің маңызды бөлігі болған. Күнделікті өмірде, отбасында ұлттық құндылықтарды дәріптеп, балаларға ат қойғанда ырымдап, жасы адамдарға, жақсы ат қоюға мән берген. Қазақ халқында бала тәрбиесінде туыстыққа баулу, үлкенді сыйлау, құрметтеуге жақсы мән бергенімен шектеулер көп қояды деп те айтып өткен, шектеудің кейде шегін білмей қаламыз өкінішке орай деген, мұнымен толық келісуге болады. Мектептегі педагогикалық үдеріс тек жақсы оқу емес, жақсы тәрбие алып, жақсы адам болып қалыптасу керектіген, яғн әл-Фарабидің сөзін үнемі есте ұстағанымыз жөн, деп сұхбатын аяқтаған екен. Бұл тұрғыда, бүгінгі күні әл-Фараби бабамыздың 1150 жылдығы аталып өтіп, «алдымен адамға тәрбие қажет...», деген тұжырымы кілттік сөзге айналғанын айта кету керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кожухметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: Ғылым, 1998, - 315 с.
2. Кожухметова К.Ж. Ұрпақтар аралық құндылықтардың генезисі мен өзгерісі //Білім беру жүйесіндегі Этнопедагогика. –2006. -№6. 42-48 бб.
3. Кожухметова К.Ж. Цель воспитания в казахской этнопедагогике. // Этнопедагогика педагогика жизни, 2001, -55 стр.
4. Кожухметова К.Ж., Қоңырбаева С.С. «Этномәдени құндылықтар негізінде жоғары сынып оқушыларын отбасылық өмірге даярлау» кешенді бағдарламасы. – Алматы, 2007. -

80 б.

5. Адамова Қ., Қожахметова К., Сырымбетова Л. Қыздар әліппесі. (оқу бағдарламасы) – Алматы: Екібастұз, 1999. - 36 б.

6. Кусаинов А. К., Қожахметова К. Ж., Демеуова М. Е. Знаем ли мы своих детей? Алматы: РОНД, 2003. 192 с.

7. Қожахметова К.Ж. Особенности поликультурного образования в условиях многоэтнического Казахстана - Алматы: Алем, 2001

8. Қожахметова К.Ж. Поликультурное образование в условиях многоэтнического Казахстана: проблемы и перспективы// Вестник Челябинского государственного университета. Образование и здравоохранение № 1, -2015, -93-96 стр.

9. Қожахметова К. Ж. Поликультурное образование в условиях многонационального Казахстана: сущность и особенности. - Сборник докладов.-Алматы, 2000. -83-91 стр.

10. Қожахметова К.Ж. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика. – Алматы, 2000.

ӘОК 37.0

КБЖ 74.00

ҰЛТЫН СҮЙГЕН ТҰЛҒА

Көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз

Қожахметова Клара Жантөреқызы туралы толғаныс

Сатбекова А.А.

педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі
ҚазҰҚПУ, Алматы

Ключевые слова: этнопедагогика, ученый, педагог, методология, духовно-нравственное воспитание

Резюме В данной статье речь идет о К.Ж. Кожакметовой известной в научных педагогических кругах Казахстана и зарубежья как ведущий ученый в области этнической педагогики, разработавший теоретико-методологические основы этнопедагогики и обосновавший ее место в системе наук о человеке, как основатель нового направления – сравнительной этнопедагогики, исследователь проблем национальной школы и вопросов этнического, поликультурного и духовно-нравственного воспитания молодежи. В сферу ее научных интересов входили и проблемы формирования интеллектуального потенциала нации, что сегодня весьма актуально.

Resume This article is about K. Zh. Kozhakhmetova, known in the scientific and pedagogical circles of Kazakhstan and abroad as a leading scientist in the field of ethnic pedagogy, who developed the theoretical and methodological foundations of ethnopedagogy and justified its place in the system of human sciences, as the founder of a new direction – comparative ethnopedagogy, a researcher of the problems of the national school and issues of ethnic, multicultural, spiritual and moral education of young people. Her research interests included the problems of forming the intellectual potential of the nation, which is very important today.

Key words: ethnopedagogy, scientist, teacher, methodology, spiritual and moral education

Жолы сан тарау, ойлы адамның санасына зіл батпан жүкті бұрын да, қазір де, алда да артқан заманда өлшеулі өмірін жұртым қазақ, ұлтым қазақ, ұрпағым да қазақ болып өсуі керек,-деп кеңес тұсында да, ата-баба арманы ақталған, ақ ниет тілектер бір арнаға тоғысқан тәуелсіздіктің ширек ғасырға таяу кезеңінде де ақиқаттан аттамай, жүрегінді шымырлататын шындық сөзге ғана тізе бүккен қыран тектес қазақтың Кларасындай қайсар қызы фәниден бақиға аттанғалы да бірнеше жылға таяды.

Кезінде орыс халқының көрнекті табиғат зерттеушісі К.А.Тимирязев: “Ғылыммен шұғылдануды мұрат еткендер білімге өздеріне сеніп тапсырылған қазына ретінде қараулары керек, ал ол қазына - бүкіл халықтың меншігі”, - деген екен. Оның осы бір қанатты ой-пікіріне толық сай келетін ғалымдардың бірі – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры болған педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының, Халықаралық педагогикалық академиясының, Педагогикалық білім берудің халықаралық ғылым академиясының (МАНПО) академигі, қазақ этнопедагогикасының көрнекті өкілі Қожахметова Клара Жантөреқызы десек артық айтқандық емес. Оған дәлел – болашақ ұрпақ үшін көз майын тауысып, ерінбей жазып кеткен артындағы ғылыми мол мұрасы.

Шынайы ұстаз бола білу – кез келген адамның маңдайына бітетін бақ емес, ол - түн ұйқысын төрт бөліп, сәбиін өсірген ана тәрізді, қаншама тынымсыз күндер мен ұйқысыз түндердің, ізденген айлар мен жылдардың, толғанған ойлар мен еміренген тебіреністердің жемісі. Нағыз ұстаз шәкіртіне өз білімі мен білгенін ғана үйретіп қоймайды, ол онымен бірге қуанып, бірге өседі; оның жетістіктерін бөлісіп, жетіспейтіндерін толықтырады; онымен сырласа отырып, достасады. Мейлі ол жас болсын, жасамыс болсын, ұстаз алдына келген соң, үйренейін, білейін деп келгенін үлкен жауапкершілікпен сезінеді де, оның жанына қажет ой мен сананы, білім мен ғылымды, адамдық пен парасаттылықты егуге тырысады. Бұл – ұстаздың парызы.

Ғалым К.Ж.Қожахметова: “Үйдегі сөз түзелмей, түздегі іс оңалмайды” атты сұхбатында бала тәрбиесі туралы былай толғанады: «... Келеңсіз жағдайларға ұшыраудың тағы бір жанды себебі, ұлттық сапалардың бірі – «Тектілік» мәселесіне мән берілмей, тәрбиенің осы іргелі бағытын әбден құлдыратып алуымызда. «Тек» сөзі «тектіліктің» түбірі екені айқын. Сөздікте «текті» ұғымы - «арғы тегінің әулеттік болмысы атақты тұлға. Текті адам ата-тегінің қадір-қасиетіне кір келтірмейді, ата-тектің абыройын қорғайды» дейді. Тектілік турасында «жеке тұлғаның тегіне тартып, парасаттылық, салауаттылық көрсетуі. Текті адам ұлтының, ата-тегінің ұлттық қасиеттерін бойына сақтайды» деп, педагогикалық-психологиялық тұрғыдан толыққанды анықтайды. Жаман қасиеттерге, түрлі сынақтарға төтеп беретін – тек. Тектің биологиялық жағынан сапалығын жетілдіру үшін ұлтымыздың жеті атаға дейін қыз алыспауының өзі – адам табиғатын жете түсінгендік. Тектіліктің сипаттары: әке-шешесі бар, ақ некеден туған, отбасында аталған тәрбиесі өнегелі, жаман іспен әке-шешесінің, әулетінің аты шықпаған, ар-ұяты бар, намысты дегенге саяды. Тексіздік - әдеп пен кісілік аймағынан шыққан, нәпсі мен пенделіктің құлдарына тән атау. Сонымен қатар, халықта «жетесіз», «көргенсіз» деген тәрбиенің өлшемі бар: жетесіздік – баладан, көргенсіздік - ата-анадан, тексіздік – ата-бабадан қалыптасады. «Тектінің ұрпағы», «көргендінің баласы», «жетелі ұрпақ» деген өлшем бала тәрбиесіндегі ұлттық құндылық өлшем болып қала бермек. Осы орайда, Ж.Баласағұнның отбасы тәрбиесінің жалпы мәселелерімен байланысты ойлары мен пікірлері, атап айтсақ, жар таңдау, балаларды тәрбиелеу, отбасын құру – қазақ этнопедагогикасын және этнопсихологиясын толықтыратын құнды мұра болып табылады.

Шыны керек, осындай қоғамды жайлаған індеттерден құтылу үшін ата-бабаның тәжірибесіне, өсиетіне, салтына, дәстүріне жүгінуіміз керек. Бізде нигилистік көзқарас басым. Нигилист – өз ұлтының құндылығын менсінбейді. «Бірінді қазақ, бірің дос

көрмесен, істің бәрі бос» деген қағида біз үшін қазір өте өзекті. Егер осылай қарайтын болсақ, ел де, ер де өседі, даңқы да, рухы да артады».

Сондай-ақ, «Достық-Дружба» журналында жарияланған «Под куполом дружбы и согласия» атты тақырыптағы мақаласында Клара Жантөреқызы былай дейді: «...Соңғы кездері ұстаздардың үлкен жиындары, негізінен, білім сапасына ғана арналып жүр. Ал, сол білімнің иесі – Адам сапасы білім сапасынан да өзектірек емес пе? Себебі, тек сапалы Адам ғана білімді өз дәрежесінде пайдаланып, игілікті қажетіне жұмсай алады... мемлекетіміздің шаңырағын шайқалтпай, ата-бабаларымыздың қол жеткізген ұлы жетістіктерін ұқыптылықпен сақтап, Қазақстанның түтінін түзу түтетеміз десек және сол игі істердің барлығына мұрындық болатын, барлық өзге ұлттар мен ұлыстарды өз төңірегіне топтастырып ұйытқы болатын, Отанына атын беріп отырған қара шаңырақ иесі – қазақ халқы дейтін болсақ, осы күннен бастап ең алдымен, өз бабаларымыздың отаншылдық тәрбиесін қолға алуымыз керек. Сондай саналы ұрпақ тәрбиелегенде ғана, өз елінің шынайы иесі қалыптаспақ. Яғни, «елім дейтін бала шықпақ». [1].

Адам - өз заманының, өз дәуірінің түлегі. Ол қандай қоғамда өмір сүрсе де, бар қайрат-жігерін сол дәуірдің міндеттерін іске асыруға, адам игілігіне арнайды. Оның қайраткерлігі де сол жолда жұмсалған еңбектің көлемі мен арманының биіктігінен көрінеді. Біздің заманның қайраткерлерін тануда бұл – басты өлшем.

Ғылымның төресі педагогика десем, қарсы тұрып, дау айтар адам бола қоймас деп ойлаймын. Олай дейтін себебім, қай ғылым да, оқымысты да педагогикадан дәріс алған ұстаздың ұлағатынан, оқыған сабағынан қорек алады, сонымен құнарланады.

«Этнопедагогиканың атасы» атанған Геннадий Волков ғалым Клара Жантөреқызының еңбектері туралы былай деген:

«...Профессор К.Ж.Қожахметова этнопедагогика әдіснамасына ерекше леп берді. Ресей Федерациясында оның монографиясының ксерокөшірмесі таратылуда...».

Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі, Ы.Алтынсарин атындағы сыйлықтың иегері Қожахметова Клара Жантөреқызы 200-ден астам ғылыми еңбектердің авторы. Соның ішінде, «Қазақ этнопедагогикасы: әдіснама, теория және практика»- «Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика» атты іргелі ғылыми монографиясы, «Жоғары мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасы-Концепция этнопедагогического образования студентов высшей школы» профессор Ш.Т.Таубаевамен бірігіп жазған «Методология общей и этнической педагогики в логико-структурных схемах», «Этнопедагогика» атты оқу құралдары, «Педагогика тарихы» оқулығы, «Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. Концепция воспитания в системе непрерывного образования» «Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика», «Халықтық педагогиканы зерттеудің ғылыми және теориялық мәселелері», «Использование материалов Казахской этнопедагогики при изучении педагогических дисциплин», «Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептердің I-XI сынып оқушыларына арналған тәрбие бағдарламасы», «Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары (оқу құралы)» т.б. кітаптары бар.

Профессор К.Ж.Қожахметова қазақ этнопедагогикасының ғылыми әдіснамасын, теориясын зерттеп, оны ғылыми тұрғыда негіздеп дәлелдеген ғалым.

Ғалым-ұстаз К.Ж.Қожахметованың еліміздің білім беру жүйесіне қалдырған ғылыми мұрасының бірі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі оқулық ретінде бекіткен еңбегі - «Этнопедагогика» оқулығы. [2]. Бұл еңбек «Этнопедагогика» пәні бойынша жарық көрген пәннің әдіснамасы мен теориялық негіздері, құрылымы мен мазмұны тұтастай логикалық бірлікте жасалған тұңғыш оқулық. Оқулық жоғары оқу орындарында осы сала мамандарын дайындау үшін маңыздылыққа ие болып отыр.

Бүгінгі таңда ғалымның қалыптасқан ғылыми мектебі бар. Профессор К.Ж.Қожахметованың жетекшілігімен 4 ғылым докторы және 21 ғылым кандидаты өз зерттеулерін сәтті қорғап шықты. Ол – қазіргі кезде этнопедагогика мәселелерімен айналысып жүрген ғылыми мектебі қалыптасқан ғалым еді.

Профессор Клара Жантөреқызы Қыздар университетінде тағылымды да, өнегелі еңбек етті. Осы университетте Ғылым және халықаралық байланыстар бойынша проректорлық қызметін жеті жыл абыроймен атқарды. Бұл Қазақстанның жаңа даму жолына түсіп, білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістер болып, жаңа белеске көтерілу кезеңі еді. Қыздар университетінің ғылыми әлеуетін, отандық ғылымға қосар үлесін көтеруге атсалысып, сонымен бірге шетелдік ЖОО жүйелі байланыс жасауды мақсат еткен Клара Жантөреқызы қыздардың білім ордасының ғылым саласын басқарған жылдары халықаралық деңгейде ауқымды мәселелерді шешуге мұрындық болды. Соның ішінде «XXI ғасырдағы қазақ мектебі: даму болашағы», «Қазақ қызы: өткені, бүгіні, ертеңі», «Химия және биология салаларының білім мен ғылымдағы өзекті проблемалары», «Бүгінгі түркітану және оның даму бағыттары», «Әлемдік рухани құндылықтар және қазіргі қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері», «Мектепке дейінгі және бастауыш білім: қазіргі жағдайы, даму тенденциялары және мәселелері», «Педагогикалық кадрларды даярлаудың сапасын арттырудағы инновациялық технология мәселелері және даму ерекшеліктері», «Жаңа ғасырдағы Қазақстанның тілдік кеңістігі және әлемдік лингвистиканың өзекті мәселелері» және «Қазақстан Республикасы психология ғылымының көкейкесті мәселелері және даму бағыттары» атты конференциялар халықаралық деңгейде жоғары дәрежеде ұйымдастырылды. Клара Жантөреқызы ұлттық тәрбиенің жанашыры, этнопедагогиканың негізін салушы ретінде өзінің ғылыми мектебін қалыптастырды. Оның ғылыми педагогикалық зерттеулерінің нәтижелері «Қазақ аруы» атты арнайы курс болып, университеттің білім беру мазмұнынан көрініс тапты. Ғалымның ғылыми зерттеу жетістіктері ғылыми жобалар, студенттік зерттеу, диссертациялық жұмыстарға бағыт беріп отырды.

Өзінің жемісті еңбегінің нәтижесінде профессор К.Ж.Қожахметова 1996 жылы «Қазақстан Республикасының білім беру үздігі» атағына ие болды, ал 2006 жылы Ы.Алтынсарин атындағы сыйлықтың иегері атанды.

Ұядан алған тәрбиесі мен өмір жолында бойына сіңірген асыл қасиеттері ғалымның тұлғасын әрқашан биік етіп, оның өзгелерге беретін тағылымы мол ақыл-кеңесі мен ұлағатының құндылығын арттырады. Себебі, Клара Жантөреқызы адамдық пен қызметтік қарым-қатынасты ұштастыра білетін және адамгершілік пен ізгіліктің, парасат пен пайымның жоғарылығын басшылыққа алатын тұлға еді. Клара апай өзі қандай сұлу, жан дүниесі қандай таза болса, мына алдамшы өмірден сол сұлулығы мен тазалығына дақ түсірмей өтті.

2009 жылы мен докторлық диссертациямды сәтті қорғап келген кезімде, Клара Жантөреқызы аналық мейіріммен, ерекше қуанышпен келіп құттықтап, маған «Шәкәрім» тұлғалық энциклопедиясын сыйға тарта отырып: «Айналайын, Айгүлжан! Адамзатқа ортақ «Ар ілімі» жүйесін жасаған қазақтың классик ақыны Шәкәрімнің мұрасы – адамдықтың өлшемі. Шәкәрімге кез келген ғалым бойлай алмайды, ал сені терең білімің мен қабілетіңнің арқасында ақынның мұрасына бойлайды деп кәміл сенемін», – деген еді.

Шәкәрім:

Адамдық борыш ар үшін,

Барша адамзат қамы үшін,

Серг бергем еңбек етем деп,

Алдағы атар таң үшін, - дейді. Бұл – тұлға танымының биік кредосы.

«Ұлттық тәрбие – ұраным,

Ұлттық тәрбие – мұңым,

Ұлттық тәрбие – өмірім», -деп, өмірін мақсатты мұратқа айналдырған ұлтжанды асыл тұлға, зерделі ғалым Клара Жантөреқызы да өмірінің соңына дейін осы қағидаларға адалдық танытып өтті.

Айлар өтер, бірін-бірі қуалап жылдар да өтер, ұрпақ та ауысып, жаңаланады, бірақ Клара Жантөреқызының ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз ретінде халқына істеген игілікті істері, жас ұрпақты тәрбиелеуге сіңірген ұлан-ғайыр еңбегі, артында қалдырған рухани қазынасы ел жадында сақталып, сол еліне әлі ұзақ жылдар қызмет атқаратыны сөзсіз. Оның өнегелі өмірі, таныта алған тағылымы, ғылымдағы, білімдегі тәлімі қаумалаған қалың шәкірттері арқылы жалғаса бермек.

Сөзіміздің дәлелі ретінде 2016 жылы Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының, Педагогикалық білім берудің халықаралық ғылым академиясының (МАНПО), Халықаралық педагогикалық академиясының академигі, Халықаралық «Болашақ» бағдарламасының стипендиаты, қазақ этнопедагогикасының әдіснамалық негізін қалаған ғалым Клара Жантөреқызы Қожахметованың 65 жылдығына арналған «Әлемдік және қазақстандық білім-ғылым кеңістігіндегі этнопедагогика мен этнопсихология»[3] атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылып, шара аясында қос кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті. Халықаралық конференцияны ұйымдастырудағы басты мақсат – «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында еліміздің білім беру жүйесіндегі этнопедагогика, этнопсихология мәселелерінің әлемдік білім-ғылым кеңістігіндегі маңызын және оны дамытудың заманауи мүмкіндіктерін саралау, жүйелеу және пайымдау. Жиында еліміздің даму бағытындағы ұлттық идеяның ғылымдағы маңызы, теориялық-әдіснамалық, салыстырмалық сипаты жан-жақты қарастырылып, ұлттық идея, этникалық тәрбие, білім мазмұнына ұлттық-рухани құндылықтарды ендіру, білім беру жүйесіндегі оқу-тәрбие үдерісін этнопедагогикаландыру, әлемдік және қазақстандық білім-ғылым кеңістігіндегі этнопедагогика мен этнопсихология мәселелеріне байланысты ғылыми баяндамалар жасалды. Конференция аясында «Бекзат болмыс»[4] және «Профессор Клара Жантөреқызы Қожахметованың ғылыми мектебі» [5] атты қос кітаптың тұсауы кесілді. Ғалымға арналған бірінші кітапқа Клара Жантөреқызының тағылымды ғұмыры, педагогикалық қызметі мен ғылымдағы жетістіктері туралы әріптестері мен шәкірттерінің және жақындарының естелік-жазбалары еңсе, К.Ж.Қожахметованың ғылыми мектебінің мәні мен мазмұны, құрылымы мен даму бағыттары баяндалатын екінші кітапқа ғалым шәкірттері туралы мәліметтер мен ғылыми тақырыптары туралы мақалалар топтастырылған.

Клара Жантөреқызы ұлтын сүйген тұлға, ғылымда өзіндік мектебі бар ғалым. Оның адал еңбегі мен ұстазға тән мейірімділігі, ғалымға тән алғырлығы мен табандылығы жұртшылық тарапынан шынайы ықылас тудырып, айналасындағылардың зор құрметіне бөленді.

Өмір – ылғи жұпарлы жеміс, гүл ме,

Ой – жырасы болады тегістің де.

Адал, мөлдір қалпында қалу деген,

Оңай емес құбылған жер үстінде, - деп ақын Фариза Оңғарсынова айтқандай, адамның адамдығы, азаматтығы сыналар аз ғана өлшеулі өмірде көңілін кірлетпеген күйінде қадірлі ғалым, абзал ана, аяулы ұстаз бақи дүниеге аттанып кете барды.

Ұлы жазушы М.Әуезов: “Мен адамдарды екі түрлі болады деп ойлаймын. Біріншісі айналасына нұр сәуле шашып, ал екіншісі – түн – түнек орнатып жүреді” деген екен. Сол ұлы суреткер айтпақшы, айналасына нұр шуағын сеуіп, күн сәулесін шашып, төңірегіне нұр жаудырып жүргендердің бірі, өмірден мезгілсіз кеткен Клара Жантөреқызы деп түсінемін.

Өмір өтсе де жақсы адамның аты жадында сақталып, ұмытылмайтыны, керуен көші жылжыған сайын, уақыт өте келе оның даралық, даналық тұлғасының биіктей беретіні сөзсіз.

Бұрынғы ғұламалар айтқан екен: -Дүниеде мәңгілік ештеңе жоқ, бәрі өледі, жаңарады, тек:

-Жақсының аты өлмейді,

Ғалымның хаты өлмейді,-деп...

Ендеше, тәуелсіз еліміз тұрғанда, өскелең ұрпақ тұрғанда, дүниеде қазақ деген ұлт тұрғанда Клара Жантөреқызының аты да, хаты да өлмек емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Достық-Дружба» журналы, № 4 (16). 2005 ж.
2. Қожахметова К.Ж. Этнопедагогика. Оқулық, Алматы: Қазақ университеті, 2014ж.
3. Профессор Клара Жантөреқызы Қожахметованың 65 жылдығына арналған «Әлемдік және Қазақстандық білім-ғылым кеңістігіндегі этнопедагогика мен этнопсихология» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 8-9 қаңтар, 2016ж.
4. «Бекзат болмыс». Естеліктер жинағы. Алматы, 2016 ж. -212 б.
5. Профессор К.Ж. Қожахметованың ғылыми мектебі. Научная школа профессора К.Ж. Кожаметовой. – Алматы, 2016. – 394 б.

ӘОЖ 373.24

ЗЕРДЕЛІ ҒАЛЫМ, ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

Ұ.Қ.Қыяқбаева, п.ғ.к., профессор

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.

Ключевые слова: казахский этнопедагогика, национальный дух, методология, ученый-интеллектуал, великий учитель

Резюме. Статья посвящена одному из ученых-исследователей казахской этнопедагогике Кларе Жантөреқызы, которая научно систематизировала национальное воспитание народа.

Resume. The article is devoted to one of the scientists-researchers of the Kazakh ethnopedagogy, Klara Zhantoreyevna, who scientifically systematized the national education of the people

Key words. Kazakh ethnopedagogy, national spirit, methodology, intellectual scientist, great teacher

Адам өмірінің мазмұны оның өмір жасының ұзақтығымен емес, артына қалдырған өшпес мұраларымен мағыналы болатынын ешкім жоққа шығара алмайды. Өйткені, адам баласының негізгі, басты мұраты өзі өмір сүрген қоғамға, сол қоғамда өмір сүріп жатқан жандарға қызмет ету арқылы өлшенеді.

«Ақырын жүріп, анық бас,

Еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық еткен жалықпас,

Үйретуден балаға» деген ұлы Абайдың ұлағатты сөзін өмірінің басты қағидасына айналдырған Клара Жантөреқызы, ғылым мен ұстаздықтың туын қатар ұстаған, өзінің саналы ғұмырын жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды меңгертуге арнаған зерделі ғалым, ұлағатты ұстаз еді.

«Ұстаз ... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы ұстайтын, бұлардың ешнәрсесін ұмытпайтын ... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі..., мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ..., жұрттың бәріне ... жақсылық пен ізгілік көрсетіп ... қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек жан» деп шығыс ғұламасы әл-Фараби айтқан екен.

Шығыс ғұламасының осы бір ұлағатты сөзін жадына сақтаған әрбір адам ұстаздық қасиеттің жүгінің қаншалықты ауыр екенін сезетіні ақиқат.

Адам баласы туа салып, бірден сана сезімі қалыптасқан, білімді, білікті тұлғаға айналмайды. Кемелденген тұлға болуына алдымен ата-анасы, оқыған мектебі, өскен ортасы, білім алған оқу орындарының ұстаздары зор ықпалын тигізеді. Ен негізгісі, адамға Алла тағала берген жаратылысы мен оның шыққан тегі игі ықпалын тигізеді.

Ұстаздық қызметін бастауыш сынып мұғалімінен бастап, химия және биология пәндерінің мұғалімі, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып ары қарай ғылым жолына түскен, ең бастысы шәкірттеріне сыйлы, адалдық пен адамгершілікті биік тұғырға қойған ұлағатты ұстаз Клара Жантөреқызы туралы ізгілік ниетпен әріптес жүрегінен лебіз білдіруді мен өз парызым деп есептеймін.

Ұстаз атты ұлы ұғымға сай болу үшін ұстаздық жолды мұрат тұтқан Клара Жантөреқызының бойынан мен ол кісімен кездескен сайын өз мамандығын анық тандаған білікті маман иесін, телегей теңіз терең білімділік пен өз ортасына сыйлы кісілік келбетін көретінмін. Мен Клара Жантөреқызымен етене араласып, тығыз қарым-қатынаста болмасам да, республикамыздың, университетіміздің деңгейінде болып жататын түрлі ғылыми конференциялар мен семинар, дөңгелек үстелдерде жиі кездесетінмін. Клара Жантөреқызының кісілік келбеті бірден көзге түсетін айрықша адами қасиеті оның бітім-болмысынан байқалып тұратын. Шындығында кісілігі бар кісінің қай ортада болсын сыйлы болары анық. Өйткені кісілік – адамдық қасиеттің көрсеткіші. Клара Жантөреқызының адами қасиеті анасының ақ сүтімен беріліп, әжесінің ұлттық рухта берген тәрбиесімен дарығанын біріміз білсек, біріміз білмейміз. Ол өз ұлтының дәстүр-салтын, әдет-ғұрпын өте терең білетіндігін, жан-тәнімен қадір тұтатынын «ұлттық тәрбие – ұраным», «ұлттық тәрбие – өмірім» деген ұстанымынан байқауға болады. Шынында да ізеттілік, ізгілік атты асыл қасиеттер Клара Жантөреқызының таным-түйсігімен тұтасып жататындығын ғылыми іс-шараларда ғалымдардың, әріптестерінің ойын, пікірін асықпай, аптықпай тыңдап, нақты дәлелдермен өзінің пікірін ғылыми тұрғыда жеткізе білетіндігінде еді.

Адамға ерекше қасиет, телегей-теңіз дарын, бедел мен абырой бергенде Алла тағала оның кескін-келбетін, болмыс-бітімін, түр-тұлғасын, жүріс-тұрысын, кесек-кесек ой толғамдарын соған сай етіп жаратады екен. Дәл осындай қасиетті мен әркез Клара Жантөреқызының бойынан көретін едім.

Өйткені, Клара Жантөреқызының қазақи тәрбие алып, әже тағылымын терең меңгергендігін қазақ этнопедагогикасын зерттеуінен – ақ аңғаруға болады. Кандидаттық диссертациясында еңбек тәрбиесінің тарихын зерттесе, докторлық диссертациясының тақырыбын «Теоретико-методологические основы казахской этнопедагогики» деп алып, оны орыс тілінде қорғап, Ресейдің ғалымдарына халқымыздың ұлттық тәрбиесінің ғылыми тұрғыда жүйеленгенін мойындатып, қазақ этнопедагогикасын әдіснамалық тұрғыдан зерттеуші ғалымдардың бірегейі. Өйткені, этнос мәселесі – өте күрделі мәселе. Шындығында, Клара Жантөреқызына дейін этнопедагогика мәселесін ғалымдар әр

қырынан зерттеп, қарастырды. Ал, Клара Жантөреқызы этнопедагогиканы зерттеу барысында этносқа қатысты дәлелдер мен дәйектерді, тұжырымдар мен пайымдауларды ғылыми теориялық әдіснамалық тұрғыдан дәлелдеді. Оны, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен баспадан 2012 жылы шыққан «Этнопедагогика» атты оқу құралынан көреміз. «Этнопедагогика» оқулығында жалпы педагогиканың заңдары арқылы қазақ этнопедагогикасының дамуын негіздейтін, педагогика әдіснамасының іргелі ұстанымдарының жиынтығынан және қазақ философиясының, этнопсихологияның, этнос теориясының, мәдениет теориясының іргетасын қалайтын қағидаларынан тұратын қазақ этнопедагогикасының әдіснамалық негіздері айқындалған. Тәрбиенің заңдарын, заңдылықтарын, ұстанымдарын, әдіс -тәсілдерін танып білуге ықпал ететін жалпы педагогиканы сипаттап, этникалық айырмашылықтарын ескере отырып, педагогикалық білімді нақтылауға ықпал ететін этнопедагогиканың ерекшелігін нақтылай отырып, қазақ этнопедагогика -

сында қазақ халқының діні, тілі, ұлттық мінезі, әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері мен психологиялық құрылымының даралығын ашып көрсетеді.

Клара Жантөреқызының этнопедагогикалық бағыттағы ой-тұжырымдары мен пікірлері, ғалымның ғылыми еңбектерінен айқын көрініс тапқан.

Клара Жантөреқызының өз ісіне, ғылымға деген ұстанымы, адалдығы оның бойындағы парасаттылық пен пайымдылық, қарапайымдылық пен кішіпейілділік, салмақтылық қасиеттері шәкірттері мен әріптестері үшін биік тұғырда тұрады. Егер арамызда тірі жүргенде ұрпағына, халқына әлі де болса білім мен ұлттық тәрбиенің, этнопедагогика ғылымының нәрі мен дәнін беретіні сөзсіз еді.

«Өлді деуге бола ма айтындаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған», - деп Абай атамыз айтқандай, артына мол этнопедагогикалық ғылыми мұрасын қалдырған Клара Жантөреқызының өзі дүниеден өткенімен, есімі, бейнесі әріптестері мен шәкірттерінің жүрек түкпірінде қалары сөзсіз.

ӘОЖ 373.24

К.ЖАНТӨРЕҚЫЗЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫНЫҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫ

пед.ғ.к., доцент Қасымова Р.С.,

аға оқытушы Есенова К.А.

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Педагогика және білім беру
менеджменті кафедрасы, Алматы қаласы

Жаһандану жағдайында еліміздің алдында тұрған басты міндеттердің бірі ұлттық ерекшеліктеріміз бен құндылықтарымыздың, олардың тәрбиелік мәні, жас ұрпаққа үлгі болар тұлғалық бейнесі мен қоғамдық қайраткерлігі, тағылымды мұралары зерттеліп, педагогика ғылымы арқылы нақтылануы, оқу-тәрбие үрдісінде пайдалануы.

К.Ж.Қожахметова өз еңбектерінде мектептің оқу-тәрбие үрдісін рухани – адамгершілік құндылықтарымыз арқылы этнопедагогикаландыру үшін отбасында оқушылардың өмір сүруі мен іс-әрекетін ұйымдастыру, халықтың салт-дәстүрлерін қолдану, оқушыларға тәрбие берудің тиімділігін арттыру, мектеп пен отбасының бірлескен іс-әрекетінің мазмұны, формалары мен әдістемесін қарастырған болатын [1].

К.Ж.Қожахметова қазақ этнопедагогикасының идеяларына негізделген, тәрбие жұмысының жүйесі мен дидактикалық жүйесінің диалектикалық бірлігін көрсетті. Мектептердің тәрбие жүйесін жүйе құраушы компоненттері ретінде мыналар алынды: ұжымның барлық мүшелері қабылдаған мақсат, осы мақсатты жүзеге асырудағы іс-әрекет, басқару жүйесі, ұжым мүшелерінің өзара қатынастар жүйесі, отбасы. Мұнда қазақ отбасының өзгешелігінің тәрбиелік мүмкіндіктерінің құндылығына, яғни отбасының, оның үш буын ұрпақтарымен – балалар, ата-аналар, ата-әже – көрінуіне ерекше зейін аударылды, бұлар тәрбие үдерісінде барынша есепке алынған. Осы мақсатта мектептерде «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әжелер мектебі», «Келіндер мектебі» және т.б. құрылды. Осыған сүйене отырып, мектептің тәрбие жүйесінің үш буындық құрылымы жасалды: біріншісі – туылғаннан бастап баланың қоршаған ортасы – отбасы, көршілер, қала, және т.б.; екіншісі – оқыту орталығы ретіндегі мектеп; үшіншісі – мектептің өзіндік тәрбие жүйесі. Мұнда мектеп пен отбасының біртұтастықтың өзара негізделген және өзара байланысты бөліктері екендігі ескерілген. Тәрбие жүйесінің функциялары: кіріктіруші – әртүрлі бөлшектенген, келісілмеген тәрбиелік әсерлерді біртұтасқа біріктіруге әкеледі; реттеуші, ол тәрбие үдерісін реттеуге, басқаруға мүмкіндік береді; дамытушы, жүйенің динамикасын, оның алға қарай дамуын қамтамасыз етеді. Мектептердің тәрбие жүйесін басқарудың әрекеттігі мен тиімділігінің негізгі көрсеткіші ретінде: баланың жеке тұлғасы, оның ұжымдағы жай-күйі, іс-әрекетке қатысуы, осы іс-әрекеттегі субъектілік позициясы, оның құндылық бағдарлары, білімділік деңгейі, өзін-өзі жүзеге асырудың сипаты алынады. Мектептердің оқу-тәрбие үдерісінде қазақ этнопедагогикасының материалдарын кешенді қолданудың үлгісі ретінде К.Ж.Қожахметова Қостанай облысы, Арқалық қаласындағы №6 мектептегі ұлттық тәрбие жүйесін қалыптастыру тәжірибесін зерттеген болатын.

Аталған мектептің бүкіл оқу-тәрбие үдерісі, қазақ этнопедагогикасының мәселелері бойынша қызмет атқарды. Аталған мектептің бүкіл оқу-тәрбие үдерісі, қазақ этнопедагогикасының идеяларына құрылған, «Халық тағылымы» атты арнайы курсы енгізілген. Мектептің педагогикалық ұжымының жұмысына ата-аналар белсенді қатысқан. Аталған тәрбие жүйесінің орталығы «Асыл мұра» деп аталады.

Мектептің ұраны: «Егемендік елімізді көтерсін,
Еңбегіміз ел болумен өтелсін!»

Осы тәрбие жүйесінің барлық іс-әрекеті келесі мақсатқа жетуге бағытталған: оқушыларды қазақ этнопедагогикасы идеялары тұрғысында тәрбиелеу, олардың ұлттық өзіндік санасын қалыптастыру.

Тәрбие жүйесінің құрылымы келесі компоненттерден құралады:

1. Балабақша
2. Мектеп
3. Өнер мектебі
4. Балалардың музыка мектебі
5. «Домбыра» халық шеберлер мектебі.

«Асыл мұра» тәрбие орталығының қызметінің бағыттары келесі алты бөлімді қамтиды.

1. Балабақшамен жұмыс
2. Қоғаммен жұмыс
3. Ата-аналармен жұмыс
4. Оқушылармен жұмыс
5. Мұғалімдермен жұмыс
6. Басқа ұйымдармен жұмыс

1) *Балабақшамен жұмыс* ана тілінің негізінде ойлауды қалыптастыру үдерісіне ықпал етеді.

2) *Қоғаммен жұмыс.* Тәрбие үдерісіне өмірлік тәжірбиесімен данагөй болған ақсақалдарды, әжелер мен ата-аналарды баулу мақсатында, тәрбие жүйесіне келесі клубтар енгізілген:

- «Әжелер мектебі»;
- «Әкелер мектебі»;
- «Ақсақалдар кеңесі»;
- «Келіндер мектебі»

3) *Ата-аналармен жұмыс.* Қазіргі оқушылардың ата-аналары негізінде орыс тілінде білім алып, әдетте өздерінің ана тілін нашар меңгерген. Оларды ұлттық мәдениетке баулу және педагогиканың негіздерімен таныстыру мақсатында, қазақ этнопедагогикасының тұжырымдамасына негізделген ата-аналар ұйымы құрылған.

4) *Оқушылармен жұмыс.* Айтыс, терме үйірмелерін құру арқылы, сонымен бірге пәндік үйірмелерді құру, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру арқылы ұйымдастырылады. Бөбектерге арналып «Ертегі әлеміне саяхат» үйірмесі құрылды.

5) *Педагогикалық ұжыммен жұмыс.* Педагогикалық іс-әрекеттің, бүкіл мектеп ұжымы қызметінің жетістікке жетуінің басым фактор – мұғалім: ол осы жұмысты ұйымдастырушы және қолдаушы. Мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін әрі қарай арттыру және жетілдіру мақсатында, жас мамандарға озат педагогикалық тәжірбиені жалпылайтын және беретін, жаңашыл мұғалімдердің шығармашылық тобы мен тәрбиешілердің, мектептегі бірлестігі ұйымдастырылған.

6) *Басқа ұйымдармен жұмыс* келесі мекемелермен сыртқы байланыстарды құру арқылы жүзеге асырылады:

- Халық педагогикасының мәселелерімен шұғылданатын басқа оқу мекемелері;
- Ғылыми зертханалар;
- Этнопедагогика кафедралары;
- Біліктілікті арттыру институттары;
- Білім беру мекемесінің басшылары;
- Ақпараттық орталықтар.

Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ этнопедагогикасының идеялары, келесі бірліктікте оқу-тәрбие үдерісіне енгізіледі.

1-2 сынып – «Қазақтың халық ойындары»;

3-4 сынып – «Төрт түлік мал» ұғымы;

5 сынып – «Шежіре»;

6 сынып – «Ұлттық тағамдар»;

7 сынып – «Бабалар өсиеті»;

8 сынып – «Домбыра-дастан»;

9 сынып – «Қолөнер, қолданбалы өнер»;

10 сынып – «Салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар»;

11 сынып – «Әдеп және жантану» курсының оқыту барысында ата-аналар келбеті

[1].

Сонымен қатар, ғалым К.Ж.Қожахметова жастар арасында рухани-адамгершілік құндылықты жоғарылату, тәрбие жұмыстарын жетілдіре түсу жағынан кезек күттірмес бірқатар шаралардың тізбегін ұсынған:

1. Қазіргі қалыптасқан жағдайды ескере отырып, Қазақстан Республикасында оқушы жастарды тәрбиелеу ісін дамыту стратегиясын қарастыру;

2. Қазақстан қоғамында тәрбие ісінің мақсаты мен құндылықтарын дайындап ұсыну;

3. Стратегиялық бағдарлардың негізінде:

- 1-11 сынып оқушыларына арналған тәрбие бағдарламасын;

- Студент-жастар тәрбиесі бағдарламасын;
- Отбасы және мектеп жасына дейінгі балалар мекемелеріндегі тәрбие бағдарламасын қарастыру;

4. Басты мақсат елдің жас патриоты мен нағыз азаматын тәрбиелеу болып табылатын, балалардың өз бетімен жұмыс істейтін шынайы қоғамдық ұйымын қалпына келтіру жөнінен тиісті жұмыстар жүргізу;

5.Идеялық-адамгершілік, рухани-патриоттық, құқықтық, дене шынықтыру, эстетикалық тәрбие жүйесін қалпына келтіру;

6.Оқушыларды еңбекке тәрбиелеу және оларды кәсіби бағдарлау жүйесін қайта жаңғырту;

7.Халықтың этномәдени құндылықтары негізінде отбасында және мектепте этникалық тәрбие берудің тұжырымдамасы мен бағдарламасын әзірлеу;

8.Қазақстанның полиэтникалық жағдайларында оқушыларды шынайы азаматтық тұрғыдан тәрбиелеудің тұжырымдамасын әзірлеу.

К.Ж.Қожахметованың зерттеуінде көрсетілгендей, жастардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қолдану, жастарға қалыптасқан мінез-құлық ғана емес, сонымен бірге, жаңадан қалыптасатын, бұрын халықтың өмірінде кездеспеген мінез-құлық талаптарын бағдарлануға мүмкіндік береді; ол қалыпты емес жағдайларды талдауға, адамдармен байланыс құруға, өз қатарластарымен және ересектермен қатынаста өзіндік позицияны анықтауға көмек береді.

Мектептің тәрбие жүйесінің бір компоненті ретінде, отбасының мектептің барлық тәрбиелік іс-шараларына қатысуы алынады. «Әжелер мектебі», «Аталар мектебі» жұмыс істейді. Мұғалімдердің, оқушылар мен ата-аналардың ұжымдық шығармашылық жұмысының нәтижесінде, күнделікті өмірде басшылыққа алатын мектептің бірқатар ережелер кешені сол кезде қалыптасты. Мысалы:

ОТБАСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ:

- мектеппен және балабақшамен тығыз байланыстың болуын қолдау;
- баланың тіл дамыту жаттығуларына арнайы уақыт бөлу;
- балаларды өлең жаттауға, санамақтар, мақал-мәтелдерді жаттауға үйрету;
- міндетті түрде балаларға ертегі айтып беру;
- отбасында дәстүрлі мерекелер аталып өтілуі қажет; тұсау кесу; бесік той; сүндет той;
- күнде ұйықтар алдында кішкентай бөбектерге бесік жырын айтылуы керек;
- ұл мен қыздың тәрбиесінде алуан түрлі тәсілдерді және әсер ету әдістерін қолдану қажет;
- балалардың көзінше басқа біреуді кінәлауға және оған ұрысуға болмайды;
- үнемі көршілердің, құдалардың, туыстар мен жақын адамдардың жақсы, жағымды сапаларын үлгі ретінде айтып отыру;
- бала өзінің кіндік шешесін білуі керек және оның отбасымен туыстары ретінде қарым-қатынас жасауы керек;
- баланың бойында туысқандарға деген құрмет сезімін тәрбиелеу және әр адамның туыстық үш байланысының түрі бар екендігін түсіндіру;
- баланың бойында өзінің көршілеріне деген сыйласымды қатынасты тәрбиелеу;
- этноәлеуметтік рөлдерді меңгеруге үйрету керек: келін болу және күйеу бала болу;

- балаларды ересектерді құрметтеу мен оларға бағыну рухында тәрбиелеу;
- балаларды үй шаруашылығына баулу;
- жастарға қонақ күту дәстүрін үйрету;
- «үйдің моржасынан түтінін түзу шығаруға» үйрету және барлық мәселелерді тек отбасының ішінде шешуге тәрбиелеу;
- балаларды үнемді болуға тәрбиелеу, оларға «обал, ысырап» ұғымдары туралы түсінік беру;
- келінді тәрбиелеу және қамқорлыққа алу;
- тұрмыстағы қыздардың, басқа отбасының келіндерін өз отбасындағы істеріне араластырмау керек;
- жас жұбайларға өзіндік үлгі болу;
- балалардың ұрыс-керісінде оларды жақтармай, тек ғана ұрыстың әділетті шешілуіне көмек беру;
- баланың бойында борыш сезімін тәрбиелеу керек, оларға ата-әжесімен, әке-шешесімен дұрыс өзара қатынастарды құруға үйрету.

ҰЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЕРЕЖЕЛЕР:

- мектепте және көшеде үлкендермен және қатарластармен қазақша сәлемдесу;
- ешкімге жамандық жасамау;
- ата-бабалардың дәстүрін берік ұстану;
- ата-аналарға көмек беру, үлкендердің кеңесін тыңдау, «әкесіне қарап» үлгі алу;
- спиртті ішімдіктерден аулақ болу;
- анасы мен қыздарды сыйлау және оларға көмек беру және қамқор болу;
- ұлттық намысты қорғау, арын сақтау;
- үлкендердің жолын кесіп өтпеу;
- шақырған жерге кешікпей бару;
- ысқырмау, ұрыспау, дөрекі сөздерді қолданбау, қоғамдық жерде түкірінбеу;
- қоғамдық жерде сүйетін қызыңмен өзінді әдепті ұстау;
- үлкендермен әрдайым «сіз» деп сөйлесу;

ҚЫЗДАРҒА АРНАЛҒАН ЕРЕЖЕЛЕР:

- ата-бабамыздың дәстүрі бойынша сәлемдесу керек: басты алға қарай сәл ию және «сәлеметсіз бе» деп айту;
- ұнамсыз немесе ұятсыз қылықтар жасауға жол бермеу;
- косметиканы шектен тыс қолданбау;
- өзіне лайықты күйеу жігітті таңдай білу;
- темекі шекпеу, спиртті ішімдік ішпеу;
- үй шаруашылығының барлық дағдыларын үйрену, әйелдердің қолөнерінің барлық түрін білуге тырысу;
- ұлдар мен ерлерді тәрбиелеудегі қыздардың әсерінің мәнін дұрыс бағалау;
- үлкендердің жолын кесіп өтпеу;
- «беташар» кезінде «Сәлем салу» рәсіміне ерекше мән беріп, үлкен жауапкершілікпен орындау [1].

Сонымен, бұл ережелер К.Ж.Қожахметованың тәжірбиелік-педагогикалық іс-әрекетінің нәтижесінде қалыптасты. Барлық ата-аналардың қатысуымен талқыланып және олардың кеңестерімен толықтырылған. Әрине, бұл ережелер этникалық тәрбиенің барлық талаптарын қамтымайды және толықтыруды талап етеді, бірақ жоғарыда көрсетілген және қолданылған ережелердің рухани тәрбие жүйесінде мәні өте зор. Әрбір отбасы, ата-аналар, балалар – осы ережелерді негіз ретінде қабылдап және оларды күнделікті өмірде басшылыққа алып жүрсе, кездесетін көптеген келеңсіз жағдайлардың алдын алуға болатыны сөзсіз, сонымен қатар, етек алып бара жатқан жаппай құндылығымыздан айырылу дертінен сақтануға мүмкіндік туар еді деген үміт ұялайды.

Кез келген адамның өзіндік ерекшеліктері мен қасиеттері болатыны анық, бірақ осыған қарамастан, ол қоғамның қойып отырған талап-тілектеріне жауап беруі тиіс. Себебі, әрбір адам ортада өмір сүретіндіктен қоғамнан тыс шеттеп қала алмайды. Жеке тұлғаның қоғамда алар орны оның сол ортаға қалай сіңісетіндігімен, оның талаптарын орындауда қабілетінің қай дәрежеге сай келетіндігімен анықталады. Бүгінгі қоғамдық қажеттіліктер егеменді еліміздің әрбір азаматының, әрбір жас ұрпақтың, бойында қалыптасуы тиіс қасиеттерді нақтылап көрсетеді және олардың даму деңгейі тәрбиенің тиімділігін айқындайды.

Қазақстан Республикасының білім беру мемлекеттік стандартының тұжырымдамасында көрсетілгендей [2] «Қазақстанның мәдени және экономикалық өміріндегі жетістіктері, көп жағдайда, адамгершілік мәдениеті биік, сонымен бірге бәсекеге қабілетті жоғары технологиялық экономиканы ғана емес, асқақ рухани құндылықтарды да жасай алатын мамандардың жаңа буынын дайындауды қамтамасыз етуге бағытталған жоғары білім беру жүйесін түбегейлі қайта құрумен тығыз байланысты». Осыған орай, руханият пен білім беру салаларын дамытуды қамтамасыз ететін «Мәдени мұра» бағдарламасында: «Жаңа да жүйеленген білім ғылыми-педагогикалық айналымға да қосылуы үшін, яғни монографиялар немесе ғылыми басылымдардың тақырыбы ғана болып қоймай, жоғары және орта мектептердің оқулықтары мен оқу бағдарламасына ену үшін жұмыс атқару айрықша маңызды» екендігі нақты көрсетілген [3].

Клара Қожахметованың педагогикалық мұрасында тәрбиенің сан алуан түрлері (отансүйгіштік, ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық, интернационалистік, еңбек) қамтылғаны анықталды. Мұның бәрі жеке тұлғаның адами болмысын, яғни тұлғалық қасиеттерін, рухани-адамгершілік бейнесін қалыптастырады, заман талабына сай жан-жақты кемелденуіне игі ықпал етеді. Көркем тілмен кестеленген К.Қожахметованың еңбектерін оқи отырып, ондағы тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерін талдау барысында жастарымыз ұстаз еңбектерінен өнеге алады, сана-сезімін жоғарлатады, ой-өрісін кеңейтеді.

Клара Жантөреқызының этнопедагогикалық еңбектерін басшылыққа ала отырып, сонымен қатар, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие үдерісінің тәрбие жұмысына мыналар енгізілсе :

- 1-2 сынып – «Қазақтың халық ойындары»;
- 3-4 сынып – «Төрт-түлік мал ұғымы»;
- 5 сынып – «Шежіре»;
- 6 сынып – «Ұлттық тағамдар», «қазақтың ою-өрнегі»;
- 7 сынып – «Бабалар өсиеті»;
- 8 сынып – «Домбыра-дастан» (музыкалық-эстетикалық бағыт бойынша);
- 9 сынып – «Қолөнер, қолданбалы өнер»;
- 10 сынып – «Салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар»;
- 11 сынып – «Ата-аналар келбеті».

1-2 сынып – «Қазақтың халық ойындары»

Ұлы істердің барлығы ойыннан басталады. Кіші мектеп жасындағы оқушылар халық ойындарын үйрене отырып, өздерінің ата-бабаларының өмір сүру салтымен, қазақтардың ұлттық психологиясының ерекшеліктерімен танысады. Ойынды уақыт өткізу үшін емес, зор тәрбиелік мүмкіндіктер үшін қолданудың маңызы зор. Оқушылардың ақыл-ой және дене жағынан дамуы үшін, жылдамдықты, күшті, тапқырлықты, байқампаздықты дамыту үшін, ойынның мәнін түсіну және бағалау қиын емес. Халық ойындары – бұл халықтың рухани-адамгершілік құндылықтарын сіңіретін мәдениетінің символы және бейнесі.

3-4 сынып – «Төрт-түлік мал ұғымы».

Қазақ халқының іс-әрекетінің негізгі түрі – мал шаруашылығы. Жануарлардың әлемі мен табиғатын терең білуге, оны күнделікті өмірде қолдануға негізделген, халықтың бай тәжірибесімен танысу, халықтық құндылық негіздерінің бірін құрайды.

5 сынып – «Шежіре».

«Мен – қазақпын! Мың өліп, мың тірілген»(Ж.Молдағалиев). Туған өлкесінің тарихын әрбір адам білуі керек. Ата – бабаларының туған жері – ұрпақтарға мәңгілік қалдырып кету үшін, ата-бабалардың жандарын құрбан еткен құнды мұрасы – бұл ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын, көп ғасырлық батырлық тарихтың дәлелі болып табылады. Оқушыларға өзінің «Жеті атасын» жатқа білуге тапсырма беру.

6 сынып – «Ұлттық тағамдар», «қазақтың ою-өрнегі». Қазақтың ұлттық тағамдарының ерекшеліктері мал шаруашылығымен байланысты. Оқушылар қазақ дастарханының әдет-ғұрыптарымен танысады. Ұлттық ою-өрнекті құрастыру шеберлігінің негіздерін үйренеді, оның түрлерімен және оларды тұрмыста қолданудың ерекшеліктерімен танысады.

7 сынып – «Бабалар өсиеті». Қазақтың ауызекі халық шығармашылығын зерттейді. Соның ішінде батаның алар орны мен рухани мәні жоғары. Бата – халықтың рухани күш алатын құдіретті сенім күші. Ол-ел сенімін ақтайтын абзал азаматтарға, талантты жастарға, көптің жүгін көтерген адамдарға, жас сәбиге немесе үлкендер жақсы ісіне риза болған жағдайларда берілетін үлкен кісілер мен ақсақалдардың ақ тілегі әрі өмірлік жолдамасы.

8 сынып – «Домбыра-дастан» (музыкалық-эстетикалық бағыт бойынша). Қазақ халқының музыкалық фольклорымен танысады. Домбыра – қазақ халқының ең кең тараған екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы. Ол – қазақтар өмірінде маңызды орын алатын, өзіндік музыкалық сипаты бар аспап. Алғаш эпикалық дәстүр шеңберінде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра кейін аспаптық шығарма – күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен. Қазіргі кезде домбыра жеке әнді сүйемелдеуге, күй тартуға, халықтық-фольклорлық музыкада, классикалық шығармаларды орындауға қолданылатын, мүмкіндігі кең музыкалық аспап болып табылады. Домбыра — қазақтың халық аспабы. Домбыра – қазақ халқының әрбір үйінде болуы міндетті және қажетті аспап болып есептелген.

9 сынып – «Қолөнер, қолданбалы өнер». Қол өнерінің түрлері және негіздерімен, көркемдік шеберліктің, зергерлік өнердің үлгілерімен танысады. Қазақ халқы өзінің күн көріс тіршілігіне қажетті үй-жай салуды, киім-кешек тігуді, азық-түлік өндіруді өзінің тұрмыстың кәсібі етіп, оларды күнбе-күнгі тіршілік барысында орынды пайдаланса, әсем бұйымдар жасап, өмірде сән-салтанат та құра білді. Оқушыларға қазақ қолөнерінің ішінен біреуін таңдап өз қолдарымен жасап көруге тапсырма беру.

10 сынып – «Салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар». Халықтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарымен танысу және зерттеу, олардың философиялық мәнін және олардың функцияларының мазмұнын саналы ұғынуға негізделуі қажет.

Қазақ халқы – салт-дәстүрге өте бай ел. Бұл – оның мәдениетті әрі тәрбиелі ел екендігінің айғағы. Белгілі қоғам қайраткері, заңгер Н.Шайкенов: «Ұлт дәстүрі – заңнан

биік», - деген. Демек, салт-дәстүрлі ел – мықты әрі тұғыры берік ел. Біздің халқымыз өз ұрпақтарына ғасырдан ғасырға ұлт қасиетін салт-дәстүрмен, өнегені әдет-ғұрыппен, үлгіні жөн-жосықпен, әдепті ырым, тыйыммен тәрбиелеп, ұлағатты ұл, инабатты қыз өсірген. Ұлттық тәлім, салт-сана сабағы адамгершілік тәрбиесінің аса сенімді әрі ғажайып жол екенін көрсетті. Отаншылдық, ерлік, мәрттік, жомарттық, қайырымдылық, жоғары адамгершілік қасиеттер осы жол арқылы дарыған.

11 сынып – «Ата-аналар келбеті». Азаматтық және дүниетанымдық ұстанымдарды қалыптастыру үшін, отбасының әлеуметтік функцияларын, отбасы мүшелерінің, ру арасындағы өзара қатынастарды саналы ұғыну.

Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз. Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін-өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін-өзі сыйлау қажеттігінен туындайды. Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады. Баланы дұрыс тәрбиелеу отбасында, алдымен, жанұя жағдайы, онда қалыптасқан он моральдық-психологиялық ахуал, татулық пен өзара түсіністік, сүйіспеншілік пен сыйластық, ауызбіршілік, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген құрмет сезімдері, яғни, отбасындағы кіршіксіз таза, мөлдір көңіл-күйі тікелей ықпал етеді. Соған орай, отбасы, ата-ана, ақсақадардың, келіннің, ер мен әйелдің, ұл бала мен қыз бабалалардың ережелерін орындауды ұсынамыз [4].

Профессор К.Ж. Қожахметованың ғылыми мектебінің ізденістік ахуалының ерекше тұстары: білім беру практикасында тәжірибені жинақтап, талдай білу деңгейінің жоғары болуын және тақырып аумағындағы әдебиетті мәнді талдай білуін талап етуі және осы жұмысқа зерттеушілерді ұйымдастыра білуі, зерттеудің объективті, шындық педагогикалық болмыстан алынуы, зерттеу ісінің шеберлігіне ерінбей үйретуі, ғылыми мінбелерде өз ойларын айтуға, ғылыми дискуссияларға қатысуға бағыттауы, тақырып саласында мемлекеттік іс-шараларға қатысуын қадағалауы, сын-ескертпелерді үнемі ойландырып жауап іздетуі, тақырыптың болашағын іздестіруі өз айналасындағы шәкірттерін бір ұжымның мүшелері етіп баптауы кімге де болса үлгі деп білеміз.

Адам баласының адамдығы мен асқақтығы, парасаттылығы мен пайымдылығы оның өмір жолында атқарған істерімен, жеткен биіктерімен өлшенеді. Яғни, бұл өмірге келген әрбір жан өзінің кім екендігін болашақ алдында атқарған өнегелі істері мен рухани тағылымы арқылы көрсетеді. Егемендікке енді ғана қол жеткізіп, жаңа заманға сай даму жолына түскен біздің елімізде де осы бағытта аянбай тер төккен аяулы азаматтар баршылық. Солардың бірі және бірегейі – қазақтың қайсар қызы Қожахметова Клара Жантөреқызы.

Ұлтымыздың өткен тарихы мен дәстүрлі рухани-адамгершілік құндылықтары ғалымның назарын аударып көптеген жұмыстары осы сала бойынша жарыққа шығып, Қазақстанда этнопедагогика ғылымының теориялық әдіснамалық негізін қалаушылардың бірі болды. Сондықтан да Клара Жантөреқызы ұстаз, ғалым ғана емес, сонымен қатар ұлттық тәрбиенің нағыз жанашыры, жаршысы десем артық айтқандық болмас. Мұны ол кісінің осы бағыттағы бірнеше жылдар бойына атқарып келе жатқан еңбегінен анық байқауға болады.

Клара Қожахметова білім беру жүйесіндегі білім мен тәрбиенің ұлттық мазмұн алуына ұлттық құндылықтардың дәріптелуін насихаттаушы.

Клара Қожахметова бір-біріне ұқсамайтын екі қоғамдық тұрпатты кезеңде өмір сүргенімен, оның шығармашылығы адам баласына тәлім-тәрбие берер ұстанымы өзгермес – тағылымы мол мұра.

Клара Жантөреқызы Қожахметованың ұлттық мазмұнындағы педагогикалық идеялары мектеп бағдарламасында оқытылып, жастардың біліміне, тәрбиесіне ықпал етуші тәрбие құралы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қожахметова К.Ж. Этнопедагогика. - Оқу құралы, - Алматы: Қарасай 2012ж.
2. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы // Егемен Қазақстан. – 15 тамыз. – 2007. – 5-8 бб.
3. Назарбаев Н.Ә. «Мәдени мұра» - мемлекеттің стратегиялық ұстанымы// Егемен Қазақстан. – 2007. – 14 ақпан. – 1, 2 бб.
4. Қожахметова К.Ж. Рухани-адамгершілік тәрбиенің этнопедагогикалық негіздері: әдістемелік нұсқау. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 44бет.

ӘОЖ 373.24

К.Ж.ҚОЖАХМЕТОВАНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ЭТНОПЕДАГОГИКА ӘДІСНАМАСЫНЫҢ ДАМУЫ

Р.К.Ильясова., Л.С.Есенова. п.ғ.д

Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық
колледжі, Орал қ

Ключевые слова: методология, компоненты науки, теория этнопедагогика, практика
Key words: methodology, components of science, theory of ethnopedagogy, practice

Қазақстан үкіметі қабылдаған «Білім туралы» Заңның «Білім жүйесі» аталатын екінші бөлімінде «Білім беру жүйесінің басты міндеттері: Қазақстан Республикасына шын берілген, адал патриот азамат даярлау... олар мемлекеттік белгілердің мәні мен маңызын терең түсінген, халықтық дәстүрлерді қастерлейтін... халықтар достығының негізінде тәрбиеленген, халық, отан, отбасы алдындағы жеке бастың міндеттері мен құқықтарын сезінген... Қазақстанда тіршілік етуші қазақ халқы мен басқа да халықтардың тілін, тарихын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын қадір тұтып игеруге пейілді азамат болуы керек» делінген.

Этнопедагогика пәні болашақ маманды тәрбие жүйесіндегі этникалық өзгешеліктер мен ұлттық даралық жайлы біліммен қаруландырады, көп ғасырлық тәрбие әрекеті нәтижесінде жинақталған педагогикалық байлықты практикада қолдана алу дағдысын игертуді көздейді.

Әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық, ізеттілік, қонақжайлылық құндылықтары қалыптасқан халқымыздың осы асыл қасиеттерін жас ұрпақтың ақыл-парасатына азық ете білу үшін әр оқытушы сан ғасырларда қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды жан-жақты терең білумен қатар өзінің бойына адамдық құндылықтарды терең сіңірген, рухани жаны таза адам болуы шарт. Ол рухани-адамгершілік тағылымдарды өркениетті өмірмен байланыстыра отырып білім берудің барлық кезеңдерінде негізге алғаны жөн.

Уақыт республика педагогтарына жастарды жаңа заман талаптарына сай, әрі озық ұлттық дәстүр рухына тәрбиелеп, өмірге әзірлеу секілді жауапты міндеттерді жүктеп отыр. Егеменді елімізге сай ұрпақ тәрбиелеп шығудың бірден-бір жолы ол – өсіп келе жатқан ұрпақты ұлттық тұрғыдан шыңдау.

Осы ретте халықтық тәрбие туралы зерттеулерді жүргізудің маңызы зор. Этнопедагогикалық білімдерді қабылдау меңгеру және бағалау процесін сипаттайтын ұғымдарды әдіснамалық қамту этнопедагогиканың ұғымдық базасын жүйеге келтіріп, этнопедагогикалық білімді зерттеу аясын кеңейтеді.

Әдіснама(методология) - ғылыми еңбек жазудың әліппесі, педагогика ғылымына бағыт беретін, объектіні тануға көмектесетін білімдер. Әдіснама - «Зерттеуді қалай ұйымдастыру керек?» «Қандай философиялық теорияға сүйенеміз?» деген сұраққа жауап беретін, зерттеушінің өз саласын толық білуге тікелей ықпал ететін, білім қорларын анықтауға көмектесіп, әдебиеттерді оқу бағыттарын көрсететін, педагогикалық құбылыстарды зерттеу және тану әдістерінің жиынтығы. Олай болса жас ғылым саласы этнопедагогиканың әдіснамасын анықтау оны зерттеуге қосылған орасан зор үлес болды деп айтуға толық негіз бар.

Қазақ этнопедагогикасы бойынша іргелі еңбек педагогика ғылымының көрнекті өкілі, қазақ этнопедагогикасының білгір маманы, қазақ этнопедагогикасының негізін салушы ғалым, ұлт жанашыры Клара Жантөреқызы Қожахметованың көп жылғы зерттеу еңбегінің нәтижесі «Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика» (1998) монографиясы болып табылады.

Қазақ этнопедагогикасының теориясын, әдіснамасын, ғылыми бағытын дәлелдеу үшін ғалым Клара Жантөреқызының тынымсыз ізденістер жүргізіп, ұзақ жылғы еңбегін сарп етті. Отандық ғылымдағы жаңалық болып табылатын педагогика мен этнопедагогиканың негізгі мәселелерін зерделеуде ғалымдар арасында қызу пікірталас тудырған күрделі тақырыпты зерттеу оған оңай болған жоқ. Ғалым жоғарыда аталған еңбегінде қазақ этнопедагогикасының ғылыми мәртебесін негіздеп, Қазақстандағы этнопедагогикалық зерттеулерді талдайды. Оның түсінігінде «Қазақ этнопедагогикасы» қазақ философиясы, этнопсихология, этнос теориясы, этнография, мәдениет теориясы тоғысында пайда болған және педагогика ғылымының негізі болып табылатын жеке ғылым саласы.

Қазақ этнопедагогикасының мәртебесінің анықталуы, оны жеке оқу пәні ретінде негіздеу педагогикалық оқу орындарында этнопедагогика курсы оқытудағы көптеген проблемаларды шешуге көмектесіп, қазақ халқының бала тәрбиелеу дәстүрлерін басқа халықтарға танытуға орасан зор ықпал етті.

Этнопедагогика ғылымы алғаш пайда болғанда оны зерттеу жолдары туралы еңбектер өте аз болды. Сол уақытта К.Ж.Қожахметованың еңбегі жарық көрді. Бұл ғылыми монографияның этнопедагогика методологиясының дамуына қосқан үлесі зор болды деп толық сеніммен айтуға болады.

Ғалым өз зерттеуінде этнопедагогикалық болмысты өзгерту үшін зерттеушіге қажетті методологиялық білімдерді бір жүйеге келтіреді. Қазақ этнопедагогикасының ұғымдық аппаратын анықтайды. 1-кестені қараңыз.

1-кесте

| Бөлімдері. Ғылым компоненттері | Этнопедагогика методологиясы | Этнопедагогика теориясы | Практика |
|---|---|---|--|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Мақсаты, міндеттері. | Қазақ этнопедагогикасы туралы білімдерді, атап айтсақ зерттеу әдістерін, принциптерін анықтау; қазақ этнопедагогикасының халық педагогикасымен, әлеуметтік педагогикамен өзара байланысын | -қазақ этнопедагогикасы туралы білімдерді анықтау; -қазақ этнопедагогикасының педагогика ғылымдары жүйесіндегі орнын, қазақтың этникалық тәрбиесінің ерекше- | -этнос субъектісін тәрбиелеу; -этникалық сананы қалыптастырып, қазақ менталитетінің негізін салу; -елжандылықты тәрбиелеу; -өз халқының ана тіліне, |

| | | | |
|-------------|--|---|---|
| | анықтау; қазақ этнопедагогикасының құрылымын белгілеу; зерттеу бағдарламаларын, әдіс-тәсілдерін анықтау. | ліктерін анықтау; -қазақ этнопедагогикасының ұғымдарының жүйесі; -тәрбиедегі әлеуметтік-рөлдік тұрғының мәнін анықтау; -ұлттық мінез, өзіндік сана қалыптасуының ерекшеліктерін зерттеу | ұлттық мәдениетіне, тарихына, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлеріне, материалдық және рухани мәдени құндылықтарға сүйіспеншілікті тәрбиелеу; -этноэтика, этноәлеуметтік рөлдерге қатыстыру; -басқа халықтарға құрмет сезімін тәрбиелеу. |
| | Этнопедагогикалық болмыс | | |
| Объектісі | Этнопедагогика, этнопедагогикалық зерттеулер | ұлттық және дәстүрлі тұрмыстық мәдениет, этнопедагогикалық мәдениет | қазақ халқының этнопедагогикалық мәдениеті; мектеп пен отбасындағы этнопедагогикалық процесс |
| Пәні | Этнопедагогикалық зерттеулердегі этнопедагогикалық болмыс | Қазақ этникалық тәрбиесі-үздіксіз, тұтас процесс, өмір бойы жүреді. Оның барысында адам этнос субъектісі болып дамиды. Этникалық құндылықтарды, рөлдерді, нормаларды(әдет-ғұрып, дәстүрлерді) меңгеріп, этникалық | -қазақтардың бала тәрбиесіне қоятын негізгі талаптары; -қыз және ұл тәрбиесінің ерекшеліктері; -қазақтың ұлттық этикеті; -тегі, туыстық қатынас нормалары; -этникалық тәрбие құралы-әдет-ғұрып, салт-дәстүр жүйесі; |
| | | өзіндік санасын, өз этносының тілін, тарихын, мәдениетін меңгереді. Басқа ұлттарды құрметтеуге үйренеді. Өз ұлтына мақтаныш сезімі тәрбиеленеді. | -«қара шаңырақ», «отау», «тұңғыш ұл», «кенже ұл», «жалғыз ұл» ұғымдарының маңызын ашу; -«ата», «әже» рөлдерінің ерекшеліктері, көп мағынасы(ақсақал, қария, кейуана, ана); |
| Функциялары | -таным(зерттеу); | Танымдық | әдістемелік жабдықтау: |

| | | | |
|----------|---|--|---|
| | <p>-сын(баға);</p> <p>-рефлексия, өз мәртебесін зерттеу;</p> <p>-этнология, этнопсихология, педагогика ғылымдарының әдістерін зерттеп, қазақ этнопедагогикасының зерттеу әдістерін жасау;</p> <p>-қазақ этнопедагогикасы мен басқа халықтардың этнопедагогикасын салыстырмалы зерттеу әдістерін жасау</p> | <p>- суреттеу(Не бар?), тақырып бойынша топтастыру; деңгейлеріне қарай жүйелеу;</p> <p>- праксеологиялық (Нәтижеге қалай жетуге болады?);</p> <p>-аксиологиялық(Не және қандай болу керек?);</p> <p>- ата-бабаларымыздың тәрбие заңдарының мәнін тану (шежіре);</p> <p>-ұлттық дүниетанымды қалыптастыру;</p> <p>-ұлттық менталитетті қалыптастыру;</p> <p>-халықтың ұлттық мәдениеті құндылықтарымен тәрбиелеу;</p> <p>-отаншылдықты, тілге,тарихқа сүйіспеншілікті тәрбиелеу;</p> <p>-мектеп, отбасындағы этникалық тәрбиенің жағымды тәжірибесін насихаттау;</p> <p>-қазақ халқының өздігін этникалық тәрбиені үздіксіз білім беру жүйесінде жүргізу арқылы сақтау.</p> | <p>-бағдарлама, оқу құралдары, әдістемелік ұсынба, тұжырымдама;</p> <p>-отбасы функциясы: қазақ этнопедагогикасының отбасына қоятын талаптарын орындау;</p> <p>-қазақтың ұлттық этикетіне сәйкес этноәлеуметтік рөлдерді меңгеру;</p> <p>-туған халқының озық дәстүрлері негізінде тәрбиелеу.</p> |
| Әдістері | Барлық ғылымға ортақ әдістер: талдау, жинақтау, дедукция, | | Қазақ этникалық тәрбиесінің әдіс-тәсілдері: түсіндіру, сендіру, үйрету, үлгі-өнеге, |

| | | | |
|--------------|---|--|---|
| | <p>индукция, аналогия, салыстыру, бақылау, эксперимент, өлшеу, модельдеу;</p> <p>-тәсілдері: жүйе, кешен, тұтас, этнопедагогикалық мәдениеттану, әлеуметтік, этнографиялық</p> | | <p>кеңес, үгіттеу, өтініш, тілек, мақұлдау, мақтау, алғыс, тұспал сөз. Тыйым, айыптау, жауапкершілікті тәрбиелеу, қызықты іске тарту, ренжу, мысқыл, өкпелеу, еркелету, жазалу, бата, теріс бата, қарғыс.</p> |
| Принциптері | <p>Объективтілігі, тануға болатындығы, тарихилық, себеп-салдар, теория мен практика бірлігі, кешенділік, тұтастық, жүйелілік, пәннің анықтығы, ерекшелікті ескеру, этникалық пен әлеуметтіктің ара салмағы, халықтық, мәдениетке сәйкестілік, табиғатқа сәйкестілік, жас және жеке ерекшеліктерін ескеру.</p> | | <p>Қазақ этникалық тәрбиесінің принциптері: жас ерекшеліктерін ескеру; жеке ерекшеліктерін ескеру; мәдениетке, табиғатқа сәйкестілік; рөлге бейімдеу; туыстық қатынастардың басымдығы; үлкендерді сыйлау.</p> |
| Заң | <p>Материалистік диалектика заңдары, категориялары: құбылыс, мән; форма, мазмұн; кездейсоқтық пен қажеттілік; кеңістік, уақыт, тұтас, бөлік, сапа, қасиет, жеке жалпы</p> | <p>-жалпы педагогика заңдары;</p> <p>-өмірмен тәрбиелеу заңдары;</p> <p>-қазақтардың этникалық мәдениетіндегі моральдық-этикалық заңдар;</p> <p>-этнопедагогикалық заңдардың негізі;</p> <p>-тәрбие дәстүрлері, адамгершілік-этикалық тыйымдардың заңдас-тырылуы;</p> <p>-этнопедагогика заңдарының негізі-этноәлеуметтік рөлдер</p> | <p>«Жеті ата заңы». 7 атаға дейінгі туыстарды білу, некелесуге тыйым салу;</p> <p>-азаматтық заң;</p> <p>-әменгерлік заңы;</p> <p>-шариғат заңы;</p> <p>-дәстүр, әдет-ғұрып жүйесі;</p> <p>-этноәлеуметтік рөлдер-моральдық-этикалық нормалар жүйесі.</p> |
| Заңдылықтары | <p>Детерменизм, кездейсоқтық,</p> | <p>Педагогика</p> | <p>«Ұяда не көрсең, ұшқанда</p> |

| | | | |
|--------|-------------------------------|--|--|
| | қажеттілік, мүмкіндік, болмыс | заңдылықтары | соны ілерсің»; -шешесін көріп, қызын ал, ыдысын көріп асын іш; -әкеңе не істесең, алдыңа сол келер т.б. |
| Теория | | Қазақ этнопедагогикасының теориялық, әдіснамалық негізі(К.Ж. Қожахметова). | 1.Қазақтың халық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие проблемалары(С. Ұзақбаева, К. Асанова т.б.). |
| | | | 2. Адамгершілік, еңбек, дене тәрбиесін қазақтың халық педагогикасы арқылы беру проблемалары(А.К. Дайрабаева, Р.К. Төлеубекова, С. Иманбаева т.б.). 3.Халық тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері, оны оқу-тәрбие процесіне енгізу жолдары(С.К. Қалиев, Т. Қоңыратбаева). 4. Мектепке дейінгі балалар мекемелеріндегі тәрбие-білім беру мәселелері(Ә.С. Әмірова, А. Левченко). 5. Болашақ мұғалімдерді дайындаудағы мәселелер(Б.Ж. Мұқанова) 6.Қазақтың дәстүрлі-көркем мәдениеті арқылы музыкалық-эстетикалық тәрбие беру(М.Х. Балтабаев т.б.). 7.Оқушылардың этномәдени білімі(Ж.Ж. Наурызбай). 8.Жоғары мектептегі студенттердің этнопедагогикалық білімдері(С. Ұзақбаева, К. Қожахметова). |

| | | | |
|--|---|--|---|
| <p>Қазақ этнопедагогикасының дерек көздері</p> | <p>-қазақ халқының педагогикалық мәдениеті туралы жыршы-жырау, акын, философ, жазушылардың еңбектері;</p> <p>-қазақ ауыз әдебиеті классификациясы:</p> <p>А. Байтұрсынов т.б.</p> <p>-этнофилософ, этномәдениет, этнопедагог, тарихшы, этнограф, этнопсихолог ғалымдардың еңбектері</p> | <p>Қазақстандағы педагогикалық ойлар тарихына арналған зерттеулер(К.Б. Жарықбаев, С.К. Қалиев, К.К. Құнантаева т.б.)</p> | <p>-ауызша халық шығармашылығы материалдары;</p> <p>-кітапханалардың сирек қорларындағы сақталған сәндік-қолданбалы өнері, сәулет өнері ескерткіштері, мектеп тәжірибесі, мәдени орталықтар жұмысы.</p> |
| <p>Ұғымдар, терминдер, категориялар</p> | <p>Этнос теориясынан алынғандар</p> | <p>Этноним; этникалық сана; этноұлттық, дәстүр, әдет-ғұрып, этногенез, этникалық, тіл, дін, этнохалық, халықтық, субэтнос, ру, тайпа</p> | |
| | <p>Қазақ философиясынан алынғандар</p> | <p>Этникалық дүниетаным, этникалық менталитет, сенім, тыйым, аруақтарды құрметтеу, діни көзқарастар, халықтық астрономия, халық күнтізбесі, халықтық медицина, халықтық ауа-райын болжау, дүниені қабылдау, дүниені түсіну</p> | |
| | <p>Этнопсихологиядан алынғандар</p> | <p>Ұлттық психология, этникалық психология, психикалық қалып, ұлттық сезім, ұлттық мінез, ұлттық сана, ұлттық мүдде, әдет-ғұрып, дәстүр, жоралғы, рәсім</p> | |

| | | | |
|---|--|---|--|
| | Мәдениет теориясынан алынғандар | Этнопедагогикалық мәдениет, дәстүрлі-тұрмыстық мәдениет, ұлттық мәдениет, материалдық мәдениет, рухани мәдениет, әлеуметтік-нормативтік мәдениет, халықтық мәдениет, халықтың педагогикалық мәдениеті, дәстүрлі көркем мәдениет, отбасылық мәдениет | |
| | Жалпы педагогикадан алынғандар | Тәрбие, қалыптасу, тұқым қуалау, сабақтастық, орта, әлеуметтану, әдіснама, әдіснамалық білім | |
| Қазақ этнопедагогикасының категориялары | Этнопедагогика, ұлттық педагогика, қазақ этнопедагогикасы, халықтық педагогика, этникалық тәрбие, ұлттық тәрбие, халықтық тәрбие, этноэтика, этноғылым, этноәдіснама, этномәдени білімдер | | |
| Қазақ этнопедагогикасы ұғымдары | Тәрбиелік әдет-ғұрыптар, тәрбиелік дәстүрлер, тәрбиелік рәсімдер, тәрбиелік жоралғылар, наным-сенім, этнопедагогикалық білім, этноәлеуметтік рөл, үйрету, этникалық өзіндік сана, тыйым, бата, туыстық қатынас нормалары, ұлттық мектеп, мектептің ұлттық тәрбие жүйесі. | | |

Кестеден көріп отырғанымыздай Клара Жантөреқызы этнопедагогикалық білімдердің құылымын: заңдарын, заңдылықтарын, тұжырымдамаларын, теорияларын, принциптерін гипотезасын, әдістерін, ұғымдарын, терминдерін анықтауға зор үлес қосты.

Клара Жантөреқызы өзінің монографиясында этнопедагогика методологиясының мақсатын тұжырымдап, қазақ этнопедагогикасы әдіснамасының анықтайтын нысандарын, оны тану әдістерін белгіледі. Әдіснаманың принциптерін анықтады. Олар: объективтік, даму, тарихилық, теория мен практика бірлігі Қазақ этнопедагогикасының теориялық-әдіснамалық негіздерін дәлелдеуде халықтық принцип маңызды рөл атқаратынын атап көрсетті.

Этнопедагогиканың объектісін анықтау үшін халық педагогикасы мен этнопедагогиканың анықтамаларын салыстырады. Егерде халық педагогикасы халықтың педагогикалық мағлұматтар мен тәрбиелеу тәжірибесінің жиынтығы болса, этнопедагогика – халықтың жас ұрпақты тәрбиелеу тәжірибесі туралы, олардың педагогикалық көзқарастары туралы ғылым дей отыра ғалым этнопедагогиканың зерттейтін нысанын әрбір ұлттың тәрбиесі деп тұжырымдады. Ал қазақ этнопедагогикасының зерттейтін объектілері(нысандары) - ұлттық мектеп, отбасы, ұлттық педагогикалық болмыс, қазақ этнопедагогикасы пәнін этникалық тәрбие дамытатын этнос субъектісі деп белгіледі.

Ғалым ғылыми жұмыста объектіге толық шолу жасау керектігін ескерте отырып, объектімен жұмыс істегенде зерттеуші тақырып бойынша жұмыс істеген ғалымдарды, зерттеулерін, зерттеу жұмыстарының жетістіктері мен кемшіліктерін, ғылыми айналымға енген жаңа білімдерді, теріске шығарылған білімдерді анықтау керектігін еске салып өтеді.

Клара Жантөреқызы этнопедагогикада объектіні тануға көмектесіп, жаңа ғылыми білімдер алуға тікелей ықпал ететін талдау, жинақтау, бақылау, эксперимент, индукция, дедукция, ұқсату, салыстыру сынды барлық ғылымға ортақ зерттеу әдістерін ұсынады.

Сонымен қатар ғалым зерттеу нысаны және пәнінен туындайтын этнопедагогиканың мақсат, міндеттерін және қызметін де анықтады.

Этнопедагогиканың *мақсаты* – жетілген тұлғаны тәрбиелеу, оның дамуы ақылмен, еңбексүйгіштікпен және ізгілікпен жүзеге асады.

Міндеттері:

- халық педагогикасының ерекшелігін, оның пайда болуын, дамуын, қазіргі жағдайын, оның халық өміріндегі орнын және оның адамзаттың педагогикалық мәдениетінің дамуындағы рөлін зерттеу;

- халық тәрбиесінің негізгі категорияларын және заңдылықтарын анықтау;

- ұлттық мінездің қалыптасу процесін зерттеу, оны этникалық қауымдастыққа тән тәрбие жүйесінің әсерінің нәтижесі ретінде қарастыру;

- халық педагогикасының педагогикалық ғылыммен байланысын анықтау;

- халықтық педагогикалық мәдениетінің ерекшелігін талдау.

Этнопедагогиканың қызметі:

- тарихи қалыптасып, ұлттық тәрбие жүйесінің арқасында сақталып келген ұлттық мінез ерекшеліктерін зерттеу;

- құнды педагогикалық мұраның, оның педагогикалық ғылымда меңгерілуі мен қайта өңделуіне, тәрбие практикасында қолданылуына мүмкіндік беру;

- халықтық педагогикалық дәстүрдің жандану себептерін және қазіргі қоғамның рухани өміріне ену механизмін анықтау;

- үлкен және кіші халықтардың тәрбиелік тәжірибесінің ерекшеліктерін мұқият зерттеу.

Профессор К.Ж.Қожахметованың еліміздің білім беру жүйесіне қалдырған этнопедагогика әдіснамасын зерттеудегі интеллектуальдық әлеуетіне байланысты қорытынды ретінде айтарым, оны қазақ этнопедагогикасының әдіснамалық негізін

салушы көрнекті ғалым деп айтуға барлық негіз бар. Оның теориялық мұрасы этнопедагогикалық зерттеулерді одан әрі жүргізуге жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кожухметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика, А., 1998.
2. Қожухметова К., Ш.Таубаева, Ш.Джанзакова. Методология общей и этнической педагогики в логико-структурных схемах. Алматы, 2005, -174с.
3. Қожухметова К.Ж. Этнопедагогика: әдіснама, теория, тәжірибе: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2013. - 254 бет.
4. Мухтарова Ш.М. Методологическое обоснование этнопедагогической направленности этнического компонента в содержании высшего педагогического образования. <https://cyberleninka.ru/article/n/metodologicheskoe-obosnovanie-etnopedagogicheskoy-napravlenosti-etnicheskogo-komponenta-v-soderzhanii-vysshego-pedagogicheskogo-vedeniya>

ӘОК 37.0

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ТӘРБИЕ НЕГІЗІ

С.Қ.Дарибаева аға оқытушы, п.ғ.м.А.С.Шеримова аға оқытушы

Қызылорда Қорқыт Ата атындағы университет

Резюме: Воспитание, познание подлинности духовного и культурного наследия, прославленного и почитаемого нашей страной с незапамятных времен, приобщение ее благородства к духовному каравану истории-это требование современной и будущей жизни

Ключевые слова: национальное воспитание, национальные традиции, национальные ценности, нравственное воспитание.

Resume: Education, knowledge of the authenticity of the spiritual and cultural heritage, glorified and revered by our country since time immemorial, the introduction of its nobility to the spiritual caravan of history-this is the requirement of modern and future life

Key words: national education, national traditions, national values, moral education.

«Ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс» ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев

Тарихқа үнілер болсақ, әрбір халықтың, әрбір ұлттың өз мәдениеті, тұрмыс тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрпы, дәстүрі, тәрбиелеу тәсілі болатынын білеміз. Халық тәрбиесі – ғасырлар бойы сараланып сан сыннан өткен, сол халықтың ой-арманымен, тіршілік тынысымен, шаруашылық кәсібімен, ұлттық тәлім-тәрбие дәстүрімен тығыз байланыста туып, өсіп-өркендеп, дамып және ұрпақтан ұрпаққа жалғасып жеткен тарихи және мәдени мұрасы. Әр халықтың ұрпақ тәрбиелеудегі сан ғасырларға созылған өзіндік тарихи тағылымы, ой-пікір қорытындылар түйіні бар. Ал ол жазу-сызудан, оқу құралынан, ауыз әдебиетінен, ұлттық өнер тағылымынан, халықтың дәстүрі мен әдет-ғұрпынан, бір сөзбен айтқанда мәдени мұраларынан өзекті орын алып, көрініс береді. Өткеннің бай рухани мұрасын тал бойына дарытқан озық өнегелі дәстүрсіз, ұрпақтар сабақтастығынсыз

тарихи процесті елестету мүмкін емес. Рухани мұрамыз неғұрлым бай болса, алуан арналы болса, өткен мен бүгінгінің мәдени мұралары жарасымды жалғасып жатса, соғұрлым өміріміздің мән мағынасы терең, мақсатымыз айқын, ұлттық идеямыз жоғары, тарихи үлгі өнеге тұтар парасатты ой толғаныстары күшті ұрпақ тәрбиеленуі еш күмән тудырмайды. Күмбірлеген күміс күйімен, сыбызғы, сырнай үнімен асқақтата салған әсем сазды әнімен де ата-бабаларымыз өзінің рухани жан дүниесінің мұң шерін, асқақ арманын келер ұрпақтың зердесіне жеткізіп көкірегіне ұялатқанын ұмытуға болмайды. Еліміздің ежелден дәріптеп, қастерлеп келген рухани-мәдени мұрасының тегін тектеу, болмысын тану, оның асылын тарихтың рухани көш-керуеніне ілестіріп отыру арқылы бүгінгі және болашақ ұрпақ қамын қамдау өскелең өмір талабы болып отыр. Әрбір халық «өз тарихын, философиясын мейлінше және оған белгілі бір көзқараста болмайынша ешқандай мәдениеттің дамуы мүмкін емес». Ұлттық тәрбиенің ұлттық құндылықтардан нәр алатын адамгершілік ұстанымдары мәдени құндылық ретінде ғасырлар қойнауынан нәр алып, мәдениет біткенмен тепе-тең, өзіне байыта, астаса түскен үндестігі, бірлігі, түптеп келгенде, адамдықтың, руханилық пен имандылықтың негізі ретінде мәдениет кеңістігіне жетелеп отырады. Ұлттық құндылықтар – қандай да бір этникалық қауым өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы. Ұлттық құндылықтардың әрбір халықтың өмірінде алатын орны өзгеше екені белгілі. Сондықтан да әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие – ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Өйткені, мұнда тәрбиенің негізі ғасырлар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен моралдық тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір-салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды. Қазақы дүниетаным, ақыл-ой, тағылымдық ұлағат ғасырлар бойы шыңдалып қалыптасты. Сол сан ғасырлық ұлттық тәрбиенің негіздерін бір арнаға түсіріп тәрбие мәселесінде пайдалану бүгінгі таңда күн тәртібінде тұрған ең басты қажеттілік деп білемін. Ұлттық отаншылдықты қалыптастыруда ата-бабаларымыздың ұлағатты ойлары мен тәлімдік тәрбиесінің атқаратын орны ерекше. Осы жерде қазақ халқының ұлы ақыны М. Жұмабаевтың мына сөзі ойға оралады: «Ұлт тәрбиесі – баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Және әр ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесі мен тәрбие қылуға міндетті». Бала тәрбиесінің ұлттық сипатта болуына ерекше мән беру керектігін атап өтеді. Ал ұлттық сипат – сол ұлт тарихының таңбасы. Қазақтың ұлттық құндылықтарын жаңғырту бүгінгі мемлекеттен өзінің ішкі және сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуді талап етеді. Қазақы рухы биік ұлттық идеяның қалыптасуында ұлттық құндылықтардың маңызы зор. Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. Ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу ұлттық идеяның негізгі бағыты болып табылады. Ұлттық идея – қазақ халқы тудырған моральдық нормаларда және ұлттық құндылықтарда бекітілген патриоттық тәжірибені меңгеру, ұлттық этномәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды тану, тарихты құрметтеу арқылы іске асырылады. Көрнекті ғалым, қоғам қайраткері Амангелді Айталы «Ұлттың рухани мұралары мен дәстүрлерін, қаһармандық ерлік салтын қастерлеу – ұлттық идеяның басты көзі болады, оның дүниежүзілік өркениеттер арасындағы өзіндік дербестігін нығайтады» - деп келтіреді. “Жас бала – жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қайтып алмақ” – деген тұжырым жасаған қазақ халқының ұлы ақыны ғалым М. Жұмабаев. Бүгінгі жас ұрпақты бала шақтан, яғни ерте жастан ұлт құндылықтарына сүйене отырып тәрбие жүргізу керек. Тәрбие ісі – мемлекеттік іс. Өйткені бүгінгі дұрыс тәрбие – болашақтағы жақсы елдікті танытар азаматтардың өсетінін танытады. Сол себептен де Елбасы өзінің

мақаласында «Ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуы тиіс» – деп ой қорытады. Бүгінгі күн тұрғысынан қарайтын болсақ, егемен елдің бейбітшілігі мен бірлігін сақтайтын жас ұрпақтың бойына жастайынан ата-бабаларымыз негізін салған ерлік рухты, отаншылдық сезімді сіңіру кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болып отыр. Ұлттық сезім мен ұлттық намыс, ұлттық рухты көтеру – бүгінгі таңның кезек күттірмес міндеті деп білемін. Яғни елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзаттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрағаттары мен ұлттық тәрбие саласында жұмыс жасау басты міндетіміз. Ұлтымыздың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай: «Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды»-деген болатын. Ұлттық құндылықтар – ұлттық идеяның негізгі өзегі, ұлт қалыптасуының басты факторларының бірі. Осы ұлттық идеяны іске асыратын басты фактор мемлекет болып табылады. Сондықтан да осы мемлекеттік іске салғырт қарамай ұлттық идеяның негізгі бағыттарының тетіктерін жасау қажет. Ұлттық идея – туған жер, өскен орта әсерлерінен қалыптасып, халықтың тілі, ауыз әдебиеті, салт-санасы, әдет-ғұрпы, ырымдары мен тыйымдары арқылы жүйеленген сезім. Ол – ұлттың болмысы, психологиялық өзіндік ерекшелігі. Ал, осы ұлттық идеологиямыз әлсіз болса барлық салаға өзінің кері ықпалын тигізетіні шүбәсіз. Отаншылдық міндетті түрде тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігін көрсетеді, өйткені, оның өзі еңбекте табыстарға жету үшін, қоғамға, ел жұртқа, халыққа қызмет ету үшін биік серпін болып табылады. Осы себепті, күрделі рухани және саяси-әлеуметтік құбылыс ретіндегі қазақстандық патриотизм Отанды қорғау, нығайту және гүлдендіру жолында онымен ажырамас тұтастығын саналы түрде ұғынатын тұлғаның руханилығы, азаматтығы және саяси-әлеуметтік белсенділігінің бірлігі болып табылады. Ал, бұл кез-келген мемлекеттің түбірлі саяси міндеті екендігі белгілі. Отаншылдыққа тәрбиелеудің негізгі көздеген мақсаты – өзінің бай тарихи тәжірибесіне сүйене отырып, келер ұрпақты еңбекке, өнер-білім машықтарын меңгеруге, отбасын, туған өлкесін, отанын сүйуге, ар-намысын қорғауға, және т.б. ізгі адамгершілік қасиеттерге баулу. Оның басты қағида- сы Отанға, өзінің халқына, Атамекеніне деген сүйіспеншілік болып табылады. Бұл өз еңбегімен, жанкешті ерліктерімен елінің беделін арттырып, халқының абыройын асыратын қазақстандық азаматтардың күнделікті өмірінде пайда болады. Ол Отан мен Қазақстан халқына қауіп төнген сындарлы жағдайларда, әсіресе, айшықты әрі қарқынды түрде туындайды. Күнделікті тіршілікте ол азаматтардың өндірістегі, ғылымдағы, өнердегі, спорттағы, сондай-ақ, жауынгерлерді туған өлкені батыл қорғауға, өз халқының, елінің, Атамекенінің егемендігін, «құрмет көрсетіліп, қастерленуі» тиіс шекарамыздың бұзылмауын, қоғамдық құрылыстың мызғымастығын қамтамасыз етуге даярлайтын әскери қызметтегі жасампаз еңбегінен көрінеді. «Ежелден ел тілегі – ер тілегі, адал ұл ер боп туса – ел тірегі» демекші әр баланың бойында адамгершілік, батылдық, шыдамдылық, төзімділік қасиеттерін дамытып, жеке тұлғаны қалыптастыруға үлес қосу болып табылады. Жас ұрпақты аға ұрпақтың лайықты мұрагері болу үшін жастарға халқымыздың Отан мүддесі жолында жасаған ерлік істерінің ұлылығын жете түсіндіре отыруымыз қажет. Осы жерде еліміздің тарихы жетекші орын алады. Қазақ елінің тарихын насихаттап, өскелең ұрпақты ұлтжанды етіп тәрбиелейтін, әрқашан мемлекеттік мүддені көздеп, мемлекеттік тәуелсіздігіміздің мәңгі баянды болуын насихаттау жолында аянбай еңбек етуіміз керек. Тарихты оқу арқылы отаншылдыққа, өз халқына, басқа халықтарға деген сүйіспеншілікке, жауынгерлікке, еңбек сүйгіштікке, Отаны үшін кез келген қиындыққа әзір тұруға, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастыққа, қоғам үшін, халық үшін, елі үшін қызмет етуге дайын болуға, адалдыққа, шыншылдыққа, тазалыққа, қарапайымдылыққа, кішіпейілділікке, өз мүддесін халық, Отан мүддесінен жоғары қою сияқты қасиеттерге тәрбиеленеді. Ал, мектептегі тарих сабақтарында ерлікке,

жауынгерлікке тәрбиелеу күрделі міндет. Осы жерде ержүрек батырлар мен қолбасшылардың қаһармандығын, ерлігін көрсеткен шайқастары туралы толық нақтыланған материалдар болуы тиіс. «Атамекен, туған жер» ұғымы – әрдайым қастерлі де қасиетті ұғым. Бұл қасиеттер ұрпақ бойына оқумен, біліммен, үйренумен, талпынумен бітеді. Халық батыры Бауыржан Момышұлы былай деген екен: «Біздің тарихымыз батырға бай тарих, халқымыз батырлықты биік дәріптеп, азаматтық пен кісіліктің символы, үлгісі санаған. Батырлық деген, ерлік деген ұрпақтан ұрпаққа ата дәстүр болып қала бермек. Өткенін білмеген, тәлім-тәрбие, ғибрат алмаған халықтың ұрпағы – тұл, келешегі тұрлаусыз. Біздің қазақ халқы – батыр халық». Қазақ халқын құрып кету қаупінен сақтап қалған, жерін жауға бермей, ұлан байтақ өлкесін қазақ еліне мәңгі қоныс ету мақсатында жарғақ құлағы жастыққа тимей, елім деп еңіреп өткен хас батырлар қаншама десеңізші! Бұлардың ерлігі кейінгі ұрпаққа қашан да болса өнеге болмақ. Халқымыздың ауыз әдебиеті шығармашылығы ұрпақ тәрбиелеуге өлшеусіз үлес қосты және әлі де үлес қосып келеді. Сол бай құндылықтардың ішінде, отаншылдықты дәріптейтін мұра – батырлар жыры. Отанын сүйген, елін жаудан қорғау үшін қасық қаны қалғанша аянбай шайқасатын Қобыланды, Қамбар, Ер Тарғын, Алпамыс тұлғалары. Елін, жерін сырт жаулардан қорғаған Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай сияқты мыңдаған қазақ батырларына арналған көптеген дастандар, өз халқының мүддесі, арман-тілегі, туған жері үшін жан аямаған батырларға деген халықтың сүйіспеншілігі, азаматтарының рухани жан дүниесінің беріктігі, ерлігі мен отаншылдық қасиетін баяндайтын асыл қазыналары, ақын-жыраулардың, билердің татулыққа, адамгершілікке, елін сүюге шақырған өлең жырлары, шешендік сөздері оқушыларының бойында отаншылдық сезімді қалыптастыруда маңызы өте зор. Ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрі мен тағылымдарын, мәдениет тарихын, бұрын-соңғы ұлы ойшыл педагогтардың еңбектерін оқып жетік білмей, оны жақсы меңгермей тұрып келер буынға дұрыс тәрбие-тағылым беру мүмкін емес. Себебі, өткенді жақсы білмейінше келешекке сапар шегу, Л.Толстой айтқандай, айсыз қараңғыда сүрлеу соқпақ іздеп шатасумен пара-пар. Жас ұрпақты тәрбиелеуде ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық тәрбие үлгісін ұғындырып, мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу – бұл қазіргі таңда өмір талабы және қоғам қажеттілігі. Адамзат қауымының ғасырлар бойғы тарихы имандылық, ғибраттық, әдет-ғұрып, салт- дәстүр, ұлттық тағылым ұрпақ тәрбиесінің қыруар үлгілерін мұралыққа қалдырғаны бәрімізге белгілі. Қазіргі таңда сол құндылықтарымыз қаншалықты сақталып, ұрпақ санасына қаншалықты беріліп жатқандығы басты мәселе. Адам өміріндегі тәрбие, ұлттық сана басты мәселе болуы тиіс. Адам болып туылу оңай, ал адам болып қалыптасу қиын. Адамдық қасиетке бірден бір әсер етуші фактор ол тәрбие, ұлттық салтымыз. Сол халық даналығы қорытқан қазына байлық, тәжірибені халық игілігіне жарату, үлгі етіп ұсыну жас ұрпақтың еншісінде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- Н.Бижанова «Ұлттық құндылық қасиеттер». Алматы, «Қазақстан мектебі», № 3, 2007
1. С.Әбішқызы, Ж.Сарманов. «Ұлттық тәрбие – құндылығы мол дүние». 2008ж
 2. “Қазақстан 2050” стратегиясы
 3. Берғалиева С. «Патриоттық тәрбие беру» //Тәрбие құралы №2 2007ж.
 4. Тұмабаев Нұртай. «Шәкәрім жырлары бүгінгі ұрпақтың бойтұмары » // Тәрбие құралы. №1 2016ж.
 5. Ізтілеуова С. Шәкәрімнің шеберлігі. Алматы 2007ж.
 6. Сисенова К. «Әл – Фарабидің философиясылық көзқарасы» // Тәрбие құралы №5 2013 ж.

ЖҮРЕГІ ҚАЗАҒЫМ ДЕП СОҚҚАН,

НАР ТҰЛҒА-ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

О.Я. Сулейменова

Химия ғылымдарының докторы

In the course of the experimental study, the following data were obtained.

-Family structure. The children participating in the experiment were brought up in both complete and incomplete families (this allowed us to clarify the characteristics of each family and determine its upbringing potential depending on the structure). Single-parent families prevailed among preschoolers (66%), in contrast to young children (44%). In complete families, only in 29% of cases both parents were involved in raising a child. At the same time, only mothers were involved in raising 36% of children in a complete family. In about a third of families, regardless of their structure, children are directly raised by their grandparents (32%).

-The level of income in the family. We asked parents to assess their financial situation and express their opinion on the possibility of receiving paid educational and medical services. It was found that families with low (8 %), and sometimes with satisfactory (67 %) income could not pay for rehabilitation and rehabilitation measures necessary for their child. At the same time, only 25% of respondents recognized the level of their income as good (16 %) or high (9 %).

- Educational level and professional status of parents. The study of these aspects was aimed at determining their developmental potential. The educational level of women was slightly higher than that of men (74% of women and 67% of men had higher education). The share of unemployed mothers of young children was 72 %, preschool-only 44 %.

-The age of the parents at the time of birth of the child. The age of the parents at the time of the child's birth varied significantly. In diagnostic terms, the age of the mother was important. almost half of the mothers were late-born (47 % had their first child after the age of 30). the study of anamnestic data showed that they were more likely to have problems in the prenatal, intranatal and postnatal periods.

- The course of pregnancy and childbirth. The majority of mothers (71 %) had pathology of pregnancy. Moreover, 59 % of women indicated that the pregnancy was with pathology, and others (12 %), highlighting the point that it took place without pathology, wrote below that there were toxicosis, maternal diseases, nervous overload and they were exposed to other harmful factors, i.e. in fact, in their case, the pregnancy could not be called safe. The percentage of pathology of childbirth (62 %) was indicated less than the pathology of pregnancy. however, this was only the subjective opinion of women. Taking into account the pathological course of pregnancy and the results of the examination, as well as the data of medical documentation, the number of births with pathology was actually much higher.

- The presence of other children in the family. More than half of the children surveyed grew up with siblings. 14% of the Siblings were younger than them, 28 % were older, and 4% were twins. Where the child was the only one in the family (54 %), parents had no one to compare the course of his development, it was more difficult for them to independently notice deviations in the development of their child. In cases where the examined child had a brother or sister, parents saw differences between the rate of development in their children, so they turned to specialists for help at an earlier age. In some families where the older child grew up with certain disabilities, parents were much more attentive to the development of younger (subsequent) children and early sought qualified medical, psychological and pedagogical help, even in cases of minor deviations.

- The child's visit to an educational (or other) institution. Among all the children surveyed, there were those who attended various children's institutions: only a small number of them (24 %) received assistance in correctional institutions, 20 % – attended mass educational institutions. at the same time, among the children who came to the consultation, there were quite a lot (56 %) and those who did not attend any educational institutions. However, the results of the psychological and pedagogical examination indicated that all the children consulted needed medical and psychological and pedagogical assistance.

- Referral for consultation. Many children (38 %) were referred for consultation by specialists of various medical or educational institutions (pediatrician, neurologist, speech therapist, speech pathologist, psychologist, etc.). These areas are largely due to the fact that children were brought up in institutions where they were not provided with adequate correctional assistance. Many parents did not know what to pay attention to in the development of their child and where to turn for qualified help. Only 25 % of parents made an independent decision to get advice from a specialist

- the purpose (reason) of seeking advice from specialists. most parents (85 %) needed help and guidance regarding their children's development. For some of them (8%), the state of health and features of the child's development (diagnosis) were not news, they asked to recommend a good specialist for systematic training with the child. Some families, due to low financial security or lack of specialists and relevant institutions at their place of residence, wanted to receive an individual program of correctional and developmental education and upbringing for the child and continue to engage in it independently (12 %). Some of them (6 %) requested medical treatment. Parents of children with a complex structure of disorders and other severe disorders hoped for the help of specialists in improving the condition and social adaptation of children (14 %). However, some parents (15 %) did not understand at all why they were referred for consultation.

- Parents ' assessment of their educational abilities. when evaluating their abilities, parents did not set themselves low scores (less than 5), but also did not decide on the maximum score – 10. most often, they rated their educational abilities as average. Some parents (21 %) did not want or could not evaluate themselves.

- The position of parents in relation to the child. Data analysis showed that• there were almost no "extreme" positions. There were no completely pessimistic answers ("My child is sick, nothing will help him"). the majority (47 %) of parents considered their children to be healthy, but having developmental features, which was not always objective. As a rule, such parents overestimated the capabilities of their children and assessed their condition not quite adequately. Children of parents who answered "My child is sick and needs constant care" (15%) had severe motor pathology, a complex structure of disorders, and severe mental retardation. The greatest willingness to cooperate with a special teacher was shown by parents who answered "My child is sick and has its own problems in development" (28 %).

- as a result of the study of parental positions (in the course of conversations with parents, their questionnaires, observation of them before and during the psychological and pedagogical examination of their children), the following starting parental positions were identified:

1. The active position (21 %). parents with an active position already had some knowledge about developmental disorders and problems of their children. most of them turned to specialists for advice on their own. These parents were characterized by adequate responses, interest and involvement in the joint process of psychological and pedagogical assistance to their child. They accepted him for what he was, were positive, attentive and patient, and were aware of their responsibility for raising their child. parents adequately and realistically assessed the child's development prospects and tried to determine their role in the overall process of his upbringing and training.

2. Conventionally, the active position (46 %). parents with a conditionally active position were somewhat depressed and did not show an active interest in cooperation with a special teacher. Their knowledge of the child's problems was superficial, unsystematic. They carried out the upbringing of their child haphazardly, considering their main task to ensure a comfortable life. The children were referred for consultation by specialists of other institutions to which their parents applied in order to obtain a psychological and pedagogical conclusion. Many parents did not see the need to contact a special teacher. Allowing the possibility of providing a child with correctional and pedagogical assistance, they often did not understand what it was. parents

wanted guaranteed results and favorable prospects for the development of the child with their minimal participation, as they considered this a task of specialists.

3. Passive position (33 %). parents with a passive attitude were characterized by a lack of knowledge about the features of development and the nature of violations of their children. for these families, the fact that a problem child was born was particularly traumatic and difficult to overcome. we have identified two groups of parents with this position. Some did not want to admit the true state of affairs, referred to the incompetence of specialists, did not agree with the diagnosis, did not want anything from the consultation. Others, on the contrary, accepted the opinion of a special teacher, but did not accept the child himself (in their treatment of the child there was a sharp change of mood, discontent, lack of flexibility, numerous quibbles, they could not create conditions for the emotional well-being of the child). These parents wanted to be spared from personal participation in rehabilitation work, shifting it to specialists of educational and medical institutions. Many parents were not able to adequately assess the condition of their child and provide a corrective orientation of the educational process. they did not know how and what to do with it, what techniques to use, what toys and educational games to buy. The main attention in the family was paid to the physical and somatic health of the child, and cognitive, speech and emotional development was underestimated. for many parents, the attitude to their child as an object of care was characteristic, and only 30% noted situational and business communication of the child with an adult. At the same time, it is known that the parent's position in relation to the child directly affects the effectiveness of correctional development training.

It should be emphasized that the position of parents did not depend on the structure and severity of developmental disorders of their child; on the structure of the family in which the child was brought up; on whether the child attended an educational institution. However, there has been a certain relationship between the position of the parents and age of child; age of parents; those who are involved in the upbringing of the child; level of material well-being of the family; the other children in the family. the activity of parents, in our opinion, was directly related to what they wanted from the consultation; who sent them to a special teacher. the greatest influence on the formation of parental positions was exerted by their personal qualities, moral and ethical, general cultural and pedagogical level.

Conclusion

In the course of analyzing the results of psychological and pedagogical study of children with disabilities and the needs of their families in special education, we came to the following conclusions:

1. Children of early and early preschool age with developmental disabilities had multi-level variable combinations of disorders in the development of speech, cognitive and motor functions; all children had deviations in speech development, while most of them were not leading and were combined with deviations in cognitive and/or motor development; according to the results of the survey, the children were conditionally divided into 4 groups, depending on the structure of violations along the main lines of development.

2. On its own initiative for consultation to the special educator asked only 25 % of families. Most children developed secondary developmental abnormalities and missed a sensitive period in the development of age-related psychological neoplasms due to late access to specialists (by the end of early childhood and in preschool age).

3. The request of parents for educational services in most cases did not coincide with the real situation and problems of the child. As a rule, parents were mainly concerned about motor and speech development, while the development of the cognitive and social sphere was beyond their attention and interests. An incorrectly formulated request caused difficulties in developing a strategy for psychological and pedagogical support and needed to be corrected.

4. Factors such as socio-economic well-being of the child's family, the high educational status of his parents, siblings, maternal and attentive to him, the favorable course of pregnancy and delivery, the child's communication with peers, the position of parents to your child and

timely recourse to specialists with the appropriate request, provided favorable conditions of psychological and pedagogical support and further development of the child. The use of methods of variance analysis using the STATISTICA program made it possible to confirm with a high level of confidence ($p < 0.01$) the influence of a combination of these factors on the child's development indicators.

5. With a fairly high level of confidence ($p < 0.05$), it was found that the starting parental position did not depend on the structure and severity of developmental disorders of their child; on the structure of the family in which the child was brought up; on whether he attended an educational institution. However, there was a statistically significant relationship between position of parents and age of child; age of parents; those who are involved in the upbringing of the child; level of material well-being of the family; the other children in the family. The activity of parents was directly related to their expectations from the consultation; from the one who referred them to a special teacher. The greatest influence on the formation of starting parental positions was exerted by their general cultural, including pedagogical level, and personal qualities.

References

1. Kulikova T.A. (1999) Family pedagogy and home education. Moscow: Academy, 232 p.
2. Lazurenko S.B. (2014) Mental development of children with health disorders at an early age. Moscow: LOGOMAG, 266 p.
3. Levchenko I.Yu., Tkacheva V.V. (2008) Psychological assistance to a family raising a child with developmental disabilities. Moscow: Education, 239 p.
4. Prikhodko O.G (2015) The system of early comprehensive care for children with disabilities and their parents // Special children in society: a collection of scientific reports and abstracts of speeches by the participants of the I All-Russian Congress of Defectologists. October 26-28, 2015 M.: ANO "NMC" SUVAG", S. 179-183.
5. Spivakovskaya A.S. (1981) Substantiation of psychological correction of inadequate parental positions // Family and personality formation. M., 24 p.
6. Tkacheva V.V. (2008) The family of a child with developmental disabilities: Diagnosis and counseling. M.: Knigolyub, 144 s
7. Belaya K.Yu. (2004) Innovation activity in a preschool educational institution: Methodological guide. Toolkit. - M.: Education, 56p
8. Integration of disabled children into the environment of healthy children-(2004) : . social rehabilitation of disabled children. The concept of integrated education for persons with disabilities // Education and training of children with developmental disabilities. - No. 2.
9. Kanevskaya M.E. (2000) On the role of personality orientation in the success of the teaching of children // Psychological Science and Education. - No. 1.
10. Ermagambet Ә. (2008) "Psychicskы damuy tezhelgen balalardyң psychologyk-pedagogicalsipattamasy", Defectology, 2008, No. 4.

ОҚУШЫЛАРДЫ ОТБАСЫ МЕН МЕКТЕПТІҢ БІРЛЕСКЕН ІС-ӘРЕКЕТІНДЕ ТӘБИЕЛЕУДІҢ БАҒЫТ-БАҒДАРЛАРЫ

С.Ш.Алимбекова, п.ғ.к., доцент м.а.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ.

Резюме

В данной статье рассказывается о направлениях и традициях воспитания старшекласников в совместной деятельности семьи и школы.

Ключевые слова: семья, школа, культура, этническая культура, традиции, совместная деятельность.

Resume

This article describes the directions and traditions of the education of high school students in the joint activities of the family and the school.

Key words: family, school, culture, ethnic culture, traditions, joint activities.

Елбасының «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы - мемлекеттігімізді, экономикамызды, халықаралық беделімізді одан ары өркендетудің ұлттық бағдарламасы. Жолдаудың «Әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері әлеуметтік кепілдіктер мен жеке жауапкершілік» туралы негізгі үшінші тармағында көрсетілген «Ананы қорғау», «Әйелдерге қамқорлық», «Баланы қорғау» тарауларының басты мақсаты да ана мен бала құндылықтарын қорғауға арналған. Онда: «Біз әйел затына — анаға, жарға, қызға деген қапысыз құрметті қайта оралтуға тиіспіз. Ең алдымен, біз қыздарымыздың тәрбиесіне көп көңіл бөлуіміз керек. Олар - болашақ жар, болашақ ана, шаңырақтың шырақшылары» деп атап көрсетілген. Елбасының: «Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім-жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады» деген сөзі отбасының Отан үшін құндылығын ерекше айқындағандай [1].

Отбасы дегеніміз - кішкентай ғана әлеуметтік-психологиялық топ, оның мүшелері некелік немесе туысқандық қатынастармен, ортақ тұрмыспен және өзара моральдық жауапкершілікпен байланысқан, ал ондағы әлеуметтік қажеттілік қоғамның халықты нақты және рухани өсіріп-өндіруге деген қажеттілігінен туындайды.

Үлкен энциклопедиялық сөздікте [2]: «Отбасы - некеге немесе туысқандыққа негізделген шағын топ, оның мүшелері өзара ортақ тұрмыспен, өзара көмекпен, моральдық және құқықтық жауапкершілікпен байланысқан» - деген анықтама берілген.

С.И.Ожеговтың «Орыс тілі сөздігінде» бұл ұғымға келесідей анықтама беріледі: «Отбасы - бірге тұратын жақын туысқандар тобы. Ортақ мүдделермен топтасқан адамдардың бірлестігі» [3].

Әлеуметтанушылық тұрғыда «отбасы» ұғымы, әдетте, ортақ өмір, ортақ мүдде, өзара қамқорлық сипатындағы адамдардың неке, туыстық, тәрбиелеуге балаларды отбасына қабылдауы арқылы құрылған одағы деп қабылданады [4].

И.В.Злобинаның «отбасы» ұғымына деген көзқарасы да назар аударарлық, ол: «Отбасы дегеніміз ерлі-зайыптылықты, туыстықты, туғандықты, бірге өмір сүруді, ортақ шаруашылық жүргізуді, бірлесіп тәрбиелеуді, асырап-сақтауды қамтитын күрделі құқықтық ахуал болып табылады» - дейді [5].

Осылайша, отбасы келесідей төрт сипаттамасы бар күрделі құрылым болып табылады:

- қоғамның шағын әлеуметтік тобы;
- жеке тұрмысты ұйымдастырудың аса маңызды түрі;
- ерлі-зайыптылық одақ;

- ерлі-зайыптылардың туыстармен, яғни бірге тұратын және ортақ шаруашылық жүргізетін ата-аналармен, аға-інілермен, әпке-сіңлілермен, ата-әжелермен және басқа да туысқандармен, көптарапты қарым-қатынастары.

Отбасы «неке» ұғымымен тамырлас. Бұл ұғымдар ортақ болғанымен, олар синонимдер емес. Мысалы, орыс тіліндегі «брак» сөзі көне славяндарда «слюб» - салтанатты түрде уәде ету, «слюбитись» - яғни ортақ келісімге келу деген мағынаны білдіреді екен.

Неке (ерлі-зайыптылық) - ерлі-зайыптылардың арасында мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді туындататын, отбасын құру мақсатында Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген тәртіппен тараптардың еркін және толық келісімімен құрылған әйел мен еркектің арасындағы тең құқылы одақ [6].

«Отбасы өмірді неғұрлым толыққанды етеді, отбасы бақыт әкеледі, бірақ әрбір отбасы, әсіресе қоғам өмірінде орасан зор мемлекеттік маңызы бар үлкен іс болып табылады», - деген А.С.Макаренко [7].

Ұрпақтан ұрпаққа берілетін дәстүрлер өзгереді және уақыт ағымына бейімделеді. Олардың адам қоғамындағы мәні: олар отбасылық - туыстық байланыстар мен қарым-қатынастарды нығайтуға қызмет етеді, олар адамның махаббат, мейірімділік, өзара түсіністік, көмекке тарту сияқты жеке-маңызды қасиеттерін сіңіру тетігі ретінде әсер етеді.

Отбасылық дәстүрлер - бұл, әдетте, отбасында қалыптасқан өлшемдер, мінез-құлық стилі, ұрпақтан ұрпаққа берілетін әдет-ғұрыптар мен пікірлер. Бір жағынан, отбасылық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар сау (В. Сатирдің айтуынша) немесе функционалдық (Э.Г.Эйдмиллердің айтуынша) отбасының белгілері болып табылады. Екінші жағынан, отбасылық дәстүрлердің болуы отбасының болашақ буындарына отбасы өмірінің барлық салаларында рөлдерді бөлу, отбасы шегінде қарым-қатынас, оның ішінде жанжалдарды шешу, қиындықтарды еңсеру ережелері сияқты отбасының ішкі өзара іс-қимыл қағидаларын жеткізудің маңызды тетіктерінің бірі болып табылады.

Адамдардың отбасындағы қарым-қатынастары түрлерін С.В.Ковалев қарастырған:

- бірлесе еңбек ету;
- ерлі-зайыптылардың тең әрекеттенушігі;
- ерлі-зайыптылардың жарыса әрекет етуі;
- ерлі-зайыптылардың бәсекелестігі; ерлі-зайыптылардың антагонизмі;
- агрессия [8].

М.И.Буянов отбасылық тәрбиенің мынадай кемшіліктерін бөліп көрсетеді: орыс ертегісіндегі «Золушканың» үлгісі бойынша тәрбиелеу, гиперқамқорлық (гиперпротекция), гипоқамқорлық (гипо-протекционизм), бетімен жіберу.

Л.Д.Столяренко «қате тәрбиенің» келесі түрлерін қарастырған: қадағалаусыздық, бақылаусыздық, гиперқамқорлық, орыс ертегісіндегі «Золушканың» үлгісі бойынша тәрбиелеу, қатал тәрбие - болмашы нәрсе үшін балаға қатал жаза қолдану және баланың үнемі үрейде өсуі.

Бала өмірдің алғашқы сабақтарын отбасында алады. Оның ең алғаш ұстаздары мен тәрбиешілері әке мен шеше. Бала үшін отбасындағы күнделікті қуанышты сәттер мен реніштер, сәттіліктер мен сәтсіздіктер - мейірімділік пен сезімталдықты, адамдарға деген қайырымдылық сезімдерін қалыптастыратын бастаулар болып табылатыны ежелден-ақ дәлелденген. Отбасында баланың бойында адалдық пен зұлымдық, адамгершілік өлшемдері, еңбекке бейімділіктің бастапқы сабақтары туралы алғашқы ұғымдар

қалыптасады. Өмірлік жоспарлар мен адамның идеалдары да дәл осы отбасында қалыптасады.

Баланың тұлғасын қалыптастыруда мектепке дейінгі мекемелер мен мектеп, лагерь, еңбек отрядтары, кітаптар, театр, ғаламтор, кино және теледидар, өмірдің жалпы құрылымы белсенді роль атқарады.

Солдай болғанымен, отбасының ықпалының орны бөлек, ол баланың алғаш басқан қадамдарынан бастау алады. Сондықтан да ата-ананың адамгершілік мәдениетінің деңгейі, олардың сенім-түйсігі, өмірлік жоспарлары мен мақсаттары, әлеуметтік қарым-қатынас тәжірибесі, отбасылық дәстүрлер мен мінез-құлық нормалары, бір сөзбен айтқанда, отбасындағы атмосфера баланың тәрбиесінде шешуші маңызға ие.

Білім мен тәрбие беру нәтижесінің қажеттігін педагогтар мен ата-аналардың бірдей түсінуі, ата-аналармен өзара әрекеттестікте болу келесі бағыттарда жүзеге асырылады: балалардың денсаулығы және тұлғаны қалыптастыру мәселелері бойынша ата-аналардың барлық санаттарымен профилактикалық түсіндіру жұмыстары және жеке-жеке тәрбиелік жұмыстар. Проблемалық отбасыларды анықтау. Педагогикалық көмек көрсету. Балалардың құқықтарын қорғау.

Жалпы білім беретін мектептің негізгі бағыттары педагогтардың отбасыға көмек көрсетуін күшейтуге, отбасының жеткіншек ұрпақты тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыруға, ата-аналарды оқушылармен тәрбие жұмыстарын жүргізу ісіне кеңінен тартуға бағдарланған.

«Қазіргі замандағы мектеп пен отбасының байланысы бұрынғы замандағы сияқты бастама атаулының барлығы мектептен бастау алып, ата-аналар мен оқушыларға не істеу керектігін мектеп бұйырып отыратындай, бір ғана бағытты ұстанбау керек екенін жақсы түсінеді. Қазіргі мұғалімдер ата-аналардың көмегіне, әралуан деңгейлердегі өзара әрекеттістікке жүгінбей тұра алмайды» - бұл осы мәселе бойынша даниялық педагог Эйгил Кьяэргард пен литвалық педагог Рима Мартинененің айтқаны.

Бұл ойды ресейлік педагог И.П.Подласый былай өрбітеді: «Қазіргі мектептер отбасындағы және мектептегі тәрбиені қоян-қолтық жүргізуге көшті, «отбасы - мектеп» кешендері қалыптасуда». Мұндай кешендердің басты ұстанымы мектептің қызметіндегі барлық бағыттардың ата-аналар назарынан тыс қалмауын қамтамасыз ету болып табылады.

Мұғалім ата-аналармен және жұртшылықпен байланыс орната отырып, келесі мәселелерді шешеді:

- Оқушының отбасын танып білу;
- Оқушының тұлғасына әсер ететін әлеуметтік ортаны жүйелі түрде зерделеу;
- Балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі мектеп пен отбасының бірлескен педагогикалық қызметін ұйымдастыру;
- Ата-аналарға баланы үйде тәрбиелеуге көмектесу;
- Ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттыруды ұйымдастыру;
- Отбасының балаға кері әсерін болдырмау.

Мұғалімнің ата-аналармен жұмысының нысандары әрқилы болып келеді:

- жеке: оқушылардың үйіне, отбасыларына бару, ата-аналармен мектепте әңгімелесу, ата-аналардың мектепке келіп кеңес алу күндері;

- топтық: ата-аналар өздерінің білімдеріне, педагогикалық мәдениетіне, балаларының үлгерімі мен тәртібінің көрсеткіштеріне қарай топтарға біріге алады. Сабақ кездерінде мұғалім мен ата-аналардың бірлесе жұмыс істеуі, бұл ретте ата-аналар мұғалімнің сабақты өткізуіне көмектеседі; белсенділермен, ата-аналар комитетімен жұмыс жүргізу;

- ұжымдық: сынып жиналыстары, жалпымектептік ата-аналар жиналысы, тәрбие тәжірибесімен алмасу жөніндегі ата-аналар конференциялары, кеңесу, сұрақ-жауап кештері, сыныптан тыс бірлесіп өткізетін шаралар т.с.с.;

- мектептің отбасымен жүргізетін жұмыстарының барлық түрлерінің мазмұны белсенді түрде тәрбиелеу және бірлесіп жұмыс істеу болып табылады, бұл жұмыстардың барлығы да жеткіншек ұрпақты жан-жақты дамытуға бағытталады».

Педагогикалық ағартушылықтың келесі түрлерін ерекше бөліп атауға болады:

- дәстүрлі: ата-аналар жиналысы, дәрістер, сұрақ-жауап кештері, диспуттар «ашық есіктер» күндері;

- дәстүрлі емес: іскерлік ойындар, реттелген пікір-таластар.

В.А.Сухомлинский: «Тәрбие сәтті болуы үшін отбасы мен мұғалімнің арасындағы қарым-қатынастар қандай негіздерге сәйкес болуы керек?», - деген сұраққа жауап бергенде, балаларды жөнге салу мақсатындағы ата-аналарды мектепке шақыртулар неғұрлым аз болуы керек, бала мен ата-ананың арасындағы рухани сырласу неғұрлым көп болуы тиіс, осының өзі әке мен шешеге қуаныш сыйлайды», - деген [9].

Ата-аналармен өзара байланыс келесі реттерде нығая түседі:

- мұғалім ата-анаға олардың өзінен де талап етілетін жайларды жеткізуге тырысады (олардың проблемаларын мұқият тыңдайды, бөліседі, түсіністік білдіріп, олардың балаларына жылышырай танытады);

- мұғалім ата-аналар мектепке баланың көзімен қарауы керек екенін естен шығармайды (алдымен балалармен байланыс орнатады, кейін олардың ата-аналарымен);

- бала тәрбиелеудің жекелеген тұстарында ата-ананың мүмкіндіктерін аша түсуге ұмтылыс жасайды;

- мұғалім ата-анаға жөн сілтеуге, олардың балаларына дауыс көтеруге мүлдем болмайтын естен шығармайды;

- мұғалім баланың жүрегіндегі мейірімділік жеңіп шығатынына үміт артады;

- мұғалім өзінің жинақтаған педагогикалық тәжірибесімен бөліседі т.с.с.

Мектеп пен ата-ана арасындағы қарым-қатынастың маңызды аспектілері:

1. Әңгімені балаларға қатысты проблемалардан емес, ортақ жағымды мәселелерден бастап, проблеманы шешуге асықпау керек.

2. Ата-аналарға назар аударып, олардың жұмысы, үйдегі жағдайы туралы сұрастыру.

3. Мектепке, мұғалімге, балаларға байланысты туындайтын эмоцияларды талқылау.

4. Ата-аналардың айтқандарын мұқият тыңдау, олардың пікірін сынға алмай, керісінше, олардың бұлай ойлауының себебін түсінуге тырысу.

5. Ортақ мақсат-мүдделер жөнінде келісімге келіп, ата-аналар жиналысында барлығы үшін маңызды мәселелер туралы сөз қозғау.

6. Қанша қажет болса, сонша уақыт бөлу.

7. Өз аргументтеріңізді негіздей біліңіз: айтып отырғаныңыз барлығымыз үшін маңызды, оны көпшілік қолдап отыр.

8. Ата-аналарға хабар бергенде тікелей өзіңіз, хат-хабар арқылы немесе жеке әңгімелесу арқылы білдіріңіз. Ата-аналарға арналған ақпаратты балалар арқылы жолдамаңыз».

Педагогикалық әдебиеттерді талдау нәтижесінде келесі қорытындылар жасауға болады:

- Отбасылық тәрбие баланың тұлғасын қалыптастыру мен тәрбиелеуде айтарлықтай рөл атқарады, сондықтан отбасылық тәрбиеге ата-аналар ғана емес, сонымен қатар осы ата-аналармен жұмыс істейін мұғалімдер де назар аударуы тиіс. Отбасылардың тұрмысындағы қиындықтар баланың мектептегі сабағы мен тәрбиесіне де ықпал етеді.

- Мектеп пен отбасы баланы оқыту мен тәрбиелеуде бір ғана ортақ мақсатқа ұмтылады, сондықтан олар бірлесе жұмыс істеуі керек.

Әр баланың қабілеттерін мектепте де одан тыс жерде де дамытқымыз келсе, онда мектеп пен ата-ананың арасындағы өзара байланыс міндетті түрде болуы шарт. Мұғалім мектеп пен отбасының арасындағы байланыстырушы буын болып табылады.

Зерттеу жұмыстарының ішінен Д.Салимованың «Педагогические условия подготовки к семейной жизни девушек старших классов сельских школ республики Таджикистан» еңбегі едәуір қызығушылық тудырады. Жұмыста ауылдық жердегі мектеп пен отбасында қыз баланы отбасы өміріне дайындау барысы зерделенеді.

Д. Салимованың зерттеуінде қыз баланың тәрбиесі және қыз баланы отбасы өміріне даярлау:

- 1) Педагогикалық ұжым, сынып жетекшісі және отбасының бірлескен жұмысына;
- 2) Жыныстық дамудың психофизиологиялық ерекшеліктерін есепке алуға;
- 3) Ауылдық жердің ерекшеліктеріне;
- 4) Тәрбие үдерісінде халықтық дәстүр мен салтты пайдалануға байланысты болып табылатыны анықталған [10].

Біздер зерттеуіміздің барысында, анықтау экспериментінде алған нәтижелеріміз Д.Салимованың зерттеуіндегі кемшіліктердің әлі де болса, отбасы мен мектепте орын алып отырғандығын көрсетеді. Олар біздің ойымызша төмендегідей:

1. Сынып жетекшісінің отбасымен жұмысының кездейсоқтық жағдай болып келуі.
2. Педагогикалық төмен деңгейде жұмыс жасауы.

М.Мурадова өзінің «Трудовое и нравственное воспитание девушек в Туркменской семье: традиции и современность» - деген еңбегінде Түркмен қыздарының ерте жастан 9-10 жастан тағам дайындауға, үйді жию, кір жуу, сиыр сауу, үй малына қарау, май пісу, жүн бояу және т.б. жұмыстарға тартылатынын айтады. «Әжесини гөр, гызыны ал» мақалды айта келе, Түрікмен қыздарының әйелдер жұмысына үйрету керектігін алға тартады. Қызды еңбекке дайындау негізінен анасының, әжесінің және т.б. жеке дара үйрету арқылы жүзеге асырылатынын айтады [11].

Сенім қалыптастыру, жаттығу, әдеттендіру, мақтау мен жазалау, талап ету, ауылда, отбасында үлкен әйел кісілердің оң үлгілері, ым-ишарат, сөз беру, мақалдау, бата беру, ескерту, бұйыру, тиым салу сияқты әртүрлі құралдарды, әдістер мен тәсілдерді пайдаланатынын мысалдармен көрсетеді. Сондай-ақ, қыз баласы тәрбиесі үшін төмендегідей міндеттердің шешім табуын атап өтеді.

1. Отбасы мен мектептегі педагогикалық ұжымға жергілікті жердің этникалық ортасын және халықтағы отбасының тәрбие өмір сүруші дәстүрін мұқият зерделеу, олардың терісі мен ондысын анықтау.

2. Сынып жетекшілеріне, мұғалімдерге кеңестік дәуір кезінде жойылып кеткенін зерделеу (қала, ауыл, елді мекен деңгейінде «Ата-ана университетін», мектепте «Педагогикалық білім беру университетін» т.б. қалпына келтіру).

3. Сынып жетекшісінің жұмыс жоспарында ең жақсы дәстүрлерді ата-аналар арасында кеңінен таратуды енгізу. Педагогикалық кеңесте тыңдау т.б.

4. «Әдеп», т.б. факультативтік курстарының мүмкіндіктерін зерттеліп отырған мәселе мақсатын жүзеге асыруда кеңінен пайдалану. Құран; салт-дәстүрді сақтаушыларды, жазушыларды, көпбалалы аналар мен кездесу ұйымдастыру; «Шебер колдар», «Ал, кәне қыздар» жарысын ұйымдастыру. т.б.

5. Ата-аналар арасында отбасы тәрбиесіндегі ең жақсы дәстүрді қалпына келтіру, тарату бойынша жұмыстар жасау.

6. Мектеп, отбасы және қоғамның өзара байланысын күшейту, т.б.

Т.С. Троцюк өзінің «Нравственное воспитание девочек - подростков в плане подготовки их к будущей семейной жизни» зерттеу тақырыбында: сынып жетекшісі мен ата-ананың зерттеліп отырған тәрбие қасиеттерін қалыптастыру үшін жеке жауапкершілігін сезінген жағдайда, зерттелген бағытта ата-ананың педагогикалық мәдениетін көтеру бойынша жұмыстар және сынып жетекшісінің сәйкес теориялық және әдістемелік дайындығы жүргізілгенде тәрбие саралау тәсілі негізінде, психофизиологиялық ерекшеліктер ескерілгенде нәтижелі болатынын анықтаған [12].

Ұзақбаева С.А. өзінің «Эстетическое воспитание в казахской народной педагогике» атты ғылыми зерттеу еңбегінде (1993ж.) жоғары сынып оқушылары үшін «Отбасы өмірінің этикасы мен психологиясы» бағдарламасына қосымша енгізіп, тәрбиені эстетикалық аспекті тұрғысынан жетілдіруді ұсынады [13].

Мектептегі оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру саралау тәсілі негізде болу қажет. Осындай қажеттілікті қанағаттандыру мақсатындағы Қ.Қиясова мен Е.К.Найзағараева «Қазақ қызы және гендерлік саясат» атты ғылыми-мақаласындағы мектеп жасындағы қазақ қызының тәрбиесін негізінен үш кезеңге бөлуге болатынын айтады [14, 91-97 бб.]. Бастауыш сыныптар негізіндегі тәрбиенің мақсаты тазалыққа, ұқыптылыққа, жинақтылыққа үйрете отырып, баланың көп білуге құштарлығын арттыру, кітап оқу мәдениетін дамыту.

Бесінші-сегізінші сыныптар арасында алғашқы кезеңдегі тәрбие түрлерін әрмен қарай дамыта түседі. Бұл тұста, жас ерекшелігіне қарай қыз бала анасынан еш нәрсе бөкпейді, қит еткен нәрсенің бәрін айтып келеді. Сол шыншылдығы мен ашықтығын пайдаланып, қыз баланың келешегіне ең керекті нәзіктік, ілтипаттылық, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, тұрақтылық сияқты мінездерді қалыптастыру - басты борыш. Сонда бұл сипаттар келешекте жарасымды жар, аяулы ана, қоғамымыздың белсенді мүшесі болатын қазақ қызының бойынан әрқашан нұр төгіледі.

Үшінші кезең тоғызыншы - он бірінші сыныптарды қамтиды. Бұл аралықтағы тәрбие алдыңғы кезеңмен тығыз байланысты. Адамға деген мейірім бала кезден, ең жақын адамын сүюден басталады. Сондықтан әрбір қазақ қызына ата-анасын, туыстарын, ұстазын сыйлап қадірлей білуді үйретсе, болашақта одан елін, жерін, халқын сүйетін, өз шаңырағын ардақтайтын, балаларын жанындай жақсы көретін қамқор ана, қайратты жан, нәзік ару шығары сөзсіз.

Бұл зерттеулердегі қыз балаларының тәрбиесіне байланысты анықталған үш кезеңдегі тәрбиенің мақсаттары этностық мәдениетін қалыптастырудың да негізі болары анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. - [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://www.inform.kz/kaz/article/2518877>
2. Большой энциклопедический словарь / Под ред. А.М.Прохорова. - М.: Просвещение, 1997. - 1082 с.
3. Ожегов С.И. Словарь русского языка / Под ред. Н.Ю.Шведовой. -М.: Рус. яз., 1989. - 924 с.
4. Мысли и высказывания знаменитых людей о семье и браке, матери и материнстве, отцах и отцовстве, о семейном воспитании. - [ЭР]. Режим доступа: <http://vscolu.ru/articles/vyskazyvaniya-znamenitых-lyudej-o-seme.html>
5. Баймуканова М.Т. Социально-педагогическая работа с семьей: Учеб. пособие. - Караганда: Изд-во КарГУ, 2004. - 115 с.
6. Қазақстан Республикасының Конституциясы. - Алматы: Жеті жарғы, 1999. - 96 б.
7. Лесгафт П.Ф. Семейное воспитание ребенка и его значение: Учеб. пособие. - М.: Просвещение, 1992. - 200 с.
8. От Я до Мы: Азбука семейной жизни / Сост. С.В.Ковалев. — М.: Педагогика, 1989. — 336 с.
9. Сухомлинский В.А. Родительская педагогика. - Новосибирск: Зап.- Сиб. кн. изд-во, 1985. - 224 с.

10. Салимова Д. Педагогические условия подготовки к семейной жизни девушек старших классов сельских школ республики Таджикистан: автореф. ... канд.пед.наук. – Душанбе, 1994. - 17 с

11. Мурадова М.А. Трудовое и нравственное воспитание девушек в туркменской семье: традиции и современность: автореф. ... кан.пед.наук. – Туркменистан, 1995. - 16 с.

12. Троцюк Т.С. Нравственное воспитание девочек-подростков в плане подготовки их к будущей семейной жизни: автореф. ... кан.пед.наук. – Минск, 1990. - 22 с.

13. Узакбаева С.А. Эстетическое воспитание в казахской народной педагогике: дис. ...д.п.н. - Алматы, - 1993. - 360 с.

14. Қазақ қызы: өткені, бүгінгі, ертеңі. Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары 21-22 қараша 2003, II том. Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты, 2003. - 454 б.

ӘОК 37.018.1

ПЕДАГОГИКА КЛАССИКТЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ ОТБАСЫ МЕН МЕКТЕПТІҢ ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ МАҢЫЗЫН ТАЛДАУ

Ж.С.Қабди 2-курс магистранты

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

С.М.Муратова мектеп психологы

А.Тайманов атындағы №34 мектеп-гимназиясы

Резюме: в статье рассматривается теоретическое исследование проблем социализации личности. Анализируются научные труды классиков педагогических наук.

Ключевые слова: личность, социализация, адаптация, социальная среда, развитие, воспитание, социальный опыт.

Resume: the article deals with the theoretical study of the problems of socialization of the individual. The scientific works of the classics of pedagogical sciences are analyzed.

Key words: personality, socialization, adaptation, social environment, development, upbringing, social experience.

«Балапан ұяда нені көрсе , ұшқанда соны іледі» - демекші, бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Береке-бірлігі мол үлгілі отбасында тәрбиеленген баланың таным жүйесі мейлінше ауқымды , болашақ өркениетке қосар үлесі бар. Тәрбиенің бастауы болған отбасы мүшелері тәрбие мен оқу жоспарын іске асыруда мектептің ең басты одақтасы бола алады. Мектеп пен отбасы мүшелері өзара бірлесіп жұмыс істегенде ғана ынтымақтастықпен қарым-қатынас болып, арада түсіністік пен үйлесімділік орнамақ. Себебі, баланың өмір сүруге құштарлығының оянуы тәлім-тәрбиедегі бір жүйелілікпен, өзін қоршаған ортамен, бірге оқыған құрбы-достарымен, олардың күнделікті іс-әрекетімен, сөйлеген сөзі, жүріп-тұруы тағы басқа қасиеттерімен тығыз байланысты. Орынды тәрбие арқылы адам баласының тағдыры шешіледі, оның білімді тұлға болып қалыптасатынын, елдің берік тірегі болатынын көрсетеді. Ұрпақ тәрбиесіне қай кезеңде, қай елде болмасын үлкен мән берілген. Ұлы педагог В.А.Сухомлинский: «Тек ата-аналармен бірге жалпы күш-жігерді біріктіру арқылы ғана мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бақыт беруі мүмкін» деген ұтымды ой айтқан [1] .

Отбасы – белгілі-бір дәстүрлерді, адамшылық бейнені, идеялды, жақсы сөз, ұнамды мінез, ыстық ықылас, қуаныш, ашық әңгімелесу арқылы да баланың көңілін тауып, ішкі сырын ашуға болады. Дегенмен, жұмыс барысында көптеген ата-аналардың бала тәрбиесіне деген көзқарастарынан елеулі қателіктерді байқап жүрміз. Кейбір отбасылар баланы киім-кешекпен, тамақпен қамтамасыз етуді ғана өз міндеттеріне алып, тәрбие мен

білім беру ісін мектеп мойнына жүктейді. Енді біреулері баласын орынсыз сөгіп, көңіліне қаяу түсіріп жатса, бірі «адам болар бала өздігінен оқып үйренеді» дегенді алға тартады. Мұндай теріс түсініктер баланың келешегіне зиян келтіреді. Ал, орынсыз балағаттап, баланың абыройына нұқсан келтіру ата-ананың бала алдындағы, қоғам алдындағы беделін төмендетеді. Бүгінгі таңдағы бала тәрбиесіндегі кездесетін мұндай олқылықтардың алдын алу үшін ата-ана, мектеп, қоғамдық ұйымдар қай кезде де бірлесе отырып жұмыс жасауы керек.

Отбасы мен мектептің өзара әрекеттестігі мен әлеуметтену мәселесі психологиялық-педагогикалық ғылымда ғалымдар А.С. Макаренко, В.А. Сухомлинский, Л.В. Мардахаев, Т.А. Савченко, О.А. Щекина және т.б. еңбектерінде кеңінен зерттелінген.

«Әлеуметтену» ұғымы әлдеқайда кең болып табылады. Мәселен Л.В. Мардахаев «әлеуметтену - бұл тұлғаның қалыптасу процесі. Мұндай қалыптасу процесінде индивидтің тілді, әлеуметтік құндылықтар мен тәжірибені (ұстанымдарды, нормаларды, мінез-құлық үлгілерін), осы қоғамға тән мәдениетті, әлеуметтік ортақтықты, топтарды меңгеруі және олардың әлеуметтік байланыстары мен әлеуметтік тәжірибесін жаңғыртуы жүреді», - деп анықтама береді [2].

Жалпы қолданылатын «әлеуметтену» сөзінің авторы американдық әлеуметтанушы Ф.Г. Гиддингске тиесілі, ол алғаш рет 1887 жылы өзінің «Әлеуметтену теориясы» еңбегінде қазіргі уақытқа жақын мағынада («әлеуметтену - табиғаттың немесе индивидтің сипатының дамуы, адам материалын әлеуметтік өмірге дайындау») қолданған болатын [3].

А.В. Петровский бойынша тұлғаның дамуы үздіксіздік бірлігі ретінде ұсынылуы мүмкін. «Тұлғаның дамуындағы үздіксіздік оның бір фазадан екіншісіне ауысу заңдылығында салыстырмалы тұрақтылықты білдіреді. Ол үшін әлеуметтену - үздік сапалық өзгерістерді сипаттайды, ол тұлғаның басқалармен өзара әрекеттесуіне жататын факторлардың әсерімен байланысты жаңа нақты тарихи жағдайларға қосылу ерекшеліктерімен туындауы. Бұл жағдай қоғамда қабылданған білім беру жүйесімен тығыз байланысты».

Демек, әлеуметтендіруді белсенді өндіріс ретінде және индивидтің қызметі пен қарым-қатынаста жүзеге асырылатын әлеуметтік тәжірибені меңгеру процесі ретінде түсіндіруге болады. Өмірдің әр түрлі бағыттағы мән - жайларына стихиялық әсер ету жағдайында да, тәрбие мен білім беру жағдайында да педагогикалық ұйымдастырылған, мақсатты, жоспарлы процесс пен адамның даму нәтижесі жағдайында да әлеуметтену болуы мүмкін.

А.В. Петровский әлеуметтік дамудың барлық жағдайы адамның жеке дамуын анықтайды, ол бейімделу, интеграция және даралық жағдайында макро және микрофазалар ретінде өтеді. Баланың даму процесін сипаттайтын негізгі ережелерді талдау барлық қарастырылатын сызықтардың іс жүзінде өзара байланысты екенін көрсетеді.

С.Л. Рубинштейн «бала тәрбиеленіп, үйрене отырып дамиды деп атап көрсетті. Бұл дегеніміз, оқыту мен тәрбиелеу арқылы баланың даму процесінде жеке психикалық үдерістері, тұлғалық қасиеттері, соның ішінде мінез-құлқы, қабілеті, т.б. сипатталады.

Отбасы - бұл әлеуметтік институт және шағын әлеуметтік топтардың сипаттарына ие күрделі әлеуметтік жүйе. Баланың отбасында не алып жатқанын көбінесе адамның келесі өмірі қалай қалыптасатынын анықтайды, өйткені онда балалар мен жасөспірімдердің жеке басының, мінезінің, әдет дағдыларының, әлеуметтенуінің негізі қаланады. Кез келген отбасында «Баланы тәрбиелеу баланың туған-туыстарымен қарым-қатынас жүйесі, қарым-қатынас ерекшеліктері, бірлескен іс-әрекет тәсілдері мен формалары, отбасылық құндылықтар арқылы жүргізіледі». Сондықтан балалар мен жасөспірімдерді табысты әлеуметтендіру үшін ата-аналарға бірқатар психологиялық-педагогикалық жағдайларды қамтамасыз ету маңызды.

Баланың жақын-туыстарымен қарым-қатынас барысында өмірінің алғашқы күнінен бастап жеке тұлғаның құрылымы қалыптасатынын атап өткен жөн. Ата-аналардың беделі басты рөл атқарады, өйткені барлық тәрбиелік ықпалдар балалар мен жасөспірімдердің бойында өзін әлеуметтік қолайлы түрде ұстау әдеттерін қалыптастыруға және адамгершілік мінез-құлық тұрғысынан өз әрекеттері мен жағдайларын бағалауға бағытталған. «Тәрбие стилі және отбасылық дәстүрлер балалардың ата-аналармен қарым-қатынас сипатын анықтайды» [4].

Бірақ әр түрлі себептермен баланың отбасында ата-аналарымен қарым-қатынасы кей жағдайларда қалыптаспайды, соның ішінде педагогикалық құзыреттіліктің болмауынан туындауы мүмкін. Ата-аналарда туындайтын қандай да бір проблемалар (жұмыссыздық, кедейшілік және т.б.) салдарынан балаларды да қиын жағдайды сезінуге итермелейді. Мұндай жағдайларда бала әлеуметтенудің қиындықтарын бастан кешіреді. Бұл жағдайда педагогтар мен психологтардың кәсіби көмегі өте қажет болуы мүмкін. Әрине, қарым-қатынас стилін анықтау құқығы, тәрбие әдістері ата-ананың қолында болады, алайда педагог «нақты бала мен ата-ана қарым-қатынасының ерекшеліктерін жете біле отырып, балалар мен ата-аналар арасында қолайлы қарым-қатынасты орнатуға ықпал ете алады» [5].

Қазіргі отбасының өзекті мәселелері бұл ажырасу, тұрақсыздық, даулы отбасылар болып табылады. Егер отбасы ыдыраса, онда кез келген бала бұл жағдайды ауыр қабылдайды. Ол балада жүйке бұзылуы немесе психологиялық бұзылу болуы мүмкін. Мұнда көп нәрселер ата-аналарға, олардың сезімталдығына, тәрбиелеу тәсіліне, әдеп түсінігіне байланысты. Бала үшін әкесімен немесе анасымен қарым-қатынасты шектеуге болмайды. Бұл баланың жеке тұлғасына қатты әсер етеді.

Балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтендіру әртүрлі топтармен, ұйымдармен өзара әрекеттестікте, әсіресе мектеп кезеңі ерекше орын алатын болады. Мектеп кезеңі үш жас кезеңін қамтиды: кіші оқушы жас (6-10 жас), кіші жасөспірім (11-14 жас), жоғары жасөспірім (15-17 жас) [6]. Бұл мектепке үлкен жауапкершілік жүктейді, өйткені бірнеше жылдар бойы балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтендіру үдерісінде ол осы жауапкершілікті отбасымен бөлісе отырып, маңызды білім беру-тәрбие институты ретінде әрекет етеді. Сондықтан отбасы мен мектептің өзара іс-қимыл үдересінде осы өзара әрекеттесудің мақсаты мен педагогикалық шарттарын анықтау қажет, оларды сақтау оның тиімділігін арттыруға көмектеседі. Өзара әрекеттестіктің мақсаты отбасын әлеуметтік-маңызды іс-әрекетпен бірге жұмыс істеуге тарту, балалар мен жасөспірімдерді дамытуда мектеп пен отбасының өзара түсіністігін қамтамасыз ету, олардың құндылық бағдарын, шығармашылық әлеуетін және жеке тұлғаның басқа да маңызды құрылымдарын құрайтын ұмтылыстарын қамтамасыз ету болып табылады. Бала отбасынан алған тәрбие тетіктерін бойына сіңіреді. «Тәрбие отбасынан басталады», деп халық даналығы бекер айтылмаған. Саналы да, білімді ұрпақ болашағын қалыптастыру әрбір ата-ананың мерейлі міндеті, әрі парызы. Еліміздің болашағының тізгінін ұстар тұлғаның бойына білімнің нәрін, тәрбиенің иісін сіңіруміз де негізгі міндет болып табылады. Баланы әлеуметтендіруде ата-аналардың оқу мен тәрбие үдерісіндегі ынтымақтастық пен бірлескен жұмыстары жан-жақты болса ғана жемісті, нәтижелі болады. Ұрпақ тәрбиесі ұлағатты болу үшін, отбасындағы ата-ана берген тәрбие мектепте өз жалғасын тауып, кішкентай бүлдіршін ертеңгі азамат болып қалыптасу үшін отбасы мен мектеп жауапты зор міндетті атқарады. Ең бастысы бала - ата-анасының оның оқуына, күнделікті білім алуына деген қызығушылығы мен қолдауын, қадағалауын сезінуі керек. Кез келген бала үлгілі немесе үлгермейтін болсын, шапшаң немесе сылбыр болсын, оның табиғаты өзін жақсы көру мен сыйлауды қалайды. Ата-ана мен бала үйлесімділігі отбасы тәрбиесіндегі басты нысана баламен рухани үндестік пен үйлесімділікке ұмтылу, ата-баба мұрасын сақтауға көңіл бөлу және оған ұмтылу, халықтың тәлімдік мұрасын бүгінгі күнмен сабақтастыру. Демек, ата-аналардың негізгі міндеттері келесідей сипатта тізбектеледі:

1. Бала тәрбиесі негізі ата-анада жатқанын естен шығармауға;
2. Мектеппен байланыста болып, баланың сабақтан қалмауын, кешікпей келуін қадағалауға;
3. Балалардың өмірі мен оқуы үшін олардың рухани дамуын, адамгершілік жағынан қалыптасуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасауға;
4. Салауатты өмірді насихаттауда баласына үлгі көрсетуге;
5. Баланың жеке басын қорлайтындай жаза қолданбауға;
6. Мұғалімдердің құқын, беделін, абыройын сыйлауға;
7. Көше ережелерін сақтауды еске салып тұруға;
8. Үнемі сынып жетекшісімен тығыз байланыста болып, ата-аналар жиналысына қатысып отыруға. [7]

Балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтендіруге көмектесе отырып, мектеп пен отбасының әрекеттістігінің нығаюына ықпал етуі тиіс. Осылайша, балалар мен жасөспірімдер отбасы мен мектепте алған дұрыс мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін бекіту қажет. Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеуде отбасы мен мектептің рөлі әлеуметтендірудің қажетті бөлігі бола отырып, барлық уақытта тығыз байланыста болғаны маңыздылық танытады.

Адамның адамшылдығы жақсы ата-ана мен білікті тәрбиешіден. Тәрбиенің таразы секілді екенін ескерсек, екі басының тең түсуіне көп көңіл бөлген абзал. Тәрбие ісіндегі ең басты жауапкершілік өздерінде екендігін ұмытып, баласының мінез-құлқы үшін қоғамға кінә артатын ата-аналардың кездесіп жататыны өкінішті-ақ.

В.А.Сухомлинский өзінің «Ата-ана педагогикасы» деген еңбегінде былай дейді: «Қоғамдық тәрбие отбасынан басталады». Әсерлеп айтқанда, әуелі отбасында тамыры бітеді де, бұталары да, гүлдері де, жемісі де содан шығады. Ендеше: “Тәрбиенің негізгі тірегі - ата-ана мен ұстазы екенің ескере отырып, осы бағытта бірігіп жұмыстанған нәтижелі болары анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сухомлинский В.А. Родительская педагогика Питер, 2017. — 208 с.: ил. — (Родителям о детях). — ISBN 978-5-496-01939-2.
2. Мардахев Л.В. «Социальная педагогик» Полный курс, учебник – 5-е изд., 2011.-797 с.
3. Гиддингс Ф.Н. «Основания социологии» изд. 3-е. – М.: Красанд, 2012 - 427 с.
4. Ким А.И., Черная Е.В. «Особенности психолого-педагогического исследования стилей детско-родительских отношений» // Студенческая наука XXI века: материалы V Междунар. Студенч. Науч.-практ.конф. (Чебоксары, 18.05. 2015г.) URL: <https://interactive-plus.ru/e-articles/150/Action150-8371>.
5. Черная Е.В., Кабанина А.В. Роль педагога дополнительного образования в профилактике агрессивного поведения подростков // Личность, семья и общество: вопросы педагогики и психологии: сб. ст. по материалам L-LI междунар. науч.-практ.конф. (Новосибирск, 13.04. 2015г.). URL: <http://sibac.info/18469>
6. Социально-педагогический словарь. /Под ред. Т.Н.Черняева, А.С.Иргалиев, Ж.Ж.Жароллаева. Эл. Издание. – Уральск,2010.

АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

Төлегенова К.Н.

Утешева А.С.

Ғылыми жетекші: Адильшинова З.У.

(Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, Ақтөбе қаласы, Қазақстан)

Ключевые слова: семейная педагогика, социология, социальный институт, типы семьи, условности, моральные ценности, правовое воспитание, эстетическое воспитание, социальное воспитание.

Аннотация

В статье рассматривается невозможность модернизации отечественной системы образования без активного участия семьи в образовательном процессе. Семья - главное средство взаимодействия детей с обществом. Рассмотрены виды социально-педагогической работы с детьми, оставшимися без попечения родителей.

Keywords: family pedagogy, sociology, social institution, family types, conventions, moral values, legal education, aesthetic education, social training.

Abstract

The article discusses the impossibility of modernizing the national education system without the active participation of the family in the educational process. The family is the main means of children's interaction with society. Types of social and pedagogical work with children left without parental care are considered.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты халыққа Жолдауында: «Біз бүгінгі кезеңнің міндеттерінен өзге қазіргі ұрпақтың келер ұрпақтар алдында орасан зор жауапкершілік жүгін арқалайтын, әкелер мен аналардың, аталар мен әжелердің өз балалары мен немерелері алдындағы жауапкершілігін күнделікті есте ұстауға тиіспіз» деп қазіргі отбасының әлеуметтік, мәдени, қоғамдық қызметі белсенділігінің маңызын жоғары бағалап, Республикадағы отбасылардың алдында қомақты міндеттер жүктеген. Отбасы тәрбиесі-барлық тәрбиенің негізі. Өйткені балалардың туған кезінен бастап, есейгенге дейінгі уақыт аралығы өміріне арқау болатын тәлім-тәрбие отбасы мүшелері арқылы беріледі. «Жапырақ тамырдан нәр алады» дейді халқымыз. Сол айтқандай балалар әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін, еңбексүйгіштік қасиеттерді өзі өскен отбасынан алады.

Қоғамның бүгінгі жағдайында болашақ тәрбиесін отбасынан бастап қолға алуға мемлекет тіпті, әлемдік тұрғыда көңіл бөлуде. Оған 1989 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған, кейіннен 1995 жылы 5 шілдеде Қазақстанда қабылданған «Баланың құқығы туралы Конвенция» дәлел бола алады. Онда «бала толық және үйлесімді дамуы үшін, ол мейірім мен өзара түсіністігі бар, қызығушылыққа көп көңіл бөлетін бақытты ахуалдық ортасы бар отбасында өсуі қажет. Бала әлі дене, ақыл-ой жағынан толыққанды жетілмегендіктен, олар туылғанға дейін де, туылғаннан кейінде ерекше мейірімділікке, қамқорлыққа әсіресе құқықтық қамқорлыққа мұқтаж» делініп, әрбір ата-ана жасөспірімдердің өркениетті елдерде қазіргі заман талабына сай білім алуын қамтамасыз етуге міндетті деп көрсеткен [1].

Жас ұрпақты тәрбиелеу жүйесі заман талабына сай қоғамдық өмірде болып жатқан ұлы өзгерістерге байланысты. Қазіргі заман жан-жақты үйлесімді жетілген жаңа адамды тәрбиелеуді талап етіп отыр. Қоғам талабы-заман талабы, өйткені әр адам-өз заманының баласы, сол себептен адамды заман билейді, заманына сай заңы туындайды. Сондықтан «Туа жаман жоқ, жүре жаман

бар, заман түзелсе, қоғам түзеледі», - деп халық педагогикасы тәрбиенің заманға, қоғамға, оның материалдық, рухани байлығына тәуелді екенін дөп басып жеткізген.

Қазіргі таңда отбасы мүшелерінің теріс қылықтарымен келіспеушілік салдарынан қоғамда ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар да көбейіп келеді. Отбасындағы теріс қылықтарды теріс әрекеттерді тудыратын негізгі факторлар: отбасында ата-аналар тарапынан үстемдік жағдайлар, яғни балаларының өз бетімен іс-әрекет жасауына жол бермеуі, өз өміріне немесе отбасына байланысты бірде-бір мәселені шешуге үй-іші кеңесіне қатыстырмау. Осының нәтижесінде бала отбасында болып жатқан әлеуметтік өмірге еңбекке, білімге, мәдениетке байланысты мәселелерге қатысты сыртта қалады. Бұл жағдай баланың танымдық қабілетінің дамуына рухани және адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына бөгет жасайды. Көп жылдар бойы жүргізілген бақылау мен зерттеу жұмыстарының мәліметтері бойынша педагогтар мен психологтар отбасы тәрбиесінде кездесетін мынадай сәтсіздіктер мен қиыншылықтарды көрсетеді:

-Отбасы мүшелерінің, әсіресе әке мен ананың арасында бірыңғай талаптың көзқарастың жоқтығы;

-Отбасында балаға назар аударудың тапшылығы;

-Ата-анамен бала арасында болатын келіспеушіліктер;

-Отбасында маскүнемдік, ұрыс-керіс неке бұзушылықтың болуы;

-Әртүрлі жағдайға байланысты баланың теріс қылығы бар адамдардың қарамағына түсуі[2].

Жетім балалар – жалғызбасты ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынсыз қалған 18 жасқа дейінгі тұлғалар.

Ата-анасының қамқорынсыз қалған балалар - келесі жағдайда жалғызбасты ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынсыз қалған 18 жасқа дейінгі балалар:

- ата-анасының қайтыс болуы (жетім балалар);
- ата-аналардың ұзақ мерзімде болмауы;
- ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айрылуы;
- ата-анасы хабар-ошарсыз кетті деп танылуына, әрекет етуге қабілетсіз (әрекет қабілеттілігін шектеу);
- ата-анасының сырқаттануы;
- қылмыстың жасалуына күдіктілер мен айыпталушыларды күзетпен қамауға алатын орындарында болуы, ата-анасының бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуі;
- ата-анасының баласын тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде ата-анасының өз баласын стационарлық үлгідегі тәрбиелеу, емдеу және медициналық-әлеуметтік мекемесінен алудан бас тартуы;
- заң тәртібімен белгіленген ата-анасының қамқорынсыз қалған балалар деп танылуы.

Мүгедек – тұрмыс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын, ауруларға, мертігулерге (жаралануға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, кемістіктерге байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған адам.

Мүгедек бала – тұрмыс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын, ауруларға, мертігулерге (жаралануға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, кемістіктерге байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған он сегіз жасқа дейінгі адам.

Балаларға арналған интернаттық мекемелер – балалардың тұруы мен оларды ұстау үшін жағдай жасайтын балалар үйі, әлеуметтік-педагогикалық мекемелер, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттар, көмекші мектеп-интернаттар, арнайы жалпы білім беретін мектеп-интернаттар, арнайы емдеу-тәрбиелеу мекемелері және басқа мекемелер[3].

Ата-аналардың қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбиелеудің өзекті мәселелері. Балалардың қорғаныс дәрежесі – кез-келген өркениетті қоғамның, мемлекеттік саясаттың әлеуметтік бағыттылығының басты индикаторы. Балалар - әлеуметтік-экономикалық

тұрақсыздықтан ең көп дәрежеде зардап шегетін азаматтардың санаты. Отбасы дағдарысы, көп отбасылардың ауыр материалдық жағдайы, дәстүрлі отбасылық қатынастардың күйреуі, ажырасулар санының артуы балалардың жағдайының нашарлауына елеулі әсер етеді. Соңғы жылдары болған өзгерістер бала проблемасын күрт өршітіп, осы салада қабылданатын шешімдердің ерекшелігін белгіледі.

Ата-ана қамқорлығынсыз қалған және жетім балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс бағыттары[4]. Ата-ана қамқорлығынсыз қалған және жетім балаларды жаратпау жүйесінің дамуының алдыңғы кезеңдерінде қоғам мен мемлекет негізінен әрбір нақты бала үшін үйлеспеген әлеуметтік даму қаупі жағдайларын тудыратын жетім балалардың әлеуметтік жаман халін педагогикалық және экономикалық құралдармен жеңіп шығуға бағытталған болса, Қазақстандағы қоғамдық дамудың қазіргі замандағы кезеңіне әлеуметтік-экономикалық дамудың арқасында халықты әлеуметтік қорғау жүйесі біртіндеп құрылып келеді, оның маңызды бағыттарының бірі жетім балалармен ата-ананың қамқорлығынсыз балаларға әлеуметтік қолдау көрсеті болып табылады, ол келесі құрамдас бөліктерді ескертеді:

- отбасыны әлеуметтік қолдау мен баланы отбасында сақтап қалу бойынша шаралар;
- әрбір жетім бала үшін отбасылыққа барынша жақын болатын әлеуметтік тәрбиелеу мен даму жағдайларын жасау бойынша шаралар;
- интернаттық мекемелердегі жетім балаларға сапалы білім беруді, тәрбиелеуді және әлеуметтік сүйемелдеуді қамтамаыз ету бойынша шаралар.

Ата-ана қамқорлығынсыз қалған және жетім балаларды әлеуметтік қорғау бойынша әлеуметтік саясатты жүзеге асыру нәтижесінде қоғамдық дамудың қазіргі кездегі кезеңінде келесі тенденциялар байқалып келеді:

- Қазақстанда ана мен баланы әлеуметтік қорғау жүйесі әзірленді, бұл қоғамдағы әлеуметтік жетімдіктің алдын-алу механизмдері болып табылады;
- Әрбір балаға әр түрдегі отбасылық тәрбие беру (қамқорлыққа алу, қамқоршылық, патронат) кепілдендіріліген[5];
- Ата-ана қамқорлығынсыз қалған және жетім балаларды дамыту мен білім берудің алуан түрін алу үшін қолайлы жағдайлар жасалған, балаларға күрделі мәселелі жағдайларды көмек көрсетіп, қорғауға кепілдік беретін жетім балаларды педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу жүйесі құрылған;
- Ата-ана қамқорлығынсыз қалған және жетім балаларға арналған мекемелер жүйесінің дамуы қамсыздандырылған және баланың тіршілік әрекетін отбасылық сипатта құрылуын қамсыздандыратын жаңа мекемелер түрлері қалыптасты.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыстан күтілетін нәтижелері:

- жағдайды тұрақтандыру;
- тұрғын үйді немесе материалдық көмекті алуға жеңілдікке кезекке тұрғызу үшін жергілікті атқарушы органдарға өтініш жасау;
- әлеуметтік статусты белгілеу үшін қажетті құжаттарды рәсімдеуге көмектесу;
- мекемедегі әлеуметтік-педагогикалық жағдайды жақсарту, балалардың психологиялық күйлерінің жақсы әлеуметтік хал-ахуалын бақылап, талдау;

Отбасында тәрбие үдерісін шебер басқару үшін ең алдымен ата-ана өз өмірін, өз ісін дұрыс ұйымдастыра білуі қажет[6]. Бұл жөнінде А.С.Макаренконың мына пікірін естен шығаруға болмайды. Ол «тәрбие жұмысының дәл мәні... Сіздің баламен тіпті көзбе-көз әңгімелесуіңізде емес, сіздің балаға тікелей әсер етуіңізде емес, ол сіздің өз отбасыңызды ұйымдастыруыңызда, сіздің жеке және қоғамдық өміріңізді және бала өмірін ұйымдастыра білуіңізде», -деп жазды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Отбасы педагогикасы: Оқулық Т.Н. Жүндібәева –Алматы : «Экономика» баспасы ЖШС 2014ж 4-5 бет.
- 2.Куликова Т.А.Семейная педагогика и домашнее воспитание:Учебник для студ.сред.и высш.пед.учеб.заведений –М.:Издательский центр «Академия »,1999г
- 3.Ғаббасов С.Педагогика мен психология негіздері,-Алматы,2012ж 94,150,210,238 б.б.
- 4.Сейтенова С.С. Әлеуметтік педагогика Дәрістер жинағы –Алматы 2019ж
5. Қоңырбаев С.С.Этномәдени құндылықтар негізінде отбасылық өмірге даярлау-Алматы,2015 ж
- 6.Бөлеев Қ.Қазақ этнопедагогикасындағы отбасылық тәрбиесі-Алматы 2015ж.

ӘОК-373.24

Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретудегі этнопедагогикалық негіздер

Кайыргалиева Б.Т.,
№46 «Самал» санаториялық балабақшасы,
Нұр-Сұлтан қаласы.

Кілт сөздер: этнопедагогика, рухани байлық, қазақ тілі, тіл үйрену, дамытушы ойындар.

Түйіндеме: Бұл мақалада мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің өзге ұлт өкілдері балаларына қазақ тілін үйрету арқылы этнопедагогикамызды дәріптеуде дамытушы ойындарды қолдану ерекшелігі көрсетілген.

Аннотация: В данной статье показана специфика использования развивающих игр в популяризации этнопедагогике путем обучения казахскому языку детей других национальностей дошкольного воспитания и образования.

Annotation:This article shows the specifics of using of educational games in the popularization of ethnopedagogy by teaching the Kazakh language to children of other nationalities of preschool education

Халық педагогикасы - бұл ұлттық қазына. Ұлттық тәрбие беру мәселесі тәрбиенің қайнар көзі ретінде халықтық педагогиканың аумағын кеңейте түседі.

Халықтық педагогика тәлім-тәрбиелік ой-пікірдің бастауы, халықтың рухани мұрасы. Сондықтан қазіргі таңда этнопедагогиканы оқу-тәрбие жұмысына мақсатты түрде енгізіп отыр. Инновациялық тәжірибе жұмыстары қашанда педагогтың еңбек жолындағы дамуына өзгерістер әкеледі. Этнопедагогика - жалпы педагогиканың бір саласы. Этнопедагогиканың әрбір саласы дүниені тану, оның пайда болуын білуге ұмтылу, адамның өмірдегі алатын орнына үңілу, табиғат пен қоғамның негізгі сырларын танып білу, адам өмірінің мәнін айқындау, сияқты дүниетанымның негізін қалыптастыруға ықпал етеді.

Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасының Конституциясына, “Білім туралы” Заңына және “Білім” мемлекеттік бағдарламасына сәйкес қазақстандық білім беру жүйесінің Ұлттық үлгісін дамытуға жағдай жасау жөніндегі жұмыстар жүзеге асырылуда. Жеке тұлғаның дамуының алғашқы баспалдағы мектеп жасына дейінгі кезеңде қалыптасатындықтан дүниетанымның негізі де осы жаста қаланады. Осы жастағы балалардың дүниетанымын қалыптастыруда қазақ балалар фольклорының, салт-дәстүрлердің, ұлттық өнердің, ұлттық ойындардың және ұлттық өлке табиғатымен таныстырудың маңызы ерекше.

Қазақстандық патриотизмнің негізін қалаушы – мемлекеттік тіл. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі- қазақ тілі. Мемлекеттік тілді құрметтеу және өзге ұлт өкілдерімен қарым-қатынасты нығайту – Қазақстандағы ұлтаралық келісім кепілі. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілін үйретуде баланың ерте жастан тілдік және логикалық дағдыларын дамыту өте маңызды. Тіл ұрпақ тәрбиесінің пәрменді құралы, рухани байлығы, баға жетпес құдіретті, қуатты қайнар бұлағы. Әрбір халықтың тілінде оның ұлттық дәстүрі, сана сезімі, ойлау тәсілі, мінез-құлқы белгілері көрініс табады. Ал тілді, тіл мәдениетін игеру - баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін үрдіс. Олай болса, баланың тілін дамыту жұмысы отбасынан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

Үлгілік оқу бағдарлама ретінде №46 «Самал» санаториялық балабақшасы атынан «Салауатты ұрпақ» мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруге арналған дамытушы ойындары «Таным» және «Әлеумет» білім беру салалары бойынша мектеп жасына дейінгі балалардың оқу қызметі мен тәжірибелік іс-әрекеттерінде зияткерлік қабілеттерін дамытуға және өмірлік дағды қалыптастыруға, баланың ой-қиялын шарықтатуға бағытталған әдістемелік құралын жарыққа шықты. Авторы – Кайыргалиева Балауса Толеугалиевна. «Салауатты ұрпақ» дамытушы ойындары балабақшадағы ұйымдастырылған оқу қызметінде және бос уақыттарындағы ойын, бақылау, еңбек әрекеттерінде тәрбиеші педагогтар, отбасында ата-аналар, сондай-ақ, қосымша білім беру қызметінде де пайдалануға арналған. Тәрбие мен оқу қызметінің мазмұны мен тақырыптарын және білім беру үрдісінің басқа да компоненттерін жаңарту бағытында тәжірибеде қолдануға тиімді болады. Педагогтар бұл дамытушы ойындарды оқу қызметінде, бос уақыттарында, күннің екінші жартысында және кешкілік жеке және топтық жұмыстарда да пайдалана алады. Сонымен қатар, қазақ этнопедагогикасы арқылы баланың сөйлеу тілін, дүниетанымын қалыптастыруға септігін тигізетін құнды мұраларымызды іріктеп алып, оқу-тәрбие ісіне қолдану арқылы алға қойған мақсатымыз - этнопедагогикалық негіздерге сүйене отырып, мектеп жасына дейінгі өзге ұлт өкілдері балаларына қазақ тілін үйретіп және балалардың тілдік қатынастарын дамыту. Мақсаты: дамытушы ойындар арқылы мектеп жасына дейінгі өзге ұлт өкілдері балалардың дүниетанымын қалыптастыру, табиғат пен қоғамның негізгі сырларын танып білуге тәрбиелеу, қазақ этнопедагогикасына кіретін ұлттық асыл мұраларымызға қызығушылығын арттыру.

Міндеттері:

Қазақ этнопедагогикасы негізінде тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы тәрбиелеу, білім беру жұмыстарын жетілдіру;

Тәрбиелеу мен білім беруде материалдарды тақырыптық жүйеде үйлесімді қолдану;

Еліміздің ертеңін ойлар ұрпақ тәрбиелеуде ұлттық дүниетанымдық көзқарасты қалыптастыру.

Ұсынылып отырған дамытушы ойындар орыс топтарындағы қазақ тілінен ұйымдастырылған оқу қызметінде іс-әрекеттің алуан түрлерін өзгертіп, алмастыра отырып жүзеге асыра алады.

Жұмыстың нәтижесі: Дамытушы ойындар арқылы бала түс, пішін, заттар арасындағы кеңістік және сандық қатынастардың қазақша атауын үйренеді. Сонымен қатар, баланың зейінін, логикалық ойлауды, қолдың моторикасын дамытуға көмектеседі.

3-4 жастағы балаларға арналған танграм ойыны фигуралардың көлемін және пішінін дұрыс орналастыру арқылы балалардың комбинаторлық қабілеттілігін, қиялды, көңіл аудартуды және нұсқау бойынша әрекет етуді дамытады.

«Өсімдіктер әлемі» ойынның көмегімен моториканы (сурет салу), логиканы (артқы жағында кеңестердің көмегімен) дамытуға, баланың сөздік қоры артады, ой-өрісі кеңейеді. Бұл ұзақ уақытқа балаларды қызықтырудың оңай, еркін және пайдалы жақсы тәсілі.

Назар аудару және жылдам реакцияны талап ететін «Кескінді тап» дамытушы ойыны баланың байқағыштықтығын дамытады. Сонымен қатар, түстердің атаулары мен олардың үйлесімдігін ажыратуға үйретеді.

Ересектер мен мектепалды даярлық топтары үшін, «Астана самалы саябағы» ойыны - бұл баланың қабылдау дағдыларын дамытатын және сөйлеуді дамытуды ынталандыратын көңілді және қызықты ойын. Осы ойын арқылы бала тіл үйренуге қажетті дағдыларға ие болады. Бұл ойында аудиторияның ауызша және есту қабылдауы маңызды рөл атқарады. Көру жадысын, кеңістіктік және логикалық ойлауды дамытады. Сонымен қатар, бірлескен әлеуметтік дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

Әрі ойын, әрі тіл үйрену ретіндегі дамытушы ойындар сериялары әсіресе, психологиялық тұрғыдан баланың рухани жай-күйінің үйлесімді дамуына көмектеседі. Балалар осы ойындар арқылы асқан қызығушылықпен ойынға араласып, қажет ақпаратпен бөлісіп, ойларын тиянақтап, алған білімдерін бекітеді. Бағдарламаның мазмұнына сәйкес ойындардың арнайы сериясы берілген.

1. Елтану әлемі. Менің Отаным - Қазақстан
2. Өсімдіктер әлемі
3. Құстар - біздің досымыз
4. Жәндіктерді қорғайық
5. Үй жануарлары мен жабайы жануарлар
6. Менің сүйікті тағамдарым
7. Менің балабақшам




Серия: «ЕЛТАНУ ӘЛЕМІ. МЕНІҢ ОТАНЫМ ҚАЗАҚСТАН»

Атауы: Кеңістік ойлауды дамытуға арналған ойын

Сипаттама: Қазақстан - біздің Отанымыз. Өйткені, әр адамның өзінің туып-өскен жері болады. Сондықтан, әрбір адам өз Отанын, туған жерін, ата-мекенін қорғауы тиіс. Біздің еліміздің жері кең байтақ, пайдалы қазбаларға өте бай. Біздің бас қаламыз – Нұр-Сұлтан. Нұр-Сұлтан - жас қала. Онда түрлі әсем ғимараттар бой көтерген. «Бәйтерек» - Астананың символы. Әркімнің туып өскен жері - Отан деп аталады. Отанымыз, астанасы, елбасы, рәміздері бар. Отан отбасынан басталады. Біз Қазақстанда туып өстік. Ол біздің – Отанымыз!



Дамытушы ойынның мақсаты: Жаңа сөздерді үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды (ә,ө) дұрыс айтуға жаттықтыру. Балаларды отансүйгіштікке баулып, туған жерін, елін сүйуге тәрбиелей отырып, еліне деген патриоттық сезімін ояту. Балаларды Қазақстан Республикасының рәміздері туралы білімдерін бекіту, құрметтеуге тәрбиелеу.



↓
Көп ұлтты

↓
Мемлекеттік тіл

↓
Президент



Серия: «ӨСІМДІКТЕР ӘЛЕМІ»

Атауы: «Ағаштар: шырша, терек, аққайың, емен, үйеңкі» геометриялық пазлы

Сипаттама: Ағаш – сабақтары мен тамырлары сүректеніп біткен, өте жақсы жетілген діңі бар, биіктігі 2 метрден кем болмайтын көп жылдық өсімдіктер. Ағаш адамның күнкөріс қарекеті мен рухани өмірде ерекше орын алатын табиғат нысаны. Анимистік дүниетанымға байланысты туындаған наным-сенімдер бойынша ағаштарда жаны бар «тіршілік иесі». Әлемдегі халықтардың барлығы да ағаштарды қастерлейді, күтіп баптайды, қамқорлық жасайды.



Дамытушы ойынның мақсаты: Жаңа сөздерді үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды (ә, ү) дұрыс айтуға жаттықтыру, ағаштардың түрлерін ажырата білу, олардың атауларын біліп, ағаштан жасалатын бұйымдар жайында түсініктерін кеңейту, олардың адам өміріндегі пайдасын білуге үйрету, табиғатты сүйе білуге, қамқорлық жасауға тәрбиелеу.



Серия: «ҚҰСТАР - БІЗДІҢ ДОСЫМЫЗ»

Атауы: «Кескінді тап» дамытушы ойыны

Сипаттама: Қанатты, ұшып жүріп тіршілік ететін, еті, жүні пайдалы тіршілік иесі. Жыл құстары көктем туа келіп ұя салады, жұмыртқалап балапан басады, қанаттанған соң қоңыр күзде, қыс түсе жылы жаққа қоныс аударады.

Жабайы құстар еліміздің даласында, орманында, таулы аймақтарында, суларында да тіршілік етеді. Дүние жүзінде құстардың 8600 түрі бар, ал өз еліміз Қазақстанда 480 - ге

жуық түрі бар екен. Барлық құс пайдалы. Құстар табиғатымызға көрік беріп қоймай, әсем әуенімен де сымбатты.



Дамытушы ойынның мақсаты: Жаңа сөздерді үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды (і, ө) дұрыс айтуға жаттықтыру. үй құстары мен дала құстарының түрлерін ажырата білу, олардың атауларын меңгеріп, адам өміріндегі пайдасын білуге үйрету, құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.



Серия: «ЖӘНДІКТЕРДІ ҚОРҒАЙЫҚ»

Атауы: «Кескінді тап» дамытушы ойыны

Сипаттама: Жәндіктердің жер шарында кең тараған 1 миллиондай түрі анықталған. Әр жәндіктің өзіндік ерекшеліктері бар. Алып күш - адамға ғана тән емес. Кішкентай ғана жәндіктің де адам таңданарлық күші мен қуаты болуы мүмкін. Жәндіктер қоршаған орта жағдайларына оңай бейімделеді. Жәндіктердің бірі аралар, бал арасы, көбелектер, қоңыздар өсімдіктерді тозаңдандырса, екіншісі құмырсқалар топырақтың түзілуіне көмектеседі. Жәндіктер адам өмірінде де маңызды рол атқарады. Адам әр түрлі өнімді алу үшін жәндіктерді ауыл шаруашылығында, бал шаруашылығында, тамақ өнеркәсібінде, медицинада, парфюмерия өндірісінде, жібек шаруашылығында кеңінен қолданады.



Дамытушы ойынның мақсаты: Тілдік қорын байыту, жәндік атауларын үйрету, жаңа сөздерді үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды (і, ө) дұрыс айтуға жаттықтыру. жәндіктерді қорғап, оларға қамқор болуға баулу. Жәндіктер түрлерімен таныстыру, олардың пайдасы туралы мәлімет беру.




Серия: «ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫ МЕН ЖАБАЙЫ ЖАНУАРЛАР»

Атауы: «Танграм» дамыту ойыны

Сипаттама: Жануарлар - тірі табиғаттың негізгі бөлігі. Жануарлар екіге бөлінеді: Үй жануарлары және жабайы жануарлар. Жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі адамның үйінің маңайында тіршілік етеді. Сол үшін үй жануарлары деп аталады. Адамға пайдасы өте көп. Сүтінен май, құрт, айран, ірімшік жасайды. Адамдар да оларға қамқорлық көрсетеді. Бағады, шөп, жем, су береді, сауады, көптеген күтім жасайды

Жабайы аңдар - табиғи жағдайда өз бетімен тамақ тауып, тіршілік ететін жануарлар. Жабайы жануарлардың түрлері өте көп.


 **Дамытушы ойынның мақсаты:** Үй жануарлары және жабайы аңдардың ерекшеліктері туралы түсінік беру, жаңа сөздерді үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды (ұ, ү) дұрыс айтуға жаттықтыру. Дұрыс айтылуын үйрету. Үй жануарларына қамқорлық жасау. Табиғатқа, ондағы тіршілікке қамқор болуға тәрбиелеу.



Серия: «МЕНИҢ СҮЙІКТІ ТАҒАМДАРЫМ»

Атауы: «Дәруменге бай сүт тағамдары» кеңістік ойлауды дамытуға арналған ойын

Сипаттама: Ұлттық тағам дегеніміз - нақты бір ұлтпен байланыстылатын аспаздық тағам. Ұлттық тағамдардың ерекшеліктері: ұлттық тағам ерекше жолмен дайындауға болатын, жергілікті қолжетімді азық-түлік пайдаланатын тағамдар. Сол аймақта өсірілетін немесе өндірілген «экзотикалық» ингредиенті бар тағам. Сол ұлттың салтына, дәстүрлерінің бір бөлігі ретінде немесе мерекелік аспаздық дәстүр ретінде берілетін тағам. Қазақ халқының ұлттық тағамдарының түрлері: сүт тағамдары, ет тағамдары, сорпа тағамдары, ұн тағамдары, дән тағамдары, балық тағамдары, жеміс тағамдары.


 **Дамытушы ойынның мақсаты:** Жаңа сөздерді үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды (і, ө) дұрыс айтуға жаттықтыру. Сүт өнімдерінің атауларын үйрету, білімдерін жетілдіру. Олардың пайдасы, маңызы, туралы түсінік беру. Балаларға сүт өнімдерін зерттеу арқылы ой-өрістерін, қиялдарын дамыту. Ұлттық тағамдарды құрметтей білуге тәрбиелеу.



Серия: «МЕНИҢ БАЛАБАҚШАМ»

Атауы: «Астана самалы» саябағы» кеңістік ойлауды дамытуға арналған ойын

Сипаттама: №46 Самал санаториялық балабақшасы тәжірибесінде ауланы абаттандыруда қарағайлы саябақ, дала тренажерлары (жол жүру ережесіне байланысты т.б.) орнатылды, қаланы көгалдандыру картасы жасалды, «Қысқы бақта» жас қарағайлар отырғызылды. «Астана самалы» саябағында қарағай, ұсақ жапырақты қарағаш, шырша, үйеңкі, терек, аққайың, емен, мамыр гүл ағаштары бар.

 **Дамытушы ойынның мақсаты:** Марафон «Эко Асар» жобасы аясында «Сарыға таста!» балалардың қоршаған ортаны қоқыспен ластау мәселесіне саналы көзқарасын қалыптастыру. Бүлдіршіндер мен олардың ата-аналарын қоқысты сұрыптап, іріктеу процесіне тарту.

Сонымен қатар, балабақшамызда өзге ұлт өкілдері балаларының құрамынан құрылған «Самал сазы» оркестрі 2017 жылдан бері жұмыс жасауда. Абай Құнанбаевтың «Көзімнің қарасы» өлеңін орындауда тыңдармандардың ыстық ықыласына бөленіп, Халықаралық, Республикалық, қалалық байқаулардан жүлделі орындарға ие болуда.

«Бір ел - бір тіл» атты өзге ұлт өкілдері балаларының құрамынан құрылған қазақ тілі клубы да өз жұмысын қарқынды жүргізуде. Бұл клубта балалар қазақтың халықтық педагогикасына кіретін мақал-мәтелдер мен жаңылтпаштар, өлеңдер үйренеді, жұмбақтар жасырады, ертегілер тыңдайды, ұлттық тағам түрлері мен салт-дәстүрлерді үйренуге ден қояды.

фольклорының, салт-дәстүрлердің, ұлттық өнердің, ұлттық ойындардың және ұлттық өлке табиғатымен таныстырудың маңызы ере

Қорытынды

Мектепке дейінгі ұйымда мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ этнопедагогикасы негізінде ұлттық тәрбие берудің жай-күйін талдау зерттеліп отырған мәселенің көкейкестілігін айқындап берді. Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарымыздан ажырап қалмас үшін балабақшадан бастап қазақ халқының ұлттық дүниетанымын, сана-сезімін, мінез-құлқын балалардың бойына сіңіру мәселесінің педагогика ғылымында қажеттілігі артып отырғандығын дәлелдеді.

Мектеп жасына дейінгі балаларға этнопедагогика құралдары арқылы ұлттық тәрбие беру балабақшада оқу-тәрбие процесін ұйымдастырылған оқу қызметі мен тәрбие жұмыстарының мазмұнын жетілдіру қажеттігін дәлелдейді. Тәжірибелік-экспериментальдық жұмыс нәтижелері этнопедагогика құралдары арқылы ұлттық тәрбие беру жүйесінің тиімді екенін көрсетті.

Халық педагогикасының мазмұны арқылы балаларға этномәдени білім беру, ұлттық сана-сезімін қалыптастыру ұрпақ болашағын ойлаған педагогтардың міндеті болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Арғынбаев Х. "Қазақ отбасы". -Алматы: "Қайнар", 1996ж.
2. Асарбаева А. Ұлттық ойындар — халық педагогикасының құрамдас бөлігі. // Ұлт тағылымы. 2002ж. №2.
3. Әбдіқадырова Г. Халықтық педагогиканың мәні зор. //Қазақстан мектебі. 2003ж., №8.
4. Әбілова З., Қалиева Қ. "Этнопедагогика". Алматы, 1999ж.
5. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2019-2020 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат – Нұр-Сұлтан, 2019.

ЭТНИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ РАЗЛИЧНЫХ ТИПОВ СЕМЕЙНОГО ПОВЕДЕНИЯ

Давлеткалиева Д.А.- преподаватель

Сатыбалдиева А.Б.- преподаватель

Высший педагогический колледж им.Ж.Досмухамедова, г.Уральск

Мақалада қырғыз және дунген отбасылары мысалында отбасылық мінез-құлық түрлерінің этникалық ерекшеліктері қарастырылған.

Түйінді сөздер: отбасы, отбасылық мінез-құлық, отбасылық мінез-құлықтың этникалық ерекшеліктері, қырғыздар, дунгендер.

In this article the authors regard the ethnic features of family actions considering Kyrgyz and Dungan families.

Key words: family, family action, the ethnic features of family actions, Kyrgyz, Dungan.

Ни одна нация, ни одно сколько-нибудь цивилизованное общество не обходились без семьи. Обозримое будущее общества также не мыслится без семьи. Для каждого человека семья — первоначал.

Пристальное внимание ученых к семье не случайно, оно связано, с одной стороны, с необходимостью активизации человеческого фактора в условиях социально-экономического развития, с другой — с обострением проблем и противоречий, характеризующих состояние этнических особенностей различных типов семейного поведения в настоящий момент.

Семья занимает особое место в ряду социальных групп. Она имеет свои специфические проблемы, противоречия, конфликты, обусловленные не только общественными явлениями, но и личными качествами ее членов, характером их взаимоотношений. Вместе с тем исследований, которые бы анализировали связь между сценарием семейного поведения и национальными особенностями, мало. В рамках проблемы рассмотрены семьи дунганской и киргизской этнических общностей в контексте определенных коммуникационных процессов и сложившейся структуры взаимоотношений между членами. При этом мы учитывали, что ценностные ориентации любой этнической группы фактически отражают исторический путь, сформировавший мировоззрение этноса и выступают наравне с такими категориями, как мораль, воспитание, социализация, право. Все категории ценностей представлены в абсолютно любой современной этнической группе, но их сочетание неравномерно, что и определяет уникальный облик этноса и обуславливает специфику этнокультурных основ формирования типов семейного поведения.

Проблема исследования определяется тем, что существует необходимость изучения различных типов однодетного и многодетного поведения, которые обусловлены этническими особенностями ценностной структуры социума. С одной стороны, происходит трансформация ценностей в глобальном смысле, а с другой — этот глобальный процесс корректируется спецификой семейного поведения в семьях различной этнической принадлежности изучаемых этносов.

Следовательно, необходимо остановиться на соотношении понятий “семья”, “этнос”, “история” в жизни киргизской и дунганской общностей.

Одной из структурных подсистем общества является этническая. Основные признаки этноса, его системные свойства, исчезающие только с ним самим, — это этническое самосознание, психологический склад и этническая культура.

Особое значение имеет вопрос о роли семейных и этнических традиций в становлении этнических типов семейного поведения. Этнокультурные брачные и семейные традиции так или иначе преследовались и вытеснялись унифицированными требованиями. Меняясь в соответствии с требованиями среды более высокого порядка, семья сохраняет семейные традиции как один из основных способов воспитания, продолжения себя. Семейные традиции сближают всех родных, делают семью семьей, а не просто сообществом родственников по крови. Домашние обычаи и ритуалы могут стать своеобразной прививкой против отдаления детей от родителей, их взаимного непонимания.

Для понимания специфики этнокультурных условий типов семейного поведения необходимо определиться с понятием “менталитет”. Именно менталитет определяет способы восприятия мира и интерпретацию индивидуального и группового опыта, а также способы действия и характер отношения к наиболее значимым аспектам человеческого существования¹.

В рамках семьи менталитет определяет представления о нормах мужского и женского полоролевого поведения; смысле и содержании брака; способах воспитания; правилах, регулирующих отношения семьи с социальным окружением; содержании материнской и отцовской роли.

Таким образом, учет национальных традиций при рассмотрении различных типов семейного поведения является необходимым.

В социологической и этнологической литературе большая патриархальная семья у некоторых исследователей семейного быта народов Средней Азии получила еще название неразделенной семьи.

Разложение патриархальной семьи у дунган и киргизов обуславливалось рядом причин и прежде всего наделением их земель. В результате многие большие семьи сознательно отделяли даже неженатых сыновей в малую (индивидуальную) семью с целью получить для клана дунган и рода киргизов больше земельных участков. Однако главной причиной разложения патриархальной семьи у дунган и киргизов явилось развитие земледелия и торговли.

Анализ доминирующих семейных ценностей показывает, что ценностные категории у дунганской и киргизской этногрупп отличаются, сходство только в том, что и для той и для другой группы ценностью являются дети. Дунгане выделяют “любовь”, “уважение и взаимопонимание” как особо важные ценности. Среди ценностей дунгане также выделяют “благополучие” и “благосостояние”. Для киргизской этнической группы (для всех ее членов в равной степени вне зависимости от возраста) ценностями являются “родители”, “дети”, “отношения с родственниками”. Среди важных ценностей киргизы также выделили “благополучие и мир в стране”, а также ее “процветание”.

Таким образом, доминирование сугубо родственного аспекта семьи и важность традиций сохраняются в современной семье как у дунган, так и у киргизов.

Таким образом, обычаи и обряды у дунган и киргизов, которые лежат в основе типологии поведения в семье, представляют собой богатый и сложный этнокультурный комплекс. В нем переплелись обычаи и обряды, возникшие в различные исторические эпохи на разных уровнях социально-экономического и культурного развития. Сильнейшее влияние на характер и функционирование обычаев оказали родоплеменные и патриархальные отношения. Родительская семья в исламской культуре воспринимается в качестве образца для построения отношений в собственной семье, что

очень характерно для дунган и в меньшей степени — для молодых киргизских семей. Так, результаты нашего исследования свидетельствуют о том, что 90% респондентов (и дунгане и киргизы) идентифицируют себя прежде всего с семьей.

Этническими традициями определяется такой важный системообразующий фактор, как отношение отца к детям. Тип такого отношения, с одной стороны, может характеризовать семью как принадлежащую к определенной этнической группе, а с другой — иллюстрировать принятые в этносе способы контакта между мужчинами и женщинами, старшими и младшими, семьей и социальным окружением. Принадлежность семьи к определенной этнической культуре может влиять и на характер воспитания детей в семье. В дунганской и киргизской традициях имеются некоторые правила, регулирующие взаимодействия отцов с детьми. Взаимоотношения отцов с детьми и соответственно система воспитания зависит от пола ребенка. С мальчиками отцы, с одной стороны, более строги, а с другой — отношения между ними более близкие и доверительные. Девочки считаются “гостями” в семье, поэтому к ним отношение более бережное: неизвестно, за какого человека девочка в будущем выйдет замуж, ее супруг может оказаться алкоголиком, наркоманом, девочке придется пройти через унижения, рукоприкладство и т.д. На взаимодействие отцов с детьми оказывают влияние также индивидуальные и социально-демографические характеристики родителя.

Резюмируя вышесказанное, надо отметить, что активизация этнокультурного развития способствовала росту этнического само- сознания дунган и киргизов, возросло их стремление, с одной стороны, к сохранению своей этничности, а с другой — к передаче своей культуры подрастающему поколению. Таким образом, существующие семьи помимо общих характеристик, определяющих развитие и функционирование любой семейной системы, имеют свои специфические особенности. На особенности и развитие семьи, этнических типов семейного поведения оказывают влияние этно- культурные условия. Этничность определяет модель поведения человека как в обществе, так и в семье. В частности, постепенно разрушается веками складывавшееся разделение труда. В семьях, где заработок жены составляет весомую часть семейного бюджета, мужья принимают активное участие в ведении домашнего хозяйства. В процессе исторического развития отношения семьи и общества, семьи и личности, этнические типы семейного поведения постоянно изменялись под воздействием господствующего в данном обществе способа производства, образа жизни и общественных отношений, а также политической системы и идеологии государства.

Список литературы

- Абрамзон С.М., Антипина К.И. и др. Быт киргизских селений Дархан и Чичкан. М.; Л., 1958.
- Административное устройство, оседлые пункты и кочевые волости Семиреченской области / Сост. В.С. Недзвецкий. Верный, 1919.
- Антонов А.И., Медков В.М. Социология семьи. М., 1996.
- Антонов А.И., Медков В.М., Архангельский В.Н. Демографические процессы в России XXI века. М., 2002.
- Антонов А.И., Сорокин С.А. Судьба семьи в России XXI века. Размышления о семейной политике, о возможности противодействия упадку семьи и депопуляции. М., 2000.
- Арутюнян Ю.В., Дробижева Л.М., Сусоколов А.А. Этносоциология: Учеб. пособие. М., 1998.
- Ачылова Р.А. Семья и общество. Фрунзе, 1987.
- Берто Д., Берто-Вьям И. Наследство и род: трансляция и социальная мобильность на протяжении пяти поколений // Вопросы социологии. 1992. Т. 1, № 2.
- Бромлей Ю.В. Этнос и эндогамия // Сов. этнография. 1969. № 6.
- Бурханова Ф.Б. Брак с позиций гендерного теоретико-методологического подхода // Вестн. Башк. ун-та.

ӘОЖ 37.018.1

ҚЫЗ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ ТӘРБИЕСІ.

А.С.Сарыбай

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің экскурсиялық-бұқаралық жұмыстар бөлімінің меңгерушісі, «Шолпы» қыздар клубының идея авторы, жетекшісі. Ақтөбе қаласы.

Кілттік сөздер: Шолпы, қыз, тәрбие

Key words: Sholpy, girl, education

«Мен халқымның *education* тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діні ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын». Н.Назарбаев.

«Без опоры на национально-культурные корни модернизация повиснет в воздухе. Я же хочу, чтобы она твердо стояла на земле. А это значит, что история и национальные традиции должны быть обязательно учтены». Н.Назарбаев

"I want my people to follow every step of the way and confidently move forward, making the rich history and traditions of the Kazakh people a solid pillar of future prosperity." N.Nazarbayev.

Ақтөбе облыстық тарихи—өлкетану музейінде 2012 жылдың 2 – наурызынан бастап «Шолпы» клубы жұмыс жасап келеді.

Клубтың мақсаты: Қыз балаларға алдында қоғамның, елдің, ұлттың болашағы, яғни үлкен жауапкершілік тұрғандығын ұғындыру. Қыз бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөле

отырып, әдет - ғұрып, салт-дәстүрімізге сай болып өсуіне ықпал ету, заманға сай өнеге, тәрбие беру. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Ең алдымен, біз қыздарымыздың тәрбиесіне көп көңіл бөлуіміз керек. Олар - болашақ жар, болашақ ана, шаңырақтың шырақшылары» деген болатын.

Шолпы деген не?

Шолпы – күміс немесе алтын тиындар қадалған шашбау. Қазақтардың ежелгі наным-сенімі бойынша, бұрымдағы шолпы сыңғыры бойжеткенді қара ниетті күштерден қорғауға көмектеседі. Шолпыны тек қана қыз балалар мен бойжеткендер тағады

Шолпының түрлері: үзбелі шолпы, көзді шолпы, қозалы шолпы, шынжырлы шолпы, қос үзбелі шолпы, маржанды шолпы, меруертті шолпы, ақықты шолпы, тағы сол сияқты. Жас қыздар үшін кішкене күміс қоңыраушаларды үзбелеп те шолпы жасайды. Оның сыңғырлаған үні әдемі жарасып тұрады.

Шолпы бойжеткеннің бойында ойлылық, зерделілік, биязылық тәрізді қасиеттерді қалыптастырады.

«Шолпы» клубының идея авторы, жетекшісі Алмагүл Сарыбай. Шолпы» клубының кеңес мүшелері: Ақмарал Хон - Ақтөбе облыстық әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясының хатшысы, Әлия Бейсенғазы - КСРО «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Еңбек ардагері» медалінің иегері, балалар дәрігері; Жібек Абдуллина - ардагер ұстаз, ақын, «Қазақстан патриоты» медалінің иегері, зейнеткер, Серікбай Қайдасов — білім саласының ардагері, суретші, ақын, бірнеше жыр жинақтарының авторы; Зияш Меңдиева - Ақтөбе көлік, коммуникация және жаңа технологиялар колледжінің тарих пәнінің оқытушысы; Зибаш Өмірбаева - ардагер ұстаз, тарихшы; Бижан Қалмағамбетов - Т.Досымов атындағы республикалық қордың директоры, Атырау облысы Индер ауданының Құрметті азаматы, меценат, ақын; Жазира Оразаева - Қ.Жұбанов атынд. өңірлік мемлекеттік университетінің «Қазақстан тарихы және тарихи пәндер» кафедрасының аға оқытушысы, жас ғалым; Ақжеңіс Жаналина ҚР Білім беру ісінің үздігі, Ы.Алтынсарин белгісінің, Білім саласына қосқан үлесі үшін белгісінің, ҚР Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін белгісінің иегері, Баян Толыбаева ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі, Ы.Алтынсарин белгісінің иегері; Шәйзада Ахметова - ҚР білім беру ісінің үздігі, Ы.Алтынсарин белгісінің иегері; Гүләйім Төретаева - Қ.Жұбанов атынд. өңірлік мемлекеттік университетінің «Мектепке дейінгі және арнаулы білім» кафедрасының доценті, п.ғ.к.; Нұрлан Есенғазы - дәрігер, С.Бәйішев атындағы Ақтөбе Жоғары медицина колледжінің оқытушысы; Орынгүл Ідірісова - № 31 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Бақыт Жаншаева – журналист, Айтбаева Раушан – білім саласында ұзақ жылдар еңбек еткен зейнеткер, Исмағұлова Орынгүл – Патриоттық бағыттағы әнші-сазгер, ақын. «Спорт жұлдыздары» республикалық журналының директоры. «Мәдениет майталманы», «Сауап», «Өнерге қосқан үлесі үшін» және «Қос Аққу», «Қос Шынар» Әлия-Мәншүк атындағы медальдардың иегері, Ақжігітова Бибігүл Жақсыбайқызы – «Қазақстан патриоты» медалінің иегері, Ақтөбе қаласының «Геолог» мәдениет Үйінің қызметкері.

Клуб М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медициналық университеті, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, Ақтөбе гуманитарлық, М.Мәметова атындағы Ақтөбе медициналық, КазАТК, кооперативтік, С.Бәйішев атындағы, көлік, коммуникация және жаңа технологиялар, Ақтөбе музыка, т.б.колледждерімен, М.Құсайынов атындағы мамандандырылған дарынды балалар мектеп-интернаты, Ғ.Ақтаев атындағы №6, №31, №33, №10, №15, №5, №30, Благодар орта мектептері, т.б. және қалалық № 6 емханасы, облыстық балалар ауруханасы, «Ақтөбе қалалық сал ауруына шалдыққан азаматтарды

қолдау орталығы» қоғамдық бірлестігі т.б. мекемелермен, оқу орындарымен тығыз байланыста жұмыс жасап келеді.

Клуб жұмысына келетін болсақ кездесулер, дөңгелек үстелдер, өткізіліп, лекциялар оқылып, Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорынан қазақтың қыз-келіншектерінің зергерлік әшекей бұйымдарының көрмелері ұйымдастырылып отырады. Олар шолпы, шашбаудың не екенін көзбен көріп, қолдарымен ұстайды, шаштарына тағып дефиле көрсетіледі. Шашбаудың салмағына, сыңғырына қарап-ақ сырын түсінеді. Осы үлгілік шаралардан бастап М.Мәметова атындағы медицина колледжінде қыз балалар сабаққа шаштарына әдемі шолпыларды тағып келе бастаса, №31 орта мектеп оқушылары шолпыны әсемдеп қолдан жасауда.

«Шолпы» қыздар клубы 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесіне орай М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «Білектей арқасында өрген бұрым...» тақырыбында танымдық шара ұйымдастырып өткізді.

Шара барысында жастарға салт дәстүрімізде бұрым қазақ қызының дара қасиетін айшықтап көрсетуші басты құрал болғандығын айтып, түсіндірілді. Арулардың шаш өсіруі, оны күтуі де үлкен өнер, керемет дәстүр екенін кеңінен айтылды.

Шаш туралы шариғат шарттарымен таныстырып, шаш аурулары, шашты күту, нәзік жандылардың көркіне көрік қосқан шолпы, шашбауы туралы айтып, ұзын шаштарға тағып көрсетіп, ұзын шашты арулар әсемдік пен тәрбиеліктің белгісі екендігін дәріптеу шараның негізгі мақсаты екендігі айтылды. Сұлулықты бұрымға сыйдырып, «қыздың көркі бұрымы» деген екен халқымыз. Ел ағалары қазақ қызының қадір қасиетін, жүріс – тұрысы мен адами қасиеттерін де осы бұрым мен ондағы шолпысынан анықтайтын болған.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы біздің жұмысымызға үлкен бағыт берді. Бүгінгі таңда ұлттық сананы қалыптастыру көкейтесті мәселелердің бірі болып табылады. Сондықтан келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеуіміз қажет. Соның ішінде қыз бала тәрбиесіне баса назар аударуымыз керек. Өйткені қыз барлық ұлттық құндылықтарымызды дамытушы, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші. Қазақтың ұлттық ой-арман, тілек мақсатының орындалуы, қазақ ұлтының саны көбеюі қыздарға байланысты. Қыздарымыздың дені сау, ақылды, ұлтын, халқын, Отанын, тілін, тарихын, мәдениетін, әдебиетін сүйетін қыздар болуын қалаймыз. Қыздарымыз тәрбиелі болып, өмірге денсаулығы мықты, ақыл-ойы толық ұрпақ әкелсе, ата-бабаларымыздың мақсат-мұраттары орындалған болар еді. Қыздарымыз ана болып қана қоймай, болашақты ойлаған, көреген дана болса, ұлтымыздың өркені өсер еді.

Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі. Қызымызды тәрбиелей отырып ұлтымызды тәрбиелейміз.

«Шолпы» клубының мақсаты қыз балалардың тәрбиесіне үлес қосу, яғни қоғамымыздың дамуы мен мемлекетіміздің өркендеуіне өз үлесін қосу.

«Шолпы» қыздар клубы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 5 жылдық жұмысын қорытындылауға арналған «ҚЫЗ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ ТӘРБИЕСІ» тақырыбындағы тарихи-танымдық шарасын ұйымдастырып өткізді.

Шараға Ақтөбе облысының әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның хатшысы А.Р.Хон, «Ақтөбе қаласының әйелдерді қолдау орталығы» қоғамдық бірлестігінің басшысы А.Е.Дүйсенова, «Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағы» Қоғамдық бірлестігі Ақтөбе облыстық филиалының төрағасы Н.С.Табылдинова, Ақтөбе облыстық кәсіподақ кеңесінің жұмысшы әйелдердің мәселелері бойынша комиссияның төрағасы М.М.Сағындықова, РФ, ҚР педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор А.А.Тасимова, «Күміс алқа иегері», көп балалы ана, республикалық «Қанатты әйел» идеялар мен тауарлар жәрмеңкесіне қатысқан белгілі қолөнер шебері А.Ы.Сұлтангереева,

жоғары, орта арнаулы оқу орындары мен қала мектептерінің басшылары, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, оқытушылары, студенттер, оқушылар, наркодиспансердің, облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары орталығының және **№1 қалалық емхананың темекі шегуге қарсы күрес кабинеті қызметкерлері, дәрігерлер, музей достары т.б. қатысты.**

«Шолпы» клубының атқарған жұмыстарын көпшілік жоғары бағалады.

Клубтың кеңес мүшелерінің ішінде дәрігер, тарихшы, әдебиетші, акын, меценат, ғалым да бар. Барлығы бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, қыз бала тәрбиесіне үлес қосып жүрген жандар. Олар облыс әкімі орынбасары, облыстық әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясы төрағасының, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының Алғыс хаттарымен марапатталды.

«Шолпы» қыз балалар клубының жұмысы биыл 10-шы жылға аяқ басты. Клубтың мұрындық болуымен клубтар, орталық, кабинет, мектептер ашылды. Бұларды ашушылардың көпшілігі музей жанынан ашылған «Шолпы» клубының кеңес мүшелері.

2013 жылы 31 қазанда №31 орта мектепте «Шолпы» (жетекшісі Ідірісова Орынгүл Бижанқызы),

2016 жылы 8 желтоқсанда М.Құсайынов атындағы мамандандырылған дарынды балалар мектеп-интернатында «**Еркеназ**» қыз балалар (жетекшісі Жаналина Ақжеңіс Айтжанқызы) клубтарының тұсауы кесілді.

2017 жылы Облыстық балалар ауруханасында «**Таңшолпан**» қыз-келіншектер клубы (жетекшісі Бисенғазы Әлия Орынбасарқызы) ашылды.

2017 жылдың 12 сәуірінде №30 қазақ орта мектебінде «**Инабат**» клубының жұмыс жасауына «Шолпы» клубы оң әсерін тигізді.

2018 жылы 12 сәуір күні Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде «Жастар ғылым жолында» апталығы аясында «**Шолпы**» **ұлттық тәрбие кабинеті** (жетекшісі Төретаева Гүләйім Ізтілеуқызы) ашылды. «Шолпы» қыздар клубының жетекшісі А.Сарыбай мен университеттің Мектепке дейінгі және арнаулы білім кафедрасының деканы, п.ғ.к. доцент Ж.Жүсіпова кабинеттің тұсауын кесіп, жұмыстарына сәттілік тіледі. Кабинеттің жоғары оқу орынында қыз балалар тәрбиесімен айналысып, ақыл-кеңестер беруде пайдасы зор болмақ.

2018 жылдың 13 сәуір күні «Шолпы» клубының жетекшісі А.Сарыбай М.Мәметова атындағы Ақтөбе медициналық колледжінде «**Шашбаулым**» қыздар клубының тұсау кесеріне қатысып «**Қыз тәрбиесі – ұлт болашағы**» тақырыбында баяндамасын оқыды. Колледждің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Самал Мұсақызы «**Шашбаулым**» қыздар клубының ашылуына «Шолпы» клубы мұрындық болғанын, колледжде ұйымдастырылып өткізілген кездесулердің көп әсері болғандығын айта келе, қазірде колледжде шолпы таққан қыздардың қатары көбейгендігін, оның тәртіпке де өз әсері болғандығын баса айтты.

2018 жылы 24 мамырда Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің «Тарих» факультетінде «**Жас келіндер** мектебі» (жетекшісі Оразаева Жазира Жарасқызы) ашылды. Басты мақсаты қазақ халқының ұлттық негіздегі тәрбиесін насихаттап, болашақ жас келіндерге отбасы құндылықтарын түсіндіру. Қоғамдағы ене мен келін арасындағы түсініспеушілік, ажырасу секілді бүгінгі күннің басты мәселелерінің алдын алу.

Орталық лентасын факультет деканы Гүлмира Көпенова, «Шолпы» клубының жетекшісі, көп балалы ана А.Сарыбай және көп балалы ана, жиырма немеренің әжесі атанып отырған Жібек Абдуллина қиды.

2018 жылдың 10 желтоқсанында Ақтөбе көлік, коммуникация және жаңа технологиялар колледжінде «**Айқаракөз**» клубының (жетекшісі Меңдеева Зияш Боранбайқызы) тұсауы кесілді.

2019 жылы клубымыздың филиалы болып Ырғыз ауданында «Үкілім» қыз-келіншектер клубы ашылды.

2020 жылы 11 желтоқсан күні қалалық «Геолог» МҮ «Шолпы» қыз балалар клубын аштық. (жетекшісі Ақжігітова Бибігүл Жақсыбайқызы)

2021 жылы 17 ақпан күні «Шолпы» клубының жетекшісі А.Сарыбай қаланың «Нұрсити» ауданында орналасқан №60 ЖОББМ-де «Шолпы» клубының филиалы ретінде «Шолпы» қыз балалар мен аналар мектебінің тұсауын кесіп, Сертификат табыс еттік.

Бұл жұмыстар одан әрі жалғасын табады. Бүгінде клуб жұмысы үлкен сұранысқа ие. Ол оқу орындарындағы клубтармен, жастар ұйымдарымен тығыз байланыста жұмыс жасайды. Клуб оқу орындарында бұрыннан ашылған клубтармен де бірлесе жұмыс атқарады. «Шолпы» жұмысы кең қанат жаюда.

Ақтөбе облысының "Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын жүзеге асырудың негізгі бағыттары» тақырыбында өткен шараларына белсенді түрде қатысып отырады.

Клуб жетекшісі мемлекеттік қызметкерлердің білімін жетілдірудің аймақтық орталығында, «Өрлеу» БАҰО филиалы Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институттарында, облыстық білім берудің әдістемелік орталығында кездесулерге қатысып, пікір алысып отырады.

2020 жылдың 16 сәуірінде «Педагогикалық мәдениетпен білімнің гендерлік аспектілері» тақырыбындағы облыстық әдістемелік семинарға қатысушылар «Шолпы» клубының тәжірибесі негізінде жоғары оқу орындары мен білім беру мекемелерімен, қоғамдық ұйымдармен гендерлік білім беру мен тәрбиелеу үшін бірлескен жұмыстарды тәжірибелік-эксперименттік, зерттеушілік, шығармашылық жобалар арқылы дайындап жүзеге асыру туралы ұсыныс етті.

«Шолпы» клубы Әйелдер ісі және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі облыстық комиссиямен, облыстық ішкі саясат басқармасы, Ақтөбе қалалық әйелдерді қолдау орталығымен тығыз байланыста жұмыс жасап, облыс көлемінде қыз бала тәрбиесі, отбасы құндылықтарын насихаттайды.

2017 жылы клубтың кеңес мүшелері Ақтөбеде алғаш рет өткен I Ауыл әйелдері слетіне, 2018 жылы өткен «Анаға тағзым» форумына шақыру алды, қатысты. Сонымен қатар Байғанин, Ойыл аудандарында өткен «Анаға тағзым» аудандық форумдарына қатысып, аналармен кездесу семинарларында өз ойларын айтып, ақыл-кеңес беріп отырады.

«Шолпы клубы» Ақтөбе облысының Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы толеранттық мәселелермен айналысатын аналар кеңесінің мүшесі. Ырғыз, Хромтау, Алға аудандарында әйел-аналармен кездесулер ұйымдастырып, отбасы, бала тәрбиесіне қатысты өз ойларын ортаға салып жүр. Слайдтар мен бүктемелерді өз жұмыстарында жиі пайдаланады.

Бүгінгі күні қоғамда ажырасу өзекті мәселеге айналып отыр. Клубтың кеңес мүшелері Жібек Абдуллина, Әлия Бисенғазы «Анаға тағзым» кешенінде «Отбасын сақтау» орталығында ажырасуға бел буғандарға өз ақыл-кеңестерін беріп, отбасы шаңырағының шайқалмауына да өз үлестерін қосуда.

2017 жылы Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасының тапсырысы бойынша Ақтөбе облысының әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның қолдауымен жарық көрген 10 жылдық жұмыс нәтижесін көрсететін алғашқы, әрі маңызды деп баға берілген есеп «Отчет о реализации Стратегии гендерного равенства за 2006-2016 г.г. в Актюбинской области» атты жинағына ««Шолпы» клубы» мақаласы енді.

«Шолпы» клубының жұмысын насихаттау мақсатында республикалық «Дәстүр» журналында, «Мәдениет», «Білезік», «Үш таған» журналдарында, Kazmustum.kz сайтында, «Егемен Қазақстан», «Ақтөбе», «Актюбинский вестник», «Үш қоңыр»

т.б.ақпарат құралдарында жарық көрді. «Астана», «Қазақстан», 31 канал, «Ақтөбе», РИКА телеарналары арқылы насихатталуда.

2020 жылы «Шолпы» клубының әнұраны жазылды. Әнұран шараларда үнемі орындалып отырады. **Сөзін жазған: Жібек Абдуллина. Әнін жазған: Орынгул Исмагулова**

Қазақтың салты мен дәстүрін,
Ұрпақтан-ұрпаққа таратқан.
Өрімтал арудың бойына,
Шашбау мен шолпылар жарасқан.
Арудың сыпайы жүрісі,
Әрдайым назардан қалмады.
Ибалы жымыып күлкісі,
Шолпының көтерген салмағын.

Қайырмасы:

Өнермен өркендеп жайнасын,
Ғылыммен, іліммен самғасын.
Егемен Елімнің ұл-қызы,
Бабалар дәстүрін жалғасын.

Биікке көтерген жұлдызын,
Гүлдердей жайнаған қырмызы.
Ұлағат сіңірет бойына,
Ұрпаққа арнаған ғұмырын.
Өнерлі жандармен достасып,
Ізгілік істерде бас қосып,
Жастарға беретін өнеге,
Болсын деп «Мерейлі отбасы».

Клуб өз жұмысында ұлттық тәрбиеге ерекше көңіл бөледі. «Қазақта балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле», «Алты жыл аш болсаң да, атаңның салтын ұмытпа» дейді. Сондықтан ата салтымызды насихаттаймыз. Ата салтымыз – абыройымыз.

Елбасымыз «Мен халқымның тағлымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын» деген болатын. «Халқымның тағлымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете білейік» деген болатын.

Бүгінгі күні қыз тәрбиесі өзекті мәселеге айналып отырғаны бәрімізге белгілі. Қазақ отбасында қыз балаға қырық үйден тиым болғандығын жақсы білеміз Сол тиымдарды бүгінде отбасында қолдансақ артықтық етпес еді.

Бала тәрбиесіне ең бірінші жауапты - оның отбасы. Бала тәрбиесінде қателік кетсе ата-ана бала тәрбиесінде жіберген қателігін өзінен іздеуі қажет. Отбасында ұл-қыздарын «обал болады», «ұят болады», «жаман болады» деген сөздермен тәрбиелеп, баланың санасына сіңіру керек. Қыз бала халқымыздың ар-ожданы, ұяты. Ата бабаларымыз ұятты өлімнен күшті санаған. Қызымыз абыройлы болса ұятқа қалмаймыз. Үлкендердің өзі «екі дүниенің абыройын бер» деп тілеп отырады.

Қазіргі кезде әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімізге мән бермеу, оны бала тәрбиесінде басты ұстаным етіп алмау көптеген қателіктерге ұрындыруда. Халқымыздың ырымдары, тиымдары да өмірде қажеттілігінен туған. Солардың бірі «қызға 40 үйден тиым».

Әрбір ата-ана қыз баланың абыройын ойлауымыз керек. Қыз абыройы - елдің, ата-

анасының, туған туыс, ағайындарының абыройы. Бүгінгі қыз - болашақ жар, болашақ ана, сондықтан ақыл-кеңесімізді беріп, олардың жат-жұрттық бала екендігін, барған жеріне ешкімге сөз келтірмейтіндей тәрбиелі болып баруы керектігін айта отырып, болашақ ұрпақтың денсаулығы мықты, саналы болып өмірге келуі, ақылды, парасатты болуы, елінің патриоты болуы ананың ақ сүтіне, берген тәрбиесіне байланысты екенін айтуымыз керек.

Қыз бала жеңіл жүріске салынса, ата-ана айтқанын тыңдамаса ана болу бақытынан айырылатынын айтып түсіндіру керек. Өйткені ана бақыты - балалы болу. Балаң дұрыс тәрбие алып, азамат болса - бақыт.

Әйтеке би бабамыз «Дәулетіңнің қадірін ұлың өскенде білерсің; абыройыңның қадірін қызың өскенде білерсің» деген екен. Абыройлы болу деген сөз – адал болу, сыйластық, өз міндетін жақсы орындау, қайырымды болу, уәдеде тұру сияқты адам бойындағы жақсы қасиеттер. Сонда қыз өз міндетін білмей ата-ана атына жаман сөз келтірсе ата-ана, тума-туыс абыройсыздыққа ұшырайды. Қыздардың «дым көрмеген», «білігі жоқ» деп айтқызыбауы да тәрбиенің жемісі. Қазақта «иттің баласы дегізбе» дейді.

«Аты жаманның арманы кетер, баласы жаманның дәрмені кетер» дегендей баланың жаманы ата-ананы бар күш-қуатынан, қызығынан айырып дәрменсіз етеді. Сондықтан «баланы - жастан» деп дұрыс тәрбие беруіміз керек.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Еліміздің болашақта қандай болатыны балаларымыздың бойына өзіміз қандай тәрбиені сіңіретінімізге тікелей байланысты» деген болатын. Сондықтан қыздарымызға 40 үйден тиым беріп, қыз бала тәрбиесіне ел болып атсалысайық дегім келеді. Қыз тәрбиесі – ұлт болашағы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев. «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы. 2012ж. 14 желтоқсан.
2. Н.Ә.Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Жолдауы. 2017 ж. 12 сәуір
3. 2015 жыл. «Шолпы» қыздар клубының идея авторы. «Білезік» журналы, 18 мамыр 19 бет.
4. 2015жыл. «Сұлудың сұлуы шолпы таққан бұрымды қыз», «Білезік» журналы, 18 наурыз 27 бет.
5. 2017 жыл, Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасының тапсырысы бойынша Ақтөбе облысының әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның қолдауымен жарық көрген 10 жылдық жұмыс нәтижесін көрсететін алғашқы, әрі маңызды деп баға берілген есеп «Отчет о реализации Стратегии гендерного равенства за 2006-2016 г.г. в Актюбинской области» атты жинағына ««Шолпы» клубы» мақаласы енді.
6. 2018 жыл. Қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі. Ақтөбе обыстық тарихи- өлкетану музейі жанынан құрылған «Шолпы» қыз балалар клубының жұмысын жүргізу тәжірибесі. А.Сарыбай. «Дәстүр» журналы. №2 (57) наурыз-сәуір.
7. 2018 жыл. Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі жанынан құрылған «Шолпы» клубы 5 жылдығын атап өтті. А.Сарыбай. Kazmustum.kz сайты. Қазақстан музейлерінің ақпараттық-әдістемелік орталығы. 28 сәуір,
8. 2018 жыл. И нежным серебром звенят шолпы. Актюбинский вестник. Г.Назарбаева. 23 марта.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚЫЗ БАЛАНЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ДӘСТҮРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.

Г.С.Нурашева, педагогика пәнінің жоғары санатты оқытушысы, «Білім» бейіні
ОӘБ төрағасының орынбасары.

Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі, Орал қ.

Резюме: Обращение к сложившимся в течение веков традициям целого народа, в данном случае казахского, создает мощную духовно-нравственную основу, ибо это есть прикосновение к творчеству собственного народа, частью которого каждый человек себя ощущает. В статье рассматриваются вопросы воспитания девочек в народной педагогике, роль национальных традиций и обычаев. В статье представлена работа женского клуба «Ай-Керим».

В статье рассмотрена деятельность женского клуба «Ай-Керим», которая направлена на формирование знаний и сущности традиционного казахского воспитания девочки с целью его сохранения и дальнейшего воспроизводства в последующих поколениях.

Ключевые слова: поколение, наследие, народное воспитание, обычаи и традиции душевная красота, гордость, мораль народа, женский клуб «Ай-Керим».

Resume

Key words: generation, heritage, folk education, customs and traditions, spiritual beauty, pride, morality of the people, women's club "Ai-Kerim".

Summary: The appeal to the traditions of an entire nation, in this case the Kazakh, which have developed over the centuries, creates a powerful spiritual and moral foundation, because it is a touch to the creativity of one's own people, of every person feels himself a part. The article deals with the issues of education of girls in folk pedagogy, the role of national traditions and customs. The article presents the work of the women's club "Ai-Kerim". The article considers the activities of the women's club "Ai-Kerim", which is aimed at forming the knowledge and essence of the traditional Kazakh upbringing of a girl in order to preserve it and further reproduce it in subsequent generations.

Қазақ халқы қыздарын «Үйдің құты, ауылдың көркі, береке-бірлік пен татулықтың ұйытқысы» деп ерекше құрметтеп, аялап, өздері кимесе де ең алдымен қыздарын киіндіріп, қыздарына қамқорлық жасайды. Қазақ халқы: «Қызым жақсы болсын десең-қылықтылармен ауылдас бол» дейтін халық даналығын берік ұстанып, қыз балаларды ес білгеннен бастап өнерлі, текті, тәрбиелі, адамгершілігі жоғары адамдермен барыс-келіс, адыс-беріс жасап, олармен көрші отыруға, бірге жүруге құлшынған, әрі ресми түрде тәрбие жүргізе бастаған. Білікті аналар сәби қыздарын бір тізерлеп отыру, қалай болса, солай отырып- тұрмау, үнемі «сіз, біз» деп сөйлеу, тасыр мінез, кеселді сөзден аулақ болу, кісі бетіне, әсіресе, ер адамдардың бетіне қылымсып немесе тіке қарамау, тамақты ауыз толтырып асап, шалпылдатып шайнамау; ыдыс-аяқты жуғанда, жинағанда сылдырлатпау; үлкен адамдар келгенде тұрып жол беру, аман-сәлем жасау, ата-аналар мен үлкен кісілер арасында отырғанда білермендік істемеу, сөзге қыстырылмау, «шеше тұрып, қыз сөйлегеннен без» дейтін халық даналығын есте берік сақтау, көпшілік арасында жыртақтап күлмеу, арын таза сақтау, ата-анадан рұқсатсыз жөнсіз қыдырмау сияқты істерден егжей-тегжейлі тәрбие жүргізеді.

Қазақ халқының қыз тәрбиесі бөлек бір тәрбие, тәрбие дастаны деуге болады. Қыз балаға арналған салт-дәстүр, әдет-ғұрыппен тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Қыз бала тәрбиесінде сұлулық пен сымбат тәрбиесінде қазақ халқы жан сұлулығын басты орынға қойған. Әсіресе, тән сұлулығына баса назар аударып, дене мүшелерінің сымбатты болып өсіп-жетілу әдістерін тапқан. «Сұлу болғың келсе-алдымен сыртыңды түземе, сырыңды түзе» деп тән сұлулығынан бұрын жан сұлулығын үйретеді. Тән сұлулығы тәрбиесінде, қыздарының жүріс-тұрыс, қимыл-қылықтарына баса назар аударып, дөрекі іс-қимылдарынан қатаң шектеген. Тәжірибелі аналар қыздары жеті жасқа келген соң, белдеріне белбеу байлаған, он екіге келгеннен бастап, жататын орнына дәл жауырынның астына келетіндей етіп қос арқан керіп, соның үстіне жатқызған. Әр күні айнаға қаратып, қасы-көзін, жүріс-тұрысын түзетуді насихаттап отырған. Бұл тәрбие қыздардың мінез-құлық, жүріс-тұрыс, қимыл-қылығын түзеп, әсемдікке, мәдениеттілікке, ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелейді. Мінезі, моральды, мұратты, әдепті, ибалы, кеңпейіл, кешірімді болуға жетелейді. Әр жақтан ақаусыз жетіліп, есейгенде талшыбықтай бұралған бұраңбел, алшынтөс, ақылына көркі сай сымбатты да сұлу болып есейеді.

«Әдеп пен ар-ұят-қыз көркі», «Арлы қыз әдемі көрінеді», «Ұятсыз қыздан ит те қорқады» деп ар-ұят пен әдеп ибаны бәрінен жоғары бағалайтын қазақ халқы «әдепті, арлы қыз» деп қандай жерде болмасын адамгершіліктен аттамайтын, ар-ұят, әдеп-ибаны көз қарашығындай қастерлеп, арына дақ, атына кір келтірмейтін, қасиетті ана тілі мен салт-дәстүрін асылға балап ардақтап, адамгершілікке жат жаман қылықтардан бойын аулақ ұстап, суық жүріс пен сумақы қылыққа баспайтын, сыпсың сөзге ермейтін, жамандыққа ырық бермейтін, ата-анасы мен ел-жұрт, бауыр-туыстарын құрметтеп, іні-сіңлілерін аялайтын, бұзақылықтан, нәпсіқұмарлықтан, обырлықтан, қызғаншақтықтан, көрсеқызарлықтан, өзімшілдіктен, күншілдіктен, өсек-аяннан аулақ, пәк, уәде-сертке берік, жүзінен нұр төгіліп тұратын қыздарды айтады.

Қазақ халқының ұғымында қыз бала –екі жұрттың адамы. Бірі-өзінің туған жұрты, екіншісі-ұзатылғаннан кейін табатын негізгі жұрты. Міне, осы екіжақтылық қыз бала тәрбиесіне өзінше сипат береді. Өз елі қызды «қонақ» деп есептейді. Сондықтан қыз баланы ұлдан ерекше ардақтап өсіреді.

Халқымыз бойжеткен психологиясының ерекшелігін жақсы түсіне білген. Әрбір отбасы, әке-шеше, аға-жеңге, өз баласын ылғи да жібектей мінезімен, уыздай тәтті қылығымен, іскерлік-ұқыптылығымен, сыпайы салмақтылығымен, әдепті-ізеттілігімен, иманды инабаттылығымен, күміс күлкісімен көргісі келген. Оларды кішкентайынан көздің қарашығындай сақтап, әлпештеп, мәпелеп, жаны мен арының таза, мінезінің жайсаң болуын қадағалап отырған. Олардың жасөспірім шақтағы балқыған, толқыған, еліктегіш қасиеттерін ескеріп, оған «қырық үйден тыю салу» керектігін үнемі еске салып отырған.

Ертедегі қазақта бастаңғы, қызойнақ, қойкүзеті, тоқымқағу, алтыбақан, ақсүйек деген сықылды жастардың бас қосатын кездері жиі болған. Бұған мүшелінен асқан – бойжете бастаған қыздар баруға хақылы. Мұндайда ақылды аналар қызын сенімді адамға қосқан, ерте қайтуды тапсырған. Келген соң кәдімгідей жүрген-тұрғанын тексеріп отырған. Қазіргідей туған күнді, мектеп бітіргенді, әскерге шығарып салуды, бір жақтан келгенді қарсы алуды, күнді-түнге, түнді - күнге ұластырып тойлатуға тізгін -шылбырсыз жіберу ол кездегі аналарда кемде-кем болған. Сұмдыққа ұрынған, қолды болған қызын ертедегі аналар келісімен не түрінен, не құбылысынан, не уақытынан, не бірге болған адамынан абайлауды, тексеруді ұмытпаған. Ананың бұл сәуегейлігінен жасқанатын қыз көп жағдайда сақтанған. Қыз ел көзіне түсе бастасымен оған анасы көсемсіп сөйлемеуді, кісіге тіке қарамауды, ұяң болуды, өз жанынан ұзамауды, қыдырмауды, жұртқа сүйкімсіздерге жоламауды, ішті болуды, албаты күлмеуді, ата-ана мен аға-бауырдан басқаның жаны пәлендей ашымайтынын жалықпай айтқан.

Жеті атаға дейінгілердің бірін – ағасы, бірін – бауыры деп таныстырған. Мұнысы – қыз алысуға болмайдыны түсіндіргені. «Әкенің ең жақсысы жездедей-ақ» дегенді қазақ көп айтқанымен, сақ аналар қызына «жезде» деуден гөрі – «аға» деп сыйласатын шекара жасаған. Қызының ерте ме, кеш пе, әйтеуір кететініне іштей бейімделіп жүретін ақылды аналар өзі білетін өңірдегі күн шалған шаңырақты, көргенді ата-ананы, әдепті балашағаны біліп алып, оны қызына сөз сыралғысы ретінде дәріптеп, көргенсіздерді күні бұрын білдіртпей жамандап қызына өз сынайын сөз арасында ептеп ескертіп отырған. Баласы осылардың қайсысына назар аударғанын астыртын қадағалаған. Шешеден бұрын сөйлемеуге тәрбиелеген. «Ит жүгіреді, иттің артынан қыз жүгіреді» деу – қыз кемеліне келгенде кезігеді. Бұл «қыздың мұраты – кету, жол мұраты – жетуден» шығады. Осыған байланысты бұрынғылар қызын сыртқа албаты шығарудан шектеген. Ара-тұра ғана аса аяулы адамды, сенімдіні аттандыруға үйде ешкім болмағанда ғана белдеуге, не мамағашқа дейін шығаруға өзі жұмсаған. Жұмсамаса, қыздың оны аттандыруға рұқсаты жоқ. Себебі – оны кез келген кісімен кезіктіру қазақы әдептің салтында жоқ. Қызды көргенді ету үшін алдымен ана өзіне шек қойған. Қызы бойжетіп ел көзіне түсе бастасымен, ол бұрынғы қыдыруын, баласын оңаша тастауды қысқартады, азайтады, не өзімен ерте жүреді. «Шешесі қыдырмашыл болса, қызы бастаңғышыл болатынынан» сақтанады. Қызына ауыл-үйдің бозбалаларын иектетпеу үшін ана бұрынғы алаңсыз ұйқыны азайтқан. Ол үйіне жатып сырттағы беймезгіл үрген итте де гәп барына алаңдаған, кімнің төңіректегенін де мөлшерлеп, өзінің ояу екенін аңғартқан. Мұндайда анаға ең сенімді серігі – енесі. Үй ішінде қыздың тәртіпті болуда сөзін тыңдайтыны әке мен шеше, сескенетіні, сыйлайтыны – аға, сырласатыны – жеңге, ұялатыны – ауыл, ру. Бұлар – тұтасымен ойламай от басып алмауға қорған.

Дүниеге ұрпақ әкелетін әйел, сол ұрпағының аман-есен, басқалардан кем қалмай өсуіне жауапкершілікті де табиғи түрде өз мойнына алады. Кейінгі ұрпақтың аш-жалаңаш қалмай өсуі, ата-бабасынан қалған өнегені ұмытпауы, жаманнан қашық, жақсыға асық болуға бейімделуі үйде қалған әйелдің міндетіне кіреді. Әйел әрқашан күліп жадырап жүріп шырақ тәрізді үй ішіне, отбасы мүшелеріне нұрын шашып, жылытып, шуақтандырады. «Ұлттың ұйтқысы — қыздары» деп Мұзафар Әлімбаев ағамыз айтпап па еді? Қызды о бастан өзінің болашақ міндетіне лайықты тәрбиелеу — ата-ананың, әсіресе ананың үлкен парызы. Қыз баланы келешек ана, бала тәрбиешісі, отбасы ұйтқысы деп түсінген халқымыз оның еңбексүйгіш, өнегелі, өнерлі болып өсуіне ерекше мән берген. Оларға үй сыпыру, төсек жинау, ас пісіру, шай құю, кесте тігу, тон пішу, өрмек тоқу, ою-өрнек сияқты отбасының ішкі жұмысына үйретуді анасы мен әжесі өз міндеттеріне алған. Қол өнеріне икемі жоқ қыздарды: «Өз үйінде ою оймаған кісі үйінде сызу сызар» деп келеке еткен, тіпті шай құю мен төсек жинаудың өзі үлкен сын болған, ақындардың өлендерінде кездесетін «қыздың жиған жүгіндей» деген теңеулер текке айтылмаған. Қазақ халқы әсіресе қыз баланың сырт сұлулығына б2 ерекше көңіл бөлген, шаштарын айранмен, қынамен жуғызған, қос бұрым етіп өргізген. Шашбау, шолпы таққызған. «Ағаш көркі – жапырақ, адам көркі – шүберек» деп, қыздың киім киісіне де көп көңіл бөлген. Оларға арнап бүрмелі көйлек, қынама бел қамзол, құндыз бөрік, үкілі тақия тіккізген. Ертегілерде, жырларда сұлуларды сипаттау арқылы оларға еліктеуге шақырған. Ерте кезде «Қыз — елдің көркі» деп әспеттеген халық, өсіп келе жатқан қыз балаға бүкіл ауылмен жауапты болған. «Қызға қырық үйден тыю» деген мақал осыны білдіреді. Ұрысып, кіналап емес, теріс ісін ескертіп, «кішіпейіл бол», «үлкен кісінің алдын кесіп өтпе», «инабатты бол» деген сияқты т.б. нақыл сөздер айтып, жақсыға қарай жетектеп, бағыттау тұрғысында тәрбиелеген. Ол пәленшенің, түгеншенің қызы емес, біздің ауылдың қызы деген қисынмен әрбір үлкен адам қыз баланың қатесін байқаса, ескерту, сақтандыру парызым деп есептеген. Ата-аналары қызы болса, өз қатарымен құдандалы болып, өрісін кеңейтуді армандаған. Сол қыздың өсіп қалыңдық болатын кезеңдегі керек-жарағын бала кезінен бастап жинаған. Ауылдағы абысын-ажын, жас жеңгелер бойжеткенге лайық

нәрсесі болса, «мынау қыздың сандығына салуға, жасауына қосуға» деп жинай берген. Бұл қазіргідей көшенің басынан аяғына дейін дүкен, қала толған базар заманы емес, ауыл-ауылдың арасы атшаптырым кезеңде қалыптасқан дәстүр. «Елдің баласы», «ауылдың — адамы» «қауымның азаматы» деген қағидамен өмір сүрген заман болатын. Қыз баланың негізгі миссиясы — болашақ ұрпақты жалғастыру міндетін ешкім, ешқандай қоғам өзгерте алмайды. Қазір ол міндет тіпті жауапты әрі күрделі. Өйткені қазіргі информациялық тоғысуда ұлттың өз ерекшелігін сақтап қалу үшін үлкен көрегендік, терең білім, күшті ерік-жігер керек. Осы қасиеттердің бәрі алдымен қыздарға керек. Сондықтан да қызы бар үйдің әркімде назы бар: мұғалім тиянақты білім беруге, үлкендер байсалды ақылын айтуға, ісмерлер өлмейтін өнерін үйретуге міндетті.

Нәзік жанның ошақ сақтаушысы ретінде жоғары мәртебесі, оның қоғамдық үрдістерге белсенді қатысуы қыз балалардың санасына оқу барысында тоқылғаны абзал. Білім беру мекемесінің тәрбие беру жұмысында қыз балалардың жалпы жағымды дамуына, тұлғаның бойына адамгершілік қасиеттерді дарытуға, оның құндылық бағдарларының тұрақтылығына жол ашатын жүйелі тәсіл маңызды орын алады.

Колледжімізде білім алушылардың дені қыз бала болғандықтан, оларға ұлтымыздың қыз тәрбиесіндегі құнды тәрбиесін аруларымыздың бойына сіңіру мақсатында түрлі жұмыстар жүргізілуде. Соның бірі педагогика, психология кафедрасында ашылған «Ай-Керім» қыздар клубы. Клубтың мақсаты: қазақ қызының бойында ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, инабаттылық, кішіпейілділік, ұлттық қадір-қасиеттерді дарыту мақсатында қоғам қайраткерлерімен кездесу арқылы үлгі-өнеге алу, тәлімдік ой-пікірлерін ұғындыру. Клубтың міндеті-сұлу қыздарымызға ерекше көңіл бөліп, қыз ғұмырдың ертең әйел, ана, жар ғұмырға айналатынын айтып, болашақ өмірдің мәнді болуына жауапты екенін ұғындыру.

«Қыз бала» ұғымы – ең қасиетті сөз. Қасиетті болатыны, бүкіл адамзат қыздан тарайды: қыз келін болады, келін анаға айналады, ал ана «әже» деген зор дәрежеге жетеді. Осы үшеуі арқылы ұрпақ өсіріп, ұлт қатарын көбейтеді. Ұлттың бойындағы бар жақсы қасиеттерді-тілін, дінін, әдет ғұрпын, салт- санасын, дәстүрін немересіне, немересінен шөбересіне жеткізуші, дамытушы әрине, әйел-ана. Тіліміздің өзін ана тілі деп атауы-аналарға көп жүк артады. Ана-барлық өмірдің бастауы. Сондықтан ертеңгі ана, бүгінгі қыздарымызды тәрбиелеу отбасындағы ананың, жұртшылықтың, әсіресе біздің педагогикалық колледждің басты міндеті. Жоба жұмысының алдына қойылған болжамды ескере келе, нәтижесінде : колледждегі қыз балалардың бойына ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты сақтай отырып, адамгершілік қасиеттерді меңгерген, ибалы қыз, болашақ жар, болашақ ана және жан-жақты толыққанды үйлесімді тұлға тәрбиеленеді. « Бұл зерттеуді әлі қажет ететін мәселенің , келешекте де зор мәнге ие болатынын ескере отырып, қыз балалардың бойына қазақ қызы мен әйеліне тән қасиеттерді қалыптастыру.

«Қызда қылық болмаса, құр шырайдан не пайда?» тақырыбында Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, «Құрмет» орденінің иегері, көп жыл бойы облыстық тілдерді дамыту басқармасын басқарған еңбек ардагері, айтыскер және жазба ақын апамыз, Қаратөбе ауданының құрметті азаматы - Шолпан Батырқызы Қыдырғиязовамен кездесу кешін өткізіп, қыздарын ерекше құрметтеп, ерекше аялап, әйелдерін ардақтау тамаша салт-дәстүрдің арқасында, қазақ халқында ақыл-парасатымен ел билеп, ру-тайпа басқарған көсем, шешен, би, өнерпаз қыздар, аттары аңызға айналған, тіпті аттары ру-тайпа аты боп қалыптасқан батыр, әулие аналар, ел-жұрты аттарын ардақ тұтқан қасиетті, киелі әжелер өте көп болғанын айтып, сұлу қыздарымызға ерекше көңіл бөліп, қыз ғұмырдың ертең әйел, ана, жар ғұмырға айналатынын айтып, болашақ өмірдің мәнді болуына жауапты екенін ұғындырды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қ.Б.Жарықбаев «Он томдық таңдамалы шығармалар жинағы». Жетінші том Жалпы және қазақ этнопсихологиясы, Алматы «қазақ университеті», 2016ж.
2. М.Қ.Жұбанова «Ұлттық дидактика мен тәрбие тағылым мәселелері» (Қ.Жұбанов зерттеулері негізінде) Арыс баспасы, Алматы, 2016ж.
3. А.Нүсіпоқасұлы, Ә.Жапарұлы «Ағаш бесіктен жер бесікке дейін». 4-кітап (Қыз сыны. Жігіт сыны)-Алматы: «Өнер», 2011.-128бет.
4. К.Ж.Қожахметова. Ұлт тағдыры мен қыз бала тәрбиесі біртұтас //Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика, 2005, №1, 68-73 б.

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|----|
| Ә.Р. Масалимова ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ | 3 |
| А.Қ.Құсайынов БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ АТА-АНАЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН КӨТЕРУ ҚАЖЕТ | 4 |
| Н.С.Әлқожаева ҚОЖАХМЕТОВА КЛАРА ЖАНТӨРЕҚЫЗЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ЖАСТАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ | 9 |
| Т.Н. Петрова МЕТОДОЛОГИЯ РАЗВИТИЯ ЭТНОПЕДАГОГИКИ КАК НАУКИ В УСЛОВИЯХ НОВОЙ ПАРАДИГМЫ ОБРАЗОВАНИЯ | 13 |
| К.Г.Эрдынеева NATIONAL-STATE IDENTITY OF STUDENT YOUTH IN DIGITAL EPOCH | 18 |
| М.Б.Сабыр ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІ ҰЛЫҚТАҒАН ҒАЛЫМ | 24 |
| З.О.Кекеева НАУЧНОЕ СОДРУЖЕСТВО ПРОФЕССОРА К.Ж.КОЖАХМЕТОВОЙ И ПРОФЕССОРА О.Д.МУКАЕВОЙ В РАЗВИТИИ ЭТНОПЕДАГОГИКИ | 28 |
| Ш.Т.Таубаева «ПРОФЕССОР КЛАРА ЖАНТӨРЕҚЫЗЫ ҚОЖАХМЕТОВАНЫҢ ҒЫЛЫМИ МЕКТЕБІ» | 32 |
| А.Қ.Рысбаева “РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ” БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КОНТЕСТІНДЕГІ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ | 41 |
| М.Г.Харитонов ЭТНОПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ МАГИСТРОВ | 44 |
| А.А.Тасимова ЭТНОПЕДАГОГИЗАЦИЯ СУВЕРЕННОГО НАРОДА КАК ОСНОВА ОБРЕТЕНИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО КОДА И ИДЕНТИЧНОСТИ | 49 |
| Н.Ш.Алметов, Г.Т. Марзен РАЗВИТИЕ ЭТНОДИДАКТИКИ В НАУЧНОМ ТВОРЧЕСТВЕ КЛАРЫ КОЖАХМЕТОВОЙ | 53 |

| | |
|---|-----|
| Ш.И.Джанзакова ЭТНОПЕДАГОГИКА - ҰЛТТЫЛЫҒЫМЫЗДЫ САҚТАУШЫ ҒЫЛЫМ | 57 |
| С.С.Қоңырбаева МЕКТЕПТІҢ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЛТТЫҚ МАЗМҰНДА ҰЙЫМДАСТЫРУҒА НЕГІЗДЕЛГЕН “ӨРКЕНДЕУ” ЖОБАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВАСЫ | 64 |
| I «ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН» МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҰЛТТЫҚ ТҰҒЫРНАМАСЫ I НАЦИОНАЛЬНАЯ ПЛАТФОРМА ЭТНОПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В УСЛОВИЯХ РЕАЛИЗАЦИИ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПРОГРАММЫ "ЦИФРОВОЙ КАЗАХСТАН" I NATIONAL PLATFORM OF ETHNOPEDAGOGICAL EDUCATION IN THE CONTEXT OF THE IMPLEMENTATION OF THE STATE PROGRAM "DIGITAL KAZAKHSTAN". | |
| Т.Н. Черняева, Ю.В. Лукашин ВОСПИТАНИЕ ТОЛЕРАНТНОСТИ В КОНТЕКСТЕ ПРОЦЕССА ЭТНИЧЕСКОЙ СОЦИАЛИЗАЦИИ ПОДРОСТКОВ | 70 |
| О.К.Позднякова. АКСИОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВАНИЯ ПРАВДЫ И СПРАВЕДЛИВОСТИ ВОСПИТАНИЯ ОБУЧАЮЩИХСЯ | 76 |
| R.M.Aitzhanova, S.N. Kaliyeva , A.N. Sankhayeva ETHNOSOCIAL-ROLE APPROACH IN THE FORMATION OF THE SUBJECT OF ETHNOS | 81 |
| А.С. Иргалиев ТҰЛҒАНЫҢ НӘТИЖЕЛІ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ | 86 |
| Ш.Х. Құрманалина , Б.К. Вербицкая БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІНІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЛЫҚ АРҚЫЛЫ ДАМУ | 93 |
| С.М.Бахишева, З.Ғ.Мұхтар ПЕДАГОГТАРДЫҢ ЦИФРЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ БІЛІМ БЕРУ ӘЛЕУЕТІНЕ ШОЛУ | 97 |
| И.У.Хасанова, Л.К.Абдрахманова ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ САБАҒЫНДА СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУДЫ ДАМУ АРҚЫЛЫ ӘДІСТЕР | 105 |
| А.А. Найманбай КИБЕРПЕДАГОГИКА - ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚИТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ БАСТЫ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ | 110 |

| | |
|---|-----|
| Ж.Сержанқызы ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ – КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ТИІМДІЛІГІ | 114 |
| И.У.Хасанова, Ү.Дымберген ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛЬДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ЖАЗЫЛЫМ ӘРЕКЕТІ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ | 119 |
| Н.П.Кирилина, Присташ В.В. ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ЦИФРОВИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ | 124 |
| И.У.Хасанова, А.Н. Аязова АКСИОЛОГИЯЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ЕЛЖАНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ | 129 |
| В.Е.Нурмуканбетова ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ- ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ | 134 |
| А.А. Гинаятова АТА-АНАЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ | 137 |
| Б.Д Сағатова, А.Т.Даулеткалиева ЦИФРОВИЗАЦИЯ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ | 140 |
| Р.О. Тәжі ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚАЗАҚ МУЗЫКАСЫН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ | 144 |
| А.Қайырбайқызы ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕРІНЕ ҚҰРЫЛҒАН МУЛЬТФИЛЬМДЕР АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН ДАМУЫ. | 150 |
| А.Елеуова ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰЖЫМДА ИННОВАЦИЯНЫ ЕНГІЗУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ | 156 |
| Ж.С. Наурызалиева ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУДЕ СМАРТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ | 160 |
| II ҰЛЫ ДАЛА ОЙШЫЛДАРЫ МҰРАСЫНДАҒЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ II ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ В НАСЛЕДИИ МЫСЛИТЕЛЕЙ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ II SPIRITUAL AND MORAL QUALITIES OF YOUTH IN THE HERITAGE OF THE GREAT STEPPE THINKERS | |

| | |
|---|-----|
| Т.З. Рысбеков, Б.Ғ.Шынтемірова ӘЛ-ФАРАБИ ТРАКТАТТАРЫНДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ | 164 |
| А.Т.Ақыжанова, Қ.Қ.Құнапина ФОЛЬКЛОР – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ӨЗЕГІ | 168 |
| Н.М. Қақпанбаева, Ғ.Т.Сұлтанова БАҚЫТ ТУРАЛЫ ТҰЛҒАЛАР ТАҒЫЛЫМЫ | 172 |
| Р.С.Кинжекова АБАЙДЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІНІҢ ЭТНИКАЛЫҚ СИПАТЫ | 177 |
| Г.Ж.Джуманова, Б.К.Кудышева НАСЛЕДИЕ МЫСЛИТЕЛЕЙ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ КАК ОСНОВА ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ ДЕТЕЙ И МОЛОДЕЖИ | 180 |
| А.Қ.Қаптиева РУХАНИ САНА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР САПАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ | 186 |
| Г.Р.Бахтиярова ҰЛТТЫҚ РУХАНИЯТ ЖӘНЕ ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ТАҒЫЛЫМДАРЫ | 190 |
| Г.Қ.Джонисова БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТАРИХИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ | 195 |
| А.Р.Сабилов, А.С. Қожрақова БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕНІ ЗЕРДЕЛЕГЕН – АБАЙ ХӘКІМ | 202 |
| Қ.Ө. Жүсіп , Э.О. Оралова ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ АТАМЕКЕН ТАҚЫРЫБЫ | 206 |
| Р.Н.Испулова, Т.М.Ихсанғалиев НРАВСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ И ЛИЧНОСТНО ОРИЕНТИРОВАННЫЙ ПОДХОД В СПОРТЕ | 209 |
| Б.С.Асанкулова ВОПРОСЫ НРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ В ПАМЯТНИКАХ УСТНОГО НАРОДНОГО ПОЭТИЧЕСКОГО ТВОРЧЕСТВА | 213 |
| К.Р. Кажимова, Б.Т.Тасмуханова ВОЛОНТЕРЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ – БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ | 216 |
| А.О.Абдықадыров, Г.Ж. Омарова ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ | 223 |

| | |
|--|-----|
| А.К. Аскарова ОҚУШЫЛАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҰЛЫ ҒҰЛАМА ОЙШЫЛДАРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ | 227 |
| Г.А Жумагулова ВОПРОСЫ ВОСПИТАНИЯ ДУХОВНО-ЦЕННОСТНОГО ОТНОШЕНИЯ К ЖИВОТНЫМ | 234 |
| А.Ж.Урашева, Г.Т.Ермекқалиева ҰЛЫ ДАЛА ОЙШЫЛДАРЫ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ЖАСТАРДЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШЛІК ТӘРБИЕГЕ БАҒЫТАУДАҒЫ РӨЛІ | 239 |
| М.Д. Мурзагулова, А.Ғ. Әнуарбек ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ | 243 |
| Г.Х.Алдашева ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ РУХАНИ АДАМГЕРШЛІК ТӘРБИЕ | 246 |
| А. Б. Наренова ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ РУХАНИ – АДАМГЕРШЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІ | 250 |
| Г.А.Нұрмұханова, Н.У.Райсова, А.А.Муратова ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ | 254 |
| Г.О.Сейтмаганбетова ҰЛЫ ДАЛА ОЙШЫЛДАРЫ МҰРАСЫНДАҒЫ РУХАНИ-АДАМШЕРШЛІК ТӘРБИЕ | 259 |
| Э.Ұ. Ұзаққалиева, З.З.Зинетуллина, Л. Н.Шахшаева, Г.Е. Ахметова БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӨЗЕКТІЛІГІ | 264 |
| Г.М.Ахметова, А.К.Тажиханова, Б.У.Ламғалиева, Л.Т.Гашихова ҰЛЫ ДАЛА ОЙШЫЛДАРЫ МҰРАЛАРЫНЫҢ ОҚУШЫЛАРҒА АДАМГЕРШЛІК ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ МӘНІ | 269 |
| К.А. Есенова, Ә.Т.Зиядинова ЖАСТАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ ПӘНІ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ | 275 |
| Ж.Е.Молдағалиева, А.Т.Зайнуллина ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫНДАҒЫ РУХАНИ – АДАМГЕРШЛІК ТӘРБИЕ | 278 |
| Қ.Ұ.Жақыпова АБАЙДЫҢ ТОЛЫҚ АДАМ ІЛІМІ | 281 |
| ІІІ ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ТӘРБИЕСІ: ЭТНОМӘДЕНИ ЖӘНЕ ПОЛИМӘДЕНИ | |

| | |
|---|-----|
| АСПЕКТ III ЭТНИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ ОБУЧАЮЩИХСЯ В СИСТЕМЕ НЕПРЕРЫВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ: ЭТНОКУЛЬТУРНЫЙ И ПОЛИКУЛЬТУРНЫЙ АСПЕКТ III ETHNIC EDUCATION OF STUDENTS IN THE SYSTEM OF CONTINUOUS EDUCATION: ETHNOCULTURAL AND POLYCULTURAL ASPECT. | |
| С.Н.Федорова КУЛЬТУРНЫЕ ПРАКТИКИ В ОЗНАКОМЛЕНИИ ДЕТЕЙ СТАРШЕГО ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА С МАЛОЙ РОДИНОЙ | 284 |
| Ш.Т.Таубаева, И.О.Максимова, М.Р.Шагиев РАЗВИТИЕ ИНДИВИДУАЛЬНЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ МАРШРУТОВ У ОФИЦЕРОВ ПОГРАНИЧНЫХ ФОРМИРОВАНИЙ | 289 |
| Б.Т.Ортаев ОҚУШЫЛАРДЫ ҚОЛӨНЕРГЕ БАУЛУДА ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ БАҒЫТТЫЛЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ | 295 |
| Р. Д. Санжаева, Т.Л.Миронова, А. Р. Монсонова Д. Р. Галсанова, Б.А.Гунзунова ЭТНОПСИХОКУЛЬТУРА БУРЯТ | 301 |
| К. Ж. Аганина, С. Ермұрат ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ БІЛІМ МЕНЕДЖЕРЛЕРІНІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ | 307 |
| С.Ш.Алимбекова ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫ-ҚЫЗДАРЫН ЭТНОСТЫҚ МӘДЕНИЕТКЕ БАУЛУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ | 313 |
| А.А. Агишева, Ж.Ж. Кукенов ВОЗМОЖНОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЭЛЕМЕНТОВ ЭТНОПЕДАГОГИКИ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ ПРИ ФОРМИРОВАНИИ ЦЕННОСТНЫХ ОРИЕНТАЦИЙ ОБУЧАЮЩИХСЯ | 320 |
| Г.Қ. Көшербаева БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТӘРБИЕЛІЛІК ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ | 327 |
| С.К.Ахтанова, Б.Қ.Әбдиева ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ | 334 |
| Г.Н.Смағұлова, Н.С.Оразова ТАБИҒАТ ЭКОЛОГИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ ТЫЙЫМ СӨЗДЕР | 338 |

| | |
|--|-----|
| Г.К.Айжанова, А.С.Тоқтарбай СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ | 342 |
| Ш.С. Набидоллина, А.А.Бегилова ЖАС ҰРПАҚТЫҢ БОЙЫНДА ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚАЗАҚТЫҢ СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІ ТҮРЛЕРІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ | 347 |
| Г.А.Ергалиева, Г.Б.Курманбаева ТОПТЫҚ ЖҰМЫСАРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЗАМАНАУИ ФОРМАЛАРЫ | 352 |
| Г.И.Уайсова , М.Манат БАСТАУЫШ СЫНЫПТА СӨЗ ТАПТАРЫН ОҚЫТУ | 358 |
| А.Қаптағай, А.С.Амирова ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ НЕГІЗІНДЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ | 363 |
| Н.Ж. Султаниязова, Э.К.Абдираимова ПОНЯТИЕ «ЭТНОС» В ПАРАДИГМЕ СОЦИАЛЬНО -ПСИХОЛОГИЧЕСКИХ ТЕОРИЙ | 368 |
| Г.А.Ергалиева, Р.Т.Камидуллина БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ҮЛГЕРІМІ ТӨМЕН ОҚУШЫЛАРДЫ ДЕҢГЕЙЛЕП ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ | 372 |
| Б.К.Баймуханова ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ КЕШЕУЛДЕГЕН БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ ЖОЛДАРЫ | 381 |
| Ж.Е.Кадыржанова ПОЛИЭТНИКАЛЫҚ ОРТАДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ | 386 |
| Г.М. Умбетова БАЛАЛАРДЫ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДАУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗІ | 389 |
| Б.Т.Халикова, С.Т.Шонбаева МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕ МҮКІСТІГІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ДЕҢГЕЙІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРМЕН ДАМУЫ | 395 |
| Г.Б.Калкенова ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫ ТАРИХЫНДА ҚЫЗ БАЛА ТӘРБИЕСІ ИДЕЯЛАРЫ МЕН ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ | 400 |
| А.Е.Жумасейтова МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҮРДІСІН ДАМУЫДА ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ЖОЛДАРЫ | 405 |
| А.И.Султангалиева ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ | 409 |

| | |
|---|-----|
| Б.Н.Амангелдиева ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ЭТНИКАЛЫҚ САНА-СЕЗІМІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ | 413 |
| Д.Х.Кушмурзина БАСТАУЫШ СЫНЫПТАҒЫ ӨЛКЕТАНУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ | 417 |
| Р.Е.Момбекова, Ұ.М.Бекмағанбетова БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ЕҢБЕК ТӘРБИЕСІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МҮМКІНДІКТЕРІ | 422 |
| Р.Б. Гайнуллина ЭТНОМӘДЕНИ БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ДАМУ | 427 |
| Ш. Ш. Еримбетова ДУХОВНО - НРАВСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ ЧЕРЕЗ УРОКИ ЛИТЕРАТУРЫ | 431 |
| Ғ.Т. Сұлтанова БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ҰСТАЗ ӨНЕГЕСІМЕН ТӘРБИЕЛЕУ | 436 |
| А.Галиева АРТ ТЕРАПИЯ АРҚЫЛЫ ЗЕРДЕ БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ДИНАМИКАСЫН ДАМУ | 440 |
| А.Б.Жанбырбай МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ | 445 |
| Б.Ү.Өтеген ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕП ОҚИТУ | 451 |
| Г.М.Тоқсанова ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫНА ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ӘСЕРІ | 458 |
| Ә.М.Ерболатова ТҰЛҒАНЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ | 462 |
| Т.Қ. Ержанова СТУДЕНТТЕРДІ ОҚУ ПРОЦЕСІНЕ БЕЙІМДЕУ | 466 |
| Г.Т.Кызылбасова САМОСТОЯТЕЛЬНАЯ УЧЕБНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАК ОСНОВА РАЗВИТИЯ АКТИВНОСТИ СТАРШЕКЛАССНИКОВ | 469 |
| А.А.Касинова Е.А. БӨКЕТОВ – ЕКІНШІ ТІЛДІК ТҰЛҒА | 472 |
| Д.А.Садыкова, Ғ.Ж.Медеуова ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН АЙМАҚТАРДА | 477 |

| | |
|---|-----|
| ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒАЛАУ | |
| <p align="center">IV ПРОФЕССОР К.Ж.ҚОЖАХМЕТОВА – ЭТНОПЕДАГОГИКА ӘДІСНАМАСЫНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ.«ҰЛТЫМНЫҢ ТӘРБИЕСІН ЕТТІМ МҰРА» – ПРОФЕССОР К.Ж.ҚОЖАХМЕТОВАНЫҢ ӨНЕГЕЛІ ӨСИЕТТЕРІ</p> <p>IV ПРОФЕССОР К. Ж. КОЖАХМЕТОВА-ОСНОВАТЕЛЬ МЕТОДОЛОГИИ ЭТНОПЕДАГОГИКИ. «ҰЛТЫМНЫҢ ТӘРБИЕСІН ЕТТІМ МҰРА»- ЗАПОВЕДИ ПРОФЕССОРА КОЖАХМЕТОВОЙК.Ж.</p> <p align="center">IV PROFESSOR KOZNAKHMETOVA K.ZH.AS A THEORETICIAN OF THE METHODOLOGY OF ETHNOPEDAGOGY."ULTYMNUNG TARBIESIN ETTIM MURA" - THE COMMANDMENTS OF PROFESSOR K. ZH. KOZNAKHMETOVA</p> | |
| <p>Н.С. Әлқожаев, С.Б.Ертисова ҚОЖАХМЕТОВА КЛАРА ЖАНТӨРЕҚЫЗЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ЖАСТАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ</p> | 483 |
| <p>А.А.Сатбекова ҰЛТЫН СҮЙГЕН ТҰЛҒА</p> | 487 |
| <p>Ұ.Қ.Қыяқбаева ЗЕРДЕЛІ ҒАЛЫМ, ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ</p> | 492 |
| <p>Р.С.Қасымова, К.А.Есенова К.ЖАНТӨРЕҚЫЗЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ РУХАНИ-АДАМГЕРШЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫНЫН ОҚУ- ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫ</p> | 494 |
| <p>Р.К.Ильясова, Л.С.Есенова.К.Ж.ҚОЖАХМЕТОВАНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ЭТНОПЕДАГОГИКА ӘДІСНАМАСЫНЫҢ ДАМУЫ</p> | 502 |
| <p>С.Қ.Дарибаева, А.С.Шеримова ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ТӘРБИЕ НЕГІЗІ</p> | 511 |
| <p>О.Я.Сулейменова ЖҮРЕГІМ ҚАЗАҒЫМ ДЕП СОҚҚАН, НАР ТҰЛҒА-ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ</p> | 515 |
| <p align="center">V ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ОТБАСЫНДАҒЫ ЭТНИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ</p> <p align="center">V ЭТНИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ В СЕМЬЯХ НАРОДОВ КАЗАХСТАНА: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ</p> <p align="center">V ETHNIC EDUCATION IN FAMILIES OF THE PEOPLES OF KAZAKHSTAN: A COMPARATIVE ANALYSIS</p> | |
| <p>Ш.И.Джанзакова., Тянь Татьяна ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ СЕМЬИ И ШКОЛЫ В ФОРМИРОВАНИИ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ ДЕТЕЙ</p> | 516 |

| | |
|--|-----|
| А.С.Мағауова ЭТНОПЕДАГОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ В ВУЗЕ | 520 |
| Е.А. Aslan, А.В. Mukasheva, F. Temizyurek UNIQUE CHARACTER OF PARENTAL POSITION AND FAMILY OF CHILDREN WITH SPECIAL EDUCATIONAL NEEDS | 525 |
| С.Ш.Алимбекова ОҚУШЫЛАРДЫ ОТБАСЫ МЕН МЕКТЕПТІҢ БІРЛЕСКЕН ІС-ӘРЕКЕТІНДЕ ТӘБИЕЛЕУДІҢ БАҒЫТ-БАҒДАРЛАРЫ | 533 |
| Ж.С.Қабди, С.М.Муратова ПЕДАГОГИКА КЛАССИКТЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ ОТБАСЫ МЕН МЕКТЕПТІҢ ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ МАҢЫЗЫН ТАЛДАУ | 539 |
| К.Н. Төлегенова , А.С.Утешева АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫС | 543 |
| Б.Т.Кайыргалиева ӨЗГЕ ҰЛТ ӨКІЛДЕРІНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕГІ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕР | 546 |
| Д.А. Давлеткалиева, А.Б.Сатыбалдиева ЭТНИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ РАЗЛИЧНЫХ ТИПОВ СЕМЕЙНОГО ПОВЕДЕНИЯ | 553 |
| А.С.Сарыбай ҚЫЗ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ ТӘРБИЕСІ | 556 |
| Г.С.Нурашева ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚЫЗ БАЛАНЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ | 563 |

Қазақ педагогикалық ғылымдар академиясының, Халықаралық педагогикалық білім беру ғылымдары академиясының, Халықаралық педагогикалық академиясының академигі,
профессор **Клара Жантөреқызы Қожахметованың**

70 жылдығына арналған

**«ҰЛЫ ДАЛА ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ
ЦИФРЛАНДЫРУ ДӘУІРІНДЕГІ ЖАСТАРДЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ТӘРБИЕСІНІҢ
ЖАҢАНДЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТРЕНДТЕРІ»** атты халықаралық ғылыми-практикалық
онлайн-конференциясының материалдары

16 наурыз, 2021

Материалы международной научно-практической онлайн-конференции
**«ГЛОБАЛЬНЫЕ И НАЦИОНАЛЬНЫЕ ТРЕНДЫ ЭТНИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ
МОЛОДЕЖИ В ЭПОХУ ЦИФРОВИЗАЦИИ И ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННОГО
ВОЗРОЖДЕНИЯ НАРОДА ВЕЛИКОЙ СТЕПИ»**, посвященной 70-летию
профессора, академика АПНК, МАНПО, Международной педагогической
академии

Клары Жантүреевны Кожахметовой

16 март, 2021

Materials of international scientific and practical online conference
**“GLOBAL AND NATIONAL TRENDS OF ETHNIC EDUCATION OF YOUTH IN THE
EPOCH OF DIGITALIZATION AND SPIRITUAL AND MORAL REVIVAL OF THE
GREAT STEPPE PEOPLE”**

dedicated to the 70-th anniversary of the professor, academician of APNK, IANPO, International
Pedagogical Academy

Kozhakhmetova Klara Zhantureevna

March 16, 2021

Подписано в печать
Формат 60x84/16. Объем 578 стр.
Тираж 100 экз. Заказ №26
Отпечатано и сверстано в ИП «Есмагулова Ж.Е.»
Тел: +(7112):51-08-91 , e-mail: pedkonf07@mail.ru

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,
090006, Орал қаласы, Н. Назарбаев даңғылы, 194

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет,
090006, г.Уральск, проспект им. Назарбаева, 194